

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 94 (574) «1918/36»(043)  
құқығында

Қолжазба

**СТАМШАЛОВ ЕРКІН ИМАНҒАЗЫҰЛЫ**

**Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі босқыншылық: тарихы мен тағылымы (1918-1936 жылдар)**

8D02206 – «Тарих»

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші:  
тарих ғылымдарының докторы,  
профессор  
Г.К. Көкебаева

Шетелдік ғылыми кеңесші:  
доктор, профессор  
Сара Камерон  
(Мэриленд университеті, АҚШ)

Алматы, 2025

## МАЗМҰНЫ

<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР .....</b>	<b>3</b>
<b>КІРІСПЕ .....</b>	<b>6</b>
<b>1 ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ӨңІРІНДЕГІ БОСҚЫНШЫЛЫҚТЫҢ СЕБЕП-САЛДАРЫ (1918–1926 жж.).....</b>	<b>31</b>
1.1 Жетісу мен Шығыс Қазақстан шекаралық аудандары тұрғындарының 1918-1920 жылдарда Қытайға босудың себептері.....	31
1.2 1920-жылдардағы Қытай мен Кеңестік Ресей шекара қызметтері және қазақ босқындары.....	48
1.3 Босқындарға қатысты кеңестік саясат және оның эволюциясы.....	63
<b>2 АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУ КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ӨңІРІНДЕГІ БОСҚЫНШЫЛЫҚ (1926-1932 ЖЖ.) .....</b>	<b>95</b>
2.1 ХХ ғасырдың 20-жылдарының аяғы және 30-жылдарының басындағы ауыл шаруашылығын кеңестік модернизациялау жағдайындағы босқыншылық.....	95
2.2 Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі қарулы босқыншылық – шаруалардың қарсыласу формасы.....	131
2.3 Жетісу мен Семей өңірінен шыққан босқындардың Батыс Қытайдағы әлеуметтік-құқтық жағдайы.....	148
2.4 Оңтүстік-шығыс Қазақстаннан Қырғызстанға өткен босқындардың жағдайы.....	158
<b>3 1932-1936 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ӨңІРІНДЕГІ БОСҚЫНШЫЛЫҚ ЖӘНЕ КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ САЯСАТЫ.....</b>	<b>174</b>
3.1 Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы аштық босқыншылығы және оның демографиялық зардаптары.....	174
3.2 Босқыншылық туғызған панасыз балалар тағдыры .....	182
3.3 Қазақстан Кеңес өкіметінің Жетісу және Семей босқындарын қайтару және орналастыру шаралары.....	190
<b>ҚОРЫТЫНДЫ .....</b>	<b>205</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>209</b>
<b>ҚОСЫМША А – Семей облысы Аягөз аудандық партия ұйымының Қытайға қашып кеткен коммунистерінің тізім .....</b>	<b>226</b>
<b>ҚОСЫМША Ә – 1932 жылдың 29 мамырына дейін Алматы облысы бойынша босқын шаруашылықтар саны мен кету бағыты жөніндегі мәлімет .....</b>	<b>229</b>

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АОПДАА	– Алматы облысы Полиция Департаменті Арнайы Архиві
АОМА	– Алматы облыстық мемлекеттік архиві
АОМА ЕФ	– Алматы облыстық мемлекеттік архиві Еңбекшіқазақ филиалы
АОМА КФ	– Алматы облыстық мемлекеттік архиві Кеген филиалы
Аупартком	– Аудандық партия комитеті
АОПДАА	– Алматы облысы Полиция Департаменті Арнайы архиві
БК(б)П	– Бүкілресейлік Коммунистік (большевиктер) партиясы
БК(б)П ОК	– Бүкілресейлік Коммунистік (большевиктер) партиясы Орталық Комитеті
БТК	– Бүкілресейлік Төтенше комиссиясы
БЛКЖО	– Бүкілодақтық Лениндік Коммунистік жастар одағы
БОАК	– Бүкілресейлік Орталық Атқару комитеті
ЕҚК	– Еңбек және Қорғаныс Кеңесі
ЕХК	– Еңбек халық комиссариаты
ЕШХК	– Егін шаруашылығы халық комиссариаты
ЖШИХК	– Жұмысшы-шаруа инспекциясы халық комиссариаты
ЖШҚӘ	– Жұмысшы-шаруа қызыл әскері
ЖОМА	– Жетісу облыстық мемлекеттік архиві
ЖОМА ПФ	– Жетісу облыстық мемлекеттік архиві Панфилов филиалы
ЖӨС	– Жер өңдеу серіктестігі
ЖЭС	– Жаңа экономика саясаты
ЕМБ	– Ерекше Мақсаттағы Бөлімдер
ІХК	– Ішкі істер халық комиссариаты
ҚОАК	– Қазақ Орталық Атқару комитеті
КСРО	– Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
Комотряд	– Коммунистік отряд
ҚАКСР	– Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы
Қазөлкеком	– Қазақ өлкелік комитеті
Қазколхозодақ	– Қазақ колхоз одағы
ҚАХҚЖҚ	– Қорғанысқа, авиациялық және химиялық кұрылысқа жәрдемдесу қоғамы
ҚОАК	– Қазақстан Орталық атқару комитеті

ҚҚАКСР	–	Қара-Қалпақстан автономиялық кеңестік социалистік республикасы
ҚРОМА	–	Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві
ҚРПА	–	Қазақстан Республикасы Президенті архиві
ҚР ҰҚК МАА	–	Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті Мемлекеттік арнайы архиві
ҚР ҚСҚ ОМА	–	Қырғыз Республикасы Қоғамдық-Саяси Құжаттар Орталық Мемлекеттік Архиві
Қыр.Р ОМА	–	Қырғыз Республикасы Орталық мемлекеттік архиві
ІХК	–	Ішкі Істер Халық Комиссариаты
МСБ	–	Мемлекеттік Саяси Басқарма
БМСБ	–	Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқарма
БМСБӨ	–	Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқарма Әскери
МСБ ЖТБ	–	Мемлекеттік Саяси Басқарма Жол Транспорт Бөлімі
БМСБ ӨӨ	–	Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқарма
БМСБ ӨӨ ҚЖБ	–	Өкілетті Өкілдігі
	–	Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқарма
	–	Өкілетті Өкілдігі Құпия-Жедел Басқармасы
	–	Машина-трактор станциясы
МТС	–	Орталық комитет
ОК	–	Облыстық комитет
Обком	–	Облыстық атқару комитеті
Облатком	–	Облыстық Әскери Революциялық Комитет
Обләскериревком	–	Облыстық Әскери Революциялық Трибунал
Обләскерревтрибунал	–	Округтік атқару комитеті
Ократком	–	Ресей коммунистік (большевиктік) партиясы
РК(б)П	–	Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік
РКФСР	–	Республикасы
	–	Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих
РМӘСТА	–	архиві
	–	Ресей мемлекеттік әскери архиві
РМӘА	–	Ресей мемлекеттік қазіргі заман тарихы
РМҚЗТА	–	архиві
РФМА	–	Ресей Федерациясының Мемлекеттік архиві
СБ	–	Саяси Бюро
СІХК	–	Сыртқы істер халық комиссариаты
КСРО	–	Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы

ТАКСР	– Түркістан Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы
ТОМА	– Түркістан облыстық мемлекеттік архиві
ТүркОАК	– Түркістан Орталық Атқару Комитеті
Түркбюро	– Түркістан Бюросы
ТК	– Төтенше комиссия
ТКП	– Түркістан Коммунистік партиясы
ХКК, халкомкеңес	– Халық Комиссарлар Кеңесі

## КІРІСПЕ

**Диссертациялық жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Диссертациялық жұмыс 1918 жылдан 1936 жылдар аралығында Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі босқыншылықтың тарихы мен эволюциясын зерттеуге арналған. Зерттеуде архив деректері мен естеліктерді талдауға сүйене отырып, Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймақтарындағы босқыншылықтың әлеуметтік-экономикалық және саяси себептері, Кеңес мемлекеттік мекемелерінің, саяси-әскери және қауіпсіздік құрылымдарының босқыншылыққа қатысты саясатының қалыптасуы және оның тарихи эволюциясы қарастырылған, оңтүстік-шығыс Қазақстандағы босқыншылықтың негізгі бағыттары, реципиент-елдердің босқындарға қатысты саяси ұстанымы, босқыншылық проблемасын шешуде пайдаланылған мемлекеттік тетіктер мен босқындарды тарихи отанына қайтару және орналастыру жолдары мен нәтижелері талданған.

**Зерттеу жұмысы тақырыбының өзектілігі.** Табиғи апаттар немесе қалыптасқан саяси, әлеуметтік, экономикалық немесе қоршаған ортаға бейімделген басқа да қалыпты өмірдің күйреуі салдарынан адамдардың шет елге мәжбүрлі қоныс аударуын білдіретін жаппай босқыншылықтың әдеттегі көші-қон процестерінен айырмашылығы бар. Бірінші дүниежүзілік соғыстың соңғы жылы мен соғыстан кейінгі алғашқы жылдары босқындар санының бұрын-соңды болмаған деңгейде өскені байқалды. Қорғансыз қалып, өз Отанының қамқорлығынан айрылған, емін-еркін жүріп-тұру немесе жұмыс табу мүмкіншілігі жоқ босқындардың басым көпшілігі өте қиын жағдайға тап болды. Бастапқыда Халықаралық Қызыл Крест комитеті басқа қоғамдық ұйымдардың көмегімен босқындарға көмек көрсету мәселесін қолға алды. Алайда, материалдық көмектің өзі босқындардың шет елдердегі өміріне қатысты барлық мәселелерді шеше алмады. Бұған қоса ерікті демеушілердің қаражаты тез таусылып, босқындар мәселесі құқықтық реттеуді қажет етті. Туындаған сұрақтармен Ұлттар Лигасының Жоғарғы Комиссары айналысып, жұмысын қабылдаушы елдердегі босқындардың жеке куәліктері мен жол жүру құжаттарын беру арқылы олардың құқықтық жағдайын анықтаудан бастап, оларды жұмыспен қамтуға және репатриация бағдарламасын әзірлеуге ұмтылды. Алайда, 1918-1936 жылдар аралығында Қытайға және басқа да шекаралас аймақтарға қашып кеткен Қазақстанның оңтүстік-шығыс аумағына жататын кейбір босқын топтары халықаралық қауымдастықтың назарынан тыс қалды.

Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы босқыншылық құбылысының негізгі акторлары қатарында босқындар, шекаралық-әскери құрылымдар және билік мекемелері болды. Шекара маңындағы босқыншылық екі тараптағы әлеуметтік-саяси ахуалға тәуелді болды. Осы орайда американдық тарихшы Оуэн Латтимор «Қытайдың Ішкі Азиялық шекаралары» атты XX ғасырдың ортасында жазған еңбегінде Қытаймен шекараның арлы-берлі бұзылуы шекара маңында тұратын халықтардың әлеуметтік тұрмыс жағдайының өлшемі болғанын көрсеткен. Бір елде жағдай шиеленіссе, нашарласа, халық шекараның арғы бетіндегі қандастарын паналайды. Мұны О. Латтимор Ішкі Қытай мен Монғолияға

қатысты келтірген [1]. Батыс Қытай мен Ресей Түркістаны шекаралық аумағындағы халық жағдайын да осы өлшеммен көрсетуге болады.

Мемлекеттің астықты, ет пен басқа да шикізатты тартып алуы, ауыл шаруашылығын күштеп отырықшыландыру мен ұжымдастыру, халықтың діни наным-сеніміне тегеурінді шабуыл түріндегі тонаушылық сипаттағы экономикалық және саяси науқандары және де азық-түлік жетімсіздігінен туған ашаршылық Қазақстан халқының жаппай босқыншылығына себеп болды. Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймақтарындағы босқыншылық немесе мәжбүрлі көші-қон тақырыбы, босқындар мәселесіне қатысты кеңестік саясаттың дамуы мен эволюциясы Қазақстанның тарих ғылымында бұған дейін арнайы, кешенді зерттеу нысаны болған жоқ. Ғылыми айналымға әлі енгізілмеген архив дереккөздері және босқындар мен олардың ұрпақтарының естеліктері мәселені XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Кеңес Одағында қалыптасқан саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдай аясында талдауға мүмкіндік береді.

**Зерттеу тақырыбының нысаны** ретінде алынған ғылыми концепт – Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі 1918-1936 жылдар аралығындағы босқыншылықтың тарихи бейнесі және ақпараттық мәні.

**Зерттеу пәні.** Қазақстанның оңтүстік шығыс өңірлеріндегі босқыншылықтың себеп-салдары, босқындардың тағдыры, донор-елдер мен реципиент-елдердің босқындарға қатысты саясаты.

**Диссертациялық жұмыстың мақсаты** – Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі босқыншылықтың себептерін, түрлерін, барысын, негізгі бағыттарын, салдарларын және кеңестік биліктің босқындарға қатысты саясатын зерттеу.

Осы мақсатты іске асыру үшін диссертациялық жұмыста мынадай негізгі зерттеу **міндеттері** қойылды:

- Жетісу мен Шығыс Қазақстан шекаралық аудандар тұрғындарының 1918-1920 жылдарда Қытайға босуының себептерін талдау;
- 1920-жылдардағы Қытай Республикасы мен Кеңестік Ресей шекара қызметтерінің босқындарға қатысты ұстанымы мен әрекеттерін талдау;
- Түркістан АКСР-і Орталық Атқару комитетінің босқындарды орналастыру жөніндегі ерекше комиссиясы мен оның құрылымдық бөлімдерінің қызметін талқылай отырып, Кеңес өкіметінің 1924-1926 жылдардағы Қытайдағы қазақ босқындарына қатысты саясатын саралау;
- Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы ірі шаруа қожалықтарының мүлкін тәркілеу, өздерін жер аудару науқаны қарсаңында, барысында және астық, мал өнімдері және шикізат дайындау науқандарының, шаруа қожалықтарын күштеп ұжымдастыру дағдарысы жағдайындағы босқыншылықтың өршуін зерделеу;
- Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі қарулы босқыншылықтың себептерін, қалыптасу механизмін және шаруалардың кеңестік аграрлық саладағы күштеу саясатына қарсылық жасауының формасы ретіндегі мазмұнының сараптау;
- Оңтүстік-шығыс Қазақстаннан Батыс Қытайға барып бас сауғалаған босқындардың ондағы әлеуметтік-құқықтық жағдайын зерделеу;

– Қазақстанның оңтүстік-шығысынан Қырғызстанға босқан тұрғындардың жағдайын және Қырғызстан әкімшілік құрылымдарының ауа көшушілерге қатысты саясатын саралау;

– Қазақстанның оңтүстік-шығысынан аштықтан бас сауғалаған босқыншылықтың негізгі бағыттарын және демографиялық апаттың көлемін саралау;

– Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі жаппай босқыншылық туғызған панасыз балалар тағдырын зерделеу;

– Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі босқыншылықтың әлеуметтік салдары және кеңестік биліктің босқындарды қайтару және орналастыру бойынша негізгі шараларын (1932-1936 жж.) сараптау, босқындарды қайтаруға бағытталған Қазақстан өкімет орындарының саясатының оңтүстік-шығыс өңірде орындалуын саралау.

**Тақырыптың зерттелу деңгейі.** Диссертациялық жұмыс тақырыбының жалпы зерттелуіне пәнаралық байланыс тән. Тақырып тарихи антропология, тарихи демография, әлеуметтік тарих тұрғысынан зерделенеді. Зерттеу тақырыбы тарих ғылымы салаларынан тыс әдебиеттану, заң, әлеуметтану ғылымдары шеңберінде де қарастырылады.

Босқындар құқықтану ғылымында көшіп-қонушылар категориясына жатқызылады. Босқындардың қарапайым көшіп-қонушылардан негізгі айырмашылығы олардың қоныс аудару барысындағы жағдайының еріктілігіне байланысты. Миграция теориясында құқықтық тұрғыдан алғанда жалпы көшіп-қонушыларды ерікті немесе қарапайым көшіп-қонушылар және мәжбүрлі көшіп-қонушылар деп бөлу ретінде қалыптасқан. Босқындар мәжбүрлі көшіп-қонушыларға жатқызылады [2, б.12]. Босқын ұғымының халықаралық құқықтағы алғаш қолданысқа енуі бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін орын алды. Халықаралық деңгейде босқын ұғымы пайдаланылуы 1920- жылдары Қызыл Крест ұйымының халықаралық комитетінің Ұлттар Лигасынан орыс босқындарына көмектесу туралы ұсынысынан бастау алды. Осы мақсатта атқарылған жұмыстар Фритъос Нансен Ұлттар Лигасының Европадағы орыс босқындары мәселесі бойынша комиссары болып тағайындалуымен байланысты.

Қазақстандағы босқыншылық тақырыбына байланысты зерттеулерді талдағанда «босқын», «ауа көшуші» (откочевник) ұғымдарының пайдаланылу эволюциясына назар аудару керек. Зерттеуімізде босқыншылық ұғымы тарихи аспектіде талданатын болғандықтан, құқықтық ұғымдардың тарихи кезеңдердегі қолданылу тәжірибесін қарастырамыз. 1918-1926 жылдар аралығында кеңестік мемлекеттік құрылымдар Қазақстан, Түркістанға қатысты «босқын» ұғымын классикалық мағынасында пайдаланып, оған 1916 жылғы Патша өкіметінің жазалау акцияларынан бой тасалап қашуға мәжбүр болған тұрғындар мен 1918-1920 жылдардағы Кеңес өкіметінің алғашқы кезеңіндегі жазалау шараларынан ығысқан халық топтарын атағанын көреміз. Ал 1926-1936 және одан кейінгі жылдарда «босқын» ұғымы «ауа көшуші» ұғымымен алмастырылды. «Ауа көшу» ұғымын пайдаланғанда кеңестік билік пен үгіт-насихат аппараты қоныс



аударудың еріксіз жағдайда жүзеге асқанын көлегейлеу мақсатын ұстанғаны байқалады. Осы себепте тақырыптың тарихнамалық талдауында «босқын» ұғымы мен «ауа көшуші» ұғымының мағыналас сипаты тең қарастырылады.

*Кеңестік кезеңдегі тарихнама.* Кеңестік кезеңдегі босқыншылыққа қатысты маңызды талдау жасалған еңбек ретінде С.П. Швецовтың редакциясымен жарық көрген «Өзінің табиғи-тарихи және тұрмыстық шарттары жағдайындағы қазақ шаруашылығы» атты жинақты атап өткен жөн. 1926 жылы жарық көрген мақалалар жинағындағы зерттеуінде С.П. Швецов 1921 жылғы аштық салдарынан болған босқыншылыққа тоқталған. Босқыншылық ұғымының кеңестік эволюциясы басталған тұстағы еңбегінде автор: «Жанұясы мен малымен кеткендерді туған мекенінен жырақ кетіп, сырт жақта өмірін жалғастыратын эмигранттар санау дұрыс болмайды. Бұл, мүлде басқа тәртіп пен мағынадағы құбылыс. Бұрынғы Ресей империясын Қытай және Монғолиядан бөліп тұрған мемлекеттік шекара қазақтарды күшпен екі мемлекетке бөлгенімен, олардың бір халық ретіндегі сана-сезімін де, рулық тұрмысының байланыстарын да бұза алған жоқ.» - деп сипаттаған [3, б. 66]. Автордың өзіне дейінгі экспедициялар, мәліметтер жинақтарын пайдаланғандығынан, еңбекте Жетісу өңірі қамтылмаған. Алайда, зерттеуде табиғи жағдайы, шаруашылық түрі тұрғысынынан Жетісу өңірінің басым бөлігіне ұқсас Шығыс Қазақстанның болуы, С. П. Швецов талдауларының біз зерттеп отырған мәселе мен өңір үшін маңыздылығын арттырады. Кеңестік үгіт-насихаттық сипаты басым Я. М. Ром мен М. С. Рядниннің зерттеулерінде қазақтардың Қазақстаннан тыс жерлерге қоныс аударуы «партиялық ұйымдардың қателігінен» туындаған «ұят құбылыс» ретінде сипатталады [4].

Қазақ босқыншылығы туралы зерттеулердің бір бөлігі Ресей эмиграциясының Европадағы өкілдеріне тән. Қазақ саяси эмиграциясының көшбасшысы Мұстафа Шоқайдың назарынан Қазақстаннан кетіп жатқан босқындар мәселесі де тыс қалмады. Кеңестер еліндегі қарулы көтеріліске қатысқаны үшін Иранға босқан түркістандықтар тағдырына алаңдаған М. Шоқай, бұл туралы Иран шахына өтініш хат жолдағанын атап көрсеткен. Қайраткердің бұдан арғы жан тебіренісін толқымай оқу мүмкін емес: «Достық қиындық үстінде сыналады дейді. Біздің халқымыздың үстінде бақытсыздықтың бұлты үйіріліп тұр! Біздің Отанымыз халқымыз үшін қорқынышты түрмеге айналды. Мұндай толассыз күресте халқымыз тығырықтан шығатын жол іздеуде. Әбден шарасы қалмаған, орыс большевиктерінің азабына шыдамаған түркістандықтар маңайдағы шекаралардан асуда. Персия, Ауғанстан, Түркия елдері олар үшін жердегі жұмақ көрінуде... Бұл елдерде олардың діндес, қандас бауырлары өмір сүреді... Барған жерде олар қайғысына лайық қамқорлық көріп отыр ма?! Біздің ұлттық қасіретімізді сипаттау үшін қандай қалам, қанша қағаз керек! Шынымен-ақ, біз үшін ұлттық бостандық пен азаттықтың таңы атпай ма? Қашанғы біздің бауырларымыз ажалдан пана іздеп барған елдер олардың қайғысы мен азабына суық әрі керең күйде бола береді? Біз, түркістандықтар ешкімнен де ұлттық дұшпанымызға қарсы күресімізге көмек сұрап отырған жоқпыз ғой. Біз тек қана ажалдан пана сұрап қана тұрған жоқпыз ба?! Шынымен-

ақ біздің жан даусымыз естілмей ме? «Достар бақытсыздықта танылады» [5, б.168].

Өз заманындағы идеология үстемдігі анық байқалатын тарихшы А.Б. Тұрсынбаевтың монографиясында Жетісу өңірінің ауыл шаруашылығының 1924 жылдан 1930 жылға дейінгі тарихы қарастырылған. Еңбекте Жетісудағы күштеп ұжымдастыруға қарсы шаруалар бас көтерулеріне жарты бет қана арналды. Босқыншылық көріністері тіпті қарастырылмай, тек «байлар малды Қытайға айдап кетуі кеңінен пайдаланылғаны» аталып өтті. Жетісу шаруаларының бас көтерулерін «асыра сілтеуді пайдаланған «кулак-бай элементтер» ұйымдастырған деп бағаланған бас көтерулердің ауқымы, қатысушыларының саны, жетекшілері мүлде айтылмады. Алматы округінің Жаркент ауданында болған ұжымдастыруға қарсылық жалаң айтылып өтіп, «1930 жылы МСБ органдары кеңес өкіметін құлатпақ болған буржуазиялық ұлтшылдардың контрреволюциялық ұйымын әшкерелегені» үстірт көрсетілді [6, б. 102,133].

XX ғасырдың 50-жылдардың екінші жартысындағы айтулы «жылымық» кезеңінен кейінгі зерттеулерде де ауа көшушілік үстірт қарастырылды. Мұндай зерттеулерде аштық «азық-түлік тапшылығынан туындаған қиындықтар» делінсе, жан сауғалаған шаруалардың күштеп ұжымдастыруға қарсылығы «байлар мен кулактардың бүлігі» деп танылды. А. Б. Тұрсынбаев [7], А. П. Кучкин [8], Б. А. Төлепбаев [9], Г. Ф. Дахшлейгер [10] сияқты тарихшылар партиялық билік органдарының аграрлық өзгерістер әсерінен орын алған босқыншылыққа берген біржақты бағасынан асып кете алмады. Г. Ф. Дахшлейгердің «Қазақстандағы ауыл мен деревнядағы әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар (1921-1929)» атты іргелі еңбегінде қарастырылған хронологиялық шеңбердегі Қазақстанның аграрлық тарихы жүйеленіп, орасан мол тарихи деректер ғылыми айналымға енгізілді. Монографияда 1916 жылғы көтерілістен кейін Батыс Қытайға кеткен ондаған мың Жетісу шаруаларының «Кеңес өкіметі орнаған 1918-1920 жылдарда Отанына оралып, жер алғанын» баса көрсеткен Г.Ф. Дахшлейгер Қытайдан қайтқан қазақ босқындарының аukatты казактар мен кулактардың өршеленген қарсылығына тап болғанын да ашық көрсетті [10, б.133].

Ұзақ жылдар бойына ауыл шаруашылығын кеңестік қайта құру кезеңіндегі Қазақстандағы босқыншылық трагедиясы туралы ресми тарих ғылымы жақ аспады десе де болады. Әйткенмен, геосаясаттағы КСРО мен капиталистік батыс елдері арасындағы қырғи-қабақ соғыс процесі жағдайында шаруалардың Қазақстаннан тыс жерлерге босқыншылығы шетелдік тарихшылардың назарын аудармай тұрмады. Советтік Қазақстанның ресми тарихының алдыңғы легінде болған тарихшылар шетелдік ғалымдардың еңбектеріндегі босқыншылыққа қатысты кейбір тезистерге жауап беруге мәжбүр болды. Атап айтқанда, А. Тұрсынбаев өзінің осы мақсаттағы арнайы еңбегінде батыс зерттеушілері У. Дуглас [11] Б. Хайт, Ш. Бувье [12] босқыншылық туралы тезистерді жоққа шығаруға тырысты. Тарихшы босқыншылықты байлар ұйымдастырған акция ретінде негіздей келе, «Ауа көшушілікті кәдімгі көшумен шатастыруға болмайды. Көшу өндіргіш күштердің бұл жағдайында экономикалық себептерге

байланысты болды. Бұған кереғар ауа көшу болса, ешқандай объективті себептерге байланысты емес, ауылдың экономикасын талқандау, мал шаруашылығына зиян келтіру үшін жүргізілді. Ауа көшу – өзінің өлетініне көзі жеткен ауыр халдегі жойылып бара жатқан тап – байлардың тарапынан жүзеге асырылған саяси акті болды» - деп сипаттайды [13, б. 62].

Ал ХХ ғасырдың 70-жылдарында жарық көрген, тарихшы Жүнісбек Жұмабековтің еңбегінде Қазақстан тарих ғылымында алғашқы рет ауыл шаруашылығын күштеп жаңғырту саясатына халық қарсылығының бір формасы – шаруалардың Қазақстаннан тыс жерлерге үдере көшкен босқыншылығы ашық айтылды [14, б. 201-203]. Ж. Жұмабековтың еңбегінде шаруалардың сыртқа босуының қатерлі деңгейге жеткені жөнінде статистикалық мәліметтер келтіріліп, ашық сипатталды. Осы кеңестік цензура сүзгісінен қалай өткені таңданыс тудырмай қоймайтын еңбегінде Ж. Жұмабеков үдере көшіп, кері қайтарылған Алматы округы шаруаларын мысалға келтіреді.

1920-1921 жылдары босқындар жөніндегі Ерекше комиссияны басқарған Ж. Бәрібаев тұлғасы туралы Р. Байжарасовтың еңбегінде мемлекеттік құрылымның көрсетілген кезеңдегі қызметі жөнінде мағлұматтар қамтылған [15].

ХХ ғасырдың 80-жылдарының ортасында Қазақстанның аграрлық тарихының көрнекті мамандары К. Нұрпейісов пен Г.Ф. Дахшлейгер «Кеңестік Қазақстанның шаруалар тарихы» атты еңбегінде ұжымдастыру саясатына орай туған босқыншылықты біршама объективті бағалауға талпыныс жасады [16] Бұл еңбекте 1931 жылдың бірінші жартысы мен 1932 жылдың басындағы босқыншылықтың мал шаруашылығына елеулі зардап келтіргені айтылды [16, б. 205].

КСРО билігіне М. Горбачев келгеннен кейінгі қайта құру, жариялылық ұрандары айтыла бастаған кезде Қазақстандағы халық босқыншылығы тақырыбы ашық айтыла бастады. 1990 жылы жарық көрген «Орталық Азия республикалары және Қазақстандағы ұжымдастыру: тәжірибе және проблемалар» тақырыбындағы жинақта зерттеушілер назарынан тыс қалып келген босқыншылық туралы М. Тәтімовтың еңбегі осы тақырып жүйелі талданған алғашқы қазақ ғалымының зерттеуі ретінде маңызды [17, б. 103-110]. М. Тәтімов ХХ ғасырдың 30 - жылдарында Қазақстаннан кеткен босқындардың жалпы санын анықтауға талпыныс жасап, босқыншылықтың себебінен одақтас республикалардағы қазақтар саны екі есеге өскенін атап өтеді [17, б. 108]. Осы кезде жарық көрген «Нәубет» атты публицистикалық ой-толғаулар жинағына енген жазушы Б. Нұржекеевтің «Көшпенді шаруалар қайдан шықты?» - атты мақаласында ішінара архив деректері пайдаланылып, Алматы облысы аумағындағы ауа көшуші-босқындар тағдыры туралы мәліметтер жарияланды [18, б.18-38].

*Тәуелсіз Қазақстан тарихнамасы.* Қазақстан тарихының 20-30 жылдардағы босқыншылық трагедиясының Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі отандық тарихнамада зерттелуінің қарқын алуына 1991 жылдың 12 қарашасында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қаулысымен құрылған құрамына М. Қ. Қозыбаев (төраға), Қ. С. Алдажұманов, М. Қ. Қойгелдиев, Т. О. Омарбеков

және т.б. тарихшы, заңгер ғалымдар енген күштеп ұжымдастыру мен саяси репрессияларды зерделеу комиссиясы зор үлес қосты. 1992 жылдың желтоқсанына дейін жұмыс істеген комиссияның қорытындысы баспасөзде жарияланды [19]. Мемлекеттік комиссия қорытындысында 1930 жылдың басынан 1931 жылдың ортасына дейінгі кезеңде ғана Қазақстан жерінен көшіп кеткен шаруашылықтардың саны, олардың кету бағыттары, Қазақстанға қайтып оралғандарының статистикасы көрсетілген [19, б. 2]. Осы кезде жарық көрген М. Қ. Қозыбаев, Ж. Б. Абылхожин, Қ. С. Алдажұмановтардың бірлескен зерттеуінде шаруалардың босқыншылығы халық көтерілістерінің жеңіліс табуымен байланысты талданды. Еңбекте: «Барлық көтерілістерге тән бір жағдай, шаруалардың өздерінен басым күшке ұзақ уақыт төтеп бере алмағандықтан орныққан мекендерінен қозғалып, көшіп кетуі болды... Қытай аумағына Алматы округінің... аудандарының бас көтерген ауылдары тұрғындары барды» - деп көрсеткен [20, б. 22, 26]. Зерттеуде Қарқаралы округіне қарасты Абыралы, Шыңғыстау, Шұбартау сияқты орталық аудандардағы көтерілісшілер жан-жағы жазалаушы өкімет қарулы күштерімен қоршалып, көшіп кету мүмкіндігі болмағаны айтылды. Көрсетілген еңбек авторлардың шаруалар көтерілістері бойынша жалпы деректерге негізделген байламдарын қолдай отырып, Қазақстанның оңтүстік-шығысында, әсіресе, шекаралық аудандардағы босқыншылықтың қарулы түрінің өзі жеке қарсылық акциясы болғанын айтып өткенді жөн көреміз. Тарихи деректер қарулы босқыншылықтың жеңіліс тапқан халық көтерілістерінен тыс, түрлі дайындау науқандары мен аштық белгілеріне орай ұйымдастырылып, жүзеге асқанын көрсетеді.

1993 жылы жарық көрген М. Қойгелдиев пен Т. Омарбековтың бірлесіп шығарған еңбегінің 4-параграфы (Т. Омарбеков жазған) Қытайға босқыншылық тақырыбына арналған [21, б. 148-183]. Зерттеуде негізінен отандық архив қорлары мәліметтері негізінде Жетісу мен Шығыс Қазақстанның 11 шекаралық аудандарының босқыншылық жағдайының сипаттамасы жасалып, Батыс Қытайға өткендерге сандық талдау жасалған. Т. Омарбеков Батыс Қытайға жаппай босқыншылық Синьцзянға орныққан шетелдік арнаулы ұйымдар тарапынан ұйымдастырылған деп негіздейтін БМСБ ақпараттарындағы тезиске орынды күмән келтірген [21, б. 161].

Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігінің Кеңестік Түркістан құрамында болған кезде елден сырттағы босқындар мәселесін шешу шараларының бастауында тұрған қайраткер Т. Рысқұловтың қызметі мен Түркістан орталық атқару комитетіндегі босқындар тақырыбындағы пікірталастар туралы белгілі тарихшы О. Қоңыратбаевтың зерттеуінде баяндалған [22]. 1930 жылдардағы қазақтардың Батыс Сібірге қоныс аудару тарихына М. Малышева мен В. Познанскийдің монографиясы арналды. Еңбекте солтүстік-шығыс Қазақстаннан кеткен қазақ босқындардың аянышты тағдыры жан-жақты суреттелген [23].

Қытайтанушы тарихшы Н. Мұхаметханұлының еңбегінде 4-тарауы «Минго дәуіріндегі қазақтар (1912-1920)» деп аталып, «Қазақстан қазақтарының Шыңжаңға бас сауғалап баруы» тақырыптарында босқындарға қатысты Қытай өкіметінің саясаты талданады [24]. Зерттеушінің негізгі дереккөзі – қытай өкімет

орындарының жоғарыдан төмен, төменнен жоғары өзара жеделхат, хат алмасулары болғандығымен, зерттеу Қытай тараптың босқыншылық бойынша ұстанымын ішінара саралауға мүмкіндік береді. Ал тарихшы Н. Алдабектің зерттеуінде Шыңжаң тарихындағы қазақ босқындарына қатысты негізінен ресейлік зерттеушілер еңбектері пайдаланылған [25].

Зерттеушілер Т. Омарбеков [26], Қ. Алдажұманов [27], Т. Алланиязов [28], Т. Алланиязов, А. Таукеновтердің [29] еңбектерінде Қазақстандағы күштеп ұжымдастыруға қарсы халық көтерілістерімен сабақтас жаппай босқыншылық мәселесі де қарастырылды. Жоғарыда көрсетілген еңбектердің ішінде Т. Омарбековтің зерттеуінде Өскемен, Зырян, Шұбар, Балқаш, Шоқпар аудандарындағы көтерілістер нәтижесінде Батыс Қытайға ауа көшушілер туралы жалпы баяндаса, Қ. Алдажұманов 1929-1931 жылдардағы Қытайға кетуі тек халық көтерілістеріне ғана байланысты емес, дайындау науқандарындағы өкімет қысымы мен күштеп ұжымдастыру себебінен де болғанын атап өтіп, Балқаш, Шоқпар, Іле, Еңбекшіқазақ, Бүйен-Ақсу, Сарқан, Жаркент сияқты шекара маңындағы аудандардан Қытайға көшпек болған халықтың ауыр халі біршама кең суреттелген. Негізінен архивтік деректер, айрықша маңыздылығы сол – ҚР ҰҚК жабық архиві материалдары пайдаланылған Қ. Алдажұманов, Т. Омарбековтердің аталған еңбектерінің босқыншылық тарихын зерделеудегі маңызы зор. Зерттеуші Т. Алланиязовтың А. Таукеновпен бірлескен тағы бір еңбегінде Шет ауданындағы Қытайға ауа көшуді ұйымдастырмақ болды деген айыппен БМСБ жүргізген № 9872 ісі бойынша ағайынды Еркебек пе Қасенбек Дүйсеновтар, Жақып Ақпаев жауапкершілікке тартылғаны баяндалған [30]. Т. Алланиязов пен А. Таукеновтың бұл зерттеуі авторлар Жеқазған қалалық ішкі істер басқармасы архивінде танысуға мүмкіндік алған БМСБ қылмыстық-тергеу істері шеңберінде қарастырылып, басқа деректермен толықтырылмауы еңбектегі тұжырымдардың кеңестік қауіпсіздік органдарының құжаттарының ырқында кетуіне әкелген.

Ірі байларды тәркілеу науқанының барысы, қуғын-сүргінге ұшыраған, босқын болған байлардың әлеуметтік портреті белгілі тарихшы С.А. Жәкішеваның еңбегінде сипатталды [31]. Тарихшының бұл еңбегі саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссиясы қорытындылары аясында толықтырылған түрде қайта жарық көрді [32]. Тарихшы Ф. А. Қозыбақованың еңбегінде қазақ шаруаларының шекара асып босқыншылыққа ұрыну себептерінің бірі болған –1928 жылғы ірі байларды тәркілеу, мал, астық және шикізат өнімдерінен алым жинайтын шаруашылық-саяси науқандардың әлеуметтік-экономикалық зардаптары жүйелі талданған. [33]. Талас Омарбековтің 2003 жылы жарық көрген еңбегінің бір тарауы босқындар тақырыбына арналуымен құнды [34].

Кеңестік биліктің халық наразылығын басып-жаншудағы кеңестік ЕМБ-БМСБ-ІХК қауіпсіздік құрылымдарының ролі де зерттеле бастады. Бұл орайда Г. И. Молдаханованың еңбегінің бұл кезеңге арналған тарауы «Республиканың қауіпсіздік органдары кеңестік саяси жүйені нығайту кезеңінде» деп аталғанымен, БМСБ-нің шаруалар көтерілістерін басудағы қаталдығы,

көтерілістерді басу, босқындарды қайтарудағы тактикалық айла-тәсілдері жете сараланбаған [35]. Бұған қарағанда БМСБ органдары жүргізген репрессиялардың ауқымы «Қазақстан қауіпсіздік органдары тарихы» ұжымдық еңбегінде біршама ашық көрсетілген. Арнайы қызмет тарихын жазған авторлар БМСБ-ның шекара күзеті қызметінің босқындарға қарсы әрекетін контрабанда мен шетелдік тыңшылық қызметтермен күрес ретінде оң баға беріп, 1926 жылы Қытайдан атаман Б. Анненковті ұрлап әкету операциясын қазақстандық «чекистердің ең үздік операциясы» ретінде бағалаған [36, б. 85, 96]. Зерделеу барысында тарихи талдаудан гөрі, ведомствалық мүдделер үстем болған зерттеулер қатарына қауіпсіздік органдары кадрларын дайындау тарихына арналған Ф. М. Уйсумбаеваның еңбегін де жатқызуға болады [37].

Ауыл шаруашылығын кеңестік үлгіде қайта құру кезеңіндегі сот-тергеу, әкімшілік органдарының күштеу шараларының зардаптары С. Саржанованың зерттеу еңбегіне арқау болған [38]. Зерттеушінің ауыл шаруашылық өнімдерін күштеп дайындау, тәркілеу, бай-кулакты тап ретінде жою және т.б. науқандар барысында сот-тергеу органдары «адамдарды жасаған қылмысына қарай емес, әлеуметтік жағдайына қарай жазалау туралы партия мен үкіметтің саясатын орындағанын» көрсеткен түйіні құнды. Тарихшы 1928 жылғы тәркілеу науқаны басталмай тұрып, Қазақстанның Қытаймен шекаралас аудандарының қазақтары Қытайға қоныс аудару бастауы жазалау органдарының қызметін күрделендіргенін деректер бойынша көрсеткен [38, б. 90]. Зерттеушілер Ж. К. Жұмабаева [39], К. Т. Жұмағұлов пен Б. Е. Нұрпейісова [40] және Г. Т. Жақыповалардың [41] қарастырылып отырған кезең бойынша еңбектері жер қатынастары, қаржы және салық жүйесін талқылауымен құнды. Азамат соғыс кезеңінде Жетісудағы аштық пен босқыншылықтың тууы жағдайында ақгвардияшыл күштер мен большевиктердің қақтығыстары Г. А. Капекованың монографиясында талданған [42, б. 100].

Қазақстан-Қытай арасындағы миграция мәселесін арнайы зерттеген тарихшылар Г. М. Меңдіқұлова мен Б. Ж. Атантаевалардың зерттеуі ХІХ ғасырдың 60 жылдары мен ХХ ғасырдың 60-жылдарындағы 100 жылдық тарихтағы миграциялық үдерісті жүйелеуге талпыныс жасауымен құнды. Еңбекте ХХ ғасырдың 20-жылдарындағы Қазақстан-Қытай миграциясына аз орын беріліп, босқындар проблемасы тек 1921 жылдан бастап қарастырылған [43]. Ішіне босқындар да кіретін қазақ шаруаларына жер бөліп беруге бағытталған жер-су реформасы негізінен бұрынғы қоныс аудару бойынша чиновниктерден тұрған жергілікті жер органдарының үнсіз қарсыласуынан салдарынан іске аспай қалғаны туралы Ж. Қыдыралинаның еңбегінде айтылған [44, б. 65]. Тарихшы Б. Ж. Атантаеваның еңбегінде: «1920 жылдардан бастап Кеңес өкіметі Қытайдан 1916 жылдардағы оқиғаларға орай қашып кеткен босқындарды қайтаруға, қабылдауға көңіл бөліп, оларға қарсы ешқандай жазалау шараларын жүргізбеуге міндеттеніп, оларды жаңа мекендерінде орналастырып, мал-мүлкін қайтарып берді.» - деп атап өтеді. Алайда, тарихшы қайта оралған иммигранттардың болжамды санын анықтау архив деректерінің әрқилылығына орай мүмкін еместігін көрсеткен [45, б. 28]. Азаматтық қарсы

тұру кезіндегі Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі босқыншылық тақырыбы зерттеуші Б. Әбдіғалиұлының еңбегінде ішінара қамтылған [46]. Тарихшы Ғ. Кендірбай өз зерттеуінде қазақтардың босқыншылығын кеңестік отырықшыландыру саясатымен байланыстырған [47, б. 77]. Тарихшы Д. Аманжолованың азаматтық қарсы тұру кезеңі сипатталған еңбегінде большевиктік билік жүйесіндегі ұлттық мәселелердің шешілу механизмі талдап, аштық туғызған босқыншылыққа да орын берген [48, б. 214].

Зерттеуші Аблет Камалов Сынцзянда 1920-1930 жылдар аралығында «республика кезеңінде» де балаларды еріксіз құлдану тәжірибесін жеке құжаттар коллекциясынан алынған деректер бойынша талдаған. Алайда, мақалада Сынцзян аймақтарында кедей жанұялардың таршылықтан балаларын құлдыққа сату келісімдері жергілікті тұрғындар арасында ма, әлде кеңестік босқындармен жасалған ба, ол арасы ашық көрсетілмеген [49].

1930 жылы басталған жаппай отырықшыландыру саясаты аграрлық сектордағы мал шаруашылығының күйреуіне жол ашқанын өз монографиясында зерделеген профессор Т. Омарбеков: «Ашаршылықтың басталуы бұл науқанды сәтсіздікке ұшыратты және отырықшыландыру науқаны 1932 жылдан бастап жаңа науқанға, босқындарды шаруашылықтық орналастыру науқанына айналып кетті» - деп дәл сипаттаған [50, б. 24].

Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағындағы босқыншылық тақырыбына тура немесе жанама түрде қамтылған елеулі зерттеулер қатарында М. Тулекова [51], Р. Оразов [52], М. Қойгелдиев [53], І. Қозыбаевтардың [54] еңбектері жатады. Тарихшы Е. С. Қуандықтың еңбегінде Голощекиндік «Кіші октябрь» бағытына тарихи-саяси талдау жасалған [55] Ал М. Қойгелдиев зерттеуі 30-жылдар тарихи оқиғаларын жаңаша саралауымен құнды [56].

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстан аумағындағы аштық, босқыншылық көріністерінің ұлғаюы өңірлердегі санитарлық-эпидемиологиялық ахуалды шиеленістіргені туралы талдау тарихшылар С. Шілдебай мен А. Жүнісбаевтың жұқпалы аурулар мен індеттерге қарсы күрес тарихына арналған монографиясында қамтылған [57].

Кеңестік тарихнамада саяси себептермен «көшушілер», «көшпенділер» деген бейтарап атаулармен жіктелген шаруалар категориясының босқындар екені соңғы кезде Қазақстанда жарияланған еңбектерде жіктеліп көрсетілген. Тарихшы Р. Қ. Айдарбаева Шығыс Қазақстан өңіріндегі 1930 - жылдардағы босқыншылық фактілерін талдаса [58], тарихшы А. И. Құдайбергенова бастаған авторлар тобының ұжымдық монографиясында Орталық Азия республикалары мен Ресейге босқан Қазақстан шаруалары тағдыры жүйеленіп берілген [59]. Ал З.Е. Қабулдинов бастаған авторлар ұжымы дайындаған монографияға қазақ босқындарының Орталық Азия республикаларындағы жағдайы және ондағы қазақтардың саяси қуғын-сүргінге ұшырау тарихы арқау болған. Еңбекте босқындар тағдырына қатысты архив құжаттары мен естеліктерге орын берілген [60].

XX ғасырдың 30-жылдарындағы Қазақстан аумағындағы босқыншылық көріністерін ішкі және сыртқы түрге жіктеп зерттеген тарихшы С. Смағұлованың

еңбегінде панасыз балалар тағдыры жеке параграфта талданған [61]. Кеңестік аграрлық саясаттың қазақ халқының дәстүрлі құрылымына әсерін талдаған профессор Ж. Әбілқожин бастаған авторлардың ұжымдық монографиясында халықтың үдере көшкен босқыншылығын «өкіметтің саясатына үнсіз қарсылық» деп бағалауға болатынын атап көрсеткен [62, б.245].

*Шетелдік тарихнама.* Кеңестер Одағы мен Синьцзян провинциясының 1918-1941 жылдардағы қарым-қатынасының мәселелерін сыртқы саясат ведомствасы архиві негізінде зерттеген орыс тарихшысы В. А. Барминнің еңбегінде Ресей босқындарын репатриациясының себептері мен Іле протоколы аталған 1921 жылғы 27 мамырдағы келісімнің тарихи мәнісі талданған [63]. Еңбекте Синьзяндағы орыс босқындарының жағдайы ғана қамтылуы зерттеудің шектеулілігін көрсетеді

XX ғасырдың 20 - жылдарындағы босқыншылық тарихнамасында қырғызстандық тарихшы Д. М. Будянскийдің монографиясы ерекше атауға лайық [64]. Тарихшының зерттеуі қарастырылып отырған кезеңдегі тек қырғыз босқындары проблемасына арналған. Д. М. Будянский босқындар жөніндегі ерекше комиссия құрылымдары қорларын зерттеуге мүмкіндігі болмағандықтан, ерекше комиссияның кіші комиссиялар бөлімдері қызметін назардан тыс қалдырған.

Орта Азиялық эмиграциялық үдерісті кең ауқымда қарастырған тәжікстандық тарихшы Камолудин Абдуллаевтың еңбегін ұлан ғайыр өңірдегі босқыншылыққа, эмиграцияға себеп болған тарихи оқиғаларды мүмкіндігінше жаңаша әрі толыққанды зерделеуге талпыныс ретінде бағалауға болады [65] Кітаптың аннотациясында зерттеу автордың тарапынан «посткеңестік тарихнамада кеңестік кезеңдегі ортаазиялық эмиграция тарихын зерделеудің алғашқы талпынысы» ретінде бағаланғанымен, онда босқыншылықтан гөрі саяси эмиграцияға көбірек басымдық берілген. Батыс зерттеушілерінің еңбектерін жіті талдаған автор посткеңестік кезеңдегі құнды зерттеулерді қарастырмағаны байқалады. Дегенмен. К. Абдуллаев осы күрделі тақырыптың аясындағы босқыншылықтың табиғатын түсіндіру үшін ұғымдық-категориялық әр алуандықты жүйелеуге біршама көңіл бөлген. Автор Орта Азия халықтарындағы қарастырылып отырған тарихи кезеңдегі миграциялық үдерістің ғылыми-ұғымдық аппаратындағы ирреденттілік (мемлекет құрушы этникалық топтың отанынан шетке кеткен осы топтың өкілдеріне идеологиялық және ұйымдасқан түрдегі көңіл бөлу мүдделілігінің көрінісі), босқын (refugees), эмигрант ұғымдарының нақты тарихи кезеңдер бойынша қолдану практикасын талдаған [65, б. 11] К. Абдуллаевтың «..босқын ұғымы революциядан кейін және азамат соғысы кезінде қашқандарға қатысты пайдалану көбірек орынды. Ал 1920-жылдардың екінші жартысы мен 1930 жылдардың басындағы КСРО-дан саяси және басқа себептермен кеткендерді «эмигрант», «муғажир» деп атау керек» - деген біржақты байламымен келісу қиын. Тарихшы бұлай жүйелеуге, бірінші топтағылар мүліктерін тәркілеу, Қызыл Армия мен жаңа биліктің қырғынынан жан сауғалап асығыс аттанса, екінші топтың эмиграцияға кеткенше КСРО-да өмір сүру тәжірибесі болғанын, атамекенін саналы түрде тастап



шыққанын уәж етеді. Біздіңше, бұлай көрініп тұрған сыртқы белгілерді критерий етіп жүйелеу тұтас кезеңнің ажырамас құрамдас бөлігі болған босқыншылық құбылысының табиғатын шектеп сипаттаумен тең. Өйткені, «саналы түрде» босып кетуге аштық, тонаушылық алым-салық саясаты, жұқпалы аурулар әсер еткен кезең қос төңкерістен басталып, 30-жылдардың ортасына дейін перманентті түрде алмасып тұрғанын ескеру керек. Дегенмен, К. Абдуллаев бұдан әрі «босқын, эмигрант және мұғажыр» категорияларының барлығын да өз «титулды» елдерінен тыс өмір сүріп жатқан орта азиялықтарға қолдануға болатынын» көрсете кеткен [65, б. 16].

XX ғасырдың 20-жылдарындағы КСРО-дағы еңбек реэмиграциясы тарихының маманы М. Галас елдегі еңбек миграциясы саясаты экономикалық тиімділік пен әлеуметтік-таптық ерекшелік принципі негізінде жүзеге асырылғанын сипаттайды [66]. Ресейлік тарихшы Е. А. Осокина КСРО бойынша жабдықтау саясаты туралы еңбегін құндылығы жойылмаған экономикалық талдау ретінде бағалауға болады [67].

Ресейлік тарихшы Ф. Л. Сеницын қарастырылып отырған кезеңдегі босқыншылық тақырыбын кеңес мемлекетінің көшпелілер қоғамымен қарым-қатынасы контекстінде қарастырған [68]. Ф. Сеницыннің еңбегінің 1-тарауы «1920-жылдардағы КССРО-ның «көшпелі» аймақтары» - деп аталып, трансшекаралық көшіп-қонуға арналды. Тарихшы шекара маңайындағы ауа көшушілікті «көшпенділердің әсіресе, бұл халықтар ғасырлар бой көшіп-қонып келген аумақты кесіп белгіленген болсын, мемлекеттік шекараны мойындамауынан» туғаны туралы даулы пікір айтады. Ф.С. Сеницын азамат соғысына дейінгі қазақтардың Қытайға ауа көшуінің тарихи себептері бар екенін көрсеткенімен, миграциялық қозғалысты ауа көшушілікке жатқызып, оны босқыншылық ретінде қарастырмаған [68, б.34]. Тағы бір ресейлік тарихшы Н. Н. Аблажейдің еңбегі Қазақстан мен Сынцзян арасындағы миграциялық қарым-қатынас жүйелі талданғанымен құнды [69]. Н. Аблажейдің зерттеуінің бәсін тарихшының пайдалану мүмкіндігі болған Ресей Федерациясы сыртқы саясат архиві құжаттары көтеріп тұр. Орыс тарихшысы Е. Н. Наземцеваның монографиясы Ресей эмиграциясының 1920-1940 жылдар аралығындағы Қытайдағы құқықтық жағдайына арналып, реэмиграция және репатриацияның саяси-құқықтық мәселелері қамтылған [70]. Соңғы жылдарда жарияланған сүбелі зерттеулер қатарына Ю. А. Лысенконың [71], Т. А. Шаметованың [72] зерттеулерін атауға болады. Ю. А. Лысенко өз мақаласында босқындар проблемасының маңызды қырларын көтергенімен, деректемелік жағынан архив құжаттарына сүйенбей, жарияланған құжаттар жинағын материалдарын пайдалануымен шектелген. Ал Т. А. Шаметованың зерттеуі негізінен Сынцзян мен Ресейдің сауда-экономикалық қарым-қатынастары болғанымен, еңбекте мәселенің саяси қыры, әсіресе, орыс босқындарына байланысты қыры ғана қарастырылған. Зерттеуде Сынцзяндағы Патшалы Ресей тұсынан қалған дипломаттар мен жаңа орнаған Кеңестік Ресей өкіметінің сыртқы қатынастар бойынша өкілдері, Сібір (Кольчак) үкіметінің өкілдерінің өлкедегі қызметі, өзара

қарым-қатынастары, дипломатиялық күрес туралы қызғылықты мағлұматтар бар [72, б.171].

Американдық тарихшы Ричард Янг «Синьцзян Губернатор Ян Цэн-Синнің басқаруында (1911-1928)» атты еңбегінде қазақ босқындарға байланысты деректерге орын берген. Еңбекте Ян Цэн-Синнің Пекинге жолдаған жеделхаттарының бірінде «Қазақтар Орыс-Синьцзянь шекарасы бойында орналасқан. Бұл халықтың келтіретін мазасыздығы шекара сызығы мен жергілікті әкімшілікті мойындай бермеуінде. Біздің Ресеймен шекарамыз анық белгіленгеніне қарамастан, біз көбіне қазақ отбасының шекараның екі жағында да өмір сүретінін байқаймыз» - делінгені келтірілген [73, б. 278].

XX ғасырдың 1-ширегіндегі босқыншылықтың тарихи құбылыс ретінде айқындауды да батыс зерттеушілері ерте қолға алды. 1968 жылы Нью-Йоркте жарық көрген әлеуметтік халықаралық ғылыми энциклопедияда босқын терминіне халықаралық түсініктеме беріліп, босқын ретінде «саясаттың, соғыстың немесе табиғи апаттың салдарынан пайда болған еріксіз мигрант» айқындамасы берілді [74, б.361].

«Қырғи қабақ соғыс» жағдайында батыс ғылыми әдебиетінде кеңестік босқындар проблемасы қарастырылғанымен, социалистік лагерь тарапынан зерттеулер жүргізілмеді. Бұл арада румын зерттеушісі Кзгелди Каролидің 1969 жылы жарық көрген еңбегінің ерекше өзгешелік болғанын айта кету керек [75]. Ал Эндрю Форбстың еңбегі кеңестік босқындар орныққан Батыс Қытайдың республикалық кезеңіне қатысты толыққанды зерттеу болып саналады [76].

Американдық тарихшы Джеф Сахадео Түркістан Республикасының астанасы Ташкенттегі саяси оқиғаларды зерттеп, большевиктік биліктің орнауы жағдайындағы ұлттық мәселелердің туындауына назар аударған [77].

Итальяндық тарихшы Андреа Грациози Қазақстандағы босқыншылыққа алып келген дайындау науқандары шаруалардың «үнсіз қарсылығын» туғызғаны көрсеткен [78, б. 56-57].

Ресейден Батыс Қытайға қашқан ақгвардияшыл әскери құрамалар мен босқындардың азамат соғысын Синьцзянь аумағын плацдарм етіп жалғастыру тарихы Макаодағы Әулие Иосиф университетінің профессоры Майкл Шердің еңбегіне арқау болған. Ресей архивтері деректеріне сүйенген бұл зерттеуде Ресейдегі азамат соғысының Синьцзян халықтарына әсері талданған [79]. Синьцзяндағы революциялар тақырыбы ағылшын тарихшысы Дэвид Брофидің «Ұйғыр ұлты Ресей-Қытай шекарасындағы реформа мен революция» тақырыбындағы көлемді монографиясында сарапталған [80]. Босқыншылық тарихына қатысты деректер итальян тарихшысы Никколо Пианчола мен қазақстандық тарихшы Әділхан Жарасовтың бірлескен мақаласында талданған [81]. Қазақстандағы аштық тақырыбын жүйелі зерттеген американдық тарихшы С. Камерон біздің зерттеуіміздің аясына кіретін 1919-1921 жылдар аралығы немесе алғашқы бесжылдыққа жататын жылдардағы «Орта Азия шекаралары жайлы ғылыми зерттеулер әлі де жоқтың қасы екенін» атап өткен [82, б. 269]. Неміс тарихшысы Роберт Киндлердің еңбегінде аштық пен босқыншылық сияқты күрделі проблеманы түпнұсқа деректерге сүйене отырып, пайымдауымен

ерекшеленеді [83]. Р. Киндлердің зерттеуінде қытай-кеңес шекарасы бойындағы БМСБ жазалаушы отрядтарының босқындарды қанға бөктірген қаталдығы нақты деректермен сипатталған [83, б. 204-2018]. АҚШ-тың Оризона штаты университетінде «Кеңестік периферияда есею: Қазақстандағы қиял, тәжірибе және балалық шақ естелігі (1928-1953)» тақырыбында докторлық диссертация қорғаған Мехмет Волкан Кашыкчы еңбегінің бір параграфы «Ауа көшушілердің балалары» - деп аталып, босқын жеткіншектер тағдыры баяндалған [84]. Орталық Азиядағы миграция тарихын зерттеуге баса назар аударған Сара Камерон жақында жарық көрген мақаласында Қытай мен Орта Азияға қоныс аударған босқындар тақырыбын зерттеудің маңыздылығына тоқталған [85, б. 167].

**Зерттеу жұмысының деректік негізі.** Зерттеу барысында мынадай деректер топтары пайдаланылды: 1) нормативтік-құқықтық құжаттар; 2) жергілікті билік мекемелерінің күнделікті іс жүргізу құжаттары; 3) кеңес өкіметінің орталықтағы және жеке республикалардағы басшыларының өмірбаяны, хаттары мен еңбектері; 4) кеңестік кезеңдегі баспасөз материалдары; 5) босқыншылық куәгерлерінің және босқындар ұрпақтарының естеліктері; 6) статистикалық материалдар.

Аталған дерек көздерінің *алғашқы екі тобы* негізінен шетелдік (Ресей Федерациясы және Қырғыз Республикасы) архивтерден және Қазақстанның орталық, облыстық, аудандық архивтерінен жинақталып, зерделенді. Архивтік деректердің кейбір бөлігі алғаш рет ғылыми айналымға енгізіліп отырғандықтан оларға кеңірек талдау жасауды жөн көрдік.

Ресей архивтері бойынша Ресей мемлекеттік әскери архивіндегі (РМӘА) Түркістан майданы армияларын басқару қоры мен Бүкілресейлік Төтенше комиссияның Қытаймен шекараны күзету әскері штабы қорының құжаттары пайдаланылды. Ресей мемлекеттік әскери архиві зерттеудің тақырыбы мен кезеңіне қатысты әскери құрылымдардың шекара күзеті, барлау материалдарының қордалануымен ерекшеленеді.

Ресейдің әлеуметтік-саяси тарихының мемлекеттік архивінен (РӘСТМА) В.И.Лениннің Секретариаты қоры (1917-1923), РК(б)П Түркістан бюросы (Түркбюро) қоры, Шығыс халықтары 1-съезі және Шығыс халықтарының насихат және әрекет Кеңесі қоры, БК(б)П Орталық комитеті қорларындағы құжаттар пайдаланылды.

Ресей мемлекеттік қазіргі заман тарихы архивінде (РМҚЗТА) КОКП Орталық Комитетінің Саяси бюросы қорының деректері пайдаланылды.

Зерттеу жұмысымыз үшін аса маңызды деректер Ресей Федерациясы Мемлекеттік архивінде (РФМА) сақталған, мұнда Бүкілресейлік орталық атқару комитеті құжаттарының қоры сараланып, бірқатар маңызды деректер алынды.

Бішкек қаласында орналасқан Қырғыз Республикасы Орталық Мемлекеттік архивінде Пішпек уездік-қалалық әскери қызмет басқармасының қоры, Жетісу облысы Пішпек уезі Пішпек қаласы қоры, Предтеченское селолық басқармасы (Предтеченское селосы, Полтава болысы, Пішпек уезі, Жетісу облысы) қорларының құжаттары пайдаланылды. Қырғыз Республикасы Орталық

Мемлекеттік архивінде «Қазақ-көшпенділерді 1933 жылы Қырғыз АКСР территориясында орналастыру бойынша материалдар» деп аталған өте маңызды архивтік іс толығымен қазақ босқындарына арналған.

Ал Қырғызстандағы партия органдарының құжаттары сақталған Қырғыз Республикасы Қоғамдық-Саяси Құжаттар Орталық Мемлекеттік архиві бойынша БК(б)П Қырғыз өлкелік комитеті (Кыробком) қоры құжаттар пайдаланылды. Қырғыз Республикасы архивтері деректері осы елге аштық босқындары ретінде қоныс аударушы қазақтардың жағдайы, жергілікті мемлекеттік және партиялық органдардың оларға қатысты ұстанымын саралауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Президенті архивінен (ҚР ПА) БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті қоры, БК(б)П Қазақ өлкелік бақылау комиссиясы қоры, БК(б)П Алматы округтік комитеті қоры құжаттары қолданылды. Бұл құжаттар Кеңестік Қазақстан саяси билік орындарының босқыншылыққа қатысты ұстанымы мен әрекеттерін талдауда маңызды роль атқарады. Аталған қорларда «Жекелеген аудандардағы ауа көшушілікпен және контрреволюциялық бас көтерулермен күрес» атты ісі материалдары БМСБ органдары, партиялық тексеру құрылымдарының босқыншылық тақырыбындағы деректері қамтылған, «Синьцзян провинциясымен «Восторг» саудасы, жол салу жұмыстары және КСРО-ның қытаймен шекаралық аудандарындағы саяси жағдай туралы материалдар» ісінде Қытай дипломаттары ноталарын жабалары кеңестік шекарашылардың босқындарға қатысты қатыгездігін көрсететін сақталған.

Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архиві (ҚРОМА) бойынша Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесі жанындағы көшпелі және жартылай көшпелі қазақ халқын отырықшыландыру комитеті (1930–1933) қоры, ҚАКСР Орталық атқару комитетінің қоры, ҚАКСР Халық комиссарлар кеңесі қоры, Қазақ АССР қаржы халық комиссариаты қоры, Қазақ АКСР Жұмысшы-шаруа инспекциясы халық комиссариаты қорының құжаттары пайдаланылды. ҚРОМА қорлары Қазақстандағы мемлекеттік органдардың ауыл шаруашылығын модернизациялау, босқындарды қайтару және орналастыру бойынша қызметін саралауға маңызды деректер береді. Зерттеу тақырыбына қатысты құнды деректер қатарында Қазақ АССР Қаржы халық комиссариаты қорындағы «Қазақ АССР аудандарынан мал шаруашылығымен айналысатын шаруашылықтардың Қазақстаннан тыс жерлерге ауа көшуі туралы мәліметтер» деп аталған ісін атап өтуге болады. ҚАССР Қаржы халкомы жинастырған мәліметтер босқыншылықтың 1931 жылдың аяғына дейінгі аудандарды қамтуы туралы ахуалын сипаттайды. Бұл істегі деректер беретін мәліметтер зерттеу жұмысымызда тұңғыш рет ғылыми айналымға енгізіліп отырғанын ескертеміз.

Зерттеу тақырыбы бойынша талдау жасауда өңірлік архивтердің құжаттары кеңінен пайдаланылды. Алматы облыстық Мемлекеттік архиві (АОМА) бойынша Жетісу облысы әскери-революциялық комитеті қоры, Алматы облыстық прокуратурасы қоры, Алматы облыстық жер бөлімі қоры, Алматы округтік жер басқармасы қоры, Алматы округтік атқару комитеті жанындағы байларды тәркілеу комитеті қоры, Жетісу облыстық революциялық комитеті

жанындағы денсаулық сақтау бөлімі қоры, Түркістан АКСР халық шаруашылығы орталық кеңесінің Жетісу облысы бойынша уәкілетті басқармасы қоры, Жетісу облыстық революциялық трибуналы қоры, Жұмысшы, шаруа, қызыләскер және мұсылман депутаттары кеңестерінің Жетісу облыстық-қалалық атқару комитеті қоры, Жетісу облыстық жер бөлімі қоры және академик К. Нұрпейісұлының жеке тектік қоры құжаттары пайдаланылды. Алматы облыстық мемлекеттік архиві қорлары деректерінің ішінде РКФСР-дің 1926 жылы қабылданған Қылмыстық Кодекстің 84-бабы бойынша заң бұзушылық ретінде танылған шекарадан заңсыз өткен азаматтарға қатысты қылмыстық істер ерекшеленеді.

Зерттеу жұмысының кейбір мәселелерін терең зерделеу үшін аудандық архивтердің құжаттарының маңызы зор. АОМА Еңбекшіқазақ филиалындағы Жұмысшы, шаруа, қызыл әскер және мұсылман депутаттары кеңестерінің Еңбекшіқазақ аудандық атқару комитеті қорының, АОМА Кеген филиалындағы Жұмысшы, шаруа, қызыләскер және мұсылман депутаттары кеңестерінің Кеген аудандық атқару комитеті қорының деректері пайдаланылды. АОМА Кеген филиалында сақталған Кеген және Қарқара аудандары бойынша жекешелер және бай-кулактар тізімі біздің зерттеуімізді нақты мәліметтермен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Ал Түркістан облыстық мемлекеттік архивінде Оңтүстік Қазақстан облыстық атқару комитеті қорының құжаттары, сондай-ақ босқындарды Орта Азия республикаларынан Алматы мен Оңтүсік Қазақстанға қайтаруға қатысты пайдалы құжаттар сақталған.

Зерттеу жұмысын дайындау барысында Жетісудағы босқындарды орналастыру жөніндегі Түркістан АССР атқару комитетінің ерекше комиссиясы Лепсі және Жаркент бөлімдерінің дербес архивтік қор ретінде сақталған бірқатар құжаттары ғылыми айналымға енгізілді. Қытайдан келген босқындарды орналастыру жөніндегі Түркістан орталық атқару комитетінің Жаркент уездік арнайы комиссиясының құжаттары Жетісу облысы Мемлекеттік архивінің Панфилов филиалында Жаркент уездік жұмысшы, шаруа және қызыләскерлер депутаттары кеңесі атқару комитетінің Қытайдан келген босқындарды орналастыру жөніндегі ерекше комиссиясы (1920-1925) қорындағы 101 іс бірлігі түрінде сақталған. Ал Жетісу облысының мемлекеттік архивінің Лепсі уездік жұмысшы, шаруа және қызыләскерлер депутаттары кеңесі атқару комитетінің Қытайдан келген босқындарды орналастыру жөніндегі ерекше комиссиясы (1920-1926) қорындағы істер 90 сақтау бірлігін құрайды. Бұдан бөлек ЖОМА қорларындағы партиялық құжаттар топтастырылған ҚКП Октябрь аудандық партия комитеті қоры және ҚКП Панфилов аудандық партия комитеті қорларынан маңызды деректер пайдаланылды.

Зерттеу жұмысында ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Арнайы мемлекеттік архивіндегі, Алматы облысы полиция департаментінің арнайы архивіндегі құзырлы органдардың сараптамалық материалдары және қылмыстық-тергеу істері зерделенді. Арнайы архивтер қорларынан алынған мәліметтер шекаралық аудандардағы «шетелдік банда топтары» саналған

Қытайға босқыншылыққа көмектескен қарулы топтар мен олардың жетекшілері туралы, шекара маңайындағы қарулы қақтығыстар туралы деректер береді.

Кеңес өкіметінің орталықтағы және жеке республикалардағы *басшыларының өмірбаяндары, хаттары мен еңбектері* де босқыншылыққа қатысты ресми саясат, басшылардың арасындағы қайшылықтар туралы хабар береді. Партиялық жүйе жағдайындағы Кеңестік Қазақстандағы эго-құжаттар жинақталып жарық көрді. Өмірбаяндар партияны бөгде элементтерден тазарту науқандары үшін жасақталғанымен, Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі аштық, босқыншылыққа қатысты деректер береді [86, б. 260-261]. Алайда, бұл естелік, өмірбаян жазбаларының большевиктік бақылау жағдайында еріксіз жазылуы деректердің объективтілігіне сын көзбен қарауды талап етеді.

Диссертация тақырыбын зерттеуде КСРО сияқты алып империяның жоғары билік эшалонындағылардың арасындағы хат алысулардың маңызы да баршылық. БК(б)П ОК бас хатшысы И. В. Сталин мен зерттеу тақырыбына қатысты кезеңде КСРО ХКК төрағасы қызметін атқарған В.М. Молотовтың 1925-1936 жылдар аралығындағы сақталған өзара хаттары көп мәселенің мәнісін ашады. Атап айтқанда, 1930 жылдың 24 тамызында И. Сталин В. Молотовқа жазған хатында жабдықтау халкомы А. Микоянның астық дайындау өсіп, әр күні 1-1,5 миллион пұд астық сыртқа сатуға шығарылатынын хабарлағанын баяндайды. «Менің ойымша, бұл аз. Күн сайынғы шығарылатын астық көлемін кем дегенде 3-4 миллион пудқа жеткізу керек. Әйтпесек, біз жаңа металлургия және машина жасау (Атозавод, Челябинский завод және басқалар) заводтарынсыз қаламыз. Халықаралық нарықтағы нанның бағасының «ең жоғарғы нүктеге» дейін көтерілуін күтуді ұсынатын ақылдылар табылады. Мұндай ақылдылар сауда халкомында аз емес....» - дейді И. Сталин [87, б. 203-204].

Босқыншылық тарихына қатысты деректердің *төртінші тобына* зерттеліп отырған тарихи кезеңде жарық көрген «Қазақ», «Сарыарқа», «Ақ жол», «Советская степь», «Советская Киргизия» газеттері, «Айқап», «Шолпан», «Народное хозяйство Казахстана» журналдары беттерінде жарияланған материалдар жатады. Бұл материалдар осы кезеңдегі Қазақстанда жүріп жатқан жалпы әлеуметтік-саяси процесс, жергілікті халықтың күнделікті өмірі, босқындардың ауыр жағдайы, елге қайтарылған репатрианттарды орналастыру мәселелерін сипаттайды.

Босқыншылық туралы қызықты мәліметтер дерек қорының *бесінші тобына* жататын естеліктерде берілген. Естеліктердің өзін баяндалатын оқиғалардың кезеңі, суреттелетін жағдай бойынша бірнеше топқа бөлуге болады. Босқындар туралы сол кезеңдегі әрқилы жауапты тұлғалардың естеліктері қалыптасқан жағдай туралы маңызды деректер береді. Мұндай естеліктер қатарына Синьцзянның провинциясының Қашқар округіндегі Ұлыбритания консулы А. Скриннің жазбаларын жатқызуға болады. Қалыптасқан идеологиялық қарама-қайшылыққа қарамастан А. Скриннің естелігі 1930 жылы белгілі шығыстанушы ғалым И. Бороздиннің алғысөзімен, кеңестік билік тарапынан басылып шығарылды [88]. Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңірінен Қырғызстанға босқындар туралы маңызды жазбалар кейіннен сталиндік саяси қуғын-сүргін

құрбаны болған Қырғыз АКСР ХКК төрағасы Жүсіп Абдрахманов жазып қалдырған. Қазақ босқындарының апатты жағдайына байланысты Қырғызстан өкімет орындарын жұмысқа жұмылдырып, көмек көрсеткен үлкен қайраткердің күнделік жазбалары қалыптасқан ахуалды боямасыз шынайы сипаттауымен құнды [89].

Синьцзян өлкесінің Шәуешек аумағында орыс эмигрантының отбасында туған В. И. Петровтың естелігі автордың өмірбаянымен үйлесе баяндалған. В. И. Петровтың естелігінде автордың субъективті көзқарасына қарамастан, Батыс Қытайдағы саяси оқиғалардың қалай өрістегенінің, саяси ахуалдың қарапайым мигранттарға әсерін саралауымен бағалы [90].

Ал шекараның бергі бетіндегі қазақ шаруаларының босқыншылыққа ұшырау көріністерін Семей облысы, Бұқтырма уезі, Күршім болысы, № 6 әкімшілік ауылы тумасы Мұхаметқалым Шаяхметовтың естелігінде баяндалған. Жазбада шекаралық аудандардағы кеңестік саясат пен жалпы босқыншылық көріністері бір әулеттің бастан өткен оқиғаларымен сабақтаса баяндалған [91]. Шекаралық аудан саналатын Қатонқарағай өңірінің 1930 жылдардағы «байларды шығару» мен қудалау науқаны кезінде Қытайға өткен әулеттің басынан өткен оқиғаларды сол шаңырақтың 1944 жылы туған ұрпағы Шорман Қабдырахманұлы естелік етіп хатқа түсірген. Естелікте Шығыс Қазақстан өңіріне аты белгілі Әбдікерім болыс, Мұса билердің ғұмырнамасының деректері де берілген. Естелік кеңес-қытай шекарасының екі тарабындағы қоғамдық маңызы бар оқиғалардың қарапайым тұрғынның қабылдауындағы сипаттамасының жазылуымен қызғылықты [92]. Алматы округі Жаркент ауданындағы қарулы босқыншылық топтарының бірін басқарып, Қытайға өткен, Синьцзян билігі тарапынан атылған, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің қатысушысы Жақыпберді Солтанбекұлының немере інісі Бәукей Әубәкірұлының естелігін атап көрсетуге лайық. Естелікте БМСБ органдары «банда» есебінде қудалап, арғы бетке өткен соң да Қытай жергілікті өкімет орындарының қысымынан көз ашпаған шағын ауылдың бастан кешкендері баяндалған [93]. 1940 жылы Қытай Республикасындағы Қашқар қаласында туған Мұратжан Күзембайтегі Кеген ауданы Қырғызсай колхозы есепшісі болған ағасының Қытайға кету оқиғаларын естелік қылып жазып, жарыққа шығарған [94].

Шығыс майданынан өтіп, Жетісу арқылы А. С. Бакич бастаған Оңтүстік Армиямен Батыс Қытайға өткен Орынбор казагы Камскийдің жарық көрген естелігінде Синьцзянның Шәуешек аумағындағы 1920-жылдардағы аштық пен қазақ босқындардың қорғансіз халі шынайы суреттелген [95]. Өзі де большевиктік бағыттағы қайраткер Абдулла Розыбакиевтің естеліктері Жетісуға кеңес билігін орнатуға келген алғашқы буын революционерлердің жергілікті халықты қырғынға ұшыратып, босқыншылыққа душар еткеніне маңызды куәлік береді [96].

Қазақстанның оңтүстік -шығыс өңіріндегі кеңестік аграрлық өзгерістер кезеңіндегі халық қасіреті арқау болған естеліктер жинақтарында аштық пен босқыншылық тақырыбы баяндалатын деректер қоры бар [97, 98, 99, 100, 101].

Зерттеліп отырған кезеңдегі босқыншылықтың себептері мен салдарын анықтауға себін тигізетін *статистикалық материалдар* архивтік құжаттардан, жарияланған материалдар жинақтарынан, баспасөз беттерінен, тағы басқа дерек көздерінен алынды.

Жоғарыда аталған *деректердің барлық топтарына* жататын материалдарды жарыққа шыққан түрлі жинақтардан да табуға болады. Босқыншылық сияқты әлеуметтік-саяси құбылыстың орын алған мекені КСРО сияқты алып держава болғандықтан, құжаттар советтік мемлекеттік құрылымдардың құжаттар қорларында жинақталғаны түсінікті. РКФСР Сыртқы істер халық комиссариты босқындар мәселесін шешуде маңызды роль атқарғандығы белгілі. Осы орайда, Ресей-Қытай дипломатиялық қарым-қатынастарға арналған құжаттар жинақтары Синьцзянға орныққан босқындар тақырыбында көп мағлұмат береді [102].

Босқыншылық проблемасына қатысты тура және жанама құжаттар «Ресей мен Орталық Азия» тақырыбына топтастырылып жарық көрді [103]. Түркістандағы босқыншылық құбылысының XX ғасырдың 1-ширегіндегі бастау нүктесі болған 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тарихы бойынша құжаттар жинағында ресейлік босқындардың Батыс Қытайдағы жағдайы туралы мол құжаттар енгізілген [104]. Түркістандағы босқыншылық құбылысының босқыншылыққа қатысты кеңестік кезеңнің құпиясызданған құжаттары сериялық түрде жарияланған ресейлік жинақтардан орын алды [105, 106, 107].

Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін жарық көрген құжаттар жинақтарында Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы босқыншылыққа қатысты деректер көп мөлшерде берілген. Ерекше атап өтуге лайық жинақтар қатарында Қ. Алдажұманов бастаған ғалымдар тобы құрастырған, өз уақыты үшін бұрын құпиялықта ұсталған бірқатар құжаттар енгізілген жинақты айтуға болады [108]. Босқыншылық пен ауа көшушілікке қатысты бірқатар құжаттар депортация тарихына арналған құжаттар жинағына енді [109]. Шығыс Қазақстан облысының Өскемен қаласындағы архивінен алынған шекара маңы босқыншылығына қатысты құжаттар жеке жарық көрді [110].

Қазақ босқындарының РКФСР-дің Сібір өлкелеріне бас сауғалап баруы туралы арнайы құжаттар жинағы бар [111]. Қазақ ауылының тарихына қатысты құжаттар жеке топтастырылған «Қазақ ауылының трагедиясы» екі томдық құжаттар жинағы отандық тарихтың ақтандақ парақтарын жарыққа шығаруға қосылған қомақты үлес болды [112, 113].

ТАКСР ХКК жанындағы қаржы комитетінің 1923 жылы Синьцзяндағы босқындарды қайтару шараларын қаржыландыру бойынша шешімдері тарихшы О. Қоңыратбаев құрастырып, жариялаған осы құрылымның хаттамалар жинағына енгізілген [114]. 1916-1920 жылдар арасындағы Жетісу мен Ыстықкөл аймағындағы саяси оқиғалар туралы құжаттар жеке жинақ болып жарыққа шықты [115].

Қырғызстанға қоныс аударған қазақ босқындарының қалай қабылданғаны туралы қырғыз архивтерінің құжаттары Д. Ш. Қызаева, З. К. Курманов, А.Ю Абдрахмановтардың құрастыруымен жарыққа шықты. Құжаттар жинағы қазақ



босқындарын орналастыру және Қазақстанға қайтару бойынша маңызды деректер береді [116].

1920 жылдың 24 қарашада ҚР Президенті Қ-Ж. К. Тоқаев қол қойған «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлық аясындағы зерделеу жұмыстары нәтижесінде орасан мол көлемдегі құжаттар жинақтар түрінде жарық көрді. Мемлекеттік комиссияның босқындық бойынша жұмыс тобы жарыққа шығарған жеке жинақта 1916 жылдан 1940 жылдар аралығындағы мәжбүрлі мигранттарға қатысты маңызды құжаттар топталды [117]. Толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия өңірлік жұмыс топтары жинақтауымен босқындар тақырыбы бойынша Жетісу, Түркістан, Семей өңірлері бойынша жеке жинақтар жарық көрді [118, 119, 120]. Жалпы негіздегі азаматтық архивтерден бөлек ҰҚК, ІІМ арнайы архивтерінің құпиясыздандырылған құжаттары топтастырылған аталған құжаттар жинағында Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріне қатысты да тың әрі құнды деректер топтастырылған.

Қазақстан ғалымдарының жинақтауымен «Ашаршылық» тақырыбындағы көптомдық құжаттар жинақтарында Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі босқыншылыққа қатысты құжаттар енген [121, 122, 123, 124].

Оңтүстік-шығыс Қазақстан өңіріне республикаға сырт аймақтардан босқындарды қайтару мен орналастыру шаралары барысында денсаулық сақтау және санитарлық-эпидемиологиялық жүйе қызметі жеке құжаттар жинағы түрінде жарық көрді. Жинақта ауа көшушілерді қайтару кезіндегі індетке қарсы шаралар бойынша құжаттар енгізілген [125, б. 256-260].

Бір топ ғалымдардың күшімен Қазақстаннан Орта Азия республикалары мен Ресей аумағына кеткен босқындарға қатысты құжаттар жеке топталып, жарық көрді [126]. Орта Азия республикаларына қоныс аударып барған тұрғындардың сол ел аумағында саяси қуғын-сүргінге ұшырау тарихына қатысты құжаттар жинағында босқындарға қатысты елеулі деректер топтастырылған [127].

Қазақстандағы босқындарды қайтару және орналастыру бойынша құрылымдарда қызмет атқарған Ы. Көшкінов сияқты жекелеген саяси қайраткерлер қызметі ол тұлғалардың қызметіне қатысты құжаттар мен материал жинақтарында жарияланған [128].

Соңғы жылдарда жарық көрген құжаттар мен материалдар жинақтары қатарына Қазақстан мен Ресей архивист ғалымдары бірлесіп шығарған 1927-1934 жылдарды қамтитын «Ресей мен Қазақстандағы аштық» қостомдығын айтып өткен жөн [129, 130]. Архив саласындағы Ресей-Қазақстан комиссиясының қызметі аясында жарық көрген бұл жинақтың басты ерекшелігі жинаққа бұған дейін жарық көрмеген Ресей Федерациясы ФҚК Орталық шекара архиві материалдары енгізілуі болды.

**Диссертациялық жұмыстың географиялық ауқымы.** Зерттеудің географиялық ауқымы Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңірлерін, атап айтқанда, Жетісу аймағы мен Семей өңірінің Қытаймен шекаралас аумағын қамтиды.

**Зерттеу жұмысының мерзімдік аясы** 1918-1936 жылдар аралығын қамтиды. Хронологиялық шеңбердің төменгі шегі империядағы саяси күштердің күресінің Қазақстанға ықпалы және азамат соғысы салдарынан Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі босқыншылықтың кеңестік сатысының басталуына байланысты болса, жоғарғы шегі Кеңес Одағында, соның ішінде Қазақстанда да кеңестік жүйенің жеңуі, Қазақстанның одақтық республикаға айналуына орай ресми статусының өзгеруіне байланысты анықталған.

**Зерттеудің теориялық-методологиялық негіздері.** Диссертациялық зерттеудің методологиялық негізі ретінде әлем-жүйелік теория алдынды. Әлем-жүйе – өзінің шекарасы, құрылымы, легитимдену және бейімделу ережелері бар әлеуметтік-экономикалық организм. Бұл организмнің өмірін өзара қақтығысушы күштер анықтайды, қақтығыс әлеуметтік-экономикалық организмнің тұрақсыздығын емес, оның жаңару мүмкіншіліктерін, даму ресурстарын көрсетеді. Жалпы алғанда «әлем-жүйе» бұл «әлемдік жүйе» емес, өзі жеке алғанда «әлем» сипатына ие болатын «жүйе».

Әлем-жүйелік теорияның негізін Ф. Бродель [131] мен И. Валлерстайн [132] жасады Теорияны әрі қарай дамытушылар К. Чейз-Данн [133], А. Г. Франк [134], С. Амин [135] және Ж. Л. Абу-Лугход [136] оны кеңейтіп, әлеуметтік-экономикалық жүйеге мәдени жүйені қосты және «әлем-жүйенің» біреу емес, көп екендігі туралы идеяны дамытты.

Осы идеяға сүйенсек, капиталистік «әлем-жүйеге» кіретін жеке әлеуметтік-экономикалық организм болған Ресей империясы бірқатар әртүрлі кіші әлеуметтік-экономикалық жүйелерден тұратынын көреміз. Капиталистік «әлем-жүйеден» «социалистік қайта құрулар» арқылы шығып кетпекші болған Ресей өз ішіндегі кіші «әлем-жүйелерді» күшпен, зорлықпен күйретіп, бір ғана «социалистік» жүйеге айналдырмақшы болды. Бірақ Ресей большевиктерінің сол кездегі қоғамның даму деңгейіне сәйкес келмеген эксперименттік бағдарламасы «кіші жүйелердің» күйреуіне әкелді. Осылайша қазақ қоғамындағы ХХ ғасырдың 20–30-жылдарындағы апаттар мен ауыр трагедияның себептерін жеке саясаткер мен мемлекеттік қайраткерлердің әрекетінен іздемей, оны неғұрлым ауқымды мәселеден, Кеңес Одағындағы эксперименттік қайта құрулардан іздеуге болады.

ХХ ғасырдың 20-жылдарындағы Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі босқыншылық көріністері, оларды тарихи Отанына қайтару шаралары тарихы зерттеу нысанын анықтау үшін ғылыми деректер мен нақты фактілер гуманитарлық ғылымдар саласында пайдаланылатын салыстыру, болжау, сараптау әдістері негізінде тұжырымдалды. Ғылыми зерттеуде босқындар категорияларының бейнесін сараптау үшін әлеуметтік тарихтың зерттеу әдістері пайдаланылды. Сондай-ақ, босқын категориясындағы адамдар тобының шынайы өмірлік бейнесін қалыптастыруға көмектесетін дескриптивті әдіс пайдаланылды. Дескриптивті әдіс босқыншылықтың құбылыс ретінде қалыптасуы мен кезеңделуінің тарихи себептеріне тереңдеуге мүмкіндік береді. Зерттеудің объектісін күрделі жүйенің бір бөлшегі ретінде қарастыратын тарихи-жүйелілік әдісі де қолданылды. Қазақстаннан кеткен босқындар қауымдастығының тарихы

нақты тарихи оқиға, тарихи жағдай және дүниежүзілік тарихи үдеріс сияқты құрамдас бөліктерді қамтиды.

Түркістаннан Батыс Қытайға барып орныққан бұрынғы Ресей империясы азаматтарының қауымдасып өмір сүруін талдауда американдық тарихшы Толкотт Парсонс дамытқан тарих кеңістігі өзара әрекеттесіп өмір сүретін өзіндік құрылымдары бар жүйелерден тұратыны туралы құрылымдық функционализм әдістемесі пайдаланылды [137]. Бұл әдісті қолдану босқындар топтарының Синьцзян аумағындағы жергілікті қоғам үшін дисфункциялық (функцияны бұзу) элемент болғаны, мұның өзі жергілікті билік институттарын проблеманы шешуді жеделдетуге итермелегенін саралауға мүмкіндік берді.

Зерттеу жұмысында себеп-салдарлық талдау және құрылымдық-функционалдық әдіс қолданылады. Себеп-салдарлық талдау – бұл қоғамдық ахуалды тұтас зерттеудің, себептер мен салдарды айқындау әдісі. Ол өткенді сипаттауды ғылым тұрғысынан проблема етуге, тарихты әңгімелеуді зерттеуге айналдыруға мүмкіндік береді. Тарих ғылымындағы құрылымдық-функционалдық әдіс тарихи процесті элементтер жүйесі ретінде қарайды, бұл жүйеде әрбір элементтің өз құрылымы бар, қоғамның немесе тарихи құбылыстың тұтастығы мен дұрыс қызмет етуін қамтамасыз етуіне әрбір элемент өз үлесін қосады [138]. Әлеуметтану ғылымынан алынған бұл әдіс тарихи жүйенің әртүрлі бөліктерінің (институттар, әлеуметтік топтар, мәдени құбылыстар, т.с.с.) өзара байланысты екенін анықтауға және осы өзара байланыстар қоғамның дамуына қалай әсер ететінін саралауға мүмкіндік береді. Құрылымдық-функционалдық әдіс объектінің әртүрлі аспектілеріндегі өзгерістер арасындағы тәуелділікті ашуға және оның даму механизмдерін түсінуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс арқылы біз кеңестік экономиканы жаңғырту үдерісі мен Қазақстан халқының мәжбүрлі миграциясының өзара шарттылығын, сонымен қатар қайта көшудің себептерін айқындаймыз. Босқындардың қасіретті жағдайдағы мінез-құлқы, өмір сүру ғұрпын саралау үшін пәнаралық методологиялық негізде аштықтан, қуғын-сүргіннен, азамат соғысынан қашқандардың «аман қалу стратегиясы» ашып көрсетілді. «Аман қалу стратегиясы» ұғымы ғылымның бірқатар салаларында пайдаланылады, Р. МакАртур мен Э. Уилсон 60-жылдары табиғи организмдердің жағдайға бейімделу және аман қалу стратегиясы туралы жазған болатын [139]. Бүгінгі таңда бұл түсінік биология, экология, экономика, кәсіпкерлік, психология және басқа салаларда қолданылып жүр. Тарих ғылымында ұғым ретінде анықтамасы айқындалмаған бұл түсінік ауыр азапты босқыншылық тағдыр иелерінің қауіп-қатерге толы туған жерінен алыстау және қайта оралу кезеңіндегі аман қалу жолындағы мақсат-мұратын, әрекеттерін саралау тұрғысынан қолданылды.

#### **Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы.**

– Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі босқыншылық жеке ғылыми зерттеу объектісі ретінде алғаш рет қарастырылып отыр.

– 1918-1920 жылдарда большевиктік билік қысымы салдарынан Қытайға кеткен босқындардың белгілі бір бөлігі 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінен кейін Қытайға кетіп, қайта оралған топтар екені анықталды.

– Түркістан Республикасы ОАК-нің Жетісудағы ауыр әлеуметтік-саяси ахуалды оңалту мақсатында құрған босқындар жөніндегі Ерекше комиссия мен оның бөлімдерінің, сонымен қатар КСРО БОАК жанынан құрылған Ерекше комиссиясының қызметі отандық тарихнамада бірінші рет талданды.

– Ресей мен Қытай шекара қызметтерінің босқындарға қатысты ұстанымытың архив құжаттары негізінде талданып, Ерекше комиссия құзыреті әскери-шекаралық құрылымдар тарапынан мойындалмағаны анықталды.

– Өздері құрған және Қытайдағы туыстары жіберген қарулы топтардың көмегімен шекарадан өтпек болған босқындардың тарихы алғаш рет зерттелді және осы тарихи құбылысты бейнелейтін «қарулы босқыншылық» түсінігі енгізілді.

– Қытайға барған қазақ босқындарының әлеуметтік-құқықтық жағдайы, Синьцзянь билігінің қоныс аударушыларға қатысты саясаты талданды.

**Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар.** Қазақстанның оңтүстік-шығыс өіріндегі босқыншылық себеп-салдары сараланып, төмендегідей ғылыми тұжырымдар қорғауға ұсынылады:

1 Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңірінен Қытайға босқыншылықтың бірінші кезеңі 1918-1919 жылдарды қамтиды. Осы кезеңде большевиктік зорлық пен азамат соғысы шарпыған Жетісудағы босқыншылықты тоқтатып, қоныс аударушыларды бұрынғы мекендеріне қайтару бойынша кеңес билігінің алғашқы әрекеттері басталды.

2 Оңтүстік-шығыс Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс салдарынан және 1918 жылдардағы қызыл партизандар, отаршыл пиғылдағы орыс қоныс аударушыларынан көрген қысымнан қашып Батыс Қытайды паналаған Жетісу босқындарының ондағы хәлі мүшкіл болды. Босқындардың елге қайту әрекеті Синьцзян және Кеңестік Россия шекара қызметтерінің кедергісіне ұшырап отырды.

3 Азамат соғысы аяқталған соң Синьцзян мен Кеңестік Түркістан үкіметтері екі тараптың демографиялық, әлеуметтік-экономикалық дамуына теріс әсер еткен босқындар мәселесін түпкілікті шешуге мүдделілік танытып, «Іле келісімін» жасады. Түркістан АКСР ОАК жанынан құрылған босқындар жөніндегі Ерекше комиссияның бөлімдері босқындарды қайтару және бұрынғы мекендерінде орналастыру бағытында елеулі қызмет атқарды.

4 Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігіндегі ірі байларды тәркілеу науқаны барысында халықтың Қытайға босуы жиіледі. Босқыншылықты болдырмау мақсатында кеңестік билік кейбір елді мекендерді ірі байларды тәркілеу туралы декреттің құзырынан шығарып, шекара маңында қолға түскен мал-мүлікті контрабанда есебінде тәркілеп, «Қосшы» одағы арқылы кедейлерге таратты. Астық дайындау, мал алымы сияқты шаруашылық-саяси науқандар да босқыншылықты күшейтті.

5 Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы аз мөлшерде басталған халық наразылығы ХХ ғасырдың 20-жылдарының аяғында ұйымдасқан қарулы босқыншылыққа ұласты. Алайда, шекаралық аудандардағы коммунистік

отрядтар мен тұрақты әскери бөлімдер нашар қаруланған босқындар топтарын талқандап, олардың мүлкін тонаумен айналысты.

6 Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігінен Қытайға кеткен босқындар шекара маңындағы қалмақ әскери топтарының тонауына ұшырады, сонымен қатар Қытайдың жергілікті билігі тарапынан құқықтық кемсітушілік көріп, жергілікті тұрғындардың қысымына ұшырап, қорғану мақсатында қарулы топтар құрды. Қытайдағы қазақ босқындары мен олардың жетекшілерінің іс-әрекеті БМСБ тыңшылық қызметінің бақылауында болды.

7 Қазақстандағы кеңестік биліктің Қырғызстанға кеткен босқындарды қайтарудағы енжарлығы демографиялық апатқа әкелді. Қырғызстандағы қазақ босқындарына жергілікті үкімет тарапынан көрсетілген қысым Қырғыз АКСР ХКК төрағасы араласуымен саябырсыды.

8 Ауыл шаруашылығын қайта құрудағы күштеу шаралары салдарынан Оңтүстік-шығыс Қазақстанның тұрғындары Кеңес Одағының басқа аймақтарына да босып кетті. Осының салдарынан мал басы кеміп, азық-түлік тапшылығы үдей түсті. Көптеген аудандарда шаруашылықтар дағдарысқа ұшырап, аштық салдарынан өлім-жітім жиіледі.

9 Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі жаппай босқыншылық панасыз балалардың көбеюіне алып келді, олар үшін өңірде азық-түлік, материалдық жағынан жұтаң жабдықталған балалар үйлері ашылды, осы үйлерде де аштан өлу фактілері көптеп кездесті.

10 Қазақстан үкіметі жанынан құрылған комиссия арқылы Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі босқыншылықты жою мақсатындағы шаралар жетімсіз болды, босқындарды тұрғылықты мекендерінен кеткендері үшін жазалау шаралары толастамады. Босқындарды Орта Азия республикаларынан және Қытайдан елге қайтару және орналастыру шаралары жүйесіз түрде, отырықшыландыру және шаруашылықтың жекелеген салаларын жұмыс күшімен қамтамасыз ету міндетімен қабат жүргізілді.

**Зерттеу жұмысының ғылыми және қолданбалық маңызы.** Зерттеу жұмысының ғылыми маңызы – диссертациядағы нарративтік материалдарды талдау және қорытынды ой-түйіндері ХХ ғасырдың бірінші жартысында Кеңестік Қазақстанда болған әлеуметтік апаттар мен трагедиялардың шынайы тарихын қалпына келтіруге үлес қосады. Сондай-ақ диссертациялық зерттеу жұмысындағы мәліметтер мен қорытындыларды босқыншылық тарихына қатысты жалпы еңбек жазуға, оқу бағдарламаларын жасауға, оқу құралдарын әзірлеуге, әлеуметтік-саяси тарих бойынша арнайы курстар дайындауға қолдануға болады.

**Зерттеу жұмысы нәтижелерінің жариялануы және сыннан өтуі.** Диссертация Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ХХ ғасырдағы Қазақстан тарихы бөлімі және әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті тарих факультетінің Дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасында орындалды. Диссертация аталған екі ғылыми мекемеге қоса Қазақ Ұлттық университеті факультетінің Қазақстан тарихы кафедрасының мүшелері қатысқан кеңейтілген отырыста талқылаудан өтті. Зерттеу жұмысының негізгі

нәтижелері жарияланған мақалалар мен халықаралық конференцияларда жасалған баяндамаларда көрініс тапты. Диссертация тақырыбы бойынша Скопус (Scopus) мәліметтер базасында индекстелетін журналда 1 мақала [188], ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны бақылау комитеті ұсынған отандық ғылыми журналдарда 9 мақала [171, 187, 216, 250, 262, 263, 280, 310, 373 ], 1 ұжымдық монография тарауы [263], 2 халықаралық, 4 республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциялар материалдарында баяндама, жалпы саны 16 мақала жарияланды. Зерттеу тақырыбына қатысты диссертант құрастырушылар құрамында қатысқан 2 құжаттар жинағы жарық көрді.

**Диссертациялық жұмыстың құрылымы** Диссертациялық жұмыстың құрылымы қысқартылған сөздер тізімінен, кіріспеден, үш бөлімнен, он тармақтан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

# 1. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ӨҢІРІНДЕГІ БОСҚЫНШЫЛЫҚТЫҢ СЕБЕП-САЛДАРЫ (1918–1926 жж.)

## 1.1 Жетісу мен Шығыс Қазақстан шекаралық аудандары тұрғындарының 1918-1920 жылдарда Қытайға босуының себептері

1916 жылғы Жаркент уезіне қарасты 16 болыстың өкілдері бас қосқан жиын ақ патша жарлығына мойынсұнбай, билік орындарына қарсы шығуға шешім қабылдады. Көтеріліс қанмен басылды. Жетісудің 94 болысы бүліншілікке ұшырады, 5373 үй өртеліп, 1905 адам өлді, 684 адам жараланды, 1105 адам тұтқынға алынды. Жетісу халқының төрттен бір бөлігі, шамамен 300 000 адам Қытай жеріне паналау үшін босып кетті. Жетісу облысына қарасты Алматы, Жаркент, Пішпек, Прежевальск уездеріндегі 44 болыста тұратын 47 мың 759 түтіннің 40 мың 250 түтін Қытай асқан [140]. Бір ғана Верный уезіндегі Қызылбөрік болысындағы 1129 отбасының 263-нен басқасы Құлжаға ауып кеткен [141].

Жетісудан босқан қазақтар туралы мағлұматтар «Қазақ» және басқа газеттер бетінде жарияланып тұрды. Газет тілшісінің хабарламасында: «Қашқарлық сарт, дүнген, қытай жігіттерінің қолынан босқын қырғыз-қазақтың қыз-қатындарын алынып жатыр. Бұл бишараларды жоғарғы хайуандар қатынданып, бір қолдан бір қолға мал есебінде сатып, сауда-саттыққа айналдырған. 50 сомға, 70-80 сомға, ең қымбаты 100 сомға сатылған қыз-қатындар көп. Бұлардың бірсыпырасын аштан өліп бара жатқан соң қырғыз-қазақтың өздері де сатыпты. Жоғарғы «саудагерлер» біз адасып жүргенде тауып алдық, әкелерінен сатып алдық деп жауап береді. Қазақ-қырғыз қыздарын бір-екі ай қатынданып, бес-он сом пайдасына екінші-үшінші кісіге сатып жібергендер де көп.» - делінген [142]. «Қазақ» газетінің тілшісі Жаркент уезіне қарасты Мерке, Торайғыр, Байынқол, Иваново, Әділбек болыстыарынан мәліметтер келтірген. Жаркент уезіне қарасты 14 болыстан Қытай жеріне босып барғандардың мал-мүлкін қытай-қалмақ топтары талап алғаны айтылады. Бір ғана Мерке болысынан босқан 1169 үйден 310 үй ғана қалған [142].

Мұхаметжан Тынышпаев «Қазақ» газетіндегі мақаласында келтірген мәліметтерге сай, Жетісу өңірінің Прежевальск, Пішпек, Жаркент, Алматы уездеріне қарасты 43 болыстықтың 238795 адамның 201205 босқыншылыққа ұшырап, оның 95200 қырылған. Семей, Лепсі көтерілістері нәтижесінде босқан жұрт пен қырылғандардың есебі жүргізілмеген [140, б.2]. Міржақып Дулатовтың газет бетіндегі бас мақаласында Жетісу «топалаңынан» қашқан босқындар саны 40 мың үйден асатыны көрсетілген [143].

Жетісу облыстық төтенше комиссиясы коллегиясы (бұдан әрі – ТК) 1921 жылдың 25 наурызында әзірлеген «Жетісу облысындағы бұрынғы және қазіргі саяси, экономикалық жағдайға қысқаша шолу» атты аса құпия сараптамада: «Уақытша үкімет орнатқан тәртіптер мен үкіметтің комиссары Шкапский 1918 жылдың наурызына дейін өмір сүрді және Ресейдегі Қазан төңкерісі Жетісуға мүлде әсер еткен жоқ. (Өңірдегі) билік әскери округтің қолында болды, ал жаяу

әскер офицері Мелешко басқарған Солдат және жұмысшы депутаттарының кеңесі өзінің саяси мазмұнына сәйкес болды.» - деп көрсетеді [144, п.27-28]. Сараптама авторлары пікірінше 1918 жылдың 4 наурызында шаруалар бас көтеруі Жетісудағы Қазан төңкерісі деп саналды. Жаңа билік басында Жетісу кулактарының көрнекті өкілдері Завалишин, Пішпектегі кабактар ұстаушы офицер Береснев казак станицаларынан артық астықты жинау науқанын жүргізді. «Мұның бәрі сословиелік шиеленіс себебі болған негізге мәселені шешудің жолы ретінде жетісулық кулак большевиктері казактар мен шаруаларды жер иелігі бойынша теңгеру туралы міндетті төте қойды... қырғыздар (казактар) туралы, әрине, әңгіме болған жоқ.» - деп сипаттайды [144, п. 28]. Бұл орайда тарихи оқиғаларды зерделеудің де біржақты ақ пен қызылдың билік үшін күресінің көлеңкесінде жергілікті ұлт – казак халқының көкейкесті мүддесі қалып қойғанын тарихшы М. Қойгелдиев әділ сипаттайды. Ол: «1917-20 жж. казак жерінде жүрген қым-қиғаш, арпалысты оқиғалар қызылдар мен ақтар арасындағы билік үшін талас тұрғысынан ғана қарастырылып, жергілікті халықтың ұлттық және мемлекеттік тәуелсіздігі үшін жүргізген күресі ресейлік өскери күштердің текетіресінің көлеңкесінде қалып қойды.» - деп көрсетеді [145, б.53].

1918 жылдың сәуір айының бірінші жартысында Верный уезінің казактары Жетісу орыс шаруаларының Кеңес өкіметіне қарсы көтерілісті бастады. Жетісу орыс шаруалары көтерілісті күшпен басып, казактар Қытайға қашты. «Жетісу облысындағы бұрынғы және қазіргі саяси, экономикалық жағдайға қысқаша шолу» атты Жетісу облыстық ТК коллегиясы әзірлеген құпия сараптамада: «Буржуазиялық интеллигенция тобынан құралған Қырғыз (казак) облыстық комиеті өз халқының жағдайына алаңдаушылығы аз болған күйде күткендегідей казактардың жағында болды. Мұсылмандар қауымының, әрине, орыс шаруалары мен казактардың арасындағы есеп айырысуда шаруасы болмады. Алайда, казактар бірнеше жүз тараншы және дүнгендерді жиып, таяқпен қаруландырып, мылтық пен пулемет оғымен большевиктік Верный бекінісіне шабуылдауға мәжбүр етті. Казактар шабуылына тойтарыс берген орыс шаруаларына Ташкенттен атақты Митрофан Иванович Мураев отряды түрінде көмек келгенде және казактармен есеп айырыса бастағанда, олардың Қытайға қашуыны ықпал етіп, соңғыларға (казактарға) еш тиіспеді де барлық ашу-ызасын бұратаналарға төкті. Алдымен Құлжаға қашып кете алмаған 3-4 Қырғыз (казак) комитетінің мүшелері атылды. Одан кейін мұсылмандарды жаппай соққыға жығу басталды.» - деп сипаттайды [144, б.28].

Қазак комитеттерінің Құлжаға қаша алмаған өкілдері жазаланған жағдай туралы айтқанда, 1918 жылдың мамыр айында «Алашорда» үкіметінің мүшелері Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынов, Райымжан Мәрсековтердің Шәуешекке бару сапары туралы тоқталып өтуге болады. Бұл сапардың мән-жайына тоқталған тарихшы М. Қойгелдиев өз зерттеуінде: «Алашорда өкілдерінің Тарбағатай асып, Қытай мемлекетіне қарайтын Шығыс Түркістандағы казак еліне 1918 жылы барып қайтқандығы жөнінде мұрағат құжаттары сақталмаған. Алашордалықтардың арғы бетке сапарын шекарадағы Ресей өкілдіктерінің



құжатқа тіркеуі, әрине, мүмкін, ондай тіркеулер болса, онда ол құжаттар ресейлік күпия қорларда сақтаулы.» - деп көрсетеді. Жазушы Қасен Майқыбайдың деректі жазбасына сүйенген М. Қойгелдиев Шығыс Түркістанға сапарды «Алашорда» үкіметінің хатшысы Биахмет Сәрсенұлы ұйымдастырғанын көрсетеді [145, б.56]. Алаш әскері туралы зерттеу жүргізген Б. Әбдіғали ҚРПА-нен Шәуешектегі орыс консулы В.В. Долбожевтің Пекиндегі Ресей елшісі Н.А. Кудашевка жолдаған жеделхатының көшірмесін тауып, жариялаған. 1918 жылдың 26 мамырда жолданған жеделхатта: «Біраз бұрын Россияда Әлихан Бөкейхановтың төрағалығымен Алашорда Бүкілқырғыз халық кеңесі құрылды. Шәуешекке келген осы Кеңестік уәкілетті өкілдері Байтұрсынов, Мәрсеков және Дулатов большевиктерге қарсы тұру мақсатында орыс қырғыздарының (қазақтарының) қарулы отрядтарын ұйымдастыруды ойластырып, сол үшін сізге Қытай үкіметінен алғашқы кезде 1000 адамға Үрімжіден қару және патрондармен жабдықтауды сұрауыңызды өтінеді.» - делінген. Бұдан әрі В.В. Долбожев Алашорданың түпкі мақсаты шығыстан да, батыстан да қысымға ұшырағандықтан, Омбы ауданына орнығуды ойластырып отырған большевиктерге қарсы күресте Ресей қырғыздарының (қазақтарының) 40 000 адамдық әскер құру мақсаты бар екенін көрсетеді [46, б.174]. Алашорда өкілдерінің Синьцзянға сапары барысында босқындар мәселесі қай деңгейде әңгіме болғаны жөнінде, әзірге, дерек жоқ.

М. Тынышпаев 1918 жылы маусым айында Сібір үкіметінің басшысы адмирал А. Кольчакқа жазған хатында Қапал және Лепсі уезі қазақтарына Сібірдегі Совет өкіметінің құлатылуы туралы хабар жеткен соң қазақ қайраткерлер қозғалысқа түсіп, бірнеше отрядтар құрып, Семейден жеткен Алаш отрядына қосылғанын баяндайды. Бұл жағдай Жетісудағы қызылдарды одан бетер өршелендіріп, олар жазықсыз қазақтарды қыруға, олардың шаруашылықтарын жүйелі түрде жоюға көшкен. М. Тынышпаевтың мәліметінше Лепсі уезінің 5 Садыр болыстықтарында 5000 ересек қызметкерлер өлтірілген. Ал Қапал уезі бойынша өлтірілгендердің саны 800 қазақты құраған. «Менің әкемнің ауылында алты жастан үлкен барлық қырғыз (казак) еркектер өлтірілді, қыстаулар, киіз үйлер және басқа да мүліктер өртелген, барлық мал айдап әкетілген. 15-тей әйел, 17 кішкентай сәбилер еш нәрсесіз, далада қалған, мұндай жағдайлар өте көп.» - деп жазады М. Тынышпаев [103, б.150].

Жетісудің солтүстік аумағындағы контрреволюцияны толық талқандау үшін 1918 жылдың маусым айының басында Верныйдан құрамында 1200 әскер бар И. Н. Мамонтовтың қызыл отряды жіберілді. Алашорда өкілдерімен күш біріктірген жергілікті казактар Үржар бекінісінде Құтқару комитеті аталатын ұйым құрып, қызыл құрамаларға қарсылыққа дайындық жүргізді. Қазақтар жағынан қарсыласу ұйымына Отыншы Әлжанов мүше болған. Маусым айының 29-ы күні Үржарда құрылған Құтқару комитетінің мүшелері Отыншы Әлжанов пен Иван Суменко Сібірдің дала корпусы басшылығына, Жетісудің казак атаманына және Алашорда басшылығына жолдаған Үржарға беттеген Мамонтов отрядына қарсы жедел көмек көрсетуді сұраған телефонограммасында: «Верный уезінде Малая, Большая, Қаскелең, Тастақ станицалары, бірқатар қырғыз (казак),

старожилдер ауылдары жойылды. Халықтың басым бөлігі жасы мен жынысына қарамастан, большевиктер қырғынына ұшырады. Жол бойында босқындар атылуда. Облкенестің декреті бойынша казактар атақтарынан, жерінен және қоғамдық құқтарынан айрылып, ал қырғыздардың (казактар) құқтары шектелді.» - де көрсеткен [46, б.105,106].

Жетісудағы большевиктік «төңкеріс» ахуалын Ілияс Жансүгіров «Бадырақ» атты әдеби-деректі шығармасында былайша суреттейді: «Әркім әр қалада бас аламан әскер жинап, бет-бетімен «революция» жасады. Мамонтов, Петренко дегендер сондай балшабек атын жамылған Жетісудың жұдырықтары еді. Бұлар өңкей бұзықтан әскер жасады. Әскер боп жазылғандар Жетісудың қашаннан қазағының қанын сорған казак-орыстары, қақолдың жұдырықтары, ноғайдың алыпсатарлары, тараншының тар чекемшілері, қазақтың ұрылары еді. Осылар елге білгенін істеді. Ауыл шауып, ел талады. Үй өртеп, үп үлесті. Әйел басып, тең тілді. Біреудің қолында тәуір қамшысын татып алу үшін «байсың» деп бажыраятын еді. Көрінген қазақты кезіккен жерде топылдатып аударып ат мініп, әлем-тапырақ қылды. Мұның қандай «балшабек» екенінен көпшіліктің көзі жеткен жоқ. Байдың ауылын басып, онымен қосып кедейді қызыл сирақ қылды. Талай қойшы, талай жылқышы, атылған баймен қосақтала оқтың ұшығында кетті...» [146, б.78]. Белгілі революционер А. Розыбакиев естелігінде Муравьев отряды Алматы уезін қарулы контрреволюционерлерден тазартқаннан кейін өзінің отрядымен келген И. Мамонтов деревняларда «7 ден 70 жасқа дейінгі тараншыларды ату керек» - деп үгіт жүргізгенін жазады. И. Мамонтовтың тараншы топтарына өшпенділігі Енгішер ұйғыр ақ отрядының Верныйға шабуыл жасауына байланысты болған. А. Розыбакиев естелігінде «осыдан кейін халықтың 60% еркек кіндіктері Қытайға қашты, қалғандары таулар мен қалаға тығылды. Уездік съезд жүріп жатқан кезде (1918 жылдың тамыз айы) қышлақ халқын аулау жүріп жатты.» - деп көрсетеді [96, б.40]. 1918 жылдың 14 шілдесінде Бақты, Мақаншы және Үржардың тұрғындары бұл мекендерді тастап, шегінген қызыләскерлер тарапынан қырғын тапқанын Ярушин: «Мақаншы, Бақты, Үржарда бәрін большевиктер тонаған..., маңайдағы көшіп үлгермеген қырғыздарды (казактар) большевиктер емшектегі балаға дейін қырды.» - деп хабарлаған [48, б.214].

Ташкенттен арнайы келген М. Мураевтың жазалаушы отряды Жетісу тас жолы бойында «мұсылмандардың исін қалдырмай» қырғанына бір ғана Верный уезінің Қорам болыстығынан 30 000 адамның өлтірілгені туралы дерек куә бола алады. Қырғын барлық жерді қамтыды. «Мұсылмандарды орыс кулақтарының ойына келетін ең бір қитұрқы тәсілдермен өлтірілгені соншалық, кулақтардың ортасында кейінгі ұрпақтарда небір лас құлшыныстар мен әдеттер қалыптасты. Дүнген, тараншы, қырғыздар (казактар) жерге тірідей көмілді, өртелді, олардың қолы мен аяғы шабылды, көздері ойылды және тілдері жұлынды. Әйелдер мен балаларға да аяушылық жасалмады: мұның бәрі облыс аумағында орын алды. Қазіргі кезде бұратана халық өмір сүрген барлық ауылдар, барлық аудандар адамдары, қиратындыға толы жоқ құлазыған шөлге ұсқап тұр. Суреттеп болмайтын аласапыранда «Совет» өкіметінен тірі қалғандар Қытайға қашып, сол

жақтан орыс шаруаларымен казактардың Жетісуда қалып қойған руластарын қалай аулап жатқанын бақылады» - делінген жоғарыдағы ТК коллегиясы құпия сараптамасында [144, п. 30]. Жантүршігерлік сипаттаманы большевиктік биліктің қарсыластары емес, өз арнайы қызметінің сараптау қызметі жазып отырғаны маңызды.

Оқиғалардың қатысушысы және Жетісудағы обкомның жауапты хатшысы қызметін атқарған Павел Михайлович Виноградов естелігінде М. Мураевтың «Жетісуды жаулап алуға» Ташкенттен, Мураевтың өзінің сөзімен айтқанда «алпыс есерсоқпен» шыққанын жазады. Жолай Пішпек уезінен 600 жауынгер жинап алған М. Мураев солдаттардың өзіне бағынуы үшін тонау мен зорлауға рұқсат берді. Бұған дейін казак және орыс шаруалары селоларын, қырғыз (казак) болыстарын тонауға батылдары бармаған Жетісу қызылгвардияшылары М. Мураев отряды келгеннен соң жаппай тонаушылыққа көшті. М. Мураев отряды алдымен Қаскелеңге шабуылдады. «Атыс қаруларынан алғашқы оқ атыла салысымен казактар Қаскелеңнен ғана емес, Верныйдан да қашып шықты. Олардың басым бөлігі облыстың солтүстігіне кетсе, аз бөлігі Іле өзенгін бойлап, Қытайға өтті. Жеңімпаз ретінде Верныйға кірген М. Мураев арамзалардың жала жабуымен еш кінәсіз адамдарды қыра бастады. Оның қасындағы жындар ұжымы рахаттанып, оны мадақтаумен болды.» - деп жазады өз естелігінде П. М. Виноградов. М. Мураев Верныйдан кеткенде тонаған заттарының керуенімен, көп мөлшерде спирт, 250 пұт апиым алып кеткен. М. Мураев кеткеннен кейін Верныйға Ташкенттік «Жетісудың төтенше комиссары» аталған П. В. Чагодаев келді [147, п.56,57]. П. М. Виноградов Жетісудағы «Кеңес өкіметінің жемісті қызметіне басты кедергі бетімен кеткен қарақшылардан құралған армия құрған әскерилердің бонапартизмі»- деп атап көрсеткен [147, п. 65].

Верныйдағы санитарлық кеңес 1918 жылдың 16 маусымында төтенше мәжіліс шақырып, «Азаматтық соғыстар кезінде қаза тапқан азаматтардың мәйіттерін шығару туралы» мәселе қарады. Санитарлық кеңес мәжілісінің № 9 хаттамасында: «Көптеген мәйіттер, әсіресе, Шелек (Зайцев) ауданында, әлі көмілмеген жағдайда жатыр. Хабарды жеткізген комиссар қажетті күш пен қаржы жоқтығын айтуда. Мәйіттер жатқаннан шіріп, ауа мен суды былғауда. Әскери комиссарға ертең Құлжа тас жолы бойындағы, әсіресе, Зайцев участкесінде мәйіттерді жинауға отряд жасақтап жіберу ұсынылды.» - делінген [148].

М. Мураев қырғынынан жан сақтау үшін Қытайға қашқандарды қайтару мақсаты да қойылды. 1918 жылдың жаңа стилмен 20 маусым (ескі стильмен 7 маусым) күні Ташкент жауынгерлік отрядының бастығы М. Мураев қатысқан Жаркент уездік Совдепі жиналысында «Жаркенттегі тәртіпсіздіктер кезінде Қытай аумағына қашқандарды қайтару және Қытай тарапынан сол жаққа қашқан бүлікшілерден алынған қаруларды қайтару» мәселесі талқыланды. Жиналыста М. Мураев өзінің өлкелік халық комиссарлар кеңесінен алған тапсырмалары бар екенін айтып, бұл мәселе бойынша Қытаймен келіссөздер аяқталғанын жеткізді. Екінші мәселе Жаркентте М. Мураев отрядын қалдырудан да жазалаушы отрядтың басшысы үзілді-кесілді бас тартты. «Жаңа социалистік өкіметтің

принциптері біреуді біреуге қызмет етуге міндеттемейді» - деп көрсеткен М. Мураев Жаркентте 200 винтовка, бір пулемет, бір атыс қаруын қалдыруға келісті [149, п.22]. Жаркенттегі Совдеп жиналысы хаттамасынан М. Мураевтың өзін тым менмен ұстағанын көруге болады. М. Мураев өзінің отряды жергілікті халықтан тартып алған еңбек құрал-жабдықтары мен арбаларды да қайтарудан бас тартты. М. Мураев Совдеп мәжілісін билеп-төстеп, Жаркенттегі Қытай азаматтарын күзету және Қытаймен қарым-қатынасты қалпына келтіруге уақытша комиссар сайлауды ұсынды. Бұл қызметке Ақынбаев сайланды. Жаркент Совдепі жиналысында төрағалық жасаушы Павлов Жаркентті казак бандалардан азат еткені үшін М. Мураев бастаған жауынгерлік отрядқа алғысын жеткізді. Бұған жауап ретінде М. Мураев отрядқа тапсырылған міндеттерді орындау бойынша атқарылған жұмыстар туралы баяндап, «өзінің Жетісуға келгенінше мұнда шын мәніндегі Кеңес өкіметі болмағанын, олардың революция бағытында қозғалыс болғанын, Кеңес өкіметінің сатқындарды қатаң жазалайтынын» айтқан [149, п. 22(a)].

1917 жылы басталған аштық мен жұқпалы аурулардың белең алуы 1918 жылы апатты мөлшерге жетті. Жолдар ондаған, жүздеген мүрделер, қозғалуға қауқары қалмаған өлім күтіп жатқан тірі өліктерге толды. Кейбір уездерде қырғыздардың (қазақтардың) тең жартысы қырылып қалған. ТК құпия сараптамасын дайындаушылар: «Аштық» ұғымын пайдаланғанда Европалық Ресейдегі шартты түсінікті ұмыту керек, Жетісудағы бұратана халықтың жайлаған аштық миллиондаған адамдар өлген Үндістандағыдай шын мәніндегі аштық болды. Бұратаналардан шығын болғандар статистикасымен әлі ешкім қызыққан емес, алайда, Жетісудағы мұсылман халықтан 300 000-нан кем емес мөлшерде адам қырылды.» - деп жазды [144, п. 30].

М. Мураев қырғынынан Жаркентке кеткен босқындар ағынымен бірге шекаралық өңірлердің, әсіресе, Жаркенттің азық-түлікпен қамтамасыз етілуінде қиындықтар туды. Жаркент азық-түлік управасы Қытайға осы елдің аумағында сатып алған астықтың келуінің кідіруі, босқындардың кері қайтуының саябырлығы жағдайында жер өңдеу комиссары Прохоренко бастаған құрамына Кувшинов, Ақынбаев, Салихов және Әділбековтар бар делегация жіберді. 1918 жылдың 26 маусымы күні Жаркент совдепі Қытай аумағына қашқан тараншыларды кері қайтуға үгіттеу мақсатында Құлжаға барып қайтқан Жаркент жер өңдеу комиссары Прохоренконың есебін тыңдады. Совдеп өкілі кері оралушы босқындардың жолына күзет қою мәселесін де көтерген. Совдеп мәжілісі Қызыл армия бөлімдерінен Қорғас заставасына 10 адам және 5 адам Пенжімде қоюға қаулы қылды. Мәжілісте, сондай-ақ, Қытайға қашып кеткен босқындардың үй-мүлкін тонауға тосқауыл қою милиция комиссарына тапсырылды [149, п.26, 28].

Жетісудағы қырғыннан қашқан босқындарды қайтаруға бағытталған жұмыстар жаңа – кеңестік билік тұсында жалғасты. 22 маусымда Совдеп қаулысымен кеңестік үлгідегі босқындар мәселесімен айналысқан алғашқы делегация Қытайдан оралды. Қытайға босқындарды қайтару мәселесімен барған, құрамында Л. Д. Малинин, Ж. Юлдашев және Калашниковтер бар делегацияның

сапары шығындарына жұмсалған 800 сом Советтің депозиттері қорынан төленген. Ал 1918 жылдың 27 маусымында Жаркент комиссарлары Малинин, Калашников және Юлдашевтер Верный халкомкеңесі тапсырмасымен Құлжаға сапарында жұмсалған 6000 сомды өтеу туралы қаулы шығарған [149, п. 25(а), 29]. Л. Д. Малинин бұл кезде Жаркент Совдепі атқару комитетінің төрағасы қызметін атқарды. Революцияға дейін Жаркент қаласының мировой судьясы болған. Қытайға жіберілген Жаркент Совдепі делегациясының алдында екі міндет: Синьцзяннан сатып алынған астықтың кідіріссіз жіберілуін және босқындарды кері қайтуға үгіттеу тұрды. Делегация құрамында мұсылмандар тарапынан Жаркентке танымал Жалам Юлдашов болған. Құлжада Л. Д. Малинин бұрынғы Ресей консулы В. Ф. Любамен кездескен. Л. Д. Малинин сондай-ақ, Құлжа Дао-Ині Сюй-Го-да-Дженмен кездескен. Л. Д. Малинин миссиясының 6 күндік Құлжаға сапарында бірнеше мәселелер қаралды: 1) шекараның бойындағы егіндік жерлерді пайдалану бойынша дауды шешу үшін біріккен комиссия құру туралы хаттама қабылданды. 2) Ресейдегі жаңа билікті заңды деп танып, қарым-қатынасты реттеу туралы Қытай өкіметінің көзқарасы анықталды. 3) Патша консулы В. Ф. Любаның Қытай мен жаңа кеңестік билік арасында дәнекер болғысы келетіні белгілі болды. Кеңестер билік органдарының алғашқы хат алмасулары В. Ф. Люба арқылы жүргізілді. В. Ф. Любаның бұл қызметі 1918 жылы жазда Құлжаға Алматыдан казак-босқындардың көп мөлшері қашып келуімен тоқтады [150, п.113]. Бірқатар себептерге орай, Ресейдің Қытай аумағындағы бес консулдығының бірі Құлжа қаласында өкілдігі дипломаттар үшін күрделі участок болып саналды. Құлжа округі Ресеймен 1000 километрден артық шекара сызығымен шектесті. Революцияға дейін Қытайлық Іле аймағы экономикалық жағынан Ресейге тәуелділікте болды. Бұған қоса Құлжа округі аумағында 1916-1918 жылдары Ресейден қашқан босқындардың негізгі бөлігі орналасты. Осы себептермен Құлжа округінде Сібір уақытша үкіметі, А. Кольчак өкілдігі және Кеңестік Ресей арасында өткір мүдделер шарпысуы орын алып, бұрынғы Ресей консулы В.Ф. Любаның қызметі қарсыласушы тараптардың және провинция билігінің жіті қадағалауында болды. Жаңа большевиктік билік Құлжадағы бұрынғы патша елшісінен құтылуға тырысты. 1918 жылдың күзінде Ташкенттен Москваға жіберілген Түркістан АССР халкомкеңесі төрағасы К.Я. Успенкий және комиссар И.Д. Догоматский қол қойған ақгвардияшылар жолдан ұстап қалған радиogramмада «бұрынғы үкімет адамы Любаның Құлжадағы зиянды әрекеттеріне байланысты» әрі «республикамен шекара маңындағы шынайы жағдай туралы баяндау» саяси және экономикалық жағынан маңызды екенін ескеріп, Іле өлкесіне «жауапты өкіл» П.В. Чегодаевқа консул функциялары берілгені хабарланды [72, б.167].

Бұрынғы консул В.Ф. Любаны Құлжадан кетіру бағытындағы большевиктер бастамасына ақгвардияшыл құрылымдар кедергі келтіріп бақты. Ақгвардияшылар үшін В.Ф. Любаның кімді заңды үкімет ретінде тануы шешуші фактор саналды. 1918 жылдың күзінде В.Ф. Люба басқа консулдарға Ресейдің Пекиндегі төтенше өкілі және құзыретті министрінің тапсырмасымен Омбыдағы

Сібір үкіметін Россияның бірден бір заңды үкіметі ретінде тану керектігін жазған [90, б.281].

Ақ пен қызылдың тайталасы ушығып тұрған кезде Қытай жағы бұл кезеңде қандай да бір таңдау жасаудан тартынып, өздері жариялаған қағидаларға сай, Ресейдегі саяси оқиғаларға бейтараптылық саясатын ұстанды. Ресей тарихшысы Т.А. Шаметова Синьцзян әкімшілігінің Ресейдегі саяси ахуалдың анық болмауынан өзара соғысушы екі жақтың біреуін таңдаудан қорыққанын жазады. Ақгвардияшыл «үкіметтер» мен Кеңес өкіметі өкілдері Ресейдегі ахуалды әртүрлі сипаттап, Синьцзян басшылығына хат жазып отырды. 1918 жылдың қарашасында Қытай өкіметі Жетісу облысындағы өз азаматтарының жағдайын тексеру деген желеумен Верныйға 4 чиновник жіберді. Жетісуға барып қайтқан Қытай өкілдері өз басшылықтарына «Кеңес өкіметінде қандай да бір биліктің белгілері де жоқ» екенін, бұйрықтар мен қаулылылар қағаз жүзінде қалып, орындалмайтынын баяндайды. Осы негізде қытай чиновниктері «Жетісу облысында ешқандай өкімет жоқ» - деген тоқтамға келеді. Бұл қорытындыдан кейін Синьцзян әкімшілігінің Совдептер еліне көзқарасы біршама суып, керісінше Уақытша үкімет құрылымдарымен жылы қарым-қатынасқа көшеді [72, б.166].

Ал Жаркент Совдепі 1918 жылдың 29 маусымдағы мәжілісінде азық-түлік жеткізу мәселесімен Қытайға жіберілген делегацияның жұмысы нәтижесіздігіне Ж. Юлдашевті кінәлі деп тауып, оған сенімсіздік білдіру туралы мәселе көтерілді. Ж. Юлдашев Қытайда көрсетілген міндеттерді шешу бағытында құлықсыз жұмыс істеп, кері оралмауды шешкен және Қытай билігі мен босқындарға әсер етіп, астықтың шығарылуына кедергі келтіруі мүмкін деген күдік айтылды. Осы негізде Жалам Юлдашев азық-түлік комиссары қызметінен алынып, оның орнына Дубин, көмекшілікке Кушинов тағайындалды. Дубинге дереу Қытайға бару және осы мәселе бойынша ондағы Ж. Юлдашевтен есеп талап ету тапсырылды. Ж. Юлдашевтің қызметтен шеттетілгені туралы, Дубин мен Кувшиновтың тағайындалғаны туралы Қытай өкімет орындарына және Құлжадағы консулды хабардар ету шешілді [149, п.34].

1918 жылдың 27 маусымында Жетісу облысы бойынша Ташкент жауынгерлік отрядының бастығы М. Мураев № 226 бұйрығы арқылы өзінің «Жетісуға Кеңес өкіметін нығайтуға және барлық контрреволюциялық бас көтерулерді басуға келгенін» жария еткен. «Ескертемін: бүлікшіл казактар мен тараншыларды басып-жаншығандай, өздерінің қылмыстық әрекеттерімен Кеңес өкіметіне сенімді жоятын және еңбекші бұқараның жауы болып табылатын кісі өлтірушілер бандалары және тонаушыларды аяусыз басатын боламын! Бұл қылмыскерлерге менен аяушылық болмайды!» - делінген М. Мураевтың бұйрығында. Бұйрық бойынша барлық селолардағы орыс шаруаларының қолындағы қару мен оқ-дәрілер селолық комиссарларға тапсырылып, күзетке алыну талап етілді. Бұйрық соңында: «Ескертемін: бұл бұйрықтың орындалуын өзім қадағалаймын және оны орындамағандарды табанда өзім атып тастаймын!» - делінген [151, п.74]. М. Мураевтың жазалаушы отрядының қанды қырғынынан қырылған Жетісудағы ұйғырлар саны туралы әрқилы деректер бар.

Тарихшы Аблет Камалов большевиктердің есебінің өзінде 20 000, Қытай және ақгвардияшыл дерек көздерінде 50-60 мың ұйғырлар қырылғаны туралы мәліметтер келтірілетінін көрсеткен [152, б.18]. М. Мураев отряды қанға бөктірген ауылдар тізбесінде Таштықара, Ташкенсаз, Киікбай, Ават, Қаратұрық, Лавар, Қорам, Шелек, Байсейіт, Диірмен, Үлкен және кіші Ақсу ауылдары болған. Кеңестік цензура жағдайында М. Мураев отрядының қанды қырғыны туралы шындық жазылмады. Цензурадан өтіп жарық көрген «Кеңестік Қазақстанның ұйғырлары тарихының очеркін» жазған М. Н. Кабиров ұйғырлардың «Қытайға кетуіне тікелей түрткі Ташкенттен Жетісуға Кеңес өкіметін нығайтуға келген Мураевтың қызылгвардияшыл отрядының құрамына кіріп кеткен жат элементтердің тұтас ұйғыр халқына жасаған заңсыз репрессиясы болды» - деп көрсеткен [153, б. 149-150]. Шын мәнінде М. Мураевтың отряды қанды қырғыны теңдесі жоқ қиянат болғаны тарихи деректер мен естеліктерде көрсетілген. Гаппаров Юсуп Гаппарович: «Қателіктер туралы қысқа да болса айтпауға болмайды. 1918 жылы Октябрь революциясы аяқталар тұста Жетісу облысында болған қылмысты қателіктер туралы, әсіресе Мураев отрядының пулемет оғымен жаппай ату арқылы 20 мың жанды, тараншы бейбіт халқын Верный уезінің Жаңашар ауылынан бастап, Жаркент уезінің Шарын ауылына дейін қыруын айту керек. Шелек ауылының бір өзінде ғана бір тәулікте атылғандардың саны 14000 адамды құрады. Үңгірлер қазып, ауылды өліктерді тазартуға үш тәулік кетті.» - деп куәлік береді. ҚР Президент архиві қорында сақталған 1935 жылы қағазға түсірілген Ю. Гаппаровтың бұл естелігінің М. Мураев отряды қылмысы туралы беттеріне қарындашпен «жарияламау керек» деген белгісіз редактордың ескертпесі қойылған. Юсуп Гаппаров 1878 жылы туған, 1918 жылдан ВКП(б) мүшесі [154, п.45,46].

М. Мураевтың бұйрығына арада бір ай өткенде 18 шілдеде өзгеріс енгізіліп, «селолардағы қару-жарақ және оқ-дәрі қоймаларға өткізілмей, үйлерде сақтауға» рұқсат етілді [151, п.98].

«Жетісудағы Кеңес өкіметін тек қана тырнақшаға алып атауға болады» - деп көрсеткен 1919 жылың 23 шілдедегі Түркістан республикасы революциялы-әскери кеңесіне жолдаған баяндамасында саяси бөлім меңгерушісі Стельмашевский [155].

1918 жылдың қыркүйегінде Құлжаға жергілікті билікті Іле округіндегі Кеңестік Россияға шабуыл жасау ниетіндегі казактар ғана емес тараншыларды база еткен ақгвардияшыл штабтардың қызметін тоқтатуға бағытталған шаралар қабылдауға көндіру мақстатында Жаркенттің әскери комиссары Михайлов келеді. Дао-Иньмен бір мәрте кездескен Михайловты келесі күні консул В.Ф. Люба ішімдік ішіп, тәртіпсіздік жасағаны үшін тұтқындайды. Михайлов консулдық түрмесінде 10 күн отырған. Іле Дао-Ині В.Ф. Любаның Қытай өкіметімен келіссөз жүргізуге келген адамды тұтқындағанына қорланып, Михайловты құтқарып алуға қарулы отряд жіберген. В.Ф. Люба кеңес өкілін соттауды табанды талап етіп, консулдың түрме үйінде өткен сот мәжілісі оны «бұзақылық қылығы үшін» Іле округінен шығарып жіберуге шешім шығарған [150, п. 114].

Жетісудағы қырғыннан аман қалып, қақтығыстарға қатысып, Қытайға қашқан казак және тараншы топтарына қатысты 1918 жылдың 29 тамызында қабылданған Жетісу облыстық атқару комитетінің № 71 қаулысының күшін жойып, оларға рахымшылық жариялаған 1919 жылдың 14 қаңтарындағы №250 декреті қабылданды. Декреттің кіріспе бөлігінде Жетісуден Қытайға қашқан казактардың өкілі Петр Васильевич Шебалиннің Хоперскийдің ара ағайындығымен Кеңес өкіметіне қарсы күреске «кейбірі білместікпен, кейбірі қорқыныш салдарынан» қатысып, кейін қашқан казак, тараншы және басқалардың қазіргі жағдайда қантөгісті тоқтатып кері оралғысы келетіні баяндалған. Казак және тараншы қауымына жарияланған рахымшылық шарттарына сәйкес, әрбір жеке немесе топпен елге қайта оралушы Кеңес өкіметін толық мойындайтыны, бұдан әрі өкіметке қарсы ешбір бас көтеруге қатыспайтыны туралы қолхат беріп, Қытай шекарасынан өткенде тапсыруға міндеттенді. Жасырын түрде қару алып өтушілер болса, революциялық трибунал арқылы жазаланатыны ескертілді. Қорғаста кеден заставалары бастықтары, почта-телеграф кеңсесі, Қызыл Армия бекеті бастығы, Кеңес өкіметін мойындаған казачество өкілдерінен құрылған ерекше комиссия қайта оралушылардың қолхатын қабылдап алып, оларға шекарадан кедергісіз өтіп, өз мекен-жайына оралуы үшін куәлік береді. Осы ерекше комиссия мойнына рахымшылыққа ілінгендердің күзеті мен олардың тұлғасына, жеке мүлкіне толық тиіспеушілікті қамтамасыз ету артылды. Рахымшылық жасалғандардың ішіндегі мұқтаждары барлық азаматтарға арналған негізде қанағаттандырылады. Рахымшылық туралы декретке Жетісу облыстық атқару комитеті төрағасы В. Кучин, оның жолдастары Л. Малинин, В. Богдановтар. Облатқаруком мүшелері И. Шершнев, П. Кирпо, Л. Коряк, Т. Колесников, А. Сүлейменов, А. Малыхин, А. Степанов, П. Шебалин, М. Попов, М. Фидирко, В. Гурьев, П. Киселев, Н. Веригиндер, Облатком жанындағы облыстық бөлімдер меңгерушілері Л. Емельев, Г. Казаков, Н. Затыльников, С. Сердюк, С. Аношкин, Я. Шидло, С. Бородинец, Г. Безбородов, В. Меньков, Я. Билетков, Ю. Молчанов, С. Жандосов қол қойған [156, п. 7, 7 (а)].

1916 және 1918 жылдардағы саяси оқиғалар тұсында босқын болып қашуға мәжбүр болғандардың арасында алғашқылардың бірі болып кері қайтқан Верный уезі Қарасу (Тараншы) болыстығының тұрғындары болды. Байсерке мен оған жағалас ауылдарда 1917 жылғы статистикалық есеп бойынша 661 түтін тұрған, ал Жаңашар (Алексеевка) тараншы селосында 41 жанұя қоныстанған. Жер комиссиясы олардан 146 түтін Верныйға, 70 түтін Мураево мен Колесоваға кеткені, қалған 400 түтіннің қайда кеткені белгісіз екенін анықтаған. Жаңашар ауылының бұрынғы тұрғындары өкілдері арқылы қазірге Ташкенбай сазы сияқты тараншылар ауылында жеке тұруды жөн көретіндерін жеткізген. Босқындардың көпшілігінде көшуге көліктері жоқ боғандықтан, Жаңашар ауылының орыс тұрғындары оларды өз арбаларымен көшіруге ықылас танытқан. Босқындардың мекені Жаңашарға 270 түтін орыстар келген. Жаңашардағы үй иеліктері, егіндік алқабын иелену туралы тиісті құжаттарын көрсеткен Қытай азаматтарына пайдалану құқы берілген. Таштықара тараншылар қонысында



1917 жылы тіркелген 658 түтіннен 69 түтін қалған. Кеткендердің 107-сі Верныйда, 129-ы Колосова мен Мураеваға қашқан. Баубек ауылының 198 түтіннен 100 түтін қалған. Жарылқап аулында 120 түтіннен 74 түтін, Манап ауылында 142 түтіннен 79 түтін қалған. Жергілікті жердегі муниципалдық құрылымдардың босқындардың жай-күйіне алаңдаушылығы таза әлеуметтік-экономикалық сипатта туындағанын байқау қиын емес. Қалыпты жер пайдалану, ауыл шаруышылығы өнімдерін өндіру процесіне босқыншылық кері әсерін тигізді. Верный жер комиссиясының қорытындыларында өңірдегі қолында екбек құрал-сайманы, күш көлігі жоқ босқындар «беде, егістік алқаптарын жинай алмаса, сол арқылы халық шарушылығына зиян келтіреді, сонымен қатар олардың азық-түлікпен қамтылуы азық-түлік комитетінің мойнына түсетініне» назар аударған. Комиссия қорытындысында мұндай зерттеу жүргізілмеген Қорам мен Малыбай тараншы болыстарындағы босқындар жағдайы Байсерке, Жаңашардағылардан жақсы еместігі онда да ауыл шаруашылық жұмыстары тоқтатылатынына алаңдаушылық білдірген [157, п.30].

1919 жылдың 16 қаңтарында әскери комиссар Емелевтің № 2779/18 бұйрығы бойынша Жетісу облыстық атқару комитетінің № 250 декреті қашқан казактар мен тараншыларға жарияланған рахымшылықтың негізінде азаматтарға құқықтық жағынан кемсітпеу уәде етілді [151, п. 227].

Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы босқыншылықтың сипаттамасы 1919 жылдың 16 сәуірінде Омбыдағы жоғары правитель атағындағы адмирал А.В. Колчакқа жолдаған М. Тынышпаевтың Семейден жазған хатында да келтіріледі. 1918 жылдың мамыр айында Верный облыстық депутаттар кеңесі Қапал және Лепсі уездеріндегі «контрреволюциялық толқуды» басу үшін И. Н. Мамонтов пен Ивановтар басқарған жазалаушы экспедиция жібереді. М. Тынышпаев осы жазалау экспедициясының өз жолындағы Верный, Қапал, Лепсі уездері қазақтарды қанды қырғынға ұшыратып, аямай тонағанын баяндайды. «Контрреволюциялық совдептерде» жұмыс істеген Қырғыз (казак) қайраткерлері, орыс интеллигент қызметкерлері сияқты кеңес өкіметінің алдындағы кінәсін түсініп Қытайға қашты, далаға тығылды.» - деп сипаттайды М. Тынышпаев [103, б.150]. М. Тынышпаев Жетісудың тау аңғарларында орнығып, егіншілікпен айналысып, шабындық жерлерді иеленген мейлінше ауқатты казак шаруашылықтарының барлығы большевиктердің қолына өткенін баяндап, бұл жерлерден қашқан көпшілігі жесірлер мен жетімдер құраған босқындар етекке қарай кетуге мәжбүр болғанын баяндайды. Большевиктік қырғыннан аман шыққан босқындар жаңа апат – 1919 жылдың жұтымен бетпепет келді. Жұтпен бірге большевиктердің Жетісу халқын тонауы қабағтасты. М. Тынышпаев 1918 жылдың жазында бір ғана Лепсі уезінде қазақтардан 10 000 жақсы ат тартып алынғанын, Сібір армиясы үшін әлі де жылқылар алынып жатқанын, тіпті тыл аудандарда да большевиктер қазақтардың малдарын тартып алып жатқанын баяндаған. М. Тынышпаев 1919 жылдың сәуір айында шекарадан өткен Жетісу облысы қазақтарының ауыр хәлі туралы баяндамасында: «Жазалау отрядтары талқандап, малдары мен мүлкінің көп бөлігінен айрылған ұйымдаспаған қырғыздар (қазақтар) тобы жан-жаққа шашырай қоныстанып, көп

ұзамай жергілікті тұрғындарға жем болды. Босқындар өздерімен бірге алып өткен мал мен үй мүліктері Қытай азаматтары тартып алды.» - деп суреттейді [158].

Мұхамеджан Тынышпаевтың революцияның алғашқы жылдарындағы қызметі оның жолдаған саяси мазмұндағы хаттарынан көрінеді. «Ақ» пен «қызылдың» қай-қасысына да өңірдегі шынайы ахуалды сурететтеп, аштық, босқыншылық апатының қатерлі деңгейге жеткенін хабардар ету болған. Профессор К. Нұрпейісовтың ҰҚК арнайы мемлекеттік архиві қорларынан алған деректеріне сүйенген тарихшы Г.А. Капекова: «Мұхамеджан Тынышпаев бастаған Алаш-Орданың (облыстық қазақ комитеті деп аталған) Жетісу бөлімшесінің практикалық бағыты сырттай ақ қозғалысына бүйрегі бұратын, бейтарап түрде болғанымен, осымен бір мезгілде ол кеңестік өкілдермен (шамамен Ораз Жандосов және Дмитрий Фурмановтың адамдарымен) құпия байланыста болған. Осы бағытты сақтау үшін соңғы кезде табылған құжаттар (ең алдымен ҰҚК архиві қорынан) 1918-1919 жылдары Мұхамеджан Тынышпаев Семейге жасырынып барып...екі мәрте Анненковпен Үшаралда бейтарап алаңда кездескенін куәләндырады.» - деп көрсетеді [42, б.100]. Алайда, Г. А. Капекованың зертетуінде. М. Тынышпаевтың атаман Б.В. Анненковпен кездесуін айғақтайтын құжаттарға сілтеме жасалмаған. М. Тынышпаевтың атаман Б. В. Анненковпен кездескені туралы деректі Б. Әбдіғалиұлы да өз зерттеуінде келтіреді. М. Тынышпаев тергеу кезінде Мырзахан Төлебаев, Жұмақан Күдерин үшеуінің 1919 жылы атаман Б.В. Анненковпен кездескендерін көрсеткен. 1937 жылғы жаппай жазалау кезінде тергеуде берген жауаптарда О.Жандосов Ж.Күдериннің М.Тынышпаевтың атаман Анненковтың жанына қойған өкілі болғанын, Қытайға қашу мен Кеңес өкіметін мойындау жолдарының айрығында тұрып, ақырында соңғысын таңдап, өзімен байланысқа шыққанын мәлімдеген [46, б.125].

Борис Владимирович Анненков басқарған партизандық дивизиясы 1918 жылдан 1920 жылдың 10 мамырына дейін Жетісуда болып, Қытайға өткен. Атаман Б. Анненков өзінің тергеуде берген жауаптарында: «1920 жылдың наурызында менің тарапымнан жеке Жетісу армиясына әскердің Қытайға үш топ болып өтуі туралы бұйрық берілді. Солтүстік топ өз құрамында 12,5 мың әскер және шамамен 13 мың, көп мөлшердегі босқын және Орынбор армиясы және Сібір армиясынан көшірілген мекемелер болды. Бұл топты генерал А.С. Бакич басқарды. Негізінен Жетісу казактарынан және Сібір армиясы бөлімдерінен тұрған оңтүстік топтың құрамында 10 мың жауынгер және 2 мың босқын болды. Бұл топты Жетісу казак әскерлерінің әскери атаманы, генерал Н.М. Щербаков басқарды. Басым бөлігі партизан полктерінен тұрған орталық топ құрамында 9 мың адам болып, бұл топта босқындар мүлде болған жоқ. Бұл топқа мен басшылық жасадым да, А.С. Бакич пен Н.М. Щербаков армия командирі ретінде маған бағынды.» - деп көрсеткен. Б. В. Анненков жауаптарында өзімен бірге Қытайға Жетісу майданының әр тұсының 300 верст аумағынан босқындарды есептемегенде 18 мың әскер өткенін көрсеткен. Қытай шекарасынан Селке тауларын арқылы 1920 жылдың сәуір айының басында өткен Б. Анненков

армиясының орталық тобын Қытай шекарашылары алдыңғы екі топты қарусыздандырып қабылдап алғанша енгізбей, шекарада күткізген. Тек 1920 жылдың мамыр айында Б. Анненков тобы Қытай шекара бекетінен қаруларын тапсырып, өткен. Шекарадан өткен Б. Анненков тобын Боротола өзені бойында лагер түрінде орналастырған қытайлықтар адам басына 2 фунт ұн, 4 фунт отын берген. Б. Анненков екі ай бойына Боротола өзені бойында тұрған кезінде оның отрядынан ерікті түрде әр тарапқа әскерлер кете беріп, 1920 жылдың шілде айында атаманмен бірге 670 адам қалғанын мәлімдеген. Б. Анненковтың жауаптарында көрсетілгендей, 1920 жылдың 24-нен 25 желтоқсанға қараған түні Гучен қаласы қамалы маңында атаманның әскеріне қытай әскерлері оқ жаудырған. Осы оқиғадан кейін Синьцзян губернаторымен келіссөз жүргізу сылтауымен Үрімжіге шақырылған Б. Анненков «Гучен оқиғасына» байланысты қасындағы 8 адаммен бірге тұтқындалған. Атаман Б. Анненков Қытай билігі тарапынан өз отрядының Қиыр Шығысқа жылжуына келтірілген кедергілердің басты мақсаты, орыс әскерлерінің шыдамын тауысып, белсенді әрекеттерге итермелеу болғанын мәлімдеген [159, п. 32-34]. Қытай түрмесінде 1921 жылдың 21 ақпанынан 1924 жылдың ақпанына дейін 3 жыл отырған атаман Б. Анненков 1926 жылдың 10 сәуірінде Монғолия арқылы Кеңестерге өткізіліп берілді. Атаман Б. Анненковты Қытайдан ұрлап әкету бойынша қимылдар «Қазақстандағы чекистердің ең сәтті операцияларына» жатқызылды. В. Межинский, А. Артузов және С. Лихоренко басшылық жасаған операция барысында Б. Анненковқа Қытайдың қолбасшысы Фэн Юйсянның штабына қызмет етуге ресми шақыру беріле отырып, чекистер Қытай өкіметінен атаманды ұстап, КСРО-ға жеткізуге рұқсат алған болатын. Тұтқындалып, Кеңестер жағына алып өткізілген Б. Анненков Семейде Жоғары соттың көшпелі сессиясы коллегиясы тарапынан ату жазасына кесіліп, үкім 1927 жылдың тамыз айында орындалған [36, б. 95-96].

1918 жылдың 16 желтоқсанында Түркістан республикасы тарапынан Құлжадағы коммерциялық агент қызметіне өзіне айрықша лауазымдар бергені, жемқорлығы үшін жұмыстан алынған Хоперскийдің орнына Юлусов тағайындалды. Юлусовтың қызметін Түркістан революциялық-әскери кеңесі саяси бөлімінің меңгерушісі Стельмашевский жоғары бағалаған. Юлусовтың әсер етуімен қытай өкімет орындары бұрынғы консул В.Ф. Любаның құзыретін шектеп, оның Кеңес өкіметі адамдарын тұтқындап, кедергі келтіруіне шектеулер қойды. Жетісу облыстық өкімет орындары Казас есімді агенттіктің хатшысының жеке мәселелер бойынша арызымен Юлусовты орнынан алып, тұтқындаған. Юлусов тұтқынға алынғанна кейін үшінші күні Жаркентке облыстан Богданов, Андрюков және Курашовтар келіп, Юлусовтың тұтқындалу мән-жайын зерделеместен қайтып кеткен. Юлусовтан кейін Құлжадағы коммерциялық агент қызметіне Л. Д. Малинин тағайындалды [160]. В.Ф. Люба 1918 жылдың маусымындағы Верныйды М. Мураев отряды басып алғаннан кейін Қытайға қашқан атаман А. М. Ионов басқарған қарулы босқын казактар тобының Құлжада орнығуына азық-түлік, мекен-жай жағынан көмектесіп, Пекиндегі орыс елшісі Н. А. Кудашевпен, Ұлыбритания, АҚШ, Жапония елшілерімен, Омбы мен

Семейдегі ақгвардияшыл құрылымдармен телеграф арқылы байланысуына жағдай жасаған [161].

Адмирал А. Кольчакқа Жетісудағы жағдайды сипаттап көмек сұрау тек М. Тынышпаев тарапынан ғана болған жоқ. 1919 жылдың наурызында Құлжадағы орыс консулы В. Ф. Люба Омбыға адмирал А. Кольчакпен келіссөздер жүргізуіге өзінің көмекшісі Воробчук және Хусайнбек Юнусовты жіберген. Хусайнбек Юнусов Уақытша үкімет кезінде Верныйдағы дүнген-ұйғыр комитетінің төрағасы болған. 1918 жылдың наурыздың 3-нен 4-не қараған түні Кеңес өкіметі орнардың алдында Құлжаға қашып өткен. Воробчук-Юнусов миссиясы Құлжадағы босқындардың жағдайына А. Колчактан 10 миллион сом қаржы сұрағанымен, адмирал тарапынан 1 миллион сом берілген. Бұл ақшаның өзі Синьцзяндағы жетісулық босқындарға жетпей қалған. Келіссөз жүргізушілер бұл қаржыға товарлар сатып алғанымен, Құлжаға барар жолда большевиктердің тонауына ұшырап, мүліктерінен айрылған. Воробчук-Юнусовтың миссиясының нәтижесі ретінде адмирал А. Колчак тараншы халқына арнайы грамота жолдайды. 1919 жылдың 16 шілдесінде жазылған грамотада тараншы халқына «бізбен қашаннан дос Қытай жерінен пана тапқан босқындарға азық-түлік жағынан көмек көрсетілетіні» айтылған [152, б.18,19].

1919 жылдың 17 наурызда Үржарда қабылданған Жетісу облыстық Алаш комитетінің қаулысында: «Облыстағы халықтар топтарының ішінде большевиктік топалаңнан және оның алдындағы апатты жағдайлардан зардап шеккен, қазіргі уақытта аштықтан, әртүрлі эпидемиялар, аш-жалаңаштық, үй-күйсіздік себебінен болатын суықтық ауруларынан қырылып жатқан қырғыз (қазақ) халқын айрықша айтуға болады.» - деп көрсеткен. Ыбырайым Жайнақовтың баяндамасы негізінде қабылданған Жетісу облыстық Алаш қазақ комитетінің қаулысында: «Жетісу облысы басқарушысы мен Жетісу облысындағы 2-корпус командирі атаман Анненков арқылы Бүкілресейлік үкіметтен егінге ұрық материалын, тірі және өлі ауылшаруашылық құралдарын, аштарға тамақтық астық, сондай-ақ, мал шаруашылығын қолау көрсету үшін сүтті және басқа да мал түрлерін алуға 30 миллион үкіметтік қаражатты жартысын қайтарымсыз, жартысын ұзақ мерзімдік несиеге беру сұралсын.» - деп көрсетілген. Қаулыға Ы. Жайнақовтан бөлек С. Сабатаев, Дүйсебаев, И. Тергеусізов қол қойған [46, б.270, 275, 276].

1919 жылдың 15 қазанында Түркістан АКСР-і орталық атқару комитеті президиумы Спешниковтың Жетісу облысының әлеуметтік-саяси ахуалын саралаған баяндамасын талқылайды. Жарыссөзде сөз сөйлеген Т. Рысқұлов Жетісуда үстем жағдайдағы орыс кулактарының қаруланғанын тілге тиек етіп, бұл жағдай осы өңірдегі тыныштықты орнатуға кедергі негізгі фактор екенін жасырмайды. «Жетісуда кеңес өкіметі өмір сүруі үшін осы кулактарды қарусыздандыру керек, содан кейін ғана кеңес өкіметін дұрыс ұйымдастыруға болады» - деп атап көрсетеді Т. Рысқұлов [22, б.110].

Жетісудағы большевиктердің билікке келуі тұсындағы ерекше мемлекеттік құрылым - төтенше комиссия бөлімдерінің қатыгездігі өңірдегі босқыншылықтың өрістеуіне жол ашты. Ерекше комиссия жазалау

отрядтарының қаталдығы туралы деректер партиялық қызметкерлердің өмірбаянында да кездеседі. Еңбекшіқазақ аудандық партия комитетінің хатшысы қызметін атқарған Оразалы Имамбаев ресми өмірбаянында өзінің отбасына қатысты 1919 жылдың аяғында болған оқиғаны баяндайды. Ол: «Менің әкем Иманбай мен Иманқұлдың (інісі) 17 жасар баласы Құрманбай екеуі 1919 жылдың желтоқсан айында Алматы облысының Кеген ауданы Жалаңаш ауылында бұрынғы Тікенді эскадронының тарапынан шауып өлтірілді. Жағдайдың мәнісі былай болған: 1915 жылы Жалаңаш ауылында тұратын Қу Түлкібай руынан шыққан Ақылбеков дегеннің бір аты ұрланған, ұрланған атты әкемнің інісі Иманқұл алды деген айып тағылып, ауылымыздың биі Шаян Тікенов Иманқұлға «ұры» деп үкім шығарады. 1919 жылы Жалаңаш селосында ірі кулак М. Резников осы үкімді пайдаланып, 4 орыс-казак және 3 қазақтан құралған топпен Иманқұл мен жоғалған атты іздеген. Ол кезде олар Иманқұлды таппай, менің әкемді шақырады. Иманқұлдың 17-жасар баласы Құрманбой жаяу Жалаңаштан кетіп, жасырынады. Бандалар тобыры 5-6 күнге дейін Жалаңаш ауылын қоршап алады. Осы кезде Жалаңаш селосына Гогут есімді біреу басқарған Тікенді эскадроны келеді де, менің әкемді ұрлықпен айналысқан, әлі де айналысады, бір байдан бір ат ұрлаған деп айыптаған бірқатар қазақ бай - жартылай феодалдарының арызымен әкемнің інісі Иманқұлды Жалаңашқа алып кетіп, менің әкем Иманбай және Иманқұлдың 17 жасар баласы – Құрманбай қылышпен шауып өлтірді. Бұл фактіні қазір КП (б) ОК-де істейтін Нүсіпбеков Ақай куәландыра алады.» - деп көрсеткен. Оразалы Имамбаевтың әкесінің өліміне большевиктік төтенше комиссия қарулы күштерінің қатыстылығын көрсеткен кезінде 1938 жылдың тамыз айында 1919 жылы ТК органының тарапынан ат ұрлаушы ретінде атылған әкесінің қазасының себебін жасырғаны үшін Еңбекшіқазақ аупраткомының 3-хатшысы қызметінен босатылып, сөгіс берілген [86, б.260-261]. Оразалы Имамбаевтың әкесі мен туысын өлтірген эскадрон командирі Гогуттың үстінен 1920 жылдың желтоқсанында Әскери трибуналға арыз берілген. Әскери трибунал тарапынан сотталған Гогут кейінірек өзін өзі өлтірген. Оразалы Имамбаев өзінің партия органдарына берген өмірбаянында 1930-1932 жылдары Еңбекшіқазақ және Шелек аудандарындағы бандитизмге қарсы коммунистік отрядқа басшылық жасағанын көрсеткен [86, б.262].

Қытай шекарасына қашып өткен қазақ босқындардың жанұя мүшелерін құлдыққа сатуға мәжбүр болғаны туралы ауызекі деректер сақталған. Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Нұрбапа Өмірзақовтың босқындықтағы тағдыры туралы деректер ол туралы естеліктерде сақталған. 1916 жылғы Жетісудағы көтерілістен кейін Батыс Қытайға өткен босқындар қатарында болған Нұрбапаның жанұясының тағдыры туралы оның қарындасы Жәмила Текебаеваның естелігінде баяндалады [162, п. 17]. Патша билігі құлағаннан кейін Жетісуда қалыптасқан саяси ахуал жергілікті тұрғындарға қарсы репрессияны толастамағанын көрсетті. Нарынқол маңайынан шекарадан өткен Нұрбапа Өмірзақовтың отбасы шекара күзетіндегі қалмақ сұмындарының бораған оғына тап болған. Шекарашы қалмақ қосындары босқындарды тонаған.

Жолда шығын болмаған аз топ Қытай жеріне жеткен. Күз түсе қашқын босқындардың азық-түлігі тауысылып, аштық қаупі туған. Осы кезге дейін таушатқалды паналаған босқындар аштық қаупінен етекке түсуге мәжбүр болады. Нұрбапа Өмірзақовтың інісі Нұрпейіс бұл кезде 5 жасқа келген. Тараншы қыстақтарында босқындарға жергілікті тұрғындар азды-көпті ас-тамақ берген. Босқындар топтарына бұл жерлерді бұрыннан қоныстанған тұрғындардың қарым-қатынасы әркім болған. Өмірзақ әулеті егінге қолайсыз тасты жер болғандықтан, тұрғындары көшіп кеткен ескі қыстаққа қоныстанады. Көрші ұйғыр қыстағының тұрғыны Тұрдыахун атты шаруа баласы болмағандықтан, Нұрпейісті сатып алады. Нұрпейіс Өмірзақовтың өз естелігінде жаңа отбасында көрген қорлығы, үйдегі екі әйелдің сәбиді ұратыны баяндалған. Жаңа қожайын әйелдерінің бағып алған балаға қатынасының нашарлығын көріп, Нұрпейісті қыстақтағы жалғызбасты бір әйелге берген. Нұрпейістің бұдан кейінгі өмірі сол үйде өтеді. Біршама уақыт өткеннен кейін Нұрбапа Өмірзақов келіп, інісін жаңа жанұядан қайтарып алған [162, п. 22]. Қоғам қайраткері Н. Өмірзақов өз қолымен жазған өмірбаянында 1918 жылы інісімен Жаркент қаласына келіп, балалар үйіне қабылданғанын, осында 1920 жылдың күз айларына дейінгі аралықта болғанын көрсеткен [162, п.95]. Біздің пікірімізше, Н. Өмірзақовтың өмірбаянында көрсетілген уақыт мөлшерінде дәлсіздік бар. Себебі, Жаркент қаласында қазақ-қырғыз босқындардың Қытайда сатылып кеткен балалары мен ауыр жұмысқа қабілетсіз қариялар мен мүгедектерге арналған қабылдау үйін ашу туралы ұсыныс ТүркОАК босқындар жөніндегі ерекше комиссиясының 1920 жылдың 8 сәуірдегі Жетісу облыстық әскери-революциялық комитетіне ұсыныс хатында көрсетілген. Ерекше комиссия хатында облыстық азық-түлік бөліміне Жаркент қаласында ашылу көзделген Қытайда сатылып кеткен балалар үйі, мүгедектер мен қариялар үйіне қажетті 10000 аршын сукна матасын босатуды бұйыру сұралған [163, п. 5].

Адам саудасына байланысты қалыптасқан дәстүр Шығыс Түркістанның Циндік кезеңінде берік қалыптасқанын зерттеуші Аблет Камалов атап көрсетеді [49, б.148]. Әсіресе, Цин империясы дәуіріндегі Қашқарияда күнделікті тұрмыс тәжірибесінде болған. Еріксіздердің басым көпшілігі балалар болған. Синьцзянның Хотан аймағында болған Фернан Гренер деген саяхатшы бір саудегердің 150 кішкентай балалар мен қыздарды сатуға әзірлеп отырғанын көрген. Аблет Камалов еңбегін пайдаланған Цин империясы мен Қоқан хандығы қарым-қатынастары жөніндегі маман Лора Ньюбидің көрсетуінше бұл құлдықтың өзіндік ерекшелігі болған. Құлдыққа сатылған бала есейген соң өзінің ары қарай құл болып қалуға келісім беру-бермеуге қақылы болған. Егер жасөспірім құл болудан бас тартса, қожайынмен арада белгілі бір мерзімде оған қызмет етуі жөніндегі келісім шарт түзіледі. Құлдықтың мұндай ерекше түрі адам еркін құлдануға қарсы ислам дінінің шарттарына байланысты қалыптасқан. Балаларды сатушы ата-анасы (қамқоршысы) мен алушы арасында оны бас бүтін сату емес, пайдаланудың белгілі бір мерзімін көрсететін құжаттар жасасқан. Зерттеуші Аблет Камалов жеке құжаттар коллекциясынан тауып, ғылыми талдаған үш құжат балаларды еріксіз ұстау тәжірибесінің Синьцзянда 1920-1930

жылдар аралығында өңірдің республика кезеңінде де болғанын айғақтайды. Синозыян аймақтарындағы кедей жанұялардың таршылықтан мәжбүр болған жағдайлардың Ә. Камалов талдаған құжаттарда құлдыққа сату келісімдері жергілікті тұрғындар арасында ма, әлде кеңестік босқындар тарапынан болды ма, ол арасы ашық көрсетілмеген [49, б.149-150].

Мұхамеджан Тынышпаевтың 1920 жылдың 25 сәуірдегі 3-Түркістан атқыштар дивизиясы 9-бригадасы саяси бөлімі меңгерушісі Баранов арқылы Гавриловкадан (Талдықорған) жолдаған хатында Жетісудің солтүстік бөлігіндегі 31 болыстағы босқындықтың ауқымы туралы маңызды мағлұматтар топтастырылған. Хатта 21 ай бойына соғыс қимылдары өзара итжығыс күйде жүргізіліп жатқан Жетісу өңірінде 1917 жылдың жазында болған малдың 10 %-ғана қалғаны баяндалады. Солтүстік Жетісудың аудандарындағы халық санының күрт азаюы, босқыншылықтың үдеуі бойынша өңірді 6 топқа бөліп көрсеткен М. Тынышпаев маңызды сандық мәліметтер келтіреді: 1) Қапал уезінің 10 болыс Матай руының 1917 жылғы санақта есептелген 14000 шаруашылықтан 12000 шаруашылық, 15% қыстаулар қалған. 2) Лепсі уезіне қарасты Садыр руы болыстықтарынан 1917 жылғы санақта көрсетілген 9500 шаруашылықтан 7500, 10 % қыстаулар қалған. 3) Шеңгелді және Шарбақтыдағы қаракерей руына жататын 3 болыстықтарда 1917 жылғы санақта есептелген 4000 шаруашылықтың 3500-і сақталған. 4) Қалған 30 болыстықтарға қарағанда салыстырмалы түрде жақсы жағдайда болған Алакөл болыстығында 1917 жылғы санақта болған 2000 шаруашылықтың 1500-і қалған. 5) Үржар ауданына қарайтын қаракерей руының 6 болыстығында 1917 жылғы санақта 6500 шаруашылық тұрған болса, 1920 жылы 5000 шаруашылық қалған. Бұл топтағы 4000 шаруашылықты Анненков отряды қашқан ақ отрядтарының азық-түлік объектісі ретінде Қытайға қуып алып кеткен. 6) Сергиполь-Жүзағаш ауданындағы қаракерей руының 6 болысының 1917 жылғы санақта 7000 шаруашылықтың 5500-і қалған [164, п. 81,81(a)].

Жетісуды босқыншылық апатынан оңалту бағытында қазақтан шыққан тұңғыш инженер, II Мемлекеттік дума мұсылман фракциясының мүшесі, Уақытша үкіметтің Жетісудағы комиссарының орынбасары қызметінде өңірдегі саяси оқиғаларға белсене араласқан Мұхамеджан Әлдекеұлы Тынышпаевтың алар орны ерекше. М. Тынышпаевтың босқындар мәселесін шешуде жеткілікті тарихи тәжірибесі болды. 1928 жылы қазан айында Қызылорда қаласы құрылысына басшылық жасау үшін Қазақ АССР халық комиссарлар кеңесі жанынан құрылған Құрылыс комитеті төрағасының техникалық мәселелер бойынша орынбасары қызметін атқарған М. Тынышпаев А. Будасси бастаған инженерлер құрамымен бірге жауапкершілікке тартылған. Ашық сот процесінде тергеу тарабы М. Тынышпаевтың Семей қаласында Алашорда үкіметіне мүше болғанын еске түсіреді. Соттағы жауап сөзінде М. Тынышпаев Азамат соғысы жылдарындағы қызметі туралы түсініктеме берген. Кейбір мәселелер бойынша келіспеушілік салдарынан оңтүстік Қазақстанға келген ол осында өзімен бірге Верный ерлер гимназиясында бірге оқыған М. Фрунземен келіссөздер жүргізгенін, осы келіссөздер нәтижесінде Кеңес өкіметі жаққа бір жарым уезд,

бірнеше полк әскердің өтуіне күш салғанын атап өткен. Жоғары соттың Қазақ бөлімшесі көшпелі алқасы төрағасы Егоров М. Тынышпаевтан оның саяси көзқарасының өзгерді ме деп сұраған. Сот сұрағына М. Тынышпаев: «Жоқ, мен коммунист емеспін, коммунист болған да емеспін. Бірақ мен Кеңес өкімет жағына шығуды ақтардың әскерінің бұйрығымен барлық тұрғындармен бірге Қытайға өтуге қарағанда практикалық жағынан дұрыс қадам деп санадым.» - деп жауап береді [165, б. 4]. Қызылорда құрылысына қатысты Патшалы Ресей тұсында білім алған кәсіпқой инженерлер әртүрлі мерзімдерге сотталып, М. Тынышпаев 2 жыл шартты мерзімге, осы уақыт мөлшерінде сынаққа үкім етіледі [166, б.43].

Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңірінен Қытайға босқыншылықтың екінші кезеңі 1918-1919 жылдардағы большевиктердің жазалау әрекеттерінен, оққа оранған Жетісу мен Шығыс Қазақстан аумағынан пана іздеп көрші елге шекара асып кеткен көшті айтуға болады. Большевиктік арнайы қызмет төтенше комиссияның соңғы кезге дейін құпия болып келген, 1921 жылдың 25 наурызында әзірленген «Жетісу облысындағы бұрынғы және қазіргі саяси, экономикалық жағдайға қысқаша шолуында» Совет өкіметінің Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңірінде, оның ішінде Жетісуда орнауының шектен шыққан қатыгез жазаулау тәсілдермен жасалғаны ашық көрсетілген. Азаматтық қарсы тұру шайқастары шарпыған Жетісуда Мураев, Мамонтов қарулы отрядтарының қатыгездігі орын алып отырған кезде Қытайдағы босқындарды қайтаруға байланысты бастама 1918 жылдың 22 маусымда кеңес билігі тарапынан алғаш рет қолға алынып, Қытайға арнайы Л.Д. Малинин, Ж. Юлдашев, Қалашниковтардың делегациясы барды. Осы жылдың күзінде босқындар Қытайдан бұрынғы қоныстарына қайта бастаған. Бірінші болып Алматы маңайындағы Байсерке елді мекеніне босқындар орала бастады.

## **1.2 1920-жылдардағы Қытай мен Кеңестік Ресей шекара қызметтері және қазақ босқындары**

1920 жылы 18 тамызда «Рост» газетінде жарық көрген В.И. Ленин қол қойған еңбек пен қорғаныс кеңесінің № 135 нұсқамасы бойынша жеке тұлғалар, барлық мекемелерге майдан шебінде сауда-саттықпен айналысуға тыйым салынған. Осы нұсқамаға сәйкес, майдан аумағын тиісті рұқсатнамасыз өтушілер жансыз ретінде саналып, әскери-революциялық кезеңнің заңына сай жауапқа тартылады. Майдан аумағында ұсталған контрабанда, қаржылар тәркіленіп алынады. Нұсқаманы жүзеге асыру кден органдарына жүктелген. Еңбек және қорғаныс комитетінің нұсқамасынан бөлек Түркістан халық комиссарлар кеңесінің 1920 жылдың 2 тамызындағы № 98 қаулысы 8-тармағы бойынша контрабандаға байланысты қылмыстар мен апиым саудасы заңсыз болып танылды [167, п. 116 (а)].

Кеңестік шекара күзетіндегі әскерилер тарапынан босқындарға көрсетілген қысым туралы фактілер жиі ұшырасқан. 1920 жылдың тамыз айының 10-жұлдызында ерекше комиссияның Құлжа кіші комиссиясы Қалжат бөлімі меңгерушісінің Жаркенттегі ерекше комиссия бекеті мен милиция



басшылығына жіберген хатында осы уездің Алжан болыстығында әскерилер жергілікті халықтан алым-салық жинап, 50 қой, 6 ат әбзелін, 6 тең киіз, 6 киіз үй ақысы төленбестен тартып алынғаны көрсетілген. Хат мәтінінде «Кеңес өкіметінің қанатының астына оралған» босқындарға жәбір көрсету фактілеріне дереу шара қолдану керектігі айтылған. Ерекше комиссия қатынас хатына Алжан болыстығының тұрғындары Шәкір Қосалиев пен қызыләскерге шақырылушы Жаманқара Салтақовтардың арызы түткі болған [168, п.31].

Түркістанға қайтқан босқындар толқынын кідірту кеңестік шекара тарапынан да болып тұрған. Мұндай жағдай туралы Қорғастағы кіші комиссия қызметкері Жанек Солтонаевтың 1920 жылдың 5 тамыздағы Құлжа ауданындағы кіші комиссия төрағасына жолдаған қатынас хатында көрсетілген. Баянхатта Шекара күзеті бастығының жол бойында заңды түрде келе жатқан босқындарды жөнсіз кідіртуі және олардан жауап алуы арқылы елге қайтушылардың көшіне кедергі жасап тұрғаны айтылған [168, п.107].

Шекара күзетіндегі әскерилерге босқындардың ТүркОАК сыртқы байланыстар бөлімінің рұқсатнамасымен Қытай провинцияларына жанұяларын алып қайтуға баруына кедергі келтірмеу тапсырылды. 1920 жылдың 13 тамызында 3-ші Түркістан атқыштар дивизиясы штабы бастығына жолданған ерекше комиссия төрағасы орынбасары И. Хохлов қол қойған жеделхатта босқындардың Қытайға жанұяларын алу үшін енуіне кедергі келтірмеу туралы Жаркент әскери участкесі бастығына тиісті бұйрық берілуін сұраған [169, п.35]. Кей жағдайда кеңестік шекарашылардың босқындарды өз бетімен тінтіп, акті толтыру фактілері де кездескен. Дмитриев Михаил есімді шекарашы Жаркент қаласының тұрғыны, Қытайдан босқын ретінде оралушы Авут Заитовты өз бетінше тінтіп, Заитовтан алты қорап темекі мен бір банка вазелинді иемденіп кеткен. Жауап алу кезінде Дмитриев қылмысын мойындаған. РКФСР ревәскери кеңесі қаулысына сай өз бетінше тінту жүргізу мен басқаның затын заңсыз иемдену сотқа беруге негіз болғандықтан, шекарашы М. Дмитриев тұтқындалып, № 59 кавалериялық полк учаскесіне жөнелтілген. Бұл туралы түзілген арнайы актіге шекара күзеті бастығы Балинов пен ерекше комиссия өкілі Ж. Солтонаев қол қойған [168, п.117].

Босқындарды тонау Қытай шекарасында да орын алып отырған. Усманов есімді босқын Қытайдың «Никанки» бекетінен өтер кезде қытай шекарашылар оның 6000 рубль Совет ақшасын тартып алғанын айтып шағымданған. Усмановтың арызы 1920 жылдың 3 шілдесінде кіші комиссия тарапынан қаралып, сыртқы байланыс бөліміне жолданған. 20 қыркүйекте ТүркАССР сыртқы байланыс бөлімі босқынның арызын қытай даоиніне тергеу жүргізу туралы өтінішпен бірге жіберген. 24 қазан күні Іле Даоины және дипломатиялық шенеунік Сю-Ге-Дженнің Құлжадағы кеңестік дипломатиялық және коммерциялық агент Баршакқа жолдаған жауап хатында тексеруге чиновник жіберіп тексерген қытайлық лауазым иесіне бағынышты «Никанка» бекетінде бұл оқиға туралы ешбір ақпарат жоқ екендігін көрсетіп, босқынды тонау нақты қай бекетте орын алғанын анықтауды сұрайды [168, пп.157-158]. Жетісуға беттеген босқындардың арасында кәмелетке толмаған қараусыз балалар да

кездесті. 1920 жылдың 16 тамызында кіші комиссия Жаркент уездік әскери комиссариатына Құлжадан Сызраньдағы анасына кетіп бара жатқан босқын бала Александр Глебовқа жолда арба-көлік табылмағандықтан, солдаттар тобымен Верныйға дейін ілестіріп жіберу туралы өтінішпен шыққан [168, п. 245].

Мұсылман босқындарды Отанына қайтаруға байланысты жұмыстар атқарылып жатқан шақта, Қытай мен Ресей арасындағы шекара қызметі өз бетінше қалыпты жағдайда қызметін жалғастырды. Шекараны заңсыз кесіп өту, контрабанда тасымалы тиісті заң нормаларымен жазаланды. Шекараны заңсыз өтушілер арасында Батыс Қытайдағы ауыр әлеуметтік-экономикалық ахуалдан титықтап, атамекеніне оралмақшы болған босқындар, Ресей жағынан Синьцзянға отбасы, туған-туыстарын алып қайтуға сапар қылғандар да болды. 1921 жылы Әулиеата қаласында өткен қазақ-қырғыз кедейлердің съезі отаршылдық қалдықтарын жою, жергілікті ұлттардан переселен топтар күшпен тартып алып қойған жерлерін иелеріне қайтарып беру туралы қаулы қабылдады [64, б.132].

Солтүстік майдандағы азаматтық қарсы тұру жүріп жатқанда шекара бұзу қылмысына орай босқындар жауапкершілікке тартылды. Жетісу құрамына кірген Түркістан республикасында босқындарды қайтару, орналастыру жұмыстарымен ерекше комиссия айналысып жатқан кезде кейде шекара бұзушыларға қатысты жеңілдіктер де болып тұрды. Шекара сызығын рұқсатсыз бұзу, контрабандалық тауарлардың қозғалысы бойынша кейбір істерді қараған әскери-революциялық трибунал жеңілдіктерге де барды. 1921 жылдың 28 маусымында Қытайдың Тұрфан аймағынан Кеңестер жағына Ахбыл таулары арқылы шекарадан өтерде ұсталған Жетісу облысына қарасты Қарақол уезінің тумасы 30 жасар, 1891 жылы туған, ұлты қырғыз Кенембай Тынымсейітовтің ісі қаралған [170, п.14,14 (а)]. Шекара қызметі қараған іс бойынша Тынымсейітов Кенембайдың Қытайдың Үш Тұрфан аймағындағы отбасын Қарақолға көшіріп әкелу мақсатында Шыңжаңға барып, қайтарында 125 буылған мата әкелгені анықталған. Аталған іс бойынша Тынымсейітовтен бөлек Мачунло Құдайбердиев, Басахун Садықов атты Қытай азаматтары ұсталған. Тынымсейітовтің ісі бойынша 1921 жылдың 31 желтоқсанында Жетісу облыстық ревтрибуналдың көшпелі сессиясы шекара бұзушылардың әкелген маталарын тәркілеп, өздерін 3 ай мерзімге Қарақол еңбекшілер үйіне қамаққа жапқан. Облыстық ревтрибунал (төрағасы Жанаев, мүшелері Егерман, Бокчиндер) К. Тынымсейітовтің босқын екенін ескеріп, оған тиесілі контрабандалық матаның 20 бөлігін қайтарып беруді шешкен [170, п. 90]. Осылайша Жетісу облыстық ревтрибуналы босқындардың шекара бұзу әрекеттерін басқаша бағалап, оларға жеңілдік жасаған фактілер кездесіп тұрған [171, б. 448].

Қытайдың Үш Тұрпан аймағынан Қарақолға өтіп, жағдаймен танысып, отбасын тұрғылықты мекеніне көшіру ниетінде шекарашыларға ұсталған қырғыз шаруалары көп мөлшерде болған. 1921 жылдың 2 тамызында Қарақолдан Қытайға қайтып бара жатқан жолда айрықша шекара отряды 29 жасар Мәмбек Әбдірахман, 22 жастағы Мұсақожа Меңдібайды ұстаған. Тергеу барысында Мәмбек Әбдірахман өзінің Қарақол уезіне қарасты Жантексу болысында тұрып,

1916 жылғы көтерілістен кейін әкесімен бірге Қытайға өткенін, 1921 жылы көктемде Кеңес билігінің жағдайын біліп, отбасын туған жеріне әкелу мақсатында келгенін көрсеткен. М. Әбдірахман Қарақол уезіне келгеннен кейін 2 десятина жерге егін егіп, Саурық ауылдық ревком төрағасы Абдулла Садықтың кеңесімен, Қарақолдағы босқындар жөніндегі ерекше комиссияға барып, арнайы рұқсатнама алған [172, п.7(a), 8]. 1922 жылғы 8 қаңтардағы Жетісу облревтрибунал тергеушісі Мамбек Әбдірахманов және Мұсақожа Меңдібаевтарға ерекше комиссия тарапынан куәлік ұсынған уездік атқаруком төрағасы Садық Чомбаев және атқаруком Астраханцев өз құзыретін асыра пайдаланғанын көрсеткенімен, жауапты қызметкерлердің кемшілігінің саяси маңызы жоқтығын орай, қаралған істі қысқартқан [172, п. 36-37].

Жетісудағы аз ұлттар өкілдерін Қытайдан қайтару бойынша ұйымдастыру шаралары жүргізілген. ТүркОАК жанындағы босқындар жөніндегі ерекше комиссия қаулысымен Сынцзяндағы босқын дүнгендерді тұрғылықты мекендеріне қайта оралуға наисхаттау үшін өкіл ретінде Яншансинов пен Чижинов аттандырылды. Аталған өкілдердің Қытайдағы дүнген топтарының арасындағы үгіт жұмыстары бойынша Жетісуға қайта оралуға шешім қабылдаған дүнгендерді шекаралық қызмет алты күн өткізбей ұстап, алты мініс көлік аттарын алып қойған. Аталған оқиға Қытайдағы дүнген босқындарының арасында Кеңес өкіметінің бұрынғы патша билігінен айырмасы жоқ деген пікір қалыптастырған [64, б.160].

Қытаймен шекараның күзетіне Түркістан республикасы ТК әскерінің басқару штабы Алматыда орналасқан № 37 әскери бригадасының міндетіне кірді. Әскери бригада қарамағына № 216, 217, 218, 219, 220, 221 шекара батальондары қарады. Шекара күзетіне № 35, 36,37, 38, 39, 40 атты әскер эскадрондары да тартылды. Шекара күзетінің бригадасы Қытаймен шекараның Дарауыт-Қорған асуынан Хабар Асу өткелі арасын қарады. № 37 ТК әскери бригадасы күзетіне тартылған Қытаймен шекара алты ауданға бөлінді. 1-аудан: Сүйік, Ыштық асуларын арасын бұрынғы № 18 Түрікполкі бұл кезде № 217 шекара батальоны әскери бөлім мен Жаркент уезіне қарасты Подгорное селосында жасақталған № 36 атты әскер эскадроны бақылады. 2 – аудан: Ыштық асуы мен Қалжат аралығына қарап, штабы Қарақол қаласында орналасқан бұрын № 15 атқыштар полкі деп аталған, бұл кездегі № 218 шекара батальоны және №37 атты әскер эскадроны жауапты болды. 3 – аудан: Штабы Жаркент қаласында орналасқан № 219 шекара батальоны, Түркімен шекара полкі және № 38, 39 атты әскер эскадрондары Қалжат бекінісінен Кок Атой асуына дейінгі аралықты қарады. 4 – аудан: Әскери бөлім штабы Лепсіге орныққан бұрынғы № 16 атқыштар полкі, бұл кезде № 220 шекара батальоны Көк Атой асуынан Алакөлге дейінгі аумақты күзетті. 5 – аудан: Басқару штабы Бақтыда орналасқан бұрынғы № 17 полк, бұл кездегі № 221 батальон және Лепсіде жасақталған № 40 атты әскер эскадроны Алакөлден Хабар Асу асуына дейін бақылады. 6 – аудан: Дәуіт-Қорған асуы мен Сүйік асуын қоса есептегендегі аймақ № 216 әскери батальон және № 35 атты әскер эскадроны күзетіп, басқару штабы Иркештен мекеніне орналасты. 1921 жылдың тамыз айындағы мәліметке сәйкес, осы алты

аудандағы шекара аймағы күзетіне тартылған ТК-нің № 37 шекара бригадасының командирі қызметінде Семенов, ерекше бөлімінің басшысы лауазымында Павлович болды [173, п. 9]. Қытаймен шекара күзетіне тартылған әскери бөлімдердің этникалық құрамы негізінен европалықтардан құралып, жергілікті мұсылман халықтар өкілдері алынған жоқ. Әскери бөлімдер құжаттарында шекара қызметіндегі шекарашылардың арасында жергілікті халыққа жеккөрінішті көзқарастағылар болғаны жайлы деректер кездеседі. 1921 жылдың 16 қыркүйекте ТК № 37 шекара бригадасы құрамына бағытталған өкімде № 219, 220 батальондар мен Түркімен атты әскер полкі әскерилері жергілікті тұрғындардың бау-бақшаларына ұрлыққа түсу фактілері анықталғаны жазылған. № 37 шекара бригадасы бастығы Семенов мұндай келеңсіздік ақырғы уақытта жиілеп, тұрғылықты халықтың шекара әскерлеріне теріс көзқарасын туғызып отырғаны атап көрсеткен. Әскери құрама басшысы орнығып отырған мұндай жағдайдың негізгі себебі ретінде әскерлердің тұрмыстық ахуалының нашарлығы мен жауынгерлердің саяси ой-пікірінің төмендігін атаған [173, п. 43].

Қытаймен шекара бөлімдерінің Кеңестік мемлекеттің басқа қиырларынан әкелінуі, жалпы қимыл-қозғалысының өзіне сай ішкі себептері болды. Шекара маңында тұрмыс кешетін жергілікті халыққа қарулы күштердің сенімі болған жоқ. Шекара күштерін басқарушы құрам ұлттық мәселеге баса назар аударып отырды. Қытаймен шекара аудандарының тұрғындары күзет әскерлерін жат, басып-жаншушы жатжерлік күш ретінде қабылдады. Шекара қызметі әскерлерінің есептерінде Қытаймен шекара маңының тұрғындары бұрынғы патшалы Ресейдегідей «киргиз» деп аталып, босқындар «шекара бұзып қашып өткендер» ретінде сипатталды. Шекара бекеттеріндегі оқиғалар тіркелетін құжаттарда ұсталғандардың аты-жөні көрсетілмеді. Шекара әскері кезекшілік журналында орын алған оқиғалар тым жеткіліксіз көрсетілетіні ТК Қытай шекарасы әскерінің бастығы Тарапов, ерекше бөлім жетекшісі Леонов, штаб басшысы Романовскийлер жолдаған арнайы бұйрықтарда айтылады. Шекара әскері басшылығы жедел ахуал туралы мәлеметтердің толымсыздығына назар аударған [173, п. 46]. Жаркентте орналасқан Түркімен шекара полкі аталған әскери құрама туралы деректерге назар аударсақ, әскери құжаттарда аталған бөлім 1921 жылдың 6 наурызынан Түркістан дивизиясына қарасты №55 атты әскер полкі есебінде Соновка селосында орныққаны көрсетілген. Осы жылдың 7 маусымынан бастап ТК әскеріне өткен Түркімен полкы Сосновкадан Жаркентке ауысады. Полк командирі қызметіне Марсаков тағайындалған. Ал 1922 жылдың 22 наурызында Түркімен полкі полк қарауындағы түркімендер Түркменстанға жіберіліп, полк № 39 жеке шекара экадроны болып қайта жасақталады [174, п. 24].

Жетісу өңірінен Батыс Қытайға босқан босқындардың кері қайтуы оңайға түспеді. Қытайдың Синьцзян провинциясы губернаторы лауазымын 1912 жылдың 18 мамырынан бастап атқарған Ян Цзен-цинь Қытайды қаруландыру ұстанымының негізін салған Ян Шикайдың ізін қуған болатын. Синьцзян провинциясының билеушісі Ян-Цзен-синь өзінің жүргізген саясатында жазалау мен алдау тәсілдерін алмастырып пайдаланғанымен ерекшеленді. Синьцзянның

тұрғылықты халықтарының діни жоралғыларына мүмкіндік берген ол провинциядағы саяси билікке қатер төндіретін бас көтерулер болған жағдайда аянбай репрессияға жол берді [65, б.278]. Синьцзянның өкімет мекемелері құжаттарымен жұмыс істеген қазақстандық зерттеуші Н. Мұхаметханұлы Ян-Цзен-синнің 1916-1921 жылдар аралығында ресейлік босқындарға қатысты саясаты, әдіс-тәсілдері жергілікті халықтар үшін тиімді болды деп санайды [24, б. 239]. Тарихшылардың бұл мәселе жөніндегі пікір алуандығы олар жұмыс істеген дерек көздеріне орай орын алған.

Батыс Қытайдағы әскери күштер көлемі туралы мағлұматтар РКФСР барлау орындарының деректерінде кездеседі. Барлау құрылымдары Іле округінде 4966 қылыш әскер, 13 пулемет, 12 зеңбірек иеленгенін хабарлаған. Қашқар округінде 5340 қылыш, 6 пулемет, 6 зеңбірек, Тарбағатай округінде (Шәуешек) 1 батальон, 3 эскадронға біріккен 400 қылыш әскер, 4 пулемет, 2 зеңбірек, Үрімжі ауданында 3500 қылыш әскер, есебі анық емес пулемет, 18 зеңбірек болған. Кеңес билігінің шекара қызметінің барлауы Батыс Қытайда жалпы саны 1647 қылыш ақгвардияшыл күштер топтасқанын көрсеткен [175, п. 4, 15]. Кеңес барлаушылары Қытай әскерінің қолданысындағы қару түрлерін де назардан шығармаған. Синьцзян әскери күштерінде 10 түрлі әскери винтовка болып, неміс маузері, жапон мураты, орыстың 3 линиялы мылтығы, карабин мылтықтары, Максим, Гочкис пулеметтері көбірек пайдаланылған. Бұрынғы үлгідегі Крупп зеңбіректері қолданылған [175, п.34-35]. Тәжікстандық тарихшы Т. Абдуллаев Синьцзянь губернаторы Ян Цзен-синге қарайтын қарулы күштердің негізінен маньжурлар мен Қытай хандарынан құралғанын және шекара құрамаларын бірге санағанда өңірде 10 мың әскерді топтастырған армия болғанын көрсеткен [65, б.278].

Синьцзяндағы Қытай қарулы күштері шашырай орныққанымен, жинақтағанда көлемді әскери бөлімдер бар екенін көрсетеді, 1 тамыз 1922 жылғы мәліметтерге сәйкес, Іле округіндегі Күре қаласында орналасқан әскери губернатор Чжен-шоу-ши-Ню, штаб бастығы полковник Лидің қарамағындағы № 1 конвой эскадроны сапында 60 әскер, 4 пулемет болған. Конвой құрамаларының тағы бір басшысы Янға 50 қылыш, 3 пулеметтен тұратын бөлім бағынған. Жалпылама атауы Іле құралған бригадасы аталатын әскерлер тобы 300 жауынгерді, 8 эскадронға бөлінген 675 атты әскер полкін, Ли-Тун басқаратын 4 эскадронға бөлінген 346 қылыш әскери күшті біріктірген. Құлжа қаласында Тун даронға қарасты 150 қылыш конвойлар бөлімі, Чжан Хэ-Фу басқаратын 200 қылыш атты әскер, Ши-Хо басқаратын 100 конвой, 400 атты әскер болған. Нарынқолмен шекара сандық мөлшері анық емес қалмақ қолының күзетінде болған. Кеңестік барлаушылар Іле округінде 4966 қылыш әскер, 13 пулемет, 12 зеңбірек, Қашқар округінде 5440 қылыш әскер, 6 пулемет, 6 зеңбірек, Тарбағатай ауданы орталығы Шәуешекте 1 батальон мен 3 эскадронға жіктелген 400 қылыш, 4 пулемет, 2 зеңбірек, Үрімжі ауданын жағалай 3500 қылыш әскер, мөлшері анық емес пулемет, 18 зеңбірек орналасқан [175, п.4].

Әулиеатада өткен кедейлер съезінің шешімінде босқындарға көмек көрсету, оларды қайтару туралы айтылғанына қарамастан, кеңестік шекара қызметінің

босқындарға қатысты ұстанымы өзгере қойған жоқ. 1921 жылдың жаз айларындағы кеңес-қытай шекарасында контрабандамен ұсталғандардың басым көпшілігі 1916 жылы Қытайға кетіп, 1920 жылдары кері оралған, туған жерінде апиым өсіріп, оны Синьцзянға саудалауды кәсіп еткендер болды. 1921 жылдың 23 шілдесінде Қарақол тұрғындары Жамбаев, Қошқарбаев, Тоқташев, Аинчинов, Үркінбаев, Күнқұратов, Майрықов, Чомбаевтарды 27 фунт 60 золотник (салмақ өлшемі 1 фунт – 410 грамды, 1 золотник 4,2 грамды құрайды – Е.С.) апиым тасымалдағаны үшін шекара қызметі ұстаған. Жетісу облревтрибунал жылжымалы мәжілісі 1921 жылдың 28 желтоқсанда босқындар тасыған апиымды тәрілеп, Қарақолдағы жұмысшылар үйіне 1 жыл шартты уақытқа соттауға шешім еткен. Босқындардың ат-көліктері қайтырылып берілген. Қарақолдағы кеден қызметі әскери-революциялық трибунал шешімінің босқындарға 7 атын қайтару туралы бөлігіне Ресей-Қытай шекарасының оңтүстік және солтүстік бөліктері майдан даласы саналатындығына негіздеп, наразылық жолдаған [176, п. 114 (а)]. Трибуналдың Қацациялық алқасы апиым саудалаумен ұсталған босқындарға қатысты шешімді бұзғанымен, ТүркОАК 1921 жылдың 7 қарашада жариялаған рахымшылығына орай, бастапқы тоқтамды өз күшінде қалдырады [176, п. 116 (а)].

Ресей-Қытай шекарасында әскерилердің босқындарды тонау, оқ ату оқиғаларына байланысты тергеу көп жағдайда шекара қызметіндегілерді ақтап алумен бітетін. Қарақол уезіне қарасты № 5 айрықша шекаралық бөлім бастығы Г.С. Кочеров контрабанда тасымалдады деген айыппен 3 қазақты атып тастаған 3 шекарашы қызыләскерді қылмыстық жауапкершіліктен құтқарып қалған Хренов деген осы әскери бөлімдегі тергеушіні жақтағаны туралы Жетісу облыстық Төтенше комиссия уәкілі жәрдемшісі Векслер өзінің 1921 жылдың 29 шілдесіндегі Түркістан КП ОК-не жолдаған сараптамасында айғақтаған [177, п. 74]. Жетісуды ауыр әлеуметтік-экономикалық және саяси тұрақсыздық кернеп тұрған кезде қазақ босқындардың хәлі екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастын көлеңкесінде мүшкіл күйде қалып қойды. Шекаралық өңірдегі соғыс өртінің толастамауы, көрші екі мемлекеттің арасындағы өзара сенімсіздік, дипломатиялық қатынастардың орнықтауы босқындардың жағдайына теріс әсер етті. Шекара шебінде контрабанданы тоқтату кеңестік кеден орындарының негізгі міндеті есептелді. Шекарадан баж салығынсыз заттардың алмасуы көбейіп кетті. 1921 жылдың қазаны мен 1922 жылдың қыркүйегі аралығында Қорғас кедені арқылы Қытайдың Іле өлкесіне кеңестік ақшаға шаққанда 264 126 сом 21 тиынның товарлары шығарылса, Синьцзянь тарапынан 25225 сом 30 тиынға бағаланатын заттар кірген. Жетісудан Синьцзянға шикізаттық өнімдер көптеп шығарылған. Ресейлік тарихшы Т. А. Шаметованың мәліметіне қарағанда бұлай болуына осы уақытта Үрімжіде жүн, ішек, жылқы жалын арзан бағаға әрі аса көп көлемде сатып алумен айналысқан американдық фирмалар өкілдерінің келуі әсер еткен. Атап айтқанда, 1921 жылы Құлжа базарларында көрсетілген шикізат өнімдері саудасының жиынтық мөлшері 388 566 алтын сомға тең болған [72, б.241].

Шекара маңынан босқындар легі толастамады. БТК әскеріне қарайтын № 220 шекара батальоны жедел есептерінде көрсетілгеніндей, 1921 жылы 22 қазанда Қоғас кеден бекетінен оңтүстік бағытқа 55 верст мекенде 23 отбасы қазақ-қырғыз босқындар көші шекарашылардың қолына түседі. Үдере көшкендер 87 адам, 43 аттары болған, 97 ірі қара мал, 133 ұсақ мал айдаған. Босқындар көші Бақты шекара бекеті ерекше бөліміне тапсырылған [178, п. 96, 96 (а)]. Шекаралық барлау мәліметтеріне сәйкес осы күні Қарақол ерекше бекетіне қарасты Сүмбе өзені жағасындағы № 25 бекетте әйелдер мен балалар басым 42 қазақ-қырғыз босқындар көші тоқтатылған. Босқындарда 57 ат, 26 сияр, 10 киіз үй, 4 бердан, 1 дәрімен оқталатын мылтық, 8 түйін оқ-дәрі, 3 қылыш болған. Ұсталған босқындардың тізімделген мүлкі контрабандаға жатқызылып, Охотничий (Нарынқол) шекара бекетіне өткізілген [178, п. 105, 105 (а), 106]. Шекара ақпарларында Сүмбе өзені Қарақұян өзені құятын тұста жалпы саны 67 адам бар көш 136 ірі қара, 76 ат, 354 ұсақ мал, үй жихаздарымен қолға түскені баяндалады. Бұлар да Охотничий шекара бекетіне өткізіліп берілген [178, п. 107, 107 (а)]. Шекаралық ақпарларда ұсталған босқындардың аты-жөндері айтылмай, тек «қашқындар» ретінде сипатталады. Ресейлік тарихшы Н.Н. Аблажей БСБ репатрианттарды шекара бұзуларына орай жауапқа тартпауды кеңес еткенімен, босқындар арнаулы қызметтің қатаң қадағалауына ұшырағанын көрсеткен [69, б.26].

Шекара қызметі босқындарға қарсы оқ атқан шекарашыларды жазалаудың орнына, марапаттаған жағдайлар орын алды. 1921 жылдың 17 қарашасында №15 Түркістан полкінің № 7 шекара бекеті қызыләскерлер Андрей Петров және Филипп Симоновтардың Текес өзені бойындағы қазақ малшысы Ысқақбек Бекдайыровты атқаны бойынша № 523 қылмыстық іс Түркістан республикасына қарасты Қытаймен шекараны күзету жөніндегі № 3 ерекше бөлімінің үштігіне жіберілген. Қатардағы жауынгерлермен бірге рота командирі Михаил Сергеевич Маслов қазақ босқының өліміне жауапкершілікке тартылған. Қылмыстық істе шекарашылар босқынның атын алу үшін атқаны көрсетілген. Істі қараған ерекше бөлім төтенше үштігі мүшелері ұйымдастыру қызметі басшысы Бирн, құпия-жедел бөлім бастығы Воронов шекарашы А. Петровтың Ы. Бекдайыровты оның 10 жылқыны Қытай жаққа айдап беттеген кезінде атқан деп санаған. № 3 ерекше бөлім үштігі 1921 жылдың 17 қараша күнгі № 8 хаттламада А. Петров пен Ф. Симоновты өздеріне жүктелген талаптарды орындаған деп ақтап, Ы. Бекдайыров жылқы айдап кету мақсатында шекарашылардың заңды талабын орындамағандықтан, атып өлтірілгені туралы қорытынды жасайды. Айыпталушы А. Петров пен Ф. Симоров ақталып, шекарадағы мүлтіксіз қызметтері үшін алғыс алады [179, п.10]. Шекарашылардың шекара маңайында жергілікті халықтың малын тәркілеу фактілері де жиілеп кеткен. 1921 жылы 5 маусымда 480-ге жуық жылқысын Текес өзені жағалауында Ашылы Түбек деген көктеуде жайып жүрген шаруалардан шекараға жауапты Қарақол уездік ерекше бөлім жауынгерлері мініске көлік сұраған. Жылқыларды беруге келіспеген жергілікті шаруаларға қысым көрсетіліп, 4 жылқышының 1-і шекарашылардың қолынан қаза табады. Үш малшы қашып құтылуға мәжбүр болады. Жылқы

үйірлерінің иелерін анықтағаннан кейін шекара қызметі 12 адамды тұтқындап, Қарақолдағы түрмеге жөнелткен. Қарақолдағы уездік саяси бөлім тұтқындалған малшыларды 31 күн өткен соң бостандыққа шығарған. Шекарашылардың бейбастығына орай Жетісу облыстық кедей-батырақтар одағының бюросына Жаркент уезі Тортыл болыстығынан Ибрамбай Ұлтанқұлов және Османбек Борамбаевтардан тартып алынған 480 жылқы 58 шаруашылықтың малы екені көрсетілген арыз түскен [180, п.2]. Тортылдықтардың арызы ТКП Жетісу обкомы жауапты хатшысы Покровский тарапынан қаралып, Қарақол уездік саяси бюросы мен атқарукомына жолданған [180, п. 4]. Шекара маңындағы малшылар ісіне қырғыз шаруалардың арызы бойынша қараған Түркістан республикасы «Қосшы» одағы орталық комитеті төрағасы Сұлтанбек Қожанов ТКП Түркбюросы мен ТүркОАК-не және ТКП ОК-не жолдаған хатында Түркістан майданынан қарасты шекара бекеттерінде орын алып отырған бей-берекеттік пен отаршылдыққа тоқтау салуды қатаң талап еткен [180, п.5].

Құлжада кеңестік дипломаттар өткізген босқындар мәселесіне арналған жиында Якуббаев босқындар үшін маңызды бір сұрақты кеңестік өкімет өкілдеріне қойды. «Сіздерге барлық қырғыздардың (қазақтардың) жалпы, жергілікті интеллигенцияның тілегін айтуға рұқсат етсеңіздер. Ресейге оралғысы келетін ауқатты таптардың тәркілеу мен репрессияларға ұшырамауына қандай кепілдік берілетінін айтсаңыздар» - деген. Кеңестік өкілдер атынан сөз алған Казанский жаңа экономикалық саясаттың негіздерін баяндайды. Бұған қанағаттанбаған Якуббовский: «Кеңес өкіметі босқындарға арнап олардың мүліктеріне және жеке қауіпсіздіктеріне кепілдік берілетіні туралы хабарландыру жасаса жақсы болар еді.» - дейді. Бұған Құлжадағы кеңестік уәкіл Куликов: «Ең жақсы кепілдік өмірдің өзі. Әрине, сіздер Россияға оралған босқындардан жеткен хабарлардан Ресейдегі өмір басқаша екенін біліп отырған боларсыздар. Оның үстіне рахымшылық жарияланған, кепілдік берілетіні кесімді түрде айтылды.» - деп жауап берген [104, б. 419].

Құлжадағы босқындармен өткен жиналыста өкілдерден алынған мәліметтер бұдан арғы жұмыстарға негіз болғанын жиында көрсетілген сандық мәліметтер дипломаттардың орталыққа жолдаған арнайы хаттарына енгізілгенінен байқалады. РСФСР-дің Орта Азиядағы сртқы істер халкомының Іле өлкесіндегі өкілетті уәкілі К. Куликовтың 1922 жылдың 28 қыркүйекте жолдаған баяндамасында аймақтағы босқындар саны Құлжа жиынында айтылғандай, 50 мың адамды құрайды деп көрсетілген. Баяндамада сондай-ақ, Құлжадағы сыртқы істер халкомының өкілдігі 1921 жылдың қазанында Қытай өкіметінің қарызы бар босқындарды құлдықтан босату жөнінде ерекше бұйрық қабылдауына ықпал еткені айтылады. Отанына кететін босқынның қарызды өтеуі жөніндегі талапты қарыз берген Қытай азаматы кеңестік өкілдіктер арқылы жолдай алатын болды. Алайда, бұл бұйрық үлкен нәтижелер әкелмеді. Көптеген қарызға батқан қырғыздар (қазақтар) бәрібір де Қытай өкімет орындары тарапынан ұсталып отырып, олар қарыздарын өтеп болғанша елден кетуге рұқсат етілмеуі оларға саяси жағынан ғана емес, қаржылық жағынан да жәрдем керектігін көрсетеді [104, б. 420-421]. Құлжадағы босқындар өкілдерімен



жиналыстан кейін сол жиында негізінен босқындар өкілдері берген мәліметтерді Куликовпен қатар сыртқы істер халкомының Құлжадағы өкілдігінің хатшысы Эпштейн де баяндама түрінде жолдаған.

Алматы қаласында Жетісу облыстық революциялық трибуналы төрағасы Жанаев қараған Мүбәрәкші Башировтың Қытай территориясына заңсыз өткені туралы іс бойынша 1921 жылдың 24 шілдесіндегі үкімде айыпталушының «ерекше діни сектаға» жататыны көрсетілген. Оның шекара бұзуының нақты мақсаты жоқ, діни ұстанымы бойынша ел кезіп, тіпті мемлекеттен мемлекетке жүретін болғандықтан, солай істегені айтылған. 52-жасар, Сергиполь станциясы, Лепсі уезінің азаматы Мүбәрәкші Башировты бас еркін айырмастан 4 жылға мәжбүрлі еңбекке жіберуге үкім шығарылған. Үкімге кассациялық тұрғыда ғана шағым етілуі мүмкін. Мүбәрәкші Башировтың берген жауабында соңғы екі жыл бойында өзінің қасиетті жерлерді зиярат етуді тоқтатқанын, оған аяғын үсітіп алғаны себеп болғаны көрсетілген. 1920 жылдың 20 желтоқсанында Шәуешекке барғанын көрсеткен. Мақаншылық сарт Туртахунов Шәуешекте сатуға 12 фут сиырдың майын, жасату үшін самауырын берген. Бағалы тері берген. Бахтыдағы шекарадан өткізбейтінін білген М. Баширов жаяу Шәуешекке барып, әкпесінің үйінде 6 күн болып, жаяу болғандықтан, ештеңе алмай кері қайтқан. Шекараны рұқсатсыз өткені үшін айыпты сезінетіні көрсетілген. Бахтыдағы почта жәшігіне салу үшін азаматтар Башировке 18 хат беріп жібергені де көрсетілген. 1921 жылдың 1 мамырындағы Қазан революциясының 4 жылдығына орай рахымшылыққа М. Башировқа шығарылған үкімі 2 жылға азайтылған [181, п. 1-4].

Синьцзяндағы босқындардың реэвакуациясына қажетті қаржы бөлу мәселесіне РСФСР сыртқы істер халкомы орынбасары Л. М. Карахан назар аударып, 1922 жылдың 11 қарашасында РКП Орталық комитеті ұйымдастыру бюросына саяси мазмұндағы хат жолдады. Хатта ведомствоаралық кеңестің қорытындысы бойынша Батыс Қытайдан реэвакуациялануға жататын 10 мың адамның алғашқы 5 мыңын қайтару үшін 25 000 сом алтын ақша бөлу туралы қаулы қабылданғаны айтылады. Көрсетілген сома негізделіп, қаржы халкомына 3 қараша күні ұсынылып, сыртқы істер халкомы жалпы реэвакуация сметасына қосылған [104, б. 427-428].

Зерттеу жұмысымыздың объектісі Қазақстанның оңтүстік-шығыс аумағы 1918-1924 жылдары Түркістан АКСР құрамына кіріп, әкімшілік бағыныс жағынан Ташкент қаласынан басқарылғаны мәлім. Көрсетілген мерзімдегі Жетісуға оралған босқындар тек қана Синьцзяннан ғана емес еді. 1921 жылдың 28 мамыры күні Түркістан АКСР ұлт істері жөніндегі халкомы Қырғыз бөлімшесінің шешімі және еңбек халкомы С. Қожановтың басшылығымен телеграф бойынша 1916-1918 жылдары Түркістаннан қашып қазіргі Қырғыз (Қазақ) АКСР-ін паналауға мәжбүр болған босқындарды тұрғылықты мекендеріне оралту жөнінде тапсырма берілді. Тапсырма бойынша 1921 жылдың маусым, шілде айларында 28 эшалонға тиелген шамамен 1 жырым мың босқын теміржол арқылы Қазалыдан Ташкентке станцияларға түсіріліп жеткізілді. Түркістан АКСР ұлт істері жөніндегі халкомы Қырғыз бөлімшесінің төрағасы

Қадыров, іс басқарушы Деловтың қолы бар Түрк ОАК-не 1921 жылдың 11 желтоқсанда жолданған № 5034 хатта Түркістанға қайтару жөнінде босқындардан басқа өтініштер түспегені хабарланған. Қырғыз (Қазақ) республикасынан Түркістанға емін-еркін қайтуға рұқсат әлі күшінде екені ІХК арқылы оралып жатқан жатқан қазақ босқындарды бұрынғы мекендеріне жайғастыру бойынша мәселелерді шешу атқару комитеттерге тапсыру ұсынылды. Жоғарыдағы хатқа ТүркОАК төрағасының орынбасары С. Қожановтың бұрыштамасы қойылған [182, п. 1].

Ендігі жерде босқындарды қайтару науқанын қаржыландыруды бақылауды өз қолына алған СІХК -тің Орта Азиядағы уәкілі Л. М. Михайлов Батыс Қытайдағы қырғыз (қазақ) босқындарын реэвакуациялау жұмыстарындағы қаржы шығындарын жұмсау бойынша нұсқау» жасап шықты. Нұсқаудың 1- параграфы бойынша бөлінген ақша «қарызданып қалуы және жол кіреге қаржысының болмауы себебінен Кеңестік Россияға кетуге мүмкіндігі болмаған босқын қырғыздардың (қазақтар) қажеттілігіне жұмсалуды» міндетті болды. Ол үшін босқындарға бөлінген қаржы алдымен олардың қарызын өтеуге (мүмкіндігінше толық сомасын емес), екіншіден босқындардың тұрғылықты жерінен Прежевальск, Жаркент, немесе Бақты (қайсысы жақын екендігіне байланысты) қалаларына жеткізетін көлікке төленеді. Үшіншіден азық-түліктің төменгі қажеттілігіне орай тамақ үшін беріледі. Нұсқауды 2 параграфында жұмысты ұйымдастыру шығындары қарастырылған. Оған 1) валютаны Шәуешек пен Құлжа қалаларына жеткізу шығындары; 2) Босқындар істері бойынша СІХК -тің Шәуешек және Құлжа қалаларындағы өкілдіктерінің әрқайсысында 1 қызметкерден ұстау шығындары; 3) жоғарыда көрсетілген қызметкерлердің, босқындар ісі бойынша жол көрсетушілердің, іссапарға жіберілетіндерінің шығындары жатты [104, б.429-430]. Ташкенттен босқындарды Отанына жөнелту жұмыстарын үйлестірумен айналысқан Л. М. Михайловтың 1923 жылдың 2 қыркүйектегі жеделхатында Қытайдан реэвакуациялауға жататын қырғыздар (қазақтар) санын анықтау Қытай өкіметінің зерттеу жүргізуге тыйым салуына байланысты мүмкін болмай тұрғаны баяндалған. Босқындардың жалпы саны 30-дан 50 мың деп есептелген. Тарбағатайдан реэвакуациялау 1923 жылдың мамыр айының аяғында басталған. Маусым айында 547 негізінен кедейлер, Отанына қайтып келген. Жалпы жыл басынан 1 маусымға дейін 892 адам реэвакуацияланған. Шәуешектен 300 түтін қарызға батқан кедейлер жіберілген. Тамыз айында Құлжа өкілдігі Жаркентке 200 түтінді жібереді. Тағы 500 отбасының қайтуы жоспарланған. Құлжаға қырғыз (қазақ) босқындарын қайтаруға 17 мың күміс, ақтарды реэвакуациялауға 6 мың алтын жіберілген. Қытайдан Алматыға 100 адамнан астам ақтар қайтарылған. Құлжа өлкесіндегі ақтардың саны шамамен 600 адамды құраған [104, б.431].

Қоғам қайраткері Қанай Боранбаев ТүркіАКСР халық комиссарлар кеңесі босқындар жөніндегі ерекше комиссиясы Верный уезіндегі өкілетті уәкілі қызметіне 1920 жылдың қыркүйек айынан кіріскен [183, п. 25]. Босқындар мәселесін үйлестіретін құрылымның өкілі ретінде Қанай Боранбаевтың Синьцзянның Тарбағатай ауданындағы босқындарды реэвакуациялауды

ұйымдастыру үшін Шәуешекке барып, жұмыс істеген кезі 1923 жылға сәйкеседі Мамандығы заңгер, іскер ұйымдастырушы Қанай Боранбаев қазақ босқындарын тарихи Отанына оралту, орнықтыру, реэвакуация механизмдерінің саяси әрі тарихи жағынан жүйелі қарастырған кеңестік тұлға болғанын көруге болады. Ресей архив қорларында сақталған Қ. Боранбаевтың Шәуешектегі босқындарды реэвакуациялауға қатысты жұмыстар бойынша шамамен 1924 жылдың басында ТүркіКСР ХКК-не жіберген баяндамасы Синыцзянның Тарбағатай өңірі бойынша ғана емес, Батыс Қытайдағы қазақ-қырғыз босқыншылығы туралы да кең көлемді мағлұматтар береді [104, б.431-448]. Қанай Боранбаевтың мәліметіне қарағанда 1923 жылдың 1 ақпаны мен осы жылдың 1 мамыр арасында Шәуешек аумағынан РКФСР-ға жалпы саны 100 отбасы жергілікті өкіметтің рұқсатынсыз, тек 10 отбасы ғана арнайы рұқсатпен қоныс аударған [104, б.438]. Ал осы жылдың 10 маусымы мен 1 қыркүйек аралығында арнайы рұқсатпен, тиісті рұқсатнамасыз жолмен жалпы саны 750 отбасы шекарадан өткен [104, б.447]. Қытайдың Синыцзяндағы билік орындарының босқындардың кері қайту барысына жасанды кедергілер қойып отырғаны ресейлік дипломаттардың жазбаларында да көрсетілген. Қанай Боранбаевтың баяндамасында сөз болған рұқсатсыз РКФСР шекарасынан өту фактілері СІХК ведомствалық хабар алмасуларында да атап көрсетілген. 1923 жылдың тамыз айының 23 жұлдызында СІХК-нің Іле округіндегі өкілетті уәкілі З. И. Печатниковтың Жаркент уездік атқарукомына жіберген құпия хабарламасында Батыс Қытайдағы қазақ-қырғыз босқындардың «ресми емес жолмен» кері қайтуының айла-тәсілдері сөз болған. Құпия хабарламада бір ай уақыт бұрын Синыцзянның Текес ауданынан Сәрсембей есімді қазақ бастаған 200 отбасы босқындар Жаркент уезіне қарасты Айт болысының Ойқарасай шатқалына өткізілгенін хабарлаған. З. И. Печатников жергілікті кеңес органдарының босқындарды лайықты қарсы алғанынан хабары бар екенін көрсеткен. Ары қарай Құлжадағы СІХК уәкілі Қытай өкімет орындарының босқындардың кері қайтуына түрлі кедергілерді қолдан жасап отырғандығынан, Іле округінен босқындардың оралуын әрқилы айла-тәсілмен ұйымдастыруды шешім еткендерін жасырмай жазады. Қапал, Лепсі, Жаркент сияқты шекаралық уездердегі билік орындарының реэвакуацияның мұндай жасырын тәсілдерінен хабардар болуы, қайта оралған босқындарды лайықты қарсы алып, орналастырумен айналысуы маңызды болған. З. И. Печатников жасырын жолмен шекарадан өткен босқындардың өздері жақсы орналасқаны туралы хат-хабар жазатын болса, Іле округіндегі босқындар көшін жемісті ұйымдастыру үшін жеңілдік болатынын көрсеткен. Осы мақсатта Жаркент атқарукомынан Қапал және Лепсі атқарукомдарын мәселенің мәнісімен таныстыру сұралған. Жаркент уездік атқарукомына жолданған осы хабарламада ағымдағы Сәрсембай бастаған босқындар көшінен кейін 65 отбасын құрайтын Оспан дегеннің басқаруындағы көштің жолға түскенін, олардың атамекендеріне жетіп орналасу жағдайын білу де СІХК уәкіліне маңызды екенін көрсеткен [184, п. 2].

Ендігі жерде Қытайдан оралған босқындарды ата-мекендеріне жайғастыру бойынша жұмыстардың сипаты өзгере бастады. Бұған 1922-1923 жылдарда

жүргізілген жер және су реформаларының нәтижесінде егістік алқаптарын қайта бөлу жұмыстары екпінді жүріп жатуы себеп болды. Қытайдан оралған босқындарды бұрынғы орнына жайғастыру үшін бөлініп қойылған жер учаскесінің жаңа иесінен жерді қайтарып алу талабы туындады. Босқындардың бұлай жайғастыру әрқилы әлеуметтік сипаттағы кереғарлықты туғызды.

Кеңестік құзырлы органдардың, оның ішінде МСБ қызметкерлерінің босқындарды тонау оқиғалары тыйылмады. 1923 жылы 9 қарашада Лепсі уездік босқындарды орналастыру бойынша уәкілге Мақаншы болысына қарасты Емел ауылына келген босқындар өкілі ретінде Ақымбай Еділбаев шағымданған. Шағымда Синьцзянның Шәуешек қаласынан СІХК уәкілі Фисенко мен Түркістан ХКК босқындар реэвакуациясы бойынша уәкілі Қ. Боранбаевтың тиісті куәлігімен келе жатқанында Емел ауылы маңында белгісіз адамдар 44 бас ірі қара малдарын татып алып кеткені баяндалған. Босқындар өз күштерімен алдымен 1 түйелерін қайтарып, Глиновка селосындағы Троцкий комунасынан 5 түйе, 8 өгіздерін, 1 сиырларын таныған. Босқындар малдарының жаңа иелері ірі қараны ерекше бөлім қызметкері Никуллин және тағы басқалардан сатып алғанын көрсеткен [181, п. 4]. Босқындардың малдарын тартып алу фактісіне орай жолданған шағым бойынша № 10 шекара бөлімі босқындардың малын уездік босқындар жөніндегі комиссияға беру, тергеу жұмыстарын жеделдетуді шешім еткен [184, п. 3].

Босқындарды Батыс Қытайдан қайтару бойынша жұмыстар 1924 жылдан жүйелі жүзеге асырыла бастады. Босқындар реэвакуациясы бойынша КСРО СІХК уәкілдері белсенділігі артты. Синьцзянның Іле әскери губернаторы Джен-Шоу-Шиге қарайтын өңірлерден топталған босқын көштері кері қайтса, бөгде аудандар бойынша жеке отбасымен босқындар легі байқалды. 1924 жылы маусым айында Талдықорған уезіне қарасты Жоғары Ақсу болысына тиесілі 800 адам біріккен босқын керуені тұрғылықты мекендеріне оралды. СІХК Іле округіндегі уәкілі З. И. Печатников 1924 жылы маусымда Алматы облыстық атқрукомы және Талдықорған, Лепсі, Жаркент босқындар комиссиялары басшыларына жолдаған хатында жолға шыққан босқындар керуенінің Қорғас бекеті арқылы емес, әскери губернатор Джен-Шоу-Шидің ерекше рұқсатымен Боротола өзенінің үстіңгі ағысындағы Қарасарық асуын пайдаланып, оралатынын, көшті Жүсіп Байдеміров басқаратынын жеткізген. Босқындардың бұл көшімен шамалас Талдықорған уезінің Саратов болысына беттеген 150 адамнан тұратын Төре Тұрсын бастаған көш те жолға шыққан. З.И. Печатников Қарасарық асуына жақын жердегі Көкетау асуын пайдаланып, Лепсі уезі Шынжылы болсына тән Байеке Байғабылов бастаған 700 адамнан тұратын 140 отбасы жолға шығатынын хабарлаған. Мәліметте Шынжылы болысына қарайтын 100 отбасы Қытай билігі рұқсатын алмай, оралудың қамында екені де айтылады. Бұдан басқа Іле округінің әр қиырынан 13 отбасы кедей босқындар Қорғас арқылы туған жерге жетуді сұраған [185, п. 55]. З.И. Печатниковтың хатында Саратов болысының адамдары саналатын 100 отбасы СІХК Құлжадағы өкілдігіне өтініш жолдамай-ақ КСРО-ға қайта орлуға әзірлік жасап жатқаны,

бірлі жарымды босқындар Қорғас бекетін маңайындағы соқпақтарды пайдаланып, қайтып жатқаны туралы мәліметтер келтірілген [185, п. 55 (а)].

Барлау мәліметтері бойынша 1924 жылдың 15 қыркүйегінде Семейден Шәуешек арқылы келген Мірқасым Миршанов есімді көпес Синтай және Сытай аумағында тонауға ұшыраған. Осы жердегі қарақшылықтың өршіп тұруынан Шәуешектік көпес Исмайлов та тоналып, жалпы саны 6 адам өлтірілген. Қарақшылар почта қызметін де тонап, сәлемдеме заттарды алып кеткен. Тонаушыларды ұстау үшін келген қытай солдаттарды қарулы топ қоршап алып, қаруларын тартып алып, өздерін соққыға жыққан. Әскери отряд командирі қатты зардап шеккен. Жол торыған қаарқшылар Үрімжіге (Ди-Хуа) бара жатқан СІХК хат-хабарларын та тонаған Тонаушылар тобы 3 адамнан тұратыны, олардың қазақ және қалмақтар екені, Ресей азаматтары екені айтылған [150, п. 76,77].

Синцзянь провинциясы 6 округтен тұрады: Үрімжі (орталығы Үрімжі (Ди-Хуа) қаласы), Алтай (Ашань) (орталығы Шара-сумун (Тулта), Бакичтің ақгвардияшыл топтары талқандаған, Тарбағатай (орталығы Чугучак (Торбоготай) , Іле (орталығы Құлжа (И-Нин), Қашқар (орталығы Қашқар) және Ақсу (Ақсу). Синцзянға қарасты 6 провинция 70 уезге бөлінген. Бұдан бөлек Синцзянға бірнеше өзінше дербес уездіктер қараған.

Іле округі 5 уездге бөлінеді: Құлджа (И-Нин), Сүйдін (Сүйдін), Чимпандзе (Чим-Пан-Цзы), Боротола (Боротола (Джимпань) және Джинхос (Джин-Хо). 1924 жылғы мәліметтерде Іле округіне қарайтын Текес уезін ашу жоспарланған [150, п. 78].

Іле округін Ду-Дзюні қызметінде 1912 жылғы революция кезінде осы өңірде революциялық реформалар жүргізген полковник Ян-Тун-Лин билікке әкелген Ян-Цзен-Синь басқарды. Ресей барлаушылары мәліметтерінде Ян-Цзен-Синь «азаматтық және әскери билікті қолына ұстаған жеткілікті ақылды шал», «Пекинге өзіне тиімді жағдайларда ғана сыртқы істер министрлігі бағыты бойынша ғана бағынады (Пекинмен тікелей қарым-қатынас орнатқан КСРО сияқты көрші елдер оның жағдайын қиындатады), провинцияны білгенінше билеп-төстеп отырған өте қатыгез адам» - деп сипаттайды. Үрімжідегі провинциялық депутаттар палатасы оның адамдары болғандықтан, оның Ду-Дзюннің қолындағы ойыншық екені айтылады. Барлау-сараптамалық есептерде Ян-Цзен-Синь тірі күнінде Үрімжіде өзіне ескерткіш қойғызығанын көрсетеді. Ду-Дзюннің билігі аумақ боцынша тікелей өздерінің қолдарына саяси және дипломатиялық билікті топтастырған Дао-Иньдер, әскери округті басқаратын инспекторлар – Дао-Тай, Ду-Тун таралады. Дао-Иньдер округтің саяси инспекторы ретінде танылған. Округке қарасты уездерді Ду-Дзюнь тағайындаған Шан-Гуандар басқарады. Шан-гуандар қадағалау тәртібімен Дао-Иньдерге есеп береді.

Ду-Дзиннің көшпелі тайпаларға билігі Минь-Амбань деп аталатын өкілдері арқылы жүзеге асады. Іле округіндегі нақты билік Дао-Инь және әскери күзет инспекторы Чжен-Шоу-Шидің қолында болды. Іле Дао-ині қызметін 53 жасар Чан-Юн-Цин атқарды. Ресейлік барлау материалдарында ол «топас, ұстамсыз, дөрекі, орыс тілінде сөйлей алады, парақор, саудагер» деп сипатталған. Іле Дао-

Ині жанындағы дипломатиялық бюроны басқаратын Джен-Щен-Чун қызметін Джин-Хуа-Тан есімді қытай атқарған. Барлау материалдарында ол «орыс тілін біледі, сыпайы, ұстамды, сауда жүргізеді» -деп сипатталған. Джин-Хуа-Тан Дао-Иньнің уақытша драгомонымен жақсы қарым-қатынаста болған. Бұған қоса патшалық Ресейдің кезіндегі Құлжадағы драгоманы Недачинмен де жақсы қарым-қатынаста болып, онымен бірге СІХК -тің Құлжадағы өкілдігі үшін ресми қытай құжаттарына аудармашы болып істейтіні көрсетілген [150, п.79].

Қытай және Ресей шекара күзеті апиым контрабандасын бақылаған. Барлау мәліметтерінде босқындардың апиым контрабандасына қатыстылығы айтылған. Жыл сайын тамыз айынан қазан айына дейін Құлжаға контрабандаық топтар апиым тасыған. 1924 жылғы мәліметтерде Құлжада белгілі контрабандистер – Қорчи мекенінің қазақ-қырғыздары Қожабек Қашқынтаев және Осман Бактеновтердің келгені айтылады. Контрабандамен айналыстатын топтар қаруларын Ресей аумағында, Қытай жерінде таныс қазақтарға қалдырып келетіні айтылады. Апиым контрабандасының негізгі бағыттар Сүмбе, Нарынқол және Қалжаттан төменгі өткелдер болған. Жаркенттен келетін тараншы контрабандашылары Дубун және Қалжат постылары ақылы, кейбірі Басқұншының жоғары жағынан өткен. Шелектен де жоғарыдағы бекеттер арқылы Іленің оң жағалауымен өткендер болған. Үрімжіден Құлжаға келіп апиым сатып алатындар джиніне (1,5 фунт немесе 700 грамм) 60 тецзден 100 тецзге дейін ұсынған. Құлжадағы негізгі апиым сатып алушы Құлжаның бұрынғы уездік басшысы Лю болған [150, п. 95].

1924 жылдың шілде-қыркүйек айларындағы Іле округінің саяси ақпары атты 1924 жылдың 28 қазанында құжатта босқындардың реэвакуациясына қатысты «түсініксіз жағдай қалыптасқаны» туралы баяндалған. 1924 жылдың шілде айында мұсылмандардың бір бөлігі Кеңес территориясына өткен. Қорғас шекара пунктіне келген босқындарды Қарқара жәрмеңкесі аяқталғанша шекарадан өтуге тыйым салынғаны ескертіліп, көшушілер кері қайтарылған. Ақпар жолдаушы Құлжадағы СІХК өкілі: «Өкілдіктің (Құлжадағы) қытай чиновниктерінің қолынан зорға шығарып алған бақытсыз босқындардың Қорғастан кері қайтарылуының бір фактісінің өзі ашу туғызарлық жағдай.» - деп сипаттайды. Өкілдіктің қызметкері Қорғас шекара бекеті басшысынан босқындардың өткізілмеу себебін сұраған. Шекара бекетінің бастығы «жоғарыдан берілген бұйрық солай» - деп жауап берген. Мән-жай тексерілген кезде БМСБ-нің Жетісу облыстық бөлімшесі отряд басқармасының бастығы шекара коменданттарына босқындарды Кеңес аумағына өткізбеу туралы бұйрық бергені анықталған. Бұл бұйрықтың берілу себебі белгісіз күйде қалған. Бұл мәселе туралы СІХК -тің Алматыдағы агенті Ступниковпен жолыққан өкілдік жауапты қызметкері оның да босқындарды шекарадан өткізбеу туралы бұйрықтың жайынан хабарсыз екенін білген. БМСБ Жетісу облыстық бөлімі бастығы Юргенс бұл бұйрықтың күшін жоюға уәде еткенімен, жағдай өзгермеген. Өкілдік өкілі осылайша көп бейнетпен келген Ду-Дзюна арқылы 3 ай бойына босқындарға тегін рұқсатнама беру туралы келісімнің орындалмағанына өкініш білдіреді. Қалыптасқан жағдайда өкілдікке келіп, Отанына оралу туралы өтінішпен тіркелетін

босқындар легі жағдайдың оң шешілетініне үмітсіздіктен тоқтаған. Өкіл бұл жағдайдың бюрократизмнің кесірінен орын алғанын айтқан [150, п. 96, 97].

Ресей империясындағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс салдарынан және 1918 жылдардағы қызыл партизандар, отаршыл орыс қоныс аударушыларынан көрген қысымнан Батыс Қытайды паналаған Жетісу босқындарының қабылдаушы елдегі жағдайы да мүшкіл болды. 1920 жылдан бастап Түркістан АССР өкімет орындарының босқындарды қайтаруға бағытталған шаралар қабылдауы оларды атамекенге оралуына жол ашты. Босқындар репатриациясы Синьцзян және Кеңестік Россия шекара қызметтерінің кедергісіне ұшырады. Түркістандағы азамат соғысының жалғасуы шекара қызметіндегі әскерилердің босқындарға қарсы қатаң саясат ұстауына мүмкіндік берді. Саяси, азаматтық үкімет орындары мен әскери-шекара қызметінің босқындар проблемасына қатысты позициялары кереғар сипатта болды. Шекара бойында босқындардың мал-мүлкін тәркілеу, оларға оқ ату қалыпты жағдай болды. Осылайша, мұсылман босқындардың Жетісуға оралу талабы Қытай билігінің Синьзянь аймағындағы шекара күзетіне ұстаған 10 мыңға жуық әскерінің, Кеңестік Ресейдің шекара сызығы бойына топтастырған 6 батальон, 6 эскадрон қарулы күштерінің тарапынан болған қысым әсерінен баяу жүзеге асты. Батыс Қытайға аранайы жіберілген босқындар жөніндегі ерекше комиссия уәкілдері мен кеңестік дипломаттар босқындарды Ресей азаматтарының еліне оралуына барынша кедергі жасап баққан Қытай билігінің көзін ала беріп, «бейресми» түрде шекара асуын да ұйымдастырды.

### **1.3 Босқындарға қатысты кеңестік саясат және оның эволюциясы**

Түркістан АКСР-нің жергілікті билік органдары босқындарды елге қайтару және орналастыру мәселесімен айналыса бастады. Босқындарды қайтару туралы бастамалар жедел іске асырылуына мүмкіндік болмады. Жетісуда ақгвардияшыл күштермен азамат соғысы жүріп жатқаны билік құрылымдарының жұмысын қиындатты. 1919 жылдың 15 қазаны күні ТүркОАК президиумы Спешников әзірлеген Жетісудағы саяси және әлеуметтік жағдай талданған баяндаманы тыңдады. Баяндама бойынша жарыссөзде сөйлеген Т. Рысқұлов Жетісудағы басты проблема «қаруланған кулактар» екенін, мұнда Кеңес өкіметін орнатудың басты шарты кулактарды қарусыздандыру екенін атап көрсетті [22, б. 110]. Түркістанда саяси басшылық жүргізген Т. Рысқұлов басқарған Мұсылман Бюросына Қытайға қашып кетуге мәжбүр болған қазақ-қырғыз босқындардан арыздар түскен. Мұсылман Бюросында қаралған арыз-шағымдар Жетісу өңірінде аштыққа ұрынған қазақ-қырғыз босқындарына азық-түлік үшін 6 миллион сом, қазақ-қырғыз босқындардың қираған шаруашылығын қайта көтеру үшін 48 миллион сом, Қытай аумағында әлеуметтік мәжбүрлік салдарынан сатылып кеткен қазақ-қырғыз босқындарының әйел, балаларын қайтадан кері саудалап алу үшін 36 миллион сом көмек бөлу туралы тілектер де болды. ТүркОАК мәжілісінде Т. Рысқұлов жасаған баяндамада босқыншылыққа ұшыраған жергілікті халықты тарихи Отанына қайтару саясатының

басымдықтары айқындалды. ТүрОАК төрғасы 1916 жылғы көтерілістен кейін жер ауып кеткен қазақ-қырғыз босқындарды қысқа мерзімде кері қайтару, босқындардың Қытайдан оралып, бұрынғы мекендеріне орнығуына көмектесу, Ресейдің орталық аумақтарында қолданысқа алынған контрреволюциялық күштерден зардап шеккен азаматтарға көмек көрсету жөніндегі ережені Түркістанда да енгізу, босқындар мәселесін үйлестіру мақсатында жеке құрылым – ерекше комиссия құру ұсыныстарын көтерді [22, б. 111]. Т. Рысқұловтың бұл ұсыныстары 1920 жылдың 20-29 қаңтар аралығында өткен 1 бүкілқазақ кедейлер съезінде қабылданған босқындарды қайтару жөніндегі қаулыға да негіз болды [186, п. 142 (а)].

1920 жылы 3 ақпанда ТүркОАК төрағасы Т. Рысқұлов, іс басқарушысы Шешунов, хатшысы Шакировтар қол қойған Түркістан ОАК-нің №198 бұйрығы қабылданды. Бұйрықтың кіріспе бөлімінде: «Жұмысшы-шаруа үкіметінің патша үкіметінің қырғыз (қазақ) халқын жүйелі және аяусыз түрде жерден айыру, қырғыз (қазақ) жерін оларды билеуші-қанаушыларға алып беру және осындай варварлық тәсілдермен қырғыз (қазақ) ұлтын толықтай жою мақсатындағы қырғыз (қазақ) халқы үшін зиянды, жыртқыш отаршылдық саясатының зардаптарын жою, әсіресе, патша әкімшілігінің 1916 жылы қырғыз халқын бұрынғы патша армиясындағы тыл жұмыстарына еңбекке қабілетті қырғыздарды шақыру сияқты зорлық-зомбылығына қарсы қырғыз халық көтерілісін қанды және қатыгездікпен басып-жаншуының қанды салдарын жоюға қол жеткізу үшін шаралар қабылдауды бірінші міндеті деп санайтыны» - деп көрсетілген [187, б.61]. 1916 жылғы оқиғалар «қырғыз (қазақ) халқының Қытай аумағын қашуына әкеліп, онда барған соң аздаған мал-мүліктерін ғана емес, өз әйелдері мен балаларын құлдыққа беруге мәжбүр болды.» - делінген бұйрықта [183, п. 1]. ТүркОАК осы бұйрық арқылы Жетісу облысы аумағында мынадай шараларды жүзеге асыруға пәрмен берді: «1) Жетісу облысының қатыгез патша жазалаушыларынан қашқан немесе ұлттық араздықтың салдарынан Қытайға немесе басқа жерлерде жасырынуға мәжбүр болған барлық мұсылмандарының ескі жерлеріне толық қауіпсіз күйде оралып, бұрынғы жерлері мен үйлерін тыныш пайдалануы үшін барлық шаралар қабылдансын; 2) жұмысшы-шаруа үкіметінің құзыретіндегі барлық құралдар арқылы ұлттық және таптық топтардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың бұрынғы зорлық-зомбылығын жалғастыруға бағытталған барлық әрекеттері түбегейлі тоқтатылсын.» [187, б.61]. Түркістан АКСР Орталық Атқару Комитетінің осы бұйрығын жүзеге асыру мақсатында қырғыз (қазақ) босқындарын қайтару және орналастыру мәселелерімен айналысатын ерекше комиссия құрылды. Босқындар жөніндегі ерекше комиссия төрағалығына Т. Жанұзақов, мүшелігіне С. Мангельдин, Хохлов және Түрккомиссия өкілі бекітілді. Жаңа құрылым өз жұмысында қырғыз (қазақ) босқындарын орналастыру туралы арнайы нұсқаулықты басшылыққа алатын болды [183, п.1 (а)]. Түркістан АКСР Орталық Атқару Комитетінің органы ретінде босқындар істері жөніндегі ерекше комиссияның құрылуы республика үкіметінің босқындарға көмек көрсетуді одан әрі арттырып, оларды қайтару және орналастыру үшін түбегейлі шаралар қабылдағанын



қуәландырады. ТүркОАК жанынан құрылған ерекше комиссия Қытайдағы босқындарға көмек көрсетуді ұйымдастырып, оларды елге қайтаруды дайындауды көздеді. Осылайша, Патша билігінің қатыгез басқыншылығынан жасырынуға мәжбүр болған немесе ұлттық өшпенділік салдарынан Қытай шекарасын асып кеткен Жетісу өлкесінің барлық мұсылмандары өздерінің бұрынғы жерлеріне толық қауіпсіз және бейбіт толықтай оралып, өз жерлерін бейбіт түрде пайдалана алуына жағдай туғызуға тиіс болды [188, б. 93].

Босқындар мәселесін шешу жұмысына үлкен көңіл бөлінгенін осы комиссияның кейбір мүшелерінің әскери қызметтен қайтарылғанынан аңғаруға болады. ТүркОАК босқындар жөніндегі ерекше комиссия құзыретін барынша күшейтіп, жер комиссары, халық шаруашылығы кеңесі сияқты құрылымдардың жаңа комиссияға барынша көмектесуін міндеттеп, босқындар комиссиясына кедергі келтіргендерді революциялық трибунал алдында жауапқа тартуды ұсынды [64, б. 149, 207].

Батыс Қытайдағы босқындар мәселесімен айналысатын құрылымдардың құқықтық мәртебесі бірыңғай болған жоқ. Синьцзян аумағында большевиктік өкіметті мойындамайтын бұрынғы Ресей империясының дипломатиялық мекемелері әлі де жұмыс істеп жатты. 1920 жылы 8 наурызда Жетісу облыстық мұсылман бюросына Құлжа қаласында кеңестік үгіт-насихат жұмыстарымен айналысқан солшыл Иннахун Зайналовтың хабарламасында Қытайдан босқындардың Түркістанға оралуының ағымдағы жағдайдағы ахуалы сипатталған. И. Зайналовтың көрсетуінше, 1920 жылдың 2 ақпан – 10 наурыз аралығында Чипандзе мен Құлжадан дүнген, сарт, қырғыз, тараншы, татарлар біріккен 500 босқын түтін бұрынғы мекендеріне қайтқан. Босқындардың арасында Кеңестік Ресейге оралуға ниеттілер жеткілікті. И. Зайналов өз хатында Ресейдің ескі елшілік қызметкері, Құлжадағы Патшалық Ресей консулы болған В. Любаның босқындардың арасында кері үгіт-насихат жүргізіп, реэмиграцияға кедергі келтіріп жатқанын көрсеткен. И. Зайналовтың хатында Синьцзяндағы кеңеске қарсы күштердің адмирал А. Кольчак үкіметіне босқындар мәселесімен көмек көрсету туралы өтінішпен шыққан миссиясының жай-жапсары баяндалған. И. Зайналов А. Кольчак үкіметі босқындарға көмек ретінде берген қаржыны Құлжаға ақгвардияшыл генерал Карцов, Құсайынбек Юнусов әкелген. Босқындарға арналған Кольчак үкіметі берген қаржының 500 000 сомы генерал Карцов, Баранчук, полковник Сидоровтар пайдаланып, босқындарға алдағы уақытта Омбыдан әкелінетін 1 миллион 500 мың сом қаржыны тарататынын жеткізген. И. Зайналов хатында ақгвардияшыл күштердің әрекеті, түрлі кеуесаттар босқындардың Отанынына оралу процесіне кедергі келтіріп жатқаны баяндалған. И. Зайналов күрделі ахуалға қарамастан күніне 15 адамға босқын қуәлігі таратылып жатқанын, оралушы босқындардың жол азабын, көлік жетімсіздігін тартып жатқанын, босқындар жөніндегі ерекше комиссия өкілі жылдам келмесе, жазғдайдың бұдан да әрі шиеленісетінін хабарлаған [189, п. 50]. И. Зайналовтың большевиктік өкіметтің өкілі ретінде Синьцзяндағы босқындармен жүргізген жұмысына Құлжадағы орыс консулдығына басшылық жасауын жалғастырған Р. Люба барынша кедергі жасаған. Бұрынғы Патшалы

Ресей консулы Р. Люба өзінің Қытай Дао-Иніне 1920 жылдың наурыз айында жазған № 151 хатында «большевиктік агент» И. Зайналовтың іс жүргуге қатыстырылғанына наразылық білдірген. Р. Люба қытай чиновнигі Сяо-чанның И. Зайналовпен жұмыс істегеніне қарсы шыққан. Р. Люба қалыптасып отырған жағдайда Қытайдың үкіметі мен Пекиндегі Ресей елшісі большевиктермен қандай да болмасын байланыс орнатпағанын тілге тиек етеді. Р. Люба мұндай жағдай Іле шекаралық округі Дао-инінің құзырынан бөлек орын алып отырғанына өкініш білдірген [189, п. 49].

Жаңа құрылған босқындар жөніндегі ерекше комиссия төрағасы Т. Жанұзақов Ташкенттен Верныйға кешігіп келген. Жетісу облыстық әскери-революциялық комитеті жауапты қызметкері Юсупов 1921 жылың 19 наурызда комиссия жұмыстарымен Пішпекке аялдаған Т. Жанұзақовқа босқындар мәселесіне шешу үшін тезірек Верныйға келуін сұрап, жеделхат жолдаған [190, п. 104]. Т. Жанұзақовтың Верныйға жедел жетуін сұраған тағы бір жеделхат Меркеге де жолданған [190, п. 124]. Босқындар жөніндегі ерекше комиссия басшысының Жетісуға әлі жетпегені, тиісті жұмыстар басталмағаны туралы Юсуповтың кезекті жеделхаты 20 наурызда Ташкентке, ТүркОАК-не де жіберілген [190, п. 121]. Верный қаласына келіп, жағдаймен танысқан Т. Жанұзақовтың арнайы жеделхаты 1920 жылдың 30 наурызында ТүркОАК-де талқыланған. ТүркОАК мәжілісі босқындардың қалған жерлерін жаңа иелері – орыс шаруаларынан қайтарып алып, жүргізілген құрылыстарына қарамай, бұрынғы иелеріне қайтару шешілді [22, б. 170]. 1920 жылы 16 наурызда Түріккомиссия басшысы Ш. Элиава, Түркістан майданын басқарушы М.В. Фрунзе және ТүрікОАК төрағасы Т. Рысқұлов Жетісу облысы тұрғындарына арнайы үндеу жариялады [191].

Қытайдан қазақ-қырғыз босқындарды қайтару жұмыстарын жүргізу мақсатында Құлжада ерекше комиссияның бөлімшесі – кіші комиссия құрылды. 1920 жылы 22 наурызда ТүркОАК босқындар жөніндегі ерекше комиссиясы жиналысында Құлжадағы бөлімшенің есебі тыңдалды. Мәжіліс қаулысымен Қашқар, Құлжадағы босқындар жөніндегі комиссия бөлімшелерінің әрқайсысына 10 бума мата, 100 пар аяқ киім, 400 пар мәсі, 200 тақия, 13 фут кір сабын, 15 пұд жидек шәйі, 30 пұд кішміш босатылды. Қытай өңірлерінен құлдыққа сатылған босқындарды кері қайтарып сатып алу мақсатында 2,1 млн Николай сомы, 2,1 Керенский ақшасы, 1 миллион Кеңестік сом, Кеңестік Ташкент боны түрінде қаражат бөлінді. Кіші комиссиялардың ұйымдастыру жұмыстарына 10 миллион сом бөлек берілді [183, п. 80]. Босқындар жөніндегі ерекше комиссиясы Құлжа бөлімшесі Түркістан сыртқы байланыстар бөлімі мен СІХК уәкілетті өкілімен бірге жұмыс істеді. 1920 жылы 11 тамызда Құлжадан Текеске қазақ-қырғыз босқындар ішінде олардың Кеңестік Ресейге оралуының мәселесі бойынша үгіт-насихат, түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін А. Нарботин жіберілді [168, п. 16].

1920 жылы 31 наурызда Түркістан өлкелік партия комитетінде Жетісу облысы ахуалы талқыланып, осы жиналысты Т. Рысқұлов Жетісу өңірі бойынша тезистерін баяндады. Жетісу облысындағы жағдай туралы 17 бапты құраған

тезистер өңірдің отарлық кезеңінен бергі әлеуметтік, саяси ахуалының мәселелерін қамтыды. Т. Рысқұлов тезистерінің VIII – бабында 1916 жылғы көтерілістен кейін Жетісуді мекендеген көшпелі халық бүліншілікке ұшырап, қырылғаны, Патша билігі жазалау отрядтарынан қашып, Қытайға өткені атап көрсетілді.

Т. Рысқұловтың жетекшілігімен ұйымдастырылған ерекше комиссия жұмысында Қытайдан оралуға мүдделі босқындардың көп болуы қаржылық шығындарды талап етті. 1920 жылы 31 наурызда С. Мангильдин Ташкентке ТүркОАК төрағасы Т. Рысқұловқа жеделхатында ерекше комиссияның Құлжа бөлімшесіне бөлінген қаржыдан 14 миллион сом ғана қалғанын, қазақ-қырғыз босқындардың көптігі ауыр жағдай қалыптастырып отырғанын, қаражат жағынан дереу көмек жіберілмесе, босқындарды қайтару жұмыстары тоқтап қалу қаупі бар екенін ескерткен [192, п.4].

1920 жылдан Сынцзяндағы Жетісулық қырғыз босқындар арасында ерекше комиссияның үш адамнан тұратын бөлімшесі жұмысын бастаған. Босқындар жөніндегі комиссияның өкілі Камал Шабданов құлдыққа сатылған адамдарды қайтару бойынша Пекиндегі Қытай орталық үкіметімен келіссөздер бастау үшін Ресейге оралған соң, оның қырғыздардың арасындағы жұмысы тоқтап қалған. Бұл туралы Қытайдағы қырғыз өкілдерінің Кеңестік өкімет орындарына жолдаған хатында босқындар жөніндегі комиссияның өздерін «ұмытып» кеткені баяндалған [193, п.16].

Қытайдан қазақ-қырғыз босқындарды Жетісуға қайтару жөніндегі ерекше комиссия белсенді қызметі өңірдегі топталып қалған проблемалардың көптігін көрсетті. 1920 жылдың 11 сәуірі күні Жетісу облыстық әскери ревкомы облыстық және уездік өкімет мекемелерінің ТүркОАК жанынан бұрылған ерекше комиссиясымен экономикалық тұрғыдағы байланысын қарады. Жиын қабылдаған қаулыға сай, ТүркОАК жанынан құрылған босқындарды орналастыру комиссиясының керегіне сәйкес қана товар мен қаржы бөлу ұйғарылды [194, п. 42, 42 (а)]. Талқылаулардың сипатынан Жетісу обләскериревкомының ТүркОАК босқындар жөніндегі комиссияны көзге ілмеушілігі көрінді.

Көп ұзамай ТүркОАК босқындар жөніндегі ерекше комиссиясы жұмысы Жетісудағы шовинистік пиғылдағы күштердің қарсылығына тап болды. 1920 жылы 5 мамырда Жетісу обләскерревкомы босқындар жөніндегі ерекше комиссия төрағасы Т. Жанұзақовты тұтқынға алды. Қазақ-қырғыз босқындары жөніндегі ерекше комиссия басшысының қамауға алынуы Жетісудағы ұлтаралық қарама-қарсылықты шиеленістіріп жіберді. 16 мамырда Верныйда РК(б)П Жетісу обкомының тапсыруымен қалалық партия комитеті шұғыл мәжілісі шақырылды. Мәжілісте Верный қалалық партия комитеті хатшысы Кондрукшин мен соғыс комиссары Шигабудиновтар сөз сөйлеген. Алдымен сөйлеген Кондрукшин Т. Жанұзақовтың жинақталған материалдар негізінде тұтқындалғанын, ерекше комиссия қызметкерлері Юсупов, Қашқынбаевтардың үйлері тінтілгені Жетісу мұсылман коммунистері тарапынан дүрлігу туғызғанын баяндады. Кондрукшин қайшылық ұлтаралық сипатқа ұласып, Верный дүнген

слабодасы партия ұяшығы Т. Жанұзақовты тұтқыннан босатылмаса, мұсылман саяси қызметкерлер қызметтерін тастау туралы үндеу қабылдағанын, сырт көзге орыс партия қызметкерлері мұсылмандарды биліктен ығыстырып жатқандай көрінгенін айтты [195, п. 40 (а)].

Әлеуметтік тегі қырғыз манабының жанұясынан шыққан Төрөкұл Жанұзақов босқындар жөніндегі ерекше комиссия жұмысын жүйелі атқарып жатқанында өңірдегі отаршыл күштер Түріккомиссия эмиссарлық органын пайдаланып, оны қызметтен шеттеткені туралы Т. Рысқұлов өзінің 1921 жылдың 19 наурызда РКФСР ХКК төрағасы В.И. Ленинге жолдаған Түркістан мәселелеріне арналған саяси баяндамасында көрсетеді. Т. Рысқұлов Т. Жанұзақовтың босқындарды Қытайдан қайтару бағытында біршама жұмыстарға ұйытқы болғанын, жергілікті халықтан осы мақсатта ондаған жүз пұд бидай жинап, босқындарға арнап егіндік алқаптарына тұқым сепкенін баяндап, оның оқыстан қызметінен шеттетілуі оң бастамаларды тоқтауына алып келгеніне тоқталған. Т. Рысқұлов, сондай-ақ, Г.И. Сафаровтың Т. Жанұзақовты негізсіз тұтқындауы оның қарулы басмашы топтары тарапына кетіп қалуына әкелгенін де көрсеткен [196, п. 185 (а)]. Төрөкұл Жанұзақовтың кейінгі тағдыры шырғалаң оқиғалардың шырмауында қалды. Басмашы қарулы топтарында жүрген Т. Жанұзақов Коминтерннің Түркістан бюросында қызмет атқарған Н. Төрөкұловқа арнайы хат жазып, өзінің Кеңес билігіне қарсылықты доғару туралы ойы бар екенін, өзінің Кеңес өкіметі жағына шығуы үшін Г. Сафаров пен С. Қожановқа қару-жарақсыз Жалалабадқа келу шартын қойған. Жағдай басқаша өрбіп, Избаскентке қызыл әскерлер шабуылы кезінде қолға түскен Т. Жанұзақов басмашы топтар Базарқорғанға шабуыл жасаған уақытта белгісіз жағдайда қаза тапқан. Бұл мәліметтер РМӨСТА қорында сақталған Н. Төрөкұловтың Г. Сафаровқа өз қолымен жазған хатында баяндалады [197, п. 49 (а)].

Ресейдегі саяси тартыстардың босқындар мәселесіне әсері әрқилы болғанын Т. Жанұзақовпен қатар Құлжада бұрынғы Патша билігінің консулы В. Любаның тағдырынан да көруге болады. Кеңестік өкілдердің қысымымен 1920 жылы В. Люба Құлжадан Пекинге кетуге мәжбүр болды [72, б. 150].

Босқындар жөніндегі ерекше комиссия шекара бөлімшелері қызметіне кірісіп, 1920 жылы 9 мамырда Қалжат бөлімшесі ашылды. Қалжаттағы босқындарды қабылдау бекеті ашылып, бөлімше меңгерушісі С.Н. Құлшанов, іс жүргізушісі А.Е. Останин, шаруашылық бойынша З.Сайфулин, агент А.Кулов, емдеу шаралары бойынша көмекші С.С. Варламов, мейірбике М.Г. Канавина, күзетшілер П. Осинин, М. Верхошански, жалпы саны 8 адамнан тұратын құрам жасақталды [189, п.94, 95].

Арнайы қабылданған нұсқаулыққа сай, Қытайдан кері оралған босқындарға тұқымдық қор беру шешілді. Болыстық босқындар жөніндегі комиссия мен болыстық ревкомдарға босқындар отбасының жұмысқа қабылетті адам санын тізімдеп, көмекке зәру кедей босқын отбасылардың арнайы тізімін жасау тапсырылды [183, п. 39]. Жетісу аумағына Қытайдан оралған босқындарды қабылдау және көмек беру туралы арнайы нұсқаулықта олардың екі категориясы айқындалды. Олар 1916 жылғы көтеріліске орай елден кеткендер мен 1918-1920

жылдары ақгвардиялық күштер бүліншілігіне ұшырап, босып кеткендер. Босқындар Қытай үкімет орындары, болмаса РКФСР Қытайдағы өкілдерінен өздерінің босқын категориясына жататынын айғақтайтын құжат негізінде қарсы алынатын болды. Нұсқаулықта босқындардың жеке тұлғасын айғақтайтын құжаты болмаса, онымен бірге оралушылар құжаты негізінде тіркелу мүмкіндігі берілді. Босқын жалғыз-жарым қайтқан жағдайда оның жеке тұлғасы сұхбаттасу, бұрынғы қонысын анықтау тәсілдерімен анықталуға жатты. Осы нұсқаулықтың талабы бойынша босқындар арнайы тіркеуге алынып, оларға ары қарай сапарында берілген көмек түрін анықтап жазылған арнайы анықтама берілді. Босқындарды қабылдау кезінде медициналық тексеру ұйымдастырылды. Жұқпалы аурулар қаупі анықталғандар таяу тұрған емдеу орындарына жөнелтілді [198, п. 47].

Шекарадан өтіп келген босқындар уездік ерекше комиссияларына арнап дайындалған нұсқаулық бойынша негізгі 4 категорияға сараланды. Бұлар: 1) жеке, отбасы жоқ босқындар, 2) отбасы, қосымша киіз үйлері барлар, 3 ) киіз үйлері бар, бөгде құрал-саймандары жоқтар, 4) киіз үй, отбасы, еңбек құрал-саймандары бар босқындар [198, п. 2].

Кеңес билігінің Қытайдағы босқындар мәселесін оң шешуге тырысуына Синьцзяндағы ақгвардияшыл топтардың шоғырлануы әсер еткенін ресейлік тарихшы Н. Аблажей де атап көрсетеді [69, б. 24]. Синьцзянның кеңеске қарсы әскери топтардың қонысына айналуы Қытай мен Кеңестер елін бірдей мазасыздандырды. Ресейлік зерттеуші В. А. Барминнің есептеуінше Синьцзяндағы ақгвардияшылардың мөлшері 1921 жылдың көктеміне қарай 50 мың солдат, офицер, босқындарды құраған [63, б. 43]. 1921 жылдың мамыр айының 9-да Тарбағатай округіне кеңес қарулы күштерінен қашқан Новиковтың отряды келді. Қытай билігінің қарусыздану туралы талабына бой ұсынбаған П. А. Новиков отряды А.С. Бакич әскеріне барып қосылды. Тарбағатай округінің дудун (әскери губернатор) Дзян Сян мазасыздық туғызған ақгвардияшыл қосындарға қарсы көмек сұрап, кеңестік Түркістан майданы басшылығына өтініш жолдаған [63, б. 56]. 1921 жылы 17 мамырда Түркістан майданы қолбасшылығы мен Синьцзян өкіметі арасында П.А.Новиков пен А.С. Бакичтің ақ гвардияшы бөлімшелеріне қарсы бірігіп күрес жүргізу мақсатында Қытай территориясына Қызыл Армияны енгізу туралы келісім шарт жасалды [63, б.57]. Түркістан майданының қолбасшылығы Синьцзянда ақ гвардияшылар жойылғаннан кейін Қызыл Армия әскерлерін Кеңестік Ресей аумағына дереу шығару міндетін алды. 1921 жылы мамыр-маусым айларында Шәуешек операциясының нәтижесінде А.С. Бакич тобы жеңілді, бірақ ақ гвардияшылар белгілі бір күштерді сақтап, Алтай аймағына аттанды. Қызыл Армияның бөлімдері бірден Қытай жерінен шығарылды [63, б. 57-59]. Бұл оқиғалар Кеңестік Ресей мен Қытай арасында өзара тиімді қарым-қатынас орнатуға оң әсерін тигізді. Сонымен бірге ақ гвардияшылар әскерінің бір бөлігінің Синьцзянда сақталуы Қытай билігін алаңдатып, ақ гвардияшыларды әлеуметтік базадан айыру үшін Қытай билігі кеңестік тарапқа босқындар мен ақ

гвардияшыларға рахымшылық жариялап, олардың Ресейге оралуына рұқсат беруді ұсынды [63, б. 60].

Синьцзян билігінің босқындарды РКФСР-ға қайтаруға мүдделілігінің тууы мәселенің мемлекетаралық аспектіде шешілуіне жол ашты. 1920 жылдың 27 мамырында Құлжа қаласында кеңестік және Синьцзян өкілдерінің кездесуі нәтижесінде Қытай аумағындағы казактар мен босқындарды Кеңестік Ресейге қайтару жөніндегі арнайы хаттамаға қол қойылды. Іледегі хаттамаға РКФСР сыртқы байланыс бөлімі өкілі П.Е. Лимарев, сыртқы сауда бөлімі өкілі А.Р. Левитас қол қойса, Қытай тарапынан Іле округі дао-ині, дипломатиялық чиновнигі Сюй Го-дженъ, дипломатиялық бюро бастығы Му-Вей-тун, дипломатиялық бюро драгамоны Чинь-лянь Гуаргия қол қойды. Іле хаттамасы орыс-қытай ортақ комиссия мәжілісі негізінде жасалды. Іле хаттамасында босқындарға қатысты Түркістан майданы қолбасшылығы кеңеске қарсы әрекеттерге қатысқан азаматтардың барлығына рахымшылық жасалғанына байланысты Кеңестер жағы босқындарды қабылдаса, Қытай тарап олардың қайтуына байланысты шараларды жүзеге асыруға міндеттенетіні көрсетілді [102, б. 547-548]. Синьцзяндағы саяси жағдайдың қалыптатылуына 1912-1928 жылдар аралығында өңірдің губернаторы Ян-Цзен-син жүргізген жағдайға бейімделгіш саясаттың әсері болды [65, б.87]. Кеңес тарабын Синьцзянның Іле аумағындағы жағдай туралы мағлұматтармен қамтамасыз етіп отырған М. Зайналов 1920 жылы 8 маусымда жіберген құпия хатында түркістандық босқындардың Кеңес елінде жағдайлары қалай болатынына алаңдаулы екенін, босқындардың қайтуын ұйымдастыруға келген кеңестік уәкілдерге сенімдері аз екенін көрсеткен [199, п.77]. М. Зайналов Синьцзяндағы ақгвардияшыл босқындардың Кеңес билігіне сенімін арттыру үшін ақтардың өкілдерінің Жетісуға сапарын ұйымдастыруды, Синьцзянда үгіт-насихат және ақ офицерлер ұйымдарын бақылауда ұстау үшін құпия түрде қызмет атқаратын арнайы ұйым құруды ұсынған [199, п.77(a), 78].

Алғашында Түркістан Орталық атқару комитеті жанынан құрылған босқындар жөніндегі ерекше комиссия ұйымдастыру тұрғысынан өзгеріп, Түркістан АКСР ХКК-не бағындырылды. Түркістан АКСР ХКК төрағасы И. Любимов 1920 жылы 17 шілдеде бекіткен № 1968 нұсқау бойынша ерекше комиссия: 1) Қытай өкімет орындарымен қазақ-қырғыз босқындарының туған жеріне оралу мүмкіндігі жөнінде, босқындар отбасынан сатылып кеткен балалар мен әйелдерді қытайлықтардан қайыра сатып алу турасында келіссөздер жүргізу; 2) Патша билігі күштеген себепті немесе өз алдарына қоныс аударып кеткен босқындардың еңбек құрал-жабдықтары, егін алқаптары, басқа мүліктердің байырғы егелеріне қайтарылуына күш салу; 3) оралушы босқын отбасыларға қаржы, күш-көлік, тамақ, киім-кешек сияқты алғашқы жәрдемдер беру; 4) Қытай азаматтарының құлдығында қалған әйелдер, балаларды мемлекеттің қаржысымен қайыра сатып алу сияқты құзыреттерді иеленді [183, п.64(a)]. Құрылымдық өзгерістер ерекше комиссияның Жетісудағы құрамына да өзгеріс енгізді. 1920 жылы 4 тамызда Түркістан АКСР ХКК босқындарды орналастыру бойынша ерекше комиссия төрағасы Хохлов Верныйға келіп, төраға міндетін

атқара бастағанын, ерекше комиссияның бұрынғы басшысы С. Мангильдиннің комиссия мүшесі ретінде қалдырылғанын өзінің № 50 бұйрығы арқылы жариялаған [163, п. 50 (а)].

Ерекше комиссияның бөлімшелері тиісті қаржылық қамқорлықта болды. Жаркент уездік ерекше комиссия төрағасы осы бөлімшенің уәкілі Крохинге 1920 жылы 6 қыркүйек күні жолдаған № 1139 нұсқауы арқылы 2 млн 500 210 сом Николай валютасы, 81 сом 66 тыйын Керенский ақшасы, 51 Қытай тезасы, сонымен бірге 1 миллион сом кеңестік ақша берілгенін көрсеткен [168, п. 128]. Деректер қомақты қаржы сомасының Құлжаға жеткізілгенін айғақтайды. Уездік ерекше комиссиясына қаржы халық банкімен берілген. Жаркент қаласына жіберілген 10 миллион сом кіші комиссия төрағасына жолданған [168, п. 169]. Есеп құжаттарында Синьцзянға қарасты Текес ауданында ғана босқын отбасыларға 31640 қой, 787 ірі қара, 717 жылқы берілгені көрсетілген [168, п. 210].

Синьцзяндағы орыс босқындардың жағдайы айтарлықта жақсы болғанын көруге болады. Құлжа мен Шәуешектегі Ресей азаматтарының орыс-мұсылман қоныстарында өзін өзі басқару құрылымдары болды. 1920 жылдың 9 қазанында Синьцзянда орыс диаспорасы ортасында Орыс шанхойы атты тағы бір өзін өзі басқару ұйымы құрылды. Жергілікті орыс көпестері мен орыс диаспорасының ауқатты өкілдерінің қаржылық көмегімен жұмыс істеген жаңа ұйым орыс босқындарына материалдық және медициналық көмек көрсетумен айналысты. Босқындарға көмек ұйымының төрағасы Құлжадағы Орыс-Азиялық банкінің бұрынғы директоры С. П. Дукович басқарды. Орыс шанхойы ұйымының қызметі бара бара Синьцзяндағы кеңес өкіметінің өкілдеріне қарсы саяси сипатқа ұласуының себебінен 1922 жылы Қытай өкіметі тарапынан жабылды [70, б. 90-91].

Босқындар жөніндегі ерекше комиссия қызметі нәтижесінде Қытайдан оралған босқындардың статистикасы жүйеленбеген. Босқындардың саны туралы мәліметтер жекелеген шекара бекеттері бойынша ғана жинақталған. Жаркент уездік ерекше комиссиясы Қытайдан өтіп келген босқындар саны жөнінде есептерді ТүрККСР статистика мекемесіне жолдаған. Жаркент уездік комиссиясы іс жүргізушісі Зариф Халитов 1920 жылдың 19 сәуірінен 20 шілде арасында Жаркент арқылы 995 еркек, 679 әйел адамнан құралған 380 босқын түтіні 526 жылқы, 12 түйе, 242 сиыр, 29 бұқа, 5 есек, 100 ешкі, 507 қой, 5 кигіз үймен өткенін куәландырған. Қалжат бекеті арқылы 1243 ерлер, 1029 әйел бар 792 босқын түтін 796 жылқы, 20 түйе, 20 есек, 779 сиыр, 201 бұқа, 487 ешкі, 2414 қошқар, 171 кигіз үй алып өткен. Есепте 1920 жылғы Верный бүлігіне байланысты босқындар көші саябырсығаны ескертілген [192, п.25]. Қалжаттағы кіші комиссия арқылы 1920 жылдың 10 тамызы мен 1921 жылдың 1 қазаны аралығында 403 отбасы, 63 жалғыз адам, жинақы мөлшері 1989 адам өткен. Қалжат арқылы Жетісуға өткендер Жаркент, Прежевальск, Алматы, Пішпек, Нарын уездеріне қоныстанған [200, п.7].

Түркістан ОАК-нің босқындарды қайтару және орналастыру жөніндегі бастамаларын Кеңес әскери күштері тарапынан қолдау таппады. Түркістан

майданы штабы барлау қызметі 1920 жылдың 1 қыркүйегіндегі барлау бюллетенінде босқындар жөніндегі ерекше комиссия мемлекет ауқымындағы мүмкіндіктерге қарамастан, қырғыздар (қазақтар) нөпірін материалдық жағынан қамтамасыз ете алмай отырғаны үшін сынаған [199, п.19]. Негізінен европалықтардан жасақталған кеңестік шекара күштерінің босқындарға қысым көрсетуі жиілеген. 1921 жылы 19 сәуірде Тақты шекара бекеті жанында оралып жатқан босқындарға Глиновка (Қарабұлақ) селосында орналасқан солдаттар шабуыл жасап, әртүрлі бұйымдарын тартып алған. Бассыздыққа төзбеген босқындар қайтадан Қытайға асып кеткен [201, п.34].

Шекаралық аудан санатындағы Лепсі уезінде Қытайдан оралушы босқындарды қарсы алумен уездік ерекше комиссия айналысты. Лепсі бойынша босқындар Бақты қабылдау бекеті арқылы шекарадан өтті. 1921 жылғы 14 маусымда Бақтыдағы Лепсі ерекше комиссиясында Сүлеймен Күдербеков басқарған 14 қызметкер қызмет еткен [202, п. 110]. 1921 жылы 24 қаңтарда Шынжы болыстығына ерекше комиссия өкілі ретінде Ж. Күдерин жіберілген [203, п. 5].

Босқындар жөніндегі ерекше комиссияның құрылғанына 1 жыл екі ай өткеннен кейін 1921 жылы 29 мамырда комиссия қызметін реттейтін нұсқаулық жаңа редакцияда қабылданды. Жаңа құжатқа сәйкес шекара маңайындағы уездерде Қытайдан оралатын босқындарды қабылдап, тамақтандыратын орындар ашылды. Тамақтандыру пункттері 1916 жылғы көтеріліс және 1918-1920 жылдардағы ақгвардияшыл күштердің бүліншілігінен зардап шеккен босқындарды Қытай билігі немесе РКФСР-дің Қытайдағы өкілдігі берген куәліктер негізінде қабылдайтын болды. Жаңа нұсқаулықта бұрынғы нұсқаудың негізгі талаптары сақталып, босқындарға берілетін көмек нормалары анықталды. Ересек босқынға тәулігіне 450 сом, 10 жасқа толмаған балаларға 225 сом ақша берілді [198, п. 28, 28 (а)]. ТүркОАК № 183 - шешімімен Қытайдан келетін босқындардан азық-түлік салықтары алынбайтын болды [198, п.4]. 1920 жылдың қыркүйегінен ТүркОАК шешімімен Жұбаныш Бәрібаев босқындар жөніндегі ерекше комиссия төрағасы қызметіне кірісті [15, б. 31]. Ж. Бәрібаевтың басшылығымен өткізілген Жетісу облыстық партия ұйымы съезінде босқындар мәселесін жеке қаралып, тиісті қарар қабылдады. Лепсі, Қапал, Жаркент уездерінде аштық белгілерінің байқалуы босқындардың жағдайын мүшкіл етті. Жетісу облысына қарасты Пішпек, Прежевальск, Нарын, Алматы уездерінде азық-түлік бойынша жетімсіздік болмағанымен, босқындарды тұрмыстық заттармен, еңбек құрал-жабдықтары тапшы болып, кей жерлерде босқындардан алым жиналған жағдайлар орын алды. Босқындар жағдайын талқылаған облыстық партия ұйымы съезі қарарына Ж. Бәрібаев, Хохловтардың қолы бар [198, п. 7]. Осы облыстық съезде босқындар жөніндегі комиссияның Қытай жеріндегі қызметінің есебі тыңдалып, осы уақыт үшін маңызы зор қаулылар қабыл алынды. Ерекше комиссияның басты міндеті ретінде Қытайда құл ретінде саудаға түскен босқындарды кері сатып алу және бұрынғы тұрғылықты жерлеріне аттандыру белгіленді. Бұл мақсатта мұсылман босқындар бар Қытай аймақтарының бәрінде комиссия өкілдіктерін ашу көзделді. Осы жиынның



қарарының 4 – пунктіне босқындардың таптық өзгешеліктеріне қарамай көмектесу ұстанымы босқындар жөніндегі ерекше комиссия өкілдіктеріне босқындардың түрлі топтары өкілдерін әлеуметтік жағдайына қарамастан, босқындардың сеніміне ие өкілдерді кіргізу түрінде көрсетілді [198, п. 7]. Арнайы қабылданған циркуляр өкім арқылы ерекше комиссия бөлімшелеріне босқындардың өз өкілдерін енгізу шешілді.

Қайта оралған босқындар үшін өздері елден қашып кеткенде қалдырған жерлері, дүниелері, малын қатадан иелену ерекше маңызды саналды. 1921 жылы 3 ақпанда Жетісу обләскериревкомы № 10 бұйрығы негізінде 10 ақпан-1 наурыз аралығы 1916-1920 жылдары жергілікті халықтан тонап алынған мүліктерді заңды иелеріне қайтарудың шекті уақыты ретінде белгіленді. Осы бұйрықта босқындардан күшпен алынған мал-мүлік межеленген уақытта қайтармағандардың мүліктері тәркіленіп, Түркістан аумағынан тыс жерлерге жер аудару жазасы белгіленді. Бұйрықты Жетісу обләскериревком төраға орынбасары А. Позднышев бекіткен [186, п. 142-143]. 1 наурыз күні осы обләскериревкомның № 10 бұйрығының орындалуы жөнінде нұсқаулық қабылданды. Құжатта босқындардан тартып алынған дүние-мүлікті қайтаруды 1921 жылдың 1 наурызынан кейінге жылжытуға болатыны ескертіліп, босқындар мал-мүлкі заңды иелеріне емес, ерекше комиссия бөлімдеріне қайтарылатын болды. Нұсқаулыққа обләскериревком төраға орынбасары А. Позднышев және ерекше комиссия төрағасы Ж. Бәрібаев қол қойған [204, п. 31]. Босқындардан тартып алынған меншікті қайтару туралы Жетісу обләскериревкомы № 10 бұйрығы жергілікті халықтың мүлкін иеленген топтар қарсылық білдірді. Новороссийск селосы шаруалар тобы БОАК төрағасы А. Енукидзенің атына 1921 жылдың 3 ақпандағы № 10 бұйрықтың жою жөнінде арыз жолдаған. БОАК президиумының жиналысында қаралған арыз мәселенің мәнісін қарау талабымен ТүркОАК жіберілген [204, п. 111]. Осы кездегі Жетісу обләскериревкомының жергілікті халықтың мүддесін қорғау бойынша бастамалары мұнымен шектелмеді. 1921 жылдың 14 ақпанында шыққан № 14 бұйрық Түркістан АКСР-не қарайтын Жетісу облысының қазақ-қырғыз, тараншы, дүнген халықтары үшін аптаның жұма күнін демалыс ретінде жариялады [186, п. 144]. 1921 жылдың сәуірінен бастап уездік ерекше комиссияның құрылымдық бөлімшесі болыстарда да құрылатын болды. Болыстық ерекше комиссия құрамын босқындардың 2 өкілі, болыстық коммунистердің 1 өкілі толықтырды [205, п. 2]. Қытайдан оралған босқындарға тиесілі жер, дүние-мүлікті қайтару талабы аймақтағы әлеуметтік қайшылықты шиеленістіре түсті. Болыстық ерекше комиссияға азаматтық қарсы тұру кезінде иелері тастап кеткен жер телімдері, үйлер, малды қайтаруды талап еткен арыздар көптеп түсті. Мүліктерін даулаушылар тек мұсылмандармен шектелмеді. Черкасск болыстық ерекше комиссиясына Лепсі қаласына оралған Кулемин есімді босқын Каргалов селосындағы Анна Пашланованың иелік қылып кеткен сиырын сот үкімі шыққанына қарамастан, қайтармай отырғанына арызданған [206, п.15,15(a)]. Шығарылған сот шешімдеріне қарамай, босқындарға тиесілі мүліктердің, малдың қайтарып берілмеуі жиілеп кеткен себептен Жетісу

облэскериревкомы өзінің № 64 бұйрығымен 3 ақпандағы № 10 бұйрықты елемейтіндер революциялық кезең заңдарымен сотқа берілетінін ескертті [207, п.33]. Шекарадан өткен босқындардың саны туралы мәліметтер шекара бекеттеріне орай жинақталғанын жоғарыда айттық. 1921 жылы мамыр айының 4-31 аралығында Лепсі қабылдау бекеті арқылы 885 адамды құрайтын 362 босқындар отбасы өтіп, олардың 833-і азық-түлік, мануфактура өнімдерімен қамтылған болса, 52 адам атамекендеріне жіберілген [208, п. 8]. Ал Бакты қабылдау бекеті арқылы 1921 жылғы 1-20 қыркүйек аралығында 254 адамы бар 79 босқындар отбасы өткен [208, п. 47].

Жалпы алғанда талданып отырған кезеңде Түркістан мен Қырғыз (Қазақ) АКСР-не келген босқындар саны туралы мағлұматтар біркелкі емес. Ресей тарихшысы Ф. Синицин қырғыз зерттеушісі Б. Байбулатовтың зерттеу қорытындылары негізінде 1917-1921 жылдары Қытайдан жалпы саны 30 000 адам оралған деп түйіндейді [68, б.37]. Ал РКФСР-дің Құлжадағы консулы қызметін атқарған Д. К. Вазонов 1920-1923 жылдар аралығында Орынбор, Жетісу, басқа губернияларға казактар мен ақгвардияшылардан 1250 адам қайтқаны туралы мәлімет келтірген [70, б.112-113].

Жетісудағы әлеуметтік-экономикалық жағдайдың нашарлауы, қаржы жетіспеушілігі босқындар жөніндегі ерекше комиссияны қызметін тоқтату туралы мәселе көтерілді. 1921 жылдың 18 шілде күні ТүркОАК босқындар ерекше комиссиясының № 40 мәжілісінде ұйымды тарату туралы мәселе көтерілді. Босқындар жөніндегі ерекше комиссияның жұмысын тоқтатқанда Жетісу облэскериревкомның № 10 бұйрығына орай жиналған тірі және өлі еңбек құралдары босқындар мен кедей-батрақтар арасында бөлісу ұйғарылды. Ерекше комиссия бөлімшелерінің кеңселік мүліктері мен техникалық штаты қазақ-қырғыз кедейлер одағына өткізіліп, үнемделген қаржы Түркістан АКСР бюджетіне қайтару көзделді [204, п.129]. 1921 жылы 17 қыркүйегінде босқындар жөніндегі ерекше комиссия басшылығы Жетісу облатқарукомына ТүрікОАК ерекше комиссиясының 1921 жылдың 18 шілдедегі № 40 шешіміне сай, комиссияның уездік бөлімшелері осы жылдың 1 қазанынан бастап қызметін доғарып, құрылымды тарату шараларын іске асыратыны көрсетілді. Келіп жатқан босқындарды қабылдау жөніндегі шараларды облыстық атқару комитеті атқаруға тиістігі атап көрсетілген [204, п.147]. Түркістан АКСР ішкі істер халкомының 1921 жылы 24 қазандағы Жетісу облатқарукомы мен босқындар жөніндегі ерекше комиссияға № 1946 хатында ТүркОАК төралқасының 6 қазан күнгі № 56 қаулысы бойынша Жетісу облысындағы босқындар жөніндегі ерекше комиссия жойылып, оның міндеттері Жетісу облыстық реэвакуация бөліміне берілетіні хабарланды [204, п.164].

Іс жүзінде Алтай округінің қожайынына айналған А.С. Бакич жергілікті халықпен байланыс орнатып, күш біріктіруге тырысты. Осы мақсатта 1921 жылдың 25 шілдесінде Бакич штабында жергілікті халықтардың өкілдерімен съезд шақырылды. Бұл жағдайларды барынша мұқият бақылап отырған Қытай орталық үкіметі қалыптасқан жағдайдан шығудың жолдарын қарастырып жатты. Қытай билігі үшін проблеманы шешудің тиімді жолы – Кеңестер жағының

Синьцзяндағы барлық босқындарға, ең алдымен, ақгвардияшыл топтарға жаппай рахымшылық жариялауы болып табылды. Мұндай рахымшылық жариялау ресейлік эмигранттардың жаппай Отанына оралуына жағдай жасап, Синьцзяндағы ақ армия топтарын тірегінен айыруға тиіс болатын. Бұл идеяны жүзеге асыру мақсатында Қытай өкімет орындары кеңестік билікке осы мағыналас рахымшылық жариялау туралы бірнеше мәрте ұсыныс жасады. 1921 жылдың маусымында Кеңес тарапы жариялаған Синьцзян облысына қашқан босқындарға рахымшылық реэмиграция процесін белсенді қылса да, провинциядағы ақгвардияшылар мәселесін толық шеше алмады. А.С. Бакичтің Тарбағатай округінен кетіп, Алтай провинциясын басып алуы Синьцзян билігін Кеңестерден қайтадан көмек сұрауға мәжбүр етті. Кеңестік дипломаттар Қытай Синьзянына әскери көмек беру мәселесінде дипломатиялық өкіліліктер ашуды қарымта талап ретінде пайдаланды. 1921 жылдың 26 маусымында Құлжаға сыртқы сауда бөлімінің Крашенников бастаған өкілдігі келсе, СІХК Үрімжідегі кеңес өкілі ретінде Казанскийді бекітті.

Қытайдан қазақ босқындарын қайтару бағытындағы жұмыстар 1921 жылға қарай Қырғыз АКСР-не қарайтын шығыс аймақтарда жүзеге асырыла бастады. 1921 жылы 21 шілдеде Семей губревкомы Зайсан өңірінен Қытайға қоныс аударған босқындардың кері қайтуға өтініш айтып жатқандары жайлы хабарды қарап, губревком атынан атамекеніне қайтқысы келетін қырғыздарға (қазақтарға) арнайы үндеу жолдап, босқындардың өз бастарына, мал-мүлкіне тиіспеуге кепілдік беру, сондай-ақ қайтып келушілерді қарсы алып, жайғастыру механизмі жайлы бұйрық шығаруға қаулы қабылдады [209, б. 261].

Қытай билігінің босқындар бойынша саясатында өзгеріс бар екенін Құлжадағы СІХК уәкілі орынбасары Эпштейн мен Жаркент уездік босқындар жөніндегі ерекше комиссия төрағасы Сайфуллин 1921 жылы 21 шілде күні ТүркОАК ерекше комиссиясын хабардар еткен. Құлжадағы сыртқы істер комиссариаты өкілі Синьцзяндағы босқындар санын 15 000 адам деп шамалайды. Босқындардың елеулі бөлігі құлдық қамытын кигендер болған. Бас еркінен айрылған босқындар санын анықтауға Қытай өкіметі ықпалындағы «Измойше-Цзюй» (босқындар қоғамы) бірлестігінің Кеңес өкіметіне қарсы ұстанымы кедергі келтірген. Құлжадағы уәкіл Эпштейн босқындардың топталып осындағы Кеңес өкілдігіне келіп, өздеріне неліктен шекара ашылмай тұрғанын сұрастырып жатқанын хабарлайды [204, п.14]. Ресми Қытай билігінің ақгвардияшыл босқындар топтарының Кеңестер еліне кетуін жақтайтынын туралы құпия мәліметтер СІХК Ортаазиялық өкілі Силинге де жолданған [175, п.45-46].

Босқындарға қатысты мәселелердің ішінде күрделісі Синьцзянға келіп аштық салдарынан жергілікті тұрғындарға сатуға мәжбүр болған адамдарды кері қайтару болды. Ата-аналары қыздарын, күйеулері әйелдерін аштық зобалаңына шыдамай сатқан оқиғалар Қашқарияға барған қазақ босқындарының арасында көптеп кездескен [24, б. 219]. Қытай тарабы сатылып кеткендерді қайтаруды бір ғана шартпен – алынған ақыны қайтарумен болатынын көрсеткен. Бұл туралы Синьцзянның Ақсу аймағы әкімі 1919 жылы (Қытай календары бойынша

Мингоның 7-жылы) 23 мамыр күнгі жеделхатында баланы сатқан адамдардың өзі болмаса да, Ресей өкілдері кепіл болып, ақысын төлеп қайтарып алуға болатынын жеткізген [24, б. 220]. Қытай тарихының маманы, тарихшы Н. Мұхаметханұлы Қытай билігінің босқындарға арнайы мәртебе бермегенімен, іс жүзінде оларға басқа елдің азаматтары, босып келгендер сияқты қарым-қатынас жасады деген түйін жасайды [24, б. 225]. Алайда, архив құжаттары Синьцзян билік тармақтары босқындарға қатысты кеңшілік сипатын көрсететін арнайы саясат ұстанды деуге негіз бермейді. Босқындардың атамекендеріне қайтуға ұмтылысы Синьцзянның кейбір аймақтарын қамтыған азық-түлік тапшылығына да байланысты болғанын ескеру керек. 1921 жылдың көктемінде Шәуешек көшелерінде қазақ-қырғыздардың аштықтан қырылу жағдайлары орын алғанын Камский есімді ақгвардияшыл топтар арасында болған адамның естеліктерінде баяндалған [95, б.57]. Шәуешек көшелерінде аштықтан өлім жеткендердің мүрдесі жиналмай жатқан. Қала мұсылман үлгісінде және христиандық дұғалармен қайыр сұраған аштарға толғаны Камскийдің естелігінде сөз болады [95, б.67] .

Қытайдағы орыс босқындарының халықаралық құқ субъектісі болуға мүмкіндігі болды. Ұлттар Лигасы құрылымына кіретін Ф. Нансенс басқарған Орыс босқындары жөніндегі комитет арқылы орыс босқындарына көмек ұйымдастырылды. Нансен комитетінің Қытайдағы өкілінің мәліметі бойынша орыс босқындарына көмек мақсатында Қытай үкіметі мен қайырымдылық ұйымдары елеулі мөлшердегі қаржы жұмсады. 1923 жылы қытай үкіметі Маньчжуриядағы 60 000 орыс босқындарына 500 000 доллар қаржы жұмсаған [70, б. 102]. Қытайдағы орыс босқындарының мәселесін шешудің репатриациядан өзге қонымды жолы жоқ екені жан-жақты мойындалды. Орыс босқындары комитеті репатриация жүргізген жағдайда 5000 фунт стерлинг қаржы бөлуді ұсынды. Қаржының берілу шарты – ақшаның жұмсалудың нансенстік өкілдер КСРО-да да бақылау құқының болуы. Бұл ұсынысты кеңестік СІХК үзілді-кесілді қабылдамады. Кеңестік тарап Нансен ұйымының Қытай аумағында репатрианттарға көмектесуіне келісті [70, б. 103]. Орыс босқындардың Синьцзянның эконномикалық және қоғамдық өміріне кірігуі басқа ұлттарға қарағанда жайлы болғанын «орыс Түркістанының» Іле аумағының Ресей империясына қараған кезеңі тарихындағы тәжірибесі әсер еткені анық. Көптеген орыс босқындар саудамен, кейбірі орман және балық кәсібімен айналысты. Орыс босқындардың бір бөлігі ағаш шебері, етікші, тігінші және басқа да кәсіптермен айналысты. Шекарадан өтіп келгеннен кейін орыс босқындардың күшімен Құлжа маңайындағы бұлақтар бойында диірмендер бой көтерді. Жергілікті генерал-губернаторға қызмет еткен жас инженер, босқын Н.Н.Ятчен Іле өзені бойына бөгет, Құлжа мен Сүйдіндегі бірнеше үйлер салып, бірнеше автомобиль жолдарын жобалады. Жетісу казактары Іле округінде жоғары сұрыпты темекі өсіруді жолға қойды. Осының негізінде Синьцзянда өніміміен тұтас өлкені қамтамасыз еткен 3 темекі фабрикасы салынды. Босқындардың арасындағы орыс дәрігерлері Тянтзин мен Ресейден дәрі-дәрмек алдырып, Синьцзяндағы халыққа медициналық қызмет көрсету саласын

қалыптастырды. Бірқатар орыстар қытай және мұсылман мектептерінде мұғалімдік қызмет атқарды. Бұрынғы орыс консулдығының қызметкерлері Недачин мен Медведев, олармен бірге ақ офицерлер Николаев пен Шабала Үрімжідегі қытай заң институтында сабақ берді. Синьзянда өндірілген теріден жасалған тондар Тяньзин және басқа да Қытай қалаларының базарларына мыңдап шығарылды. Үрімжі мен Құлжада орыстардың күшімен салынған 3 шарап, 3 сыра заводтары жұмыс істеді [65, б. 310].

Түркістан босқындарына қатысты саясат 1921 жылы өзгеріп, тоналған, жерінен айрылған ауа көшушілерге қатысты әділет орнай бастағанын ұлтшыл бағыттағы мерзімдік басылымдар назарынан тыс қалмады. 1922 жылдың басында «Шолпан» журналында жарияланған мақалада: «Жетісу қара қырғызы 16-шы жылғы төңкеріс себепті Қытай барып, тоналған тышқандай болып, мал-мүлік және де бір сыпыра бастан айрылып қайта келген соң қырғызды қырып, қуып жіберіп, жерін алған отаршылдардың зорлық-зомбылығына 21 жылға шақты дәурен сүріп зорға дегенде 21 жылда Кеңес үіметінің арқасында 16 жылғы тарттырып жіберген жерлеріне ие болып, міне енді түбегейлі тірлікке бас қойып кіргелі екінші жылға аяқ басты... 3) Жетісу қырғыз-қазағы айрықша қара қырғыздың 15 мыңдай басы Қытайда басы байланып, көзінен қатты жас ағызып, аһ ұрғаны Аллаға жетіп, Қытай халқының ойнаған құмарына бәйге болып келе алмай, қолы байлаулы, аузы жабулы Қытайда жатыр. Бұл да бізге намыс.» - деп жазылды [210, б. 47-51].

Кеңестік билік тармақтарының босқындар мәселесіне саяси басымдық беріп қарастыруы саябырсығаннан кейін босқындар жөніндегі комиссияның ерекше мәртебесі керексіз болды. 1923 жылы қараша айында Жетісу облыстық босқындар реэвакуациясы және оларды орналастыру бойынша комиссия мәжілісінде оралушыларды орналастыру механизміне өзгеріс енгізді. Ендігі жерде босқындар бұрынғы мекендеріне келген жағдайда, ол жерлерде жерге орналастыру бойынша шаралар атқарылған болса, бұрынғы жерлері қайтарылмайтын болды. Босқындарға басқа шаруалармен бірге жалпы негізде жер бөлінетіні шешілді. Босқындар қайта оралған мекенде жерге орналастыру жұмыстары аяқталған болса, олар басқа аудандарға, жер бөлісі әлі жүріп жатқан өңірлерге қоныстанатын болды [184, п. 134, 134 (а)].

Кеңестік орталық өкімет орындары босқындарды қайтару шараларына қаржы бөлуді жоспарлаған. ТүркОАК-нің 1923-1924 жылдарға арналған шаруашылық жоспарында Жетісуға Қытайдан 30 мың босқынды реэвакуациялау мен орнықтыру жұмыстарына арнайы смета бойынша 245 496 сом қаражат бөлу көзделді [211, п. 131]. Алайда, 1923 жылы 21 қарашада Түрккомиссия жетекшісі Я.Э. Рудзутак өткізген мәжілісте Қытайдан оралатын босқындарға жоспарланған қаржы 180 000 сомға қысқартылған. 26 қараша күні Түркістан АКСР экономикалық кеңесі төрағасы Паскун Я. Э. Рудзутакқа жолдаған хатында осы қаржы мөлшерін РКФСР ХКК және экономикалық кеңесінде Түркістан АКСР бюджетін және 1923-1924 жылға арналған шаруашылық жоспарды бекітуге күш салуын сұрайды [211, п. 159].

Жетісуға оралуға тиіс босқындарды тасымалдау жұмыстарының кедергіге ұшырап, бәсеңдегені туралы ақпараттар Түркістан ОАК-не 1924 жылдың басынан жолданып жатты.

1924 жылы 12 ақпанда ТКП орталық комитетіне жолданған Жетісу обкомының қаулысында 1923 жылы келген Қытайдан оралған босқындарды ауыл шаруашылығы бойынша салық төлемеуге рұқсат ету сұралған [212, п. 1]. Осы жылы Жетісу облыстық бюджетінде реэвакуация мақсатына 18 690 сом алтын ақша бөлінген [64, б. 179]. Жетісу облысының Лепсі уездік босқындар жөніндегі комиссиясы алуға тиіс болған 10 586 пұд бидай берілмей қалғаны туралы Жетісу облыстық атқару комитеті төрағасын 1924 жылдың 3 наурызында облыстық ерешке комиссия жетекшісі хабардар еткен. Осыдан кейін Лепсі уездік ерекше комиссия бөлімі қызметі тексеріліп, Жетісу облыстық босқындар жөніндегі ерекше комиссия төрағасы міндетін атқарған Янгулатов облатқарукомнан берілмей қалған босқындарға арналған бидайды қайыра бөлу жөнінде Түркістан ОАК-не өтініш жолдауды сұраған [212, п. 17, 17 (а)].

1924 жылғы 5 қыркүйекте СІХК-ның Іле өлкесіндегі уәкілі З.И. Печатников № 1139 құпия хатында Лепсі уезі Шынжылы болыстығынан шыққан Іле өлкесінің Боротола уезінде тұратын босқындарды бұрынғы болыс қызметін атқарған Баяке Байқабыловтың 170 түтінді алып кетуіне байланысты заң бұзушылықтар баяндалған. Атап айтқанда, Байеке Байқабылов СІХК-нің Құлжадағы өкілдігінен 1000 Іле тецзін алғанымен, қаржының басым бөлігін жымқырып, тек босқындардың 66 түтініне әрқайсысына 2 тецздан берген. Б. Байқабыловтың таратқан ақшасы 132 тецзді құрап, қажетті қаржыдан үлес ала алмаған босқындардың басым көпшілігі Қытай аумағында қалуға мәжбүр болған. Осы жағдайға байланысты Жетісу облыстық босқындар комитеті төрағасы Таиров пен Лепсі уездік босқындар комиссиясы төрағасынан босқындар арызы бойынша тиісті тергеу жүргізіп, Байеке Байқабыловтың қаржылық көмектерді жымқыру фактілерін анықтау сұралған. З.И. Печатниковтың қатынас хатында Б. Байқабыловпен бірге Қытай аумағынан шыққан босқындардың тізімін жіберу де талап етілген [213, п. 9]. СІХК-ның Құлжадағы уәкілінің қатынас хатын Лепсі босқындар жөніндегі комиссия төрағасына жолдаған Жетісу облыстық кеңестердің атқару комитетінің 1925 жылдың 5 наурыздағы № 38 қатынас хатында облыстық босқындар комиссиясының төрағасы Ы. Көшкінов іс мәнісі бойынша тергеу жүргізіп, Байеке Байқабыловпен бірге Қытайдан келген босқындардың аты-жөндерін хабарлауды сұраған [213, п. 8]. СІХК-нің Құлжадағы өкілдігінің 2 шілде 1924 жылы берген № 152 рұқсатнамасы арқылы Көк-атау асуы арқылы өтіп келген 46 жасар Байеке Байқабылов бастаған көштің тізімінде 14 түтін, 3 жеке босқындар көрсетілген. Көште жалпы саны 67 жан, 21 ат, 38 ірі қара мал, 27 ұсақ жандық мал, 12 ешкі болған [214, п.51,51(а)]. Осы кезде СІХК құрылымдарының босқындар мәселесіне жіті көңіл бөліп, белсенді жұмыс атқаруына әсер еткен 1924 жылдың 31 мамырындағы Қытай Республикасы мен КСРО арасындағы «КСР Одағы мен Қытай Республикасы арасындағы мәселелерді реттеудің жалпы принциптері туралы келісімге» қол қойылды. Келісімге сәйкес 1924 жылдың

соңына қарай Синьцзян билігі бұрын Ресей империясына тиісті болған консулдық және басқа иеліктерді КСРО-ға қайтарды. Мұның өзі кеңестік дипломаттар мен сауда уәкілдерінің Синьцзяндағы жұмыстарын айтарлықтай жеңілдетті [63, б. 70-71].

Босқындар жөніндегі ерекше комиссияның басшылары жиі ауысып отырды. 1924 жылы 21 қыркүйекте өткен ТКП Жетісу обкомы хатшылығы мәжілісі босқындар жөніндегі комиссия төрағасы Киселевтің бақылау комиссиясы және жұмысшы-шаруа бақылау инспекциясы бойынша қолы тимейтіндіктен қызметінен босатып, орнына Ы. Көшкіновті тағайындады [128, б.57]. Бір айға жетер жетпес уақыттан кейін Ы. Көшкінов комиссия мүшесі ретінде қалдырылып, төрғалық қызметті И. Айдарбеков атқара бастады.

1924 жылдың 6 қазандағы Үрімжі қаласында 31 мамыр 1924 жылғы Пекин келісімінің негізінде КСРО СІХК өкілетті уәкілі Озарнин мен Синьцзянь сыртқы істер комиссары Фань-Яо-Нан арасында екі жақта консулдықтар ашу мәселесі талқыланды. Келісімге сәйкес КСРО Үрімжі, Қашқар, Құлда, Шәуешек және Шарасумәде (Алтайда) консулдықтар ашса, тиісінше КСРО аумағының Семей, Зайсан, Алматы, Әндіжан және Ташкентте Қытай Республикасының консулдықтарын ашу келісілді. Кеңестік консулдықтардан алғашқысы 1924 жылдың қарашасында, Шәуешекте ашылып, 1925 жылдың мамырынан жұмыс істей бастады. Қытай консулдықтаырың алғашқысы Семейде ашылып, оған бұрынғы Ақсу даоны Лю-Чан Пин консул болып тағайындалды. СІХК-нің ҚАСР ішкі істер халкомы С. Е. Есқараевқа 1925 жылдың 16 қыркүйектегі № 622 хатында осы жылдың қазан айының басында жаңа консул жанұясы мен қызметкерлерімен 18 адам болып, Қашқардан Алматыға шығып, одан әрі Семейге баратыны хабарланды. «Лю-Чан-Пиннің жүретін жолы негізінен Қазақ автономиялық республикасы арқылы территориясы арқылы болмақ. Осыған орай СІХК КСР одағына дос елдің өкілі ретінде Қытай бас консулына жол бойы тиісті көмек көрсетілуі туралы тапсырма беру» сұралды [215, п. 86 (а)]. Өз кезегінде С. Е. Есқараев 1925 жылдың 11 қазанында Жетісу губерниялық әкімшілік бөліміне осы мағыналас тапсырма берді [215, п. 91].

Босқындар жөніндегі комиссия қызметіне қадағалау күшейіп, құрылымның жұмысы үнемі тексеріліп отырды. 1924 жылы 20 қазанда Жетісу облыстық босқындарды Қытайдан реэвакуациясы және орналастыру жөніндегі комиссия жетекшісі И. Айдарбеков, комиссия мүшелері Ы. Көшкінов, Т. Әлімбаев, Ерохина, комиссия хатшысы Сафаровтар қатысқан жиналыста Жаркент және Қарақол уездері босқындар комиссиялары тексеру қорытындылары туралы облыстық комиссия мүшесі Д.К. Ступниковтың хабарламасы талқыланды. Мәжілісте босқындарды Қытайдан қайтару мақсатында 80 000 сом қаржы талап етілетіні көрсетілді. Жиналыс хаттамасында босқындарға зат түрінде жәрдем беруді доғару, тиісті мақсатқа жұмсалмаған 2592 сом қаржыны 1924-1925 жылдар есебінен алып қалу сұралды [214, п. 1].

КСРО-ның Орта Азия аумағындағы территориялық межелеу жұмыстары жүргізіле бастауы босқындар мәселесін шешу бағытындағы қаржыландыру мөлшерін кемітіп, босқындар жөніндегі жергілікті ерекше комиссиялар

жұмысын тоқтату қаупі туды. 1924 жылдың 8 желтоқсанында БОАК президиумының қаулысымен Қазақстанның Түркістандық облыстары және Қырғыз автономиялық облысында жерге орналастыру жөніндегі М. П. Серафимов басқарған ерекше комиссиясы құрылып, жұмыс істей бастайды. Ал 1925 жылдың 1 маусымында БОАК президиумының қаулысына сай осы комиссия босқындар мәселесін де өз қарауына алады [216, б. 243]. БОАК ерекше комиссиясының қызметі кеңестік тарихнамада мүлде зерттелмеген тақырып. 1921-1928 жылдар аралығындағы қазақ ауылы мен деревнялардағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді талдаған Г.Ф. Дахшлейгер монографиясында БОАК ерекше комиссиясының 1924 жылдың 8 желтоқсанында құрылып, ТАКСР-дан ҚАКСР-ға өтіп жатқан қазақ аудандарындағы көшпелі және жартылай көшпелі халықты жерге орналастыруды мақсат еткені үстірт айтып өткен [10, б. 202].

СІХК босқындарды ревакуациялау процесінің саяси мазмұнына баса назар аударды. БМСБ Орта Азиядағы тұрақты өкілі Л.Н. Бельскиге 1924 жылы 9 желтоқсанда бағытталған қатынас хатында СІХК Орта Азиядағы агенті Герман Жетісудан батыс Қытайға 1916 жыл көтерілісінен соң өткен қазақ, қырғыз дүнген және басқа босқындарды кеткен уақытына қарай категорияларға бөлудің керексіз екені, 1918 және одан кейінгі жылдары шекарадан өткен халықтардың қашу себептері ұқсас екенін көрсетіп, сол себепті барлық қазақтарды қайтару қажеттілігін негіздеген [213, п.2]. Бельский өз хатында Кеңестік билікке қарсы ақгвардияшыл күштердің бері өтуіне кедергілер қою бойынша өткізу пункттеріне тапсырма берілгенін, босқындарды Қытайдан қайтару бойынша шығындар тек қазақ босқындары үшін ғана емес, дүнген, тараншы босқындарға да бөлініп отырғанын атап көрсеткен [213, п. 2 (а)].

Лепсі қалалық кеңестердің атқару комитетінің 1924 жылдың 28 желтоқсандағы мәжілісінде босқындар жөніндегі комиссия есебін тыңдап, келер 1925 жылы келетін босқындар нөпіріне дайын болу мақсатында материалдар сатып алуға шешім шығарылды. 1924 жылдың мамыр және маусым айларында Үржар ауданында босқындарға бөлінген азық-түлік көп жағдайда «жергілікті байларға берілгені үшін» аудандық тергеу бөліміне тексеру жүргізу тапсырылды [214, п.2]. Босқындар жөніндегі облыстық комиссияның жұмысындағы есеп-қисапқа байланысты кемшіліктер 1924 жылдың 9 желтоқсанындағы комиссия төрағасы қызметін атқарған Ы. Көшкіновтің циркуляр хатында да атап көрсетілген. Ы. Көшкінов босқындар жөніндегі жергілікті органдардың орталықтың бұйрықтарын орындамауы, ай сайын материалдық шығындар бойынша есеп берілмеуі, жәрдем берілген босқындар тізімінің жеткіліксіздігіне баса назар аударған. Жергілікті комиссиялардың есеп-қисап бойынша жеткіліксіз қызметі жалпы босқындар жағдайын бағдарлауға, тиісті шараларды үйлестіруге кедергі келтіріп отырғаны айтылды. Босқындар ревакуациясы сияқты «өмірлік және маңызды істе» жүрдім-бардымға салынатындарға тәртіптік, керек болған жағдайда қылмыстық жауапкершілікке тартылатыны ескертілді [214, п. 4, 4 (а)].

1925 жылдың 21 қаңтарда Жетісу губерниялық босқындарды ревакуациялау жөніндегі комиссияға қайтадан төраға болған Ы. Көшкінов комиссия



бөлімдеріне құпия хат жолдап, босқындардың бұрынғы мекендеріне қайтуы көктем шыға көбейетініне тоқталды. Ы. Көшкінов Қытай аумағынан атамекеніне қайтуға аса ынталылар кедей босқындар, РКФСР азаматтары екенін көрсетеді [214, п.25]. Осындай, «құпия» белгісі қойылған Белек Солтанаевтың 1925 жылдың 16 ақпандағы баяндамасында Қытайдағы қазақ-қырғыз босқындардың жағдайы сипатталған. Б. Солтанаев: «Соңғы кезде қытай өкіметі барлық ақалақшыларға (болыстарға) босқындарды бақылау жөнінде қатаң тапсырма беріп, босқындардың Россияға кетуіне жол бермеуді міндеттеп, босқындарды мәңгілікке өз қарамағында қалдыруға қатысты шаралар қабылдады.» - деп көрсеткен [217, п.1]. Белек Солтанаевтың баяндамасында Батыс Қытай аудандарындағы қазақ босқындары саны туралы нақты мәліметтер де келтірілген. Баяндамада Миху-Манас-Үрімжі аумағында Лепсі уезіне қарайтын Қаракерей руынан 250-300 түтін, Құлжа мен Боротолада Тұрсын бастаған 150 түтін, Жаркенттен барған Суан руының Байтүгей аталығына жататын 300-400 түтін, Бозадыр алқабы мен қалаларында, Тенис, Күндыз, Сүйдін, Құлжа, Чипанзе, Үрімшіде Қарақол уезінен барған 195 түтін, қалмақтар ортасында жұмысшы ретінде жүрген 55-60 жан, Пішпек қара қырғыздарынан 8 түтін, Қарақол және Пішпек уездерінен балалары мен әйелдері сатылған түтіндер бар екені көрсетілген [217, п.1 (а)].

1925 жылдың 17 ақпанында КСРО аумағындағы еңбек иммиграциясы, эмиграция және реэмиграцияны басқару, әлеуметтік-құқықтық жағынан реттеу маңыздылығы ескеріліп, еңбек және қорғаныс кеңесінің тұрақты комиссиясы құрылды. Осы негізде Қытайдағы босқындарды қайтару, орналастыру жұмыстары өзгеше сипатта жүргізіле бастады. Босқындарды шекарадан еңбек құрал-жабдықтарымен өтуіне жағдай жасау шешілді. Босқындар реэвакуациясын қаржыландыру тәртібі жеке нұсқаулықтар арқылы анықталды. Жаңа тәртіпке сай, Қытайдан босқындарды қайтаруға қатысты шығындар жерге орналастыру жөніндегі ерекше комиссия есеп-шотына түсіп, одан кейін босқындарды анықтау, қайтару бойынша негізгі буынға айналған Қытайдағы кеңестік консулдықтарға жіберілетін болды. Босқындар мәселесін «түпкілікті шешу» мақсатын көздеген М. Серафимов комиссиясы босқындарды шекарадан өтуін, тиісті тамақтандыру пункттерінде орналастырылуын жүйелегенімен, реэмигранттардың бұдан арғы тағдырына көмектесуге қаржы жетіспеушілігі орын алды.

Босқындар жөніндегі комиссия есеп-қисабы Жетісу губерниялық босқындарды реэвакуациялау және орналастыру комиссиясының Ы. Көшкінов төрағалық еткен 1925 жылдың 26 ақпандағы мәжілісінде қаралды. Жиналысқа СІХК, губерниялық МСБ бөлімі өкілдері қатысқан. Жиналыста қаралған мәселелердің ішінде босқындар бойынша бөлінген қаржы есебін талап ету жайы болды. Атап айтқанда, Лепсі уездік босқындар комиссиясына бөлінген 1500 сом, Батыс Қытайдағы СІХК өкілетті өкілдігіне берілген 2000 сом, губерниялық босқындар жөніндегі комиссияның бұрынғы хатшысы Кротқа берілген 500 сом қаржының есебі талап етілді. Алдыңғы екі құрылымға байланысты есепті беру қатаң талап етумен шектелсе, Кротт жұмсаған қаржы бойынша істі сотқа беру

шешілді. Мәжілісте уездік босқындар комиссиясының уәкілі Б. Солтонаевтың Қытайда атқарылған жұмыстар туралы есебі де тыңдалып, баяндама қабылданып, оның көшірмелерін № 49 БМСБ шекара отрядына, СІХК-ке және орталық босқындар комиссиясына жолдау міндеттелді [214, п. 9].

БОАК ерекше комиссиясы атынан Қытайға аттандырылған уәкілдер апта сайын есеп жіберіп тұруға міндеттенді. Қайтарылатын босқындар арнайы орындарға жиналатын болды. Жинақтау орындарында босқындарды медициналық тексеруден өткізу шешілді. Босқындар қайтатын жол бағыттарында тамақтандыру пункттері ашылу көзделді. Босқындарға берілетін бір реттік жәрдемақы мөлшері жеткіліксіз екенін комиссия жетекшілері де көрсеткен. Жетісу губерниялық босқындар бойынша комиссия төрағалығына жанадан келген Камынин 1925 жылы 6 сәуірде бұрынғы мекендеріне келген босқындарға ағаш материалдарын ақысыз, болмаса жеңіл бағамен бөлу, астық егуге тұқым беру, күш-көліктік ірі қара алуларын несиелеу арқылы көмектесуді тапсырды [214, п. 40].

Синьцзян аймақтарындағы СІХК консулдары ондағы қазақ-қырғыз босқындардың жағдайы және саны туралы мәліметтерді жолдап тұрды. Шәуешектегі КСРО консулы Быстровтың 1925 жылдың 15 сәуірде өңірдегі босқындардың реэвакуациясына қажетті қаражат сметасы туралы мәліметтерінде Тарбағатай округі мен Үрімші округінің Манас уезінде 1925 жылдың екінші жартысы мен 1926 жылдың бірінші жартысында жедел реэвакуациялауды қажетсінетін босқындар саны 1800 адам екенін көрсеткен. Быстровтың мәліметтерінде босқындардың әлеуметтік жағдайы да көрсетілген. Мысалы Шихос уезіндегі Сы-ко-шу мекеніндегі 40 түтін босқынның бәрі кедей болса, осы уездің Че-пай-цзы ауылындағы 100 түтіннің 70-ін кедейлер құраған. Қорыта есептегенде, 240 түтінды құрайтын 1800 адамның 1200-і кедейлер болғандықтан, КСРО-ға кетуі үшін реэвакуацияға материалдық көмекті қажетсінетіні көрсетілген [218, п. 27].

1925 жылдың 17 мамырында өткен босқындарды Қытайдан реэвакуациялау және орналастыру жөніндегі губерниялық комиссия мәжілісі шешімінде «босқындар мәселесін түпкілікті шешу үшін Қытайдағы босқындар арасында аудандарды зерттеу жұмыстарын» жүргізу үшін Жетісу губерниялық БК(б)П ұлттық азшылықтар бөлімі меңгерушісі Әбдірахман Әміров губерниялық босқындар жөніндегі комиссия уәкілі етіп тағайындалды. Облыстық босқындар жөніндегі комиссия төрағасы Бусаков қол қойған мәжіліс қаулысына сәйкес Ә. Әміров Құлжа қаласына КСРО СІХК уәкілінің қарамағына бару тапсырылды [214, п. 22].

Синьцзяндағы қазақ босқындардың Қытай өкімет орындары тіркеген кезде Қытай азаматтығын алудан бас татып, өздерін КСРО азаматтары деп жариялаған туралы жерге орналастыру бойынша БОАК жанынан құрылған ерекше комиссия төрағасы М. Серафимовтың БОАК-не П.Г. Смилович пен СІХК басшысы Г. В. Чичеринге 1925 жылдың 27 мамырында жолдаған хатында баяндалған. М. Серафимов негізінен кедейлерден құралған, бірқатары әйел-балаларын кері сатып алу қажеттілігі бар 2700 жанұяны шекарадан өткізу, жүк тасымал

көліктерімен қамтамасыз ету, жол бойында тамақтандыру пункттерін ұйымдастыру мақсатында ерекше комиссияға бөлінген 100000 сомның бір бөлігі жұмсалғанын көрсеткен. 2700 жанұяны жаңа мекен-жайларында орнықтыру, егін ұрығымен қамтамасыз ету, тұрғын жайларын жөндеу жұмыстарына 10000 сом ақшаны, ұсынылған смета бойынша бөлуді сұраған [219, п. 23]. КСРО бойынша ауыл шаруашылық, өнеркәсіп, еңбек күші миграциясы, эмиграция, сондай-ақ, реэмиграция үдерісіне жетекшілік жасау, реттеп отыру әлеуметтік және құқ жағынан жәрдемдесу үшін 1925 жылы 17 ақпанда еңбек және қорғаныс кеңесі тұрақты комиссиясы құрылды. Осы жағдай босқындардың мәселесін біржола шешу талабын күн тәртібіне қойды [66, б. 143].

1925 жылдың өзінде Қытайдан оралушы босқындар легі аз болмағанын жергілікті босқындар жөніндегі комиссия қатынас хаттары көрсетеді. 1925 жылдың 1 маусымда Лепсі уезі болыстық атқару комитеттеріне жолданған уездік атқару комитеті мен босқындар комиссиясы төрағасы қызметін бірге атақаратын Завгороднев қол қойған циркулярда губерниялық босқындар комиссиясы мен Іле өлкесіндегі СІХК уәкілінің хабарлауынша Алакөл болыстығына көшіп келуі күтілген 81 түтін босқындарды қабылдауға дайындық жұмыстары пысықталды. Болыстық атқару комитеттеріне келетін босқындардың нақты тұлғаларын анықтап, СІХК Іле өлкесіндегі уәкілі берген тізіммен салыстыру, олардың мүліктік жағдайын жіті тексеру, реэмигранттар арасындағы бір мәрте көмек алуға тиістілерін ұқыптылықпен тізімдеу тапсырылды [214, п. 23]. Архив қорларында осы Боротоладан келетін 81 түтін босқындардың тізімі сақталған. Құлжадағы СІХК өкілдігінің хатшысы Юлин жасаған бұл тізімде 6 жаннан тұратын Әлімбек Баков есімді сенімді өкілі бастаған босқындардың жалпы саны 330 адам екені, олардың иелігінде 210 ірі қара мал мен 1500 бас қой бар екені көрсетілген [214, п. 33 (а)].

Кеңестік мемлекеттік құрылымдар босқындарды қандай да болмасын топтарға бөлмеу туралы нұсқау бергенімен, олардың таптық жағдайын назарда ұстады. 1925 жылы 26 тамызда Жетісу облыстық босқындар комиссиясы жетекшісі Бусаков жолдаған № 259 циркулярда босқындарға көмек беруде 1916-1918 жылдардағы көтерілістерге қатысып, шекара асқандарға баса назар аударылуы нұсқалды. 1918 жылдан кейін босқын болғандарды арнайы сұрыптап, байлар, жат күштер қамтылмауын қадағалап, сенімсіз босқындардың МСБ комендантына баруын ұйымдастыру тапсырылды [213, п. 11].

Лепсі уездік босқындар комиссиясы есебінде 1925 жылы Мақаншы болыстығы Еміл аулына 55 отбасы босқындар келіп орналасқаны көрсетілді. 1925 жылғы 28 шілдедегі уездік атқаруком қаулысымен Циньцзянның Тарбағатай ауданынан 1200, Іле ауданынан 1000 босқын шаруашылықтарының сатылып кеткен адамдарын қайтару жұмыстарын үйлестіру үшін Мұхамеджановты жіберу гугерниялық партия комитеті мен босқындар комитетіне ұсынылды. Алайда, губерниялық басқару комитеті 1925 жылы 27 тамыздағы жауап хатында Мұхамеджановты Қытайға жіберуге келісім бермеді [220, п. 1]. 1925 жылы 27 тамызында Жетісу губерниялық босқындар комиссиясы Ферғанаға бара жатқан сарттарға көмектесу туралы мәселені қарап, комиссия

тарапынан көмек тек 1916 жылғы қырғыз-қазақ көтерілісінен кейінгі қудалаудан қашқан босқындарға ғана берілуі, қайтушылар арасында байлар, сенімсіз күштер болмауын қадағалау тапсырылды [217, п. 47, 47 (а)]. Осы жылдың 8 қыркүйек күні РКФСР ХКК мәжілісінде БОАК ерекше комиссиясы уәкілі В. Оболенский баяндама жасап, Қытайдан реэмигранттардың қайтарылуын, жерге орнықтыру шығындарына 602 310 сом қаржы бөлуді ұсынды. РКФСР үкіметі көрсетілген шараға 1925-1926 бюджет жылына 100 000 сом беру туралы қаулы қылды [218, п. 79].

Қытайдан босқындардың жолға шығуына қажетті қаржы жіберіліп тұрды. 1925 жылдың 22 қыркүйегінде Жетісу губерниялық босқындар комитеті мәжілісінде Қытайдың Іле өлкесіндегі КСРО консулының жеделхатына орай СІХК-нің Жетісудағы өкілетті өкілі Д. К. Ступниковқа, оның атына жазу арқылы патша кезінде құйылған 3000 сом жіберу туралы қаулы қабылданды [218, п. 1].

КСРО СІХК-не қарасты консулдық қызметтер Қытай билігінің босқындардың Кеңестер тарапына реэвакуациялау жұмыстарына жасырын қарсылық әрекеттерін жүргізіп отырғанын хабарлап отырған. 1925 жылы 10 қазанда Шәуешек қаласындағы консулдың күнделігінде босқындардың реэвакуациясын кідіртіп тұрған себептер қатарында әуелі қаржы жетімсіздігі, реэвакуация барысының жүйеленбеуі және Қытай билігінің рұқсатнама бермей отырғаны аталды. Консул қазақ-қырғыз кедей босқындарды Қытай үкіметі қызметкерлері мен жергілікті бақуат тұрғындар экономикалық қанап отырғаны да реэвакуациялауға кедергі болып отырғанын көрсетеді [218, п. 28].

КСРО-ға топталық оралатын босқындарға бәріне ортақ рұқсатнама берілді. Мысал үшін БМСБ Жетісу облыстық бөлімі 2- Шекара учаскесі комендатурасы 1925 жылдың 14 қазанындағы анықтамасында осы жылы 28 қыркүйекте Лепсі уезі, Мақаншы болысы, Қарағаш ауылына осы жерді бұрын мекендеген 225 адам, 25 киіз үймен өтіп келіп, Тоқты шатқалына орналасқанын көрсеткен [214, п.65].

Босқындар жөніндегі губерниялық комиссияның құрылымдық бөлімшелеріне жолдаған тапсырмаларында есеп-қисапты ретке келтірумен қатар, келіп жатқан босқындар арқылы Қытайдағы басқа кері қайтуға ниеттілердің тұрмыс жағдайы, көңіл-күйін анықтау міндеттелді. 1925 жылдың 3 қарашасында жолданған Жетісу губерниялық босқындар комиссиясы төрағасы Бусаков қол қойған № 147 циркуляр қатынас хатта босқындарды реэвакуациялау мәселесін ұйымдастыру үшін Қытайға арнайы уәкілдер жіберіліп, оларға «бұл мәселені түпкілікті жою мақсатында» ондағы Кеңестік Россияға қайтарылмаған босқындар санын анықтау міндеті жүктелгені баяндалған [214, п.41]. Жетісудағы өткізу пункттері арқылы келіп жатқан босқындар санын анықтау мәселесі босқындарға байланысты шараларды атқарудың барлық дерлік кезінде күн тәртібінде тұрды. Өз кезегінде СІХК-тің Батыс Қытайдағы өкілдігінен рұқсатнама алып, шекаралық пункттерден өтіп, тізімделген босқындардан бөлек, бейресми түрде өтушілердің қайта оралушылардың санын анықтауды күрделендірді. Жоғарыда көрсетілген губерниялық комиссия циркулярының 4-тармағында осы мәселеге баса назар аударылған. «Уездік комиссияға келуші босқындар тиісті құжаттары негізінде тіркеледі. Ал ондай құжат қолдарында

болмаған (шекарадан заңсыз өткен) жағдайда олардың тұлғалары тиісті өкімет органдары арқылы анықталады. Бұл жағдайда тиесілі жәрдемақы босқындарға емес, басқа элементтерге, қашқындарға берілуін болдырмау үшін айрықша сақ болу керек.» - делінген [214, п.41]. Уездік комиссияға келіп, тіркелмеген босқындар үшін олар тұрып жатқан болыстарға арнайы түзілген форма жіберіліп, есепке алу міндеттелді. Қытай шекарасына барынша жақын аймақ ретінде Жаркент уездік комиссиясына босқындар мәселесін барынша кең губерниялық комиссияға баяндама түрінде сипаттау тапсырылды. Ұсынылатын баяндамада келіп жатқан босқындардан Қытайда қалған босқындардың жағдайы, көңіл-күйі сияқты мәселелерді анықтау міндетті болды [214, п.41 (а)].

Жетісу облыстық VI губерниялық партия конференциясында 1925 жылы 19 қарашада өткен «Жетісудағы ауыл шаруашылығы мен жер мәселесі» тақырыбында жер басқармасы бастығы Т. Әлімбаев баяндама жасады. Ол Жетісуда отарлау саясатының нәтижесінде жергілікті қазақтардан 550 000 десятина шабындық, суармалы және жаңбырлы жер, 70 000 десятина шабындық және 200 000 десятина жайылымдық және қыстау жерлері тартып алынғанын көрсетті [221, п. 75 (а)]. Т. Әлімбаевтың баяндамасында жер-су реформасының нәтижесінде 2 122 шаруашылық топтасқан 123157 десятина жері бар 45 село жойылып, бұл поселкалардың жері жері аз және жер үлесі аз жергілікті халық өкілдеріне берілгені айтылған [221, п. 76]. Т. Әлімбаев Қытайдан тарихи отанына оралушы босқындарға бөлінетін қаржыға да тоқталған. Оның көрсетуінше босқындарды қайтару мақсатында Қазақстанға 222 590 сом, Қырғызстан үшін 379 720 сом бөлінген [221, п. 80]. Т. Әлімбаев көрсеткен Москвадан бөлінетін бұл қаржы БОАК жанынан құрылған ерекше комиссияға бағытталған.

Босқындарды қайтару жұмыстарын өз міндетіне алған БОАК жанынан құрылған ерекше комиссия 1925 жылы 21 қарашасында Қытайдағы босқындарды қайтару бойынша жұмыстар көлемін анықтап, шығындар сметасын жасады. Ерекше комиссия Қытайға жіберілген өкілдері мәліметтері негізінде қайтуға ынталы 2300 қазақ-қырғыз шаруашылығы бар екенін анықтаған. Смета бойынша реэмигранттардың сандық мөлшерін анықтау жұмыстарына 100 000 сом бөлу көзделді. Қытайда босқындарды қайтару бойынша жұмыс істейтіндерге 6 жұмыс орны бөлінді. Олар уәкіл, хатшы, мұсылманшадан аудармашы, қытай тілі маманы, қызыләскер күзеті (10 адам), қытай күзеті (10 адам). Қызметкерлер еңбекақысы үшін төрт айға 46000 теңг (50 қытай теңгі 10 кеңес сомына тең) немесе 9200 сом қарастырылды. Оперциялық шығындар (он төрт ат, кеңсе заттары, шетелдік рұқсатнама) 560 600 теңг немесе 11320 сом бөлу көзделді. Босқындарды қайтару шығындары қатарында бұнсыз жұмыс істеу мүмкінсіздігі ескертіліп, Қытай қызметкерлеріне пара беру үшін губернатор, уезд басшысы, әскери губернатор және өзгелерге сый ретінде 15000 теңг бөлу жоспарланды. Жұмыс барысында кездесетін бөгде шығындар мен қарыз үшін сатылып, құлдыққа кеткендерді қайтару үшін 4480 теңг қарастырылды [218, п. 3 (а)]. Босқындарды қайтару жұмыстарының сметасы 1925 жылғы 17 қаңтардағы жер басқармасы бастығы міндетін атқарған Надежиннің есептеулері негізге алынған. Надежин өзіне мәлім мәліметтер

негізінде көшпелі босқындардың құлдыққа түсу қаупін сипаттаған. Сибай, Солон, Чекарп тәрізді қытай тайпаларына тән мекендерде 100 тецз (20 сом) қарыз үшін ғұмырлық құлдық немесе түрме, болмаса аш қалу мүмкін екенін көрсеткен. Надежин Каш, Іле өзенінің Құлжа маңындағы жоғары ағысы аңғары, Құлжа, Сүйдін және Чмпанзыдегі қытай ауылдары, Текес пен Көксу өзендері бойындағы қалмақ мекендері, үлкен және кіші Жұлдыз өзені маңайы қалмақтары қазақ-қырғыз босқындар қарыз құлдығына түскен өңірлер екенін көрсеткен [217, п.17]. Қытайға арнайы аттандырылған өкілдің мәліметтері негізінде Іле ауданында әрқилы келісім шарттар арқылы қарызға батқан 500 отбасы үшін 50000 тецз, осы аудан бойынша сатылып ктекен 600 әйелдер мен балаларды қайыра сатып алуға 60000 тецз, Қашқар-Үштүрфан және Ақсу аудандарында құлдықтағы 1000 әйел-балаларды қайтаруға 2000 тецз керектігі есептеп шығарылды. Босқындарды қарыздан және құлдықтан азат етуге жалпы 310 000 тецз, болмаса 62000 сом керек болды. Қазақ-қырғыз босқындарды қайтару үшін 2300 түтінге 2300 түйе , болмаса ат алу үшін әр көлік 50 сомнан дегенде 115000 сом, 2300 отбасыға 20 күн түтін басына 20 сом жәрдемақы беруді жоспарлағанда 46000 сом, босқындар қайтатын бағытта 2 тамақтандыру орнын құру үшін 10000 сом, жалпы алғанда 171000 сом жоспарланды. Босқындарға таратылатын көлік олар тұрғылықты мекендеріне жеткен соң өздерінде қалатын болды. Қазақ-қырғыз босқындары межелі мекендеріне келіп, орналқаннан кейін күздегі астық жинауға дейін азық-түлік үшін 8 айға 2300 отбасының әр түтініне 20 пұттан қарастырғанда 46000 сом, егін егу үшін әр босқын отбасына 2 десятина жерге 8 пұдтан тұқым себу үшін 36800 сом ойластырылды [218, п. 3 (а)]. Сметаға сәйкес, жалпы қызметкерлер штаты мен операциялық қажеттіліктер үшін 25000 сом, болмаса 125 000 тецз қарастырылды [218, п.3]. Оралатын босқындардың егін себу, киімдері шығындарына 2300 отбасына шаққанда 269100 сом қарастырылды. Қазақ-қырғыз босқындарын қытайдан реэвакуациялау жұмыстарының жалпы шығын көлемі 602 310 сом деп есептелді. Әрбір түтінге жұмсалатын шығын көлемі 261 сом 88 тиынды құрады. 2300 түтін босқындардың 850-і Қазақстанға, 1450-Қырғызстанға тиісті саналды. Қырғыз босқындар үшін 379720 сом, қазақ босқындар үшін 222590 сом қаржы есептелді [218, п. 4].

Синьцзянның Іле ауданына барып қайтқан ерекше комиссия өкілі Белек Солтанаев өңірдегі босқындар санын 3 топқа бөледі. Біріншісі, аштық салдарынан сатылған балалар мен әйелдер, екіншісі, қарыз үшін құлдық қамытын кигендер саны 500 отбасын құрайды. Үшінші, ірі саудагерлер мен жер иелеріне қарыз болған еріксіздер саны 400 отбасы. Б. Солтанаевтың мәліметтері бойынша, Іле өңірінде жоғарыдағы үш топқа жататын босқындардан Лепсі бойынша 300, Қапалдан 150, Жаркенттен 400, Қарақолдан 210, Пішпектен 8 отбасы, жалпы саны 1068 отбасы болған. Б. Солтанаев Қашқар-Үштүрфан ауданына Қарақол, Пішпек және Нарын уездерінен барған 100 отбасы қарақырғыздар бар екенін, олардан сатылған балалар мен әйелдер саны 100 адамды құрайтынын көрсеткен [217, п.1, 1 (а)]. Б. Солтанаевпен қатар Қытайдағы қазақ және қырғыз қауымы өмір сүріп жатқан Үрімжі ауданына Төлетбек Тастеміров, Шәуешек ауданына Базарбай Мәмбетов жіберілді [218,

п.8]. Босқындар мәселесін саралауға аттандырылған өкілдер үшін жасалған нұсқаулықта олардың Қытайға келген бойда тапсырма мен қаржы алу үшін консулдарға баруға міндеттелді. Консулдар өз тарапынан келген өкілдерге Қытай аймақтарында жүру үшін өкімет мекемелерінен рұқсатнама алып беруге тиіс болды [218, п.14].

Ерекше комиссия Синыцзяннан оралатын босқындардың өздерімен бірге еңбекке керекті құралдарын алып өтуіне мүмкіндік берді. 1925 жылы 23 желтоқсанда ерекше комиссия КСРО еңбек және қорғаны кеңесінің Орта Азиядағы өкіліне арнайы хатпен шығып, онда Қытайдан оралатын реэмигранттарға Ауғанстаннан қайтатын түркімен, тәжік, өзбек босқындарға байланысты ережені қолдануды сұрады [218, п.36].

Батыс Қытайға маусым айында губерниялық босқындар комиссиясының жіберуімен барған Әбдірахман Әміровтің 1926 жылдың 5 қаңтарында жолдаған баяндамасына аймақтағы ахуалды «өте ауыр» деп бағалаған. Ә. Әміров Текес, Күнес, Сүйдін, Чипанзе аудандарына Қытай өкімет орындарының кедергі келтіруінің кесірінен бара алмаған. Ә. Әміров өз баяндамасында «аудандарына бара алмағандықтан, Қытайдағы қорғастық суан-қазақтарды есептеу мүмкін болмағанын» ескерткен. Қазақ-қырғыз босқындардың реэвакуацияға беттегенде кедергіге ұшырап тұрған. Отанына қайту үшін консулдықтардан рұқсатнама алған қазақ-қырғыздарға Қытай болыстарының қазақтары 1-2 жыл бұрын жоғалған малдарын даулап, қарыздарымен шошытады. 1925 жылдың қараша-желтоқсан айларында Қытай билігі бұрынғы Ресей азаматтары – кедейлерді тіркеумен айналысты. Тіркеудің мақсаты олардың қаншасы Қытай азаматтығын, қаншасы КСРО азаматтығын алғандар екенін білу болған. Ал мал шаруашылығымен айналысатын қазақтар тұратын Текес ауданында оларды Қытай азаматтығына жазу жүргізілді, енді олар Қытай өкіметіне салық төлейтіндігі туралы сыбыс таратылған. Құлжада тұратын қарақолдық қырғыз босқындардың арасында КСРО-ға отбасын тастап жалғыз өтіп, Қытайдан апиым тасып, пайда тапқан. Ә. Әміровтың есебі бойынша 1925 жылдың маусым-желтоқсан аралығында жеті айда қазақтар – 87 түтін, 372 жан, қырғыздар – 85 түтін, 363 жан, тараншылар – 184 түтін, 653 жан, дүнгендер - 58 түтін, 163 жан, өзбектер – 23 түтін, 78 жан, татарлар – 10 түтін, 36 жан реэвакуацияланған. Отанына оралған босқындардың жалпы саны 447 түтін, 1667 жанды құраған. Туған жеріне оралған босқындардан Жаркент уезіне 169 түтін, 681 жан, Алматы уезіне 101 түтін, 350 жан, Лепсі уезіне 37 түтін, 135 жан, Қарақол уезіне 121 түтін, 457 жан, Пішпек уезіне 11 түтін, 25 жан, Ташкенке 8 түтін, 19 жан орналасқан. Ә. Әміров Ташкентке жіберілген босқындар консул Базоновтың бұйрығымен кеткендер екенін ескерткен. Реэвакуация жасалған босқындармен қатар Ә. Әміров есебінде Құлжа қаласы маңайында қалған босқындардың төмендегідей саны берілген: Жаркент уезінің қазақтары – 404 түтін, 1724 жан, Алматы уезінің қазақтар – 9 түтін, 41 жан, Лепсі және Талдықорған уездерінің қазақтары – 331 түтін, 1514 жан, Қарақол уезінің қырғыздары – 155 түтін, 697 жан, Жаркент және Алматы уездерінің тараншылары – 1750 түтін, 5250 жан, Жаркент, Пішпек, Алматы уездерінің дүнгендері – 50 түтін, 168 жан. Құлжа

маңайында қалған босқындардың жалпы саны 2699 түтін, 9394 жанды құраған. Қалып отырған босқындардың шамамен 50% -ы, 4697 жан ауқаттылар санатында [218, п.85]. Ә. Әміров босқындардың 10% - 470 жан Құлжада қалып қоюы мүмкін екенін ескертіп, қалған 4227 жан босқындарға шаққанда кететін қаржылық шығынды есептеп шығарған. Есепте, сондай-ақ, қалып отырған босқындардың Құлжа маңайындағы аудандар бойынша үлестік саны есептелген. Мұнда босқындардан 744 түтін – қырғыздар, 155 түтін – қазақтар, 1750 түтін – тараншылар, 50 түтін – дүнгендер қоныстанған [218, п.85 (а)]. Ә. Әміров өз баяндамасында: «ақша консулдықтарға тіке жіберіліп отырғандықтан, есеп-қисапты солар жүргізіп жатқанын, жәрдемақыларды консулдың хатшысы беріп жатқанын, өзінің сандарды диаграммаға сала алмайтынын, кемшіліктер үшін кешірім сұрайтынын» жеткізген [218, п.86].

Босқындарды Қытайдан реэмиграциясы 1926 жылы да жалғасын тапты. БОАК-нің 1926 жылғы 8 қаңтардағы жеке қаулысымен Қазақ АКСР аумағына келген жер және мал шаруашылығымен шұғылданатын реэмигранттар республикаға келген сәттен 5 жыл бойына бірыңғай ауылшаруашылық салығынан босатылды. Босқындардың әлеуметтік жағдайына орайластырып, бұл жеңілдіктерді өзгерту БОАК мен РКФСР ХКК өкілеттігінде болатыны ескертілді [218, п.130].

Босқындарды қайтару бойынша мемлекет тарапынан қаржыландыру мәселесі шешілгенімен, қайтып оралған реэмигранттарға көмек көрсетуге қаржы қарастырылмаған еді. Ерекше комиссия төрағасы міндетін атқарған Корсак 1926 жылы 18 қаңтардағы жауап хатында РКФСР ХКК шешімімен бөлінген қаржы тек Батыс қытайдағы реэмигранттарды сатып алу, Отанына қайтару мақсатына арналғанын, ол қаржыны босқындарды жаңа мекендерінде орналастыруға жұмсау мүмкін еместігін атап көрсетеді [218, п.48]. М. Серафимов басқарған БОАК ерекше комиссиясы бұрыннан жұмыс атқарып келе жатқан босқындар жөніндегі ерекше комиссиялар қызметіне түрлі тексеру ұйымдастырып, реэмиграция шаралары бойынша бастаманы өз қолына алуға мүдделі болғаны көрінді. Москва босқындар проблемасын шешуге арналған қаржыны жергілікті атқару комитетіне қарасты босқындар комиссиясына емес, СІХК құрылымдарына жолдап отырды. СІХК Өзбекстандағы өкілі А. Знаменский 1926 жылғы 18 қаңтардағы жоғарыдағы аталған Корсакқа жолдаған құпия хабарламасында Синьцзянь консулдарына жіберу үшін өз атына 20000 сом қаржы жіберуді сұрайды. А. Знаменский бұл ақшаның 2500 сомы Үрімжі, 5000 сомы Қашқар, 5000 сомы Құлжа, 2500 сомы Шәуешек консулдарына жолданып, 5000 сом СІХК резервінде қалатынын көрсеткен [218, п.53]. Ерекше комиссия өкілі Корсак 26 қаңтар күні А. Знаменскийді көрсетілген 20 000 сом қаржының жіберілгенінен хабардар еткен [218, п.24]. БОАК ерекше комиссиясына бөлінген қаржыны алу және жұмсау тәртібі көрсетілген арнайы нұқсаулық түзілді. Комиссия түскен қаржыны Батыс Қытайдағы консулдарға алдымен жіберіп, соңынан олардан ақшаның жұмсалуды туралы есеп қабылдаған [218, п.61]. Осылайша, М. Серафимов комиссиясы Жетісу губерниялық босқындар комиссияларын алмастырды. Бұдан былай Жетісу атқарукомы босқындар



комиссиясы Қытайға өкілдер жіберуді тоқтатып, босқындарға байланысты барлық жұмыс консулдарға өтті. 1926 жылдың 17 қаңтардағы губерниялық босқындар комиссиясы жиналысында Сафаров осы шешімді жария етті. СІХК тарапынан босқындар мәселесін үйлестіру осы мақсатта Синьцзянға арнайы барған Д.К. Ступниковқа тапсырылды. Оның атына 500 сом қаржы жолданды [218, п.65].

Москвадан жіберілген эмиссарлық органның жергілікті билік құрылымдарын көзге ілмеуі БОАК ерекше комиссиясын жою туралы мәселені күн тәртібіне көтерді. Бұған М. Серафимовтың жақтаушылары өре түрегеліп қарсы болады. Солардың бірі РКФСР жер халкомы өкілі Н.С. Сильвестров С. Асфандияров басқарған Қазақ АКСР комиссиясына жазған хатында өзінің М.Серафимов комиссиясын жоюға қарсы екенін білдірген [222, п. 56].

1926 жылдың 9 ақпанындағы Жетісу губерниялық ветеринарлық бөлімі меңгерушісі, губерниялық ветеринарлық дәрігер Квятковский «босқындардың малдарының шекарадан оқшаулаусыз өткізу Қытаймен күзет-карантиндік белдеуіндегі барлық пункттер РКФСР орталық ветбасқармасының құзырында болғандықтан, сондай-ақ, бұлай істеу РКФСР Ветжарғысының 7-бабына қайшы болғандықтан мүмкін еместігін хабарлаймыз» - деген мазмұндағы хабарлама жазған [218, п. 318]. 21 күндік карантин бойы күтуге шамасы жоқ босқындар жергілікті халыққа малдарын өте арзан бағаға сатып, не болмаса тиімсіз айырбастап кетуге мәжбүр болған. Н. Сатаев мұндай босқындарға тиімсіз айырбас-сауданы болдырмау үшін оларға карантин мерзімі біткенше азық-түлік беріп тұруға бел шешкен. Ветеринарлық бақылау қызметі 21 күнге Қытайдан күш-көлік қылып келе жатқан екі өгізін алып қойған жағдайлар орын алған [218, п. 211]. 23 наурыздан 1 маусым аралығында Қорғас тамақтандыру пункті арқылы 1002 адам босқын өткен [218, п. 185].

1926 жылдың 15 ақпанында БОАК жер жөніндегі ерекше комиссиясының қаулысына сәйкес, босқындарды Батыс Қытайдан қайтару және жерге орналастыру және олардың шаруашылықтарын қалпына келтіру жұмыстарына жәрдемақы жөніндегі жұмыстар бойынша босқындар комиссиялары қызметін қайта ұйымдастыру шешілді. Мәжіліс жұмысына М. Серафимов төраға болып, ерекше комиссияның мүшесі Т. Әлімбаев, жерге орналастыру бөлімінің меңгерушісі Корсақ, хатшы Хлыновский қатысты. Қаулыда реэвакуация бойынша уәкіл Н. Сатаевқа Пішпек пен Алматыдағы босқындар жөніндегі комиссиялар арқылы қайта оралған босқындарды есепке алып, материалдық жағдайын анықтау тапсырылды. Бұл үшін: 1) ағымдағы бюджетті жылдағы, яғни 1925 жылдың 1 қазанынан бастап, осы күнге дейінгі Қытайдан оралған, бірақ әлі орналастырылмаған босқындардың барлық санын; 2) Босқындар қазір қандай тұрғылықты мекендерде өмір сүріп жатқанын анықтау; 3) жиналған мәліметтерді Ерекше комиссияға, 1 данасын сол мағлұматтар бойынша жоспарлар жасау үшін тиісті жерге орналастыру партияларына беру; 4) Босқындарға шаруашылықтарын мұқтаждығына және қандай түрде (құрал-жабдық, ұрық және ақшалай) қалпына келтіру үшін қаржылай жәрдемақы нормасы берілу керектігін анықтау; 5) бюджеттік жыл басынан бері босқындардың арасында

кімдерге және неліктен жәрдемақы берілмегенін анықтап, мәліметте ерекше комиссия мен жерге орналастыру партияларына беру; 6) Қытайдан кеден өткізу пункттері арқылы келген босқындарды қабылдап алғаннан кейін олар БОАК жерге орналастыру жөніндегі ерекше комиссия қарауына өтеді де, оларды қоныс аударушылар өздері таңдаған мекендерге комиссияның жіберілетін уәкілдері арқылы жіберіледі; 7) тұрғылықты мекендеріне оралған босқындарды жермен қамтамасыз ету шаруашылықтарын қалпына келтіру үшін жәрдемақы берілгенше көмек беру және жәрдемақының өзін беруді, босқындар комиссиясынан гөрі босқындармен байланыста болып, олардың мұтаждарын білу, бөлінген қаржы, заттай көмекті жұмсалуды сұрау және нақты араласу арқылы тексере алатын селолық және ауылдық кеңестер өкілдері қатысатын жерге орналастыру партияларына тапсыру; 8) шаруашылықтарды қалпына келтіруге арналған жәрдемақыны биылғы бюджеттік жылда оралғандарға ғана беру; 9) дереу арада оралған босқындарды орналастыра беру үшін қосымша қаржы бөлінуін сұрау; 10) ерекше комиссияға берілген қаржыдан оралған босқындардың шаруашылығын қалпына келтіру үшін жәрдемақы ретінде ала тұру шешілді [218, п. 73 (а), 74].

1926 жылдың 3 наурызындағы Жетісу губерниялық босқындар реэвакуациясы туралы № 65 хат және № 68 жеделхат бойынша босқындардың КСРО-ға үй заттары мен малын қандай мөлшерде болсын, еркін шығаруға рұқсат берілгені хабарланды. Құлжадағы консулдық қызметкері Д. К. Ступников консул Вазоновтың рұқсатымен хат мазмұнын босқындар арасында кең жариялаған. Жаңалық босқындардың шекара пунктіне көптеп жиналуына әсер еткен. Д. К. Ступников Отанына оралуға ниетті босқындарды әлеуметтік жағдайына байланысты 3 категорияға бөледі: 1) кеңестік мекемелердің қолдауына зәру кедейлер; 2) Қытайдан КСРО-ға еркін мал айдауға рұқсат етілгені жарияланғаннан кейін пайда болған ауқатты шаруалар (мысалға 500 қойы, 50 сиыры және басқа малы бар Үшір есімді азамат малын жаю арқылысапарды қысқартатын Қалжат және Нарынқол пункттері арқылы өткісі келеді). Екінші категориядағы босқындар үшін Құлжадағы консулдық Қытай өкімет орындарынан олардың шекараны Қалжат пен Нарынқол уездері аумағында өтуіне айдап бара жатқан малдары үшін баж салығын төлеу арқылы ерекше рұқсатнамалар берілуі сұралы; 3) үшінші категориядағы босқындар санатына қытайларға, жалпы Қытай азаматтарына кіріптар болып, құлдық жағдайда қалған, ішіп-жеуге ештеңелері болмай, мардымсыз ақыға жұмысқа тұрған, тұрмыс-тіршілігіне еңбекақысы жетпегендіктен, өздерін жалдап алушыларға қарызға батып, қарыздың өсуімен өз қожайының құлына айналғандар. Д.К. Ступников құлдық жағдайда қалған босқындар саны әлі күнге толық анықталмаған күйде қалғанын көрсеткен. Мұның себебі құлдыққа түсіп кеткендер өздері қожайындары рұқсат етпеу себепті кеңес консулдығына келе алмайтындығымен, олардың атынан келетін әртүрлі «өтініш жеткізушілер» келіп, өмірде жоқ адамдардың тізімін беретініні, кейде бір ауданның өзінен әртүрлі тізімдер, әртүрлі сомадағы ақша сомасы көрсетілетін мұқтаж адамдардың есебінен байып қалғысы келетін кезбелер дайындаған тізімдер

кездесетінін көрсеткен. Д. К. Ступников Құлжа консулдығының бұрынғы қызметкерлері осындай мәліметтерді пайдаланғанын, сол мәліметтерді пайдаланып, орталықтың алдына қомақты әрі көбейтіліп көрсетілген қаржы бөлінуін сұраған жағдайлар орын алғанын жасырмады. Д.К. Ступников құлдықта қалған босқындардың шынайы санын анықтау жақын уақытқа жоспарланған кеңес өкілінің өлкені толық аралап шығуымен ғана анықталатынын көрсетті. Д. К. Ступниковтың Қытайдан босқындарды реэвакуациялау жөніндегі комиссия мүшесі Н. Сатаевқа жолдаған хатында 1926 жылдың 15 ақпанынан 20 сәуіріне дейін негізгі құрамы қазақ-қырғыздар және тараншылардан тұрған 736 адамды қамтыған 150 түтін Қытайдан қайтарылғанын көрсеткен [223, п.16, 17].

Батыс Қытайдан қайтарылған босқындарға рұқсатнаманы топтап беру тәжірибесі іске асырылды. Босқындар тобына виза беру талабы реэвакуацияны жедел аяқтау мақсатынан туған. Бұл туралы Құлжадағы КСРО консулы Вазанов пен хатшы Д. К. Ступников 1926 жылдың 4 наурызында сыртқы істер халкомы рұқсатнама бөлімі меңгерушісі Спильванек пен Орта Шығыс кіші бөлімшесі меңгерушісі Цукерманға жазған хатында баяндалады. «Батыс Қытайдағы Ресей босқындары – бұлар қырғыз-қазақтар, қара қырғыздар, шала қазақтар, тараншылар, дүнгендер, татарлар және басқа да әртүрлі ұлттарға жататын мұсылмандар. Олардың бір бөлігі Қытайға үкіметке қарсы сәтсіз көтеріліске шыққандарды патша үкіметі қудалаған 1916 жылы эмиграцияға кеткендер болса, екінші бөлігі Қытайға 1918-1919 жылдары азамат соғысы кезінде барғандар.» - деп сипатталған Базанов пен Д.К. Ступниковтың хатында. Құлжадағы консулдың хатында: «Барлық босқындар Ресейден Қытайға өтерде шекарада қытай халқы, атап айтқанда қалмақтар тарапынан тоналған және Қытайда болған барлық кездерінде материалдық жағдайлары өте ауыр болған, қанауға ұшырау, сауатсыздық деңгейі соншалық, оларды реэвакуациялау және оларға мемлекет есебінен виза бергенде, олардан қабылданған тәртіппен сауалнама толтыру мүмкін емес, әсіресе, оларды өз есептерінен фотокарточкаға түсіру ауыр салмақ болар еді, ал бұл қызметке мемлекет қаржы бөлмеген, сол себепті оларға рұқсатнама сауалнамасыз және фотокарточкасыз беріледі.» - деп көрсетілген [223, п.5, 6].

БОАК ерекше комиссиясының басымдықты иеленуі Жетісу губерниялық босқындар реэвакуациясы мен оларды орналастыру бойынша комиссияның қызметінің тоқтатылуына алып келді. 1926 жылы 6 наурызда губерниялық босқындар жөніндегі комиссия өз жұмысын осы жылы 15 наурыздан ары тоқтатыны, босқындар мәселесіне орай өкілеттік БОАК ерекше комиссиясына берілетінін хабарлады [224, п.7]. Губерниялық босқындар бойынша комиссия төрағасы И. Күдербеков бөлімдерде сақталған артылған қаржыны БОАК ерекше комиссиясына аударуды телеграф арқылы тапсырды [224, п.1]. Осы жылдың Лепсі уездік босқындар комиссиясы есеп шотында 1920 сом 50 тыйын қалғанын хабарлап, уездік комиссия төрағасы Жылысбаев, «Қосшы» ұйымы жетекшісі Оразов, жер басқармасы басшысы Мәдиев, БМСБ өкілі Ивлиевтер жиналыс

хаттамасы арқылы көктемде ағылып келетін босқындарды не істейтіндерін сұраған [224, п.2].

БОАК жерге орналастыру жөніндегі ерекше комиссиясы шешімдері губатқарукомдар арқылы жергілікті жерлерге жеткізілді. 1926 жылдың 29 сәуірінде губерниялық атқару комитетінің төрағасы Ы. Көшкінов пен ерекше комиссияның реэвакуация жөніндегі уәкілі Т. Әлімбаев уездік атқарукомдар, жерге орналастыру партиялары және Алматы қалалық кеңесін жолдаған қатынас хатында болыстық атқарукомдар мен ауылкеңестерден 1923 жылдан 1925 жылдың 1 қазанына дейін келген және 1925 жылдың 1 қазанынан осы уақытқа дейін келген босқындардың жеке шаруашылық түріндегі мүлдіктік жағдайы қамтылған тізімін дайындау тапсырылды. Жоғарыдағы Ерекше комиссияның 15 ақпандағы шешімінде көрсетілгендей, дайындалған тізімнің бір данасы губерниялық жер басқарамасына реэвакуация жөніндегі уәкілге, екінші данасы жерге орналастыру үшін жерге орналастыру партияларына жолдау талап етілді. Уездік атқару комитеттеріне жаңадан келіп жатқан босқындар туралы мағлұматтарды уездік атқарукомға оны реэвакуация жөніндегі уәкіл мен жерге орналастыру партияларын беруі үшін жолдау тапсырылды [225, п.3, 3 (а)].

М. Серафимов басқарған БОАК ерекше комиссиясына Қазақ АКСР және Қырғыз автономиялық облысы жергілікті билік органдары қарсылығының нәтижесінде 1926 жылы 24 мамырда комиссия жұмысы оң бағаланып, ары қарай жұмыс істеуінің қажеттілігі жоқ деп танылды. БОАК қаулысымен ерекше комиссияны жұмысының соңғы межесі осы жылдың 1 тамызына қойылды [226, п. 31].

Жалғасып жатқан босқындардың реэвакуациясы жұмыстарына Қытай билігінің үнсіз қарсылығына қарамастан ерекше комиссия уәкілі Н. Сатаев Нарынқол, Қорғаста тамақтандыру орындарын ашу арқылы жұмыстарына жетекшілік жасады. Нарынқол маңайындағы шекара арқылы босқындарды Қытай шекарашыларынан жасырын өткізу тәжірибесі іске асырылды. Қорғаста тамақтандыру бекеті арқылы түнде шекарадан жасырын өткен босқындар МСБ қызметінің тексеруінен кейін бұрынғы мекендеріне жіберілген. Шекара сызығын заңсыз кесіп өтуші босқындардың отбасынан басқа тіпті жеке заттары да болмаған. Жағдайға орай заңсыз жолмен шығарылмаса, босқындардың Қытайдан шығып кетуіне мүмкіндік берілмеген [218, п.151-156]. Босқындардың Қытай шекарасынан заңсыз өтуін ұйымдастыру кеңестік билік ұйымдастырған заң бұзушылық әрекеттердің бірі ғана еді. БМСБ мекемесі Синьцзяндағы босқындар арасында кейбір адамдарды ұрлап шекарадан өткізуді жиі қолданған. Батыс Қытайдағы босқындар мекендерінде кейбіреулердің аяқ астынан жоғалып кетуі жиі орын алғанын В.И. Петров шешесінің айтқаны негізінде көрсетеді. Оның айтуынша Тарбағатай ауданының шекара маңындағы мекендерде қонақ күту шаралары өткізіліп, масайған «керек адамды» жазда арбаға, қыста шанаға байлап Бақты бекетінен Кеңестер жаққа алып кетуі орын алып тұрған [90, б.326].

Қызметінің тоқтауы жақындаған БОАК ерекше комиссиясының Қытайдан келіп жатқан босқындардың мекендеріне орналастыру шығындарына қаржы

бөлуді сұраған өтінішін қараған РКФСР ХКК 1926 жылдың 18 маусымында осы мақсатқа 50 000 сом бөлген [218, п.231].

Текес өзені маңайындағы шекара бекетінің Қытай тарапынан жабылуы Нарынқолдағы босқындарға арналған тамақтандыру пунктін пайдасыз етті. Ерекше комиссияның Нарынқолға жіберген уәкілі Симоновтың 1926 жылдың 31 шілдедегі жеделхатында: «Қытай жағынан шекара жабық болғандықтан, босқындардың шекарадан өтуі ауыр жағдайда. Барлық қолға алынған шаралардан нәтиже жоқ. Шекара ашық болмаса, Нарынқолда істейтін еш шаруа жоқ. Пунктті Текес алқабындағы шекара ашық болғандықтан Нарынға немесе Қорғасқа ауыстыруды ұсынамын...Симонов.» - делінген [218, п.238]. Батыс қытайдан қазақ-қырғыз босқындарын қайтару барысы Синьцзяндағы басқа да халықтар тарапынан қызығшылық туған. 1926 жылы Құлжадағы СІХК консулы хатшысы Д.К. Ступников жергілікті қалмақтардың КСРО-ға өткісі келгендердің босқындардың қайту шарттары туралы сұрақтар қойып жатқанын айтқан. Қалмақ топтары КСРО-ға өтіп барғандарға жер берілуін, малдары тартып алынбайтынын, шаруашылықтарына көмек берілетін берілмейтінін білгісі келген [68, б. 33].

Таратылуға жататын БОАК ерекше комиссиясының қаржысын бөлісу туралы мәселе қаралған 1926 жылы 2 тамызда өткен БОАК президиумы мәжілісі құрылымды таратудың шекті мерзімі ретінде осы жылдың 1 қыркүйегі қайта белгіледі. БОАК президиумы мәжілісі қаулысында Қытайдан босқындар реэвакуациясы шаралары Қазақ АКСР ОАК мен Қырғыз облатқарукомы құрылымдарына өткізіліп берілуі, босқындарды қайтару бойынша бөлінген қаржының қалдығын көрсетілген екі тарап арасында тең бөлуді шешті. БОАК бұрынғы ерекше комиссиясының жерге орналастыру бойынша зерттеу отрядтарына арналған қаржының қалдығы және осы отрядты пайдалану құқы Қазақ АКСР жер халық комиссариатына өткізілді [222, п.60]. БОАК преидиумы қаулысымен Қазақ АКСР территориясындағы босқындарға арналған тамақтандыру орындары осы республиканың тиісті құрылымдарына тапсырылды [227, п. 2, 2 (а)]. Ерекше комиссияның жұмсалмай қалған қаржысынан Қазақстан бойынша 71 000 сом, Қырғызстан бойынша 142 000 сом қалғаны есептелді [227, п. 6 (а)]. 1926 жылы 18 қыркүйекте БОАК ерекше комиссиясы қаржысын бөлу мәселесі арнайы мәжілісте қаралып, ерекше комиссия есебіндегі 53502 сом 94 тиынның Қырғыз автономиялық облысыны 18251 сом 47 тиын, Қазақ АКСР-не 35251 сом 47 тиын бөліп берілді. Көрсетілген жылдың 1 қазанынан ары босқындарды қайтару жұмыстарына орай жұмыс істеп жатқан ерекше комиссия мамандарына айлық екі республика үкіметі есебінен берілетін болды. Осы қаулының 4-пункті бойынша Қытайда жұмыс жүргізіп жатқан босқындар реэвакуациясы жөніндегі өкілдер Н. Сатаев, Симоновтарға ерекше комиссияның жойылғанын хабарланып, оларға жүргізілген жұмыстардың есебін Қазақ АКСР және Қырғыз АО үкіметтеріне тапсыру міндеттелді [227, п. 20 (а), 21].

1926-1927 жылдары босқындардың Қытайдан өз отанына (Жетісу) оралуына көмек көрсету туралы мәселесі айтылды. Босқындардың

реэвакуациялау жүйелі түрде 1927 жылы 1 мамырдан басталады делінген. Орталық атқару комитетінің шешімі бойынша 459 903 рубль қаражат бөлінді. Бұнда босқындардың шекараны өту мәселесі, жерге орналастыру, шаруашылықпен қамтамасыз етілу, кейбір елді мекендерде: Құлжа, Үрімші, Қашғарда екі республиканың Қазақ және Қырғыз шекарасымен өтуі, босқындардың сол жерлерде қоныстануы мәселесі Ташкент қаласында қарастырылу керектігі айтылды. Жоспарлы орындалу 1 қазанға дейін шегерілді. Халықтық комиссариат Бөкейхановтың қолымен бекітілген. Знаменский (ІХК қызметкері) сөзінше тез арада бұл жоспар орындалмаса, босқындардың саны күрт өсу қаупі бар. Осылайша, Құлжадағы елшісі Арскіге жіберілген мәлімдемесінде Знаменскийдің құзыреті бойынша реэвакуациялау 1.10.27 дейін ұзартылды. Ендігі мәселе реэвакуациялау үдерісінің дұрыс орындалуы, осыған орай екі мың жуық босқындардың келуі жиырма төрт мыңнан аса рубль қаражат жұмсалды. Оның үстіне, Хоргос мекенінде босқындарға уақытша үй, ыстық тамақпен қамтамасыз етуі айтылды. 1926 жылы 100 мың рубль қаражат кеткені туралы құжатта көрсетілген. Жетісу губерниясы бойынша Іле елді мекенінде сатылып кеткен адамдар саны шамамен 800 адамдарға жетті. Транспорт ретінде түйе, жылқылармен қамтамасыз етуге, егіншілікке қажетті құралдарды қамтамасыз етілді, бірақ бір ерекшелігі тек үлкен заттарды көтеруге ғана түйе жылқылар берілді, ал қарапайым адамдар жаяу жүрген, сөйтіп жалпы реэвакуацияға 431 мың сом жұмсалды [228, п.157] .

БОАК ерекше комиссиясының жұмысының тоқтатылуы бұрын Түркістан АКСР-і құрамнында болған Сырдария және Жетісу облыстарындағы шаруаларды жерге орналастыру бастамаларының біржақтылығына тоқтау салды. Құрылымның жойылуы, сондай-ақ, М. Серафимов комиссиясының босқындар мәселесін жергілікті билік құрылымдарынан алып, орталық биліктің күшімен құрылған өкілеттігі зор ерекше комиссияға беріп, СІХК өкілдерін басымдық бере отырып шешу шаралары сәтсіз аяқталды. 1926 жылдың қазанына қарай М. Серафимов басқарған БОАК ерекше комиссиясы түпкілікті жойылып, құрылымның босқындар бойынша өкілеті Қазақ АКСР жер халкомына өтті.

## 2 АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУ КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ӨңІРІНДЕГІ БОСҚЫНШЫЛЫҚ (1926-1932 ЖЖ)

### 2.1 XX 20-жылдардың аяғы және 30-жылдардың басындағы ауыл шаруашылығын кеңестік модернизациялау жағдайындағы босқыншылық

Қазақстандағы БМСБ тұрақты өкілдігі шекара күзеті басқармасы бастығы Матвеев 1927 жылдың 15 шілдеден бұрын емес жолдаған мәліметтерінде осы жылдың шілде айының басында Зайсан уезі Тарбағатай болыстығы аумағындағы Күзеуін және Хабар-асу заставалары арасындағы жайлауға Зайсан уездік атқаруком хатшысы Мырзасадық Құрбанов жазғы демалысқа келіп, жергілікті байларға ауыр ауылшаруашылық салықтары келе жатқанын ескертіп, шекара асып көшіп кетуге үгіттегені баяндалады. Шаруалардың шекара асып көшуге келісуіне тұрғындарға қарсы заңсыз әрекеттері үшін қамалған 2-комендатураның жауынгері Мұстафа Қалиевтің бостандыққа шығып, М. Құрбановқа келіп, Зайсан комендатурасының оларды тұтқындайтыны туралы арандатушылық хабар таратуы әсер еткен. М. Құрбановтың әкесі Садық Құрбанов екі баласын Қытайға Таңғыт үкірдайымен тығыз байланыстағы Қадыр молда есімді інісіне жұмсап, шекарадан қауіпсіз өту үшін қарулы топ жіберуін сұрайды. Қадыр молда туысының өтінішін орындап, өзінің ұлы, бұрынғы Алашорда офицері Құниязды (Ниязбек) 50 жігіттен тұратын қарулы топпен жібереді. № 2 Покровка комендатурасының жасағымен қақтығысқа түскен 300 адамнан тұратын шекара маңы тұрғындары, оның ішінде қарулысы 200, қарусызы 100, жалпы саны 68 түтін шекарадан Қытайға өтіп кетеді [129, б. 196-197]. Осы жылдың күзінде шекарадан өтіп кеткен Тарбағатай болыстығы № 5 ауылкеңесіне қарасты 31 түтін, № 3 ауылкеңесіне қарайтын 7 жанұя 665 бас қой, 64ірі қара, 38 ат, 4 түйемен қайтадан туған жеріне оралған. 1927 жылдың 8 желтоқсанындағы КСРО БМСБ шекара күзеті басқармасының мәліметінде Қытайға өтіп кеткен босқындардың соңғы тобымен Садық молда Құрбанов та қайта оралғаны хабарланды. Босқындардың кері қайтуының себебі ретінде КСРО БМСБ шекара күзеті басқармасы бастығы Канцельсон: «Біздің тарапымыздан қазақтарды КСРО-ға қайтару үшін беделді байлар мен Тарбағатай болыстығының қазақ партия мүшелері арқылы Қытай өкімет орындарының шекарадан өтіп барғандардың барлығын үлкен салықтармен тонамақ ойлары бар екені, олар қайта келетін болса ешқандай жауапкершілікке тартылмайтын туралы сыбыс тараттық.» - деп көрсетеді. Канцельсон кеңестік барлау қызметінің осы әрекеті Қытай билігінің салық жинауымен сәйкескендіктен, қашып өткендердің кері қайтуға құлшынысы оянғанын мақтанышпен баяндаған [129, б. 198-199].

Қазөлкеком ақпарат-статистика секторы меңгерушісі Н. Беспаловтың «өте құпия» белгісі бар бұрынғы Алматы облысы шекара аудандарындағы саяси және партиялық-бұқаралық жұмыстар жөніндегі ақпарына сай, КСРО-ның Қытай шекарасымен шектесетін 17 ауданының 7-і бұрынғы Семей облысына кірсе, 10-ы бұрынғы Алматы облысына жатты. Н. Беспалов халықтың Қытайға көшуінің

жаңа кезеңдегі бастау нүктесі «1928 жылғы бай-феодал шаруашылықтарын жою» науқаны деп көрсетеді [229, п.95].

Қазақстандағы 20-30 жылдардағы аграрлық саладағы өзгерістерді жүзеге асыру тәсілдерін бірден бір өзін ақтайтын жол деп қабылдамаған қайраткерлер болғанын ескеру керек. Көшпенділіктің элементтері сақталған мал шаруашылығының қазақтар ұстанатын аграрлық тәсілін ғылыми талдаған А.Н. Донич: «Қазіргі жағдайда, дамудың қазіргі сатысында көшпелі мал шаруашылығының шөл және жартылай шөлейтті жерлерді пайдаланудың ақылғы сиымды әрі өнімді формасы екеніне ешбір күмән жоқ... Профессор Швецов көшпенді тұрмыс сыртқы жағдайларға таңқаларлық деңгейде бейімделгені туралы да дұрыс айтады.» - деп көрсетті [230, б. 142]. А. Н. Донич атын атап отырған іргелі ғалым С.П. Швецов қазақ көшпенділігінің табиғатын былайша түсіндірген: «Екі жағдайда да ықпал етпейді деуге болмағанмен, қазақ шаруашылығының типін, сондай-ақ, қазақтардың өздерінің психикалық және мәдени даму деңгейін көшпелі тұрмыстың өзі анықтамайды. Мүлдем керісінше: қазақ шаруашылығының түрі қазақтардың өмір салтын анықтайды; бір жағдайда ол таза түріндегі көшпелі, екінші бірінде жартылай көшпелі, үшіншісінде отырықшы және т.б. болады. Қазақстанның әрбір белгілі ауданындағы шаруашылық түрін ең аз жағдайда ғана кездейсоқ деп атауға болады, өйткені ол толығымен елдің қоршаған табиғи-тарихи жағдайларына байланысты. Елдің рельефі, климаты, топырағы, суару жүйесі, өсімдік жамылғысы және т.б. шаруашылық түрін жасайды. Ал шаруашылық қоршаған табиғат әсерінен шықпайтынындай, ауыл шаруашылығы одан ешқашан толық шықпайтын шығар – сол уақытқа дейін белгілі бір елдің шаруашылық түрі жергілікті табиғаттың ерекшеліктерімен айқындалады. Оның даму дәрежесі, артта қалу немесе үлкен немесе аз қарқындылығы қоршаған табиғи жағдайларға емес, халықтың тығыздығының деңгейіне байланысты.» - деп көрсеткен [3, с.100].

Ал өзінің жоғарыдағы сараптау еңбегінде А.Н. Донич сонымен қатар үлкен қауіп ретінде «отырықшылыққа өтерде көшпенділер мен жартылай көшпенділердің капиталын (малын) сақтау» мәселесін атаған [230, б.154]. КСРО-дағы индустриализацияның құрбандығына ауыл шаруашылығының шалынбауын ескерткен экономистер де болды. «Елдің индустрияландыру ауыл шаруашылығының товарлылығы мен өндірістік өсімін тоқтатпауы керек... Шаруа шаруашылығынан индустрия саласына қаржыны барынша айдап бағыттау талабын басшылыққа алу дұрыс болмайды. Өйткені бұл талап шаруалардың саяси бөлінісіне ғана емес, шикізат базасының индустрияның өзінен алшақтауына, экспорттың кейін қалуына және бүкіл шаруашылық жүйенің тепе-теңдігін бұзуға алып келеді.» - деп көрсетеді А. М. Поволоцкий [231, б.3]. Кейінгі тарих экономистің ескертуінің қаншалықты дұрыс болғанын көрсетті.

Кондратьевшіл деп айыпталған А. Донич, М. Г. Сириустардың пікірлерінің рационалды өзегі ескерілместен, экономист-ғалымдар Қазақстандағы саяси тазалау науқанының құрбандығына шалынды. Өзгеше экономикалық пікірдің авторы Николай Дмитриевич Кондратьев (1892— 1938), орыс, совет экономисі, Петербург университетін бітірген. Қазан төңкерісінен кейін К. А. Тимирязев



атындағы Москва ауыл шаруашылығы академиясының профессоры, КСРО қаржы халық комиссариатына қарасты конъюктура институтының директоры болған. 1930 жылы «Еңбекші шаруалар партиясы» ісі бойынша сотталған [33, б.175].

А. Н. Донич келтірген статистикалық мәліметтерде 1928 жылға қарай Қазақстанның аудандарындағы халық саны көрсетілген. Көрсетілген мерзімге қарай Қазақстанда 20 ұлт өкілдері мекендеген. Алматы округінде 56538 адам қалада, ауыл-қышпақ-селода тұратындар 754680-ді құрап, жалпы саны 811218 адам тұрған. Округ халқының 508 788-ін қазақтар құраса, олардың 3694- қалада, 754 680- ауылда тұрған. Алматы округінде тұратын орыстардың саны 137 721 оның 27 694 қалада, 11 0231 селода тұрған. Алматы округінде 51 801 тараншы ұлтынан тұрса, олардың 10437-сі қалада, 41364-і ауылда тұрған, Семей округінің жалпы халық саны 886131-ді құраса, қазақтар 408 666 болып, оның 395056 ауылда тұрған. Семей округіндегі орыстар саны 353410, оның қалада тұратындары 47295 адамды құрайды [232, б. 28, 29, 32]. Дәстүрлі мал шаруашылығының қазақ аграрлық секторындағы маңызды ролі туралы құнды пікірді Әлімхан Ермеков та айтқан олатын. Ә. Ермеков: «Қазақ даласының табиғат жағдайын және халықтың тығыздығын ескере келе, өз аяғынан жайылатын мал шаруашылығы байырғы халықтың әлі де ұзақ мерзімдік негізгі кәсібі болып қала береді деп батыл айтуға болады, ал осыған байланысты, әрине, көшпелі тұрмыс болып қала береді. Сондықтан да, мәдениет пен өркениеттіліктің мүддесі үшін жуық арада даланы отырықшыл және егінші ету қажет деген оймен әуестену керек те емес. Швейцарияның, Нормандияның, Аргентинаның және Австралияның мысалы осыны жақтайды»- деп көрсетті [50, б.23].

Шекара бойындағы кедей-орташа шаруалардың ауа көшуінің себебіне тоқталған БК(б)П Қазөлкекомы ақапарат-статистикалық секторы меңгерушісі Н. Беспалов құбылыстың орын алу себебін «шекара аудандарында рулық, экономикалық елеулі ықпалы бар байлардың антикөнестік топтарын пайдаланған шетелдік контреволюциялық элементтердің белсенді әрекетінен» көреді. Н. Беспалов халықты Қытайға көшіру байларды тәркілеу науқанына дейін ұымдастырыла бастағанын және бұл тәркілеумен байланысты қазақ ұлтшылдарының әрекеті екенін көрсетеді. 1928 жылғы ірі байларды тәркілеу науқаны Қытайға шаруашылықтардың жеке және топтасқан түрде өтуін үдеткені айтылды. Н. Беспалов тәркілеу науқаны тұсында ұлтшылдар мен ірі байлар Қытай билігімен Батыс Қытайда тұрып жатқан халықтың жекелеген топтарының туыстарымен байланыс орнатқанын көрсетеді. Н. Беспалов мұндай тұжырымдарының дәлелі ретінде Алматы округі Бүйен-Ақсу ауданында тұратын Жетісудағы Алашорда қозғалысының жетекшілерінің бірі, 1918 жылы қазақтардан Алаш батальондарын жасақтаған, ақтар жеңілген соң Қытайға қашқан Тәңірберген Тұрысбековтың Қытай өкіметімен келісім жасағаны туралы оның белгісіз жақтастарының мәлімдемелерін келтірген. Ақпарда 1929 жылы белгісіз жақтастың «Тәңірберген көктемнен бері бізді бостандыққа шығару туралы уәде беріп келе жатыр... Қытай мен Англия үкіметтерінен Қазақстанды

азат етуді өтініп жатыр. Бұл жағдайда одан қазақ халқының Кеңестер Одағынан бөлінуін қалайтын белгілі бір мөлшердегі қолын жинауды талап еткен. Бұл тізім мамыр айында толтырылу керек.» - дегені айтылады [229, п.97-98].

Н. Беспалов дайындаған ақпарда 1930 жылдың наурыз айында Алматы округінің Бүйен-Ақсу ауданында «Эмигрант» атты 1928 жылы байларды жер аударған кезде құрылған контрреволюциялық ұйымы әшкереленгенін жазады. Бұл ұйымның жетекшілері ретінде Мамановтар мен Тұрысбековтар аталды. Ұйымның негізгі ұстанымы контрреволюциялық қарулы көтеріліс пен Қытайға көшуді ұйымдастыру деп көрсетілді. БМСБ-ның алдын ала мәліметтеріне сүйенген ақпар бойынша бұл ұйым жергілікті қазақ тұрғындарынан Қытай азаматтығына өту жөнінде қол жинаған. Н. Беспаловтың мәліметтерінде соңғы уақытта Қытай аумағынан бері кеңестік территорияға «бандалық құрылымдардың» өкілдері өтіп, жаппай ауа көшуді ұйымдастыра бастағаны көрсетілген. Шекарадан өтіп келіп, көш ұйымдастырушылар алдымен өздерінің отбасын, одан кейін басқа туысқандары мен таныстарын топтастырмақ болған. Әдетте көшушілер тобы 7-10 жанұядан құралған. Мұндай шағын көштер, Н. Беспаловтың көрсетуінше, барынша ұсталмайтын ықшам көшке жатқан. Н. Беспалов ақпарында жекелеген жағдайда көшіп кетуді ұйымдастыру жұмыстарына коммунистер мен кеңес қызметкерлерінің көмектесіп отырғанына «ерекше назар аударуды» сұраған [229, п.99].

Ірі байларды тәркілеу туралы декреттің қабылданып, жариялануының дәл қарсаңында шекаралық аудандардан босқыншылықтың жиілегені байқалған. Бұл туралы БМСБ Қазақстандағы тұрақты өкілі Н. Л. Волленбергтің ҚОАК төрағасы Е. Ерназаровқа жолдаған ақпарларында баяндалады. Құжатта Қарқара болыстығының байлары Сырт тауларына жақындап, тәркілеу туралы хабар алысымен, Қытайға өтуге дайындалғаны, бұл мақсатта Қырғыз АКСР-нің Қарақол ауданында «Салықтардан және малды тартып алудан құтқару» ұранымен әрекет етуші белгілі қарулы топ басшысы Жантай Амановпен уәделесіп, шекарадан өту үшін оның көмегіне жүгінгені айтылған. 11 тамызда Жаркент шекара отрядына қарайтын Лепсі ауданында Қытайға көшіп кетуге оқталған 26 қазақ отбасы 1194 бас малымен тоқтатылғаны хабарланды. Бұған қоса Қытайға көшіп кеткен 8 жанұя қайтарылған [233, п. 41,43]. 1928 жылдың 16 тамызында Зайсан ауданының 4-ауылына қарасты 65 түтін «Қосшы» одағы төрағасы Нұрзабай Дәуменов пен БЛКЖО мүшесі Қасым Жанпейісовтің басшылығымен Қытайға көшіп кеткенін № 50 шекара отряды бастығы міндетін атқарушы Вишневский мен уәкіл Рогулев хабарлаған. Босқындардың артында 68 десятина егін қалған [121, б.276].

21 тамызда осы Зайсан шекара отряды қарайтын Кендірлік аулы маңынан 150 түтін Қытайға беттеген. Н. Л. Волленберг ауа көшушілерге көмекке Қытайдан 150 атты қарулы әскер келгендіктен, шекарашылар атыспен шектелгенін айтып ақталады. Босқындар тарапынан 5 адам оққа ұшқан. Н.Л. Волленберг БОАК-нің Қытайға өтуге талпынушыларға қарсы күш қолдануды жұмсарту туралы нұсқау бергенімен, жоғары атқарушы органның «байлардың көшуі мәселесінде саяси роль орындамағанына» бетіне баса отырып, «шекара

күзетіне шекара күзеті туралы заңдар және шекара жарғысы негізінде әрекет етуге» мүмкіндік беру керек екенін баса көрсеткен. Н.Л. Волленберг, басқаша сөзбен айтқанда, тәркілеу науқаны қарсаңында Қытайға қашқан шаруаларға қарулы күш қолдануды ұсынған [233, п. 44,45]. Осы кезде Семей округін тәркілеу науқанына байланысты тексерумен айналысып жүрген КСРО БОАК-тің А. С. Киселев басқарған, құрамында Семей округтік атқаруком төрағасы Мырзағұл Атаниязов бар арнайы комиссиясы 23 тамызда Зайсанда өткізген мәжілісінде керісінше, шекарашылар мен босқындар арасындағы қақтығыстарды жұмсартуға күш салды. БОАК комиссиясы осында қабылдаған қаулысында шекара отрядын Қытайға өтіп бара жатқандардан тартып алған малды, оларды сатудан түскен ақшаны иелеріне тізім бойынша қайтаруды міндеттеді. Иелері Қытайға өтіп кеткен малды Тарбағатай ауаткомына сақтау үшін беру тапсырылды. Шекарашылар тартып алған мал мен ақша КСРО-ға қайта оралған еңбекші халық өкілдеріне, сондай-ақ, «басқа да Кеңес өкіметіне оң көзқарастағы» адамдарға қайтару шешілді. Қаулыда Қытайға мал-мүлкімен өтіп кеткен шаруаларға 15 күннің ішінде шекара отрядына өтініш беріп, кері қайтуға мүмкіндік берілді. Көрсетілген мерзімде қайта оралғандар ешқандай репрессияға тартылмайтыны уәде етілді. Босқындармен келіссөздерді БОАК комиссиясы есебінен жүргізу көзделді [121, п. 282].

Алматы округінің Қарқара, Жаркент, Октябрь, Сарқан, Андреев, Алакөл, Бәрібаев, Бүйен Ақсу аудандары шекаралық аудандардағы тәркілеу шаралары айрықша назарда болды. 1928 жылдың 30 тамыз күнгі ОАК мен ХКК-нің тағы бір қаулысы негізінде кейбір шекаралық елді мекендер тәркілеу туралы 27 тамыз 1928 жылғы қаулының құзырынан шығарылды. Қарқара ауданына қарасты Түзкөл және Бірлік, Жаркент ауданының аудандастыруға дейін Ақтам және Қорғас мекендері шекарасындағы жерлер, Октябрь ауданының Берекелі елді мекені, Бүйен Ақсу ауданынан Қарабаз, Кенжі, Алакөл ауданының Бәрібаев және Алакөл маңында тәркілеу жүргізілмейтін болып шешілді [234, п. 131 (а)].

Шекаралық елді мекендерді ірі байларды тәркілеу туралы декрет құзырынан шығару туралы ұсыныс КСРО-ның СІХК тарапынан түскен болатын. БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті хатшысы Ф.И. Голощекиннің сыртқы істер халық комиссарының орынбасары Л.М. Караханға 1928 жылдың 23 маусымында жолданған құпия хатында былай делінген: «Сіздің 2 маусым күнгі хатыңызға байланысты хабарлаймын: өкінішке орай, шекара шебінде Жетісу губерниясының басқа уездерінде іске асырылатын шараларды болдырмайтын радиусті анықтауға мүлде болмайды. Бізге, шекара шебінде шекарадан арлы-берлі өтушілер болып тұратыны белгілі. Жоспарланып отырған ірі байларды тәркілеу кезінде де, шекарадан өтушілер бола береді деп ойлауға болады. Біз, әрине, шекара шебіндегі тәркілеуге қалай қарау керектігі туралы талқылайтын боламыз. Алайда, шекара шебін тәркілеу туралы заң құзыреті шегінен шығару туралы шешуіміз неғайбыл.»- деп жауап берген [235, п. 128]. Сыртқы істер халық комиссарының орынбасары консулдық-елшілік құрылымдардың шекара бекеттеріндегі жемқорлық, арлы-берлі толассыз өтушілер жайлы мағлұматтарын Ф. И. Голощекинге жолдап тұрған. Өлкелік партия комитеті хатшысының мына

жауабына қарағанда, тәркілеу кезінде кейбір шекаралық шеп елді мекендерінен тәркілеу туралы декрет аясынан шығару туралы Л. М. Караханнан ұсыныс түскен болуы керек. Жоғарыда көрсетілген өлкелік Халық комиссарлар кеңесі қаулысына қарағанда Ф. Голощекин шекара шебіндегі мекендерді тәркілеу заңы аясынан шығаруға түбі келісуге мәжбүр болған. Шекара шебіндегі елді мекендерде тәркілеу туралы заң аясынан шығару 1928 жылдың 18 қыркүйегінде Алматы Ократком жанындағы бай шаруашылықтарын тәркілеу жөніндегі округтік комиссия мәжілісі қаулысымен Өлкелік комиссия бекіткен шекара шебінде жатқан 12 шаруашылық тәркілеу тізімінен шығарылады. Олар: Қарқара ауданы бойынша (бұрынғы Тұзкөл-Қарқара болыстары) 1-топтағы байлар Беріпсалиев, Мүлкібаев, Өтеулов, Бектенов, Сұлтанқұлов, Кухтиев, Бегалы және Әбдікерім Қанапияевтар, Ұзақов, Кекілов, Өскембаевтар шаруашылықтары. Октябрь ауданынан Берекелі болыстығынан Мұрыбаев та тәркілеу тізімінен шығарылды [236, п. 126]. Осы мәжілісте, сондай-ақ, Қарқара аудан бойынша уәкілдің Тұзкөл болыстығында тұратын 9 бай шаруашылығын тәркілеу туралы телеграф арқылы хабарламасы қаралды. Аудандық уәкіл Тұзкөл болыстығының шекара шебі болып саналмайтынын, шекара шебіне жақындайтынын, мұндағы шаруашылықтар қалған тұрғындар үшін тынышсыз екенін көрсетіп, осы себептен оларға қатысты 1928 жылдың 27 тамызындағы декретті қолдануды аса қажетті деп санайтынын жеткізген. Уәкіл шекара шебі ретінде Байынқол болыстығын тануды сұраған. Бұл ұсыныс бойынша округтік комиссия мәжілісі: «Округтік комиссия шекара шебін ауыстыруға өкілетті емес. Сол себепті Қарқара ауданы бойынша уәкілге бұрын берілген нұсқауларды басшылыққа алу ұсынылсын.» - деген қаулы қабылдайды [236, п. 122].

1928 жылдың 29 тамызында арнайы комиссия құрамында Семей облысын барған БОАК жауапты хатшысы А. С. Киселев В. М. Молотовқа көшірмесін Қазөлкекомға жолдаған құпия шифровкасында: «Комиссия 400 жанұяның көп мөлшердегі малмен шекарадан өтіп қашқанын анықтады. Көптеген қашушылар олардың қашу жолын бөгеген әскердің күшімен ұсталды. Комиссия Семей, Жетісу облыстарының шекара аудандарында тәркілеу туралы заңды тоқтату туралы бірауыздан шешім шығарды. Павлодарға келісімдеріңізді жарық көргенше жіберіңіздер.» - делінген [237, п.159]. Архив қорларында А. С. Киселевтің осы шифрограммасына орай Ф. И. Голощекиннің жауабының өз қолымен жазылған нұсқасы сақталған. В. Молотовқа бағытталған жауабында Ф. Голощекин: «Шекарадан өту тәркілеу туралы алғашқы хабардан бастап-ақ басталды. Шекара аймақтарын тәркілеу туралы заңнан алып тастауға принципті қарсылығым жоқ. Алайда, осы аудандарға көрші уездерден ...*(түсініксіз)* өтеді деген қауіп бар. Мен өзім шекаралық аудандарда минимум шаруашылықтарды жедел түрде жүргізуге және халықты тыныштандыруға тапсырма бердім.» - деп көрсеткен [237, п.160]. 1928 жылдың 30 тамыз күнгі Қызылордадан Қазөлкеком хатшысы Я.Г. Ноготовичтің В.М. Молотовқа жолдаған «өте құпия» шифровка жауабында: «Өлкекомның қаулысымен бұрынғы әкімшілік бөлініс бойынша Семей және Жетісу губернияларының тәркілеу туралы декреттің күші жойылды.» - деп хабарлаған [237, п.161].

Шын мәнінде 1928 жылдың 30 тамызындағы «Қазақ республикасындағы ҚОАК пен ҚХКК 27 тамыз 1928 жылғы бай шаруашылықтарының мал-мүлкін тәркілеп, өздерін жер аудару туралы декретінің аясынан шығарылатын аудандар туралы қаулыға» ҚазОАК төрағасы Е. Ерназаров пен ХКК төрағасы Н. Нұрмақов қол қойған. Қаулыда тәркілеу мен жер аудару туралы декреттің аясынан Алматы округінің Қарқара ауданына қарасты Түзкөл және Бірлік, Жаркент ауданының Ақтам және Қорғас, Октябрь ауданынан Берекелі, Бүйен-Ақсу ауданынан Қарасаз-Кенжі, Алакөл ауданынан Бәрібаев және Алакөл болыстықтары шығарылатыны көрсетілген. Бұл қаулыда Семей округінің Мақаншы ауданынан Мақаншы, Тарбағатай ауданынан Тарбағатай, Зайсан ауданынан Тарбағатай және Сталин, Марқакөл ауданынан Дарственная (Комаровская) және Максимовкая, Шыңғыстай ауданынан Шыңғыстай болыстығы шығарылғаны көрсетілген [238, б.122].

А.С. Кислеевтің ауа көшушілік дендеген шекара аудандарын тәркілеу туралы декрет аясынан шығару туралы тапсырмасына Ф. И. Голощекин 27 қыркүйекте В.М. Молотовқа жолдаған құпия шифровкасында қайта оралған. Байларды тәркілеу барысында орын алатын қателіктерді жергілікті ахуалды бағалай отырып түземесе, «БОАК түзей алмайтынын» көрсетеді. «Оның үстіне БОАК тарапынан (тәркілеуді) тоқтата тұру прецеденті шағымдар тасқынын тудырып, науқанның тоқтауына алып келеді. Өлкеком ОК-нен БОАК-не (түскен) барлық арыз-шағымдарды түпкілікті шешу үшін ҚазОАК мен Өлкелік комиссияға беру жөнінде тапсырма беруін сұрайды.» - деп көрсеткен [239, п.37].

Ф. Голощекин БОАК-ның А. С. Киселев басқарған комиссиясының шешімдерін мойындағысы келмей, аларсұрғанымен, ештеңе шығара алмады. Семей губерниясын зерттеген А. С. Киселев комиссиясының баяндамасы БК(б)П ОК саяси бюросында 27 қыркүйек 1928 жылы тыңдалып, мақұлданды. БК(б)П ОК мен БОАК-нің А.С. Киселев басқарған комиссиясының «Бұрынғы Семей губерниясында партиялық тапсырмалар мен Кеңес өкіметі заңдарының бұзылуы туралы баяндамасы» бойынша қабылданған қаулыда: «Шекарадан өтіп, қазіргі кезде Қытайда тұрып жатқан азаматтарға КССРО-ға малдарымен қайтуларына рұқсат етіп, бұл жөнінде халыққа хабарлансын.» - деп көрсетілген [239, п.25]. А.С. Киселев комиссиясының Семей губерниясы бойынша қорытындысында «партиялық тапсырмалар мен кеңестік заңдардың бұзылуы» «бірқатар мөлшердегі қазақ шаруашылықтарының Қытайға өтіп кетуіне алып келгені» атап көрсетілді. Комиссия губерниядан ішінде орташалар да бар 420 жанұяның 22000 бас малды алып қашып кеткенін, біршама мөлшердегі қазақ шаруашылықтары шерадан өтпек болған кездерінде әскери күштің көмегімен ұсталғанын анықтады [239, п.35-37]. Қазақстан ОАК төрағасы Е. Ерназаровқа жолданған БМСБ -нің мүліктерін тәркілеуге байланысты байлардың көңіл-күйі мен әрекеттері туралы 8 қыркүйек 1928 жылғы № 24192/2 арнайы ақпарында бұдан басқа Қабастау және Берекелі болыстығының байлары Елбасын Изембаев, Шұмақбай Бекқұлиев және басқалары 1928 жылыдың шілде айында таяп қалған тәркілеу, ауыр салықтар жайын талқылап қолайлы сәт туғанда Қытайға ауып кетуді жоспарлап отырғаны хабарланған [233, п.162]. Қарқара болыстығының ірі байлары Сырт тауларына

жақынырақ қонып, тәркілеу басталған жағдайда осындағы Қақпақ тауларында жүрген қырғыз Жантай Омаровтың көмегімен Қытайға өтуді ойластырады. Шекара басқармасы мәліметінде қазір Қытайдың Жаркент уезімен Сырт тауларымен шектесетін аймағында жүрген Жантайдың Қырғызстан АССР-інің Қарақол ауданында танымал әрі беделді тұлға және ақсүйек тұқымы екені айтылған. «БМСБ-нің Орта Азиядағы өкілетті өкілдігінің мәліметіне қарағанда Жантай, өзінің беделіне сүйеніп, осы жылдың мамыр айында елді Қытайға көшуге үгіттеді, соңынан қарулы адамдарымен Қарақол ауданының өздерімен бірге 300-ге жуық ірі қара, 1000 ұсақ жандықты айдап кеткен 30-дай жанұясын шекарадан өтуіне көмектесті. Жантайдың үгітінің ұраны: «Салықтар мен малды алудан құтылу». Осы мәліметтерге қарағанда Жантайдың банды тобы Сырт тауларын жақын жерде жүруі Қарқара болыстығының осы мандағы байларының онымен қосылуын жеңілдетеді» - делінген ақпарда [233, п.44]. Хат соңында БМСБ басшылары (Н.Л. Волленберг пен А.В. Адамович) қалыптасқан жағдайды және экпроприация туралы декрет жарияланғаннан кейін қалыптасатын ахуалды ескеріп, байлардың шетелге қашуына қарсы тәсілдерді қайта қарап, көшуді тоқтату үшін батыл шаралар қабылдау керектігін, «шекара қызметіне шекара күзеті туралы заңдар аясында және шекара жарғысын қолдану негіздерінде қимылдауына мүмкіндік беру» қажеттігі баса көрсеткен [233, п.45]. Соңғы ұсыныс шекара арқылы босқан жұртқа қарсы әскери-соғыс тәсілдерін, қаруды баса қолдануды нұсқап тұр. Лепсі ауданының Көктерек болыстығының байлары да мал сатуға кіріседі. Ірі байларды тәркілеу басталмай тұрып-ақ, түрлі салықтарды төлемейтіндердің мал-мүлкін тәркілеумен қорқыту Жетісу шаруаларын абыржытты. Шекаралық аудандардың малы бар тұрғындарының ру болып, ауыл болып шекараға жақындауы, тіпті Қытайға өту фактілері орын алды.

Семей губерниясында «партиялық тапсырмалар мен кеңес өкімет заңдарының бұзылуын» зерттеген А. С. Киселев комиссиясының 1928 жылдың 22 қыркүйегіндегі баяндамасында өңір шаруаларының Қытайға қашуына арнайы тоқталған. Өңірдегі шаруалардың Қытайға қашуының революциялық заңдар мен партиялық тапсырмалардың бұзылуынан бөлек себебі ретінде «Алашордашылардың таяу арада соғыс басталатыны және жастар майданға жіберілетіні, байлардың ғана емес орташалар мен кедейлердің де малдары тартып алынатыны, барлық адамдар комунаға жиналатыны, ортақ үйде тұратыны, ортақ мал, ортақ әйел және т.б туралы өсек таратқаны» көрсетілді. Комиссия қорытындысы бойынша баяндамада төменгі кеңес және партия аппаратының кей жағдайда шаруалардың Қытайға қашуына әсер еткені айтылды. Құжатта 5-ауыл ауылкеңес төрағасы «малдарыңды жасырсандар да, жасырмасандар да өздеріне 2 қойдан ғана қалдырады» - деген сөзі мысалға келтірілген. Комиссия науқан барысында Қытайға қашу негізінен Тарбағатай, Сталин, Марқакөл аудандарын қамтығанын анықтаған [239, п.59]. Комиссия қорытындысы бойынша баяндамада Зайсан кеденінің тәркілеу туралы заң негізінде шекарадан қашып өтуі мүмкін деген күдіктілердің мүліктерін тәркілей бастағаны баяндалады. Қытай шекарасын малдарымен өтіп кеткендерге 1928 жылдың 15 қазанына дейін малдарымен қайтадан КСРО-ға шекара отрядтарына

арыз беру арқылы оралу ұсынылған. Комиссия Қытайға қашып жатқандардың тек қана байлар еместігіне назар аударған. Комиссия қолдағы тізімді қарастырғанда Қытайға қашқандарды кейбірінің 114, 116, 121, 163 бастан ірі қарасы болғанын анықтаған [239, п.61].

1928 жылдың 25 қазанындағы БОАК президиумының «Қазақ АКСР-і бұрынғы Семей губерниясындағы ауыл шаруашылық науқанын жүргізу барысында жол берілген заңсыздықтар туралы» қаулысы қабылданды. БОАК төрағасы М. Калинин мен БОАК хатшысы міндетін атқарушы Ә. Досов қол қойған қаулыда А. Киселев комиссиясы анықтаған жоғарыда көрсетілген заңсыздықтар тізбеленген. Қаулыда БК(б)П ОК мен БОАК-нің 27 қыркүйектегі бірлескен қаулысындағы «Қытайға өтіп кеткен шаруаларға өз малдарымен КСРО-ға оралуына мүмкіндік беру» туралы пункт те нақтыланды [110, б.20]. 1928 жылдың 31 желтоқсанында БОАК мәжілісінің хатшы А. С. Киселев қол қойған хаттамасы 25 қазандағы осы қаулыны маңызды 13-баппен толықтырды. Мұнда: «Комиссияның Семей округі Зайсан қаласы кеденінің дұрыс жүргізілмеген науқандар барысында шетелге қашуға оқталғаны және шетелге қашқаны үшін ұсталғандардың мүліктері тәркіленіп, жауапкершілікке тартылған барлық шешімдерінің күшін жою және комиссияның Қытай шекарасына өтер кезде ұсталған малдары мен Зайсан заставасы ұстлған малдарды сатудан түскен қаржысын КСРО аумағында тұрып жатқан иелеріне қайтару туралы қаулысы да дұрыс деп танылсын және КСРО БОАК президиумынан аталған қаулыны бекіту сұралсын.» - делінген [110, б.22-23]. Осы сияқты 1928 жылдың 11 тамызында Лепсі ауданының 1194 бас малымен 26 жанұя шекарадан ұсталып, бұрынғы орындарына қайтарылған [233, п.71].

БМСБ тыңшылары байлармен қоса кедейлердің де тәркілеу науқанына көзқарасын таразылап отырған. Олар жеткізген мағлұматтар бойынша, Берекелі болыстығының кедейлері байларды тәркілеу науқанын ас-су мен көлікке қол жеткізу мүмкіндігі деп қарайды. «Кедейлердің ұжымдасу ниеті жоқ» - делінген ақпарда [233, п.166]. Ал орташа шаруалардың арасында да толқу бар екені, орташалар тәркілеуге жататын мал мөлшерін білмегендіктен, өздері де малдан айрылудан қауіптенетіні баяндалған. Орташалар арасында тәркілеуге теріс көзқарастың үстем болуына «бұдан еш жақсылық келмейді, байлардан кейін кезек орташаларға келеді, өйткені біздің шаруашылығымыз өсу үстінде 3-4 жылда бай боламыз» -деп ойлауы әсер ететіні айтылған. Кеңестік саясаттың бағытын дәл байқаған халық пікірінің болашақты дөп болжағанына қайран қаласыз [233, п.255].

Ірі байларды тәркілеу басталмай тұрып-ақ, түрлі салықтарды төлемейтіндердің мал-мүлкін тәркілеумен қорқыту Жетісу шаруаларын абыржытты. Шекаралық аудандардың малы бар тұрғындарының ру болып, ауыл болып шекараға жақындауы, тіпті Қытайға өту фактілері орын алды.

Сондай жағдайлардың бірі Бақты бекінісі маңында орны алды. Әкімшілік бөлінісі жағынан Жетісу губерниясы, Лепсі уезі, Мақаншы болыстығының Барлық аулының тұрғындарының ісі тәркілеу қатерінен босқан халықтың аянышты тағдырының көріністерін береді. 1928 жылдың 17 қаңтарында Лепсі

уезі таратылып, оған қарасты болыстар Алматы және Семей округтеріне қаратылған болатын [240, б.142]. 1928 жылғы 27 тамыздан басталған тәркілеудің алдында орын алған Барлық ауылының Қожағұл руы тұрғындары болып, 1928 жылдың ақпанында Қытайға өтіп кетіп, сол жылдың тамыз айының басында рудың бір тобы шекарадан кері өтеді. Рудың қайтып оралған бөлігінің малын Бақты кеден бекеті контрабанда ретінде тәркілеуге қаулы қабылдайды. Қаулыда: «Бақты кеденінің қаулысы. 1928 жылғы тамыздағы №150-1928 тәркілеу ісі бойынша. Тындалды: инспекциялық тізімде егжей-тегжейлі көрсетілген малды ұстау туралы іс № 150-163 қоса алғанда жалпы сомасы 12,737 сом 50 тиын құрайтын Лепсі ауданы Мақаншы болысының Барлық ауылының азаматтары Баймолдинов Раис, Есенов Әлімбай, Әбдікәрімов Іяс, Абдылев Түгел, Татқиев Байпақ, Еділбаев Ақылбай, Шолақов Бейсембай, Бұлғақов Теміржан, Домалақов Дүсіпжан, Текежанов Балабатыр, Әбдіғалиев Базыл, Қалымбетов Еділбай, Баймолдинов Жапы, Қазаев Қалекбай, Божқанов Ботпас, Қарықболов Құтжан және Санжаров Қабдулла - 18.19 және 21 шілде 1928 жыл.» - делінген [241, п.24]. Бақты кеденінің іс меңгерушісі Шулярдың көрсетуінше істің мән-жайы төмендегіше анықталған: «Үстіміздегі жылдың ақпан айында өзін-өзі салық салу науқаны және шаруалар несиесін жүзеге асыру кезінде жоғарыда аталған азаматтардан тұрған 12 адам барлық малдарымен және отбасыларымен Қытайға заңсыз қоныс аударды, 7 адам – Әбділлаев Базыл, Қалымбетов Еділбай, Баймолдинов Жапи, Қазаев Қалекбай, Бажекенов Ботбай, Қарықболов Құтжан, Санжаров Қабдолла өздері шетелге кетпеді, тек жоғарыдағы 12-ге адамға малдарын айдатты. БМСБӨ шекара комендатурасы және кеденге берген түсініктемелерінде ұсталған 12 адам өздерінің шетелге кетуіне салық уақытында төленбесе, төлемегендердің малдары тәркіленеді деген қауесет себеп болғанын көрсетті. Соңғы 7 адам өздері малды шетелге айдамағанын, малды олардың рұқсатынсыз айдап кеткенін көрсетті, алайда, көктемде олар өздерінің малдарын көріп қайтуға шекарадан асып барып келгенін айтады. Алайда, бірінші жағдайда да, екінші жағдайда да ешкім Шекара қызметі мен болыстық атқару комитетіне не мал ұрлығы туралы, не өздерінің кетуі туралы мәлімдемеген. Бұл азаматтардың барлығы КСРО-да малды тәркілеу болмағанын естігеннен кейін және Қытай өкіметі салық салу мақсатында барлық малды есепке ала бастаған соң, КСРО-ға қайтып оралуға шешім қабылдап, ол туралы Шекара күзетіне де, болысаткомға да хабарламаған.» [241, п.24-24 (а)]. Шулярдың есебі бойынша, аталғандардың ішінен контрабандаға қатысты бұрын жауапқа тартылғандар да бар. Олар: Абдылов Базыл Қытайға сату мақсатында 13 қойды айдап әкеткені үшін, Баймолдинов Жапи, Қарықболов Құтжан және Санжаров Қабдолла сату мақсатында контрабандалық жолмен қой айдап әкеткені үшін жауапты болған. Қалғандар контрабандаға қатысқандар тізімінде жоқ [241, п.24 (а)]. Қытайға ауып бара жатқандарға өз малдарын қосып жіберушілердің кейіннен ол малдар иелерінің рұқсатынсыз айдалғанын көрсетіп, ақталмақ болғаны байқалады. Кеден қызметі бұл уәждерді назарға алмай, қатал шешім қабылдайды. Қаулыда: «1) жоғарыда аталған азаматтардан ұсталған малдың төлемдерді уақытында төлемегені және берешегі үшін тәркіленуден жасыру мақсатында Шекара күзеті



және кеден құзырынан тыс заңсыз түрде мемлекеттік шекара арқылы өткізілгенін; 2) барлық ұсталған мал салық жинау науқаны аяқталғаннан кейін КСРО-ға қайтарылғандығын; 3) мұндай арлы-берлі мал айдау Кеңес өкіметі енгізген салықтан жалтару әдісі ретінде шекаралық қазақ тұрғындардың тұрмысында әдетіне айналғанын; 4) ұсталғандардың ішіндегі жеті адамның олардың малы олардың еркінен тыс, оларға белгісіз жағдайда шетелге айдалып кетті деген түсініктемесі назар аударуға тұрмайды. Өйткені, олардың кеңес өкіметіне, Шекара күзетіне, болыстық атқару комитетіне өз уақытында мәлімдеу мүмкіндігі болғанын ескеріп...Кеден ережелерінің 259,262 және 279 баптарын басшылыққа алып, №150-165 тізбелерде толық жазылған барлық ұсталған мал контрабанда деп танылып, барлығы тәркіленіп, айыптыларға товардың 2 еселенген құнына сай айыппұл салынсын. Атап айтқанда: азамат Шолақов Бейсембайға 776 сом, Бұлшақов Теміржанға 756 сом, Такеев Байпаққа 400 сом, Әбдікәрімов Ілиясқа 1320 сом, Абдылов Бұламбай, Тұғұл және Базылға 4034 сом, Баймолдинов Раисқа 1078 сом, Әпсалемов Рахатқа 945 сом, Баймолдинов Жапыға 1330 сом және Текежанов Байбатыр, Қарықболов Құтжан, Санжаров Қабдоллаға 3040 сом. Осы қаулы Мемлекеттік кеден басқармасына шағымдану тәртібі мен мерзімін көрсете отырып, мүдделі тұлғаларға жариялансын. Қаулының көшірмесі БМСБӨ кавалериялық шекара комендатурасының Бақты отрядына Қылмыстық кодекстің 84-бабына сәйкес кінәлілерді қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін жолдансын.» - деген шешім қабылданады. Қаулыға Бақты кеденінің меңгерушісі Гринкевич, іс меңгерушісі Шуляр қол қойған. Құжатта сондай-ақ, шаруаларға салынған айыппұлдың жалпы көлемі 24463 сомды құрайтыны көрсетілген [241, п.25].

Барлық ауылы тұрғындарының кедендегі ісі бойынша адамдардың аттары әрқилы жазылған. Бұған шекара қызметі, кеден бөлімінде қызметке негізінен европалық ұлт өкілдері тартылғанымен түсіндіруге болады. Бұған қоса архивтегі осы іс бойынша құжаттарда ресми мемлекеттік мекемелердің жергілікті қазақ шаруаларын сенімсіздікпен қарайтыны байқалады. Мұны қаулыда шешім қабылдауға негіз болған жәйттердің ішінде «мұндай арлы-берлі мал айдау Кеңес өкіметі енгізген салықтан жалтару әдісі ретінде шекаралық қазақ тұрғындардың тұрмысында әдетіне айналғанын» жиренішпен жазғанынан байқауға болады. Қытайға малымен өтіп кетіп, байларды тәркілеу науқанының дәл қарсаңында оралған қазақ шаруаларының бір жағынан малдары тәркіленсе, екінші жағынан сол малдың екі еселенген құнына сай айыппұл кесілді. Бұған қоса олардың үстінен шекара бұзғаны үшін қылмыстық іс қозғау үшін істері БМСБ құзырындағы шекаралық отрядқа жолданады. Архив құжаттарының арасында барлықтық шаруалардың ҚАСР ОАК жолдаған арыздары, жеделхаттары сақталған. Шаруалардың арызы, әрине, сол кездегі саяси ахуалға ыңғайланып жазылған. Хат мазмұны мен жазылу мәнері, онда мүдделері қорғалғандардың өздері осы арызда көрсеткен сауат деңгейіне сәйкеспейтіні байқалады. Арызды өңірдегі халық тұрмысынан, кеңестік өкіметтің саясатынан жан-жақты хабардар адам жазған. Арызда келтірілген «контрабандистерді» қорғайтын уәждер, олардың тұрмыс-тіршілігі туралы ақпарат құнды. Жалпы, арыздың жазылу

композициясы қызғылықты. Арызда мәтінінде: «Бақты кеденінің 1928 жылғы 5 тамыздағы тәркілеу ісі бойынша № 150-1928 қаулысымен заңсыз шекара кесіп өткені үшін біздің малымыз тәркіленді. Кеден қаулысының көшірмесі қоса беріліп отыр. Мәселенің мәні келесідей: біз шығу тегі бойынша малшы қазақтармыз, екеуімізді қоспағанда, көпшілігіміз «Қожағұл» руынан шыққанбыз, біздің ру Қарағаш, Тақты деп аталатын жерлерде тұрады. Біздің мекендейтін жер - жабайы шөл, Қытаймен шекаралас жатқан және бір жағынан Алатау жотасы тауларына тірелген, екінші жағынан оны еуропалық қоныстардан Алакөл көлі ғана бөліп тұр және бізге ең жақын елді мекен және әкімшілік орталығы 80-нен 200 верстке дейінгі қашықтықта орналасқан Бақты бекінісі. Демек, орталықтан және жалпы елді мекендерден бөлінген осындай жерде өмір сүріп, біздің отбасымыз өзінің барлық күнделікті және отбасылық дәстүрлерін сақтай отырып, ежелгі күнделікті өмір салтында қалды деп айтуға болады. Жалпы, қараңғылық, сауатсыздық, жабайылық осы уақытқа дейін біздің күнделікті өмірімізде қатар жүрді, ең бастысы, Кеңес өкіметі орнағанына он бір жыл болғанына қарамастан, ру ақсақалдарына сөзсіз мойынсұну және олардың тілектерін орындау дағдысы сақталып келді. Сонымен қатар, қазіргі кеңестік мәдениеттің біздің жабайы бұрышымызға мүлдем енбегенін атап өту қажет. Жеке кеңес қызметкерлері мұнда тек салық жинау, шикізат, мал сатып алу және басқа мәселелер бойынша ғана келіп тұратын және бұл адамдар тұрғындарды күнделікті өмірде қайта тәрбиелеу емес, бәрінен бұрын өз міндеттерін орындауға мүдделі болды. Демек, бізде партиялық және кәсіптік ұйымдардың жоқтығы әлі сақталған және осыдан-ақ біздің рудың коммунизм құру мен күнделікті өмір арасындағы түбегейлі айырмашылықты білмейтіндігі түсінікті. Біз әлі де коммунизмнің көрнекі тұжырымдамасын білмейміз. Біз өзіміз, ең бастысы отбасыларымыз сауатсыздар санатына жатамыз. Сауаттыларды тек байлардың арасынан кездестіруге болады. Онда да, сауаттылығы әліпби мен қасиетті «Құран» кітабын оқудан тұрады. Демек, біз Кеңес өкіметі және оның революциялық заңдары туралы біз үшін үзік-үзік, түсініксіз аңыздардан ғана естідік, көбінесе сауат деңгейімізге орай, бұл сөзсіз бұрмаланған түрде жетті деуге болады. Сонымен қатар, біздің ру жазда барымтадан қорқып, шекарадан алыс жатқан Қарағаш елді мекеніне жақын маңда мал жайса, қыста барлық жолдарды қар басатындықтан, әдетте малмен бірге Алатау шоқыларындағы Тақты, Жуантөбе деп аталатын қыстаққа кететінін айту керек. Бұл өзі ең шалғайдағы шекараға таяған Тақты бекінісінен 200 верст қашықта орналасқан пункт. Осы жылдың қысында да біздің руымыз жоғарыда аталғандардың ішінде Абдулов Базыл, Қызаев Кесекбай, Қалмамбетов Еділбай, Санжанов Қабылда, Божықанов Батанас, Баймолдинов Дәки, Текежанов Балабатыр, Қарықболов Құтжаннан басқамыз өкіметтің рұқсатымен Тақты, Жуантөбе аумағындағы қыстауға қоныс аудардық. Аталғандар румен бірге қойларын баққан қойшылар, төлдейтін малдарын ғана жіберіп егіншілікпен айналысатын себепті өздері жұмыс көліктерін, жанұяларымен Қарағаш маңайын қыстап қалды. Бұған қоса, осы қыста жалпы қазақ халқының арасында кулактарды иеліктен айыру және байлардың малдарын тартып алу туралы қауесет қатты тарағанын атап өту керек.

Біз бұл қауесеттің кімнен шыққанын білмейміз, дегенмен, бұл біздің ру байларын қатты алаңдатты және тұрғындар арасындағы жағдай қатты ширығып тұрды. Сонымен қатар, уезден келген уәкіл Жаманов деген бір азамат тұрғындар 2-3 күнде өзді өзіне салықты төлемесе және облигациялар таратылмаса, малын дереу тәркілейтінін айтты. Облигация ойына келгенінше күшпен салынды. Уәкіл азамат Жаманов осылайша біздің руға, оның қыстауы Тақтыға да келіп, біздің рудың барлық ауылдарын жинап, ақшаларың бар деп 3 күн ішінде дереу төлеуді талап етті. Көшпенді жұртта ақша қайдан болады?! Бірақ Жаманов тәркілеймін деп қорқытып, қатаң талап етті. Тұрғындар оған мұндай кезеңнің мүмкін еместігін дәлелдеуге тырысты. Бір уақытта төлем жасау үшін Бақтыда мал сату керек, ал Бақтыға дейінгі қашықтық - 200 верст. Жаманов малды тәркілейміз деп қорқыта бастады және сөзбен рудың рулық және діни сезімдерін қорлады, бұл бәрінен бұрын ру басшыларын ашуландырды. Сол кездегі дәстүр бойынша біздің руды басқаратын бай, бұрынғы болыс Сүлейменов Қанағаттың диктаторлық бұйрығымен, біздің ру дереу жиналып, шетелге, Қытайға қоныс аударуға тиіс болды. (Оған) кез-келген қарсылық мүмкін емес еді, өйткені біздің тұрмыс салтымызға сәйкес, Сүлейменовтің бұйрықтары бұлжымас қағида болатын. Біз шетелге қоныс аударғымыз келмеді және кейбіреулеріміз қалуға тырыстық, атап айтқанда, Абдулов Бұламбай мен Баймолдинов Райс, бірақ соңғылар Сүлейменовтің бұйрығы бойынша байланып, олар осы түрде отбасыларымен және малдарымен шетелге әкетілді. Румен бірге Қарағашта қалған жоғарыда аталған азаматтар отбасылары мен малдары мен бақташылары ұсталып, шетелге әкетілді. Осылайша, 1928 жылы ақпанда өзімізді шетелден бір-ақ шыға отырып, біз жоғарыда аталған адамдар шетелде болғымыз келмеді, ал мамыр айында қолайлы сәтті пайдаланып, рудан бөлініп, Қарағашта қыстап қалған 8 отбасылар малдары мен қойшыларын алып, КСРО-ға қайта қашып келдік. Қожағұл руының қашуынан біраз уақыт өткен соң Еміл елді мекенінен шағын руымен рубасы бай, бұрынғы болыс Бөлекбай Қапасәламов те қашқан болатын. Осы Б. Қасәламовтың қысымымен наурыз айының басында күшпен әкетілген жоғарыда аталған Бейсенбай Шолақов пен Теміржан Бұлғақовтар сәуір айының басында рудан бөлініп, КСРО-ға қашып өтті. Әр түрлі уақытта кері оралған біз, Еміл заставасына тіркелдік. БМСБӨ шекара күзетіне жоғарыда көрсетілген жағдай туралы айтып, олар бізге бұрынғы жерлерімізде тұруға рұқсат ете отырып, анықтама берді. Біз, сондай-ақ Мақаншы болыстық атқару комитетіне мәлімдеп, олар тұруға ықтияхат берді. Бірақ шілде айында БМСБӨ-нің Бақты комендатурасының қызыл әскерлері шекарадан өткен және өтпеген барлық малды алып кетіп, Бақтыға айдады. Содан кейін Бақты кеден бөліміне өткізілді және тәркілеу туралы шешім қабылдады. Оның көшірмесі арызға қоса тіркеліп отыр. Осылайша тек сүт пен етті қорек қылатын отбасыларымыз аштық жағдайында қалды. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, біз жоғарыдағылар Бақты кеденінің бізге қатысты шешімін мүлде әділетсіз және тіпті қатыгез деп санаймыз. Өйткені біздің шетелге кетуіміз өз еркімізден тыс, байлар мен рудың жабайы қысымымен орын алды. Зорлық-зомбылықтың шегі болмайды. Біздің ерікті түрде оралуымыздың өзі біздің кінәсіз екенімізді

дәлелдейді; қаулыда айтылғандай, малды күшпен тәркілеуден қашқан болсақ, қайтадан тәркілену үшін қайтып келген боламыз ба?!. Жоқ, біз Революциялық заңды әділеттілікке сеніп, біздің жағдайымызға түсіністікпен қарап, бізді айыптамайтындығына күмәнсіз оралдық. Ал қаулының бізді салықтардан және салықты уақытында төлемегені үшін тәркіленуі мүмкіндігінен қашты деген бөлігіне келетін болсақ, бұл да дұрыс емес. Ойткені, біздің көпшілігіміздің сол уақытқа дейін салығымыз төленген болатын. Бұны Барлық ауылдық кеңесі растай алады. Сондықтан жоғарыда аталған адамдар Қазақ Социалистік Кеңестік Орталық Атқару Комитетіне бізді осындай әділетсіздіктерден қорғауды сұрап, терең өтінішпен жүгінеміз, яғни біз қоса берілген қаулының күшін жоюды және малды бізге нақты қайтаруды және бізге салынған ұсталған малдың құнынан екі еселенген мөлшердегі айыппұлды алып тастауды сұраймыз, өйткені біз мүлдем еш жазықсыз, қараңғы және сауатсыз адамдармыз. Революциялық идеялар үшін!. Біздің әкелеріміздің, әйелдеріміздің және балаларымыз атынан, біздің өтінішімізді қайтармасаңыздар, отбасыларымызды шөл далаға тамақ пен көліксіз қалдырмаңыздар. Мұнымен бірге біз бізге берілген құқты пайдаланып, осы жылдың 5 тамызынан бастап 14 күн ішінде Мәскеу қаласының бас Кеден басқармасына да шағымданамыз. Өтініш берушілер: (Араб графикасымен қолдары қойылған) 10 тамыз 1928 ж. Бақты бекінісі» - делінген [241, п. 21-22(a)].

ҚАСР ОАК-не жолданған арызда Барлық шаруаларының Қытайға қоныс аударуына уезден келген уәкіл Жамановтың зорлық әрекеттері әсер еткені көрсетілген. Жамановтың тарапынан орын алған бассыздықтар БМСБ мәліметтерінде де қуатталады. БМСБ-дің басшылары А. Р. Волленберг, Н.Л. Альшанский, А.В. Адамовичтер қол қойған 1928 жылдың 12-тамызында ҚазОАК Президиумы мен Қазөлкелік БК(б)П деревня мен ауылмен жұмыс бөліміне жолдаған «өте құпия» деген белгісі бар хатында ақпан айының соңғы күндерінде ауылшаруашылық салықтары мен өздігімен салық салу бойынша қарыздарды өтету үшін Лепсі уезінің Барлық аулына «Қосшы» ұйымының төрағасы Бақаев пен Лепсі уездік атқару комитеті уәкілі Жамановтар жіберілгені айтылады. Ауылға келе сала Бақаев тұрғындардың тиісті жарналарды төлей алмайтынын анықтаған. Сөйте тұра Бақаев «ауыл тұрғындары 3-4 күн ішінде бұл салықтарды төлемесе, мүліктерді тәркілеуге кірісетінін» мәлімдеген. Мұны естіп, тұрғындардың көп бөлігі малдары мен қолда бар азырақ тұқымдық астықты сатуға кіріседі. Малды түкке тұрмайтын бағаға сату үшін 100-120 шақырым қашықтықтағы Бақтыға айдауға тұра келеді. Бақаев пен Жаманов тұрғындардан тегін мініс ат талап етіп, ол көліктермен зорығып өлгенінше шапқылаған әрекеті Барлық аулының тұрғындарының ашу-ызасын туғызған [233, п. 48]. Бұған қоса осы жылдың 7 наурызында Лепсі уездік атқару комитетінен Мақаншы болыстық атқару комитетіне Өскеменге астық үшін баруға лау көлік жеткізу тапсырылған. Барлық аулына 120 арбалы көлік жеткізу сұралып, болыстық атқару комитеті милиционерге оны 2 тәулік ішінде жинауды тапсырады. Көктемгі лайсаңда Мақаншыдан Барлыққа жетуге бір жарым тәулік уақыт кететін еді. Жергілікті өкімет орындарының мұндай ақылға сиымсыз қатал тапсырмалары халықтың ашу-ызасын одан әрі арттырып, Пішенді мекенінен

1000 бас малды айдаған, 25 шаруашылық шекара асып кеткен [233, п. 49]. БМСБ мәліметінде Бақты комендатурасы арқылы жалпы саны 400-ге жуық адам Қытайға өтіп кеткені айтылады [233, п. 46].

Барлық аулымен көрші жатқан Тентек болыстық атқару комитетінің төрағасы Ұтойбергенов (Құдайбергенов болу керек –Е.С.) су салығын жинау кезінде өзімен бірге 10-15 адам ертіп жүрген, оларды тасуға халықтан көлік алған. Көліктік ат беруден бас тартқандарға дүре соғып, ат-арбаны күшпен тартып алған. Ауқатты байдың үйіне қонып жатқан уәкіл салық жинауға қасындағыларды жіберген. Олар ойларына келген сомадан 50 тиыннан 5 сомға дейін жинап, ақшасы жоқтардың малдарын алған. Ашынған халықтан 25 шаруашылық малдарымен Қытайға шекара асып кеткен [233, п. 47]. Бақты бекінісі маңындағы ауылдардың Қытайға босуына жергілікті биліктің солақай әрекеттері әсер еткенін БМСБ жоққа шығармайды. Лепсі уезіне қарасты Шүрен ауылының «Қосшы» ұйымының төрағасы Қарханов пен мүшесі Татеновтер ауыл тұрғындарын Қытайға қашып жатқан байларды ұстауға көмек керек деп жинап алып, жиналғандарды балағаттап, салықтарды дереу төлемесе, мал-мүліктерін тәркілеумен қорқытқан. Жиынның мақсаты байларды Қытайға кетірмеу деп неге алдағанын сұрағандарға Қарханов: «Онда шаруаларың болмасын, олар қайда қашса сонда кетсін, оларды ұстауға міндетті емеспіз.» - деп жауап берген. Осы ауылға шарауаларға займ облигацияларын тарату үшін милиционер Абдуллин 15 шақты адаммен жүріп, тұрғындарға күш көрсетіп, ат-арбаларын тартып алып, бермегендерді соққыға жыққан [233, п. 47, 48].

Көріп отырғанымыздай, Барлық ауылы тұрғындарының арызындағы уәждер өкімет органдарының өзара алмасқан құпия хаттарында да қуатталады. Ал енді арызда аттары аталған бұрынғы болыстар, рубасылар Қанағат Сүлейменов, Бөлекбай Қапсәләмовтардың күштеуімен шекара асқандарын көрсеткен шаруалар сөзінің жаны бар. Қ. Сүлейменов, Б. Қапсәләмовтардың Қытайда қалғанын, кеңестік өкіметтің оларға қолы жетпейтіндігін ескеріп, жауапкершілікті соларға аудару тәсілі сияқты көрінгенімен, басқа дерек көздер шаруалар сөзін қуаттайды. Барлық арқылы Қытайға ағылғандар тасқыны КСРО СІХК да назарын аударған. Қытайдың Шәуешек (Чугучак) қаласындағы кеңестік консулдық меңгерушісі Краузе Сыртқы істер халық комиссарлығының Орта шығыс бөлімі меңгерушісі В.М. Цукерманға 1928 жылдың 8 сәуірінде жолдаған құпия хатында наурыз айында шаруа займы, өзді өзіне салынатын салығы бойынша төлемдер сияқты 10 түрлі алым-салықтан қашып шакара бұзғандар туралы мәліметтерінде барлықтық шаруалар хатында аты аталған Қанағат Сүлейменовтың Жуантөбе деген жерде 327 жан, 7000 бас малды 72 түтін шаруашылығымен Қытайға өтіп кеткені, босқындардың арасында біраз азамат күшпен әкетілгенін хабарлайды. Осы хатта көрсетілгеніндей, бұрынғы болыс Қанағат Сүлейменов тобы Қытайдың Боротола ауданында үкірдай лауазымындағы оның баласын паналап кеткен [235, п.21]. Қытай жеріне келген босқындар кеңестік шекара шебінде тіршілік ету мүмкін болмай кеткенін, жергілікті өкімет өкілдерінің салықтар бойынша өткен жылдар берешектерін де қыстап жинап жатқанын жеткізген. Шәуешек консулдық меңгерушісі Краузе

сыртқы істер халкомын шекара шебіне баса назар аударуға, шекара шебінде бәрі жақсы деп көрсететін Жетісу губерния «орталығының шындыққа сәйкеспейтін ақпаратын басшылыққа» алмауға шақырған. «Бұдан халықтың зардап шегіп жатқаны аздай, саяси жағынан біз беделімізден айрылып жатырмыз, өйткені біздің жағымыздан құқсыз Қытайға тұрғылықты тұрғындар қашып жатыр» - дейді Краузе [235, п.21(а)]. Кеңестік консулдың хатын сыртқы істер халкомы орынбасары Л. М. Карахан Ф. И. Голощекинге жолдаған.

Бақты кеденінде ұсталған малдардың сатылып кетуінен қауіптенген басқа да шаруалар Қызылордаға ОАК-не жеделхат жолдайды. Мерзімі көрсетілмеген бұл жеделхатта: «Бақты кедені ұстаған 537 бас қойды кеден іс аяқталмастан сатпақ ниетте. Бізбен жеке қастығы бар бір адамның жалған арызы негізінде бізге Қытайға көшпек болды деген айып тағылуда. Осы жердің тұрақты малшылары болғандықтан, қойлар арзанға сатылатын болса, ғасырлардан келе жатқан түлік тұқымынан кінәсіз айрыламыз. Сол себепті қойларды іс қаралып шешілгенше сатпау жөнінде нұсқау берулеріңізді сұраймыз. Москваға кассация жолданды.» - делінген. Бұл жеделхат Кеңесбаев Нұрахмет, Такенов Кеңесбайдың атынан жолданған. Құжаттарға зер салсақ, бұл шаруалардың есімдері жоғарыдағы арызда кездеспейді. Бақты кеденіне малдарын ұстап, тәркілеген шаруалар арыздары ОАК тарапынан Прокуратураға жолданған сияқты. ОАК мен ХКК іс басқармаларына жолданған ҚАКСР юстиция халық комиссары мен прокурорының міндетін атқарушы Жалниннің 1928 жылдың 4 қазанындағы № 4К/52 жауабында Теміржан Бұлғақов, Нұрахмед Кеңеспаев, Кеңеспай Танкеев және басқа жиыны 20 адамның № 8026, 8796 екі арызы бойынша да қорытынды жасау, қандай да бір шара қабылдауға кеден қаулысына Бас кеден басқармасына шағым келтірілгендіктен, қажеттілік жоқ екені және Кеден Жарғысының 281, 282 баптары бойынша ол арыз қаралып жатқан кезде ұсталған малдарды сатуға болмайтыны айтылады. Бұл жөнінде кеденге де, арызданушыларға да хабарланған [241, п.19]. Бақтыда ұсталған мал иелері алда қыс келе жатқанын ескеріп, «Бақты маңында малға азықтың жоқтығына орай» істі жеделдетіп қарау жөнінде Қызылордаға жеделхат жіберген [241, п.16]. Бұл жеделхатқа 1928 жылдың 16 желтоқсанында ҚОАК іс басқарушысы Жетпісовтен: «Кеден басқармасының шешімінен бұрын ешқандай нұсқау бере алмаймыз. Іс қаралуы аяқталғанша мал сатылмайды»- деген жауап жеделхат келеді [241, п.15]. Шекара маңында Қытайға өткендер, өтуге талпынған босқындардан тартып алынған мал көп болған. Мал иелерінің ішінде Барлық ауылының жоғарыда аталған тұрғындары сияқты өкімет орындарына арызданып, малдарын қайтарып алуға әрекеттенгендер шағымы нендей нәтижеге жеткізгені белгісіз. Архив қойнауында мұндай таланған малды иелеріне қайтару туралы шешім кездестірмедік. Керісінше, өлкелік өкімет орындарының шекарадағы босқан жұрттан тартып алынған малды сотсыз, тергеусіз тарату фактілері кездеседі. 1928 жылдың 19 тамызында Қазақстан ОАК төрағасы Е. Ерназаровтың Алматы округтік атқару комитетіне жолдаған жеделхатында «шекара отряды қарауында Қытай шекарасынан өткендерден тартып алынған 2000 басқа жуық мал бар, ол малды шекара отрядынан алып, кедей қазақтарға үлестіріп беріп, нәтижесін

телеграф арқылы хабарлау» тапсырылған [241, п.122]. ҚОАК төрағасының бұл тапсырмасының заңсыз екенін БМСБ Шекара күзеті Бас басқармасы осы жылдың 27 тамыздағы жеделхатында көрсеткен. Осы жеделхат негізінде Е. Ерназаровқа хат жолдаған БМСБ-нің ҚАССР-дегі өкілетті өкілі Н.Л. Волленберг пен Шекара күзеті және әскері басқармасы бастығының орынбасары А.В. Адамович КСРО Шекара уставының 18-бабы мен Кеден жарғысының 259-бабына сәйкес шекарада қолға түскен мал контрабанда саналатындықтан, ол кеден органдарына тәркілеу мен сату үшін тапсырылуға жататынын, ал ол малдың иелері немесе олардың сыбайластары, жәрдемшілері РСФСР қылмыстық кодексіне сай жауапқа тартылуға тиіс екенін көрсетеді. Осы себептен БМСБ өкілетті өкілдігі бүгінгі күні Шекара бөлімдеріне ұсталған байлардың малдары мен мүлкін контрабанда ретінде кеден органдарына тапсырып, кінәліларды жауапкершілікке тапсыруды ұсынған. «Сізді осы жағдаймен таныстыра отырып, біз берген тапсырманы бекітуіңізді сұраймыз» - делінген хатта [112, б. 417-418]. Ал шекаралық аудан есебіндегі Зайсан ауданынан Қытайға қашып кетуді ойластырған байлардың әрекетіне тыйым салу мақсатында Семей губерниялық партия комитеті шекара күзетін күйшейтуге, шекарада қолға түскен байларға тиесілі малдың 25%-ын «Қосшы» одағына беруге шешім шығарған [61, б.49].

1928 жылдың 28 сәуірі күнгі Зайсан № 50 кавалериялық шекара отряды бастығы Комаров пен оның жедел бөлім бойынша көмекшісі Вышневскилердің шекара заставалары бастықтарына жолдаған бұйрығында шекарадан Қытайға өтуге талпынған байлардан алынған малдарды Зайсанға айдау барысында әсіресе, жас қозылардың зорығып қырылу фактілеріне орай ұсталған малды уақытша сақтау үшін «Қосшы» одағына тізімдеп өткізіп беру шешілді. Шекара заставаларына ұсталған малды тізімдеп, тиісті хаттама мен тізімді Шекара отрядының бастығына жолдау тапсырылды. Осы тізімдер мен хаттамалар бойынша Зайсаннан жіберілетін арнайы кеден қызметкері «Қосшы» одағынан малды қабылдап алып, ары қарай оны бақтыру мәселесін шешетін болған. Комаров «Қосшы» одағынан малды кеден қызметкеріне өткізіп алу барысында шекара қызметкерлері қатысуға тиістігін нықтап көрсеткен [110, б.15-16].

1928 жылдың 30 мамырындағы № 50 шекара отряды бастығы Комаров толтырған тізім бойынша Зайсан уезінің Тарбағатай және Сталин болыстарында тұратын жалпы саны 25 шаруадан шекарадан Қытайға өтер кезде ұсталып, тәркіленген мал тізімінде 209 жылқы, 156 ірі қара, 43 түйе, 2664 қой мен ешкі және 1 киіз үй көрсетілген [110, б.16-18]. Ал №50 шекара отряды бастығының міндетін атқарушы Вишневский мен уәкіл Рогулевтердің Зайсан ауаткомына 1928 жылдың 21 тамызында жолдаған хабарламасында: «16 тамыз түні Зайсан ауданының 4 ауылының 65 түтін қарулы азаматтары «Қосшы» одағының төрағасы Наурызбай Дауменов пен БЛКЖО мүшесі Қасым Жейіспаевтың басқаруымен Қытайға көшіп кетті. Көш барысында Қытайға көшуге қарсылық танытқан қазақтарға зорлық көрсетілген.» - делінген. Хабарлама соңында Қытайға көшіп өтіп кеткен осы шаруаларға тиесілі 68 десятина егіндік Зайсан ауданының 4-ауылы төрағасына сақтау үшін тізімдеп берілгені, жылдамдатып жинауды ұйымдастырмаса, егін пісіп тұрғаны баяндалады [110, б.18-19].

Қазақ Өлкелік партия комитетінің 18 тамыз күнгі мәжілісінде шекаралық аудандардағы тәркілеу шарасына айрықша назар аударылды. Өлкеком бюросының № 61 хаттамасында: «Шекаралық аудандардағы тәркілеу қысқа мерзімде жүзеге асырылсын және жер аударылатын шаруашылықтарды аз қалдыру керек. Шаруашылықтар саны мен мерзімі туралы мәселені партиялық комиссияға берілсін.» - делінеді [112, б.378]. Шекаралық өңірлердің бірі Қарқара ауданындағы тәркілеу науқанының жүзеге асырылуы ерекшеліктері тарихшы Р. Оразовтың зерттеуінде жүйелі талданған [52, б. 100-117].

Ірі байларды тәркілеу науқаны барысындағы босқыншылық Қастек ауданында да орын алды. Мұнда 14 шаруашылық тәркіленуге жатқызылып, тәркіленген байлар саны жағынан Қастек ауданы Алматы округінде бірінші орында тұрды. Өңірге танымал дәулетті шаруа Жылқыбай Қадырбаев әулетінің тағдыры тәркілеу қасіретінің, адамдарды туған мекенінен жыраққа тоз-тоз еткен босқыншылық зобалаңының нақты көрінісін береді. Тәркілеу науқаны қарсаңында БМСБ округтік бөлімі бастығы Шевченко түзген мәліметтерде Ұзын Қарғалы болысының 4-ауылының тұрғыны Жылқыбай Қадырбаевтың «жанұя саны -4, қызметінде -3 адам, нақты мал саны -700, жазылғаны – 143 бас, 2 десятина егіндік жері бар, жыл сайын Ферғанаға сату үшін мал айдайды, мал-мүлкін салықтан жасырады, ауыл өкіметін бағынбау, кеңеске қарсы үгіт фактілері байқалған, тізім бойынша көрсетілген мал Ж. Қадырбаевтың атында, қалған мал балаларына жазылғаны. Шаруашылық салықтан жалтару үшін бөлінген» деп көрсетілген [236, п.109]. 1928 жылдың 5-қазанындағы Қастек ауданындағы ірі байларды тәркілеу үшін түзілген комиссияның 8-тоқтамында 4-ші ауылдан «Жылқыбай Қадырбайұлы... Алматы округінен Орал округіне жер аударылып, мал-мүлкі кәмпескеленеді. Шөжеғұл Жылқыбайұлының жеңгедей алған әйелі Жібек 3 жас балаларымен қалуға ықтиярлы болады. Бұлар тиісті малын Жылқыбайға тиген 16 қарадан алатын» болғаны көрсетілген [236, п.16]. Ал 1929 жылдың 26 қаңтарында Қазақстан ОАК төрағасы Е. Ерназаровқа Алматы округі Қастек ауданынан Орал округіне жер аударылып келген төрт жанұяның атынан Орал округі Зауральный ауаткомына қарасты №16 ауылдан жолданған тілекке қол қоюшылардың арасында Жылқыбай Қадырбайұлы да бар. Қалған қол қоюшылар: Әбділдә Жаубасарұлы, Есдәулет Асылбекұлы, Әбділдә Тоқбергенұлы. Жер аударылғандар арызында: «өткен жылдың бірінші декабрінде Орал округіне білініп, Орал қаласының қасындағы қазақ ауылдарының ішінде қыстап отырған... барлығы 34 жан. Көпшілігі ауру, әсіресе балалар мен шал-кемпірлер. Жол үстінде бала-шағадан екі-үш адам шығындап та кетті.» - деп баяндалады. Сол себепті тәркіленген байлар: «жазықты болған өз бастарымыз қайда айдасаңыздар да біз разымыз. Жазықсыз қатын-балаға рақым қылуыңызды тілейміз. Егер де бала-шағаның халі осы қалпында тұрса, баладан түк қалатын емес.» - деп көрсетеді. Тілек жолдаушылар өздерін елге қайтармаса да, тым құрығанда үйренген жердің ауасына сәйкес келетін Сырдария округі сияқты жерлерге жіберуді сұрайды [242, б.160]. Жылқыбай Қадырбаевтың шөбересі Серіктес Тоққұловтың авторға берген интервьюіндегі мәліметтері бойынша бұл әулеттің кейінгі қилы тағдырынан мәлімет келтіре кетейік.



Серіктес Тоққұловтың көрсетуінше, жоғарыдағы архив құжаттарында аттары аталған адамдардың тәркіленуші Жылқыбай Қадырбаевпен туыстық байланысы төмендегідей: Қадырбаев Жылқыбай Досұлынан 4 бала: Рысбай, Төңірекбай, Кенжеғұл, Шөжеғұл. Рысбайдан: Тоққұл, Сағади, Сағия (қызы). Тоққұл жас шағынан Шөжеғұлмен қатарлас болған сияқты. Тоққұл жастай қайтыс болған соң оның әйелі Жібек жеңгелей жолмен Шөжеғұлға қосылғанын жоғарыдағы архив дерегі көрсетіп отыр. Сол құжаттарға сәйкес тәркілеу науқанынан Төңірекбай Жылқыбайұлы, Сағади Рысбайұлы, Жібек Жылқыбай келіні аман қалған. Жібектің қолында Тоққұлдың ұлы Төленбай, Шөжеғұлдың ұлы мен қызы Төрбек пен Бәтима қалған. Шөжеғұл мен оның екінші әйелі Гүлжамал басқа балаларымен Жылқыбай Қадырбаевпен бірге тәркіленіп, жер аударылған. Орал округіне жер ауып барғаннан кейін, шамамен 1929 жылы Жылқыбай Қадырбаев қайтыс болады. Әкесі қайтыс болғаннан кейін Шөжеғұл Жылқыбайұлы белгісіз себеппен айыпқа тартылып, Сібірге жер аударылған. Сібірден қашып шыққан ол қайтадан Қастек ауданына келеді. Қастек ауданынан Қырғызстанның Кіші Темін мекеніне босып барған әйелі Жібек пен балаларымен табысады. Шөжеғұл 1930 жылдарда осы ауданда көрініс берген, ірі бай ретінде тәркіленуші Шалтабай Құдайбергеновтың көтерілісшілеріне қосылады. Серіктес Тоққұловтың айтуынша Шөжеғұл батыл мінезді адам болған. Шалтабай Құдайбергеновтың оң қолы болғанға ұқсайды. БМСБ отрядтарымен күрестен нәтиже шығарына күмәнданған Шөжеғұл, ол күресті жалғастыруға бекінген Шалтабай отрядынан бөлініп Қордайда әрекет еткен Күнбатар, Таңатар есімді Дулат руының өкілдерімен бірге Қытайға кеткен. Әйелі Жібек пен оның қамқорлығындағы балалары осында қала береді. Шекарадан өте салып, сібе топтарының тонауына ұшырап, жандарын аман алып Күнеске жеткен. Оспан батыр Исламұлының көтерілісіне қатысқан. Елуінші жылдары ағасы Тоққұлдың өзі баққан баласы Төленбайдың көмегімен, консулдық қызметтен кеңес паспортын алып, 1956 жылы КСРО-ға өтіп келеді. 1977 жылы қайтыс болған [243].

Архив қорларынан ірі байларды тәркілеу науқанында кәмпескеге жатқызылып, жазаланар алдында және жаза тартып, жер аударылғаннан кейін де Қытайға босқандар болғаны мәліметтер кездеседі. 1928 жылдың қараша айындағы мәлімет бойынша Шыңғыстау ауданының №1- ауылдан: 9, № 2- ауылдан: 10, № 3-ауылдан: 17, № 4-ауылдан: 12, № 5-ауылдан: 2 шаруашылық тәркілеу шараларынан бой тасалау үшін Қытайға көшіп кеткен [209, б. 161-162].

Семей округі Қызылтас ауданы бойынша 2 топтағы байлар есебінде тәркілеуге жатқызылғандар қатарында Күшіков Жакула (Ягуде) (1863-1933) мен Мүрсәлімов Заманбек бар [244, п.190-191]. 1928 жылдың 28 қарашасында Семейде округтік атқаруком іс басқарушысы Н. Фомин мен іс жүргізушісі Володин әзірлеген округ бойынша Қазақ ОАК 27 тамыздағы қаулысына сай тәркіленген байлар туралы мәліметте Күшіков Жакула (Ягуда) әйелі Рақия, баласы Мирқаз, қызы Әсиямен Сырдария округіне жер аударылып барғаны көрсетілген [209, б. 166].

1928 жылдың 22 қазанында байларды тәркілеу жөніндегі Қызылтас аудандық комиссиясы шешімі бойынша Баспан-базар болыстығының 3-

ауылының тұрғыны Заманбек Мұрсәлімұлының мал-мүлкін тәркілеп, өзін жер аудару туралы Көкпектіден жеделхат келеді. 23 қазандағы Семей округтік тәркілеу комиссиясы мәжілісінде Қызылтас аудандық комиссиясының Заманбек Мұрсәлімұлының малдарын, қыстауын және қораларын тәркілеу туралы шешімі бекітілді. Заманбек Мұрсәлімұлы 1928 жылдың 24 қазанында ҚАКСР ОАК өтініш жолдап, онда өзінің әкесі Мұрсәлім екеуінің 1916 жылғы патшаға қарсы көтеріліске қатысқанын, әкесі Қытайға өтіп кеткен себепті Патша билігі өзін, оның ұлы Заманбекті Зайсан түрмесінде 9 ай ұстағанын, тек 1917 жылғы революциядан кейін ғана босатылғанын, 1920 жылы 18-ші революциялық полкке өз еркімен 11 ат және 11 адамға киім бергенін, Кеңес өкіметіне қарсы емес екенін, малының аз екенін көрсетіп, тәркілеу мен жер аударудан босатуды сұраған. Арада бірнеше күн өткеннен кейін 31 қазанда Қызылтас аудандық тәркілеу жөніндегі комиссия мүшелері Заманбек Мұрсәлімұлының мал-мүлкі тәркіленіп, отбасымен жер аударылатынын хабарлауға келгенде оның өзін таба алмай, әйелдері Бәткен мен Зиядаға хабарды жеткізген. Заманбек Мұрсәлімұлының өзі тауға жасырынып қалады. 1928 жылдың 13, 28 қараша күндерінде Қызылтас аудандық милиция мен Заманбек Мұрсәлімұлын іздеуге шыққан топ аудан аумағында оның жоқ екенін хабарлаған. Қыс түсуге жақындағанда Заманбек Мұрсәлімұлы туған-туыс, бала-шағасын алып Қытайға өтіп кетеді [245, б.183-184]. Заманбек Мұрсәлімұлы ақындық дарын иесі болып, заманындағы тарихи ахуалды өлеңге қосқан. Оның замандастарының аузында сақталып қалып, бүгінге жеткен өлеңдерінің бірінде:

Шошынып, Қытай жаққа бардық қашып,  
Тebіске, нарын өрлеп, Хабар асып,  
Жер қайда, қайда барсақ, сарырақдай  
Шәуешек, үш Құлыстай өттік басып.  
Болғанда жаз жайлауда, қыс шөгейде,  
Тағдырдың жазуымен көрдік нәсіп.  
Күн ыстық, шыбыны көп Шиху бойы,  
Жүруге бір болмайды көңіл ашып.  
Жер екен жаның қинап, жан сақтайтын,

Жігіттер өркөкірек кеткен жасып. – деп туған елі мен жеріне сағыныш пен босқын өмірдің бейнетін жырға қосқан [245, б.202-203].

Қаратас ауданынан тәркілеуге жатқан Жакула Күшіков Сырдария облысына барғаннан кейін, 1931 жылы тоқтаусыз қысымнан бой тасалап, жер аударылып барған жерден қашып кеткен. Қайтадан туған жеріне оралған Ж. Күшіков отбасы Қытайға өтіп кеткен. Бұл туралы 1933 жылдың 19 тамызы күні Қаптанбек қаласындағы О. Исаев атындағы қой шаруашылығы институты анатомия және гидрология кафедрасының доценті болып қызмет атқарып жүрген кезінде тұтқындалған Жакула Күшіковтің ұлы Әбілмәжін Күшіковтың қылмыстық ісінде көрсетілген. «Қаптанбек Алашорда ұйымы» атты қылмыстық іс аясында тұтқынға алынған Ә. Күшіковпен 22 тамызда алғашқы тергеу жүргізілген. Белгілі жазушы Қабдеш Жұмәділовтің берген деректерінде Жәкула болыс бала-шағасымен Шәуешекке көшіп келгеннен кейін қалаға дүнгендер келе

бастайды. Генерал Махиың бастаған бір полк Шәуешекке келіп орныққан. Бірнеше ай дүнген және оған қатысқан ұйғыр, қазақтар жергілікті қытай әкімшілігін қуып шығып, Шәуешекті бірнеше ай билік жүргізген. Омбы орталық фельдшер мектебінің түлегі, дәрігер ретінде жаралы көтерілісшілерге, қарапайым тұрғындарға ем-дом жасап жүріп Жақула Күшікұлы оққа ұшып, қаза тапқан [246, б.8, 133]. Тарбағатай ауданы Ақсуат ауылының тұрғыны Сату Саменұлы өзінің әке-шешесінен естіген естеліктері негізінде Жәкула Күшікұлы және басқалардың Қытайға босу тарихын әңгімелейді. Естелік иесінің көрсетуінше Нарын өзені бойында топтасып, шекарадағы ыңғайлы уақытты күтіп жатқан босқындар қосыны қарулы әскердің шабуылына ұшырайды. «Сол кезеңде солдатқа қарсы күзетке шығатын жігіттер болатын, ауа-райы бұзылғаннан соң, сол күні шықпай қалады. Ел күзетке шықпай қалған күні...Совет үкіметінің көптеген солдатын алып барады да. Итті Қаражар деген жерге пулеметті құрып қойып оқ жаудырған, түнде ел ұйықтап жатыр, күзет шықпаған.» - деп баяндайды. Қарасай деген жерді бойлап қашқан жүзге тарта үй қолға түседі. «Менің әкемнің ағасы Мұқалидің Жұматай деген ұлы пулемет оқ жаудырып тұрғанда оққа ұшады... Көп жүзден артық үйді жиып, не болса, о болсын деп жиналыс ашты дейді. Жиналыста отырады да, «Кім батырақ? Шықсын!»- дейді.. Сол кезде совет үкіметі кезінде бай, кедей, бадырақ деп бөлген кез. Сосын бадыраққа 5-6 бала шықты, содан енді осының ішінен бай мен кедейді айырып алып шығындар деді. «Бай», «кедей» деп ешкім тексеріп жатқан жоқ, жақсы көргені ме, жаман көргені ме, мынау бай дейді де, апарып қолды байлады дейді. Осылай 27 адамды Иттің жарына алып шығып, елдің көзінше атып тастады.» - деп жеткізеді Сату Сәменұлы. Атудан аман қалғандар оққа ұшқан босқындар мүрдесін жинап, Қатонқарағай маңындағы Көпсүйек деп аталып кеткен жерге, суырдың ініне көмеді. Сату Сәменұлы: «Осыдан 3-4 күн өткеннен кейін елді қайта жиды да, түгел Елекеге апарды, (ол) қазіргі алтын шығып жатқан Елеке сазы. Еркектерді түгел қол аяғын байлап, Көкпектіге апарып қамады да, ал қатын бала-шаға Елекеде қалды. Түрмеде қамалып жатып, ауылсоветтен Көкпектіге арттан «ақтау қағазы» келеді, келгендерді шығарып алып жатады. Ақтау қағазы келмегендер сол түрмеде қамалып жаттық.- дейді әкем.» - деп әңгімелеген. Ақтау қағазы артынан келген Сәмен Анабайұлы ауылына келеді. Бір дорба бидай жинап, әлгіні түйіп талқан етіп 18 адам қайтадан Қытайға қашқан. Естелік жеткізуші Сәту Сәменұлы отбасы Қытайға барғаннан кейін Дөрбілжін ауданы Қара Еміл деген жерге тұрақтап, 1936 жылы естелік иесі туған екен [209, б.345, 346].

Қазақстандағы БМСБ органының жинақы мәліметтері бойынша 1929 жылы Қытайға кеткендер мен шекарада ұсталып, қайтарылған шаруашылықтар саны арнайы белдеулер – шекара отрядтары бойынша жинақталған. № 50 Зайсан шекара отряды бойынша астық дайындау науқаны кезінде 165 шаруашылық 9137 бас малмен шекарада ұсталса, 868 адамды қамтитын 221 шаруашылық 15140 бас малмен ауа көшіп кеткен. Ал 1929 жылдың өн бойында №49 Жаркент шекара отряды күзететін аумақ бойынша 19 адам 1149 бас әртүрлі малымен тоқтатылып, 109 адамды біріктіретін 27 түтін 1320 бас малмен Қытайға өтіп кеткен. Ал Бақты

комендатурасы бойынша 1929 жылы 168 шаруашылыққа біріккен 568 жан 3248 бас малмен шекарадан өтіп көшіп кетсе, 246 адамы бар 66 шаруашылық 6095 бас малмен шекарада тоқтатылған. Қытаймен шекара аудандары бойынша 1929 жылы жалпы саны 250 шаруашылық 17577 бас әртүрлі малмен Батыс Қытайға өтіп кеткен [105, б.205-206].

Астық дайындау бойынша жоспарды жергілікті жерлерге жеткізу жұмысына айрықша көңіл бөлінді. Жергілікті жерлерге астық дайындау бойынша жіберілетін уәкілдерге аранайы нұсқаулық кеңестер өткізілді. Сондай 1929 жылдың 7 қыркүйегінде өткен кеңес жұмысына Алматы округінің барлық мекемелердің, прокуратураның өкілдері қатысты. Алманов төрағалық еткен нұсқаулық кеңестің өткізілуінің тағы бір себебі, астық дайындау жоспарының көлемінің 2300 пудқа көбейтілгені болды. Астық дайындау жоспарының көбейтілгені алдында ауылдарға жолданған жоспар көлемін ұлғайтуды талап етті. Уәкілдерге ауыл-селонның ауқатты кулак шаруашылықтарына қысым жасау тапсырылды. «олардан, тіпті жоспар көлемінен артық болса да барлық товарлық артық заттарын алу керек. Бұл көбейтілген жоспар кемдігін толтыруға керек болады. Бай мен кулакқа қатысты репрессия жасаудан қысылудың керегі жоқ.» - делінген кеңес хаттамасында [247, п.24]. Село бойынша астық дайындау жоспары орындалған болса да, бай-кулактарға түк қалдырмай тонау туралы ашық тапсырма берілген кеңес жұмысына Алматы округі бойынша прокуроры Темирбеков қатысып отырған. Бұдан басқа кеңесте социалистік жарысқа барлық елді мекен, шаруашылықтардың тартылуы, астық дайындау жоспарын барынша қысқа мерзімде орындау талабы пысықталды. Осындай дайындықтан өтіп барған партиялық уәкілдердің жаппай репрессиялардан тартынбауы түсінікті еді.

Қазақстандағы, оның ішінде оңтүстік-шығыс өңірдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды 1929 жылдың 20 желтоқсанында БК(б)П ОК қабылдаған «Ет проблемасын шешуге байланысты шаралар» атты қаулы күрделендірді. Ел аумағынан Батыс Қытайға көшіп кету 1920-1930 жылдары айтарлықтай деңгейге өсті. Бұған бай-кулактарға қысым мен астық дайындау, ауылшаруашылық салық, егіс және ұжымдастыру сияқты саяси-шаруашылық науқандардың жүргізілу барысы әсер етті. 1929 жылдың жыл бойына 27 түтінге біріккен 109 адам 1340 мал басымен көшіп кетсе, 17 адам шекарада тоқтатылған. Ал 1930 жылдың қайыңтар-сәуір айлары аралығында 401 шаруашылық 6536 бас малымен көшіп кетсе, 37 шаруашылық 3215 бас малымен шекарада ұсталған [248, п.95].

1930 жылдың 1 ақпанында БМСБ-нің Қазақстандағы тұрақты өкілдігі Н.Л. Волленберг пен А. Р. Альшанский дайындаған қазақ тұрғындардың Қытайға ауа көшуі туралы анықтамасында Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігіндегі шаруалардың босқыншылығының деректері қамтылған. 1930 жылдың 22 ақпанында Бақты поселкасында өткен БМСБ атты әскер шекара комендатурасы жедел мәжілісінде шаруалардың Қытайға көшуі мәселесін қарады. Жиынға Бақты партия ячейкасының хатшысы Контсантинов, егін салу науқаны бойынша уәкілдер Асанов және Еміл ауылкеңесінің төрағасы Аданов қатысты. Жиында сөз алған Құрбанов: «Кедейлер мен орташалардың Қытайға кетуінің себебі

егіндік көлемінің өсуі ғана емес, халыққа қарым-қатынастың болмауы. Халық айтады колхозға жазылуға, қаласаң да, қаламасаң да кіруге мәжбүрлейді, комсомолдар орананы тойлағаны үшін 5 сом айыппұл төлетуге шешім қабылдаған.» - деп мәлімдеген [122, б.171].

1930 жылы баталған жаппай отырықшыландыру саясаты аграрлық сектордағы мал шаруашылығының күйреуіне жол ашты. Межеленген жоспар бойынша Қазақстанда жалпы көлемі төрт мыңнан астам көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылық тұрақтанып, отырықшы болуға тиіс еді. Жағдайдың шиеленісуіне І. Құрамысов сияқты партия жетекшілерінің ұраншыл әрекеті де әсер етті. Профессор Т. Омарбековтің сипаттауынша «Ашаршылықтың басталуы бұл науқанды сәтсіздікке ұшыратты және отырықшыландыру науқаны 1932 жылдан бастап жаңа науқанға, босқындарды шаруашылықтық орналастыру науқанына айналып кетті» [50, б.24].

Алматы округіне келіп жатқандардың ішінде әркілы бағыттармен өңірге келген қоныс аударушылар топтары да байқалды. 1930 жылдың 4 шілдесінде БМСБ саяси басқармасы Алматы округтік қоныс аудару басқармасына жолдаған хатында 26 маусым күнгі жеделхатпен хабарланғанындай, 25 маусымда Қызылордадан Алматыға 57 адам қоныс аударушылар шыққанын, келушілерді орналастыру үшін тиісті қор жасақтау керектігін хабарлаған. Алматы округтік қоныс аудару бөлімі қызметкері Алғазиев босқындар біріккен «Торғай» артелін тексеріп, қорытынды берген. «Торғай қоныс аударушылар артелі «Жаңа тосын», «Қосшы» және «Таңсәрі» артелдерінен біріккен. Бұл артелдер Қызылорда округінен шыққан. «Жаңа тосын» артелі 1929 жылы, Қосшы артелі 1928 жылы және Таңсәрі артелі 1925 жылы құрылған. Тексеру кезінде «Торғай» артелінде 65 шаруашылық болған. Оның 20-сы бұрынғы «Жаңа тосын» артелінен, 22 шаруашылық «Таңсәрі» және 8 шаруашылық бұрынғы «Қосшы» артелінен қосылған. «Таңсәрі» артелінің негізгі құрамы және «Қосшы» артелінің 7 шаруашылығы Қызылорда округінде қалған. «Жаңа тосын» артелі Ташкентке көшіп кеткен 11 түтін мүшелерін есептемегенде, толық құрамда дерлік Алматы округіне қоныс аударып келген.» - делінген тексеру қорытындыларында [249, п.13]. Алматы округіне көшіп келер алдында «Торғай» артеліне біріккен шаруалардың бәрі бұрынғы Торғай облысынан 1921 жылы аштықтан қашып, Қызылордаға қоныс аударғандар болған. Артелдегі шаруалар негізінен арғын және қыпшақ руларына жатады. 27 шілдеде Алғазиев ұсынған тексеру қорытындысында шаруалардың сөз жүзінде артелге біріккендерімен, ештеңе өндірмейтіндерін, негізінен мемлекет тарапынан берілген жәрдемақыға өмір сүріп жатқандарын көрсеткен. 1928 жылы «Қосшы» артелі мүшелерінің әрқайсысына «Қосшы» одағы Өлкелік комитеті тарапынан 150 сомнан, бір жұмыс малы, бір сиырдан таратылып берілген. Үш артелдің мүшелерінің үлестік жарналары жиналып, ол өкілдердің мекемелерге сапарына жұмсалған [249, п.14].

Қазөлкекомның ақпарат секторының меңгерушісі Н. Беспаловтың мәліметінше 1930 жылдың тамыз айының екінші жартысында шекара аумағынан 500 шаруашылық көшіп кеткен. Шаруашылық-саяси науқандардың жүргізілуіне байланысты қыркүйек айында шаруалардың көшуі үдей түсіп, бұрынғы Алматы

облысының шекара аудандарын тұтас қамтыған [229, п.95]. Алакөл ауданы Шарбақты ауылының екі қазағы шекарадан арғы бетке өтіп кетіп, Батыс Қытайға бас сауғалап барған, жанұясы Лепсіде қалған әлдебір молданың хатын алып келгені туралы БМСБ Лепсі жедел участкесінің бастығы Мининнің Алматыға БМСБ Алматы округтің бөліміне 1930 жылдың наурызында жолдаған құпия хатында баяндалған. БМСБ өкілі шекараның арғы бетінен келген хатта: «Шекарадан қашып өте алсаңдар, осы жаққа келіңдер, мұнда шетелдік мелекеттердің көмегімен эмигранттар отрядтарын құрып жатырмыз» - делінгені баяндалады [250, б.106].

XX ғасырдың 30-жылдарындағы босқыншылық партиялық қызметкерлердің өмірбаянында да кездеседі. Партия мүшесі өз қолымен жазатын ресми өмірбаянда коммунистке шетелде туысы бар-жоғы туралы ашық жазу ұсынылған. БЛКЖО Қарқара болыстық комитеті жауапты хатшысы, БЛКЖО Балқаш аудандық комитеті хатшысы, Балқаш ауатком төрағасы, Кеген аудандық жер бөлімінің бастығы қызметтерін атқарған 1900 жылы туған Кәрібай Мерекеев өзінің 1937 жылдың 1 сәуірінде толтырған өмірбаянында: «Мен, Мерекеев Кәрібай... қазіргі кезде Алматы облысы Нарынқол ауданы «Өрнек» колхозы, Үкірші ауылында тұрамын...Менің әкемнің бауырының баласы Мазақов Белдеубай Қытайдан оралған жоқ, онымен ешқандай байланысым жоқ, эмигранттардың сыбысына қарағанда бұрын да батрақ болған оның жалданып жұмыс істейтінін естедім. 1931 жылы Қытайға әкемнің бауырының балалары 1930 жылға дейін байларға батрақ болған Әлқожа және Белқожа Бүтембаевтар та эмиграцияға кетті, олармен ешқандай байланысым жоқ» - деп көрсеткен [95, б.207-208]. Кәрібай Мерекеевтің өмірбаянындағы босқыншылыққа ұшыраған туыстары бойынша ақталу уәждеріне ұқсас жазбалар Алматы облысы Октябрь ауданында білім бөлімінің инспекторы қызметін атқарған Нұрғазы Туғамбаев та жазған. Н. Туғамбаев өмірбаянында: «Менен үй-жайы бөлек інім, мен... ауылында мұғалім болып жүргенде, 1931 жылы Талды ауылынан Қытай жеріне өтіп кетіпті. Оның қайда екенін, не істеп жүргенін осы күнге дейін білмеймін, ешқандай байланысым жоқ.» - деп көрсеткен [86, б.322-323].

Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріне әр тараптан қоныс аударушылардың түпкі мақсаты қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық ахуалдың бағытын аңдап, шекаралық аудандарға қоныстану арқылы Батыс Қытайға өтіп кету мүмкіндіктерін байқау болғанға ұқсайды. 1930 жылдың 5 қазанында Ф. Голощекин өзінің И. Сталин, В. Молотов және Л. Кагановичке жолдаған аса құпия хатында көктемнің басынан бастап Қазақстанның аумағына Сібірден қоныс аударушылардың ағыны көптеп келіп жатқанын баяндайды. Ф. Голощекиннің көрсетуінше келген қоныс аударушы «Сібір кулактарының» саны 150 мың шаруашылықты құрайды [251, п.74]. Ф. Голощекиннің аса құпия хатына Сібірлік шаруалар туралы анықтама қоса тіркелген. Қазөлкекомның ақпарат секторының меңгерушісі Н. Беспалов әзірлеген анықтамада шаруалардың Сібірдің Новосибирск, Омск, Барнауыл және Славгород округтерінен келген. Сібірлік шаруалар Сырдария және Алматы округінің Андреев, Сарқанд, Жаркент, Бәрібаев және басқа да шекаралық аудандарына қоныстанған. Бәрібаев

ауданына қоныстанған сібірліктердің саны 150 шаруашылықты құраса, Андреев ауданына 41, Сарқанд ауданына 794, Есік ауданына 40 шаруашылық көшіп келген [251, п.75]. Сібірлік шаруалардың әлеуметтік құрамы анықталмаған, Ф. Голощекиннің хатына тіркелген анықтамада олардың «негізгі тобын жергілікті байлар мен шекаралық аудандардың контрреволюциялық элементтерімен, Батыс Қытайдағы ақ эмигранттармен байланысқа түскен репрессияланған және мемлекеттік міндеткерліктен қашқан кулактар мен олардың құйыршықтары» құрайтыны көрсетілген. Анықтамада Сібір шаруаларының жаппай көшіп келуі «жергілікті халықтың Қытайға ауа көшуі мен көштерді алып өтетін бандылық топтарды ұйымдастыратын жергілікті байлар тобы мен контрреволюциялық элементтермен күресті қиындатып, шекаралық аудандардағы онсыз да қанағаттанарлықсыз жағдайдағы ахуалды асқындырып отырғаны» атап көрсетілді. Қарадала деген жерге шекарадан өту мақсатында 300-ге жуық шаруалар топтасқан. Қарақоныз ауданында 106 бай және кулак шаруашылықтары қашып кеткен. Зайсан ауданында жергілікті шаруалармен бірге Қытайға қашпақ болған 61 кулактар тұтқындалған [251, п.75]. Ф. Голощекин Қытайға өтіп кетуге тырысқан Сібірлік шаруалардың бірінен 2000 сом алтын, 10 000 сом ақша белгілеріндегі қаржы табылғанын, Қазөлкеком тарапынан Сібірлік шаруаларды колхоздарға кіргізбеу туралы тапсырма берілгенін жазған [251, п.74, 74 (а)]. Алматы округтік жедел үштіктің 1930 жылдың 17 наурыздағы № 8 мәжілісінде сібірлік шаруалардың келуі талқыланып, коммунистік отрядтардың қарулануы қаралды. Шекаралық аудандарға келе бастаған сібірлік кулактарды қайтадан шығару бойынша округком шешімін Өлкекомнан бекіту сұралды. Комотрядтарды қаруландыру бойынша 200 винтовкаға 60 сомнан 12000 сом, 45 сомнан 30 нағанға 1350 сом, 2000 винтовка оғына 1520 сом, 2000 наған оғына 1090 сом жалпы сомасы 14960 сом қаржы бөлу шешілді. Бұған қоса БМСБ-нің жедел мақсаттары үшін қосымша 5000 сом бөлу округком төрағасы Задорожныйға тапсырылды. Қалыптасып отырған ахуалда түрмелердегі адамдарды азайту БМСБ бөлімше бастығы Федоровқа жүктелді [252, п. 9,10].

Қазөлкеком жауапты хатшысы Ф.И. Голощекиннің 1930 жылдың тамыз айының аяғында босқыншылықты Қазақстандағы ауыл шаруашылығын жаңғыртудың оң өзгерістеріне жатқызып сипаттаған. «Өзінің ауылынан аттап шықпаған, өзінің көш сүрлеуінен басқаны білмеген қазақ енді Қазақстанның ішіндегі бір ауданнан екінші ауданға өтіп, тіпті орыс, украин колхоздарына барып, Сібір мен Еділ бойының шаруашылық-құрылыстарына жұмысқа барып жатыр. Әрине, мұндай өтушілік шаруашылық түрін, тұрмыс тіршілігін өзгертіп, бұрынғы әдет-ғұрып, ескі шаруашылықты қирататыны белгілі. Әрине, зардапсыз емес. Кейбір ұлтшылдар бұл өзгерістерден көңілсіз тұстарын көрсе, кейбіреулер – «солшылдар» бұдан тек қана контрреволюция көреді.

Әрине, мұнда олардың әрқайсысының да белгілі бір элементтері болғанымен, негізінен тұрмыстың өзгеруі орын алып отыр.» - деп көрсетеді Ф. Голощекин [253, б.28]. Ф. Голощекиннің бұл сөзі кейіннен партиялық номенклатураның өз ішінде талқыланды. Бұл туралы Нығмет Нұрмақов

Москваға жазды, Ораз Исаев тілге тиек етті. Кеңестік билік күштеу арқылы жүргізіп жатқан аграрлық саладағы өзгерістерді ақтап алуда жымысқы әрекетке барған Ф. Голощекин жоғарыдағы сөзінде болашақта қазақ халқының заман ағынына икемді халыққа айналуы үшін осындай құбылыстар керек екенін негіздеме болған. Қалыптасып отырған ахуалдың, ауылдың шынайы хәлінің қандай екен Ф. Голощекинге белгілі еді.

1931 жылдың 30 шілдесін кейін емес Қазақ БК(б)П Өлкеком мүшелері М. И. Кахиани, И. М. Құрамысов, О. Ж. Исаевтердің И.В. Сталинге және басқа да саяси бюро мүшелеріне астық дайындау бойынша берілген 65 миллион пұд жоспарды орындау мүмкінсіздігін, «барлық күшті жұмылдырғанның өзінде» Қазақстан бойынша 50 миллион ғана жиналуы мүмкін екенін көрсеткен хаты жолданған. Аталған хатқа И. Сталин: «Таяқтау керек. Пікірталас тоқтатылсын.» - деген бұрыштама қойған [87, б. 467-468].

Қазөлкекомның VI Пленумында ауа көшушіліктің себептері талқыланғанда жарыссөзде сөйлеген І. Қабылов босқыншылық көшпелі және жартылай көшпелі аудандарда ғана емес, отырықшы қазақ аудандарында, ішінара қазақтар тұрмайтын аудандарды да қамтығанын айтқан. Ет дайындау науқаны құр қалып бойынша мал шаруашылығы аудандарында товарлылық деңгейі мен әрқилы формаларды ескерместен жүргізілген. Таза мал шаруашылығымен айналысатын аудандарда астық дайындау науқаны жүргізілді [254, с.218]. Мал шаруашылығымен айналысатын аудандардағы астық дайындау науқанының тығырыққа қалай тірелгенін Іле өзенінің солтүстік жағалауы мен Шу өзенінің оңтүстік жағалауындағы көшпелі аудандардағы асыра сілтеушіліктерді түзеу бойынша арнайы топты басқарып, жұмыс істеген О. Жандосов 1930 жылдың 13 мамырында Қазөлкеком мен ҚазОАК жолдаған ақпарында ашық сипаттайды. «Барлық аттары аталған ауылдар толық мал шаруашылығымен айналысатындар. Олардың ішінде егістік көлемі ең көбінің былтырғы жылы 81,5 десятина егістігі болған. Бұл Шоқпар ауданының №1 ауылы. Сол себепті бұл ауылдарға ең ауыр сынақ астық дайындау болды. Бұл саладағы асыра сілтеулер биылғы жылғы егістік науқанымен үстемеленді. Көрсетілген ауылдардың барлығы егістік көлемінің қатаң тапсырмаларын алған: Қастек ауданының № 16 ауылы 237 гектар, Шоқпар ауданының №1 ауылы 150 гектар, Шоқпар ауданының №3 ауылы 96 гектар және т. б. Жоспарда әртүрлі дақылдар, тіпті темекі де бар. Егін суы жоқ тұздауыт жерлерде және өнім болатынына ешқандай сенімділік жоқ жерлерге себілді. Егін себу еріксіз қоғамдық міндеткерліктер аясында ұйымдастырылды. Егін себушілер әлі күнге дейін өз еңбектерінің нәтижесі кімге тиесілі екенін білмейді. Астық дайындау жоспары орташаға да жүктелді. Орындалу мерзімі 5-7 тәулік. Осыдан кейін астық базарында қарбалас басталады. Тары бағасы 7 сомға дейін көтерілді. Бидайды әр пұтына 10-12 сомнан алады. Астық дайындау жоспары бірнеше мәрте берілді. Бұл жағдайды одан бетер қиындатты. Малды сатып, астық алынды. Малдың бағасы төменгі шегіне дейін құлдырады – қойдың құны 7-5 және 3 сом болды.» – деп көрсеткен О. Жандосов. Жандосовтың айтуынша, тұқым қорын жинау кейбір ауылдарға астық дайындаудан да ауыр тиген. Тұқым қорын тапсыру жоспары ауыл шаруашылық



салығынан босатылған кедейлерге де салынды. Кедей шаруашылықтар тұқым қорына 2,5-5 пұтқа дейін астық тапсырған. Жиналған тұқым қорының тек елеусіз бөлігі ғана көшпелі ауылдар еншісінде қалдырылып, қалған бөлігі қайтарымсыз ауданға берілген. Астық дайындау және тұқым қорын жинау науқандары нәтижесінде көшпелі ауылдарда «көрнекі шаруашылықтарды» тәркілеу мен жаппай айыппұлдар салу жүргізілді [255, п.62, 63]. Астық дайындау науқанының асыра сілтеудің сорақы көрінісі осы Іле ауданында орын алды. Мұнда астық дайындау науқанының уәкілінің өзі жазалау шарасының құрбаны болды. 1930 жылдың желтоқсанында БМСБ-нің Іле аудандық аппараты уәкілінің көмекшісі Сұлтанбек Сәрсембаев арыз негізінде астық дайындау бойынша уәкіл Мұзахан Алпысбаевты тұтқындаған. Уәкілден жауап алу кезінде Сәрсембаев оны бірнеше мәрте соққыға жығып, 30 градусық суық қоймаға қамаған. С. Сәрсембаев М. Алпысбаевты Қаскелеңге жөнелтіп тұрып, аудауылға тұтқынды жолда атып тастауға бұйрық берген. Бұйрық мүлтіксіз орындалып, М. Алпысбаев жолда атылған. Оқиға барысын тергеу кезінде С. Сәрсембаевтың ешқандай дәлелсіз айыптап, көптеген кедей колхозшыларды тұтқындағаны белгілі болған. БМСБ үштігінің үкімімен С. Сұлтанбаев тап жауының тыңшысы ретінде ату жазасына кесіліп, 1930 жылдың қарашасында үкім орындалған [113, б. 662]. О. Жандосов көрсеткен шаш ал десе бас алатын, дайындау науқандарының қысымы Алматы округінің таулы аймақтарында да орын алған. Осы сарындас астық дайындаудың өрескел тапсырмаларына, репрессияларға көндікпеген шаруалар шекара бұзып, босуға мәжбүр болған. Шаруалардың салықтан, азық-түлік дайындау тапсырмаларынан қашып шекара бұзғаны шекарашылардың жедел ақпарларында да көрсетіледі. Мәселен, БМСБ шекара әскері 49-шы учаскесінің 1931 жылдың 1-20 қазан аралығын қамтыған жедел барлау мәліметіне сәйкес, 14 қазан күні Шәлкөде шекара бекетінің Есекартқан асуында Қытайға бет алған 11 еркек, 17 әйел адамы бар қарулы көш тоқтатылған. Босқындар көшін бастаған Қожа Талқанбаев, Сәдуақас Құлкембаев, Стасиша (Стамшал) Сатқынов, Нұрқа Сатқыновтар Кеген ауданы Жарман ауданының орташа, кедей шаруалары Қытайға көшу себебі ретінде қуаңшылыққа қарамастан әрбір түтінге 30-40 пұдтан астық дайындау тапсырмасы салынғанын көрсеткен. Тиісті тексеруден кейін босқындар Кеген ауаткомы арқылы мекендеріне қайтарылған. Осы күні Кетпен тауының солтүстік қыратынан осы ауданның 2 Жартыбаев ауылынан салықтан жалтарып, Қытайға кетпек болған құрамында 5 әйел 10 еркек бар тағы бір көш тоқтатылған [256, п. 390].

БК(б)П XVI съезінде округтерді жою туралы шешім қабылданды. 1930 жылдың тамыз-қыркүйек айларында Қазақстандағы 12 округ жойылып, басқару 182 аудан арқылы жүзеге асырылатын болды. Бұрынғы Алматы округіне қарасты 16 ауданның 3- жер өңдеумен, оның ішінде 1 - мақта шаруашылығымен, жер өңдеу-мал шаруашылығымен айналысатын аудандар саны 7, таза мал шаруашылығымен айналысатын аудандар саны 5 болып анықталды. Бұрынғы Семей округіне қарайтын 18 ауданның 4-і – жер өңдеу, жер өңдеу-мал шаруашылығымен 1, мал шаруашылығы-жер өңдеумен 7 және 5 – аздаған егіншілігі бар мал шаруашылығымен айналысқан [257, б.36].

Көшпелі аудан саналатын Балқаш ауданы халқының астық дайындау жоспарын орындау үшін астық сатып алуға мәжбүр болғаны туралы фактіні VI Пленумда Қазақстанның басшыларының бірі ОАК төрағасы Е.Ерназаров та қуаттады. Е. Ерназаров айтуынша осы себептен Балқаш ауданында азық-түлік қиындықтары туып, мал басы кеміген [254, б. 224].

Шекаралық аудандардағы жағдай күн сайын асқына берді. Шаруашылық-саяси шаралардан титықтаған қазақ шаруалары шетелге қашуды тоқтатпады. 1931 жылға қарай шекаралық аудандар саяси ахуалының мүшкілдігі партиялық құпия құжаттарда да ашық айтыла бастады. Өлкекомның арнайы папкасында сақталған құжаттардың арасында 1931 жылдың 6 наурызындағы Өлкеком бюросы мәжілісінің № 41 хаттамасында «Өлкеком.. шешімдерінің орындалмауы, тап күресінің шиеленісуі жағдайында бай-кулактар шешімді шабуылға көшуінен, колхозшылар, кедейлер мен орташалар арасында көпшілік саяси жұмыстың болмауы кесірінен», түрлі бұрмалаушылық салдарынан шекаралық аудандардағы саяси жағдай әлі күнге жайсыз болып тұрғаны мойындалды. Бұл жағдай Қытайға жаппай көшудің толастамауынан көрінді. Қазөлкеком шаруалар босқындығының себептерін өлкелік кеңестік-шаруашылық ұйымдарының тарапынан шекаралық жолақ аудандарына бөлекше басшылықтың болмауынан, шекаралық аудандардағы қазақ және тараншы халықтарының шекараның арғы бетіндегі тұрғындармен туыстық байланыстарының болуынан, шекара аймағы ұйымдарының аппаратының былғануынан көрді. Дайындау науқандарының жоспарлары мен тәсілдері тек көпшілікпен жұмыс негізінде және аудандардың шаруашылық дамуын еркеше есепке алу арқылы жүргізілуі керектігі көрсетілді. Аудандардағы барлық дайындау науқандарын маусымға сай тауарландыруға көңіл аудару тапсырылды. Жабдықтау халық комиссариаты мен Қазколхозодақтан өнеркәсіп товарларын әкелгенде кедейлерді дайындау науқанын көрсеткіштеріне қарамастан қамтамасыз етуге көңіл бөлу талап етілді. Ф.И. Голощекин қол қойған бұл қаулының аясында айрықша қаулы да болды. Ол айрықша қаулы бойынша БК(б)П ОК 20.02.1930 ж. қаулысына сәйкес ауқатты-бай топты тауарландыру кезінде кедей-орташаларға қарағанда төмендетілген шкала бойынша жүргізу тапсырылды. Шекара күзетіне шекарадан алыс жатқан аудандардан шақырылған қазақ-қызыләскерлерді енгізудің айрықша қажеттілігі ескертілді [258, п.13,13(а), 14]. Мұның өзі шекара қызметіне босып жатқан ауылдардың адамдарын енгізбеу үшін жасалған. Жергілікті халықты мемлекеттік қызметтен бөтен санау ұстанымы, әрине, Ресей Патшалық кезеңінен қалыптасқан дәстүр болатын.

1931 жылдың көктемінен Қытаймен шекаралас аудандарында мал дайындау науқанындағы зорлық-зомбылыққа шыдамай босқыншылықтың үдеп кеткенін БМСБ ақпарларында да мойындалған. БМСБ-нің Қазақстандағы өкілетті өкілдігі Мәскеуге жолдаған есебіндегі толық емес мәліметтер бойынша 1931 жылы Қытайға 40 мың шаруашылық босып кеткен. БМСБ қызметкерлері Қытайға көшуді партия, комсомол мүшелері, колхоз председателдері ұйымдастырған, Қытайға тұтас колхоздар толық құрамда көшіп кеткен, шекарадан өту кезінде босқындар қарулы қарсылық көрсеткен, шекарадан өту мүмкін болмаған

жағдайда шаруалар көтерілісшілері шыққан аудандарда бас көтерушілердің жаңа топтарын толықтырған фактілер орын алғанын жасырмай жазған. Жекелеген аудандардағы арнайы тексеру ондағы халықтың 3/1-і Қытайға көшіп кеткенін көрсеткен. Босқындардың қозғалысына аштық та әсер еткен. Ашыққан шаруалар ауданнан ауданға көшіп, «Союзмясо» ұйымының мал соятын орындарына жақын қоныстануға тырысқан. Мұндай жағдай Қаратал ауданында орын алған. Аштық қысымымен босқындар өлі малдар, ит, қасапханалар қалдықтарын, мал шаруашылығымен айналысатын совхоздарда көмілген ауру малдарды аршып алып қоректенген. Қасап орындарына жақын келген аш босқындар сойылған малдың қанын ішкен [258, б. 80,81].

Шекара күзеті 1931 жылдың 21 мамырында Лепсі ауданында 101 шаруашылықтың Қытайға көшуін тоқтатқан. Ұсталғандардан 95 шаруашылық колхозшылар болған. Босқындар қарулы отрядтың күзетімен шекара кесіп өтпек болған. БМСБ ақпарында қарумен ұсталғандардың 6-ы байлар екені көрсетілген. БМСБ мәліметтерінде шаруалардың Қытайға босуына азық-түлік жетіспеушілігі мен дайындау науқандарындағы асыра сілтеу себеп болып отырғаны көрсетілген. Шаруалардың босқыншылығына шекара аудандарының қажетті өнеркәсіп товарларымен жабдықталмауы да әсер еткен. 1930 жылы шекаралық аудандарға өнеркәсіп товарларын жеткізу 30-40%-ға ғана орындалса, 1931 жылдың бірінші тоқсанындағы жоспар мүлде орындалмаған. Бұрынғы Алматы округіне қарайтын Жаркент, Октябрь, Кеген аудандарына өнеркәсіп товарлары жеткізілмеген. Ал Алакөл ауданында 1931 жылдың 1 тоқсанында қосымша жеткізуді есептемегенде, 489 839 сомның өнеркәсіп товарлары жеткізілу керек болса, соның тек 127 176 сомдыкі ғана әкелінген. Қаратал ауданына 202 мың сомның заттарының орнына 30 мыңның товары, межеленгеннің 14,9% ғана жеткізілген [259, б.141]. 1931 жылдың тамызындағы жағдай бойынша артта қалған 26 ауданның ішінде Қазақстанның оңтүстік-шығысына жататын Шыңғыстау, Шұбартау, Көкпекті, Үржар, Ақсу, Алакөл, Кеген, Қатонқарағай, Тарбағатай, Зайсан, Октябрь, Лепсі Жаркент аудандары аталған [260, б.96,97]. Түрлі дайындау науқандарының ауырлығы шаруалардың босқыншылығын туғызды. Қазөлкеком хатшысы М. И. Кахианиге қаржы халкомы есеп және статистика бөлімі бастығы Шаймұхамедовтің 1931 жылдың 9 тамыздағы Қазақстанның 27 ауданынан келіп түскен мәліметтер негізінде берген есебі бойынша, Қырғызстанға 1031 шаруашылық пен 33595 бас малмен, Қытайға 563 шаруашылықпен 2276 бас малмен көшіп кеткен. Есеп бойынша Қазақстаннан сыртқа 35597 шаруашылық пен 893074 бас мал кеткен [261, п.1].

БМСБ-нің құпия саяси бөлімінің 1931 жылдың қазандағы «Қазақстаннан Қытайға эмиграция туралы» арнайы анықтамасында «Қазақстанның Қытаймен шекара аймағында әртүрлі науқандарды (ең бастысы, ет дайындау бойынша) жүргізудегі асыра сілтеулерге, өнеркәсіп товарларымен жабдықтаудағы кемшіліктерге, халықтың кеңеске қарсы бөлігінің белсенділігінің артуына байланысты эмиграциялық көңіл-күйдің дамуы мен жергілікті халықтың Батыс Қытайға көптеп көшуі байқалады. Бұл қозғалыс бізге әлеуметтік жағынан жақын халықтың бөлігі – орташа, кедей және тіпті колхозшыларды да қамтып, кей

жағдайларды жалпылық сипатқа көшіп отыр» – деп көрсетілген [262, б. 14]. БМСБ құпия саяси бөлімі келтірген мәліметтерге сәйкес, 1930 жылы шекарада өтерде ұсталғандармен қосқанда арғы бетке кеткендердің саны 10636 адамды құраған. 1931 жылдың қазанға дейінге айларында толық емес мәліметтер бойынша шекарадан өткендер мен өтерде ұсталғандардың саны 15 мың адамнан асқан. 1930 жылдың 1 тоқсанымен салыстырғанда 1931 жылдың қаңтар-наурыз айларындағы көшіп кеткендердің саны 2686-дан 4377 адамға өскен. Қытайға кетушілер саны 1931 жылдың 2 тоқсанында 5 мыңға, 3 тоқсанда алты мың адамға жуықтаған. Тек 1931 жылдың тамыз айының 10 күні ішінде өтіп кеткендер мен өтерде ұсталғандар мөлшері 1 ауыл (саны белгісіз), 1066 шаруашылық, 1670 жеке өтушілерді құраған [113, б. 209] БМСБ өзі келтірілген мәліметтердің толық емес екенін мойындайды. Іс жүзінде босқындар мен көшуге дайын отырғандар саны бұдан әлдеқайда көп болған. Қазақөлкекомның шекаралық аудандар секторы Алматы округі кейбір совхоздарында «апатты жағдай» орнағанын суреттеген [262, б. 15].

Шекара аумағындағы кейбір аудандардағы босқыншылық көлемі арнайы тексергенде, жекелеген аудандар халқының 3/1-і Қытайға көшіп кеткені анықталған [263, б.109]. БМСБ -дің бастапқы «байлар қашып жатыр» деген тезисінің шындыққа сәйкеспейтіні анықталды. БМСБ құпия саяси бөлімі 1931 жылғы босқындардың 80% кедей, орташа және колхозшылар құрағанын мойындаған. Жаркент ауданы бойынша тек 1 апта ішінде ғана шекарадан 314 орташа, кедей және колхозшылар шаруашылықтары ұсталған. Шекара аудандарын өнеркәсіп товарларын жабдықтаумен айналысатын ұйымдар толықтай әрекетсіздікке көшкен. Шекара аудандарында өнеркәсіп товарлары мен күнделікті қажетті товарлар жетіспеушілігі жайлаған. Кейбір жерлерде чай, мануфактура өнімдері, керосин, қант, тері бұйымдары, темекі мүлде жоқ. Шекара аудандарына қажетті товарлардың орнына парфюмерия сияқты жергілікті тұрғындар тұтынбайтын товарлар көптеп жеткізілген. Алакөл мен Лепсі аудандарында аяқ киім, керосин, тері бұйымдары жоқ болса, оның орнына көп мөлшерде парфюмерия мен тоқыма бұйымдар жеткізілген. 1931 жылдың бақылау цифрларын жабдықтау халкомы жылдың 3 айы өткеннен кейін, 19 сәуірде ғана қараған. Мамыр айына дейін товарларды шекара аудандарына жеткізу жоспары жасалмаған. Транспорт одағы мекемесі салғырттығынан темір жол станцияларында шекара аудандарына жеткізілуге тиіс товарлар 1930 жылдан бастап, жеткізілмей жатып қалған [259, б. 210, 211].

БМСБ қазақ халқының арасындағы көшуге ұмтылған көңіл-күйдің себебін ішкі себептермен қоса «шетелдік контрреволюциялық ұлтшыл топтардың» жандануынан да іздеді. БМСБ құпия саяси бөлімі 1930 жылдың маусымында Батыс Қытайда басшылығында қазақ ханы Аллен және Қытайға қашқан белгілі Алашорда қайраткері Р. Мәрсеков тұрған Қазақ Алашордалық контрреволюциялық ұйымы құрылғанын баяндаған. Чекистердің көрсетуінше бұл ұйым өз алдына Батыс Қытайда жергілікті өкіметке бағынышты қазақ хандығын құру мақсатын қойған. Қытай өкіметі мұндай хандықтың құрылуына келісімін берген. Қытай жағы ұйымдастырушылардың алдына КСРО

территориясы жақтан барынша көбірек қазақтарды көшіріп алу шартын қойғаны айтылды. 1930 жылдың маусым айынан белсенді қызметке кіріскен Аллен ұйымы қазақ ауылдарында көші туралы үгіт-насихат жүргізген екен. Бұл үгітте әртүрлі шаруашылық-саяси науқандардағы, әсіресе ет дайындау кезіндегі жіберілген асыра сілтеушіліктер кеңінен пайдаланылған. Үгітшілер ретінде Кеңес жағында өмір сүріп жатқан жанұялардың туыстары жіберілген. Босқындарды күзетіп, шекарадан өткізу үшін арнайы қарулы отрядтар жіберілген. БМСБ ақпарында босқындарды арғы беткен келген қарулы топтар көмегіне сүйеніп шекарадан өтіп қана қоймай, жергілікті көшушілер өздері де қарулы отрядтар құрып, өкіметтің шекара қызметімен қақтығысқаны баяндалды. 1931 жылдың тамыз айының ішінде Жаркент ауданында 70 және 40 шаруашылықтың басын біріктірген екі босқындар қосыны шекарада ұсталған. Босқындарды ұстау кезінде атыс-шабыс болған. 13 тамызда осы ауданда шекараны бұзып өтпек болған 500 шаруашылықтан тұратын тағы бір көш ұстау барысында қарулы қарсылық көрсеткен. Шекара маңындағы босқындар қозғалысының өсуі шаруалардың қарулы көтерілістеріне дем беріп отырған. Шекара бұзып өте алмаған босқындар тобы сол ауданда жүрген көтерілісшілерге қосылып, жаңа топтар құрған. Қысқа мерзімде көтерісшілер саны 1000 адамға көбейген қарулы топтар болған. Шетелдік қарулы топтар шекара маңын үнемі тынышсыздықта ұстағаны айтылды.

Босқындар қозғалысын тоқтату мақсатында 1930 жылдың 25 қыркүйегінде Алматы округінде шекара комиссиясы құрылып, оның міндетіне шекаралық аудандарды зерттеу, Қазөлкеком шешімдерінің іске асырылуын бақылау кірген. 1931 жылдың 6 наурызында өлкеком бюросы мәжілісінде межелеген шешімдердің орындалмағанын мойындаған. 26 маусымда Өлкеком жанынан арнайы аппараты бар шекаралық аудандар комиссиясы құрылды. Шекара маңындағы босқыншылықтан туған саяси ахуалдың нашарлығын бұл шаралар түзете алмады [259, б. 211, 213].

1931 жылдың қыркүйек-қазан айларында Қазөлкекомның Аягөз ауданындағы ауа көшушілікті жеке зерттеген Ы. Көшкінов бастаған арнайы комиссия мұндағы босқыншылық ауқымы Көкпекті, Күршім аудандарынан да көп мөлшерде орын алғанын анықтаған. Шаруалардың Аягөз ауданынан үдере көшуі 1931 жылдың мамыр және қыркүйек айларында болған. Босып кеткен шаруалар саны 1100 шаруашылықты құрап, оның 800-і кері қайтарылған. 300 шаруашылық шекара асып Қытайға өтіп кеткен. Кеткен босқындар арасында 29 коммунист және 693 комсомол мүшесі болған. Қазөлкеком комиссиясы негізгі шаруашылық түрі көшпелі мал шаруашылығы болған Аягөз ауданының артта қалғанына назар аударған. «Ауыл шаруашылық өндірісімен ешкім айналыспаған. Ауданның экономикасына әлдебір дайындау науқанын ұйымдастыруға байланысты ғана назар аударылған.» - деп көрсетілген [264, п.10]. Аягөз аудандық бақылау комиссиясы жұмысшы-шаруа инспекциясы төралқасы 1931 жылдың 28 қазандағы мәжілісінде Ибақов Қабсадық бастаған 17 коммунистің мәселесін қарады. Көрсетілген адамдар Аягөз ауданда қарулы бас көтеру басталған кезде көтерілісшілер жаққа өтіп кетіп, Кеңес өкіметі өкілдеріне

қарсы оқ атқан. Халық көтерілісі жеңіліс тапқаннан кейін тізімдегілер көтерілісшілермен бірге Қытайдың солтүстігіне қашып кеткен. Аякөздік коммунистер көтеріліс кезінде колхоз, астық дайындау науқаны мәселелеріне байланысты кеңеске қарсы үгіт-насихат жүргізіп, ауыл белсенділерін, партия-кеңес қызметкерлерін қыспаққа алған. Хаттамаға сәйкес аудандық бақылау комиссиясы төралқасы аудандық партия комитетінің Аякөз ауданының Ақшаулы, Егінсу-Бесбақан ауылдарынан шыққан 17 коммунисті «сатқындығы мен кеңеске қарсы үгіт-насихат жүргізгені» үшін партия қатарынан шығару туралы 1931 жылдың 11 қараша күнгі шешімін бекітеді [264, п. 1, 2]. Партия қатарынан шығарылған босқындар қатарында аты-жөні толық анықталмаған Ақшаулы ауылына қарасты Қайырбеков, Калимов, Мұхамедшин, Тоқтыбаевтардың есімдері аталады [264, п.3-6; Қосымша А].

Ет дайындау науқанының шекаралық аудандардағы шаруалар босқыншылығын туғызған негізгі себеп болғаны 1931 жылы қазанында БМСБ құпия саяси бөлімінің «Қазақстаннан Қытайға эмиграция туралы» арнайы анықтамасында атап көрсетілді. Шекаралық аудандардағы ет дайындау жоспары тым жоғарылатылды. Ет дайындау науқаны жергілікті өкімет орындарының айыппұлмен, сот репрессиясымен, түрмемен қорқытып, шаруалардың мал өткізуіне талап еткен дөрекі қатыгездігімен бірге жүргізілді. Көп жағдайда, тіпті кедейлердің де күнкөрісінің соңғы талғажау малы тартып алынды. Жоспар орындау үшін сауын мал, буаз және жұмыс көліктері сойылды. Алакөл ауданында ет дайындау бойынша уәкілдің шаруаларды сот пен тәркілеумен қорқытып, жұмыс көліктерін етке тапсыруды талап еткен. Осыдан кейін 40 колхозшы Қытайға өтіп кеткен [259, б. 209, 210].

Еңбекшіқазақ ауданы бойынша да Қытайға қашқан шаруалардың саны айтарлықтай болған. Аудандық архив қорында сақталған тұрғындардың тіркеу кітабында тұтас жанұялардың қашып кеткені көрсетілген. Тіркеу кітабында Шелек тұрғындары «европалықтар», «қазақтар және басқалар» деген бөлімдерге бөліп тіркелген. Құжатта тұрғындардың әлеуметтік жағдайы Еңбекшіқазақ ауданының тұрғылықты тұрғыны екендігі, әлде басқа жақтан көшіп келгені, көшкен жағдайда қайда кеткені көрсетілген. Тұрғындардың көшіп кеткен жағы көрсетілмей «қашып кетті» деген белгі қойылғандары шекаралық Еңбекшіқазақ ауданы жағдайында Батыс Қытайға кеткен деп пайымдауға негіз береді. Мысалға, 1929 жылы ашылған Шелек ауылының тұрғындарды тіркеу кітабында тізімде №182 болып тұрған 40 жастағы Әбділдаев Болаттың жауңұясы, әйелі Ұлаш, қызы Замира, ұлы Жүсіп, бауыры Рыс (38 жаста) тұсына «қашып кетті» деген белгі қойылған. Осындай белгі 35 жастағы Шүшембаев Керембайдың жанұясының тұсында да көрсетілген [265, п.30]. Шелек ауылының тұрғындар тіркеу кітабындағы мәліметтерге сәйкес, қашып кеткендер қатарында Нахыбеков Сасықбай (30 жаста), Соқыр (кітапта солай) Бермекбек (34 жаста), Атажанов Насыр (28 жаста), Тұрсынбаев Айса (30 жаста), Сарыбаев Мадияр (22 жаста) аталған [265, п.30, 31].

Шекара маңына алыстан Батыс Қытайға өтіп кету үшін келіп жатқан болса, шекаралық аудандардан арғы бетке өткен босқындар саны күрт көбейді. «Өте

құпия» белгісі қойылған «Октябрь ауданынан 1930 және 1931 жылдары шетелге кеткендер туралы мәліметтер» аталған құжатта ауданға қарасты Көктал селосынан 388 адамды құраған 92 шаруашылық, Аққұдық ауылынан 1453 адамы бар 355 шаруашылық, Орталық ауылынан 968 адам 222 шаруашылық, Үшарал ауылынан 1965 адам 409 шаруашылық, №1 Бородхудзир ауылынан 365 адам 75 шаруашылық, № 2 Бородхудзир ауылынан 976 адам 278 шаруашылық, Қоңырөлең ауылынан 29 жаны бар 8 шаруашылық, № 1 Түгірек ауылынан 178 адам 47 шаруашылық, №2 Түгірек ауылынан 88 адам 20 шаруашылық, Аралтөбе селосынан 43 жаны бар 10 шаруашылық, Қызылеспе ауылынан 623 адамы бар 147 шаруашылық, Қитын ауылынан 623 адамы бар 147 шаруашылық Қытайға өтіп кеткені көрсетілген. Октябрь ауданынан жалпы саны 1948 шаруашылық шекара асқан. Октябрь ауданына қарасты ауылдардан тек Аралтөбе, Көктал селоларынан кеткендер орыстар болса, қалған ауылдардан кеткен босқындардың басым көпшілігі қазақтар екені де нақтыланған [266, п.7, 8].

1931 жылдың 28 қарашасында Қазақ АССР-дегі мал шаруашылығының жағдайы туралы БК(б)П ОК-не «өте құпия» белгісі бар хат жолдаған БК(б)П БОАК фракциясы бюросының хатшысы А. Киселев 1929 жылмен салыстырғанда мал басы күрт азайғанына назар аударған. А. Киселев 1929 жылы Қазақстандағы жалпы мал басы 40 миллион 508 мың болса, 1930 жылы 22 миллион 560 мыңды құраған. Ал 1931 жылы Қазақстанда 11 миллион 780 мың ғана мал қалғаны анық болған. 1929 жылмен салыстырғанда мал басы 71% азайған. Осындай жан түршігерлік деректі ұсына отырып А. Киселев кесімді түрде: «Қазақстандағы мал басының мұндай күрт қысқаруын ешбір жағдайда мал және ет дайындау науқандарымен немесе республикадан тыс жерлерге қашқандардың айдап кетуіне байланыстыруға болмайды» - деп көрсетеді. Мал басының кемуін мемлекетке ет, астық өткізу науқандарына қатыссыз қылып қарастырғысы келген А. Киселевтің есептеулері бойынша ет дайындау науқаны бойынша соңғы екі жылдағы мал басының кемуі табиғи өсімді есептемегенде 11 миллион 283 мың 900 басты құрайды екен. Ал 1929 жылмен салыстырғанда мал басының кемуі 28 миллион 728 мыңды құрағанын ескерген Киселев 17,5 миллион бас мал «жыртқыштықпен сою, ысырап қылу, тиісті азық базасының дайындалмауынан малдың қырылуынан» болған деп есептейді [267, п.4,5].

Қытаймен шекарадан сыртқа кетушілермен қатар КСРО аумағын еніп жатқан реэмигранттар ағыны да орын алды. 1932 жылдың 10 ақпанында БМСБ шекара күзеті басқармасы және шекара әскері бастығы Ф.Г. Радиннің КАССР халкомкеңесі төрағасының орынбасары И.Б. Майминге жолдаған құпия хатында «соңғы уақытта Жаркент шекара отряды участкесінде Қытайдан келуші реэмигранттардың толқыны күшейіп, онкүндік ішінде 250 адам келгенін» хабарлаған. Ф.Г. Радин көктемге қарай келушілер легі бұдан әрі көбеюі мүмкін екенін көрсетеді. Реэмигранттардың негізгі қайту пункттері Қорғас, Қалжат, Сүмбе және Нарынқол мекендері болған. Осы уақытта Қытай жағында сүзек пен шешек ауруларының ошақтары болғандықтан, реэмигранттармен бірге ауру таралу қаупі туындаған. Ф.Г. Радин Сүмбе мен Нарынқол ауылдарына қарама-қарсы арғы беттегі Көктерек шатқалының шешек пен сүзектің негізгі ошағы

екенін көрсеткен. Шекара басқармасы бастығы реэмигранттар ретінде Кеңестер елі үшін «жақын әлеуметтік топтар» өкілдері өтіп жатқандықтан, қайтушылардың легінен бас тарту мүмкін еместігін айтады. Ф.Г. Радин жұқпалы аурулардан қорғану мақсатында КСРО ХКК мен БОАК-нің 1931 жылдың 9 қыркүйектегі № 671 қаулысына сәйкес Жаркент шекара отряды аумағындағы шекараны мүлде жабуды, реэмигранттарды елге карантин шараларын ұйымдастырып, Қорғас, Қалжат, Сүмбе және Нарынқол пункттері арқылы ғана өткізуді ұсынған. Шекара күзеті басқармасы осы негізде Жаркент, Кеген ауаткомдарына көрсетілген төрт пунктке тиісті үйлері мен монша, дәрілеу камералары және медициналық құрамы бар жедел карантин ұйымдастыруды ұсынады. Қытайдан бері аш-жалаңаш келіп жатқан реэмигранттарды тамақтандыру және керек-жарақпен қамтамасыз ету үшін карантин орындарына азық-түлік пен өнеркәсіп тауарларын жеткізу керек болды. Тиісті денсаулық сақтау ұйымдарына Жаркент және Кеген аудандарына монша, кір жуу отрядтарын жіберуді міндеттеу ұсынылды [268, п.98].

Еңбекшіқазақ ауданында сыртқа кетумен қатар ішкі миграция да өте жоғары деңгейде болғаны деректерден көрінеді. 1932 жылы Балқаш ауданынан Шелек және Еңбекшіқазақ ауданына 1000 шаруашылық қоныс аударылған. Қазөлкекомның VI Пленумында баяндама жасаған Балқаш аудандық бақылау комиссиясы төрағасы Оразбаев «халықтың көшуге ықтияры болмаса да, әкімшілік жолмен қоныс аударылғанын» көрсеткен. 1000 шаруашылықтың көшіру әкімшілік жолмен обком хатшысы Құрамысовтың келісімімен жүзеге асқан [254, б.402]. Архив қорларында Балқаштан Еңбекшіқазақ ауданына жоспарға сәйкес, күштеу арқылы қоныс аударған 1000 шаруашылыққа жататын 1106 адамның тізімі сақталған. «Балқаш ауданынан Еңбекшіқазақ ауданына жоспарлы жіберу бойынша қоныс аударылған шаруашылықтар тізімі» деп аталатын құжатқа сәйкес көшірілгендер Балқаш ауданының №14 ауылынан болған [269, п.1-22]. Балқаш ауданының №14 ауылкеңесі Миялы, Бақбақты ауылдарын қамтыған [270,б.175]. Құжаттың «қоныс аударту бойынша» деген ұғымның пайдаланылуының өзі ауданнан көшушілердің ерікті негізде кетпегенін көрсетеді. Шаруалар тізімінде көшірілушілердің жасы, ұлты, жан саны, әлеуметтік жағдайы, ауылдың нөмірі көрсетілген. Мысалға, жанұяда 5 адамы бар 60 жасар Бурбеков Досболмен бірге 45 жастағы әйелі Қарманжан, 18 жасар ұлы Саржан, 7 жастағы ұлы Жалғас, 10 жастағы қызы Нұрсұлу көшкен [269, п.2]. Тізімдегілердің ең жасы үлкені 75 жастағы Сомрат атты кеуана, одан кейінгі жасы үлкені 72 жастағы Б. Нарболов көрсетілген [269, п.7,9]. 1932 жылдың 14 сәуірінде Еңбекшіқазақ ауаткомы мәжілісінде аудандағы отырықшыландыру шаралары туралы Мұқашевтің баяндамасы бойынша қаулыда Балқаштан көшірілгендер сөз болады. Жаңадан құрылған отырықшыландыру бойынша комиссияға «Балқаш ауданынан қоныс аудару бойынша келіп жатқан 500 шаруашылықты орналастыру тәртібі туралы мәселені ойластыру» тапсырылды [271, п.5]. Еңбекшіқазақ ауданына Балқаш ауданынан күштеп қоныс аударылғандар саны 1000 шаруашылықты құрағаны анық емес. Қолда бар деректер 1106 адамның тізімі екінші деректегі қоныс аударылғандар



саны 500 шаруашылықты құрағаны туралы мәліметтің шындыққа сәйкесетінін көрсетеді.

1932 жылдың басында шекаралық аудандарға қоныс аударған босқындар легі көп мөлшерде болды. 1932 жылдың 18 қаңтардағы Қазақстандағы шекара күзеті және БМСБ ТӨ әскері басқармасының С.Н. Миронов пен С. Я. Вершинин қол қойған ақпарында Лепсі ауданына келіп жатқан босқындар саны 700-1000 шаруашылықты құрайтыны, көшіп келушілердің басым бөлігі кедей-орташалар екені көрсетілді. Ауа көшушілердің бәрі шекара өткелдеріне жақын қоныстанған. Ақпарда босқындардың көпшілігі «қаңғыбасық, сұрамсақтықпен айналысып, қайыршылық жағдайда бір жерден екінші жерге өтіп жүргені» көрсетілді. Көшіп келуші босқындар өз колхоздарын ұйымдастырған мысалдар да болған. Атап айтқанда, Ақсу ауданынан келген 101 адамнан тұратын қоныс аударушылар «Бегалы» колхозын ұйымдастырған [271, п.8].

Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі босқыншылыққа себеп болған Қазақстаннан малды алу жоспары жыл сайын көбейтіліп отырғанын белгілі тарихшы Қ.С.Алдажұмановтың ішінде жабық архив қорлары да бар архивтерден жинақтап есептеген мына кестеден көруге болады:

Жылдар	Барлық мал басы млн бас	Мал тапсыру жоспары (басы)	Нақты төмендегені (басы)
1929	44,7	156,3 мың бас	Мәлімет жоқ
1930	29,6	2 млн. 719 мың	12 млн
1931	8,6	4 млн 900 мың	21 млн
1932	5	3,6 млн	3,7 млн
1933	4,5	Мәлімет жоқ	Мәлімет жоқ
Барлығы		11 млн 356 мың	36 млн 7 мың

Қалған 3,5 млн бас мал сойылып, босқындар әкетіп және түрлі жұқпалы аурулардан жоғалған [273, б.315].

БМСБ ақпарларында аудандарда шаруаларға қатысты түрлі асыра сілтеудің кесірінен материалдық жағдайдың күрт нашарлауы мен аштық белгілерінің тууы босқыншылыққа себеп болғанын ауа көшушілердің өздері көрсеткені айтылады. Алайда, БМСБ басшылығы «ауа көшудің шын себебін» аштық туралы сыбысты таратқан байлардың арандатуынан көрді. Лепсі ауданына келіп жатқан көшушілердің мақсаты шекарадан өту екені көрсетілді. Қалыптасқан жағдайда БМСБ тарапынан Қытайға қашудың алдын алу үшін ауа көшушілердің арасына ыдырататын жұмыстар атқарылып, ауа көшу қозғалысының ұйымдастырушылары мен жетекшілерін анықтап, оларға қатысты материалдарды жинап БМСБ ТӨ үштігіне қарауға беруге дайындалып жатқаны,

ауа көшүшілердің шекараның ар жағындағы бай контрреволюциясымен байланысы бар-жоғы қарастырылып жатқаны баяндалды [272, п.9].

БМСБ органдарының босқыншылық құбылысының себептеріне байланысты ұстанымы жеке талдауға лайық. Бұл мәселеде КСРО империясының жоғары саяси және партиялық басшылығы, күштік құрылымдары, бір-бірінен өзгеше, дербес ұстанымда болмағаны анық. Л. Мирзоян келгеннен кейін Ф. Голощекин бастаған Қазөлкекомның бұрынғы басшылығының қызметін саралаған БК(б)П Қазөлкекомның VI Пленумында БМСБ органдарының Қазақстан аймақтарындағы апат көріністері туралы тек хабарлама жасаумен шектелгені айтылды. Қазөлкеком хатшысы С. Голюдев БМСБ өкілі ретінде бюро мүшесі В.А. Каруцкийді «өз бағыты бойынша хабарлап отырғаны, партия Өлкекомына көптеген материалдар бергені рас» екенін мойындады. Алайда, С. Голюдев В.А. Каруцкиді оның Өлкеком бюросы мүшесі ретінде тек материалдар беріп қана шектеліп, жағдайды сараптап, Қазөлкеком алдында шешуге тиісті мәселелер қоймағаны үшін айыптады [254, б.248]. Осы Пленум барысында сөз алған В.А. Каруцкий өзінің 1929-1931 жылдар аралығында Ташкентте жұмыс істегенін көрсете отырып, Қазақстанда істеген бір жарым жылдардағы Қазөлкеком тарапынан жіберілген қателіктерге өзінің де ортақ екенін атап өтті [254, б.343]. В. А. Каруцкий жаппай босқыншылықтың себебі туралы: «Мен малдарды сою, жою және ауа көшудің негізгі себебі, ұжымдастырудағы қателіктер деп ойлаймын. Дегенмен, мен байлардың малды жою мен ауа көшуді ұйымдастырудағы ролі мардымсыз деген пікір тумауы керектігін ескерткім келеді... Байлардың рөлін кемітіп бағалауға болмайды.»-деп нықтады [254, б. 346-347]. Көріп отырғанымыздай, БМСБ органдары мен партиялық басшылықтың босқыншылықты туғызған себептер туралы ұстанымы бір-бірінен онша алшақ болған жоқ.

1932 жылдың 20 желтоқсанында БМСБ арнайы ақпарында Кеген ауданындағы Сарыжаз комендатурасы аумағында «Еңбекші» колхозы белсенділері колхоз төрағасы Өскембаев, бұрынғы төраға Түркембай Байғазиев, колхоз басқарма мүшесі Бірімқұлов астық дайындау жоспарын орындамаудан жауапкершіліктен қорқып, қашпақ болғанын мойындаған [274, п.216].

1933 жылдың 7 тамызындағы КАССР ХКК төрағасына БМСБ берген арнайы ақпарада босқындарға қатысты Қараталда орын алған қасірет баяндалған. Қаратал ауданына қайта оралып, колхоздарға кірген босқындар саны 5176 адамды құраған. 1933 жылдың 1 қаңтарына қарай аштық, тұрғын мекен жай мен киімнің жоқтығы, санитарлық-медициналық көмектің берілмеуі салдарынан келушілердің 3159 адам ауырып, оның 2787-сі өлген. Мәлімет жолданған тамыз айында аурулар саны 422 адамды құрап, 250 адам қайтадан көшіп кеткен. БМСБ-нің Қазақстандағы тұрақты өкілі В. А. Каруцкий жолдаған осы ақпарда қазірге аман қалған 2430 адамның қырылу немесе көшіп кету қаупі алдында тұрғанын көрсеткен. Қаратал ауданындағы мүшкіл халдегі 1540 шаруашылықтың 545 шаруашылықтың ғана қыстауы бар, қалғандары ашық аспан астында немесе жапа тігіп жатқан [275, п.172].

Қарқара ауданында Түзкөл ауылында ауылкеңес хатшысы және басқа да жауапты қызметтер атқарып жүріп, ет-астық дайындау науқандарынан қашып, Қытайға өтіп кеткен өңірге танымал ақын Көдек Байшығанұлының өлеңінде: «Ет пен сүт салығынан шошыған жұрт, Қарасу кешіп жерден ауған едің. Жазықсыз «халық жауы» атанған соң, Мекенін тастап шықты аумағы елдің. Білмеймін жайы қалай болып жатыр, Паналап Іле жаққа барған елдің» - деген жолдарда ақынның өз заманының шындығы суреттелген [276, б. 94].

Аграрлық тарих маманы Ж. Абылхожин бастаған ғалымдар ұжымы әзірлеген монографияда: «Осылайша, билік «екі соққыны» бірдей жасады: өмір сүруге керекті құралдарынан айыра отырып, шаруаның өмір сүруінің моральді-экономикалық құқынан айырды. Бұл жағдайда олар мемлекеттің әрекетін моральден тыс, құқыққа қарсы деп танып, оған ашық қарсы шығуға «моральдік құқ» алды... Биліктің саясатын қабыл етпедің әлсіз көрінісі мал шаруашылығымен айналысатын қожалықтардың жаппай ауа көшің түрінде болып, шаруалар аудандар мен округтер немесе көрші Одақ республикалары аумағына ғана емес, КСРО шекарасынан тыс жердерге (басым көпшілік Батыс Қытай, Монғолия және т.б. қоныс аударды.» - деген түйін жасалады [277, б. 245].

## **2.2 Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі қарулы босқыншылық – шаруалардың қарсыласу формасы**

1928 жылғы ірі байларды тәркілеу қарсаңы мен барысында Батыс Қытаймен КСРО шекарасын қарулы топтар күшімен бұзу көріністері көріне бастады. 1929 жылдың 14 сәуірінде Басқұншы заставасына шекараның арғы бетінде тұратын, Жаркент ауданынан өтіп барған, Патша билігі тұсында болыс болған, бұл кезде Қытай тарапынан жергілікті билеуші болып тұрған Мұқа Әжібеков Тышқан арқылы Кегембеков Мұхұйдин мен Жұмабеков Әбдіқадырды жіберген. 1928 жылы, соңғысы 1925 жылы Қытайға өтіп кеткен аталған адамдар үш линиялы орыс карабині мен 14 оқ, оқтаулы Лифпше жүйесіндегі револьвермен қаруланған. 16 сәуір күні Басқұншы заставасы маңынан шекарадан өткен бұл екеуі осының алдында Мұқа Әжібеков жіберген 8 адамнан тұратын қарулы топқа қосылу мақсатында келген. Қарулы топтың Қытайдан келуіне Мұқа Әжібековтың КСРО территориясында қалған інісі Бексұлтан Әжібеков және Тоқсоба Дайырбеков, Рахат Срапилдер және оның Мұқансейіт Асхатов арқылы хат жіберуі себеп болған [278, п.5].

1929 жылдың 20 мамыры күні Жаркент қаласында БМСБ Жаркент шекара отряды құпия-жедел бөлімі уәкілі Шаховтың қаулысында Кегембеков Мұхұйдин, Жұмабеков Әбдіқожа «Тышқан, Сарыбел аулының байлары Бексұлтан Әжібеков, Шоқпыт Ілеминов, Ілияс Тайымбеков, Срапил Рахатов, Максұт Стамбеков және Тоқсоба Дайырбековтарды көшіріп әкету кету мақсатында Қытайдағы болыс Мұқа Әжібековтың жіберуімен 8 адамнан тұратын қарулы топ болып келген» көрсетілді. Тергеу материалдарына сәйкес, Кегембеков пен Жұмабеков Айт Аторбеков арқылы қарулы топтың Шыжым ауылының тұрғыны Омарбек Құсықпабевтың ауылына келген хабарын білген.

Омарбек Құсықбаев 1929 жылдың наурыз-сәуір айларында жасырын түрде Қытайға Мұқа Әжібековке барып, біршама уақыт қонақ болып қайтқан. Босқындарды көшіріп әкетуге келген қарулы топ құрамында Мақсұт Стамбековтың ұлы Жадайбек Мақсұтов та болған. Көшіп кету ниетінде болған Ілияс Тайымбеков сәуір айында жеңіл көшіп кетуді ұйымдастыру мақсатында бауыры Жұмабек Тайымбеков екеуі Мұқа Әжібековке 50 қой, 250 сом ақша жіберген. Жұмабек Тайымбеков Қытайдан мал ұрлау мақсатында келген Дүйсембек Тайымбековке пана болған. Ал Рай Бұқабаев есімді қазақ ақ атаман Сидоров Жаркентте болған кезде оның құрамындағы Алаш отрядының бұрынғы командирі болған Мұқа Әжібековтің көмекшісі болған. Рай Бұқабаев Қытайдағы Мұқа Әжібековтың қарамағына көшіп кетуге үгіттегенде, таяу арада байларды тәркілеу жүргізілетіні, комиссарлардың пайдасына салық салу үдейтінін айтқан. Р. Бұқабаев өзінің ұлы Қошқарбай Раев арқылы Мұқа Әжібековпен жасырын түрде байланысып тұрған. Жаркент шекара отряды уәкілі Шаховтың қаулысымен Октябрь ауданы Сатай ауылының тұрғыны, сауаты аз, орташа, 47 жастағы Айт Аторбеков байлардың Қытайға көшуін ұйымдастырғаны үшін және 14, 17 сәуір күндері Мұқа Әжібеков қарулы тобына көмектескені үшін Қылмыстық кодекстің 58-3, 16, 59-2 баптар бойынша, Сарыбел ауылының тұрғыны, дикан, сауаты бар, 40 жастағы Ілияс Тайымбеков Қытайға көшіп кету ниетімен Мұқа Әжібековке 50 қой, 250 сом жібергені үшін, Мұқамен Дүйсембек Тайымбеков арқылы байланыста болғаны үшін Қылмыстық кодекстің 58-3, 16, 59-4 бойынша, Жангелдин ауылының тұрғыны, малшы, сауаты жоқ, 55 жастағы Рай Бұқабаев Қытайға көшіп кету ниеті үшін, өзінің ұлы Рай Қошқарбаев арқылы Мұқа Әжібековпен байланыста болғаны үшін және атаман Сидоровтың отряды құрамында кеңеске қарсы үгіт-насихат жүргізіп, белсенді әрекет еткені үшін Қылмыстық кодекстің 58-3, 16-11, 16 және 58-10 баптарына сәйкес, байдың баласы, малшы 22 жасар Қошқарбай Раев шекараны заңсыз бұзып өткені үшін, Мұқа Әжібековпен байланыста болғаны үшін Қылмыстық кодекстің 58-3 және 84 баптары бойынша, дикан, кедей, мұсылманша сауаты бар 71 жастағы Омарбек Құсықбаев Мұқа Әжібеков қарулы тобын паналатқаны үшін, Мұқамен байланысып заңсыз жолмен оған барып қайтқаны үшін Қылмыстық кодекстің 58-3, 59-4 баптарына сәйкес айыпталушы ретінде жауапқа тартылып, Жаркент түзеу үйіне қамалған [278, п.1].

1928 жылдың көктемінде Октябрь ауданы Сарыбел ауылының тұрғындары Ибрайым мен Райымбек Бекқұлиевтер, Рысқұл Байзақов, Тілеужан Сайлыбаев, Сұлтанғазы Дәуітбеков Ибрайым Бекқұлиевтің үйінде жиналып, Қытайға көшіп кету жөнінде жиын өткізген. Қытайда лауазымды қызметтегі Мұқа Әжібековпен осы мәселені талқылап, қарулы көмек сұрау мақсатында Рысқұл Байзақов, Бекқұлиев Ибраим, Сайлыбаев Тілеужандар Басқұншы заставасы арқылы заңсыз өтіп, барып келген. Осы кезде Сұлтанғазы Дәуітбеков, Ыстамқұл Қалыбековтер Дәуітбек Тінеккевті Қытайға өткізіп жіберген. Ыбрайым Бекқұлиев Мұқа Әжібековпен бірнеше жылдар бойы байланыста болып келген. Көрсетілген жәйт 1929 жылдың 14 шілдедегі тергеу кезінде анықталып, аталған шаруалар қылмыстық жауапкершілікке тартылған [278, п.2].

1929 жылдың 16 тамызында жасалған айыптау қорытындысы бойынша Кегембеков Мұхуйдин бастаған 19 адамға айып тағылған. Айыпталуышардың 16-сы Жаркент түзеу үйінде ұсталып, 3-нен ешқайда кетпеу туралы қолхат алынған. БМСБ тұрақты өкілдігі коллегиясының 1930 жылдың 18 қаңтардағы үкімімен Срапил Рахатов бастаған 11 адам алды 10 жыл концлагерге, арты 3 жылға Солтүстік өлкеге жера аудару жазасына кесілген [278, п.38]. Ал 1930 жылдың 13 ақпанында БМСБ ТӨ 11 ақпандағы телеграф арқылы жолдаған үкіміне сәйкес құрамына Кегембаев Мұхидин, Жұмабеков Әбдіқожа, Әжібеков Бексұлтан, Бекқұлиев Ибрайым, Байзақов Рысқұл, Бұқабаев Рай, Отарбеков Айт атылды. БМСБ коллегиясы ату жазасына кескен Құсықбаев Омарбек 1929 жылдың 28 қыркүйегінде Жаркент түрмесінде қайтыс болған [278, п.40]. Тергеу материалдарында Бексұлтан Әжібековтің 160 қойы, 4 аты, 4 сиыры бар екені көрсетілген.

1929 жылдың 30 қарашасында Зайсан ауданына қарасты № 1 ауыл 60 адамнан тұратын қарулы топтың көмегімен 58 түтін Қытайға өтіп кеткен. БМСБ Семей округтік секторы бастығы С.А. Бак жүргізген тергеу арқылы № 1 ауыл Зайсан ауатакомы төрағасының орынбасары Ықыласов, астық дайындау бойынша уәкіл Қитанов және ауылкеңес төрағасы Садықов ауылдарды аралап, елді ауа көшуге үгіттеген. Ауқатты шаруаларға шекара отрядының құпия тыңшыларының тізімін жасауды сұраған Ықыласов ондай тыңшылардың 19 адамнан тұратын тізімі бар екенін айтқан. Ауа көшушілікті ұйымдастыру айыбымен көрсетілген қызметкерлер тұтқындалған [122, б.22].

Шекара отряды мәліметтерінде 1929 жылдың қараша айынан бастап Қытайдан КСРО шекарасын Зайсан шекара отряды қарайтын аумақта бұзып өтіп, босқындар көшін алып кетумен айналысқан қарулы топтардың тізбесі берілген. 1929 жылдың 30 қарашасында Қытайдың Алтай округінің Ха-Ба-Хе уезінен Зайсан ауданының 1-ауылына 30 адамдық қарулы топты бұрынғы КСРО азаматы Нұрғали Мұқабаев бастап келген. Қарулы топ 7 кедей шаруаны соққыға жығып, біреуін байланған күйі шекараға қалдырып, 65 қазақ шаруашылығын мал-мүлкімен Қытай тараптың Пай-Джан бекеті арқылы шекарадан алып өткен. Осы жылдың желтоқсан айының басында Торғауыт княздығы Қобуқ өзені аңғары арқылы шекара күзетіне Қобуқтың тұрғыны Мұқан Мәсәлімов бастаған қарулы топ шабуыл жасаған. М. Мәсәлімов тобы өздерімен бірге 40 жанұяны мал-мүлкімен алып кеткен. Мәлеметте, сондай-ақ, М. Мәсәлімовтың бұрын да Кергентас асуы маңында кеңестік шекара отрядтарына шабуыл жасағаны, 1929 жылдың шілде-тамыз айларында өз малын қарулы күзетпен кеңес территориясында бағып келгені айтылған. Мұқан Мәсәлімов тобы кейінірек 1930 жылдың 10 ақпанында Қобуқ алқабынан Тарбағатай ауданына Шаған-Або асуы арқылы келіп 100 шаруашылықты мал-мүлкімен алып кеткен.

1930 жылдың қаңтар айында Сауыр таулары арқылы БМСБ құпия ақпарларында «Қытайдағы қазақ ханзадасы» аталған Аленнің басқаруындағы аймақтан келген қарулы топ Зайсан ауданының 3 ауылкеңесіне шабуыл жасап, Қытайға 128 шаруашылыққа біріккен 582 адамды 4421 бас малымен алып кеткен. Ален Жинисханов басқаратын аймақтан Сауыр тауы арқылы 1930 жылдың 17

ақпанында өтіп келген тағы бір топ Зайсан ауданының 4 ауылының 93 шаруашылығын Қытайға өткізіп, жергілікті ауылкеңес өкілдерін байлап тастап кеткен. 24 ақпанда Сауыр тауы арқылы өтіп келген Ален Жипысканов (Есімі басқа құжаттарда Ален Жининисханович Кугедеев деп те беріледі. Абақ-керей руының басқарушысы, Қытай республикасының 3-дәрежелі князы (бейлэ) [110, б.8] басқаратын өңірге тән тағы бір қарулы топ Зайсан ауданының 3 ауылына шабуыл жасап, 60 шаруашылықты кеңестік территория саналатын Ақкезең тауына бекініп, 27 ақпанға дейін осында болып, кеңестік шаруашылықтарды тонаумен айналысқан. Мұның алдында 20 ақпанда Ақкезең арқылы бір қарулы топ 160 шаруашылықты мал-мүлкімен алып өтіп кеткен болатын.

Қытайдың Тарбағатай округінің Дөрбілжін уезіне қарасты Таңғыт үкірдайлығынан келген тағы бір қарулы топ 1930 жылдың 16-28 қаңтар аралығында Зайсан ауданына өтіп, 80-нен астам шаруашылықты мал-мүлкімен шекарадан өткізіп кеткен. Осы жылдың 14 наурызында Таңғыт үкірдайлығынан қарумен келген отряд Тарбағатай ауданның № 5 ауылкеңесіне қарайтын 60 жанұяны мал-мүлкімен, ауылға Семейден келген уәкіл Сыдықовпен бірге Қытайға өткізіп кеткен. Келесі күні қарулы босқындар Сыдықовты Күзеуін шекара заставасына әкеліп тастаған. Жауап алынған Сыдықов өзін қарулы топ тонап, ұрып-соққанын айтқан.

Зайсан шекара отряды мәліметтерінің ішінде Қытайдан өтіп келген ең көп санды қарулы топ ретінде 100 адаммен келген Қытай азаматы Қоңырқажы Мәжитов отряды көрсетілген. Қарулы топ Кергентас және Баймырза асулары арқылы бөлініп өтіп, сан жағынан басымдығын пайдаланып, кеңестік шекарашыларды тықсырған. Жолында қарсы кедергі көрмеген топпен бірге 97 шаруашылық мал-мүлкімен шекарадан өткен. 1930 жылдың 11 ақпанында Алқабек өзені бойындағы Пай-Джан бекеті арқылы Луговой поселкесіне шабуыл жасаған қарулы топпен қақтығыс кезінде бір босқын жараланып, 4 ат оққа ұшқан. Қарулы топ 30 қазақ жанұясын Қытайға алып өткен [111, б.24-28]. Қазақстанның шығыс бөлігіндегі Қытаймен шекаралас Үржар, Зайсан, Мақаншы, Қатонқарағай, Тарбағатай, Күршім аудандарында босқындардың мөлшері 1930 жылға қарай күрт көбейіп, шекараға етене жатқан елді мекендер бос қалды. Зайсан ауданынан осы жылы Қытайға аудан халқының 3/1 бөлігі, 1238 отбасы босып кеткен [58, б.38]

№ 50 шекара отряды мәліметінде 1930 жылдың 15 наурызына дейін қарулы топтар Қытайға өткізіп әкеткен шаруашылықтар мен мал саны Қытай шекаралық бекеттеріне бөліп көрсетілген. Осы арқылы мәлімет берушілер Қытайдың шекаралық құрылымдарының қарулы босқыншылықты ұйымдастыруға қатысы бар екенін көрсеткісі келген. Атап айтқанда, Лент-Тя-У даоны (дарын) заставасы мен оған бағынышты Пай-Джан бекеті бастығы учаскесі арқылы Қытайға 360 жанұя 8600 малмен өткен. Сауыр тауларындағы Ален Жипыскановқа қарасты Дзимунай заставасы арқылы 1260 қазақ отбасы 18400 бас малымен өткізілген. Қобуқ алқабындағы Торғауыт княздығы арқылы 240 шаруашылық 6000 бас малымен шекара асқан. Тарбағатай округі Дүрбілжін уезі шекара аумағының Таңғыт укурдайлығына 600 жанұя 142000 бас малымен әкетілген [111, б.28].

Шекаралық отрядтың мәліметінде қарулы босқыншылық бойынша көзге түскен, Қытай жерінде тұрып жатқан адамдардың тізімі берілген. Мұнда Қытайдың Алтай округі Ха-Ба-Хе шекара уезі бойынша 29 адам, Алтай округі Зимунай шекара уезіндегі Сауырдағы Ален Жипискановтың иелігіндегі княздығы бойынша 48 адам, Қобұқ өзені алқабындағы Торғауыт княздығы бойынша 18 адам тізімделген. № 50 Шекара отряды мәліметінің соңында әлі толықтырылуы мүмкін екенін көрсеткен тізімдегі 95 адамды ұстап беру туралы талаптар Қытай өкімет орындары тарапынан қабылданбай тұрғаны көрсетілген. Қытай өкілдері жауаптарында шекара бұзып қашып өткендердің қайда екенін анықтау мүмкін болмағанын желеу еткен. Шекара қызметі Қытай тарапының бұл әрекетін қарулы босқындардың қылмысына ортақ болу деп қабылдаған. Шекара мәліметінде Пай-Джанг және Лен-Тя- У дариндері қашып өткен қазақтардан оларды Кеңес тарабына ұстап бермегендері үшін мал түрінде алым алып отырғаны баяндалады. Дзимунай уезі бастығы қарулы топтарды кері өткізіп беруден олардың және олармен өткен жанұялардың Қытайдың азаматтығын алуына байланысты бас тартқан. Ал князь Ален Жипысканов болса, кеңестік шекара қызметінің босқындарды өткізу туралы талабын, өтіп келгендердің өзінің туыстары болғандықтан, орындамайтынын мәлімдеген. Шекаралық Дүрбілжің уезі аумағындағы жергілікті билік орындарынан қашқындарды қайтаруды талап ету, олардың өздерінің қарулы топтар құрамында болғанына байланысты мүлде мүмкін болмаған. Біз талдап отырған № 50 Шекара отряды мәліметінде қарулы топтардың қолдауымен шекара асқан босқындар «банды», «қарақшылар тобыры» ретінде сипатталған. Құжаттың мазмұнында жүздеген шаруашылықтар қарулы топтардың күш қолдануымен көшіп кетуге мәжбүр болғандай көрсетілген. Мәліметте босқындардың шекаралық бейбіт халыққа шабуыл жасалғаны туралы жалпы айтылғанымен, өртелген мүлік, өлтірілгендер туралы деректер келтірілмейді. Ал босқыншылықтың ауқымына кеңестік жергілікті биліктің ауыл-шаруашылық өзгерістері, алымдар мен салықтар, ұжымдастыру туралы мүлде айтылмайды [111, б.28-30]. БМСБ органдары үшін шекара арқылы контрабандамен айналысушылар «елдің қаржылық жағдайын тұрақсыздандыруға алып келетін», «шетелдік арнайы қызметтер үшін тыңшылықтың толыққанды базасы» болып саналды [36, б.85].

Шекара маңындағы Қарқара ауданы жауапты партия қызметкері, аудандық партия комитеті хатшысы Өтелбаев өзінің 1930 жылы 18 наурызда жоғарғы партия ұйымына жолдаған № 44/сс қатынас хатында колхоздастыру науқаны жүргізілуіне орай байлардың шетелге кетіп жатқан фактілерін баяндаған. Өтелбаев көрсеткен мәліметтерде 1929 жылдың 20 желтоқсаны мен 1930 жылдың 1 наурызы аралығында 39 шаруашылық Қытай шекарасынан өтіп кеткен [279, п.91]. Босқындар 22 бай, 15 орташа, 2 кедей шаруашылықтар ретінде сипатталған. Қашқындарды қуу кезінде 33 жылқы, 31 сиыр, 269 қой-ешкі тартып алынған. Қытайға қашатындарға қарсы 25 адамнан тұратын коммунистік отряд құрылған. Қарқара ауданына танымал Жақыпберді Сұлтанбеков комотряд шабуылын тойтарып, жанұясын қалдырып, өзі Қытайға өтіп кеткен. 1930 жылдың 4 мамырында тау аңғарында Ж. Сұлтанбековтың туыстарымен

комотряд арасында қарулы қақтығыс орын алған. Қақтығыс кезінде комотряд сапынан Нұрсапа Нұрғалиев қаза табады. Бұған қоса 2 атқа оқ тиеді. Осы сарындас Ұлтарақовтар жанұясының Қытайға қашып өтуі кезінде шекара отрядынан 1 сарбаз қаза табады. Ұлтарақовтармен бірге Қытайға өтіп кеткен 230 шаруашылық шекара отрядының Қытай шекара отрядымен келіссөздері нәтижесінде кері қайтарылып, бұрынғы мекендеріне жіберілген. Шаруашылықтарды Қытайға өткізіп әкетуді ұйымдастырған 8 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылған [279, п.91]. Осы Қарқара ауданы бойынша Қазөлкекомға 17 қараша 1930 жылы жолданған ақпаратта «партия мен үкіметтің ауқымды шараларын іске асыруға байланысты» Қарқара, Еңбекшіқазақ және Жаркент ауданында бай және олардың «ықпалына түскен» орташалардың Қытайға қашуы орын алғаны баяндалады. Жетіп жатқан мәліметтерге қарағанда, байлар бұдан бұрын да көшуді ұйымдастырып, жергілікті өкімет орындарымен қарулы қақтығысқа түскен. Бірнеше бай шаруашылығы қолға түсіп, 2 адам сотталған. Қашуға бейім шаруашылықтар әлі де бар екені хабарланды. Жекелеген шекаралық ауылдарда қашушылар тарапынан ауылкеңес төрағаларына қарсы террорлық актілер ұйымдастырылған. Бұл жағдайлар аудандағы уәкілдердің қорқынышын оятқан. Қарқара ауданында 13 500 шаруашылық болса, аудандағы милиционерлер саны 6 ғана. Ауылдарда еріктілер отрядтары құрылғанымен, оларда қару-жарақтың жетіспеушілігі баяндалып, осы мақсатта ауданға 30 винтовка және 10 наган тиісті оқ-дәрілерімен жіберілуі сұралған [280, б. 576-577].

Қытай өкіметінің босқындарды кері қайтару фактілерін қуаттайтын деректер кездеседі БМСБ ТӨ-нің Москваға жолдаған кулактарды тап ретінде жою бойынша нақты шаралардың барысы туралы 1930 жылдың 28 ақпандағы № 3 арнайы ақпарында: «17 ақпанда Қытай өкіметі тарапынан 23 жанұя байлар қайтарылды. 19 ақпанда Нарынқол учаскесінде 12 еркек, 41 әйел балаларымен берілді. 20 ақпанда 30 адам берілді. Адамдармен бірге 33 бас жылқы, 58 бас мүйізді ірі қара, 390 бас қой қайтарылды. Қытайлар өз өкіметтерінің бұйрығына сілтеп, қаруды қайтармайды. Босқындар Қытайлар бергенге дейін тонауға ұшыраған» - делінген [258, б.227]. 1930 жылдың 1 ақпан - 10 наурыз аралығындағы БМСБ ақпарында Қытай өкімет орындарының Қазақстаннан қашқан шаруаларды 4 мәрте кері қайтарғаны айтылады. Жалпы саны 1344 адамы бар 314 жанұя Қытайдан қайтарылған. Қайтарылған босқындардың 35 жанұясы – байлар, 156 жанұя – орташалар, 158 жанұя – кедейлер болған. Осы көрсетілген уақытта шекарашылар мен босқындар арасында 16 әскери қақтығыс орын алып, көтерілісшілер тарапынан 44 адам қаза болып, 4-і жараланған. Босқындардан жалпы саны 25598 ірі қара тартып алынған. Қарулы босқын топтарымен шайқасқан шекара әскерінен 3 адам өліп, 1 жараланған. 5 ат жараланып, 3 винтовка жоғалған [282, п.59].

1930 жылдың қазан айының алғашқы күндерінде босқындардың кеңестік шекарашылардың қолынан қырғын табу оқиғасы Қаратал ауданында да орын алды. Күздің алғашқы қары түсісімен қазақтар мен дүнгендерден Қаратал, Малайсары және Октябрь шекаралық аудандарынан құралған 40-қа жуық жанұя



Қытайға өтуге бел буған. Шыңжаңға Іле аңғары арқылы өтпек болған босқындар көшіне Текелі қаласынан бастап өкшелеп қуған шекарашылар отряды оқ боратады. Босқындардан 9 отбасы ғана құтылып, біразы оққа ұшып, тағы бір бөлігі тұтқынға түскен. Аман құтылғандардың арасында Сейдахмет Мұхамедшиннің туыстары болған. Бірнеше әйелдер мен қыз зорланған. Босқындарды қырған шекара отрядын саяси жетекші Уласюк басқарған. Шекарашылар отряды 14 адамнан тұрған. Олардың 5-і Талдықорғаннан комотрядтан келгендер болған. Шаруалардың босуына Медетов және Жанкиев атты ауылкеңес қызметкерлерінің астық дайындау жоспары бойынша тапсырмаларды әділетсіз бөлуі себеп болған. Қаратал аудандық БМСБ уәкілі Разумовский Текелі маңында болған босқындардың шекарадан өту оқиғасы кезінде 12 қазан күні Жанкиев Базар (ауылкеңес мүшесі, астық дайындау бойынша уәкіл), Медетов Қалдыбай (ауылкеңес мүшесі, астық дайындау бойынша уәкіл), Жұматай Демесінов, Күмболат Ысқақовтар кері оралғанын хабарлаған [283, п. 53, 53 (а)]. Қаратал аудандық БМСБ мәліметтеріне сай, босқындар тарапынан ешқандай қарсылық болмаған. Өлтірілгендердің арасында кедейлер көп болған. Өлтірілгендің мүрделері мен тірі қалғандар тоналып, бірнеше қыздар мен әйелдер зорланған. Үш ай бойына қанды оқиға Қаратал және Талдықорған аудандық БМСБ органдары тарапынан тергелмей жатқан. Одан кейін жүргізілген тергеу барысында БМСБ жүйесіндегі екі аудандағы уәкілдер өзара қарама-қарсы позиция ұстанады. Қаратал ауданындағы БМСБ уәкілі Разумовский істің егжей-тегжейін тергеп, іс материалдарын Талдықорған ауданындағы БМСБ уәкілі Зацепаға жібереді. Зацепа Разумовскийдің Қаратал ауатком төрағасы Айтхожиннің алдына саяси капитал жинау мақсатында іс мәнісін дұрыс тергемей, «чекістік жұмыстарды түсінбейтін» Исмағұловқа тапсырған деп санайды. Өз тарапынан Зацепа «отряд қолдарына қару ұстап, шекарадан өтіп бара жатқан топты жойғаны өте дұрыс болғанын» негіздеген [283, п. 54 (а)]. Қараталдағы қанды оқиғаны кейінірек қайта тергеген жұмысшы-шаруа инспекциясы бақылау комиссиясы БМСБ тарапынан бір-біріне кереғар мәліметтер берілгенін көрсеткен. Тергеу барысында босқындарға қатысты басқа да мәліметтер жарыққа шыққан. 1930 жылдың қыркүйек айының аяғында босқындармен болған атысқа ұласқан қақтығыста милиция бастығы Күнқожинов қашушылардың 60 жылқы тартып алғаны анықталды [283, п. 55]. Жұмысшы-шаруа инспекциясы өкілі Панчехиннің баяндамасында өлтірілгендер саны 18 адам, оның үшеуі бала, 4-і әйелдер болғаны, өлтірілген әйелдер мен қыздың алдын ала зорланғаны, босқындардың бәрі тоналғаны анықталды. Босқындар қолдарында 3 мылтық, 1 қылыш бола тұра ешқандай қарсылық көрсетпеген. Көшіп бара жатқан шаруалардың әлеуметтік жағынан 8-орташа, қалғандары кедейлер болған. Босқындарды 5 шекарашы, 2 комотряд мүшесінен құралған топ атқан [283, п. 54]. БК(б)П Қазөлкеком секретариаты Қаратал қырғыны туралы мәселені 1931 жылдың 11 сәуірде қарап, өлкелік бақылау комиссиясына «жедел тергеп, партиялық линияны бұрмалаушыларды жауапқа тартуды» сұрады [283, п. 56]. Босқындардың өліміне қатысты бұл жағдайды зерттеген американдық тарихшы С. Камерон оқиғаны «Қаратал қырғыны» деп атаған [82, б. 140].

Кеңестік шекарашылардың босқындарды қуып, Қытай шекарасын бұзуы жиі орын алған. Босқындарға қарсы кеңестік шекарашылардың қарулы күш қолдану фактілері дипломатиялық арналарда жиі талқылана бастаған. БМСБ шекара әскері босып бара жатқан шаруаларды тоқтатып қана қоймай, оларды Қытай территориясына қуып кіріп, қару қолданып шабуылдап отырды. Құлжадағы кеңестік консул П.И. Колосовтың Қытай өкімет орындарының кеңестік шекара әскерлердің шекара бұзу фактілеріне наразы болып отырғанын жеткізген. Орын алған бұл жағдайлар өз кезегінде Қытай әкімшілігімен қарым-қатынасты шиеленістірген. Іле Син-Чжен-чжаны қызметіндегі Ван-Чжи-Цзо 1930 жылдың қазан-желтоқсан айларында Құлжадағы кеңестік консул Колосовқа үш мәрте арнайы хат жолдаған. 1930 жылдың 19 қазанынан бұрын емес Іле Син-Чжэн-Чжанының Құлжадағы КСРО консулы Колосовқа жазған ресми хатында 13-атты әскер полкінің командирі Пан-Цидің Қарабұлақ шекара бекетінің Лянцзун жүздігі бастығы Ба-Ланың жеткізген мәліметіне сүйеніп, шекарада болған оқиғаны баяндаған. 1930 жылдың 18 қазан күні Қытай шекарашылары Гэдэншань тау асуы арқылы қызыләскерлердің 200-300 адамдық қазақтар көшін қуалап, Қытай территориясына 15 шақырымға (20-30 ли) ішкерілеп енгенін бақылаған. Қуғыншыларды байқаған босқындар жан-жаққа шашырап қашқан. Қызыл әскерлер олардың біршама дүние-мүлкі мен малдарын тонаған. Шекара ауданында тұратын монғолдар қорыққаннан киіз үйлерін тастап қашуға мәжбүр болған. Кеңестік қуғыншылар отряды кеткеннен кейін қытай шекарашылары шабуыл орнынан қанды қырғынның ізін байқаған. 10-нан астам қазақ босқындары Қытай жерінде, Гэдэншань асуында өлтірілген. Бет алған бағыттарында шашырап қашқан қазақ босқын әйел-еркектер 100 адамдай болған. Олардың 61 аты, 2 ескі үлгідегі, 1 аңшы мылтығы болған. Қытай шекара әскері кеңестік шекара заставасы бастығына баяндалған жағдайға байланысты түсініктеме беруді сұрағанда, ол қызыләскерлердің Қытай аумағына енгенін мойындамай, өздері өлтірген 10 адамның мәйітін қабылдап алудан бас тартқан [117, б.104-105]. Қытай Син-Чжэн-Чжанының қызметін атқарған Ван-Чжи-Цзоны аталған оқиғаның гуманистік жағы емес, «шекарадағы тыныштықты бұзу» мен «мемлекеттік шекараның бұзылуы» көбірек толғантқаны дипломатиялық хат мазмұнынан көрінеді.

Осы жылдың желтоқсан айының 2-сі күні қытай шекара әскерлерінің Қорғас эскадронының командирі Чжоу-Цин-Е ішінде балалар мен әйелдер де бар тағы 50-ден астам қазақтардың мәйітін тапқан. Олардың біршамасы оқты қарумен, біршамасы қылышпен өлтірілген. Қытай тарапы бұл қылмысқа қызыләскерлерді кінәлі деп санаған. Қытайлық әскер командирі оқиға болған маңайдағы тұрғындарға мәйіттерді жерлеуді тапсырған. Шекара әскери бөлімі бастығы оқиға туралы 7 желтоқсан күні Іле округі көшпенділерді басқару жөніндегі арнайы уәкіл Чжанға баянхат түрінде баяндаған. Қытайдың Іледегі Син-Чжэн-Чжаны бұл туралы КСРО-ның Құлжадағы консулын хабардар еткен [117, б.106].

Іле Син-Чжен-Чжанының үшінші рет 1930 жылдың соңғы күні П.И. Колосовқа жолдаған хаты қатаң формада жазылған. Хатта: «КСРО-мен тікелей шектесетін қытай аумағына кеңестік қазақтардың өтуі жиі байқалып отыр.

Үкімет төрағасы ретінде менің тарапымнан Синьцзян-Кеңес достығы мен шекарадағы тыныштықты сақтау үшін өз уақытында провинцияның шекара өкімет орындарына барлық босқындарды біреуінің де Қытай аумағында қалуына рұқсат бермей шығарып жіберуге қатаң тапсырма берілген болатын. Өз тарапымнан бұл тапсырма туралы кеңес жағы білетініне сенімді болдым.» - деп көрсетілген. Іле үкіметінің басшысы жергілікті биліктің босқындарға байланысты ұстанымынан бейхабар кеңестік шекарашылардың Қытай жеріне баса-көктеп кіріп, көптеген кеңестік қазақ босқындарды қатыгездікпен өлтіруге батылы барғанын басқа «мемлекеттің егемендігіне әсер ету» деп бағалаған [117, б.106]. Кеңестік консул П. И. Колосовтың көрсетуінше, екі жағдай бойынша да кеңестік шекарашылар оқиғаның болғанын жоққа шығармаған. Тиісті отряд командирінің орынбасары осы желтоқсан айындағы қарулы шара барысында 300-ден астам қазақтардың өлтірілгенін хабарлаған. П.И. Колосовтың хатында Қытай тарапының егеменді мемлекеттің шекарасын бұзу бойынша кеңестер жағына наразылық ноталары жолдағаны баяндалады. Кеңестік дипломат босқындардың ағылуын Шыңжаң үкіметі қолдап отыр деген пікірді жоққа шығарады. Керісінше, босқындар мен шекара бойындағы тынышсыздыққа наразы жергілікті үкімет 1930 жылдың көктемінде 2 мыңнан астам босқынды ел аумағынан шығарып жіберген. П. И. Колосовтың хатында: «Шекарашылардың шекараны бұзу бойынша қатаң шараларының ешқайсысы да нақты нәтиже берген жоқ... ал оларды басу шаралары нағыз қатыгездікпен іске асырылды.» - деп бағаланған [83, б.210, 211].

Босқыншылықтың үдеп кеткені туралы арнайы ақпар мәліметтері 1930 жылдың көктемінен 1931 жылдың басына дейін ҚАКСР бойынша толықтырылмаған саны 34577 шаруашылық, оның ішінде 1014 бай, 1817 орташа, 2167 кедей, 54 колхозшы шекара асқанын көрсетті. Ал Алматы мен Семей округтерінен Қытайға 2638 қазақ шаруа қожалықтары кеткен. Мәліметтер аудандар бойынша Малайсары ауданынан 92, Шелек ауданынан 62, Күршім ауданынан 11 шаруашылық кеткенін көрсеткен [284, п.1]. БМСБ мәліметтерінде босқындарға шекараның арғы бетінен қарулы топтар көмекке келгені баяндалған. Семей округіне қарасты Зайсан ауданының № 1 ауылдық кеңесі Түстікбаев ауылына Қытайдан 12 адамнан тұратын қару асынған топ 3 ұңғылы винтовкамен қаруланып келіп, босқындарды көшіріп кеткен. Қуғын кезінде шекарашылар бұлардан 388 бас мал тартып алған. Осы Семей округінің № 3 шекара бекеті маңында Топаев, Шоғанов, Мауқыбаев, аманбаев есімді шаруалар отбасы Қытайдан келген 40 адамнан тұратын қарулы топтың қолдауымен 510 бас малымен шекара асқан [285, п. 180].

Шекара бойындағы босқыншылықтың ауқымы БМСБ қарсы тұра алмайтындай деңгейге жеткені ресми мәліметтерде қуатталған. Алматы округі Тоқмақ маңында 600 дүнген, қазақ және тараншылар ұйымдасып, Қалжат бекеті арқылы Қытайға өтуді жоспарлаған. Босқындар қосынын Дары Садықов басқарған. Ал Талдықорған ауданында 25 адамы бар қарулы топтың шекара түбінде болған атыста 17 адамы оққа ұшқан. Босқындар қосынынан 8 адам шекарадан өтіп, 11 отбасы кері қайтарылады [285, п.182].

БМСБ тарапынан шекара маңындағы босқындыққа ниетті «байларды» мал-мүліктерін тәркілеу, өздерін жер аудару шаралары жүргізіліп тұрды. 1930 жылы 10 қарашадағы мәліметтер бойынша Малайсары, Бүйен-Ақсу, Еңбекшіқазақ, Бәрібаев, Сарқанд, Андреевка, Октябрь, Қарқара аудандарынан 1103 адам тұтқындалған. Олардың 1031-і бай, 18-і молда, 61-і орташа, 3-і кедейлер ретінде тіркелген. Жетісуға Сібірден келген кулактар да репрессиядан тыс қалмады. Сарқан ауданынан 28, Октябрь ауданынан 21 кулак тұтқындалады. Еңбекшіқазақ, Сарқан, Алакөл, Октябрь аудандарынан жалпы саны 2853 жылқы, 847 ірі қара, 9759 қой және ешкі, 411 түйе, 133 ұсақ мал тәркіленген [285, п.183].

БМСБ негізді-негізсіз босқыншылықтың ұйымдастырушыларды іздеумен болды. БМСБ мәліметтерінде шекара маңында орныққан байлардың Қытайға қашып өткен бұрынғы Алашорда өкілдерімен байланысы бар екені айтылады. Атап айтқанда, Қытайда Таңғыт үкірдайлығында тұрып жатқан Ниязбек Құрбановтың басшылығымен Табағатай ауданына қарасты № 5 ауылда Қытайға көшуге үгіттеу жұмыстарын жүргізілгені, арнайы контрреволюциялық ұйым бар екені баяндалады. 1930 жылы 30 маусымда Қытайдан Н. Құрбанов жіберген қарулы топ шекараны бұзып өтуге талпынғанымен, тойтарылған [284, п.3].

Жалпы, КСРО-дағы жоғары саяси басшылыққа елдегі әлеуметтік-экономикалық, саяси ахуалды баяндап отырған БМСБ ақпарларында дәлсіздіктер кездеседі. Мұндай жағдай алдын ала дайындалған ақпарлардың тексерілмей, тиісті талдауларға шалалықпен ақпарат ретінде қосылуының себебінен болса керек. 1930 жылдың 24 қарашасындағы ҚАКСР БМСБ ТӨ-нің қазақ тұрғындардың көшуі туралы арнайы ақпарында үдере көшушілерге шекараның ар жағынан келетін көмек жайлы баяндалып, бұрынғы Алматы округінің Октябрь ауданында Әжібеков Бексұлтанның Қытайдағы ағасы жіберетін қарулы жасаққа сүйеніп қашқалы жатқаны айтылады. Ақпарда, сондай-ақ, Сарыбел ауылының тұрғыны Рахатов Срапилдің жасырын Қытайға барып, сондағы болыс қызметіндегі Мұқа Әжібековпен оның 7 бай отбасының көшуіне қарулы жасақпен көмектесуі туралы келісіп қайтқаны да баяндалған [286, п.181]. Дәл осы Әжібеков Бексұлтан мен Рахатов Срапилдің қашқалы жатқаны туралы мәліметтер кіріктірген ҚазАССР БМСБ ТӨ-нің 24 қарашадағы арнайы ақпары 1930 жылдың 22 желтоқсанында Мәскеудегі БМСБ бас кеңсесіне де түскен [105, б.335]. Алайда, жоғарыда келтірілген тергеу құжаттарының көрсеткеніндей, 1930 жылдың 18 қаңтарында БМСБ ТӨ коллегиясы үкімімен Срапил Рахатов 10 жылға сотталып, 13 ақпанда Бексұлтан Әжібеков атылып кеткен болатын [278, п.38,40].

1930 жылы шекаралық аудандардағы жағдайды тексеруге жіберілген Қазөлкекомның Ә. Жангелдин бастаған комиссиясы қорытындыларында босқыншылық себептері талданған. Зайсан ауданы № 3 ауылындағы Елтай колхозы толығымен Қытайға өтіп кеткен. Колхоздың қыстау үйлерінің сыртына «Бесжылдық жоспарды бір күнде орындаймыз. Бізден үлгі алуға шақырамыз» - деген жазу қалдырылған [284, п.30]. Ә. Жангелдин комиссиясы шекаралық аудандарды ғана емес, шекара отрядтарының қызметін де тексерген. Шекара әскерлерінің жергілікті тұрғындарға қысым көрсету фактілері

әшкереленген. Бақты комендатурасы застапасында шекарашылардың ұсталған қазақтарды саусақтарыныу арасына патрон тығып сабағаны айтылады. Мақаншы ауылында шекарашыларды әлдекімді іздеп жүрген хабары шықса болды, айтылған адам бірден Қытайға қашып өтетін болған. Шекара маңында шекарашылардың босқындарды аяусыз қанға бөктіруі партиялық талқылауларға да негіз болып тұрған. 1930 жылы 28 қарашада БК (б)П Жаркент аупарткомы белсенділері жабық жиналысында шекара отряды бастығы Николаев пен аудандық БСМБ басшысы Мацневтер баяндама жасаған. Партиялық актив шекарашылардың әрекеттерін қолдағанымен, халық арасында шекарашылар «банда топтарын жою» барысында шамадан тыс қаталдыққа барып, балалар мен әйелдерді қырғаны туралы «контрреволюциялық өсектің» жолын кесу шараларын талқылады. Осы мақсатта Жаркент аупарком бюро мүшесі Ерзин барлық партия ұяларына шекара отрядының әрекеті туралы оң пікір қалыптастыруды нұсқаған арнайы хат жолдау тапсырылды [287, п. 281]. Әрине, бұл орын алып жатқан қанды қылмысты жасыру әрекеттері болатын.

Мемлекеттік құрылымдардың арасында БМСБ, партия құрылымдарына қарағанда КСРО СІХК дипломатиялық арналарында босқындар мәселесі біршама ашық талқыланған. СІХК консулдарының баянхаттарында «ауа көшушілер», «көшпенділер» ұғымдарының орнына «босқындар» атауы өз орнында пайдаланылған. 1931 жылдың 27 қаңтарында Құлжадағы кеңес консулы П.И. Колосовтың СІХК халкомы орынбасары Л.М. Караханға, көшірмесі Қазөлкеком хатшысы Ф.И. Голощекинге жолданған «Қазақ тұрғындардың Синьцзянь провинциясының Іле округіне көшуіне байланысты консулдық округтің шекара жолағындағы саяси жағдай» деп аталынған сараптамада 1929 жылдың аяғынан Қазақ АКСР-інде шаруалар мен малшыларды ұжымдастыру бағытындағы шаралар жүзеге асырыла бастаған кезден бастап, Батыс Қытаймен тікелей шектесетін аудандарда жергілікті халықтың жаппай Қытайға қашуы мен көшуі негізінде «босқындар ағыны» пайда болғаны көрсетілген. Жалпылама есептеулер бойынша Іле консулдық округіне 1930 жылы 7000 түтін мал-мүлкімен өтіп кеткен [288, п.1]. П.И. Колосовтың талдауында шекара маңайындағы шаруалардың Қытайға қашуы алдымен жеке адамдар мен отбасылардың кетуімен басталып, артынша шекарадан өтерде қарулы топтардың көмегін пайдаланатын жаппай босқыншылық ағынына ұласқаны атап өтілді. Құлжадағы кеңес консулы босқындардың қарулы топтарын жеке талдаған. Консулдың пайымдауынша, қарулы топтар Қытай аумағында КСРО-дан қашып өткен кедей және «қарақшылық-қылмыстық элементтерден» құралғанын, бұл топтар негізінен КСРО-дан қашқан босқындар топтарын қару көмегімен өткізумен айналысқанын және кеңестік шекара жолағы маңайындағы бейбіт тұрғындарға тонаушылық шабуылдарын ұйымдастырғанын көрсеткен. П.И. Колосов босқындарды шекарадан өткізумен айналысқан қарулы топтардың жіті ұйымдасқанына назар аударған. Қарулы топтардың Қытайдың төменгі әкімшілік құрылымдарымен, кеңестік шекара маңайындағы «қылмыстық элементтермен» байланысы бар ұйымдастырушылары болған. Ұйымдастырушылар кеңестік шекара аумағындағы ауылдардағы тұрғындарды Қытайға қашуға үгіттеп, шекара

жолағына жақын маңайдағы малдың орналасуы, шекара қызметіндегі қызыләскерлер саны, шекара күзеті тәртібі туралы мағлұматтар жинастырған. Қытайға қашуға бет алған босқындар топтары кеңестік шекара күзетіне ұсталмай қауіпсіз өту мақсатында қарулы топтардың көмегіне жүгінген. Қарулы топтар, сонымен қатар Қытайға барып алғандардан КСРО-да қалған отбасы мен малдарын әкеліп беру туралы тапсырыстар қабылдаған. П.И. Колосов осы талдау хатында босқындар мен «қарақшы» топтардың бірлесуіне жеке тоқталады. Құлжадағы кеңес консулы Қытайға қашып барған босқындар арасындағы кедейлер Қытай шекарасы күзетіне тартылған «қарулы күзет топтары» тарапынан тоналғанын, кері Кеңестар еліне қайтуға қорқатынын, сондай-ақ, жергілікті ауқаттыларға кіріптар болатынын, Қытай аумағында мал ұрлау, көшушілерді шекарадан өткізу мақсатында ұйымдасқан қарулы топқа қосылуға мәжбүр болатынын жазған [288, п. 2]. Құлжадағы Кеңес консулы баянхатында Қытаймен шекара маңында босқындармен қақтығыстар салдарынан адам шығыны көп болғанын жасырмайды. П.И. Колосов: «Шекарашылардың тарапынан орындалған қатаң шаралардың ешқайсысы шекаралық аудандардан Қытайға босушылар ағынын қысқарту бағытында ешқандай нақты нәтижелер берген жоқ.» -деп көрсеткен. Консулдың мәліметі бойынша тек 1930 жыл бойында ғана Іле округімен шекарада Қытай аумағына заңсыз өтуге талпынған 1000 адам өлтірілген. Шекара күзетіндегі қызыләскерлердің шығыны оншақты адамды құраған. Қаза болған босқындар сапында ерлерден бөлек әйелдер мен балалар да болған [288, п. 2].

1930 жылдың 1 қазаны – 1931 жылдың 1 сәуірі аралығында Зайсан ауданынан 2500, Тарбағатай ауданынан 500 шаруа қожалығы Қытайға босқан. Босқыншылар қатарына БК(б)П мүшелері, комсомолдар да қосылған. Екі ауданда қалыптасқан босқыншылық жайы туралы 1931 жылдың 21 сәуірінде Қазөлкекомнан осы жаққа өкіл ретінде жіберген, нұсқаушы П.П.Терноваяның хатында баяндалады. Ол босқыншылық мәселесінің ушығып кетуінің себептеріне тоқталған. П.П. Терноваяның пікірінше: «Жаппай эмиграциялық көңіл-күй көпшілікпен жұмыстың дұрыс жолға қойылмауынан туған. Ал Зайсан бойынша бай, кулактарға жеткілікті қысым жасалмаған...мен келгенге дейін оларға егін себу бойынша қатаң тапсырмалар жеткізілмеген. 1931 жылдың 10 сәуіріне кулактар мен байлар мал дайындау бойынша қатаң тапсырмаларды небәрі 4 %-ға орындаған. Кедейлер мен жекеше орташалар, колхоздарға байланысты асыра сілтеулер көп орын алған, мал дайындау бойынша кейбір колхоздар мен ауылдар жоспарды 400 %-ға орындаған. Ал кулактар мен байлар бұл жоспарды небәрі 7 %-ға (Қаратал ауылкеңесі бойынша) орындаған. Мен бұл туралы Өлкекомға Ф.И. Голощекинге жеделхат жолдағам, не нәтиже болғанынан хабарым жоқ. Көшті тоқтату үшін мен оларға түсіп жатқан өнеркәсіп товарларымен тынышсыз ауылдарды жабдықтау туралы тапсырма бердім. Өйткені, Зайсан ауданы бойынша товарға қарыз 60 000 сом, Тарбағатай бойынша 40 000 сомды құрайды.» - деп көрсетеді [289, б. 578]. БК(б)П Қазөлкекомы өкілі Зайсан аупарткомы құрамында қазақтардан ешкім жоқ екенінен назар аударған. Орталықтың өкілі бұл мәселені Көкпекті аупартком хатшысы Шарапиевпен

Зайсаннан европалық коммунистерді Көкпектіге, керісінше, Көкпектінің қазақ коммунистерін Зайсанға алмастыру арқылы шешуге келіскенін баяндаған. [289, п.7].

БМСБ жедел мәліметтерінде шекара бойында орын алған босқындар әрекеті «қарулы көш» деп көрсетілді. «Көш», «көшпенділер» атаулары босқыншылықтың баламасы екені белгілі еді. БМСБ ақпарында Қытайға өткен босқын-шаруалар топтары «қарулы ауа көшушілік» аталынған.

1931 жылдың 30 қаңтарындағы БМСБ Шелек ауданындағы уәкілінің ақпарларында Еңбекшіқазақ және Малайсары аудандарында Қалқан тауы, Мыңбұлақ атты жерде 140 қазақ шаруалары Қытайдан келген 50 адамнан тұратын қарулы топтың көмегімен шекара бұзуға оқталып отырғаны хабарланды. Босқындарды өткізбек болған қарулы топтарды бұрын атаман болған Михаил Дегилев, №13 ауылкеңесінің бұрынғы төрағасы Танысбай Тоқтамысов басшылық еткен. Қарулы босқын топтарына қарсы Шелек ауданы БМСБ уәкілдігінен 25 ерікті сарбаз, Жаркент № 49 шекара отрядының застава бастығы Аржановский басқарған 19 қызыләскер мен 3 коммунар шығарылды [290, п.6]. Іңір қараңғыланған сәтте басталған Аржановский тосқауылы 150-200 метрге дейін жақын келген босқындарды тоқтатады. Екі жақтың 1 сағатқа созылған атысы нәтижесінде құрамында Михаил Дегилевтің өзі бар 31 босқын оққа ұшып, 4-і жарақат алады. 10 ат, бес түйе атыстан оққа ұшып, 25 түйе мен 140 жылқы шекарашылардың қолына түседі. Босқындардың аз бөлігі ғана шекарадан қашып өте алады [290, п.7]. М. Дегилев тобын жою операциясындағы адам шығыны жөніндегі жоғарыда келтірілген мағлұмат БМСБ ӨӨ шекара күзеті және әскер басқармасы бастығы осы жылдың 15 ақпандағы жедел ақпарымен толықтырылған. Жоғарыда келтірілген босқындар шығынына қоса ауыр жаралы күйде тұтқынға түскендердің арасынан 4 еркек, 1 әйел қаза болады. Шекара күзеті және әскері басқарма бастығы Вершининнің мәліметіне қарағанда шекарада өлтірілген босқындар саны 35 еркек, 5 әйелді құраған [117, б.135].

Босқыншылық шекара аудандарының барлығын қамтыды. 1931 жылдың 5 наурызындағы мәліметтер бойынша Алакөл ауданы Қызылтоғай ауылының Шалынбаев есімді шаруа алты адамнан тұратын отбасымен Қытаймен шекараны бұзуға әрекеттенген. Ауданда құрылған комотряд босқындарды Алакөл көлі жанында қуып жетіп, оқтың астына алады. Босқындар қолға түсіп, олардан 1 винтовка, 60 оқ табылған. Бұдан өзге қаруларын босқындар қуғын жақындап келгенше Алакөл мұздықтарына тастаған. Жаркент аупартком хатшысы Мусиннің мәліметтері бойынша осы жылдың 1 қаңтар – 1 сәуір аралығында ішінде 54 кулак бар 200 шаруашылық Қытайға қашқан. Шекара бұзуға талпынған 150 шаруашылық шекара күштерімен тоқтатылған. Қытайға өтіп кеткен босқындар саны толықтырылғанда Жаркент ауданы бойынша 226 шаруашылыққа жеткен. Бұл мәліметтерде жекелеп шекара бұзушылар есептелмеген [171, б.579]. Тарбағатай ауданындағы № 4 ауылынан 50 шаруашылық ұйымдасып, Қытайға өткенде өздерімен бірге кепілдікке аудандық қаржы бөлімі меңгерушісі Есекеев, ауатком нұсқаушысы Дүйсенбаев, бригадир Тастеновтерді ала кеткен [284, п.23].

БМСБ ақпарларынан бөлек шекаралық аудандардың партиялық құжаттарда босқыншылық мәселесі талқыланды. Мысалға Жаркент аупарткомы сараптамалық есептерінде босқыншылықтың негізгі себебі ретінде «байлардың бас көтеруі» ретінде сипатталды. Жаркент аупарткомы есебінде: «Байлардың үлкен жұмыс істеп жатқанын босқыншылық Жаркент ауданынан Шелек ауданына дейін, тіпті Алматыға дейін жалғасып жатқанынан көруге болады. Қазір көпшілік азық-түлік жоқтығынан (мақта колхоздары) емес. Колхозшылар мен жекешелердің кету себебін сұраса, не үшін босып жатқанын білмейді. Олар: «Білмеймін. Әркім өзін ғана біледі, басқаның ішіне кіріп шыққан ешкім жоқ.»... Бұлардың бәрі бұл жұмыстар ұйымдасқан түрде, онда да, шетелден де, аудан ішінен де жүргізіліп жатқаны деген тоқтамға келтіреді. Шекараның ар жағында осыннан кеткендер тұратын біздің аудандағыдай аталатын кишлактар бар. Ол ауылдарда туыстар тұрады. Екіншіден, шекара бұзушылармен күрес әлсіреген. Шекарада қолға түсіп қайтарылғандар ешқандай шығыны шықпағанын, оларды мұнда асырайтынын айтып күледі. Кетуге тырысып бағады, болмаса қала салады. Үшіншіден, Қытай жерінде бұрын қашып кеткен байлар Қытай өкіметіне жағыну арқылы өздерінің экономикалық және саяси жағдайларын жақсартып алғандар арасында жарылқаушының кейпіне еніп, өздерінің жерлеріне келушілерді орналастырады. Олардың жеке пайдасын бірнеше еселеп қайтаруды көздейді. Олардың негізгі басшылары қатарында революция кезінде қашып кеткен, қазір 1000-ға жуық жылқысы бар, ауқатты, бұрынғы болыс Мұқа Жабаяев бар. Ол туралы толық мәліметтер БМСБ -да бар. Үдере көшудің тууына тауармен қамтудың сенімсіздігі де аз роль атқарып отырған жоқ. Жыл бойы диқандар өнеркәсіп товарларын алған жоқ, тіпті азын-аулақ алғандарымен үздік-үздік. Шәй да дұрыс жеткізілмеді. ... азын-аулақ жеткізілген тауарлар бронға қалдырылды. Товарларды беру үшін сүт, жүн дайындау талап етілді. Шәй алғысы келген тұрғындар тіпті көрпе-жастықтарды сөгіп, жүндерін тапсыруға дейін барды (Пенжімде)» - делінген [291, б. 441].

1930 жылдың 4 қарашасында Красноярск округтік әскери комиссариатынан Жаркент ауданындағы БМСБӘ № 49 шекара отрядына толықтыру үшін жіберілген 75 қызыләскер қатарында болашақ КСРО басшысы, СОКП бас хатшысы Константин Черненко да болды. К. Черненко 1932 жылдың 1 сәуірінен бастап Нарынқол заставасы атты әскер бөлімін басқарған. Ол 1931 жылы № 49 шекара әскери отрядының комсомол ұйымы жауапты хатшысы, 1933 жылдан Саржаз комендатурасының партия ұясының жауапты хатшысы болды [292, п.1, 9, 12]. Болашақ СОКП бас хатшысын партия құрамына 1931 жылдың 20 ақпанда Жаркент аупарткомы қабылдаған [291, п. 500].

1931 жылдың 13 маусымдағы БМСБ Шекара күзеті және әскері басқармасына Жаркенттен Муроховский есімді қызметкер жолдаған жедел мәліметтерде Подгорное ауылынан оңтүстікке қарай 30 верст жердегі Қарасай деген жерде шекараның арғы жағынан келген әртүрлі жетекшілері бар жалпы саны 50 адамнан тұратын қарулы топ жиналғаны хабарланды. Қарулы топ Қарасайда орналасқан Қалқаман ауылын Қытайға көшіру мақсатында жиналған. Кеген ауатком уәкілінің 1300 центнер ет дайындау жоспарының орындалмауына



орай, межелі етті әрбір тұрғынға қатаң тапсырма түрінде беру туралы бұйрық беруі және 15 орташаны колхоздан шығарғаны жергілікті тұрғындардың алаңдаушылығын туғызған. Қарулы топтың 20 адамнан тұратын 3 линиялы винтовкалармен қаруланған бір тобын Көкімет Баялыұлы басқарып, Шарын селосына таяу Тастыбек мекеніне жылжыған. Қарулы босқындар топтарына Подгорныйдан келген 20 адамдық Дьяконов үлгісіндегі қол пулеметі бар Старицин командасы, Дубиннен келген 12 адамнан тұратын 3 қол пулеметпен қаруланған Карасев тобы, Есекартқан заставасынан 6 жауынгері бар застава командирінің көмекшісі Қанатов басқарған топ қарсы тұрды. Қарулы босқындарға қарсы операцияға жалпы басшылықты Старицин, жедел жетекшілік шекара басқармасы бастығы Жалқисбаевта болды. 13 маусымда бұларға Кегеннен көмекке жіберілген Семенов басқаратын 11 жауынгері бар комотряд Қарасай шатқалында қарулы босқындармен қақтығысқа түскені хабарланды. Босқындар тарапынан екі адам оққа ұшып, 87 жылқы қолға түскен. 13 маусым күні Темірлік станциясы тұсында қарулы босқындар аудандық тұтынушылар қоғамы керуенін тонаған. Қытайдан босқындарды қарулы қорған болуға Көкімет Баялыұлы (құжатта Белялов деп берілген) тобы келгені хабарланды [293, п. 232, 233]. 17 маусым күні жолданған жедел мәліметтерде Көкімет Баялыұлы (Кугумет Белялов) қарулы тобы Подгорныйдан солтүстік батысқа қарай 35 верст қашықтықтағы Бұғыты тауларында екені көрсетілген. Өткен жылғы Наюр Далян (құжатта солай) мекенінде болған шайқастан жараланған Көкімет Қытайға ешқандай ауа көшушілерді алмай кетуге бекінгені хабарланған. Мураховскийдің ақпарында Көкімет тобының жолын кесуге шаралар қарастырылғаны айтылған [293, п.248].

49 шекара отряды аймағындағы Қытайға өтетін Хан тәңірі және Алаайғыр асулары бағытын қазақ босқындармен қатар Қарақол ауданына қарасты қырғыз босқындары да пайдаланған. 1931 жылыдың жазында екі асу арқылы Батыс Қытайға өткен қырғыз эмигранттары Алмабеков пен Орсобаевтар 10 000 жуық ұсақ және ірі қара аралас малдарын Нарынқол комендатурасына тастап өтуге мәжбүр болған. БМСБ Қырғызстан облыстық бөлімшесі бастығы Севергин Қазақстан Шекара күзеті басқармасының бөлімшесінің бастығы Колчинмен телеграф арқылы тікелей желіде қырғыз босқындарының малын талқылаған. Севергин өздерінің Қарақол ауданының Іленчен ауылының қырғыз босқындарын Қытайдан қайтаруға үгіттеп жатқан жұмыстары туралы айта келіп, оларға малдарын қайтарып беруге уәде беретін жоспарымен бөліскен. Бұған Қазақстан шекара қызметі өкілі 14000 ірілі-ұсақ малдың қырғыз байларына әлде қазақ байларына тиесілі екенін анықтау керектігін айтқан [293, п.249].

1931 жылдың 22 қазан күні БМСБ Шыңғыстау аудандық бөлімі жедел тобы Шыңғыс тауы аңғарында салт аттылар тобына жолығып, бейбіт тұрғындарға оқ атуының салдарынан ақын, ойшыл Шәкерім Құдайбердіұлы қаза табады. БМСБ ақынды Шыңғыстау аудандық жұмысшы шаруа инспекциясы тексеру комиссиясы төрағасы Олжабай Шалабаев пен мұғалім Рамазан Абаевтың және оның әйелі оққа ұшқан көтерілісшілер тобының шабуылына қатысы бар деп айыптаған. Шәкерім Құдайбердіұлы өлтірілген соң оның ұлы Зият Шәкерімұлы,

Әзімбаев Бердеш, Әзімбаев Манекеш, Дүтбаев Мұхтар және Көшпесбаев Сапа шекарадан өтіп, Батыс Қытайға кетеді. Шәкәрімұлы Зият Қытай билігі тарапынан түрмеге қамалып, қайтыс болған. 1958 жылдың 28 қарашасында Ш. Құдайбердіұлы қатысты қылмыстық іс қысқартылып, өзі ақталған [294, п. 1,2,11,12].

БМСБ ӨӨ шекара қызметі және әскері басқармасының жедел-барлау ақпараттарында шекара маңындағы босқындармен қақтығыс деректері тіркелген. 1931 жылдың 9 қарашасында Покатиловка селосынан Лепсі комендатурасына уәкілдің көмекшісі Ділмұхамедов Кулебякин есімді айдауыл шекарашы және комотряд өкілдерімен қолға түскен 6 босқыншылықты ұйымдастырушыларды алып бара жатқан. Тополевка селосына 3 верст қалғанда, кешкі сағат 21-де тұтқындағылар бір мезгілде айдауылдарға «Алла!, Алла!» - деп тұра жүгіріп, шабуыл жасаған. Шекарашы Кулебякин мен комунар Стружкин бірден тұтқындардың қолына түскен. Қолма қол төбелес соңында босқындар бір адамы өліп, біреуі ауыр жараланып, қалғандары қашып кеткен. Шекарашылар жақтан Кулебякин, Стружкиндер ауыр жараланған. Дабыл бойынша қосымша шекара күштері көтеріліп, Үлкен Басқан асуына жете бере босқындарды қуып жеткен. Атыс кезінде екі босқын, оның бірі әйел, оққа ұшып, екеуі аттарын қалдырып, түн қараңғылығын пайдаланып шекара асып кеткен. Босқындардың жан далбаса өлімнен жанұшыра қашқанында олардың ешбір қарулары болмағанын көруге болады [293, п. 37,38].

1932 жылдың ортасына қарай қазақ босқындары Батыс Қытайдан кері қайтуға ұмтылған фактілер де орын алды. 1932 жылдың 5 тамызында Синцзяндағы консулдарға жіберілген құпия қатынас хатта Батыс Қытайдан аштықтың кесірінен кері Кеңестер еліне көшпек болған қазақ шаруаларының көптігі туралы ақпараттың мәнісін сұраған. Консулдардан кері босқыншылық ауқымын анықтау, реэмиграцияны СІХК 2-Шығыс бөлімінің осы жылғы 5 наурыздағы №15718 (с) нұсқауы бойынша ресми және ашық шекара пункттері арқылы жүргізу талап етілді [295, п.171]. Шекаралық аудандардағы босқыншылық мәселесін қарау мақсатында 1932 жылдың 24 қаңтарында шекаралық аудандар және шекара отрядтары партия комитеттері хатшылары кеңесі өткізілді. Бас қосуда шекара аудандарындағы босқындықтың себептері зерттелмеуі, осының себебінен оның алдын алу жүзеге асырылмайтыны көрсетілді [296, п.2,3].

1932 жылдың сәуір айының 2-сі күні Синцзянның Алтай округінде құрылған мамандығы дәрігер С.М. Бучинскийдің 200 адамнан тұратын ірі, ақгвардияшыл тобы Өскемен ауданымен шектесетін Матвеевка заставасын қарулы шабуыл жасады. Кеңестік шекарашылармен қарулы қақтығыста С.М. Бучинский мен Ф.Ф. Лебедев тобына тойтарыс беріліп, шайқас кезінде қарулы босқындар тарапынан 20 адам қаза тауып, 4 адам шекарашылардың қолына түскен [36, б.96]. БМСБ мәліметтері бойынша кері қайтып Синцзянға өткен қарулы босқындар Шұбаршілік елді мекеніне оралған соң, Қытай әскерлері қоршауға алып, қарусыздандырған. Қарусыздандыру кезінде бірқатар топ мүшелері оққа ұшқан. Қарулы топтың бір бөлігі түрмеге қамалып, қалғандары

үйлеріне жіберілген. С.М. Бучинскийдің өзі Шара-Сумэ қаласында Қытай өкімет орындары тарапынан атылған. С.М. Бучинскийдің қарулы отряды құрамында Мұхамеджан Әтенов, Еңсеген Әлімбаев, Қонысбаев Қаттыбай, Көксегенов Ахмеджан, Құсайынов Қалым, Тотиев Томан, Жақанов Қайдар, Сағынаев Жарық, Құниязов Ілияс, Асубаев Құрманғали, Донтаев Құрманғали, Ережепов Қабдрашит, Ошабай, Ескендір, Теке есімді қазақ босқындары болып, қақтығыстан соң кеңес билігінен құтылып, Қытайда қалып қойған. Ал Болтаев Ысқақ, Шытыбеков Әли есімді босқындар Қазақстанға өтіп, Қатонқарағай ауданының 8 ауылында тұрған [297, п.16]. 1932 жылдың 8 сәуірінде БК(б)П ОК саяси бюросы «Синьцзян туралы» мәселені қарап, Ворошилов пен Акуловқа 10-15 аэропланды Қытайдың батыс шекарасына маневр топтарын күшейтуге жіберіп, аэропланнан пулемет арқылы бандаларды қиратуға тапсырма беру туралы шешім қабылдады [298, п.106]. 1932 жылдың сәуіріндегі БК(б)П ОК-не жолданған шекараны күшейту туралы ұсыныста Қазақстанның шекара сызығы 1.498 км созылып, шекара күзеті 1.836 адамды құрайтыны, шекара күзетін нығайту үшін 2000 адам талап етілетіні көрсетілді [298, п.111]. Алматы облысына қарасты Үржар ауданы бойынша Бекмұхамбет Жақыпов, Ұлықбек Мұхамеджанов және басқалар, жалпы саны 8 адамнан тұратын топқа 1932 жылдың 15 шілдесінде «қазақ тұрғындарды Қытайға жаппай өтуге дайындағаны», «Шекараның ар жағындағы бандит, алашордашыл Іке Әділовке бағыт ұстағаны» үшін айыпталды [299, б. 147-154].

И. Сталиннің сенімді серігі ретінде Қазақстандағы ахуалды білуге жіберілген 1932 жылдың жазында жіберілген Г. Аронштам БК(б)П ОК-не жолдаған құпия хатында аймақта қалыптасқан жағдайды біршама объективті көрсеткен. Тек соңғы жылдары ғана құпиялық белгісі алынған құжатта Г. Аронштам Қазақстандағы үдере көшудің аштық салдарынан болған босқыншылық екенін ашық баяндаған. Ол: «Тұтас ауылдар босуда. Кетушілер көп жағдайда абдырап, мүліктерін тастап қашуда. Қазақстаннан көшіп кеткен мұндайлардың саны толық емес мәліметтерге қарағанда 150-180 мың шаруашылықты құрайды. Бұдан бөлек көптеген адамдар Қазақстанның өзі шінде бір жерден екінші жерге қаңғып жүр. Босып кеткендер жолда қалған мүліктерін тауысып, осы жылдың көктеміне қарай мүлде кедейленген, қалыпты шаруашылық өмірден айрылған, аш-арық, әлсіргене және ауру адамдарға айналды.» - деп көрсетеді [300, п.4; 280, б.581]. Г. Аронштамның құпия хатында Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі босқыншылық баса көрсетілген. Москвалық эмиссар Семейдің көшелері, теміржол бекеттері, Балқашқұрылыс мекемесі аштан өлгендер мүрделеріне толғанын, Алматы облысының Үржар ауданында аудандық өкімет мекемелерінің «қылмысты әрекетсіздігінен» аштықтан босқыншылыққа ұшыраған 225 шаруашылықтың 128-і қырылып қалғанын баяндайды [300, п.4].

Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігіндегі шекаралық аудандардың ішінде босқыншылық қатты шарпыған аудандардың бірі – Кеген ауданы болды. Кеген аупарткомы хатшысы Жәрдемалиев пен аудандық бақылау комиссиясы төрағасы Тілеубердин дайындаған құпия анықтамалықта: «Эмигранттар қарулы топтарға

ұйымдасып КСРО территориясына, атап айтқанда, біздің ауданға колхоз, совхоздардың малын тонау үшін және осында қалған туысқандары мен өз жанұяларын алып кету үшін келуде. Бандалар тобының біздің ауданға шекарадан өтіп келуі халықты мазасыздандырып отыр. Тұрғындардың бір бөлігі тіпті кейбір ауыл партия қызметкерлері бандалармен байланыстары бар болып, оларға азық-түлік, ат көлік, қарулы комотрядтар мен шекара әскери бөлімдерінің жүріс-тұрысы туралы мәліметтер жеткізу жағынан көмектесіп отыр. Босқыншылықтың тууына 10 колхозда дұрыстап күтіп-баптау болмауы, қуаңшылық, үсік жүруі кесірінен азық-түлік жеткіліксіздігі орын алғаны да әсер етті.» - делінген [301, п.112, 113; 280, б.581].

Кеген ауданында босқыншылықтың әсерінен халық саны күрт азайған. 1929-1930 жылдарда ауданда 1554 шаруашылық болса, 1930-1931 жылдары 12940 шаруа қожалығы ғана қалып, 2259 шаруашылық босып кеткен. Ал 1931 жыл мен 1932 жылдың шілдесіне дейін ауданда 8247 шаруашылық қалып, босып кеткендер саны 6497 түтінді құраған. Осылайша аудан халқы босқындық кесірінен 50%-ға кеміген. Босқындардың бір бөлігі Қытайға, басқа бөлігі Қырғызстанға кеткен. Ауданнан кеткен босқындар арасында 1931 жылы 26 БК(б)П мүшесі, 59 кандидат кеткен болса, 1932 жылдың басынан 10 желтоқсаны арасында 19 партия мүшесі, 28 партия мүшелігіне кандидат болған [301, п.113].

1920 жылдардың аяғында аз мөлшерде орын алған босқыншылықты осы үдерістің қарулы түрі алмастырды. Босқындар өздері қаруланып, Синьцзяннан келген қарулы топтардың көмегіне сүйенді. Босқындар қатарында Кеңес өкіметінің тірегі саналған коммунистер, комсомолдар көптеп болды. Шекара аудандарында босқындар комотрядтар мен тұрақты шекара күштерінің талауына түсті.

### **2.3 Жетісу мен Семей өңірінен шыққан босқындардың Батыс Қытайдағы әлеуметтік-құқтық жағдайы**

Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңірінен Қытайға өткен босқындар ең алдымен Синьцзян үкіметі шекара күзетіне жалдаған шеріктер мен қалмақ сұмындырынан (аудандары) жиналған әскери топтардың тонауына ұшырады. Осы шекара отрядтарының соққыға жығу, тонау әрекеттерінен кейін босқындар Синьцзянның Іле округіне шашылып орналасқан. Қытай шекара күзетіндегі қалмақ шеріктері жасаған қиянаттың шектен шыққаны соншалық, 1931 жылы тамыз-қыркүйек айларында Текесте қазақ-қырғыз босқындар олардан кек алу мақсатында арнайы әскери топқа біріккен. Қарулы босқындар отряды сапында 300-ге таяу адам болған. Бұл туралы КСРО СІХК Іле округіндегі консулы М.С. Лазовскийдің құпия хатында баяндалған [295, п. 195]. Бұған қоса кеңестік консул Синьцзянның Іле округіне Қазақстаннан келген босқындар саны 20 мыңнан кем емес екенін, тараншылары Сүйдін мен Текеске, қазақтар мен қырғыздар, ең алдымен Баротола мен Текеске орныққанын баяндаған. М.С. Лазовский жергілікті халық босқындарға жайлы көзқараспен қарамайтынын, босқындардың тұрғылықты дүнгендер мен қытайлардан өрескел қысым көріп

отырғанын көрсетеді. Синьцзян аудандарында бұрыннан тұрып келе жатқан қазақтар мен тараншылар өздерінің жұмыссыз қалу себебін босқындардан көрген. «Көшіп келушілер мүлде құқы жоқ адам болғандықтан, ешкімнен пана көре алмайтындықтан, тонау мен қысымға ұшырайды. Бұлардың бәрі қытай билігінің көз алдында, тіпті (олардың) қатысуымен орын алады.» - деп көрсеткен консул М. С. Лозовский [295, п. 195; 259, б.578]. Шекара бойындағы өмір үшін күрес қорғансыз босқындар үшін қасіретпен аяқталатын жағдайлар көп орын алды. Шекарада қолға түскен босқындары келісімге сәйкес Қытай шекара қызметі кеңестер жағына өткізіп беріп отырған жағдайлар аз болмаған. 1931 жылы 17 мамырдағы ҚАКСР босынша БМСБ ӨӨ арнайы ақапарында осы жылдың 9 наурызында Сүмбе шекара бөлімінен Синьцзянға қашып келген 1200 адам біріккен 223 түтін қайтарылғаны баяндалады.

Босқындармен бірге 5170 бас әртүрлі мал өткізілген. Кері қайтарылған босқындардың өздерін Қытай шекара күштері тонап, 20 ат, 8 сыйыр, 79 қойларын күшпен тартып алғаны жайлы шағымдары кеңестік өкілдер тарапынан қаралмаған [302, п.17].

Шекаралық Кеген ауданынан 1928 жылдан бастап Қытайға қоныс аударған босқындар Синьцзянның Іле аймағында Албан руының 7 ақалақшы (болыс) халқын толықтырған. Бұл туралы Кеген ауданының саяси ахуалы қамтылған аупарком хатшысы Жәрдемалиев пен аудандық бақылау комиссиясы төрағасы Тілеубердиннің құпия анықтамасында баяндалған [301, п. 112].

Қытай аумағында қарулы отряд құрып босқындарды шекарадан өткізумен тек қазақ әскери топтары ғана айналысқан жоқ. Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағымен шектесетін Қырғызстан аудандарындағы шекара жолағы маңайындағы қарулы бас көтерушілер мен босқындарды Қытайға өткізу бойынша қырғыз көтерілісшісі Жәнібек белсенді әрекет еткен. Шекара бойындағы Жәнібектің қозғалысын тыю мақсатында Қытайдағы КСРО Бас консулдығы 1930 жылдың 16 наурызындағы мәліметтерінде Жәнібек туралы қытай өкіметімен хат алысулар болғанын жазады. Негізгі талап Қызыл Армия мен Қытай әскерлерінің Жәнібекке қарсы бірлескен қимылы туралы болған. Бас консулдық Жәнібек «бандыларының» тонауынан кеңестік азаматтар мен кеңес ұйымдарының келтірген орасан зор зиянын көрсеткен. Қытай жағы кеңестік дипломаттарға Жәнібек отрядының қазір кеңестік территорияда екенін айтып, жауап берген. Әскерлерге Жәнібектің қайтадан Қытайға өтіп кетуіне жол бермеу тапсырылды. Жәнібекті тірідей ұстағанға 1000 лан уәде етілді [303, п.10].

БМСБ Қазақстандағы халық көтерілістерінің тұтану себептерінің бірін шетелдік антикеңестік үгіт-насихат ошақтарының қызметімен байланыстырды. БМСБ алдына Қытай аумағындағы босқындар арасында кеңеске қарсы ұйымдасқан ұйым әшкерелеу міндеті қойылды. Осы мақсатта Қазақстаннан Қытайға өтіп барған танымал байларды жою ойластырылды.

1931 жылы 19 желтоқсанда БМСБ аясында «Ізбасарлар», «Қара Ертісшілер» және «Алтайлықтар» атты жедел істерді талқылау болған. Жабық мәжілісте сөз алған БМСБ ӨӨ жедел бөлімінің бастығы В.В. Хворостян : «Біздің алдымызда қандай міндеттер тұр? Негізгі міндеттер, біз дұрыс аңдап отырғандай, Шүршітов,

Ережепов және басқаларды жою, егер олардың көзін құртпасак, бандалық топтардан құтылмаймыз. Енді оларды ұстауды қалай атқарамыз? Оларды Қытай жерінде ұстауды, біздің оған мүмкіндігіміз болса, міндетті түрде ұйымдастыру керек деп санаймын. » - деп көрсетеді [304, п. 551]. Чекистердің жабық жиналысының хаттамасы бірқатар маңызды мәселелердің бетін ашады. Атап айтқанда, БМСБ-ның алдына қойылған шекараның арғы жағынан, Қытай жерінен контрреволюциялық, антикеңестік ұйымды табу және қызметін әшкерелеу міндетінің механизмдері баяндалады.

Жиын хаттамасында: «Миронов: «Антанта» ісі бойынша 3 ұлттық және 3 орыс ячейкасы жойылды ма?...Жақсы, бұл ячейкалар жойылды ма?, Борисов: Менде толық мәліметтер жоқ, бірақ әлі жойылған жоқ. (оқылмады) ..Саенко: Жоқ жойылған жоқ, бірақ олар бойынша, оларды көтерілісшіл ұйымдар қатарына қосуға негіз беретін ештеңе жоқ...мәліметтер бойынша – бұлар сол жаққа қашқысы келетін Толстоуховшылардың туыстары...» – деген пікір алмасуда БМСБ құрылымдарының «ұйымдасқан ячейка» табу міндетінде тығырыққа тірелгенін көруге болады [304, п. 569]. Ары қарай С.Н. Миронов: «Бұл іс басында қолға түскен ауа көшушілер мен олардың басшылары және бірнешеуі Қытайдан келгені бар, берген түсініктемелерінде Қытайда олар Кәрібекпен байланысқан, ол Қытай үкіметі жаңа үкірдайлық (аймақ) ұйымдастыру және әкімшілік орналастыру мәселелерімен айналысып жатқанын, осы жағдай Қытайға ауа көшудің көбеюіне әсер еткенін айтқанынан басталған. Бұл істе Ахметжанов бандасының хандық ұйымдастыруы және ауа көшушілерді алып жүруі айтылады. Міне, «Ізбасарлар» деген істің болғаны осы ғана.. Бұл іс бойынша біз бір ғана басшылық, бір ғана ауа көшуді ұйымдастыруды көріп отырмыз. Олар – Ахметжанов Қалибек және Мерамбай. Бұл іс 50- шекара отрядында ма?» - деп сұрайды. Оған А.Д. Борисов: «Ізбасарлар» ісі бойынша 58 адам отыр, іс әскери отрядта» - деп жауап берді. С.Н. Миронов қайтадан: «Батыс Сібірден берілген Қазақстанның эмигранттарынан шекаралық окурдайлық құруға мүдделі белгісіз адамдар тобы, Марсеков тобымен байланыстағы князь Олень ұйымдастырған 1931 жылда болуы мүмкін көтеріліс және Қытайға ауа көшуді нұсқайтын ақпарлар осымен бітеді.» - дейді [304, п. 571]. С.Н. Миронов хаттамада: «Олар, мысал үшін князь Олень Синьцзянда үлкен саясат ойнағысы келді. Оларға ол ойларының талқандалуы керек емес. Сол себептен бізге мұнда орталық бар екенін анықтайтын болсақ, біздің жұмысымы тіпті басқа бағыт алады, басқаша жұмыс істейміз. Онда бұл істерді біріктіріп, олардың басқарушы орталығын іздеп, сол негізде біздің жұмысымыздың әдістемесін құруымыз керек. Бірақ, барлық істерден біз біздің территорияда бұл орталықтың жоқ екенін көріп отырмыз. Москва үшін бұл істерде айқындылық керек, сол себепті олар қандай да бір орталықты бізден іздеп отыр. «Ізбасарлар» ісінде, Марқакөл ісінде де, «Антанта» ісінде де көтеріліс туралы айқын мәліметтер жоқ.» – деп мойындайды [304, п. 577]. БМСБ құпия құжаттарындағы Батыс Қытай аумағында тас-түйін антикеңестік орталық жұмыс істеп жатыр деген ұстанымның ешбір дәлелдермен нақтыланбағанын осы деректен байқауға болады. Осы орайда, қазақ шаруаларының Қытайға босқындығына арнайы

тоқталған белгілі тарихшы Т. Омарбековтың: «Қазақстандағы сталинизм саясатынан соры қайнаған, босқындықтың соқпақтарын ес-түссіз, мағынасыз ерсілі-қарсылы шиырлаған, аштықтан домбығып ісінген өлі денелері жол шетінде шегірткедей шашылып жатқан бишара қазақтардың қасіретін көргісі де, естігісі де келмеген ХХ ғасырдың жаналғыш жендеті – Голощекин Сталиннің күдікшілдігінің, оның айналасындағылардың бәрін түгел жау санайтын – тап күресі туралы теориясымағының «дұрыстығын» осылайша, Қазақстандағы босқындар мысалымен «дәлелдеді». Иә, сонымен бәріне үстем тап, ұлтшылдар, оппортунистер, шетелдегілер – Қытайдағылар, тіптен айдаладағы Орта Азия басмашылары кінәлі болып шықты.» - деген эмоционалдық сипаттамасымен келіспеу қиын [21, б. 161].

БМСБ құпия талқылауларында аты аталған Толстоухов бастаған көтеріліс Қазақстанның шығыс өңіріндегі босқыншылыққа қозғау салған оқиға болғаны анық. БМСБ ақпарларында бұрынғы ауыл мұғалімі, Азамат соғысы жылдарында «Тарбағатайдың қызыл қырандары» атты партизан отряды командирінің көмекшісі болған Федор Дорофеевич Толстоухов Клиновский, Зеленковский сияқты бұрынғы ақгвардияшыл офицерлермен бірлесіп, «казак контрреволюциялық бүлікшіл ұйымын» құрғаны баяндалған [281, б.277]. БМСБ Семей жедел секторы бастығы С.А. Бак көтерілістің алдын алып, 1930 жылдың 20 ақпанында Толстоухов басқаратын астыртын ұйымға қатысы бар деген айыппен 92 адамды тұтқындап, 19 әртүрлі жүйедегі қару, 200 винтовка оғы, 10 «Наган» револьвері оғын тәркілеген. Жазалаушыларға қарсы көтеріліске Ф.Д. Толстоухов жақтастарынан 900 адам қатысқан. БМСБ бөлімдерімен қақтығыста 40 көтерілісші қазақ тауып, 5 жараланып, 150 адам тұтқынға түскен. Қолға түскен көтерілісшілердің 40-ы Рубцовск және Славгород округтерінің кулактары болған. Ф.Д. Толстоухов бір топ жақтастарымен Қытайға қашқан. Қытайға барған Ф.Д. Толстоухов пен оның 13 адамнан тұратын тобы біршама уақыт жергілікті өкімет орындары тарапынан тұтқындалып, Алтай округінің әкімшілік орталығы Шара-Сүме түрмесінде ұсталады. Қытай билігі Ф.Д. Толстоуховты жақтастарымен бірге бостандыққа шығарады. Түрмеден босағаннан кейін Ф.Д. Толстоухов жергілікті ақгвардияшыл топтарымен байланыс орнатып, олардан қаржылық және қару-жарақ түріндегі көмек алып, Самара ауданына қайта оралған. Зырянов ауданындағы Бұқтырма аралында жасырынып жүрген Толстоухов 1930 жылдың 28 қыркүйегінде БМСБ жедел тобының тосқауылына түсіп, өлтірілген. Толстоуховтың ісі бойынша 222 адам жауапкершілікке тартылып, олардың 35-і атылған. БМСБ Толстоухов жақтастарын қазақ ауылдарынан іздеген әрекеті сәтсіз болғанымен, Күршім ауданының тұрғыны Нұрғали Самаев көтерілісшілермен бірлесе көтеріліске шығу туралы келіссөздер жүргізгені үшін сотталды [27, б.88].

Зерттеуші Т. Қ. Алланиязов БМСБ Семей жедел секторының бастығы С.А. Бактың өңірдегі бас көтерген шаруаларға қарсы қолданған әдіс-айлаларын талдаған. Өзінің алдыне ең алдымен, аймақты «байлардан тазарту» мақсатын қойған С. А. Бак БМСБ аудандық бөлімдері бастықтары мен уәкілдерінен бандалар ісі бойынша барынша тікелей қатысушы ретінде ғана емес, қосымша

қатысушылар түрінде де көбірек байларды тартуды талап еткен. С. А. Бак өз бағыныштыларына: «3-4 куәлардың куәлігі бар болса, тұтқындалатын байлардың саны сіздерді еш уақытта мазасыздандырмасын!» - деп қайрап отырған. БМСБ-нің С.А. Бак қол қойған нұсқауларында жауапкершілікке тартылатын адамдардың категориялары барынша кең көрсетілген [305, б.428]. Бас көтерген шаруаларды жаппай жазалау шаралары Семей жедел секторындағы ахуалды ушықтырып жіберді. Осыған байланысты 1931 жылдың 10 маусымында С.А. Бак халық көтерілістерін басуда тактикалық өзгеріске барады. Ендігі жерде БМСБ бөлімдерінен аймақтағы босқындарды «бандалық топтардан» қатаң бөлектеп қарау талап етілді. Уақытынан кешігіп берілген бұл тапсырма БМСБ қызметкерлерінің бейбіт босқындар мен қарулы көтерілісшілер топтарына бірдей қарауынан туған болатын. БМСБ бөлімдерінің мұндай тыныштандыру әрекеті босқыншылықтың жаппай сипат алуына жеткізді. Босқындар көтерілісшілер отрядтарынан бөлек қарау үшін ауылдардағы кенеске қарсы күштер арасындағы, ауа көшуді ұйымдастырушылар арасындағы тыңшыларды көбейту ұсынылды [305, б.432].

Қарқара, Жаркент аудандарында әрекет етіп, босқын шаруаларды Қытайға алып өтіп, сол жақта қаза болған Жақыпберді Солтанбекұлы (1885-1932) туралы ауызша деректер мен туысы Бәукей Әубәкірұлының естеліктері сақталған. Бұл деректер бойынша Ж. Солтанбекұлы Жетісу өңіріндегі 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің қатысушысы, 1929-1932 жылдардағы кеңестік күштеп ұжымдастыру саясатына қарсы халық көтерілістері жетекшілерінің бірі болған. Кеңес және Қытай өкіметі тарапынан қуғынған ұшыраған тұлға. Жақыпбердінің әкесі Солтанбек Тазабекұлы қазақ, қырғыз арасына ықпалды билердің бірі болса, атасы Жетісу өңіріне танымал азаттық жолындағы күрескер батыр Тазабек Пұсырманұлы. Жақыпбердінің өзі жас кезінде Жетісу өңірінде танымал ағартушы Жүсіпбек Шайыхисламұлынан сабақ алып, хат таныған. Жастайынен мергендігімен аты шыққан. 1916 жылы Қарқара көтерілісінде халық жасақтарының біріне басшылық жасаған. М. Әуезовтің «Қилы заман» хикаятындағы жасақ басшысы Жансейіттің прототипі осы Жақыпберді. Қарқара көтерілісті күшпен басылуынан кейін қалың елмен Қытай жеріне өтіп, 1917 жылы патша өкіметі құлаған соң қайтадан оралған. Патша өкіметінің казак жүздіктері мен олар әдейі қаруландырған келімсектердің қазақ ауылдарына қиянаты Жақыпбердінің көз алдында өткен. 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін де орыс-казактардың қарақшылығы тоқтамай, Жақыпберді әкесінің інісі Тезек Тазабақұлын Жалаңаш елді мекенінде өлтіріп кетеді [93, б.16]. Қарқара аудандық партия комитеті хатшысы Өтелбаевтың 1930 жылдың 4 наурызында Ж. Солтанбекұлы шекара тауларында комотрядтармен қарулы қақтығысқа түсіп, өкімет жағынан Нұрсапа Нұрғалиев қаза тапқанын хабарлаған. Құпия хабарламада Ж. Солтанбекұлының комотряд тосқауылын бұзып, жанұясын қалдырып, өзі Қытайға өтіп кеткені көрсетілген. Ж. Солтанбекұлымен қатар 230 шаруашылығыты алып Қытай шекарасынан өткен Ұлтарақов тобымен қақтығыста да 1 комотряд өкілі қаза болған. Кеңестік Шекара отрядының Қытай шекара отрядымен келісіміне сәйкес, Ұлтарақов тобымен кеткен босқындар кері



қайтарылып, тұрғылықты мекендеріне жіберілген. Ауа көшуді ұйымдастырған деген айыппен 8 адам жауапкершілікке тартылған [306, п. 91].

Түрлі дайындау науқандары, күштеп ұжымдастыру және халық көтерілістеріне қатысқандары үшін жауапкершіліктен бой тасалаған босқындардың Батыс Қытайдағы жағдайы ауыр болғанын БМСБ ӨӨ шекара күзеті және әскері басқармасының жедел-барлау мәліметтерінен көруге болады. 1931 жылдың 15 қаңтардағы ақпар бойынша Никанка Қытай заставасы шекара бюросы мүшесі Лиэ-Джао-Лин Үрімжіден КСРО-дан қашып өтіп жатқан босқындарды қайтару туралы бұйрық алған. Осы мақсатта Қалжаттан 43 верст қашықтықтағы Жалғызтай және Қайнақ мекендерінде КСРО-дан өткен ауа көшушілер мен олардың мал-мүлкі есепке алына бастаған. Қытай билік орындарының мұндай саясат ұстануына шекара жолағында босқындардың күрт көбеюі әсерінен нанның жетімсіздігі байқалғаны әсер еткен. Синьцзянның Алтай округі арқылы Монғолиядан 1040 қазақ отбасы босқындар өтіп, Қара Ертіс пен Кран өзендері жоғары ағысына қоныстанған. 49 Шекара отрядына қарайтын аймақтан Синьцзянға өткен қазақтар Басқұншы заставасына қарама-қарсы Мұқа Әжібеков пен Сүлейман Баташировтардың болыстығына жайғасқан. Шекара қызметі тыңшылық жолмен алған мәліметтерде Қытай өкімет орындары Лепсі комендатурасына жалғас Қытай аймағына өткен Бүйен-Ақсу ауданынан көшкен қазақтардың малдарының бір бөлігін тартып алғаны айтылған. «Соңғы кезде барлық біз жақтан көшіп барушыларға Қытай өкімет орындары жақсы қарамайды» - делінген ақпарда [293, п. 1,19,20].

Қытай жерінде Жакыпберді Солтанбекұлы төңірегіне жергілікті өкімет пен атқамінерлерден қысым көргендердің жинала бастауы Қытай билігін қауіптендірді. Ж. Солтанбекұлының Қытай билігінің қырына ілінуіне оның үстінен жергілікті атқамінерлердің арыздануы да әсер еткен. Қытайдың Іле округіндегі кеңестік консул М.С. Лозовский өзінің 1932 жылдың 3 желтоқсандағы хабарламасында қазақ босқындарына қарсы әрекеттер жергілікті қазақ руларының тарапынан да орын алғанын көрсеткен. Босқындардың көптеп келуі жергілікті қазақ шаруаларының қоныс, шабындықтарының тарылуына әкелген [295, п.197]. Жергілікті айт руының ақалақшысы (болысқа пара-пар жергілікті билік тармағы –Е.С.) Байбасша Мөңкеұлы Жакыпбердінің үстінен Іле аймағының билеушісі дутыңға арызданады. Жакыпбердіге ілескен ауыл Қытайдағы басқа қазақ ауылдарына сұғына кірмей, Көксу өзенінің бойындағы Қайыңды-Құштайдың Аят деген саласын қоныстанады. Босқындар одан кейін Көкалабие асуымен Ақбұлақ деген тұрпаты табиғи қорғанға пара-пар Сарықайқы тауының кезеңі мен Көксуға құйылысына орнығып алады. Осы кезде Жакыпберді Солтанбекұлын тұтқындау мақсатында 40, 60 шеріктен құралған Қытай өкіметінің жазалаушылар топтары нәтижесіз қуғындауларын жасап жатады. Адам аяғы сирек баратын бұл жерлерде бұғы, марал, елік, арқар-құлжа, тауешкі көп болған. Барыс, қасқыр, түлкі, сілеусін, суыр, борсық сияқты терісі бағалы аңдар да жеткілікті. Өзге азық-түлікті Ж. Солтанбекұлы ауылы Құшар аймағындағы Қарый, Бай қалаларына адам жіберіп бұғы мүйізі, аң терілері және малға айырбастап алып келіп жүреді. Сондай сауда сапарларының бірінде

Жақыпбердінің Құтел, Құрманқожа және басқалардан тұратын 13 адамы Аспан таудан Бай қаласына өтетін Қорған деген жерде қолға түсіп қалады. Айламен 23 шерікті қарусыздандырған Жақыпберді жасағы одан құтылып шығады. Берік бекінген Жақыпберді қолын оңайшылықпен қолға түсіре алмасына көзі жеткен Қытайдың жергілікті өкімет орындары айлаға көшеді. 1932 жылдың қыркүйек айында албан руының беделді адамдары Қожекеұлы Рақыш, Жылтыңбай, Тыныбай, Сұраншы зәңгілер (жүз шамалы түтін басшысы –Е.С.) елшілікке Ақбұлаққа келеді. Олар жергілікті рубасылар Қытай өкімет орындарына тілек айтып, бұдан былай босқындарды қудаламауға келісім алғанын, ол үшін ел ішіне қайтып, қаруларын өкімет орындарына тапсыру керектігін айтып, Жақыпбердіні сендіреді. Елшілер сөздерінің растығына Құран ұстап, ақбоз биенің қанына қолдарын малып, мылтықтың аузын жаласып ант береді. Елшіліктің сөзіне сенген Ж. Солтанбекұлы алдымен өз жақын туыстарын көшіреді. 1932 жылдың соңына қарай Құштайдың басындағы Ағаш қора деген жерде оларға жергілікті өкімет пен атқамінерлер жасағы шабуыл жасайды. Сарбаздары қолға түскенімен атыс салып, Жақыпберді құтылып кетеді. Қолға түсіп Күре қамалына әкеліп қамалған 12 адамды кепіл деп санаған Ж. Солтанбекұлы көп ұзамай өзі бас боп тағы 12 адам Қытай өкіметінің қолына өз еркімен түседі. Ж. Солтанбекұлының ұсталғаны естіле сала, Күре түрмесіндегі 12 адам атылады. Жақыпберді бастаған 12 адамды да Күре түрмесіне әкеліп, сонда атады. 24 көтерілісшінің мүрделерін жергілікті ұйғыр ауылы тұрғындары Жаманбұлақ қорымына жерлейді. Атылғандардың дені Пұсырман би ұрпақтары еді. Олардың үлкені 47 жастағы Жақыпберді болса, ең кішісі 16 жастағы Әубәкірұлы Тұрсынбай болды. Атылғандардың ішінде 22 жасар ақын Әуезхан Белгібайұлы (1910-1932) Күре түрмесінде «Жақыпберді қиссасын» жазып, ол шығарма ел ішінде ауыздан-ауызға кең таралған. Ж. Солтанбекұлы бастаған көтеріліс тарихының тірі куәсі – немере інісі Бәукей Әубәкірұлының мағлұматтарына сәйкес, қолға түскен 40-қа жуық адамның атылған 24-інен басқа үлкендері мен балаларын Қытай өкіметі шекарадан Кеңестер жағына өткізіп берген. Олардың дені қайтадан Қытайға өткен [93, б.84-86]. Патшалы Ресейдің де, Кеңестер Одағының да ноқтасына бастары симай өткен Пұсырман би ұрпақтарының (Тазабек, Солтанбек, Тезек, Әубәкір, Әуезхан және т.б.), Жақыпберді Солтанбекұлының трагедиялы тағдыры қазақ босқындары бастан кешірген нәубеттің ауыр зардаптарының бір көрінісі.

Қазақ босқындарының Батыс Қытайдағы ауыр жағдайы туралы әңгімеде кейбір тарихи салыстыру сұранып тұрады. Әңгіме Қытай республикасындағы орыс босқындарының жағдайы туралы. Ресей Федерациясы мемлекеттік архивінде «Түрлі ақ эмигранттық ұйымдар жекелеген құжаттары» атты коллекция қорда «Орыс босқындарына көмек комитеті» аталған Харбиндегі ұйымның құжаттары сақталған. Босқындарға көмек комитетінің жыл сайынғы полиграфиялық түрде жарық көріп отырған есебінде ұйымның 1923 жылы «Қытай өкіметіне тіркеліп» құрылып, 1931 жылы қызметіне 8 жыл толғаны көрсетілген. Комитет орыс босқындарына арнап ашқан 6 жатақханада әр кез 3150 адам тұрса, 6736 адам жеке пәтерлерде тұрып нан паегін алған. Босқындарға

көмек комитеті басқарма төрағасы қызметін В.И. Колокольников атқарған. Комитеттің «Орыс ісі» атты бір күндік газеті шығып тұрған. Харбиндегі босқындар комитеті 1932 жылы тамыздағы су тасқынына байланысты көмек көрсету шараларын ұйымдастырған [308, 11,12,99,124].

Синьцзяндағы қазақ эмиграциясының көрнекті тұлғасы Райымжан Мәрсеков пен басқа да ұлтшыл тұлғалар БМСБ -нің жіті назарында болды. Барлау материалдарына: «Шекараның арғы бетінен түскен материалдардағы мәліметтер бойынша, ұлтшыл қазақ контрреволюциялық орталығының жетекшісі Райымжан Мәрсекұлы өткен жылдың (1931 ж.) соңғы күндерінде Жайырдан (Шәуешек өңіріне жақын таулы аймақ) Сар-Сүмбе қаласы аумағына келген. Жолшыбай Райымжан Мәрсекұлы Қобықтағы бай Ақыш Шерединнің үйіне тоқтаған. Райымжан Мәрсекұлы кейбір қазақтарға өзінің Алтайдағы моңғол байларымен бірігуді көздейтінін, сөйтіп КСРО территориясы аумағына қарай шабуыл жасауды мақсат ететінін мәлімдеген. Райымжан Мәрсекұлының ізінше, яғни қаңтардың алғашқы күндерінде Қобық арқылы үш линиялы винтовкамен қаруланған саны 30 неше адамдық Алаш жасағы жүріп өткен. Дәм мекенінде (Толы ауданы маңы) қарулы жасақ Қонысбайұлы Хасенге тоқтаған. Жасақ Алтайға кетіп барады екен. Сапарының мақсаты анықталмаған. Мәлімет тексеруді қажет етеді. 50-ші шекара отрядына Алаш отрядының Алтайға бару мақсатын анықтау тапсырылды.» - делінген [309, б.16].

БМСБ барлау деректерінде аттары аталатын Шыңжаңдағы қазақ интеллигенциясы арасында Қазақстаннан өтіп барған тұлғалар да көп болды. Солардың қатарында Әбдікерім Ережепов болыс, Ғазез Нұрмұхаметұлы Қалбанов, Ысқақ Изетов, Тіленші (Әбдікерімнің немересі), Әбірызық, Қабдыраш сонымен бірге Мәметек бидің немерелері Айдарқан, Мұқтарқан қауымды топ болып кеңестік шекарадан өткендер. Бұлардан бөлек Кәрім Дүйсебаев, Сәлім Жаназаров, Тұрсын Мұстафин, Мырзасадық Құрбанов, Бурақан Әуезов (Мұхтар Әуезовтың немере ағасы) Жәкула болыс Күшіков, Ике Әділов, Мырзақмет Құсайын, Ахметқали Жайсаңбаев, Жұпиыбай Сағындықов, Ыбырайым Жайнақов, Иса төре, Мейірман Ермектасов, Бұқара Тышқанбаев және тағы басқаларын атауға болады. Батыс Қытайға түрлі тарихи жағдайлармен босқын болып барған шығармашыл тұлғалар қатарын әнші, ақындар Әсет Найманбайұлы, Сейітқазы Нұртаев, Арғынбек Апашбайұлы, Жүсіпбекқожа Шайхисламұлы, Көдек Маралбайұлы, Шарғын Алғазыұлылар толықтырды [309, б.17,18]. Синьцзян қазақтарының арасынан шыққан қоғам қайраткері Шәріпхан Көгедеевты ерекше айтуға болады. Оның аймақтағы беделі ішкі және сыртқы күштердің назарын аударды. Ш. Көгедеев тұлғасымен жақын тіл табысуға ұмтылған Кеңес өкіметі мен Жапония мүддесі айрықша талдауға лайық тақырып. Ш. Көгедеевпен тіл табысуға Қашқар ұйғырларының саяси қайраткері Махмұт Мухиди де ұмтылған [309, б.25].

Европадағы Түркістандық эмиграция өкілдерін де Қазақстаннан кетіп жатқан босқындар тағдыры толғандырмай қоймады. Кеңестік жүйені қабылдамай саналы түрде Батыс Европаға кеткен, қазақ саяси эмиграциясының көшбасшысы Мұстафа Шоқай Қазақстандағы шаруашылықты социалистік

үлгіде қайта құру шараларын жіті бақылып, ғылыми және публицистикалық зерттеулеріне арқау етті [310, б. 153]. Кәсіпқой саяси сарапшы ретінде М. Шоқай Орта Азия үшін ірі державалардың арасындағы геосаяси текетіресті жақсы саралағанын байқауға болады. Өзінің 1934 жылдың 18 шілдедегі «Лондон әсерлері» атты жазбасында Синьцзянь – Шығыс Түркістан тақырыбына тоқталған М. Шоқай «Ағылшындар Орталық Азиядағы оқиғалардан жан-жақты хабардар» деген мифті жоққа шығарады. «Мүмкін онда біз білгеннен көбірек білер, алайда бұл хабардар болу кеңсе қабырғалары мен «кіріс журналдардың» құпиясы болып қалып, тұтастай елдегі ғана емес, қоғамдағы жағдайына байланысты үкімет саясатының бағытына және тұтас қоғамға әсере ете алатын топтардың да саяси көңіл-күйіне ешқандай ықпалы жоқ» - деп бағалайды М. Шоқай [311, п.146]. «Шығыс Түркістанда пантуркизм де, панисламизм да жоқ. Шығыс Түркістандағы көтерілістер тиімсіз болатын большевиктер пантуркизмді де, панисламизмді, әсіресе, насихаттамақ емес. Шығыс Түркістанда түрік ықпалы жоқ. Керісінше, Түркі Республикасының үкіметі ондағы кез-келген ұлттық қозғалыстардан дереу аулақтанып, тіпті өзінің сыртқы істер министрі доктор Тевфик Рушди-бейдің аузымен Шығыс Түркістанға түрік сыртқы істер министрінің үгіттеуінше әр уақыт өзінің барлық көршілеріне ұлттық және мәдени жағынан көтерілуіне көмектесетін Кеңестік Росиямен достықта болуға кеңес береді.» - деп көрсетеді М. Шоқай [311, п.148]. «Бір жағдайды атап көрсеткім келеді. Ағылшындарға менің Нанкин үкіметі айналасындағы «панисламистік үгіт» туралы хабарламам үлкен әсер етті. «Қытай Түркістанының дауысы» деген мағына беретін, асыра айтпағанның өзінде Қытай үкіметінің қолдауымен Нанкинде жарыққа шығатын «Чини Туркестан авазы» журналы барлық мұсылман әлемін ақтар мен христиан басқыншыларға қарсы күресте Қытай революциясы мен Сун-Ят-Сеннің Гоминдань партиясының төңірегіне бірігуге кеңес береді.» - деп жазады Мұстафа Шоқай [311, п.150]. М. Шоқай өзі қонақ болған ағылшын консерваторлық партиясы ортасында КСРО-ға сенімсіздік рухында мәліметтер жинақтаушы, парламент мүшесі, Болдвин кабинетінің бұрынғы халық ағарту министрі, герцогиния Атольская КСРО-дағы аштық туралы мәліметтер жинақтап отырғанын атап көрсетеді [311, п.152]. Мұстафа Шоқай Батыс Европадағы Түркістандық эмиграция жетекшілерінің арасында Түркістан ғана емес, Синьцзян бойынша жетік тұлға ретінде танылды. Зерттеуші Г.И. Меңдіқұлова Public Record Office Британ архивінде танысқан 1932 жылдың 3 ақпандағы ағылшын дипломаттары У. Е. Аллен мен Э. Иденнің арысындағы жасырын хат алысуларда М. Шоқайға осындай мінездеме берілгенін көрсетеді [312, б.129].

Қайраткер Кеңес билігіне қарсы тұратын қауқары жоқ Түркістан мұсылмандары, қазақ босқындарының Кеңестік Қазақстан мен Синьцзяндағы жағдайын жеңілдетуге әлдебір сыртқы ықпалдың, панисламдық, түрікшілдік позициялардың әсері болатынына күмән келтіреді. Халықаралық құқ тұрғысынан да, гуманистік нормалар тұрғысынан да мүлде қорғанышсыз қалған мұсылман босқындардың біздің зерттеуімізде суреттелген мүшкіл хәлі туралы

М. Шоқай өз талдауларында да сол уақыттың саяси-әлеуметтік сипаттамасын дәл бергенін көрсетеді.

«Жас Түркістан» газетінің 1932 жылғы № 29 санында жарық көрген Мұстафа Шоқайдың «Түркістан босқындарының қасіреті» атты мақаласында босқыншылықтың себеп-салдары жан-жақты талданған. М. Шоқай «мәскеулік большевиктер» мал-мүлкін тонап алған Түркістан жұртының алдында босқыншылықтан басқа жол жоқ екенін көрсетеді. «Дінге сенушілерден Алладан бас тарту талап етілді, Ленин пайғамбар ретінде жарияланды... Құран Маркстің «Капиталымен» алмастырылды.» - деп ашына жазады Мұстафа Шоқай. Автор қарусыз халыққа бір мемлекеттің қарулы күшіне тойтарыс беру қиындық туғызғандықтан, шекараға таяу тұратындары мал-мүлкінен қалған жұрнақты алып шекарадан қашып өтуге тырысып жатқанын суреттейді. Ол: «Түркістандықтарға көрші мұсылман елдерде өмір сүру оңай сияқты көрінеді. Діни сезімдері қорланған халық өздерінің діндес бауырлас халықтардан пана табуды үміт етеді. Ұлттық сезімдері қорланған халық өздерінің қандас бауырларынан қолдау болмаса да, түсіністік пен аяушылық тапқысы келеді.» - деп жазады [310, б.153].

Зерттеушілер ХХ ғасырдың 30-жылдардың екінші жартысында Түркіменстан мен ол арқылы Иранға қоныстанған босқындар арасында жапон барлаушының белсенді қызметін айрықша атап көрсетеді. Жапон билеуші топтарының Токионы орталық еткен азиялық орталық құру мүддесі 1930 жылдарда басталған. Жапонияның Азиялық жоспары Орта Азия, Ауғанстан, Британ Үндістаны және Қытайды қамтыды [60, б.263].

Синьцзяндағы Жапония мүддесі босқындар тақырыбымен үйлескен жағдайлар орын алды. «Жапонияның «Шыңжаң мәселесі» бойынша ішкі есебі болды. Жапон өкімет орындары алдымен аймақты бақылауға алып, Шәуешек сияқты шекаралық өңірлерге делегация аттандырды. Жапонияның мұндағы мақсаты Сыртқы Монғолия арқылы бұл аймақты өз мүддесіне ыңғайлау болатын. Зерттеушілер Жапон барлаушының «Шәуешекке өткен ақтар мен Алаш полкінің кейбір азаматтарын өзіне тартып, солар арқылы Шәуешекте Жапония консулдық қызметін құруды жоспарлаған олардың бастапқы ойы сәтсіз аяқталдығанын» көрсетеді [309, б.25].

1933 жылдың 1 тамызы күні БК(б)П ОК К.Е. Ворошиловтың Синьцзян бойынша ұсынысын қарады. 25 шілдеде дайындалған бұл ұсыныстарды Саяси бюро 3 тамызда бекітілген. Г. Сокольников әзірлеген «Синьцзяндағы жұмыстар бойынша нұсқаулық» аталатын құжаттың 1 пунктінде: «Синьцзянның Қытайдан саяси бөлінуі туралы ұрандарды қолдаудың керегі жоқ деп саналсын.» - делінген. Үрімжідегі үкіметпен Синьцзянның аймақтық автономиялығын сақтай отырып, өңірдің әкімшілік жағынанан орталықтандырылуын жалғастыру ұсынылды. Нұсқаудың 3-пунктінде үрімжідегі үкімет көмек сұраған жағдайда «Синьцзянды кеңеске қарсы плацдармға айналдырудың шынайы базисі» - Ма-Джун-Ин және басқа да дүнген отрядтарына қарсы Қытай билігінің күресіне қолдау көрсетілетін болды [313, п.5-7].

## **2.4 Оңтүстік-шығыс Қазақстаннан Қырғызстанға өткен босқындардың жағдайы**

Қазақ шаруаларының Қырғызстанға елдегі ірі байларды тәркілеу науқанынан қашып барып жатқаны туралы ақпарат 1928 жылдың 20 қыркүйегінде белгілі болған. ҚАКСР ХКК төрағасы Н. Нұрмақовтың Қырғыз АКСР ХКК төрағасына жолдаған хатында Талас бойында «байлардың тәркілеу науқанына қарсы шығып», Қырғызстанға қашып барған Адалбеков есімді байға тәркіленген малдары қайтарылғаны айтылған. Н. Нұрмақов Қырғыз ХКК төрағасынан мұндай әрекеттерді тоқтатып, Қазақстан билігіне Қырғызстанға өтіп кеткен байларды тәркілеу бағытында көмек көрсету жөнінде тапсырма беруді сұраған [314, п.53]. Алматы округіндегі ірі байларды тәркілеу жөніндегі комиссия уәкілдері Тайыров, Тойбаев және Бүркебаевтардың округтік атқаруком төрағасы Задорожныйға жолдаған телефонограмасында 1928 жылдың жаз айларына Еңбекшіқазақ ауданы Сөгеті болыстығының 50-ге тарта шаруашылық салықтан қашып, Қырғызстанның Қарақол кантонына қоныс аударып кеткені баяндалған. Босқындарды бұрынғы орнына қайтаруға тиісті уәкілдер салық жинау науқанынан босатылып, соңынан аттандырылған. Қарақол ауданы өкімет орындарына Алматы округі уәкіліне тиісті көмек көрсету сұралған [315, п.19].

Қазақ ауылдарында етек алған босқыншылық жалпылық сипат алып бара жатқаны туралы дабыл 1930 жылдың 9 қыркүйегінен бұрын емес БМСБ-нің Қазақстандағы өкілетті өкілі А. Р. Альшанскийдің Қазақстандағы астық дайындауға байланысты саяси жағдай туралы Алматыдан Москваға тікелей желі арқылы хабарламасының №11792 жазбасында ашық айтылған. А.Р. Альшанскийдің көрсеткеніндей, «Алматы округінің 9 ауданынан – Қытайға, бір Еңбекшіқазақ ауданынан – Қырғызстанға кетіп жатыр. Босқыншылыққа кедейлер мен еңбекші орташалардың елеулі бөлігі тартылған». Аудандардағы босқыншылық салдарынан 500 гектардан астам алқаптан егін жиналмай қалған. А. Р. Альшанский босқыншылықты байлар ұйымдастырғанын, негізгі себептер ретінде байлардың астық дайындауға қарсылығы, репрессиядан қорқу, бай шаруашылықтарының дайындау жоспарын орындамауы, «соғыс жақындап келеді» деген үрей, белсенділермен есеп айырысуды атайды. Осы жылдың 31 тамызында Шелек, Еңбекшіқазақ аудандарының жерінде 30-35 адамнан құралған қарулы қазақтар, дүнгендер Шелек селосына келіп, өтіп бара жатқан әскерге шақырылушылар тобына шабуыл жасаған. Шабуыл кезінде көтерілісшілер қолынан алты әскерге шақырылушы қаза табады. Осы көтерілісшілер 9 қыркүйекте 12 бай шаруашылығын көшіріп бара жатып, аудандық милиция бастығы, оның қызметкерлерімен, БМСБ уәкілінің көмекшісі Исабековпен кезігіп қалған. Милиция бастығы өлтірілген. Исабеков пен милиционер қашып құтылған. Қарулы босқындарға тағы 65-70 шаруа жанұясымен қосылған. БМСБ босқындарды жою үшін арнайы отряд шығарып, шекараға тосқауылдар ұйымдастырған [281, б.453-455].

Қырғыз АКСР-іне қашқаны үшін 1930 жылдың 28 қыркүйегінде Алматы облысы ПХК басқармасы үштігінің шешімімен Қанай Борамбаевтың інісі

Рысқұлбек Борамбаев 10 жылға сотталған [316, б.678]. Қырғызстанға босқандарды нұрпақтары, Алматы облысы Кеген ауданы қариялары Рахымжан Әшімжанов, Қожашев Жартыбай, Қадірбек Байбөриевтердің естеліктерінде: «Ұлы жүздің Албан тайпасына жататын Сары руының Өтеп атасынан тараған 50 отбасы 1930 жылы Қырғыз республикасының Ыстықкөл облысына көшіп баруға мәжбүр болды, өйткені жаңадан ұйымдастырылған колхоз орталығы адамдар тұруға қолайсыз, қар қалың жауатын, суығы күшті Кеңсайдың жағасына салынады деген сол кездегі ауыл белсенділерінің теріс шешімі себеп болды» - деп көрсетеді. Шаруалардың қоныс аударып кетуіне тағы бір себеп, 1930 жылдың көктемінде қыстан арықтап шыққан малдарды жайлауға шығаруға тыйым салынуы болған. Жергілікті өкімет шаруалардың жайлауда Қырғыз тарапынан келетін қожалықтарға малдарын сатып жібереді деп қауіптенген. 1931 жылдың қаңтар айында Ыстықкөл облысына көшіп барған Кегендік шаруаларды ауыл белсенділері Солтанқұлов Қожаш, Оразаев Әлімжан, Оразаев Дәуітбек, Қасенов Битіман, Қоржынбаев Жүнісбек, Бидаев Жексен және Жексенов Ыдырқанды қамауға алып, Ыстықкөл облысының Қарақол қаласының түрмесіне апарып қамаған. Шаруаларды қамау туралы шешімді Кеген аудандық прокуратурасы берген. Алматыға жеткізілген ауа көшушілер 3-7 жыл аралығында мерзімге бас еріктерінен айрылуға сотталады. Бас көтерерлері сотталған ауыл адамдары қайтадан мекендеріне күшпен қайтарылып, малдарын тұтас мемлекет қарауына алып қояды. Сотталған босқындардың ішінде Әшімжан Оразаев, Дәуітбек Оразаев және Битіман Қасеновтар тауға жасырынып, отбасыларымен хабарласып тұрғанымен, Қытайға өтіп кеткен [317, б.114].

Қазақстан басшылары Қырғызстан билігінен босқындарды қайтару жұмыстарына көмектесуін сұрайды. 1930 жылдың 29 қыркүйегінде Ф. Голощекиннің Қырғыз обкомы мен БК(б)П Орта Азия ОК-не жолдаған құпия хатында: «Қолда бар мәліметтерге қарағанда Сіздермен шекаралас аудандарда мемлекеттік міндеттерді орындаудан жалтару мақсатында Қырғызстанға шаруалардың көшіп баруы, ол жақта қоныстанған жерілерінде мал-мүліктерін сатып, өздерін кедейлер қылып көрсетуі немесе жергілікті өкімет органдары көмегі арқасында сіздердің республиканың аудандарында орналасуы байқалуда.» - делінген. Ф. Голощекин хатында келтірген мәліметтерге сәйкес Қордай ауданының Шаруа, Алға, Кедей және Оян шекаралық ауылдарынан Қырғыз республикасына 57 шаруашылық көшіп кеткен. Хатта бұл шаруашылықтардың тізімі жеке берілгені айтылғанымен, архив құжаттары арасынан кездеспеді. Сондай-ақ, Еңбекшіқазақ ауданынан 51 шаруашылық көшкен. Шоқпар, Қастек аудандарынан да көшіп кету байқалған. Шаруалардың Қырғызстанға босуы жағдайында екі республиканың милиция органдары қақтығысып қалған жағдайлар да болған. Ф. Голощекин Еңбекшіқазақ аупарткомының хабарламасына сүйеніп, ауданның №18 ауылынан Қырғызстанға босқан шаруаларды қуып барған жазалаушы топ қырғыз милициясының 30 адамнан тұратын босқындарды паналатқан тобына кезіккен. Қарулы топтың Қырғызстаннан Еңбекшіқазақ ауданына келіп, шаруаларды көшіріп әкеткен фактілері кездескен. Ф. Голощекин Қырғызстан партия

басшылығынан «қысымнан сытылып кеткісі келіп» Қырғызстанға көшіп кетушілерге, сондай-ақ, көшіп барушыларға көмектесуші жергілікті органдар өкілдеріне қатысты тиісті шараларды қабылдауды сұраған. Ф. Голощекин, сонымен қатар Қазөлкеком тарапынан «көшушілерді тоқтату мен басшыларын ұстау бойынша тиісті шаралар қабылданғанын» көрсеткен. Ф. Голощекин «қабылдаған шаралары» Қырғызстанға босқыншылықты тоқтата алмады [318, п.32]. Ф. Голощекин көрсеткен шаралар қатарында жазалау шаралары алдыңғы қатарда тұрғаны анық. 1931 жылдың 28 сәуірінде Қырғызстанға көшкені үшін Қосыбақов Шәпшек БМСБ ерекше кеңесі үкімімен қылмыстық кодекстің 58-2, 59-2 баптары бойынша 3 жыл Қазақстан мен Орта Азияда тұруға тыйым салу жазасына кесілді [316, б.676].

1931 жылдың қыс айында 6 қаңтарда Шоқпар, Қордай аудандарынан сыртқа кеткен шаруалар тізімі Қазөлкекомға жолданған. Тізімде Қырғызстанға кеткен шаруалар тізімі де берілген [319, п. 118-124 (а)].

1931 жылдың 24 сәуіріндегі Қазөлкеком хатшысы Т. Рошальға БМСБ ӨӨ ҚЖБ бастығы М.Н. Рогозин мен Г. Н. Саенконың қол қойған құпия хатында «Біздің мәліметтер бойынша Қырғыз АКСР-і Ыстықкөл ауданында соңғы кездері бұрынғы Алматы облысынан ауа көшуші қазақтардың жаппай келуі байқалады.» - делінген. БМСБ ақпарында ауа көшушілер «қырғыз тұрғындарының арасында аштық, Қазақстандағы жаппай асыра сілтеулер туралы контрреволюциялық сыбыстар таратып, халықты Қытайға көшуге шақырған эмиграциялық көңіл-күйді күшейтіп» жатқаны баяндалған. Құпия хатта босқындардың негізгі құрамы кедейлер екені, көшпелі қазақтардың арасында эпидемиялық аурулар көрініс бергені айтылады. Хаттың түйінінде БМСБ басшылары Қазақ өлкекомынан партиялық бағыт арқылы «бұдан әрі ауа көшушілікті тоқтатуға бағытталған тиісті шараларды қабылдап, көшушілерді қайтару үшін арнайы партия қызметкерлерін жіберуді» сұраған [318, п.150]. Бұған қоса Қазақ АКСР Өлкекомына Никитин есімді БМСБ қызметкері жолдаған құпия хатта Қазақстаннан жаяу жеке және топталып көшушілердің негізінен кедейлер екені, Ыстықкөл ауданына келгендердің жобалы саны 400 отбасын құрайтыны көрсетілген. Барлау мәліметтері Қазақстанның түпкір аудандарында мал басын контракциялау бойынша дөрекі асыра сілтеулер орын алып жатқанын, жұмысқа міндеттеу мен жүргізілетін науқандар бойынша жергілікті белсенділердің қиянаты үдеп кетуі шаруаладың көшіп кетуінің басты себебі болғанын көрсеткен. Құпия хатта «көшушіліктің ресми себебі аштық, нанның болмауы» екенін жасырмаған. Никитин өз тараптарынан келушілерді Қазақстанға қайтарып жатқандарын мәлімдеген [318, п.185]. Никитиннің Қазақстанның БМСБ өкілетті өкілдігіне жолдаған құпия хатында Қарақол участкесі комендантының мәліметіне сүйеніп, қазақтардың Қырғызстанға Сартбұлақ, Күрметі, Матыкурмекті асулары ақылы өтіп жатқанын, өздері тарапынан көшіп келушілерді түгел кері қайтаруға тапсырма берілгенін, «үгіт жүргізуші байларды» тұтқындап, істерімен бірге Қазақстанның өкілетті органдарындарына беру тапсырылғанын баяндаған [318, п.186].



1931 жылдың 5 тамызында Қазақстанның 47 ауданының 27-сінен түскен мәліметтерді топтастырған қаржы халкомының есеп және статистика секторының бастығы Шаймухамедов Қырғызстанға 33595 малмен 1031 шаруашылық ауа көшкенін көрсеткен [319, п.106].

1931 жылдың 13 қазанында Фрунзе қаласындағы БК(б)П обкомы хатшысы Исакеевке І. Құрамысов қол қойған жеделхат жіберілді. Онда: «Қастек аудандық комитеті көшушілерді қайтару тапсырмасымен (өкілін) бағыттады. Осы шараға көмек көрсетуіңізді сұраймыз» - делінген [320, п.93].

Қырғызстан халық комиссарлар кеңесі төрағасы Жүсіп Әбдірахманов 1932 жылдың 25 ақпанда өз күнделігінде: «Фрунзенің қасында екінші қала – аштық пен қайыршылықтан қашқан қазақ азаматтарының киіз үйлерінің қаласы пайда болды. Бұл Филипптің жұмысының нәтижесі. Тек солай ғана ма? Маркстің жақсылап тұрып айтатыны бар: елдің капиталистік дамуы оның капиталистік ауруларымен (халық бұқарасының қайыршылануы, дағдарыс, жұмыссыздық жән басқалар) осыған келе жатқан елдердің болашағын көрсетеді деп. Қазақтардың бұл мүшкіл хәлі қырғыздардың да болашағын көрсете ме?...» - деп жазады [321, п. 70-71].

Құзырлы орындарға қазақ аштық босқындарын орналастырудың бір жолы ретінде оларды құрылыс жұмыстарына тарту болып көрінді. 1932 жылдың 2 қарашасында Ташкентте өткен БК(б)П ОК Орта Азия бюросы атқару комиссиясының Н.Э. Бауманның төрағалығымен өткен мәжілісінде «Вахш су жүйесі құрылысы жағдайы туралы» мәселе қаралған. Осы мәжілісте «БК(б)П Қырғыз обкомы мен Тәжікстан К(б)П ОК 15 қарашаға дейін Қырғызстанда 700 адам, Тәжікстанда 2500 адам жұмыс күшін жалдау және 1933 жылдың 1 наурызына дейін қоныс аударушылардың бір бөлігін Вахштегі жұмыстан босату» туралы шешім қабылданды [322, п.125].

Өкімет орындарының құпия құжаттарынан бөлек Қырғызстанға Қазақстаннан барған мыңдаған босқындар туралы ресми баспасөзде ешқандай мәлімет жарияланбады. Алайда, 1932 жылдың соңғы айларындағы партиялық баспасөзден Қырғызстанда қалыптан тыс әлдебір оқиғалар болып жатқанын білдіретін ақпараттарды кездестіріп қалуға болатын еді. 1932 жылдың 20 қарашасында «Советская Киргизия» атты БК(б)П Қырғыз обкомы, Қырғыз орталық атқару комитеті және Қырғыз АССР кәсіподақтар одағы органы саналатын газетте 15 қарашада қабылданған «Аурулар туралы ескерту шаралары туралы» Фрунзе қалалық кеңесі президиумының қаулысы жарияланды. Қаулыға Фрунзе қалалық кеңес төрағасы Жевакин мен жауапты хатшысы Чирухин қол қойған. 12 пункттен тұратын қаулы негізінен санитарлық нормалардың сақталуы туралы болған. Қаулыға сәйкес, жатақханаларға жаңадан келіп жатқан адамдардың санитарлық емдеуден өткені туралы санитарлық бақылау ұйымының анықтамасынсыз қабылдамау, келушілер тәулік және одан көп уақыт тоқтайтын қонақ үйлері мен шайханаларда күн сайын төсектер мен топчандарды санитарлық бақылау мекемесінің ұсынған дәрілермен залалсыздандыру талап етілді. Фрунзе қалалық кеңесі қаулысының 7-пункті қаладағы тоңазыту комбинаты, механикалық завод, картон фабрикасы сияқты мекемелердің

жұмысшылары тұратын киіз үйлерге қатысты болды [323, б.4]. Газет хабарламасында бұдан артық мәлімет келтірілмеген. Фрунзе қаласына көшіп келіп жатқан қазақ босқындардың киіз үйлері туралы ашық айтылмайды. Шамамен осы кезде 1932 жылдың 6 қарашасында Ж. Әбдрахмановтың «Күнделіктерінде» «Бүгін қалалық кеңес пен үкіметтің салтанатты мәжілісінде «Қырғызстан 15 жыл ішінде» деген тақырыпта баяндама жасадым. Жетістіктер үлкен, бірақ... нансыз колхозшы және Днепрогэс, қайыршы қазақ және Магнтогорск және т.б. т.б. үйлесімділік...» - деп жазды [89, б.188]. 11 қарашасындағы күнделік парағында Ж. Әбдрахманов: «М. мені қазақтар үшін тілдейді. Қазақтардың босқындығының және т.б. себептері оларда «ақымақ» адамдар бар болғанымен емес, алайда...басқа кезде жазамыз, жаңа концепция тұсында не болатынын» - деп көрсеткен [89, б.189].

1932 жылы 17 сәуірінде БК(б)П Қырғыз обкомы бюро мәжілісінде босқындарды Қазақстанға қайтаруға байланысты шаралар талқыланған мәжіліске Қазақстанның өкілі ретінде Ә. Жангелдин барып қатысқан. Бюро мәжілісіне Қырғыз обком хатшысы А.О. Шахрай баяндама жасаған. Талқыланған мәселе бойынша бұдан бұрын қабылданған Қырғыз Обком бюросының қазақ үкіметінің уәкілетті уәкілдеріне Қырғызстанға босқандардың қайтадан Қазақстанға көшуіне көмектесу туралы шешімі қуатталды. Калинин, Алашедин, Беловод, Фрунзе, Шу және Ыстықкөл аупарткомдарына қазақ үкіметінің уәкілдеріне босқын қазақтардың арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізуіне, көшушілерді Қазақстанға қайтару жұмыстарына көмектесу тапсырылды. Қырғыз КАО халкомкеңесіне қазақтарды Қазақстанға темір жол арқылы үздіксіз аттандыру үшін шаралар қабылдау жүктелді [324, п.145-146]. 20 сәуірде ауа көшушілерді орналастыру жөніндегі ҚАКСР ХКК жанындағы комиссия мәжілісінде Қырғызстаннан Ә. Жангелдиннің Қырғызстан ұйымдарының 850 центнер астық жібергені туралы жеделхаты қаралып, оған халкомкеңесі атынан «аса мұқтаждарды қамтамасыз ету үшін 850 центнер астықты алуға келісеміз, ақысының төленуіне кепілдік береміз» - деген мәтіндегі жауап жолдауға қаулы қабылданды [325, п.124].

1932 жылдың 27 қарашасында В.А. Каруцкийдің ҚАКСР Халкомкеңес төрағасы О. Исаевқа жолдаған арнайы хабарламасында 25 қарашаға қараған түнде Е. Ерназаров атындағы колхоздан 7 шаруашылық Қырғызстанға көшіп кеткені көрсетілген. Қоныс аударып кеткендер қатарында колхоз хатшысы, БК(б)П мүшесі Ахметжанов 5 адамнан тұратын отбасымен, партия мүшелігіне кандидат Изгудов 6 адамнан тұратын жанұясымен, 8 адамдық колхоз бригадирі Сузнағұловтың отбасы, бұған қоса тағы 3 колхоз мүшелері жанұясымен кеткен. Колхоздың 3 атын алып кеткен босқындар Қызылауыз деген жерде ұсталып, коммунистер тұтқындалған [326, п.78]. Қырғызстанға қоныс аударып барғандардың арасында қазақтың ұлы жырауы Жамбыл Жабаев та болған. Бұл туралы ақынның ғұмырнамасын жазған жазушы Сапарғали Бегалин: «Жамбылдың өз колхозының ішінен Қалабай сияқты өтірік белсенділер атқа мінеді...Бірнеше рет белсенділердің қармағынан ауданға барып, аман құтылып шығады. Сөйтсе де, белсенділердің асыра сілтеуінен Жәкеңнің балалары

Тезекбай, Алғадай, Қожаш, ағасының баласы Сәтіштер қырғыз ішіне кетеді. Жәкеңді де ала кетеді. Сол бетімен балаларымен бірге екі жылдай жүріп қалады.» - деп көрсетеді [327, б.160].

1932 жылдың 31 желтоқсанында БК(б)П Қырғыз обкомының мәжілісінде «Қырғызстанның аумағына қазақ азаматтардың жаппай келуі» мәселесі қаралды. Талқыланған мәселе бойынша БК(б)П Орталық комитеті Орта Азия бюросы Жайнақ Садаевке Москваға барған сапарында БК(б)П ОК-не қазақтардың Қырғызстан территориясына жаппай келіп жатқанын және олардың аса апатты жағдайын олардың арасындағы жаппай жұқпалы аурулардың таралуын, өлімнің көптігін хабарлау тапсырылды. Бұған қоса БК(б)П ОК Орта Азия бюросы Орта Азия ұйымдарына панасыз қазақ балаларына және қазақтардың өздеріне минималды мөлшерде нан бөлу жөнінде тапсырма беруін сұралды. Қазөлкекомға Қырғызстанға қазақтар мен олардың балаларына практикалық көмек көрсету үшін өз өкілін жіберуі сұралды. Қаулының тиісті бөлігі хаттамадан үзінді түрінде Қырғыз обком хатшысы А.О Шахрайдың қолымен құпия түрде жөнелтілді [328, п.23]. Жұмысшы-шаруа комиссиясы Қырғызстан облыстық тексеру комиссиясы төрағасы Ж.С. Садаевтың БК(б)П орталық тексеру комиссиясы басшысы Шикриятовтың өзіне жолдаған хатында Қырғыз АКСР-іне келіп жатқан қазақтар туралы қосымша мағлұматтар бар. Құпия хатта «жеткілікті тексерілмеген мәліметтерге» сай, қазақтардың саны 25-30 мың шаруашылықты құрайтыны айтылған. Босып келгендердің бір бөлігі құрылыс мекемелері, совхоздар мен колхоздарға кіргенімен, көпшілік бөлігі ауыр экономикалық жағдайда аш және жартылай аш жағдайда болған. 1932 жылдың күзінде босқындар Қырғызстанның егіс алқаптарынан масақ жинап күнелтіп, мал мен астық ұрлауға мәжбүр болған. Суық түсісімен, келушілердің көпшілігінің ішер асы болмағандықтан, жағдайлары мүлде ауырлаған. Қырғызстан жергілікті билігі босқындарға толыққанды көмек көрсетуге мүмкіндігі болмаған. Ж.С. Садаевтың хатында 10 мыңнан астам қазақ-босқындардың аштан өлу қатерінің алдында тұрғаны, олардың арасында ішек тифі және басқа да жұқпалы аурулар таралып жатқаны көрсетілген. Күн сайын бірнеше адам аштан өліп жатты. Ата-аналар балаларын өкімет мекемелеріне әкеліп, көшелерге тастап кетіп отырған. Қырғызстан ауыл селоларында қайыршылық, ұрлық жайлап, ауруханалар адамдарға толған [328, п.27]. БК(б)П Қырғыз обкомы республикалық бюджеттен бөлген 150 000 сом қаржыға 1,5 мың бала балалар үйлеріне және арнайы ұйымдастырылған пункттерге орналастырылған.

1932 жылдың көктемінде Қазақстанның үкіметтік комиссиясымен бірге босқындарды кері қайтару бағытында жұмыстар атқарылған. Қырғыз үкіметі қазақ босқындарға көмек ретінде 5 мың пұд астық бөлген. Бөлінген көмек қабылдау пункттері арқылы таратылған. Ж.С. Садаев өз хатында «Қазақстан тарапынан шаралардың қабылданбауы атқарылған жұмыстың әсерін жойып, кетушілердің (босқындардың) көбі қайтадан келіп алғанын» атап көрсеткен. Бұдан кейін Қазақ өлкелік ұйымдарына нақты шараларды қабылдап, босқындарға көмек көрсету туралы қырғыз үкімет ұйымдарының ұсыныстары ешқандай нәтиже бермеген. Ж.С. Садаев БК(б)П орталық тексеру комиссиясына

осы жағдайларды баяндай отырып, Одақтық үкімет бөлген 100 000 сом көмек босқындар қажеттіліктеріне жетпейтінін мәлімдеген. Жағдайды қалыпқа келтіру үшін ашыққандарға нан, материалдық көмек және белгілі бір мөлшердегі өнеркәсіп товарлары мен құрылыс материалдарын беру керектігі айтылған. Ж.С. Садаевтың айрықша сұраған мәселесі Қазақ өлкелік ұйымдарының қазақ босқындарды отанына қайтару жұмыстарға қатысуын міндеттеу болған [328, п.27 (а)].

Қазөлкеком секретариаты 1933 жылдың 9 қаңтарында «БК(б)П Қырғыз обкомы хабарларына орай, Қырғыз республикасындағы қазақ шаруашылықтарының шынайы жағдайын тексеру және Қазөлкекомға оларға көмек көрсету үшін қажетті шараларды хабарлауы үшін» Фрунзеге В. Случакты А. Избановтың қарамағына жіберу туралы қаулы қабылдады. Қаулыға Қазөлкеком хатшысы С. Голюдов қол қойған [329, п.11].

1933 жылдың 16 қаңтарында Ұ. Құлымбетов пен С. Голюдевтің Шымкент обкомы мен Қыробком өкілі А. Избановтың атын жолданған хатында Қазақ АКСР ХКК төрағасының орынбасары В. Случактың қырғыз жеріндегі қазақ босқындары туралы баяндамасына орай бірнеше практикалық іс-шараларды жүзеге асыру тапсырылды. Алдымен панасыз балаларды Қордай, Мерке, Әулиеата аудандарындағы балалар үйлеріне жөнелту көзделді. Екіншіден, Алматы, Оңтүстік обкомдары мен облатқарукомдарына Қордай, Мерке, Әулиеата аудандарында дереу тамақтандыру пункттерін ұйымдастырылып, осы пункттер арқылы өз аудандарына Қырғызстаннан оралушылар өткізіліп, оларға облыстар бөлген азық-түлік жәрдемімен қамтамасыз ету тапсырылды. Үшіншіден, обкомдарға Қырғызстанға обком және облаткомдарға қызметкерлер тобын «шаруашылықтарға 1933 жылдың 1 мамырына дейін белгіленген мөлшердегі нанмен қамтамасыз етіліп» қайтарылатыны айтылды. Төртіншіден, обкомдар босқыншылық өрістеген аудандар өз өкілдерін Қырғызстанға жіберіп, олар обком уәкілдеріне көмектесуге тиіс болды. Ал обком уәкілдеріне шаруашылықтардың тамақтандыру пункттері арқылы қамтамасыз ету және ауа көшушілерді өз аудандарына жеткізуге байланысты жеке жауапкершілік жүктелді. Бесіншіден, жеделхатта, Қырғызстаннан оралушыларды жабдықтау, тамақтандыру пункттерін қамтамасыз ету үшін 2,5 мың пұд астық және Құрманғалиев пен А.Избановтың қарауына 3 мың пұд астық және панасыз балаларды балалар үйіне жөнелту шығындарына 25 000 сом бөлінгені көрсетілген [328, п.39]. Жеделхатта көрсетілген мәселелер 1933 жылдың 17 қаңтарында ҚазАКСР ХКК-нің төрағасының орынбасары Ұ. Құлымбетов пен ХКК іс басқарушысының орынбасары М. Николаев қол қойған қаулысына сәйкес В. Случактың «Қырғызстан аудандарында топтасқан қазақ-көшушілерді алдыруды ұйымдастыру үшін ақша бөлу жөніндегі» мәселе бойынша Қырғызстан аудандарындағы ауа көшушілерді Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстарына жеткізу мақсатында ХКК резервінен 25 мың сом бөлу туралы қаулыда көрініс тапты. Босқындарды қайтаруға бөлінген қаражат Құрманғалиев пен А. Избановтың атына рәсімделді [330, п.6]. 25 қаңтарда БМСБ өкілетті өкілі орынбасары П.В. Володзьконың қаржы халкомына жолдаған қатынас хатында

16 қаңтардағы Өлкеком мен ХКК комиссиясының қаулысына сәйкес Қырғызстандағы қазақ панасыз балаларын орналастыру мақсатында ерекше броньнан бөлінген 30000 сом қаржының 15000 Қордай балалар үйіне, 10000 сомын Шымкент балалар үйіне беру шешілді [331, п.3].

Қазақтарды Қырғызстаннан қайтару жұмыстары қыс түсе де тоқтатылған жоқ. 1933 жылдың 21 қаңтарында БК(б)П Қырғыз обкомы бюросы мәжілісінде «Қазақтардың көшуін ұйымдастыру» туралы мәселе бойынша БК(б)П Қазақ өлкекомы мен халкомкеңесінің өкілі А. Избанов баяндамасында Мерке, Әулиеата, Шу, Қордай жана ішінара Қастек ауданынан келгендердің қомақты бөлігі бар екенін, олардың апатты жағдайын ескеріп, Қырғыз КАО ауаткомдарына арнайы жеделхаттың мәтіні қабылданды. Жеделхатта: «Қазақстан ауа көшушілерді өз аудандарына қайтару үшін көшпелілерді қайтару жөніндегі арнайы үкімет комиссиясын бөліп, азық-түлік қорларын құрды. Қордай, Мерке және Әулиеата аудандарында тамақтандыру пункттері мен балалар үйлері ашылып жатыр. Обком ауаткомдарды дереу қазақтардың арасында түсіндірме жұмыстары жүргізіп, отанына оралғаннан кейін олар 1933 жылдың мамырына дейін қамтамасыз етілетін контингентке қосылатынын жеткізсін.» - делінген. Бұдан өзге жергілікті өкімет орындарынан босқындарды мүмкін болғанынша көлікпен қамтамасыз ету, екі күннің ішінде босқын-қазақтардың нақты санын анықтап, атқарылған жұмыстар туралы жеделхат арқылы хабарлау тапсырылды. Қырғызстан облыстық комсомол ұйымы басшысы Рузиев, кәсіподақ кеңесі төрағасы Тоқбаев және милиция бастығы Ахметжановтарға дереу Қазақстан ХКК шешімін, көшуші-қазақтарды қайтару жөніндегі шаралары туралы кеңінен түсіндіру жұмыстарын жүргізуге міндеттенді. Теміржол басшысы Голозубовқа ауа көшушілерді қайтару жұмыстарына теміржол транспортымен үздіксіз қамтамасыз ету тапсырылды. Қырғыз обкомы бюросының осы қаулысына сәйкес теміржол бойында қайтарылатын қазақтар үшін Пішпек станциясында тамақтандыру пунктін ашу үшін бір күннің ішінде лайықты ғимарат табуды қалалық кеңес төрағасы Гусев пен темір жол бастығы Голозубовқа жүктелді. Обком қаулысында Избановтың айтуы бойынша Қазақстанға қайтарылатын барлық көшуші-қазақтар Қазақстанның есебінен нанмен және көлікпен қамтамасыз етілетіні көрсетілді [332, п.15,16].

1933 жылдың 24 ақпанында КАКСР ХКК №18 мәжілісінде темір жол станцияларында жиналған қазақ-босқындарға азық-түлік және медициналық көмек көрсету және станцияларға келгіншілер нөпірін азайту мәселесі қаралады. Мәселе бойынша қабылданған қаулыда Алматы және Оңтүстік Қазақстан атқарукомдары және ауаткомдар тарапынан темір жол станцияларындағы қазақ-ауа көшушілерге «ешқандай көмектің көрсетілмей отырғаны» атап өтіліп, мұның өзі көшушілер арасында өлім-жітімнің көбеюіне және әртүрлі жұқпалы аурулардың таралуына, сондай-ақ теміржол станцияларында қиын ахуал қалыптасуына алып келгені айтылды. ХКК төрағасы орынбасары В. Случак пен КАКСР ХКК іс басқарушысы Әндіжанов қол қойған арнайы қаулыда темір жол станциялары әкімшілігі тарапынан көп жағдайда «контрреволюциялық

ұлыдержавалық шовинизмнің көрінісімен» шендесетін теріс көзқарас байқалатыны көрсетілген. Мысал ретінде Луговое станциясы бастығы келтіріледі. Қалыптасқан ахуалға орай, Алматы және Оңтүстік Қазақстан облатқарукомдары үш күн ішінде жұмыс істеп тұрған тамақтандыру пункттері жанынан ауа көшушілерді ыстық тамақпен қамтамасыз ету үшін Үштөбе, Отар және Луговое станцияларында қосымша тамақтандыру орындарын ашу тапсырылды. Тамақтандыру пункттеріндегі асханалардың ет, балық, жеміс алу мұқтаждықтары үшін Оңтүстік Қазақстан облатқарукомына 10000, Алматы облатқарукомына 10000 сом бөлінді. Екі өңір атқару комитеттеріне осы мөлшердегі қаражатты өз бюджеттерінен де бөлу тапсырылды. Жабдықтау халкомы Н.П. Жалнинге Оңтүстік Қазақстан және Алматы облатқарукомдарына орталықтандырылмаған дайындау бойынша 10 тонна ет және жеткілікті мөлшерде жеміс бөлу де тапсырылды. Бұған қоса денсаулық сақтау халкомы Козловқа Арыс, Алматы, Луговое, Үштөбе және Аякөз пункттерінде ауру босқындарды емдеуді ұйымдастыру үшін арнайы стационарлық барактарды ұйымдастыру тапсырылды. Арнайы медпункттерді ауа көшушілер топтасуы орын алған екінші деңгейдегі станцияларда да ашу көзделді. ХКК қаулысының орындалуын бақылау жұмысшы-шаруа комиссиясы халкомы Егоровқа тапсырылды [330, п.75, 76].

1933 жылы 22 ақпанда Т. Рысқұлов басқарған қоныс аударушылар бойынша комиссияның мәжілісінде Қырғызстанға кеткен босқындарды қайтару мен орналастыру туралы Моруков баяндады. Моруков өз сөзін Қырғыз үкіметінің босқын қазақтарды орналастыру бойынша ешқандай шара қолданбады деген тезисті терістеп, үкіметтің бұл бағыттағы жұмыстарына тоқталды. «Біз қазақтардың Қырғызстанға лап қоюын 1931 жылдан көріп келеміз. Әсіресе, 1932 жылы және 1933 жылдың басында үлкен көшу толқыны болды. Қазақстанның Қырғызстанға қоныс аударғандардың саны 30000 шаруашылықты құрап, Қырғызстанның 20 ауданын қамтып отыр.» - деп мәлімдеді [333, п.13]. Моруковтың есебінде қырғыз үкіметі балалар үйлерін ұйымдастыру үшін 150 000 сом, БОАК балалар комиссиясынан алған 100 000 сом, жалпы мөлшері 250 000 сом қаржыға 2000 бала жатқызылған 6 балалар үйі салынғанын мәлімдеді. Ересек босқындар Шу алқабындағы өнеркәсіптерге орналастырылған. Қазақтардың бір бөлігі қазақ аудандарына жақын орналасқан колхоздардағы өз қырғыз туыстарында орналасқан. Моруковтың баяндауынша Сүкіл және Қарақол аудандары қазақтарға толған. Моруковтың баяндамасы үстінде залдан тыңдаушылардың бірі «Қырғызстан қазақтардың малы есебінен біршама байып қалғанын» еске салды. Моруков бұны да терістеп, қазақтар мүлде малсыз келгенін, тек киіз үйлерін әкелгенін, соңғы кезде оны да сатып бітіруге таяғанын айтты. Қазақ босқындардан 1 ғана адам жұмыс істеген, олардың отбасында 5-7 адамнан кем болмаған. Моруков Қырғыз үкіметінің БОАК төралқасына 1000 балаларға арнап 2 ауылшаруашылық колониясын салу үшін, қатаң мұқтаждық тартып отырған 10 000 ересек босқындарға көмек көрсету үшін, қосымша 3000 орындық балалар үйлерін салу үшін 900 000 сом, 30 вагон ағаш бөлуді сұрап хат жолдағанын айтты. Қазақ босқындарына өнеркәсіп

товарлары да бөлінбесе, олардың мүлде тыр жалаңаш екендіктері айтылды. Қырғызстанда аяздың түсуімен босқындардың көпшілігі өліп жатқан. Фрунзе, Қарақол қалаларындағы ауруханалар ауруларға толған. Ата-аналарынан айрылған панасыз балалардың арасында сүзек ауруы белең алған. Т. Рысқұловтың «Орналастырылмаған қазақтар қанша?» - деген сұрағына Моруков негізінен балаларды орналастырғандарын, ересектерден қанша адам жайғастырылғанын анықтау қиын екенін жеткізді. «Көктемде Қазақстанның үкімет комиссиясы құрылып, Қырғызстан аумағындағы қазақтарға көмек ретінде 5 мың центнер астық жібердік және бірқатар қазақтарды кері қайтардық.» - деп есеп берді Моруков [333, п.14]. Моруков сонымен қатар өз сөзінде Шу өзенінің алқабында 5 мыңға жуық шаруашылық қазақтар қалып отырғанын, Дворкиннің комиссиясы мәжілісінде оларды Қырғызстанмен шектесетін Қазақстанның жақын аудандарына қайтару туралы сөз болғанын, егер ондай жоба іске асатын болса, көктемгі егіс науқаны басталмай тұрып ауа көшушілерді қайтару керектігін баса көрсетті. Моруковтың сөзінше қазіргі кезде Шу алқабы «Новолубтресті» мен қант өндірісі орналасқандықтан, босқындарды онда орналастыру мүмкін емес. Т. Рысқұлов басқарған комиссия мәжілісінде сөз берілген Қырғыз АКСР ОАК төрағасының орынбасары Тұрғанбаева Қырғызстандағы қазақ босқындарының саны 35 000 шаруашылықтан сәт санап көбейіп бара жатқанын айтты. Мысал үшін орналасу жағынан Қазақстаннан барынша шалғай саналатын Қырғызстанның Кетпен ауданының өзіне 300 шаруашылық қазақтар келген. Қырғыз үкіметі қазақ босқындарды орналастыру бойынша шамасы жеткенше жұмыстар атқарып жатқанын көрсеткен Қырғыз ОАК төрағасының орынбасары мұндай көмекті бұдан ары беруге республиканың шамасы жетпейтіндігін жеткізді. Фрунзе қаласына топтасқан қазақ босқындары аштық салдарынан қарақшылыққа көшкен. Босқындардың қарақшылық шабуылына кейде жауапты мемлекеттік қызметкерлер де ұшыраған. Тұрғанбаева Қырғызсауда мекемесінің меңгерушісі Тойбаевқа аш босқындар шабуыл жасағанын мысал ретінде келтірді [333, п.17].

Т. Рысқұлов басқарған комиссияның босқындар мәселесі қаралған мәжілісінде Қазақстан тарапынан сөз алған Х. Байдәулетов Қырғызстанға жіберілген қазақ үкіметінің уәкілдерінің қызметіне қатысты түсініспеушілікке тоқталды. О. Исаевтың Қазақстан үкіметінің босқындарды қабылдай алмайтыны туралы жеделхаты белгілі себептермен жіберілгенін көрсеткен Х. Байдәулетов Қырғыз мемлекеттік жоспарлау комитетінің төрағасы В. Случак бастаған арнайы комиссия Қырғыз обкомымен орналастырылған балаларды ұстай тұру, тиісті көмек көрсету туралы келісіміне негізделген позиция ретінде көрсеткісі келген. Фрунзенің маңайындағы 7 жарым мың шаруашылық қазақ босқындарының 5 жарым мыңы мекендеріне қайтарылған, Қырғыз АКСР астанасы мен маңайында 3 мыңдай шаруашылық қалғаны туралы дерек келтірген. Қазақ үкіметін барынша ақтау сарынында сөйлеген Х. Байдәулетовтен Т. Рысқұлов босқындарды орналастыру туралы жоспар қашан қабылданғанын қатқыл түрде сұраған. Х. Байдаулетов жоспардың 1933 жылдың 3 ақпанында қабылданғанын жеткізген [333, п.22-23].

Қазақ АКССР ХКК 1933 жылдың 25 ақпанында О. Исаев қол қойған «Қырғыз жерінен босқындардың қайтып оралуы туралы» қаулысында: «1. Қырғыз жерінен босқындардың қайтып оралуы негізінен аяқталғандықтан, барлық уәкілдер жедел шақыртылып алынсын. 2. Қазақстанға қайтып оралып жатқандар Қырғызстанға ертерек кеткен және шаруасы түзелген қазақ шаруашылықтары екенін ескеріп, Түркістің директорына ендігі жерде бұл шаруашылықтардың Қазақстанға жөнелтілуін мүлде тоқтату ұсынылды.» - делінген. ХКК тарапынан мұндай шешімнің қабылдану себебі көктемгі егіс науқаны қарсаңындағы қарбаласқа байланысты екендігін айта келе, профессор Т. Омарбеков: «Бірақ, біздің қырғыз жерінде көп қазақтың қайтпай, тұрақтап қалуына мұндай шешімдер әсерін тигізбеді деп айтуға да дәлеліміз жоқ.» - деп түйіндейді [21, б. 146-147].

Қырғызстан аудандарына көшіп барған қазақтардың этникалық құрамы туралы тыңғылықты зерттеу жүргізілмеген. Батыс аудандарға көшіп келген қазақтар Сарықамыс ауылына шейін жеткен. Түп ауданын басып өткен босқындар бөлігі Ақсу ауданынан жеткен. Мұнда келген қазақтардың көпшілігі Ұлы жүздің Албан руының қызылбөрік аталығына жататындармен бірге Шағаман, Маржа, Сапы, Байыс, Қаракісі, Қаракүрсақ, Бердіқожа, Қылшеттік, Әжібай, Құдакелді, Аққыстық руларын құрады [334, б.30-31].

РКФСР ХКК төрағасының орынбасары Т. Рысқұловтың 1933 жылдың 9 наурызындағы И. Сталинге жазған хатында «Фрунзе қаласы мен оның төңірегіне 10 мыңға жуық қазақтың ауып келгенін (бұл жөнінде БК(б)П Орталық Комитетіне және БК(б)П Қырғыз облыстық комитетіне жазылған) және олардың арасынан күн сайын 15-20 адам (әсіресе, балалар) өлетінін Туғанбаев (Тұрғанбаева – Е.С.) жолдас (Қырғызстан Орталық Атқару Комитеті төрағасының орынбасары) хабарлады» - деп көрсеткен [328, п.138 (а)].

Аш-жалаңаш қазақтардың Қырғызстанға барған нөпірі туралы ішінара партиялық органдар қарапайым қызметкерлерінің жоғары саяси билікке жолдаған хаттарында да көрініс тапқан. 1933 жылдың наурыз айында Ыстықкөл ауданының № 54 жылқы заводы революцияға дейінгі қозғалыстар тарихы оқытушысы ретінде штаттағғы үгітші қызметін атқаратын Бейше Тұрысбаев И. Сталиннің атына хат жолдаған. Хат: «Иосиф Виссарионович! Сізден революция, партия, мемлекет, таптар, жетекшілік, индустрияландыру, ұлт, экономика және ұжымдастырудан бөлек төмендегідей ұсақ-түйек сұрақтардың жауабын білуге рұқсат етсеңіз...» - деп басталған. Хатта бірінші сұрақ төмендегіше қойылған: «Қырғызстанға Қазақстаннан қаптаған аш, жалаңаш, аштықтан қырылған қазақтардың теңдессіз ағыны, нан бағасының өсуі (ұнның пуды 240 сом), қырғыздардың келіп жатқан қайыршыларға жаулық көзқарасы (бұл неге?)» [335, б. 165]. Б. Тұрысбаевтың хаты бойынша жауап ретінде осы жылдың күзінде Ыстықкөл аупарткомы тексеру комиссиясы хат иесіне қатаң сөгіс берді. 1934 жылдың қаңтарында VII облыстық партиялық конференцияда сөйлеген Таукин Б. Тұрысбаевты партиядан шығаруды талап етті. Кейінірек хат иесі репрессияланып, атылған [335, б. 166-167].



Қазақ босқындарының үлкен ағынына тап болған Қырғызстан үкімет орындары мәселенің мәнісіне бойлап, шешуге талпыныс жасады. Осы мақсатта 1933 жылдың 17 наурызында Қырғызстан ХКК № 132 «Қырғызстан аумағындағы қазақ ауа көшушілері туралы» қаулы қабылдады. Қазақ босқындарды орналастырудың бастапқы жолы ретінде Су жүйесі құрылысына жұмысшылар жалдағанда бірінші кезекте қоныс аударушыларды қамту таңдалды. Совхоз трестер мен өнеркәсіп орындарына қазақтарды жұмыстан босатпау, маусымдық жұмыстарға жұмысшылар алғанда қазақтарды бірінші кезекте алу ұсынылды. Еңбек халкомына Вахш су жүйесі құрылысына да жұмыскерлер алғанда бірінші кезекте қазақ қоныс аударушылардан алу ұсынылды. Қаулының 5-пункітінде Қырғыз Қызыл крест ұйымы мен ОАК жанындағы балалар комиссиясына қамтылатын аудандар мен контингентті анықтап, материалдық шығындарды есептеу арқылы қазақ панасыз балаларынан колония ұйымдастыру шаралар тізбесін РСФСР қазақ қоныс аударушыларын орналастыру жөніндегі комиссиясына жіберу тапсырылды [336, п.98]. Қырғыз АКСР еңбек комиссариаты кадр қызметі бастығы Супруненконың 1933 жылдың 5 сәуірде Ж. Әбдірахмановқа жолдаған мәліметтеріне сәйкес, Вахшқұрылысқа Талас, Рыков, Беловод, Калинин және Қарабалта аудандарынан 1000 босқын қазақтарды жалдауға рұқсат етілген. Вахшқұрылыстың жұмысшылар жалдау бойынша өкілі келмегендіктен, бұл аудандардан 1500 адам жиналған. Ал Скотоводтрест мекемесіне Жалалабад, Накат, Қаракол және Ыстықкөл аудандарынан 100 адам жалдауға тапсырыс берілген [336, п.126].

Қырғыз үкіметі басшысы Жүсіп Әбдірахманов осы кезде қазақ босқындарының тағдырын жеңілдетуге бел шеше кірісті. Арып-ашып келіп жатқан аштық босқындарына қырғыз жерінде қысым көрсету фактілеріне де Ж. Әбдірахманов араласып, тыйым салып отырған. Осы жылдың 27 наурызында Ж. Әбдірахманов Шу аудандық атқау комитетіне жолдаған жеделхатында «Сіздің ауданда қазақ ауа көшушілерді қуу және мүлкін тартып алу туралы мәліметтер түсіп жатқанын» ескертіп, оған қазақ босқындарға қысым көрсетуді тоқтату және оларды совхоздар мен құрылыста жұмысқа орналастыру және еңбекке тартылғандарын босатпау жөніндегі жеке жауапкершілігін ескертті [336, п.99].

Қазақ АКСР ХКК іс басқарушысы Әндіжановтың РКФСР ХКК іс басқарушысына 23 сәуір 1933 жолдаған құпия хатында: «10 сәуірдегі ақпарат бойынша РКФСР ХКК-нің 13 наурыз 1933 жылғы 3000 шаруашылықты қабылдау туралы қаулысы асыра орындалып, Қырғызстанның, атап айтқанда, Шу алқабынан Қазақстанның оңтүстік облыстарына 3476 шаруашылық қабылданып, орналастырылды.» - делінген. Әндіжановтың хатында Қырғызстан аумағында қалған 2000 шаруашылықты орналастыру әлі де түпкілікті шешілмегені көрсетілген. Әндіжанов, сондай-ақ, Қырғызстандағы өнеркәсіптер мен балалар үйлерінде 500 бала орналастырылғаны туралы ақпарат бар екенін айтады [337, п. 28]. Қырғызстан Халкомкеңес төрағасы Ж. Әбдірахмановтың 1933 жылдың 2 сәуір күнгі Т. Рысқұловқа жолдаған жеделхатында: «Қазақтардың Қырғызстан аумағына келуі жалғасып жатқанын ескеріп, Қазақстан үкіметін қазақтардың бұдан әрі Қырғызстанға көшуіне жол бермеуін

міндеттеуіңізді сұраймын» - делінген [337, п.71]. Осы күнгі Қырғызстан халкомкеңесі қаулысында жол халкомын Түрксіб дирекциясын қазақ босқындарын Қырғыз АКСР аумағына тасымалдауды тоқтатуды міндеттеу сұралды [336, п. 62].

Қырғызстанға Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңірінен босып барған босқындардың статистикасын толықтыратын мағлұматтар қырғыз аудандарынан түскен мәліметтерде көрініс тапқан. 1933 жылдың 16 ақпанында Ж. Әбдірахмановтың Қырғызстанның барлық ауаткомдарына жолдаған жеделхатында «РСФСР ХКК тапсырмаларына орай Қырғызиядағы қазақтарды өнеркәсіп жұмыстарына, сохвездарға, колхоз ұйымдастыру арқылы орналастыру жоспарын жасау үшін» ауа көшіп келген қазақ шаруашылықтарының саны жөнінде және қанша шаруашылық жергілікті өнеркәсіп, совхоздарда жайғастыру мүмкіндігі бар екені туралы мәлімет жіберу тапсырылды [336, п.97]. Қырғызстан ХКК тапсырмасына орай аудандардан ауа көшіп келген қазақ шаруашылықтар саны туралы мәліметтер түсіп жатты. Жинақталған сандық мәліметтерге сәйкес, 5 сәуір 1933 жылға қарай Беловод ауданындағы 12 ауылкеңестер мен 2 совхоздарға 490 шаруашылық келіп, олардан 102 адам жұмысқа орналасқан [336, п.115]. Төтенше уәкіл Тойчыбаев жолдаған 1933 жылдың сәуіріндегі мәліметке сәйкес, Рыков ауданы бойынша қазақ босқындарының саны 3000 адамды құраған. Олардың 2000 колхоздарға мүше болған. 200 панасыз балалар орналастырылған 4 балалар тамақтандыру пункті ашылған. 200 еңбекке жарамды босқын шығатын 600 адамдар тобы совхоздарға орналастырылған. Рыков ауданының орталығы Александровка селосында 100 адам сиятын балалар үйі ұйымдастырылған [336, п.124]. Шу аудандық атқару комитеті бұл ауданда совхоздарға 200 шаруашылық қазақ босқындары жұмысқа орналасқанын хабарлаған. Тоқмақ қаласында 167 босқын балаларды тамақтандыру пункті ашылып, ересектерге арналған пункт жарақтандырыла басталған. Ауатком төрағасы Рогожников Шу ауданында 1000 қазақ босқындар бар екенін хабарлаған [336, п.116, 116 (а)]. Қызылжар аупартком хатшысы Сергеев Ж. Әбдірахмановтың атына 7 сәуірде жолдаған жеделхаты арқылы ауданға келген 90 қазақ шаруашылығының 50-і Кетпентөбеде келісім бойынша жүк тасымалдаумен айналысып, қалғандары да әр жерде осы кәсіппен шұғылданып жатқанын жеткізген [336, п.121]. Араван-Бөрі ауданына да 110 шаруашылықтың 35-қалада, 45- тасымал саласында орныққан. 7 бала балалар үйіне тапсырылған [336, п.119].

Әбден ашыққан қазақтар кез келген жолмен азық-түлік табуға көшіп, ең алдымен ұрлық жасап жатқаны», «жолдастарының өліп жатқанын көрген аш адамдардың аштан өлмеу үшін неге болса да баруға дайын болған» адамдарды соттау мүмкін емес екені туралы Рыков ауданынан аупартком хатшысы Зайцевтің Ж. Әбдрахмановқа 1933 жылдың 3 сәуірінде жолдаған баяндамасында көрсетілген. Зайцев босқындардың мүлде қарақшылық жолға беттемегенін, тек мал, азық-түлік, колхоз бен жеке шаруалардың қамбаларындағы ұрықтық астықты ұрлап, алқаптарға егілген картопты қазып алумен айналысатынын тізбелеген [338, п.11].

Қырғыз халкомкөнесіне аудандардан түсіп жатқан мәліметтер Ж. Әбдірахманов тарапынан жинақталып, РСФСР ХКК төрағасының орынбасары Т. Рысқұловқа жолданаған 1933 жылдың 16 сәуіріндегі арнайы жеделхатында Ж. Әбдірахманов Т. Рысқұловқа 2600 қазақ босқынның нақандық жұмыстарға жалдау шешілгенін хабарлаған. Бұған қоса Ж. Әбдірахманов Т. Рысқұловқа әбден ашыққан әлсіз босқындарды бірден жұмысқа орналастыру мүмкін еместігін көрсетіп, Ташкент пен КСРО ХКК алдында ашыққан қазақтарға астық қорын беру туралы мәселе көтергенін, осы мәселеде Т. Рысқұловтың одақтық үкімет алдында қолдау көрсетуін сұраған [338, п.11]. Қайраткерлердің екеуара бастамасы аяқсыз қалмағанын 17 сәуірде Т. Рысқұловтың Ж. Әбдірахмановты Кеңес Одағы ХКК тарапынан 120 тонна тары бөлінгенін және 1000 қазақ панасыз балалары орталықтан қамтамасыз етілетінінен хабардар еткенінен көруге болады. Қалған қазақ балаларын қамтамасыз ету жергілікті бюджетке тапсырылған [338, п.23].

Қырғызстанның аймақтарынан ағылып келген қазақ босқындары туралы мәліметтер Ж. Әбдірахмановтың атына толассыз түсіп жатты. 20 сәуірде Талас ауаткомының төрағасы Лобнер Дмитриевка селосынан Фрунзеге жолдаған жеделхаты арқылы ауданда 1000 қазақ босқындарының шаруашылығы есептелгенін, орналастырылған шаруашылықтар мүлде жоқ екенін хабарлаған [336, п.107]. Қазақ босқындары үшін тамақтандыру пункттерін ашу жұмыстарына барлық мүмкіндіктер жұмылдырылды. 1933 жылдың 20 сәуірінде Ж. Әбдірахманов республиканың еңбекпен түзеу мекемелері басқармасының бастығынан Первомайск селосында орналасқан түрме барактарын ашыққан қазақтарға тамақтандыру пункт ашуға беру туралы ұсыныс хатпен шыққан [336, п.71].

Ж. Әбдірахмановтың ұсынысымен 1933 жылдың 21 сәуірінде Қырғыз АКСР ХКК-нің ауа көшуші қазақтарды орналастыру жөніндегі комиссия төрағасының орынбасары ретінде Е. Жоламановқа осы мақсатқа бөлінген қаржының жұмсауды тапсыру туралы үкімет қаулысы қабылданады [336, п.73]. Зерттеуші З. Құрманов Қырғыз АКСР-нің бірінші ішкі істер халкомы, юстиция халкомы қызметін атқарған ұлты қазақ Ескендір Жоламановқа қандас бауырларын құтқару бойынша маңызды міндет жүктелгені кездейсоқ болмағанын жазады [339, б.121].

Қалыптасып отырған жағдайға байланысты Қазақстан үкіметінің босқындардың тағдырына қатысты позициясы құбылмалы болды. Қазақстан үкіметі алғашында босқындардың керу қайтуын емес, сол барған аймақтарда орнығуын жақтады. 1933 жылдың 9 мамырда ҚАКСР Халкомкөнес төрағасы О. Исаев КСРО ХКК төрағасы М. Молотовқа жолдаған құпия хатында осыны негіздеген. Хатында Қазақстанға көп мөлшерде қоныс аударушылардың Өзбекстан, Қарақалпақстан, Қырғызстан және Оралдан оралып жатқанын, өз кезегінде бұл жағдай қазақтар барған өлкелердің басқарушы органдарының қоныс аударушыларды орналастыруға қатысты ешқандай шара қолданбауынан туындап отырғанын көрсетеді. Босқын шаруашылықтар Қазақстаннан кеткенде белгілі мөршердегі малы, басқа да мүлкі болғаны, ал кері оралғандарында ешбір

малсыз, жаяу келіп жатқанын айтады. «Біз үшін бұл шаруашылықтарды кері Қазақстанға қабылдау немесе қабылдамау мәселесі принципті түрде тұрған жоқ. Біз оларды мүмкіндікке байланысты өзімізде орналастыруға тырысамыз. Өлкенің ішінде және басқа өлкелерден оралушы қоныс аударушылардың көп мөлшерде болуы біз оларды қабылдауға күшіміз бен материалдық ресурсымыз мүлде жеткіліксіз деген қорытындыға келіп отырмыз. Мұндай жағдайда кері оралып жатқан қоныс аударушылар өте қиын жағдайға түсіп, сол арқылы егін егу және егін жинау науқандарын қиындатып отыр.» - деп сипаттайды О. Исаев [337, п.61]. Осы негізде О. Исаев РКФСР үкіметін қазақ қоныс аударушылар бар Қазақстанмен көршілес өлкелер мен облыстар басшылығына, ең алдымен Орта Азия республикаларына босқындарды орналастыру және олардың көп мөлшерде Қазақстанға оралуын болдырмауды міндеттеуін сұраған. О. Исаевтың хатына 25 мамыр 1933 жылғы КСРО ХКК іс басқарушысы И. Мирошниковтың атынан жолданған жауапта: «Молотов жолдастың тапсыруымен хабарлаймын: Сіз көтерген қазақ қоныс аударушыларын Қазақстанмен іргелес облыстар мен өлкелерде орналастыру туралы мәселе ХКК мәжілісінде қаралмайды.» - делінген [337, п.28]. Бұл жауап О. Исаевтың ұсынысы орталық үкімет тарапынан қабылданбағанын көрсетеді.

Қырғызстанға ауып барған қазақ шаруаларын қайтару мәселелері бойынша Қазақ үкіметі Қырғызстан жетекшілерімен үнемі хат алмасып отырды. 1933 жылдың 21 сәуірде Л. Мирзоян мен О. Исаевтың А. Шахрай мен Ж. Әбдрахмановқа жолдаған жеделхатында БМСБ мәліметтері негізінде Фрунзе қаласының Пішпек станциясында жұмыстарға жалданған делінген 600 босқын қазақтар топталып, ауыр жағдайда қалғанын «контрреволюциялық арандату» деп бағалаған [338, п.32]. Қазақ үкімет басшыларының уәжіне келесі күні жолдаған жауап жеделхатында Ж. Әбдірахманов: «Пішпек станциясында қазақ ауа көшушілерінің топтасуы БМСБ мәліметіне қарағанда кеше Құрамысовтың шақыруымен Алматыға кетіп қалған Алматы обкомы уәкілі Жукович дегеннің жұмысының нәтижесінде орын алған.» - деп түсіндірген [338, п.33].

Қырғызстан үкімет мекемелері әр кез қазақ босқындарының саны туралы мәселеге жіті назар аударып отырған. 1933 жылдың 8 мамырында Ж. Әбдірахмановтың атына Қырғыз АКСР аудандары бойынша қазақ босқындарының саны туралы анықтама әзірленген. Дайындаған адамның аты оқылмайтын архив құжатында Талас және Аламедин аудандарындағы қазақ босқындарының мүшкіл хәлі баяндалған. Талас ауданында аудандық өкімет орындары 629 қайыр тілеуші ерлер мен 497 әйелдер бар екенін анықтаған. Балалардың санын анықтау мүмкін болмаған. Асуларда қаза тапқан шамамен 800-ге жуық қазақ босқындарының мүрдесі жатқаны анықталған. Дмитриевка селосы маңында күніне 15-20 босқындар өлігі жиналады. Адам мүрделерінің қалдықтары адам жеу көріністері орын алғанынан хабар береді. Аламедин ауданының Пішпектің маңайындағы Шалақазақ мекенінде қазақтардың өлімі жиілеп кеткен. Қазақтардың үнемі арлы-берлі көшу қозғалысының себебінен олардың Қырғызстандағы нақты санын анықтау мүмкін болмаған. Белгісіз автор есептеген анықтамаға сәйкес Қырғызстандағы қазақ босқындарының мөлшері

төмендегіше есептелген: Нарын – 190 шаруашылық, Қарақол – 180 шаруашылық, Ыстықкөл – 500 шаруашылық, Балықшы – 227 шаруашылық, Калинин – 300 шаруашылық, Базарқорған – 700 шаруашылық, Қызылқия – 365 шаруашылық, Араван-Бура – 300 шаруашылық, Қызылжар – 200 шаруашылық [338, п.40-41]. Көрсетілген анықтама бойынша жалпы саны 2965 шаруашылық қазақ босқындары анықталып, бір шаруашылықтағы адамдар санын орта есеппен 4 адамнан есептегенде 11860 адам есептелгенін көруге болады. Әрине, бұл Қырғызстанға босқан қазақтардың нақты саны деу мүмкін емес.

### **3. 1932-1936 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ӨңІРІНДЕГІ БОСҚЫНШЫЛЫҚ ЖӘНЕ КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ САЯСАТЫ**

#### **3.1 Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы аштық босқыншылығы және оның демографиялық зардаптары**

Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңірінде шаруалардың күштеп ұжымдастыру, мал-мүлікті қоғамдастыру, дайындау науқандарынан әбден титықтаған Жетісу шаруаларының ашығу көріністері 1931 жылдың бас кезінен бастап ашық байқала бастаған. БМСБ Қазақстандағы өкілетті өкілдігінің 1931 жылдың 23 наурыздағы Ф. И. Голощекинге, жұмысшы-шаруа инспекциясы төрағасы А.Я. Фектар, ХКК төрағасы О. Исаевқа жолдаған хатында бұрынғы Алматы округінің Сарқан ауданында «жергілікті өкіметтің астық дайындау науқанында халықтың кедей-орташа бөлігінің азық-түліктерін тартып алу арқылы жасаған жаппай асыра сілтеулері» нәтижесінде азық-түлік жетіспеуі байқалып отырғанын көрсеткен. Атап айтқанда, 15 ақпанда Осиповка селосында кедейлер мен орташалардан 15 шаруа ауылкенеке келіп: «Нан бермейтін болсаңдар, қоймалардың құлыптарын бұзамыз, бізді атып тастандар» - деп мәлімдеген. Николаевка селосында 50 жанұя астық беруді сұрап, ауылкенеке арыз түсірген. Осыған ұқсас көріністер Лепсі қаласы, Черкасск селосы, Герасимовка селосында да байқалған. Таяп келе жатқан алапат аштықтың алғашқы белгілері туралы мұндай ақпараттарды БМСБ «тиісті шаралар қабылдау үшін жедел ақпарат» түрінде беріп отырғанын көрсеткен [340, п.15]. 1931 жылдың қазан айынан бастап қуаңшылық болған аудандарда азық-түлік жетіспеушілігі көрініс бере бастады. БМСБ 1932 жылдың 1 сәуірінен ерте емес Одақтың аудандарының саяси жағдайындағы теріс көріністер туралы арнайы ақпарында 1931 жылдың қараша-желтоқсан айларында аштық белгілері 7-10 ауданды қамтыса, 1932 жылдың қаңтар мен ақпанның бірінші жартысында ашыққан аудандар саны 33-ке жеткен. Көрсетілген 33 ауданның ішіндегі 10 аудандағы ахуал тіпті ауыр болды. Толық емес мәліметтер бойынша 32 ауданда аштық белгілері қатты білінген 232 пункт болған. 1931 жылдың желтоқсанынан 1932 жылдың 10 наурызы аралығында 1212 аштан өлу, 4304 аштықтан ісіну фактілері тіркелген. Аштан өлгендердің көпшілігі колхозшылар болған. Бұрынғы Алматы округінің Қаратал ауданында колхозшы шаруалардың тұтас жанұясымен аштан өлген оқиғалары кездескен. 1931 жылдың аяғынан 1932 жылдың басы аралығында аштық салдарынан ортақтастырылудан қалған малдардың сойылуы үдеп кетті. Қаратал ауданында 1931 жылы болған 6731-жылқы, 30-өгіз, 625-түйе, 7188- ірі қара, 4617-қойдан 338-жылқы, өгіз мүлде жоқ, 85-түйе, 38-ірі қара, 677-қой ғана қалған. Шелек ауданында 102 колхозшылар жанұясы аштыққа ұшыраған. Аштықтың салдарынан Еңбекшіқазақ, Қастек, Ақсу аудандарында колхозшылардың 70-80%-ның колхоздан кетуі байқалған. Бір ғана Балқаш ауданындағы 1500 шаруашылықтың 1114-і кетіп қалған [321, б.80]. Аштыққа ұшыраған 33 ауданның шаруалары ет дайындаумен айналысатын

«Союзмясо» мекемесі базаларына 101 мәрте шабуыл жасаған. Ашыққан шаруалар астық беруді талап етіп, ортақтастырылған малға, астық қоймаларына шабуылдап, ондағы мал мен астықты таратып алған фактілері жиілеп кеткен. Шаруалардың ірі бас көтерулері «Союзмясо» мекемесінің мал сою орындары орналасқан Түркісіб бойындағы аудандарда болған. Қасап орындарынан 100 мың сомның ет өнімдері тоналған. Қасапханға шабуылды 400-500 адаммен көптеген топтар жасаған. Қаратал ауданында балта, кетпенмен қаруланған 2000-дай шаруалардың «Союзмясо» мал дайындау пунктіне шабуылы болған. Көктемгі егіс науқаны жоспары қалыптасқан жағдайға сәйкес емес қабылданған. Аштықтың кесірінен жұмыс күштерін жою салдарынан кей жерлерде ат, өгіздердің 50%-дан асатын саны қалған. Қаратал ауданында 5970 жұмыс малының 1885-і ғана, Еңбекшіқазақ ауданында 5379-дың 1885-і ғана қалған. Ал Талдықорған ауданында 4 колхозында ортақтастырылған сиырлар талап алынған [341, б.80].

«Мал шаруашылығының дамуы, жау элементтердің мал шаруашылығы саласындағы бүлдіру жұмыстарының формалары мен әдістерін сипаттайтын материалдарға шолу» атты ПХК дайындаған құжаттағы толық емес мәліметтер бойынша 1930 жылдан 1931 жылдың маусым айына дейін Қазақ АССР-нен тұрғылықты мекенінен 281 230 шаруашылық ауа көшсе, оның 83 000 Батыс Қытайға және Ауғанстанға кеткен. Алматы обысы аумағынан кеткен босқындар саны 51 198 шаруашылықты, Шығыс Қазақстаннан кеткендер саны 35 733 шаруашылықты құраған. ПХК-нің осы анықтамасында 1930 жылы сыртқа кеткен халық саны 317 373 адам, 11 904 900 бас мал болса, 1931 жылы 754 888 адам мен 20 935 924 бас мал кеткен. БМСБ өкілетті өкілдігінің 1932 жылдың 8 мамырдағы мәліметтер бойынша аштық республиканың 42 ауданын шарпып, 309 поселка-ауылдардан 2730 аштан өлу, 6826 аштықтан ісініп кету, 210 аштықтан экцесс орын алған. 1929-1931 жылдар аралығында Қазақ АССР аумағынан шекара учаскесі арқылы 17014 шаруашылық 285 207 бас мал алып өткен. Үржар ауданында 1000 шаруашылық, Лепсі ауданында 3000 шаруашылық Қазақстанның ішкі аудандарынан Батыс Қытайға өтіп кету үшін келгендер ұсталған. 50 шекара отряды заставалары арқылы 650 кедей шаруашылық аштыққа байланысты шекара бұзбақ болғандықтан ұсталған. Шекара аумағында босқыншылық ұйымдастырушылар қатарында жекелеген аудандық партия және кеңес басшы қызметкерлері болған. 1932 жылы Зайсан ауданында аудандық прокурор Жанин, халық соты Оспанов, тергеуші Тәңірбергенов және ауылкеңес төрағасы Қалқашев басқарған 17 адамнан тұрған Батыс Қытайға ауа көшушілікті ұйымдастыруды мақсат еткен контрреволюциялық топ ұсталған. Ал Көкпекті ауданында ауылдарда батыс Қытайға көшіп кетуге үгіттеген құрамында ауатком төрағасы Садықов, бақылау комиссиясы төрағасы Текановтер бар контрреволюциялық ұлтшыл топ ұсталған. Тарбағатай ауданында Әбділдабеков деген адам басқарған шекарадан өткізу мен контрабанданы ұйымдастырушы топ 1931-1932 жылдары 50 ірі байларды мал-мүлкімен шекара асырды деп айыпталып, ұсталған. Шекараның ар жағынан басқарылған деген Есінжаровтың тобы «Союзмясо» базаларын талқандап, 300 ірі қара, 2000 ұсақ малды айдап

әкеткен. Бұл топтың құрамында 12 КП (б) мүшесі, 1 партиячейка хатшысы, 3 колхоз төрағасы және 2 ауылкеңес төрағалары болған. Сарысу ауданында жаппай босқыншылық, аштық, малды қыру және айдап әкету көріністерін туғызған асыра сілтеу салдарынан бірнеше жүз мал басы қалып, 13 ауылда мал мүлде қалмаған [342, п. 25,26,27].

1930-1932 жылдардағы босып кеткен халық саны мен мал басының мөлшерін төмендегі кестеден көруге болады [342, п. 28] :

Жылдар	Кеткен халық саны	Алып кеткен мал саны
1930	317 373 адам	11, 904,900 бас
1931	754 888	20, 935, 924
1932	769, 160	3, 676, 682
Жалпы саны	1, 831,441	35, 316, 406

Профессор Т. Омарбеков архив деректерінде ашаршылық құрбандары мен босқыншылыққа ұшыраған халық саны бірге көрсетілетінін атап көрсетіп, халық санының ашаршылық себебінен кему деңгейін анықтау үшін, алдымен босқыншылыққа ұшырағандарды бөлек есептеу керектігіне назар аударған. Тарихшы пайдаланған әртүрлі сандық көрсеткіш түрінде кездесетін шашыраңқы деректер жоғарыда ІХК әзірлеген шолудағы деректерге жуық екенін көруге болады. Т. Омарбеков Қазақстан халқы 1930-1931 жыл маусымы аралығында 759 мың адамға, 1931-1932 жылдары 1 миллион 887 мың адамға, 1932-1933 жылдары 733 мың адамға, барлығы 3 миллион 379,5 адамға кеміген көрсеткен. Мұның ішінде көрші республикалардан Қазақстанға қайтпай қалғандар саны 300 000 нан астам адам. 1934 жылғы 1 қаңтарына қарай Қазақстанның шаруашылық, өндіріс орындарын орналастырылған босқындар 628, 2 мың адам (139,6 мың шаруашылық) болған. Т. Омарбеков Левон Мирзоянның 1933 жылы 23 наурызда И. Сталин мен В. Молотовқа жолдаған хатында босқыншылыққа ұшырағандар санын 300 мың (90 мың шаруашылық) деп көрсеткенін келтірген [50, б. 48-49].

1933 жылы 9 наурызында Т. Рысқұловтың И. Сталинге жазған хатында «Балқаш ауданындағы 60 мың халықтың (жергілікті БМСБ -нің мәліметі бойынша) 12 мыңы көшіп кеткен, 36 мыңы қаза тапқан, сонымен 12 мыңы ғана қалғаны көрсетілді [343, б.61].

Қазақстан Орталық Атақру комитетінің төрағасы Е. Ерназаров 1930 жылы 21 сәуірде Ф. Голощекинге жазған хатында Балқаш ауданында осы жылдың 1 қаңтарына қарай 97 мың қой, 42 мың ешкі, 30 мың ірі қара, 60 мың жылқы, 1200 түйе бар екенін көрсеткен [344, п.115]. Арада екі жыл өткенде 1932 жылдың 15 сәуірінде Балқаш аупарткомының инспекторы Чагиров орталыққа жолдаған хабарламасында 1931 жылы ауданда 25863 жылқы, 1814 түйе, 18483 ірі қара, 26766 қой, 17831 ешкі болса, 1932 жылы есепке алынған малдан бар-жоғы 2101 жылқы, 431 түйе, 666 ірі қара, 1841 қой, 1230 ешкі ғана қалғанын көрсеткен [345, б.158].



Теміржол ұйымдарының хаттарында теміржол маңындағы босқындардың толқыны көбейгені айтылған. Теміржолдың № 1 қолданысқа беру ауданы бойынша Қазөлкекомға және басқа да партия ұйымдарына жолданған «1 қолданыс ауданындағы ауа көшушілік пен панасыздар туралы» шамамен 1933 жылдың бастапқы айларында әзірленген құпия баяндамада Қайрақты теміржол айрығынан Семейге дейінгі теміржолдан 40-100-150 шақырым аралығында орналасқан қазақ тұрғындары мен колхоздарының «нан жетіспеушілігін» бастан өткізіп отырғандықтан, түпкірдегі пункттерден ауа көшіп, Семей, Шар, Жалғызтөбе, Аякөз, Таңсық, Матай, Лепсі және Молалы станцияларына топ-тобымен келіп жатқаны хабарланды. Станциялар қаңғыған босқындарға толған. Кейбір станцияларда босқындар жүздеп саналған. 1931 жылдың желтоқсаны мен 1932 жылдың қаңтарында Семей, Аягөз станцияларында 2500 адам босқындар мен панасыздар топтасқан. Басқа жоғарыда аталған станцияларда 800-1000 адамға дейін орнығып, босқындар арасында іш сүзегі ауруы өршіп, жұқпалы ауру мен аштық себебінен адам өлімі көбейген. 1932 жылдың қаңтарында Қазөлкеком мен үкіметтің ауа көшушілікпен күрес бағытындағы шаралары аясында ауыл және колхоз шаруаларын азық-түлікпен қамтамасыз ету қолға алынғанының арқасында босқындар ағысы бәсеңдеген. Соған қарамастан босқындар саны 1000 адамның көлемінде болған. Босқындар көбіне станциялардағы туыстарының үйіне, асханалар мен теміржол станцияларына түнеп, түнде көмір, отын ұрлаумен айналысқан. Аягөз станциясында босқындар жүк вагондарынан товарлар ұрлап, оны жергілікті базарларда сатқан. Аякөзде босқындар тарапынан асхана, нан пісіру орындарында, сауда нүктелері мен буфеттерде қайыршылық, ұрлық-қарлық үдеп кеткен [328, п.34]. Теміржол жауапты қызметкері Гарюнов әзірлеген құпия баяндамада, сондай-ақ, қамтамасыз етудің мүмкін болмағандығынан темір жол жұмысшыларын қысқарту кәсіби біліктілігі жоқ, қара жұмысқа тартылған қазақтардың есебінен жүргізіліп жатқаны көрсетілген. Бұл мәселенің төңірегінде түрлі алыпқашпа антикеңестік көңіл күй қалыптасқаны баяндалды Гарюновтың құпия хатында теміржол партия ұйымдарының басты назары станцияларды «ауа көшушілер мен панасыздардан тазартуға аударылғанымен» түйінделген [328, п.35,36]. Гарюнов Аякөз арқылы өткізіліп жатқан ұсталған қытай әскерлеріне және ашыққан қазақ босқындарына қатысты әртүрлі антикеңестік көңіл күйдегі әңгімелер айтылып жатқанын көрсетеді. Сондай әңгімелердің бірінің мазмұны төмендегіше болған: «Қазақтар шыбын сияқты қырылып жатыр – өлексе құсап құлап жатыр. Мұның бәрі Кеңес үкіметі нан мен етті шетелге сатуда, біздің көз алдымызда 20 мың қытай әскері өтіп жатыр, әлі де 30 мың әкеледі екен. Олар біздің нанымызды, етімізді, күрішімізді жеп жатыр, біздің жұмысшылар мен қазақтар ашығуда» [546, п. 6 (а)].

Шығыс облысының обком хатшысы М. И. Стакунның 1933 жылдың 26 наурыздағы Л.И. Мизоян мен В. Случакқа жолдаған құпия баяндамасында Семей қаласында 1584 адамға арналған тамақтандыру пункті ұйымдастырылғаны көрсетілген. Осындай тамақтандыру пункті әртүрлі аудандардан өз бетімен Жарма ауданының Жалғызтөбе станциясына шоғырланған 295 босқынға қызмет

көрсеткен. Жалғызтөбе станциясына Алматы облысының Шыңғыстау, Шұбартау аудандарының, Жарма ауданының күнкөріс жағдайы нашарлаған ауылдарының тұрғындары жиналған [328, п.148].

Қазақстанда аштық апаты қамтып тұрған 1932 жылы партиялық-үгіт аппараты И.А. Зверяковтың «Көшпенділіктен социализмге» - деп аталатын еңбегін БК(б)П Қазөлкеком хатшысы И.М. Құрамысовтың алғысөзімен жарыққа шығарды. «Қазақстанда біздің алдымызда мал шаруашылығы саласында айрықша маңызды және жауапкершілікті міндеттер тұр. Бай-кулактардың бүлдіру әрекеттері біздің отарымызға қандай залал келтіргені баршаға аян. Сондай-ақ, көрсетілген орташаға қарсы асыра сілтеулер мен бұрмалаушылық нәтижесінде біздің мал шаруашылығымыз қандай зиян тартқаны да белгілі.» - деп ауыл шаруашылығында, оның ішінде мал шаруашылығы бойынша апатты жағдайды жасырып, үстірт сипаттайды И.А. Зверяков [347, п.24]. Қалыптасып отырған жаппай ашаршылық, босқыншылық пен халық көтерілістері туралы тіс жармаған И.А. Зверяков әлсін-әлсін ұлттық кемсітушілікке жол береді. «Біз Қазақстандағы мал шаруашылығы белгілі бір ұлттық кескінге ие екенін, оның негізінен ауылда топтасқанын білеміз. Мал шаруашылығын социалистік қайта құру мәселесіндегі «ең қол тимеген, қыз күйіндегі оппортунизм» (Голощекин) Қазақстанның жағдайында ұлыдержавалық шовинизм мен ұлтшыдық сияқты «ұлттық формада» көрінеді.» - деп көрсетеді ол [347, п.27]. Кітаптың елеулі бөлігі күштеп отырықшыландыру мен ұжымдастырудың зардаптарынан сақтандырған С.П. Швецов, Д. Букинич, М.Г. Сириус, А.Н. Доништерді «байлардың жақтаушылар» ретінде беталды сынауға арналған.

Шаруалар тұрмысының нашарлауы шекаралық аудандардағы қарақшылық көріністерін туғызған. Архив қорларында қаралған қылмыстық істерде тонаушылық әрекеттері үшін жауапкершілікке тартылған шаруалар баяндалған. 1932 жылдың 15 қарашасында БМСБ уәкілінің көмекшісі Печеркин Жаңабай Төлебаев, Омарбек Набеков, Жаныбай Сартов, Жамеке Қарабаев, Токе Әжіғұлов, Қайыржан Айырбеков, Нұрқасым Қажитбаев, Айбек Байсеркеевтерді 1932 жылдың қыркүйегінде Кеген ауданының Көкбел ауылында 1 аңшы мылтығын пайдаланып, босқындарға шабуыл жасап, бір адамды жаралап, екі ат, бір түйені алып кеткен. Тонаушылар ҚК-нің 167 бабымен айыпталған. БМСБӘ Жаркент отряды Сарыжаз комендатурасы қызметкері Дүкенбаевқа 1932 жылдың 21 қазандағы іс мәнісі бойынша тергеуде берген жауабында айыпталғандардың бірі Қайнар ауылының тұрғыны 36 жасар кедей Нұрқасым Қуанышбаев өзіне «Жаңабай Төлебаев келіп, 40 шаруашылық бар көш келе жатқанын» айтып, «барып, етке бірдеңе алуға» шақырғанын көрсеткен. Тонаушылар қолға түсірген түйені етке сойып алып, 2 атты Қырғызстанға сатқан. Шаруаларды босқындарды тонауға бастаған Жаңабай Төлебаев туралы іс материалдарында біршама ақпарат берілген. 1931 жылы Ж. Төлебаев Шұбартал тауларында көтерілісшілердің қызыләскерлермен шайқасына қатысқаны айтылады. Осы шайқаста 1 қызыләскер, 8 көтерілісші қаза болған. Жаңабай Төлебаев жазалаушылар қолына қарусыз түсіп, қамау үйінде 6 ай отырып шыққан. Жаңабайдың екі туған бауырлары Түменбай Төлебаев пен Манабай Әтейбеков жанұяларымен 1931

жылы Қытайға қашып кеткен. Жанұяларын Қытайға қалдырған бұл екеуі қайтадан келіп, Сарыжаз комендатурасына еріктерімен берілген. Арада 2 ай өткен соң Түменбай мен Манапбай қайтадан Қытайға қашып өткен. Тергеуге берген Нұрқасым Қуанышбаевтың жауабында Жаңабай Төлебаевтың да Қытайға кету ниеті бар екенін айтқан [348, п.1-3]. Қалыптасқан ауыр аштыққа ұласатын жағдайда Қытайға қашып өту мақсаты шекара маңындағылардың басым көпшілігінің ойында болғанын байқауға болады.

Жетісу өңіріндегі аштық себептері белгілі ақын, асыра сілтеудің құрбаны, босқыншылықпен Қытайға өтіп кетіп, сонда қайтыс болған Көдек Байшығанұлының өлеңінде былайша суреттелген: «Мың тоғыз жүз отыз екі, жылы тауық, қазаққа ашаршылық төнді қауіп. Барлығы бір-ақ күнде ғайып болды, Бұрынғы байлық, барлық, құрған сауық. Байларды жер аударып, Сібірге айдап, Бар малын күн көрерлік алды шауып. Қуандық өлгеніміз тірілгендей, Қаңғырып бір уыс дән алсақ тауып. Аштықтан талай адам шығын болды, Әрең қойдық олардың бетін жауып. Өлгенді ақыретке аттандырып, Қытайға қалғанымыз келдік ауып» [349, б.98]. Көдек ақын Қытайға 1931 жылдың күзінде өтеді. Ауылдық кеңестің хатшысы, комотряд мүшесі Нүсіпбек Әшімбаевтың естелігінде 1931 жылдың март айында үкімет қолда бар сиыр малын тұяқ қалдырмай, бәрін тартып алған. «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген сөз осы кезде айтылды. Сөйтіп таулы өңір халқы 1931-дің көктемінен бастап ашаршылықты бастан кешті. Жоғарыдағы өлеңді Көдек ақын Қытайға барған соң 1932 жылдың көктемінде жазған [349, б.227].

1933 жылдың көктемінен ресми органдарға босқындардың аштыққа ұрынғанын жасыру мүмкін болмады. БМСБ құпия-саяси бөлімінің 1933 жылдың 25 ақпанына жинақтаған арнайы ақпарында Алматы облысы аудандарындағы босқындардың ашығуы туралы мәліметтер берілген. Ақпарда Қаратал ауданында «басшылардың бүлдірушілік әрекеті» салдарынан 6 колхоздың 1932 жылдың 1 қаңтардағы мал басы 2542-ден 1931 жылдың 1 желтоқсанында 1108 басқа азайған. Аудандағы 6998 шаруашылықтың 1800 ғана қалып, қалғандары босып кеткен немесе аштық пен эпидемиядан қаза болған. Аудан басшылығы мемлекеттің мұқтаж шаруашылықтарға арнап берген 500 тонна азық-түлігін шаруаларға бермей, астық дайындау науқанына жинаған. Аштықтың кесірінен өлім-жітім көбейген. 1932 жылдың 20 қарашасынан 1933 жылдың 17 қаңтары аралығында аштан өлгендердің 869 мәйіті жиналған. Бірқатар ауылдарда жиналмаған мәйіттер көптеп кездескен. Талдықорған ауданының Мұқыр ауылында 4 күннің ішінде 60, «Еңбекші» колхозында 15 адам аштан өлсе, «Шымыр» колхозында 25 желтоқсан мен 9 қаңтара арлығында 39 адам аштықтан жан тапсырған. Мұқыр кіші ауданында 1932 жылдың желтоқсан айында 1300 адам негізінен осы ауданның орыс селоларына босып барып, ондағы азық-түлік тапшылығын үдеткен. Алматы облысының Шұбартау, Балқаш, Шет, Шу, Қаратал, Калинин, Аягөз, Талдықорған, Қоңырат, Қастек, Алакөл аудандарында 5618 шаруашылық аштыққа ұшырап, 381 адам аштан ісініп, 1808 адам аштан өлген [350, б.44-45].

1933 жылдың 31 қаңтарында Қазөлкеком Секретариаты Түрксіб темір жолы бойындағы станциялардан панасыз балаларды жинап, таяу балалар үйлеріне тапсыруды БМСБ өкілетті өкілдігіне тапсырды. Алматы обкомы Түрксіб станцияларын ауа көшушілерден тазарту, дереу тамақтандыру пункттерін ашуға міндеттелді. Алматы, Оңтүстік Қазақстан обкомдарына аупарткомдарға қайтушы босқындар контингентін бөлінген азық-түлік көмегі тізіміне қосу және 1 мамырдан бастап нанмен қамтамасыз ету іске қосылатынын хабарлау тапсырылды [329, б.26]. Теміржол станцияларына лап қойған босқындар ағынын реттеу туралы мәселеге 9 ақпанда Л. Мирзоян Қазөлкеком бюросы қаулысы арқылы араласты. Халкомкеңес арнайы комиссиясының өкілдеріне станцияларды босқындардан арылтуға араласу бұйырылды [329, б.35].

Босқындар нөпірі Алматы қаласын да жаппай келе бастаған еді. 1933 жылдың 27 ақпанында Қазөлкеком Секретариаты мәжілісінде Алматы қаласындағы жиналған босқындар туралы мәселе қарады. Хабарлама жасаған Х. Ы. Ақботин Алматы қалалық комитеті мен қалалық кеңесі Өлкекомның бірнеше мәрте тапсырма беруіне қарамастан, қаланың бас вокзалындағы ауа көшушілер ағынын жеңілдету бойынша мәселені шеше алмағанын, оларды қала маңы колхозарына орналастыруды да атқармағын атап көрсетті. Қазөлкеком Алматы қалалық партия комитеті хатшысы Израйлович пен қалалық кеңес төрағасы Поздняковқа ауа көшушілер мәселесін шешуді қайтадан тапсырып, тіпті қоныс аударушылар нөпірін азайту мүмкін болмаса, оларды тиісті еңбек малмен қамтамасыз етіп, Алматы аудандарына орналастыруды тапсырды [329, б.46].

1933 жылдың 4 наурызда КСРО өрт күзеті бас басқармасы мен БМСБӨ жедел бөлімінің Қазақстандағы азық-түлік қиындықтары туралы арнайы ақпарында шекара аудандарындағы нанның жетімсіздігінен адамдардың аштықтан өлуі мен ісініп кетуі орын алып отырғанын жазған. Шекаралық аудандардың ішінде азық-түлік тапшылығы анық байқалып отырған аудандар ретінде Кеген, Жаркент, Үржар және Алакөл аудандары аталған. Алакөл ауданының Шарбақты ауылының «Жағатал» колхозында екі аштан өлу фактісі тіркелген. Арнайы ақпарда Жайнақ ауылкеңесінің «Социалды» колхозында да аштық басталып, 15 түтін төрт тәулік нансыз қалғаны да көрсетілген. Үржар ауданынан қарасты «Тегішелдік» колхозының 5-бригадасы қаңтар-ақпан айлары аш отырған. 6 колхозшылар отбасы аштықтан ісіп кеткен. Сталин атындағы колхозда 14 қожалық аштықтан ісіп-кеуіп, ауыра бастаған. Ал Кеген ауданының «Сұңқар» колхозында 3 адам, «Қызыл сәуле» колхозында 2 адам аштан өліп, бірнеше адам аштықтан ісіп кеткен. Шекаралық Жаркент ауданында азық-түлік контрабандасы күшейіп, 1932 жылдың қазан айында 104, қарашада – 420, желтоқсан айында – 498 адам шекарадан азық-түлік алып өткені үшін ұсталған. Басшылық қызметтегі адамдар тарапынан нан ұрлау, нан карточкасын қолдан жасау фактілері жиілеген. Азық-түлік жетімсіздігі шаруалардың үдере көшіп, шекарадан өтіп кетуін және нанмен жақсы қамтамасыз етілген аудандарға қоныс аударуын туғызған. Үржар ауданында «Тегішелдік» колхозынан 5 шаруашылық, осы ауданның Сталин атындағы колхозынан 46 шаруашылық Қытайға кеткен. Кеген ауданына қарасты «Мұңқар» колхозынан 10 түтін де

Қытайға көшкен. Аштықтан туған жағдайды реттеу мақсатында 25 қаңтарда Алматы облатқарукомы мұқтаж шаруашылықтар тізімін дайындап, Үржар ауданынан 200 шаруашылықты, Лепсі және Кеген аудандарынан 100 шаруашылықты азық-түлік жағынан көмек керектер есебінде анықтаған [341, б.303-305].

Көрнекті тарихшы, профессор Талас Омарбеков осы, 9 наурыздағы Т. Рысқұловтың хаты Қазақстандағы аштық мәселесінің алғашқы рет ашық қойылған күні ретінде атап көрсетеді. Бұған дейінгі Т. Рысқұлов хаттары мал шаруашылығының ауыр жағдайына арналған болатын. Т. Омарбеков 9 наурызды Аштық құрбандарының әруағына құран бағыштайтын азалы күн етіп жариялауды ұсынған [50, б.19-20].

Аштықтан ірі қалаларды сағалаған босқындар саны тамақтандыру пункттерінде тіркелген. 1933 жылдың наурыз айының 20-нан ерте емес берілген тамақтандыру пунктінің есебінде 1932 жылдың желтоқсанынан 1933 жылдың 19 наурызы аралығында Алматы қаласы мен станциясында 5936 адам қабылданғаны көрсетілген. [351, п.9].

Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі босқыншылықтың ауқымы туралы жинақы мағлұматтарды 1933 жылдың 29 наурызында И. Сталин мен В. Молотовқа жолдаған Қазақстан Өлкекомының жаңа басшысы Л. Мизоянның құпия хатынан кездестіруге болады. Алматы облысы мен Шығыс Қазақстанды «ауа көшушілікпен қатты зардап шеккен» өңірлерге жатқызған Л. Мирзоян осы екі аймаққа жататын Талдықорған, Шу, Қордай, Іле, Қаратал аудандарын қатты зардап шеккен бұрыннан жер өңдеумен айналысатын аудандар ретінде атайды. Л. Мизоян жинақтай келе 300000 адамды құрайтын 90 000 шаруашылық босып кеткенін нақтылаған [352, п.33]. Л. Мирзоянның хатында соңғы екі ай көлемінде Орта Азия республикаларынан қайта оралушылар көбейгенін көрсеткен. Қазөлкеком хатшысы ауа көшушілердің саны ғана емес, 100 мыңнан кем емес қазақ шаруашылықтары аштыққа ұрынғанын, оларға дереу көмектесу керектігін атап өткен.

Левон Мирзоян жаппай босқыншылықтың пайда болуын Қазөлкекомның VI конференциясында жасаған баяндамасында күштеп отырықшыландыру саясатымен байланыстырған. «Белгілі бір дәрежеде ауа көшушіліктің өсуі отырықшыландыру саласындағы қателіктер мен асыра сілтеулермен байланысты. Бұл қателіктер мен асыра сілтеулерді ауа көшу туралы үгіттер мен жұмыстар жүргізген кулак-бай элементтер әккілікпен пайдаланғаны күмәнсіз. Партия мен алдыңғы қатарлы еңбекшілердің қажыры мен бастамасын ауа көшушілікті тоқтатуға және бетімен кеткен бай-кулактармен күреске жұмылдыру керек еді. Алайда, өңірлердің сипаты мен табиғатына сілтеп, өте ауқымды көлемдегі ауа көшушілік пен көп санды ауа көшушілерді жасыруға, бұл мәселеге көңіл бөлмеу тырысу байқалды. Ауа көшушілер әрбір темір жол станциясына, әрбір ауданда және қалаларда мыңдап көрініп, ауа көшушілік фактіге айналған кезде де, ауа көшушілерді жайғастыру және орнықтыру мағынасындағы ауа көшушілікті жою үшін көпшілікті жұмылдыру үшін мәселе қойылмады. Партия ұйымдарынан ауа көшушіліктің көлемін жасыру одан бетер

асқынушылық пен теңдесі жоқ қиындықтарға алып келді.» - деп сипаттаған [353, б.8].

БМСБ құпия-саяси бөлімі ақпарында адамның төбе шашы тік тұратын аштықтан адам жеу фактілері тізбектелген. Талдықорған ауданының № 8 ауылының бұрынғы «Карл Маркс» колхозында 16 қаңтарда бір шаруа әйелі екеуі тағы бір шаруаның баласын ұрлап алып, сойған. Мұндай фактілер Балқаш ауданының «Қызыл Октябрь» колхозында да болған. Қыстауда ұйықтап жатқан шаруаны сойып жеген адамның ісі сотқа берілген. Қаратал ауданында күріш совхозы директоры Друзь орынбасары Филонов екеуі 22 қаңтарда аңға шыққанда Үштөбе станциясынан 30 шақырым жерде адам еттерін дорбаға салып алып жүрген қазақты көрген. Балқаш ауданында № 4 ауылда бір шаруа 6 килограмм бидай үшін ауылдасын өлтірген. Осы ауылдың тағы бір тұрғыны бидай үшін бауырын өлтірген оқиғасы болған. БМСБ бұл мәліметтердің шындығына күмән келтіріп, «тап жауының арандатуын» болдырмау үшін әрбір факті бойынша тергеу жүргізетіндерін көрсеткен [350, п.48].

1933 жылдың 19 тамызында БМСБ өкілетті өкілдігі құпия-саяси бөлім бастығы Штейн дайындаған Қазөлкелік бақылау комиссиясы төрағасы Егоровқа жолдаған саяси ақпарат бюллетенінде келтірген мәліметтері аштық апатының қандай деңгейде болғанын көрсетеді. Қаратал ауданында колхоздарында 5176 қайтарылған босқындар болған. Олардың ішінде аштық, үй-жайдың болмауы, санитарлық-медициналық қызметтің болмауынан 1933 жылдың 1 қаңтарынан бастап 3159 адам ауырып, 2737 адам өлген. Бұл кезде ауырып жатқандар саны 422 адам болса, 250 адам қайтадан көшіп кеткен. Тірі қалған 2430 адам да мекен-жайларының келе жатқан қысқа лайықталмауынан, өлім алдында тұрған. 1540 шаруашылықтың тек 845-іне ғана қыстаулар болған, қалғандары лашықтар мен ашық аспан астында жатқан. Қайтарылған босқындарға санитарлық-медициналық жағынан қызмет көрсетілмеген. Жергілікті қоймаларда 17450 метр мануфактура өнімдері бағасы белгіленбегендіктен, шілде айынан бері жатса да, босқындардың 75% -нің киімдері әбден ескірген [354, п. 56,57]. Көрсетілген мәліметтерден босқан халықты күшпен тоқтатқан өкімет орындарының қатал қудалау шараларына бекем болғанымен, оларды аштықтан, жұқпалы аурулардан аман сақтап қалуға қабілетсіз болғаны көрініп тұр. Керісінше, босқындарды шекара маңынан қолға түсіргенде олардың малдары тартып алынды. Босқындардың аштыққа ұрынуына себептердің бірі осы әскерилер мен комотрядтардың тонаушылығы болды.

### **3.2 Босқыншылық туғызған панасыз балалар тағдыры**

Босқыншылық панасыз балалар толқынын туғызды. Алматы облысының Қаратал ауданындағы аштық белгілерінен туындаған жағдай БК(б)П Қазақстан Өлкекомының Секретариат мәжілісінің арнайы талқысына түскен. 1932 жылдың 17 ақпандағы өлкеком секретариаты мәжілісінде Қаратал ауданындағы жағдай туралы округком хатшысы Әбдірахманов, Кожамбаев, аудандық БМСБ уәкілі Мироновтар хабарлама жасаған. Өлкеком партиялық органдардың аштыққа ұшыраған шаруаларға көмек беру, түсіндіру жұмыстары жүргізілгенін оң

бағалай келе, келе жатқан егін себу науқаны қарсаңында Қаратал ауданындағы еңбек күшінің жұмылдырылмауы біршама «масылдық және тұтынушылық көңіл-күй туғызып» тұрғанын атап көрсетеді. Қаратал ауданынан Талдықорған ауданына көшіп кеткен 1000 шаруашылық ол ауданда жайсыз саяси көңіл-күйге себеп болып, аудандық және ауылдық ұйымдардың жұмысына кедергі келтіріп жатыр деп танылды. Сол себептен көшіп кеткен шаруаларды Қаратал ауданына қайтару міндеті екі ауданның да аупарткомдарының алдына қойылды. Шаруалар көшіп кеткен жері – Қаратал ауданына қайтадан келіп орнығатын болса, «Союзхлеб» мекемесі арқыл арқылы қосымша арнайы азық-түлік көмегі берілетін болды. Өлкеком секретариаты аудандық БМСБ уәкілі Мироновқа екі апта ішінде Қаратал ауданын белсенді контрреволюциялық элементтерден тазарту үшін қажетті ұйымдастыру және саяси шараларды іске асыру тапсырылды. Қаратал ауданында еңбек құралдарының күрт азаюы, егін себуге керек базистің қысқаруы айқын көрініп тұрғанын ескерген Өлкеком егін себу көлемін 20 мың гектарға дейін қысқартуды жөн көрді. Өлкеком қаулысынның 6 пункті «аупарткомды көпшілік жұмыстарын жандандыру арқылы әсіресе қуаңшылықтан зардап шекпеген ауылдардағы жасырылған астықты тауып, пайдалану жөніндегі шараларды дереу қолға алуды міндеттеді». БМСБ -ге аудандағы халықтың аңшылардан басқаларының қолындағы қаруларды жинап алу тапсырылды [335, п.155]. Қаратал ауданынан жаппай босқандардың көш бағытының бірі Қырғызстан болды. Қаратал ауданының тұрмыс-тіршілігі титықтағандардың қатарында Тоқаевтар әулеті де болған. Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Әке туралы толғаныс» атты өмірбаяндық кітабында: «Отбасы кеңесінде Фрунзе қаласына жетіп, қиын уақыттардың өтуін тосып, қазақ қоныстарын қырып бара жатқан аштықтан құтылуға тырысу шешілгені» көрсетілген. Пішпекке барар жол ауыр да қатерлі болғанымен, Тоқай отбасы қалаға аман-есен жеткен. Босқындар отбасы Пішпектегі бір орыс шаруашылығына қарайтын үйшікті жалдап тұрады. Отбасының басына келген ауыр қасіреттің салдарынан Тоқай аштық салдарынан хабарсыз кетіп, әйелі, қызы қайтыс болады. Пішпек базарынан панасыз балалар ретінде милиция жасағының күшімен ұсталған Кемел мен Қасым Қазақстанға, Шымкент қаласына қорғасын заводының жетімдерге арналған интернатына жөнелтілген. Кемел Тоқаев 1932 жылдан 1940 жылға дейін М.Калинин атындағы Шымкент қорғасын заводы мектебінде оқып білім алған [356, б.9,14]. 1937 жылдың 1 желтоқсанында М. Калинин атындағы қорғасын заводы мектеп-интернатының қалалық білім бөліміне жолдаған балалар үйін аяқтағандар тізімінде Кемел Тоқаевтың есімі көрсетіліп, Ленгір балалар үйінде тәрбиеленгені және туыстарынан тек үлкен ағасы ғана бар екені көрсетілген [357, п.125-126]. 1958 жылы партиялық өмірбаянын толтырғанда жазушы, Ұлы Отан соғысы ардегері К. Тоқаев «1932 жылы әкем мен анам қайтыс болды.» - деп қасіреттің себебін ашып көрсетпеген. Одан әрі К. Тоқаев: «Ата-анамыздың қазасынан кейін ағам екеуміз балалар үйіне түстік (бауырым Қасым армияға шақырылғанша Шымкент қаласындағы фельдшерлік-акушерлік техникумды аяқтап, 1941 жылы

Свердловск қаласындағы әскери-саяси училищені тәмәмдап, 1942 жылы майданда қаза тапты).» - деп көрсетеді [86, б.436-437].

Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы шекаралық аудандардағы халық көтерілістерімен ұштасқан қарулы босқыншылық шекара бойындағы қақтығыстар арқылы көп мөлшерде адам шығынын әкеліп, елде әке-шешесінен айрылған панасыз балалар көбейді. Тек 1932 жылдың наурыз, сәуір, мамыр айларында ғана Алматы облысында 2200 бала тартылған 12 балалар үйлері ұйымдастырылып, бұл мақсатқа 60000 сом қаржы бөлінсе, Шығыс Қазақстан облысында 4860 бала қабылданған 37 балалар үйі ұйымдастырылған [295, п.149]. Ұйымдастырылған балалар үйі босқындардың балаларының аман қалуына кепіл емес еді. Балалар үйлерінде аштық өршіп тұрды. Мысалға БМСБ-нің 1932 жылдың 5 шілдесіндегі мәліметінде Өлкеком хатшысы Ф. Голощекинге Шығыс Қазақстан облысы Белағаш ауданындағы нашар тамақтану мен күтімнің болмауынан Қызыл ауылда 1932 жылдың сәуір-мамыр айларында 660 адамның 259-ы өлгені хабарланды. Ал Стеклянка селосында 170 бала өлгені анықталды [295, п.156].

1932 жылдың 21 тамызында Қазақстанға сапары бойынша КСРО БК(б)П басшылығына құпия хат жолдаған Г. Аронштам «қазақтардың өндірістік қызметке қабілетсіздігі» туралы теріс көзқарастың кесірінен, панасыз балаларды тамақтандыру жұмыстарын жөндеп ұйымдастырағандықтан, Шығыс Қазақстан облысындағы балалар үйлері мен интернаттардың өзінде олардың аштан өліп жатқанын, Алматы облысы Үржар ауданында аудандық аппараттың қылмыстық әрекетсіздігі бір жарым онкүндіктің ішінде 225 босқын шаруашылықтарды орналастыруға тиісті қаржы мен азық-түлік бөлінгеніне қарамастан, 128 адам аштан өлуіне әкелді деп көрсетеді [300, п.5].

БМСБ мәліметтеріне сәйкес, 1932 жылдың желтоқсаны мен 1933 жылдың қаңтары аралығында ғана Қазақстан бойынша балалар үйлеріне 8969 бала қабылданған. Жалпы панасыз балалар саны 47 899 құраған. 1932 жылдың 4-тоқсанында балалар үйлеріне орналастырылған панасыз балаларды қаржыландыруға жергілікті және Москвадан бөлінуге тиісті 4438600 сомның орнына 2688000 сом ғана түскен [326, п.282]. С. Т. Голюдов пен Ұ. Құлымбетовтың Шымкентке обкомға және Қырғыз обкомына Избановқа жолдаған жеделхатының 6-пункітінде: «Облыстарға арнайы Қырғызстанан қайтарылатын балаларды қамтамасыз ету үшін Құрманғалиев пен Избановқа 2,5 мың пұд нан және 3,5 мың пұд астықты шаруашылықтардың қайту жолына арнап жасақталатын тамақтандыру пункттері үшін бердік. Сондай-ақ, оларға 25 мың сом қаржы балаларды қайтару және балалар үйлеріне жіберу үшін бердік.» - делінген [328, п.39].

БМСБ өкілетті уәкілдігінің 1933 жылдың 12 ақпандағы мәліметтері бойынша босқындар мен панасыз балалар бойынша шаралар барысында осы жылдың 15 қаңтар 1-ақпан аралығында Аякөз станциясынан 100, Лепсіден 75 қоныс аударушы жиналып, Үштөбе станциясына үкіметтік комиссия қарауына жіберілген. 1-5 ақпан ақпан ааралығында Аякөз ауданынан 111 қоныс аударушы мен 117 панасыз бала жиналып, олардың 28 қоныс аударушы мен 49 панасыз



бала Аякөз аудандық БМСБ уәкіліне беріліп, қалғандары БК(б)П обкомының қарауына жіберілген. 1 ақпанға қарай БМСБ жол-транспорт бөлімі Алматы станциясынан 83 панасыз баланы жинап алып, қалалық милицияның тиісті мекемелеріне жіберген. Іле станциясынан 400 қоныс аударушы және көп мөлшердегі панасыз балалар жинақталған. 25 қаңтар 3 ақпан аралығында Луговая-Фрунзе станциялары учаскесінен 3950 босқын және 871 панасыз бала жинақталып алынып, ҚАКСР үкіметтік комиссиясына тапсырылған [358, п.5-6].

Түрксіб темір жолының № 1 қолданысқа беру ауданы бойынша Қазөлкекомға және басқа да партия ұйымдарына жолданған «1 қолданыс ауданындағы ауа көшушілік пен панасыздар туралы» шамамен 1933 жылдың бастапқы айларында әзірленген құпия баяндамада босқындардың теміржол станцияларына көптеп шоғырлануы панасыз балаларды көбейткені көрсетілген. Аякөз аудандық атқару комитетінің мәліметіне қарағанда басым көпшілігі теміржол атқыштар күзеті жинаған Сергипольдегі панасыз балалар саны 600-ге жеткен. Аякөз станциясында ғана әр жерге түнеп жүрген 50-70 шамалы балалар бар. Панасыз балаларды 4-5 мәрте ұстап, балалар үйлеріне жібергенімен, олар станцияларға қайта оралып отырған [329, п.6(а)].

1933 жылдың 5 ақпандағы Шұбартау ауданына уәкіл ретінде жіберілген Г. Мусиннің Бақанастан БК(б)П Қазөлкеком хатшысы С. Голюдев, Ұ. Құлымбетов және І. Құрамысовқа жолдаған хатында панасыздардың балалар үйлеріне орналастыру жайы да талқыланған. Аудан орталығында лайықты ғимарат болмағандықтан, балалар үйі бұл мекеннен 35-40 шақырым жердегі бұрын байдың иелігінде болған үйге орналасқан. Балалар үйінде 170 тәрбиеленуші болған. Балалар үйінде 17-18 жастағы ересек балалар да болған. Тәрбиеленушілер қуырылған бидай, көжемен тамақтанған. Сүт өнімдері мен жеміс-жидек берілмеген. Балалардың арасында шешек, іш өту аурулары үдеген [328, п. 117].

Тұрар Рысқұловтың комиссиясының 1933 жылдың 22 ақпанында өткен мәжілісінде туған жерінен сыртқа босқандар мәселесі қаралды. Өткен параграфтарда талданған осы Т. Рысқұлов комиссиясының мәжілісінде Қырғызстанға кеткен босқындар мәселесі бойынша Қырғыз үкіметінің өкілі Тұрғанбаева баяндамасында панасыз қалған балалар мәселесіне тоқталған. Фрунзе қаласында Крупская атындағы клубқа 500 панасыз қазақ балалары орналастырылған. Алайда, жабық ғимарат саналғанымен, балаларға төсек орын, тамақ жетіспейді. Тұрғанбаева Қазақ үкіметінің ұсынысымен қазақ босқындарды қайтару жұмысына тоқталып, мұндай шараны жеткілікті материалдық қолдаусыз жүзеге асыру мүмкін еместігін айтты. Алматы ауданына 500 панасыз бала жіберілген болса, 3 күннің ішінде Алматы адандық комитеті мен ауаткомы балаларды қабылдаудан бас тартқан. Осындай қараусыздық жағдайында балалардың бір бөлігі қайтыс болып, қалғаны вокзалдарды түнеуге мәжбүр болған [333, п.17]. Комиссия мәжілісінде қазақ балаларының қырылуының осы фактілері Т. Рысқұловтың И. Сталинге 1933 жылдың 9 наурызында жолдаған хатына арқау болған. Т. Рысқұлов қырғыз елінен панасыз қазақ балаларды жеткізу кезінде туған жауапкершіліксіздік туралы: «Қырғыз АКСР-інің

органдары мынаны хабарлайды: жуырда олар қазақ үкіметі уәкілінің келісімі бойынша 500 баланы Алматыға жөнелтеді, бірақ мұнда балаларды қабылдамай қояды. Біраз бала қазаға ұшырайды, ал қалғандарын Фрунзе қаласына кері алып қайтады.»- деп көрсетеді [328, п.140].

Өзбекстан ұйымдарына Оңтүстік Қазақстандағы балалар үйлеріне 200 мың сом көлеміндегі өнеркәсіп товарларын сұрап жеделхат жолданғаны Л. Мирзоянның ашуын туғызды. 1933 жылдың 8 наурызында Қазөлкеком секретариаты осы мәселені арнайы қарап, Ұ. Құлымбетовтың Өзбекстан ұйымдарынан Оңтүстік облыстағы балалар үйіне өнеркәсіп товарларын сұрауды күн тәртібіне қоюы «дұрыс бомаған» деп тапты. Л. Мирзоян Қазақ өлкелік колхоз совхоз одағы арқылы Қазақстанның өзінен-ақ балалар үйлеріне керекті өнеркәсіп товарларын бөлуге болатынын көрсеткен. Л. Мирзоян өлкелік колхоз одағы қоймаларында таратылмаған 8 миллион сомның товары жатқанын Восканов пен Құлымбетовтің білмеуін сынға алды. Қазөлкеком секретариаты қаулысында Юсупов пен Жалнингге Оңтүстік облыстарың балалар үйлерін товармен қамтамасыз ету мәселесін шешуге жеке жауапкершілік жүктелетінін ескертілді [329, п.52].

РКФСР ХКК төрағасының орынбасары Т. Рысқұловтың 1933 жылдың 9 наурыздағы И. Сталинге жолдаған хатында: «Қаңтар айының ішінде Сергиполь қаласында (Түрксіб) 300-дей қазақ өлген... Аягөз станциясының бір өзінен 300 бала жиналып алынған, осында бір қазақ әйелі өзінің екі баласын поездың астына тастаған, ал Семейде тағы бір қазақ әйелі екі баласын мұздың ойығына тастап жіберген» - деп жантүршігерлік деректер келтіріледі [328, п.117]. Т. Рысқұлов осы хатында қазақтардың қырылу фактілері басқа да аудандар бойынша жиілеп кеткенін атап көрсеткен. «Әсіресе, балалардың қырылуы елеулі болып тұр. Көптеген ауа көшушілер балаларын айдалаға тастап кетуде. Басқа өлкелерге келген ауа көшушілермен бірге балалар келмейді. Панасыз балалар нөпірі Қазақстанның қалалары мен теміржол станцияларын толтыруда. Қазақ әйелдері өз балаларын мекемелер мен үйлердің алдына тастап кетуде. Қазақ органдары 1932 жылдың соңында әлі орналастырылмаған 50 мың қазақ панасыз балалары бар екенін ресми хабарлаған. Қазақстандағы балалар үйлері айрықша толтырылғандықтан, балалар арасындағы өлім азаймай тұр. Мысал үшін, Семей ауданында арнайы комиссия тексеру кезінде бір балалар үйінің жертөлесінен көліктің жоқтығынан уақытында шығарылмаған 20 баланың іріп кеткен мүрдесін тапқан.» - деп көрсетеді [328, п.139].

1933 жылдың наурыз айының 20-нан ерте емес берілген тамақтандыру пунктінің есебінде тамақтандыру пункттерінен 26 адам әлеуметтік қамсыздандыру органына, 467 бала балалар үйіне жіберілген. Алматы тамақтандыру пункттерінде 145 адам өлімі тіркеліп, 1933 жылдың 20 наурызында ішінде 126-сы ауру күйдегі 796 адам қалған. Алматы қалалық білім бөлімі ұйымдастырған панасыз балаларды қабылдау үйінде 720 бала жиналған болса, босқындардың жаңа туғаннан 3 жасқа дейінгі сәбилер үйіне 150 қабылданған. 599 ауа көшуші облыстық ауыр өнеркәсіп бөлімі мен жеңіл өнеркәсіп бөлімі арқылы 599 адам жұмысқа орналастырылған [331, п.9].

1933 жылдың 29 наурызында И. Сталин мен В. Молотовқа жолдаған хатында Л. Мирзоян назар аударған қатерлі жағдайдың бірі – панасыз балалардың көбеюі. «Ауа көшіп бара жатқан көптеген шаруашылықтар өз балаларын станцияларда, қалаларда және аудан орталықтарында қалдырып кетуде.» - деп көрсетеді ол. Л. Мирзоян 57 000 панасыз бала жинап алынып, балалар үйлеріне орналастырылғанын хабарлайды. Панасыз балалардың мөлшері Оңтүстік және Алматы облыстарында тіпті көбейіп кеткенін көрсетеді. Ауа көшушілердің ішінде 330-350 мың адамды құрайтын 105 мың шаруашылық арнайы азық-түлік көмегін алған. Л. Мирзоян ауа көшушілерге көрсетіліп жатқан көмек қатарында қалаларда оларға арнап тамақтандыру пункттерінің ашылуын, босқындарға еңбек құрал-жабдықтарын, жұмыс көлігін беру ұйымдастырылғанын, жиналған панасыз балаларға арнап огородь, бақша егу, бірқатар аула шаруашылық комунасы, комбинаттар ұйымдастыру қолға алынғанын атаған. Л. Мирзоян ауа көшушілерге көмек беру бойынша бөлінген 1 миллион пұд астықтың 700 000 пуды жұмсалғанын, 1932 жылдың қараша айында 46000 шаруашылық мемлекеттен азық-түлік көмегін алғанын, 15 наурызға қарай 105 000 шаруашылық көмек алғанын, ендігі жерде ауа көшушіліктің көбеюіне жол бермеу үшін азық-түлік жәрдеміне алатындар санын 150 мың шаруашылыққа жеткізуге мәжбүр болып отырғанын жеткізген [352, п. 36].

Шыңғыстау ауданы бойынша уәкіл С. Аманжолов 1933 жылдың 30 наурызында Л. Мирзоян мен О. Исаевқа жолдаған баяндамасында босқындардың панасыз қалған балаларына да тоқталған. Уәкіл 250 қоныс аударушылар, оның 156 шаруашылық жергілікті халықтан орныққан Арқат елді мекенінде Шыңғыстау ауданындағы екінші балалар үйін ұйымдастыруға ұсыныс жасайды. Балалардың өз ата-аналарымен өмір сүре беруі өмірлеріне қауіпті екені көрсетілген. Оған себеп, тұрғын жайлар тар, лас, әлжуаз балалар әртүрлі аурулар жұқтырып жатыр. Балаларға арнап арнайы орын ұйымдастыру олардың қырылуын тоқтату үшін керек болған. «Балалардың қырылуы ойдан шығарылған аңыз емес, көз алдыда болып жатқан факті» - деп атап көрсеткен уәкіл [328, п.164].

1933 жылдың 8 сәуіріне қарай Қырғыз АКСР ОАК балалардың өмірін жақсарту комиссиясы мәліметтері бойынша 1932 жылдың қараша айының соңынан келер жылдың 25 ақпанына дейін тамақтандыру пункттеріне 1300 панасыз қазақ балалары орналастырылған. 1933 жылдың 21 қаңтарынан бастап Қазақстан үкіметімен келісе отырып, 2000 бала отанына қайтарылған. Баянхат толтырылған кезде балалар үйлері мен қабылдау яслилеріндегі қазақ балаларының саны 200-ге толып, Қырғызстандағы балалар үйлерінде ұсталынғандардың жалпы санының 20 %-ін құраған. Баянхатта 4 сәуірде Фрунзе қаласында 400 балаға арналған қабылдау пункті ашылатыны хабарланған [336, п.87].

1933 жылдың 27 қыркүйегінде өткен Қырғыз обком бюросы мен БК(б)П Қырғыз облыстық бақылау комиссиясы президиумының бірлескен мәжілісінде жабық жағдайда қазақ босқындары мәселесі қаралған. Жиналыс Қыробком хатшысы Б. Д. Исаев төрағалығымен өткен. Жабық мәселелер қатарында

еркеше папкада құпия сақталған №18 мәселе ретінде қаралған «Қазақ көшушілері мен балалар үйлеріндегі тамақтандыру пункттерін тексеру нәтижелері туралы» мәселе бойынша Қырғыз облыстық тексеру комиссиясы жұмысшы-шаруа инспекциясы басшысы Рябовтың баяндамасы талқыланды. 27 қыркүйектегі мәжілістің жабық жағдайда қаралған қазақ босқындары туралы жоғарыдағы хаттама ерекше папка түрінде Москваға БК(б)П ОК орталық аппаратына жолданған [359, п. 57-58]. Осы құжаттың Бішкектегі Қырғыз Республикасы қоғамдық-саяси құжаттар орталық мемлекеттік архивінде сақталған түпнұсқасын саралап, жүргізілген деректемелік талдау Москва жолданған хаттама нұсқаның біршама «өңдеуден» өтіп, құжаттағы көлеңкелі цифрлік мәліметтер алынып тасталғанын көрсетті. Атап айтқанда, хаттаманың Москвалық нұсқасында 1-пункт «қалалық білім және денсаулық сақтау басқармалары тарапынан ұйымдастырылған балалар үйлері жабдықталмаған, санитарлық қызмет көрсету жоқ, тамақтану өте нашар ұйымдастырылған.» - деумен шектелген. Хаттаманың Бішкекте сақталған түпнұсқасында жоғарыдағы пункт жақша ішінде мәліметтермен толықтырылып, артынша сызылған. Жақша ішіндегі сызылған мәліметтерде: «(Іш киімдері 3 айдан бері ауыстырылмаған, бір керуette 4 адам жатады, балалар жататын барактың шатыры мен есігі жоқ, 145 адамға 10 қасық және 10 кесе. 13 емшектегі балаларға сүт берілмейді, балалар 3 айдан бері моншаға бармаған)» - делінсе, одан ары: «Бұл шектен тыс берекесіздік балалардың өлімінің өсуіне алып келіп, мамыр айынан бері балалар үйінде ұсталған 1479 адамның 490-ы, яғни 30% - қайтыс болған.» - делінген [360, п. 31 (а)]. БК(б)П Қырғыз обкомы мен облыстық тексеру комиссиясы босқын қазақтарға арналған тамақтандыру пункттерінің жағдайы тіпті жаман жағдайда екенін көрсеткен. Тамақтандыру пункті шаңырағы жоқ қораға орналасып, дені сау қазақтар ашық аспан астында шаң мен кірдің ортасында жататын, орналасқан босқындардың 50% ауру екендігіне қарамастан, санитарлық-дәрігерлік қызмет көрсетілмеген. Бұл жағдай да босқындардың жағдайын ауырлатып, балалар мен үлкендер арасында өлімді жиілеген.

Босқындарды еңбекке орналастыру көзделген Тәжікстандағы Вахш су жүйесі құрылысы (Вахшқұрылыс) мекемесіне жалданған ауа көшушілер тиісті мөлшердегі азық-түлікпен қамтамасыз етілмегендіктен, Пішпек станциясында босқындардың өлімі орын алған. Бірлескен мәжіліс хаттамасында мұндай жағдайға кінәлілер ретінде қалалық кеңес жанынан құрылған штаб, орталық балалар комиссиясы, «Қарт большевик» коммунасының жекелеген мүшелері, қазақ босқындарын орналастыру жөніндегі республикалық комиссия, қалалық білім, денсаулық сақтау бөлімдерінің балалар панасыздығымен күрес, балалар үйлерін оңалту, ауа көшуші қазақтардың арасында мәдени жұмыстар жүргізуін тексеруге шара қолданбаған денсаулық сақтау, ағарту халкомдары аталды. Вахшқұрылыс мекемесіне жалданған жұмысшыларды тиісті бағытта жөнелту жұмыстарын дұрыс ұйымдастыра алмаған еңбек халкомы да кінәлілардың қатарында көрсетілді. Қазақ босқындарын қайтару жұмыстарының жағдайына байланысты бірлескен мәжіліс қабылдаған қаулыға сәйкес, ауыр зардаптарға алып келген қазақ көшушілерін орналастыру жөніндегі партия мен үкімет

тапсырмаларын орындамағандары үшін қалалық штаб басшылығы, орталық балалар комиссиясы, қалалық денсаулық сақтау бөлімі, балалар үйлері мен тамақтандыру пункті басшыларын қылмыстық жауапкершілікке тарту көзделді. Қазақ босқындарын орналастыру жөніндегі республикалық комиссияға «жансыз-бюрократиялық қарым-қатынасы, балалар үйлері мен тамақтандыру пункттеріндегі кемшіліктерді жоймағаны және тапсырмаларды орындамағаны үшін» қатаң сөгіс берілді. Қаулының 4-пунктінде қазақтар мен олардың балаларын өз бетінше жазалау, ұрып-соғу түріндегі ұлыдержавалық шовинизм көріністері үшін «Қарт большевик» коммунасының нақты кінәлі қызметкерлерін сотқа беру шешілді. Юстиция халкомына бұл істі дереу тергеу тапсырылды. Қалалық тексеру комиссиясы – жұмысшы-шаруа инспекциясына осы жұмыс участкесінде қойылған міндеттерді орындауды тежеп отырған тұлғаларды қатаң жазаға тарту арқылы партия мен үкіметтің қазақ ауа көшушілерін орналастыру жөніндегі тапсырмаларын және осы қаулының орындалуын қадағалайтын арнайы төралқа мүшесін бөлу бұйырылды. Қазақ босқындарына арнап құрылған тамақтандыру пункттері мен балалар үйлерін, осы бағыттағы шараларды тексеру, тәртіп бұзушыларды жауапкершілікке тарту барлық аупарткомдар мен аудандық партиялық тексеру комиссияларына жүктелді. Босқындарды қайтаруға қатысты бетімен кеткен жұмыстарды үйлестіру мақсатында бірлескен мәжіліс қаулысының 8-пункті бойынша республикалық деңгейде қазақ ауа көшушілерін мекен-жай, тамақтандыру, киім жағынан орналастыру жұмыстарын қадағалау бойынша жеке жауапкершілік Б.Д. Исаевке, Фрунзе қаласы бойынша Курниковқа тапсырылды. Белгіленген жауапты қызметкерлерге осы қаулының орындалуын күн сайын бақылау, ауа көшушілерге бөлінген азық-түліктің дұрыс әрі өз мақсатында жұмсалуды қадағалау ұсынылды. Қырғыз халкомкеңесіне қазақ ауа көшушілер балаларына арнайы еңбек колониясын ұйымдастыру жөніндегі мәселені қарастыру тапсырылды [359, п. 57-58].

Өлкекомның VI Пленумындағы сөйлеген сөзінде Х. Нұрмұхамедов ауа көшушілік зардаптарына да тоқталды. «Біз мал басының кемуі туралы көп айтамыз да, біздің шаруашылығымыздың өндіруші күшінің негізгі элементі – адам туралы айтуды жиі ұмытамыз. Көптеген аудандардың халқы өте ауыр жағдайда тұр. Бұл туралы партия ұйымдары ашық айтуға тиіс. Біз Қазақстанда 80 000-ға жуық панасыз балалар барын айтуымыз керек. Біз бұны айтқанда, жылап-сықтау үшін емес, партия ұйымдарының назарын ауа көшушіліктің зардабымен, балалардың панасыз қалуымен күресуге аудару үшін айтуымыз керек.» - дейді [254, б.184].

Өлкекомның VI Пленумындағы баяндамасында О. Исаев панасыз балаларға қатысты үкімет жоспарымен де бөліскен. «Балалар мекемелерінде едәуір көп мөлшердегі жастардың – икемді және сезімтал адам материалының болуы бізге оларды тәрбиелеу мен өсіріп шығаруға қатысты міндетімізді сезінуімізге жол ашады. Сонымен қатар, балалар үйлерінің, соның ішінде балалар коммуналарының жағдайы әлі де қанағаттанарлықсыз. Олардың жалпы материалдық-тұрмыстық жағдайы мәз емес, материалдық қорлар мен қаражаттың жеткіліктілігіне қарамастан, балаларды тәрбиелеу де

қанағаттанарлықсыз деңгейде.» - деп атап көрсетеді О.Исаев. Балалар үйлерін жақсы кеңестік мекемелерге айналдыру үшін олардың жағдайын жақсартуға шынымен кірісу керектігі бас айтылды. Бұл мәселеде комсомол ұйымына үлкен сенім артылды. О. Исаев: «Біздің балалар үйлері мен коммуналарымызды кадрларды даярлау мен өсірудің кең базасына айналдыру қажет. Біз бұл балалар үйлерін панасыз қалғандарға баспана беретін қайырымдылық мекемелері ретінде емес, жас білікті кадрларды даярлау мектебі ретінде қарастыруымыз керек.» - деп атап өтеді [254, б.163]. Аштық пен босқыншылық құрбандарының өмірін сақтау міндетімен бірге тәрбиелеуге «икемді және сезімтал» адам материалынан жаңа кеңестік мамандар өсіріп шығару талабы большевиктің цинизмнің шыңы ма дерсің... Үкімет басшысы өз баяндамасында балалар үйлерін бөлу және олардағы балаларды жас құрамы бойынша және басқа көрсеткіштер бойынша қайта топтастыру керектігін айтты. Мектеп жасындағы балалары бар үйлерді қалыпты типтегі мектеп-интернаттар сияқты оқу-ағарту халық комиссариатының қарамағында қалдыру, ал үлкенірек жастағы балалар үйлері оларды курстарға, ФЗУ-не (фабрика-завод училищесі) және т. б. айналдыру үшін шаруашылық органдарының қарамағына берілуі ойластырылды.

### **3.3 Қазақстан Кеңес өкіметінің Жетісу және Семей босқындарын қайтару және орналастыру шаралары**

1929 жылы басталған жаппай ұжымдастыру көшпелі шаруашылықтарды отырықшылыққа күштеп өткізумен бірге жүргізіліп, малынан айрылған көшпенділер Қазақстаннан тысқары көшу арқылы өздерінің қалыпты көші-қон динамикасын бұзды. Қазақстанның оңтүстік, оңтүстік-шығыс және басқа да шекаралық өңірлерінің тұрғындары Қытайға, ортазиялық республикаларына өтсе, батыс және солтүстік аймақтардан Ресейге босу басталды. Тарихшы Г. Кендірбай атап көрсеткеніндей, «ақырында қазақтар өз республикасы аумағында жартылай отырықшы жағдайға көшті, алайда бұның құны халқының 42 пайызын жоғалту, оның жүздеген мың көшіп кетті, екі миллионға жуығы күштеу мен аштықтан қырылуымен болды» [47, б. 260]. Ұжымдастыру мен аштық апаты кезінде 1 030 000 адам Қазақстаннан тысқары кетіп, олардың 414 000 ғана тарихи отанына оралып, қалғаны жат жерде қалып қойды [20, б. 30].

Қазақтардың Орта Азия республикаларына жаппай босқыншылығы 1930 жылы басталды. БМСБ өкілетті өкілдігінің 1931 жылдың 27 ақпандағы арнайы ақпарында: «1930 жылдың көктемінен 1931 жылдың қаңтар айы аралығында ҚАКСР-ның іші және сыртқа ауа көшушілік толық емес есеп бойынша 340577 шаруашылықты қамтыды. Олардың ішінде бай шаруашылықта – 1817, кедейлер – 2167, колхозшылар – 54 шаруашылықты құрады және жіктелмеген мәліметтер бойынша кетушілердің басым көпшілігі кедей және орташа топтарға жатады. Ауа көшушілік ішкі, сыртқы және шекара асқан сипаттарда болды. Ішкі ауа көшу Қазақстанның өз ішінде бір ауданнан басқа ауданға қоныс аудару түрінде, ал сыртқы ауа көшу – Қазақстаннан тыс жерлерге, РКФСР аудандарына, Орта Азия

республикаларына (Өзбекстан, Түркіменстан) және шекараның арғы бетіне ауа көшу – Қытайға бағытталды.» - делінген [361, п.2]. Шаруалардың Қазақстаннан тыс жерлерге үдере көшуі кеңес өкіметінің жергілікті органдары тарапынан мал дайындау майданындағы тап күресі жағдайындағы ауқатты топтардың лаңы, «байлардың арандатуы» деп қабылданды. Алайда, келтірілген БМСБ ақпарлары босқындардың басым көпшілігі кедейлер мен орташалар екенін көрсетті. Ұжымдық шаруашылықтарды құру науқаны апатты жағдайға алып келгені анық болған кезде кеңестік орталық органдар тактикалық әдіс жасап, қалыптасқан жағдай үшін бар кінәні орындаушыларға – жергілікті қызметкерлерге артты. Осылайша, мысалға, БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің Оңтүстік Қазақстан обкомына 1932 жылдың 17 наурызында жолдаған нұсқау хатында: «Байлар мен кулактар ұйымдастырған ауа көшушілік атап айтқанда, Орта Азия республикаларындағы контрреволюциялық элементтердің қызметімен жалғасатын Қазақстандағы кеңеске қарсы элементтердің тап күресінің тәсілдерінің бірі болып табылады. Алайда, жаппай ауа көшушілікті тек қана кулак және антикеңестік элементтердің әрекетімен ғана түсіндіріп, бұл үшін жергілікті аудандық және ауылдық қызметкерлер мен ұйымдардан жауапкершілікті алу қате болар еді. Кулактар мен антикеңестік элементтерге бұл істе оңшыл оппортунистер, сондай-ақ, «солшылдар» - ауыл мен деревняның колхоз және жекеше, кедей-орташаларына қатысты асыра сілтеулерге жол берген жалаң әміршілдіктің жақтаушылары көмек беруде. Төменгі ұйымдар қызметінде партияның нұсқауларын бұрмалау, тәжірибеде нағыз оңшыл ауытқудың көрініс беруі, шаруашылық-саяси науқандарды жүргізудегі асыра сілтеу мен жалаң әміршілдіктің болуы, колхоздарды ұйымдастыру-шаруашылық жағынан нығайту жұмыстарындағы болдырмауға тиісті әлсіздік, ауыл шаруашылығының социалисті секторын нығайту бағытындағы шараларға кедергі келтіру мақсатындағы қателер мен жетімсіздіктері кеңінен пайдаланған кулак пен бай және басқа да кеңеске қарсы элементтер қалдықтарының елеулі жандануы – бұлардың бәрі Оңтүстік Қазақстан облысының бірқатар аудандарындағы колхозшылар мен жеке шаруалардың көрші Орта Азия республикаларына жаппай ауа көшуін туғызды. Өлкеком Оңтүстік Қазақстан обкомына халықтың республика аумағынан тыс жерлерге ауа көшуінің алдын алу және жою бағытында шешімді шаралар қабылдауды ұсынады.» - делінген [295, п.11,12]. Қазақ АКСР-і қаржы халық комсариаты есеп және статистика секторының мәліметтері бойынша 1931 жылдың 5 тамызына қарай Түркіменстанға 7371 шаруашылық, Өзбекстанға – 3436 шаруашылық, Қарақалпақстанға – 2355 шаруашылық, Қырғызстанға – 1031 шаруашылық, Тәжікстанға – 1767 шаруашылық көшіп кеткен [362, п.106].

1931 жылы 15 сәуірде БК(б)П Қазақ Өлкекомы мен Қазақ АКСР ХКК БК(б)П Орталық Комитетінің Орта Азия бюросына, Түркімен КСР Компартиясы Орталық Комитетіне және БК(б)П Қырғыз обкомына «Қазақстаннан көшіп келген байларға, көші-қонды ұйымдастырушыларға салық, қатаң тапсырмалар бойынша қысым жасау және МСБ бағытында репрессия» тұрғысында шешімді шаралар қабылдау туралы өтініш қылды [363, п.10].

Архив құжаттарында, ғылыми әдебиеттерде Өзбекстандағы, оның ішінде Қарақалпақстандағы қазақ босқындары туралы нақты статистикалық деректер кездеспейді. 1933 жылы 9 наурызда Тұрар Рысқұловтың Иосиф Сталинге жазған хатында келтірілген мәліметтерге қарағанда, Қарақалпақстанға 20 мың қазақ босып барған. Т. Рысқұлов: «Бұл жай ғана көші-қон емес (әдетте ол жазғы уақытта қысқа қашықтықта және мал болған жағдайда болады), көбінесе аш адамдардың тамақ іздеп қашуы - деп жазады [328, п.138].

1931-1932 жылдары Шұбартау ауданының Пироговка селосынан Алакөл ауданына 100 километр жолды жаяу жүріп, жалаң аяқ, аш-жалаңаш босып келген босқындар осы ауданның Бақатерек Жайнақ ауылында өздері жеке колхоз ұйымдастырған. Колхозға кіретін аула саны 33 түтінді құраған. «Бірлік» колхозының мүшелеріне ұлтшыл ұйым құрды деген айып тағылып, Алакөл ауданы ПХК бөлім оларды қинап мойындатады. Бұрынғы босқындар Алматыға айдалады. Іс материалдарында сотталушылардың Ждановтың, Берияның атына жолдаған арыздары тіркелген. Босқын болып келген колхоз мүшелері Алмабеков Нұпмахан, Теңізбаев Әнгебай, Дүйсембаев Абдулла, Бейсекенов Нұрмағамбет, Ешмұхаметов Толқын, Оспанов Тышқанбай, Дүйсембаев Манас, Бүркітбаев Аққұс, Астакеев Бораş РКФСР Қылмыстық Кодексінің 58-7, 10 және 11 баптарымен 1939 жылдың 5 тамызында әртүрлі мерзімдерге сотталған. Сотталушылардың арыздары негізінде істі қайта қараған Алматы облыстық соты тағы да сол үкімді қуаттайды. Сотталғандар 1939 жылдың 15 қазандағы Сталинге екінші мәрте жолдаған. Сотталғандардың арызына байланысты үкім тіркелмеген [364, п.10, 15].

ҚАССР ХКК жанынан босқындарды қайтару және орналастыру мәселелерімен айналысатын арнайы комиссияның құрылуы облыстардан көшіп кеткен шаруашылықтар жөніндегі мәліметтерді жинақтауды талап етті. Қазөлкекомның босқын шаруашылықтарды қайтару жөніндегі комиссиясының екінші мәжілісі 1932 жылдың 8 сәуірінде өтті. Мәжілісте рәмигранттарға көмек мөлшері аудандар бойынша жазылды. Алматы облыс аудандарына бөлінген ұн мен жарма мөлшері төмендегі кестеде берілген [295, п.62]:

#### Босқындарға бөлінген ұн мен жарма мөлшері

Аудандар	Бөлінген (тоннамен)	ұн	Жарма (тонна)
Үржар	11.5		9.1
Алакөл	5.0		0.40
Октябрь	7.7.		0.61
Жаркент	18.1		1.43
Кеген	38.1		3.03
Ақсу	5.8		0.46
Талдықорған	5.6		8.62
Жалпы	108.6		



1932 жылдың 14 мамырындағы Алматы облаткомы жанынан құрылған босқын шаруашылықтарды қайтару жөніндегі комиссия мәжілісінде Шұбартау аупарткомы мен ауаткомының жауапты өкілі Кәрімқұловтың Аягөз станциясында тұрған жөнелтілуге тиіс Шұбартау ауданының 250 босқын шаруашылығын азық-түлік пен керек-жарақпен қамтамасыз ету туралы арызы талқыланған. Комиссия Алматыдағы облыстық астық дайындау элеваторынан үкімет осы мақсатқа бөлген қайтарымсыз қордан 1000 пұт қара бидай мен тарыны босатуға және 250 шаруашылықты жөнелту үшін 1520 сом ақша бөлуге қаулы қабылдады [365, п. 15]. Босқындарды қайтару жөніндегі Алматы облыстық комиссиясы 1932 жылдың 29 мамырына дейін облыстан көшіп кеткен босқындар жөніндегі мәліметтерді жинақтаған [366, п.9: Кесте В.]

Алматы облыстық атқару комитеті босқындарды қайтару мәселесі жөнінде өлкелік өкімет орындарына жолдаған мәліметтерінде кезең-кезеңімен қайтып оралған шаруашылықтар, бөлінген қаржының игерілу деңгейін хабарлап отырған. 1932 жылдың 26 маусымдағы облатком төрағасы А. Ярмұхамедовтің ХКК төрағасының орынбасары Ұ. Құлымбетов пен обком хатшысы Морозовқа жолдаған хатында 1930-1931 жылдары Алматы облысының 16 ауданынан Қытайға 14824 шаруашылық, Қырғыз республикасына 8812 шаруашылық, облыстың өзі ішінде 19756 шаруашылық, ҚАКСР-дің басқа облыстарына 8842 шаруашылық көшіп кеткенін баяндайды. Облыстан жалпы саны 103258 жаны бар 44234 шаруашылық көшіп кеткен. ҚАКСР ХКК 1932 жылдың 7 маусымдағы қаулысымен Шығыс Қазақстан облысының Көкпекті ауданына көшіп барған 3000 шаруашылық Үржар ауданында қалдырылып, өлкелік үкімет Шығыс Қазақстан облысына 5000 пұт астық және 20000 сом ауыл шаруашылық несиесін аударған. Батыс Қытай аумағынан Шелек ауданына 552 шаруашылық оралған және 250 адамның Үржар ауданына келуі күтілген. Үкімет бөлген қайтарымды азық-түлік несиесі 20 маусымға қарай толықтай таратылған. Талдықорған ауданында № 6, 16, 17 ауылдарда жүздеген колхозшылар ашығып жатқанына қарамастан, ауатком азық-түлік қорына бөлінген қаржыны тұқым қорына пайдаланған. Бұл мәселе қарау үшін облпрокурорға жолданған. Іле ауданына Алматыға Балқаш ауданынан көшіп барған 79 шаруашылық жіберілді. Облатком төрағасы А. Ярмұхамедов «облыстың бұрын көшіп кеткендерді қайтару үшін ерекше жағдайда тұрғанын», облыстың батыс Қытаймен шектесетін 7 шекаралы ауданы бар екенін атап көрсеткен. 1930-1931 жылдары Қытайға көшіп кеткен қазақтар мен ұйғырлар қайтып келіп жатқан фактілер жиілеген. Осы себептен облатком өлкелік комиссиядан жұмыс көлігі, өнеркәсіп товарлары үшін қосымша несие бөлуді сұрайды. Босқындарды қайтару жөніндегі комиссияның 10 шілдедегі мәжілісін қатысқан Қастек ауданының өкілі Мырзалиев 600 босқын шаруашылық қайтарылып, өздерінің кеткен колхоздарына орналасқанын хабарлаған. Қордай ауданы бойынша хабарлама жасаған Мұртазин Қырғызстаннан 500 шаруашылық қайтарылғанын хабарлаған [366, п. 18,19].

Алматы облыстық атқару комитеті төрағасы І.И. Молдажановтың 1932 жылдың 5 шілдесіне қарай ХКК төрағасының орынбасары Ұ. Құлымбетов пен обком хатшысы І. Құрамысовқа жолдаған хатында жоғарыдағы статистикалық

мәліметтер толықтырылып, Алматы облысының 14 ауданынан Қырғызстан Республикасына 7312 шаруашылық, Қытайға 11530 шаруашылық босып, облыстың өзі ішінде ауданнан ауданға 14304, ҚАКСР-дің басқа облыстарына 923 шаруашылық қоныс аударғанын көрсеткен. Облыстағы босқындардың жалпы саны 27970 шаруашылықты құраған. Босқындар саны бойынша Үржар, Қоңырат, Шет, Алакөл, Лепсі және Октябрь сияқты аудандардың мағлұматтары қамтылмаған. 1932 жылдың 28 шілдедегі мәліметтерге сәйкес, Қырғыз республикасынан 566, Қытайдан 305 шаруашылық, облыстың өз ішіндегі аудандардан бұрынғы мекенінен 3527 шаруашылық қайта оралған. Босқындардың қайтып келуі ұйымдаспаған сипатта жүргендіктен, олардың қалай орналасқаны анық болмаған. Өлкелік өкімет босқындарға 43060 центнер қайтарымды азық-түлік несиесі, 20480 центнер қайтарымсыз несиесін бөлген. Бөлінген 63520 центнер астықтың 13417 центнері пайдаланылған. Үкімет тарапынан жұмыс малдарын алу үшін 66500 сом көлемінде мемлекеттік несие бөлінген. Бұл қаржы сомасы шілде айының ортасында ғана аудандарға түсірілгендіктен, жергілікті жерлерде несие әлі игерілмеген. Сондай-ақ, өнеркәсіп товарларын алуға бөлінген 48000 сом қаржы да әлі пайдаланылмаған [366, п.48].

Алматы облысына қарайтын Үржар ауданына Шығыс Қазақстанның Көкпекті ауданынан келіп жатқан босқындардың толастамауы жергілікті өкімет орындарының жұмысын қиындатты. Бұл туралы Шығыс Қазақстан облатком төрағасы Н.С. Сырғабековке жолдаған хатында Алматы облатком төрағасы І. И. Молдажанов атап көрсетіп, «босқындардың нөпірін тоқтату үшін нақты шаралар қабылдауды» сұраған.

О. Ж. Исаевтың Ф. И. Голощекин бастаған ескі басшылық құрамынан қудалауға ұшырамай, аман қалуы оның 1932 жылдың 24 тамызында И. В. Сталинге жазған хаты әсер еткен еді. «Қазақ ауылында қалыптасып отырған жағдай маған тікелей өзіңізге осы ақпаратпен хат жазуға мәжбүрлеп отыр.» - деп басталған О. Ж. Исаевтың хатында 1929 жылғы есеп бойынша Қазақстанда 40 миллион бас мал болған болса, қазір оның 6 миллионы ғана қалғаны, оның 2 миллионы совхоздарға тесілі босла, колхоздар мен жеке шаруашылықтар секторына тән 4 миллион мал басы бұрынғы негізгі қазақ мал өсіру аудандарында емес, орыс аудандарында сақталғанын көрсетті. О. Ж. Исаевтың хатында Орталық Қазақстанның 10-12 қазақ аудандарын аштық жайлап, 1932 жылдың көктемінде 10-15 мың адам аштан қырылғаны баяндалды [300, п.9]. О. Ж. Исаев хатында жаппай босқыншылықтың негізінде асыра сілтеулер мен азық-түлік тапшылығы жатқанын, құбылысты тек қана байлардың әрекетімен, көрші өлкелердің айрықша саясатымен түсіндіру керексіз екенін жасырмады.

Алматы облыстық босқындарды қайтару жөніндегі комиссия 10 қыркүйекке қарай ауаткомдардан жинақталған мәліметтер негізінде облыстағы көмекке мұқтаж 17800 шаруашылық бар екенін анықтаған. Әрбір шаруашылыққа келер жылғы өнімге дейін берілетін астық 18 пұд деп белгіленгенде жалпы көлемі 320400 пұтты құраған. Әрбір ауданға берілетін тұқымдық көмекті анықтағанда біріншіден 1932 жыл ішінде қайтып оралған және оралуы жоспарланған

шаруашылықтар мәліметі, екіншіден, осы жылғы әр ауданның егін көлемінің көбею мүмкіндігі негізге алынған. Осы жағдайды есепке алғанда, босқындардан тұқым қоры мұқтажы бар 17100 шаруашылық анықталған. Тұқым себілетін егіс алқабын 41050 гектар деп алып, әр гектарға 4 пұдтан тұқым есептелгенде, жалпы көлемі 164200 пұт тұқым қоры қажеттілігі анықталған. Қажетті азық-түліктік және тұқымдық бидайдың жалпы көлемі 484600 пұтты құраған. Алматы облаткомы бұл астықты 2 миллиондық облыстың тапсыруға тиіс астық қорынан босатуды сұраған [366, п.42].

Қытайдың батысына босып барған қазақ босқындарының жағдайы жартылай ашқұрсақ жағдайда екенін 1932 жылдың 31 қазанында Қазөлкеком хатшысы Ф.И. Голощекинге Қытайдың Іле округіндегі КСРО консулы М.С. Лозовский мен консулдық хатшысы Самловский қол қойған құпия хатта көрсетілген. Консулдың көрсетуінше бұл кезде батыс Қытайдың Іле округінде негізінен Қазақстанның шекаралық аудандарынан келген 20 мыңға жуық босқындар болған. Қазақ босқындардың басым бөлігі Қытайға 1931 жылы өткен. Хат жызылып отырған кезде босқындардың қайтадан КСРО-ға оралу процесі жүріп жатқан. 1932 жылдың 1 қаңтар-31 тамыз аралығында консулдық арқылы кері қайтуға ниет қылған 159 адамға арналған 52 рұқсатнама берілсе, осы жылдың 28 қыркүйегі мен 25 қазаны аралығында 150 адамға арналған 40 рұқсатнама берілген. Консулдық әрбір берілген рұқсатнама үшін Іле губернаторы Син-Чжен-Чжанның басқармасына 6 ланнан төлеген. Рұқсатнаманы толтыру 5-7 күн уақыт алған. Консулдың көрсетуінше көптеген босқындар рұқсатнаманың берілуін күтпей, Кеңес Одағына шекараны заңсыз кесіп өту арқылы өтіп жатқан. Іле округіне босып келген босқындардың басым бөлігі бұрынғы колхозшылар: кедей, батрақ, орташалар болған. Өздерімен алып келген мал-мүліктерін жұмсап, жергілікті қытайлықтар тарапынан тоналған олардың кейбірінің шекараға жетуге де наны болмаған. Кеңес консулы М.С. Лозовский Ф.И. Голощекиннен босқындарды қайтару жұмыстарына әрбір келушіге 1 сом есебімен қаржы бөлуді сұраған. Консул бұл мақсатта валюта түрінде 500-700 сом жұмсалатын болса, елге қайтқысы келетін біршама босқынның шекараға жетуіне көмектесуге болатынын көрсеткен [295, п.191].

Т. Рысқұлов Қазақстан басшылығының қоныс аударудың себептерін басқаша түсіндіруге тырысып баққанын, Ф. Голощекин өзінің «Тағы да мал шаруашылығын дамыту жолдары және осы майдандағы оппортунистер туралы» атты «Қазақстан халық шаруашылығы» журналының 1932 жылдың № 8-9 санында мақаласында мал басының кемуі жөнінде пікір айтқан Төреғожин мен басқаларға тойтарыс бере отырып, босқыншылыққа тіпті басқаша баға бергенін келтіреді. Т. Рысқұлов Ф. Голощекиннің: «Бұрын өз аулынан ешқайда ұзап шығып көрмеген қазақ өзінің көшіп-қонатын өрісінен басқа жолды білмеуші еді, ал қазір олар Қазақстанның бір ауданынан екінші ауданына оп-оңай көшіп бара алады, орыс, украин колхоздарына келіп қосылып жатыр, Поволжьенің, Сібірдің шаруашылық құрылыстарында да жұмыс істеп жүр» - деген сөздерін келтірген. Т. Рысқұлов: «Бұл теорияны, әрине, өзгелер де іліп алып кетті, бірақ біз жоғарыда келтірілген мысалдардан бұндай қоныс аударулардың неге апарып соғатынын

көріп отырмыз» - деп түйіндеген [328, п.140]. Ф. Голощекиннің бұл дәлмәрлігінен оның босқыншылықты социалистік құрылыс нәтижесі ретінде көрсетуге бейіл болғанын көруге болады.

БМСБ Бақты атты әскер шекара отрядының бастығы Шахов, құпия жедел бөлім бастығы Николаев және күзет қызметі уәкілі Ставецкилер қол қойған 1932 жылдың 20 қарашасындағы мәліметте Синьцзянның Хами провинциясында үкімет әскерлерінің Қожанияз Әлиев бастаған өзбектермен шайқас жүріп жатқаны хабарланды. Осы кезде Еміл заставасы арқылы Қытайдан қайтып келе жатқан 3 жанұя реэмигранттар ұсталған. Ұсталғандардың арасында Үржар ауданы Көктал ауылкеңесінің төрағасы Байқан Есбаев та болған. Қытайдан оралып жатқан реэмигранттар тиісті сүзгіден өткізіліп, босқындар бұрынғы мекен-жайларына жіберілсе, Байқан Есбаев БМСБ Үржар аудандық бөліміне күзетпен аттандырылған. Қайта оралушы босқындардың бұдан басқа да топтары шекарашылар қолына түсіп, тиісті сүзгіден соң, атамекендеріне жіберілген [367, п. 40,44].

Алматы облысы бойынша босқындарды орналастыру жөніндегі комиссия төрағасы І.И. Молдажанов БК(б)П өлкекомы жанындағы осы аттас комиссияның жұмысына үнемі қатысып, босқындар жайын хабарлап отырған. 1932 жылдың 29 желтоқсанында өткен комиссия жиналысында Алматы облаткомы Шұбартау, Шет және басқа да «қазақ аудандарында» босқыншылықтың жалғасып жатқаны, жергілікті өкімет орындарының уақтылы азық-түлік жеткізу жұмысына бақылау жасай алмағаны көрсетіліп, сыналды. Облаткомның көмекке мұқтаж аудандар тізімін өз бетінше кеңейткені мемлекеттік көмектің көшпелі, жартылай көшпелі аудандарға әсерін кеміткені баса айтылған. Осы негізде өлкелік комиссия облаткомға көмекке мұқтаж аудандар тізімін қайта қарап, оған нағыз жәрдемге зәру аудандарды ғана қосуды тапсырған. І.И. Молдажановтың өзіне Шет, Шұбартау, Балқаш, Қоңырат аудандарына айрықша назар аударуға, көрсетілетін көмек көлемі туралы есепті 1933 жылдың 6 қаңтарынан кешіктірмей комиссияға беруге бұйрық берілді. Босқындарға Қазақстан бойынша 1933 жылдың 1 тоқсанына бөлінген 234 мың пұт астықтан Алматы облысына 16 сәуірге дейін тарату үшін 35 мың пұт астық бөлінген. Босқындарды орналастыру жөніндегі өлкелік комиссияның 1933 жылдың 14 қаңтардағы мәжілісінде І.И. Молдажанов Балқаш көлінің Бертис шығанағында көптеп топтасып жатқан босқындар арасында жұқпалы аурулар таралып отырғанын хабарлайды. Комиссия Бертистегі босқындарға арнап Алматы облаткомына 1 мың пұт астық бөлуге шешім етілді [350, п. 2, 24, 26].

Жергілікті БМСБ бөлімінің мәліметі бойынша Балқаш ауданындағы 60 мың халықтың 12 мыңы көшіп кеткен, 36 мыңы қаза тапқан, сонымен 12 мыңы ғана қалған. 1932 жылдың қысында Қаратал ауданындағы үш қазақ ауылын отырықшылыққа күштеп көшіру кезінде тұрғындардың тең жартысы қаза болған. Жергілікті БМСБ бөлімінің куәландыруынша осы ауданда 1932 жылдың желтоқсаны мен 1933 жылдың қаңтар айының алғашқы 10 күнінде 569 адам аштан өлген, осы уақыт аралығында Үштөбе станциясындағы Қаратал құрылыс

алаңы мен күріш совхозынан 300-ден астам адамның өлігі жиналып алынған [328, п.139].

1932-1933 жылдың қысы Семейдегі қоныс аударушыларға ауыр тигенін көруге болады. Шығыс Қазақстан облыстық бақылау комиссиясы-жұмысшы, шаруа инспекциясы іс басқарушысының 1933 жылдың 8 наурызындағы фотосуреттері бірге берілген есебінде қоныс аударушыларға арнап дайындалған 75 адамға лайықталған №6 баракқа 250 адам орналасқанын көрсеткен. Фотосуреттері қоса жолданған ақпар бойынша № 6 барактың екі бөлмесін ғана қоныс аударушы босқындар жайғасқан. Қалған бөлмелер Семейдің 35-40 градус аязында адамдар тұруы мүмкін болмаған. Суреттердің бірінде № 6 барактың ішкі көрінісі берілген. Суретке берілген түсініктемеде: «Карточка 6-барактың ішінен түсірілген. Сіздер жатқан әбден әлсіреген қазақ ерлер мен әйелдерді және жатқанына 4 күн болған адам мәйіттерін көресіздер» - делінген [86, б. 185-186].

1933 жылдың 1 ақпанында БК(б)П Орталық комитеті Саяси бюросы мәжілісінің қаулысымен Ф.И. Голощекиннің Қазөлкекомның 1-хатшысы міндетінен босату туралы өтініші қанағаттандырылып, орнына Қазөлкеком 1 хатшылығына Л.И.Мирзоян ұсынылды [368, п.70].

Ақсу ауданында уәкілдер жинақтаған толық емес мәліметтер бойынша 1933 жылдың 1 ақпанынан қарай көмекке аса мұқтаж 4000 шаруашылық болған. 11 ауылкеңестердің мәліметтері бойынша босқындар саны 929 шаруашылықты құраған. Ақпан айының басынан бері босып кеткен 600 адам Сарқаннан, 93 адам Егінсудан оралған. Босқындарға арнап ашылған 2 тамақтандыру пунктіне 260 адам тартылған. Балалар үйіне тапсырылған панасыздар саны 700 адамды құраған. Милицияның мәліметтері бойынша Ақсу ауданның 15 ауылкеңесінен тамақ жеткіліксіздігінен аштан өлгендердің жалпы саны 1083 адамды құраған. Табиғи ажалымен өлгендерді қосқанда адам шығыны 2264 адамға толады. Ақсу ауданы бойынша уәкіл ауданда адам жеу фактілері көрініс беріп отырғанын хабарлаған [325, п. 182].

Өзінің И. Сталинге жолдаған хаттарын Қазақстан партия ұйымының басшысы Л. Миозоянға жолдай отырып, Т. Рысқұлов 1933 жылдың 11 наурызында өзінің РКФСР ХКК жанынан құрылған босқын қазақтарды орналастыру жөніндегі комиссия төрағасы ретінде бұл мәселені шешудің жолдарын тарқатып көрсеткен. «Бұл баяндаманың мақсаты – басқару қызметіндегі жолдастардың назарын бұл мәселеге аудару және Қазақстанға көмектесу. Мені Қазақстанның ішкі істеріне араласып жатыр деп ойламауыңызды сұраймын. Мен БК(б)П ОК-не қозғалып отырған мәселелердің Қазақстан тұрғысынан ғана емес, жалпы мемлекеттік жағынан айрықша маңыздылығына орай жазып отырмын.» - деп көрсетеді Т. Рысқұлов [328, п. 137 (а)]. Т. Рысқұлов осылайша Л. Мирзоянға өзінің басты мақсаты босқыншылық пен аштыққа ұшыраған тұрғындарға көмектесу екенін нақтылап өткен.

Шығыс облысының обком хатшысы М. И. Стакун мен облатқаруком төрағасы Н.С. Сырғабековтардың 1933 жылдың 26 наурыздағы Л. Мизоян мен В. Случакқа жолдаған құпия баяндамасында 1932 жылы облыстық жер басқармасының мәліметіне сәйкес, облысқа 19855 босқындар шаруашылығы

қайта оралғаны көрсетілген. Осы мерзімде әлі шаруашылық жағынан орнықтаған шаруашылықтар саны 7094 болған. Бұлардың ішінде 3425 шаруашылық аудандарға көшіріліп әкелгеннен кейін қайтадан ауа көшіп кеткендер. Оралған босқындар әлі орнықтаған аудандар санатында Жарма, Шыңғыстау, Көкпекті де болған [328, п. 147]. Жалпы алғанда, Шығыс облысы ҚАКСР Халкомкеңесінің қаулысымен 20300 көмекке мұқтаж шаруашылықты азық-түлік және өнеркәсіп товарларымен қамтамасыз етуге міндеттелген. Осы мақсатта облысқа 1932 жылдың қазан айынан 26280 центнер астық бөлінген. 1933 жылдың 15 наурызына дейінгі ақпар бойынша, бұл азық-түлік мөлшерінің 20076 центнері аудандарға жеткізіліп, қалған бөлігі жеткізілу үстінде болған. 14 көмек алатын аудандардың 11-іне жеткізілген азық-түлік көмегінен 12107 центнер таратылған [328, п. 148]. М.И. Стакун мен Н.С. Сырғабековтың баяндамасында Семей қаласының босқындарға толғаны хабарланған. Көрсетілген мерзімде Семейге аудандардан өз бетімен келіп 1585 адам топтасса, олардың ішінде 280-дейі ауырудан әлсірегендіктен, оларды орналастыруға жабық, аурухана типіндегі ғимарат керек болған. Шығыс облысындағы босқыншылықтың бетін қайтару мақсатында 5000 адамға арналған 3 тамақтандыру пунктін қаржыландыру үшін 234775 сом, ауру және әлсіреген босқындарды қосымша орындарға орналастыру үшін 69250 сом, 1 мүгедектер үйін ұстау үшін 100000 сом, жартылай көшпелі аудандарға егістік ұрық пен азық-түлік көмегін сатып алып жіберу мақсатына 53800 сом, өткен жылы алынған нарядтар бойынша товарларды сатып алуға 2000000 сом қаржы, жалпы мөлшері 1 миллион 142 мың 35 сом талап етілген. М. И. Стакун бұл қаржының 350000 сомын облыстық бюджеттен, 244 000 сомы аудандардағы жер бөлімдері мен жинақ кассаларындағы совхоздар аумағынан босып кеткендерге төлеуге арналған ағымдағы есеп шоттардан қайтарып алу жолымен жабуға болатынын көрсеткен. 148000 сомды құрайтын егін ұрығына және жеткізілуге керекті қаржы бөлігін ауқатты колхоздардан алу көзделген. Өлкелік органдардан алуға тиісті қаржы көлемі 400000 сомды құраған [328, п. 151-152].

Шыңғыстау ауданы бойынша уәкіл С. Аманжоловтың 30 наурыз 1933 жылғы Л. Мирзоян мен О. Исаевқа жолдаған баяндамасында ауданда 6 жер өңдеу серіктестігі, 6 қой өсіру фермасы бар 6 ауыл шаруашылық артелі болғаны көрсетілген. Аудандағы жалпы шаруашылықтар саны 1800 болса, оның 400-і қайта көшіп келген босқындар болған. Шыңғыстау ауданында ірі қара және ұсақ малы жоқ шаруашылықтар саны 800-ді құраған. Азық түлік көмегі 1981 шаруашылық түтінге көрсетілген. Көмек алатын шаруашылықтардың 400-і әбден титықтаған босқындар. Ауатком мен аупартком тарапынан босқындардың әр түтініне берілетін азық-түлік көмегінің мөлшері ай сайын 8 килограмнан белгіленген. Шыңғыстау ауданына шаруаларға азық-түлік көмегі ретінде бөлінген 1506 центнер астық 1200 шаруашылыққа мөлшерленген [328, п. 157-158]. Шыңғыстау ауданына жіберілген уәкіл С. Аманжолов обкомның алдына қоныс аударушыларға берілетін азық-түлік көмегін айына 12 килограмға көтеру және ұшырған кезде салмағы азайып қалатын тары түрінде емес бидай түрінде беруді ұсынған. С. Аманжолов көктемгі егіс науқаны тұсында тарымын

ауқаттанған шаруалардың әлсіз болатынын, үнемі тары тамақтарын тұтыну балалардың арасындағы ауруларды үдетіп отырғанын да ескерткен. Шұбартау ауданының өзінде совхоздардың болмауы себепті босқын шаруашылықтарға таяудағы совхоздардан бір-бірден сиыр беруді ұйымдастыру көзделді. С. Аманжоловтың қоныс аударушыларды орналастыруға қатысты ұсыныстарының ішінде оларға облыстық жер басқармасы арқылы ұрықтық материал мен құрал-жабдық беру арқылы көктемгі егіске ұйымдастыру да бар. Уәкіл, «Қоныс аударушыларға бұлайша көмек көрсету керек пе?»- деген сұраққа: «Иә, олар көмек көрсетілуге лайық. Олардың саны 400 шаруашылықты, былай алғанда, тұтас бір әкімшілі-шаруашылық ауылды құрайды. Егер олар егістік екпесе, оларды азық-түлік көмегінің нормасымен қамтамасыз ету қымбатқа түседі. Екіншіден, олар бұл нормаға қанағаттанбайды.» - деп жауап берген. Облыстық жер басқармасына Шығыстау ауданындағы босқын шаруашылықтар үшін 3-5 трактор бөлуі сұралды. Аудан үшін аса апатты жағдайдағы жұмыс күші жылқының аз болуы (аудан бойынша небәрі 700 жылқы болып, оның 138-ін буаз биелер құраған) аз мөлшерде 3-еу болса да автомобиль қажет етілді. «Мұндай шұғыл шаралар мен өзгерістерсіз аудан орын алған апат пен оның зардаптарын түпкілікті түзеуге қабілетсіз.» - деп атап көрсеткен уәкіл [328, п. 159].

1933 жылдың 16 сәуірінде Ораз Исаев төрағалық еткен ҚазАКСР ХКК отырықшыландыру және ауа көшушілерді орналастыру жөнінегі комиссия мәжілісінде босқындарды орналастыру және шаруашылық жағынан көмектесу мақсатына 5 миллион сом қаржы бөлінгені көрсетілді. Негізгі шығындар ретінде тамақтандыру пункттері, өнеркәсіп товарларын сатып алу, азық-түлік көмегін тасымалдау, медициналық қызмет көрсету, ауа көшушілерді санитарлық тазартудан өткізу және денсаулық халкомының сәбилер үйін ұстау міндеттері айқындалды. Осы мақсатта Алматы облысына 350 мың сом, Шығыс Қазақстан облысына 230 мың сом қаржы бөлінді [331, п.4]. Комиссияның жұмысына О. Исаев, Л. Мирзоян, Қ. Сармолдаевтар қатысқан келесі 17 сәуірдегі мәжілісінде Алматы облыстық атқарукомы мен денсаулық сақтау басқармасының босқындарды орналастыру бойынша есебі тыңдалып, қанағаттанарлықсыз деп танылды. Қаулыда Алматы облатқаруком төрағасы І. И. Молдажанов пен Алматы қалалық кеңес төрағасы Жаныұзақовтарға босқындардың арасынан еңбекке жарамды 800 адамды 3 күн ішінде қалаға жақын колхоздарға орналастыру тапсырылып, орындалуын бақылау Сатығұловқа жүктелді. 1933 жылдың 1 сәуіріне дейінгі жағдай бойынша Алматы облысында 52 000 шаруашылық, Шығыс Қазақстан облысында 26000 шаруашылық келесі мамыр айында қамтамасыз ету контингенті мөлшеріне кіргізілді. Өлке бойынша 170 000 шаруашылыққа көмек көрсетілетін болды. Мамыр айында Алматы облысына 18820, Шығыс Қазақстан облысына 9360 центнерден астық бөлінетін болды [325, п. 1,4]. Алматы облысына қарасты Шу ауданындағы босқындардың азық-түлікке мұқтаждығы туралы Л. Мирзоянның жеделхатын қараған Қазөлкеком мен ХКК ауыл істері жөніндегі комиссиясы Алматы облатқарукомына Шу ауданындағы азық-түлік көмегіне мұқтаждар санын 5000 шаруашылыққа жеткізу, ХКК жанындағы азы-түлік көмегі қорының резервінен 2500 пұд астық бөлу шешілді

[325, п. 6]. Одақтық үкімет Қазақстандағы ауа көшушілерді орналастыру мақсатында 2 миллион сом, 1 миллион пұд астық қайтарымсыз азық-түлік ссудасын бөлгенінен кейін 20 сәуірде комиссия Қазақстанға оралатын босқындар мөлшерін Шығыс Қазақстан облысына 9000 шаруашылыққа, Алматы обысына 1000 шаруашылыққа көбейтуді шешті [325, п. 19].

Ал 1933 жылдың 10 мамыр күні БК(б)П ОК саяси бюросы шешімімен І. Құрамысов БК(б)П Алматы облыстық комитетінің 1 хатшысы қызметінен босатылып, орнына К. Тоболов бекітілді. Обкомның 2-хатшылығына М. Н. Төлепов бекіді [368, п. 72].

1933 жылы тамыз айының аяғында Қарақалпақ АССР-не қазақ босқындарын реэвакуациялауды ұйымдастыру үшін Сейітқали Меңдешев төрағалық жасаған Қазақстан үкіметтік комиссиясы келді. Комиссия Қазақстанға Әмудария өзенінің бойымен пароходтармен жеке топтармен барып, Қазақстан аумағында комиссия өкілі оларды қарсы алып, Оңтүстік Қазақстан, Алматы және Ақтөбе облыстарының қант қызылшасы егетін аудандарына қоныстандыру үшін 8 мың қазақ босқындарының қайтуын ұйымдастыруға тиіс болды. Алайда, Қазақстанның үкіметтік комиссиясында тиісті қаржы мөлшері, азық-түлік қоры да, Арал флоты су жолы арқылы тасымалдауға тапсырыстар да болмады. Ал жергілікті билік мұндай қиын мәселеде көмек көрсетуге асықпады. 1933 жылы 7 қазанда Қараөзек жағалауларында пароход күтіп тұрғандар саны 2000 адамға, Қоңыратта 800 адамға, Қожеліде 220 адамға дейін өсті. Ұзақ күту мен азық-түлік тапшылығы қайғылы салдарға әкеп соғып, антисанитариялық жағдай мен дұрыс тамақтанбау салдарынан босқындар арасында өлім-жітім көбейді. 19 қыркүйекте Қараөзек жағалауында 18 және осы жағалауға барар жолда 4 адам өлімі тіркелді. Осындай құбылыстар басқа жағалауларда да байқалды. Оқиғаның объективті себептеріне қарамастан, БМСБ Орталық Азиядағы өкілетті өкілінің орынбасары С. Меңдешевті әрекетсіздігі үшін айыптады [369, п.55]. Қарақалпақстан билігі мен Сейітқали Меңдешев комиссиясы арасында туындаған келіспеушілік қайта эвакуацияланатын қазақ босқындарының санын анықтауға қатысты болды. БК(б)П Қарақалпақстан обкомы мен Қарақалпақ АКСР үкіметінің 1933 жылғы 13 қарашадағы ерекше қаулысында: «Қараөзек және Қожелі жағалауларында ауа көшушілерді жөнелту кезінде туындаған қиын жағдайдың негізгі себебі Меңдешев жолдастың комиссиясының өз жұмысында Қарақалпақстан ОК және ҚҚАКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің 900 шаруашылық көлемінде тек орналаспаған қазақтарды ғана жөнелту туралы шешімдерін елемей және жағалауларға жаппай стихиялық нөпірді туғызбау үшін өз жұмыстарында сақ болуды ескерткеніне қарамастан, азық-түлік және тасымал көліктерінің бар-жоғын есепке алмай, әрбір ауа көшушінің шаруашылығына оқшау қарамай, қазақтарды базарларда жаршы арқылы елге кетуге шақыруы түрінде болған өрескел қателіктер жіберуінен болды» - деп көрсетілді [369, п.64]. Алайда, Қарақалпақстан билігі мен қазақ комиссиясы арасындағы бұл тартыста туындаған жағдайдың тағы бір себебі ескерілмеді. БК(б)П Қарақалпақ АКСР облыстық бақылау комиссиясы төрағасы орынбасарының 1933 жылы 16 қарашада КСРО жұмысшы-шаруа инспекциясы халкомы Я.Э. Рудзутакқа



жолдаған ақпар баяндамасында өзен флоты басшылығы бұл мәселеге тар ведомстволық тұрғыдан қарап, қызметтері үшін ақыны дереу төлеуді талап етуі босқындарды жөнелтуді кешіктіргені атап көрсетілді [369, п.66]. Шындығында Орта Азияның түкпір-түкпіріндегі қазақ босқындары Қазақстанға босқындарды апаратын көлікке мініп үлгереміз деген үмітпен Қарақалпақстанға бет алды. 1934 жылы қаңтарда Қарақалпақстанда 15616 босқын қазақтар шоғырланса, олардың саны наурызда – 21680, мамырда – 45221 адамға жетті. 2357 панасыз бала жетімдер үйінде тұрды. Осының бәрі Амудария мен Арал теңізі жағалауларына (Қожелі, Қаптаөзек, Қоңырат, Мойнақ, Қараөзек) жиналды. Осылайша Қарақалпақстан Өзбекстан мен Түркіменстаннан Қазақстанға өтудің негізгі нүктесіне айналды. Өзбекстан мен Түркіменстанның басқа аймақтарынан босқындардың кетуі Қазақстаннан комиссия келгенге дейін мұндағы қазақ шаруашылықтарының азық-түлікпен, шаруашылық жағынан орналастыру тұрғысынан қамтамасыз етілмеуіне байланысты болды. Өзбекстан мен Түркіменстанның басқа аймақтарынан қазақтар мен Түркіменстандағы қазақтар мен Түркіменстандағы босқындардың кетуіне байланысты болды. Республикалар, қазақ шаруашылықтары азық-түлікпен, шаруашылықпен толық қамтамасыз етілмеген еді [370, п. 10-14].

Қазөлкеком секретариатының 1933 жылдың 20 қарашадағы Ж. Сәдуақасов төрағалық жасаған жабық мәжілісінде БМСБ Қазақстандағы өкілетті өкілі В.А. Каруцкийдің «Батыс Қытайдағы босқындар жағдайы туралы» баяндамасы тыңдалды. Баяндама бойынша қабылданған Қазөлкеком секретариаты қаулысында: «Батыс Қытайдағы босқындардың азық-түлік жағынан ауыр жағдайда қалғанын назарға алып, 934 жылдың 1 қаңтарына дейін Қазақ астық дайындау мекемесі мен КомСТО инспекциясы резервінен Алматы және Шығыс Қазақстан облатқарукомдарына босқындарды тамақтандыруды ұйымдастыру және орналастыру орындарына жеткізу үшін 378 тонна астық бөлінсін. Нан малға айырбас түрінде бөлінсін. Одақтық ХКК мен Чернов жолдастан көрсетілген мөлшердегі астықты бөлу сұралсын.» - делінген [346, п. 144]. Большевиктік партия билігі басқа елдегі азаматтарға қатысты «босқын» ұғымын пайдаланып, ел ішіндегі босқындарды «ауа көшуші», «қоныс аударушы», «көшпенді» деген ұғымдармен түрлендіріп көрсететінін осы құпия құжат тағы бір мәрте дәлелдейді. В.А. Каруцкийдің баяндамасында әңгіме, анығында шекараның арғы бетіндегі саяси оқиғаларға орай Сынцзяндағы дүнгендер көтерілісіне орай шекараны торуылдай бастаған босқындар нөпірі туралы болып отыр.

1934 жылы маусымда Қарақалпақстаннан оралған қазақ босқындарының 7 мыңға жуық шаруашылық Қазақстанның үш облысына: 2150-і мақта егетін облыстарға, 4800-і қант қызылшасы егетін облыстарға қоныстанды [371, п.24]. Қазақ АКСР үкіметі қоныс аударушыларды шаруашылық жағынан орналастыру мәселесіне – оларды колхоздардың өндірістік өміріне тартуға, босқындарды колхоздың толыққанды мүшелері ретінде қамтамасыз етуге, оларға күнделікті көмек көрсетуге үлкен мән берді [372, п.1-2]. Қарақалпақстан мен Түркіменстанда қалған қазақ босқындары колхоздарға орналастырылып, көп

ұзамай жергілікті жағдайға бейімделіп, жергілікті қоғамға сіңісіп кетті [373, б.11].

Босқындарды реэвакуациялау айтарлықтай қаржылық ресурстарды және бұл іске одақтық және федералдық (ресейлік) орталық органдардың араласуын талап етті. 1934 жылы 9 тамызда РКФСР үкіметі қазақ босқындарын көшіру ережесін бекітіп, бұл құжат Қазақстан мен Қарақалпақстанның мемлекеттік органдарын қайта эвакуациялауды ерікті түрде жүзеге асыруды және қалған босқындарды Қарақалпақстандағы колхоздар мен басқа да кеңестік шаруашылықтарға жұмысқа орналастыруды міндеттеді. Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесі 1934 жылы Қарақалпақстаннан келген босқын қазақтардың 6 мың шаруашылығын Оңтүстік Қазақстан және Алматы облыстарына қоныстандыру туралы шешім қабылдады [371, п.19].

1934 жылдың 16 тамызында БК(б)П Қазөлкекомы бюросында жабық мәжілісте «КАКСР-дің шекаралық аудандарындағы Қытайдан реэмиграция туралы» мәселе қаралды. Жиналыста 1934 жылдың көктемінен бастап, «КАКСР-дегі материалдық өмір жағдайының жақсаруына байланысты» және 1933 жылдың күзі мен 1934 жылдың басына дейінгі аралықтағы «Синьцзяндағы оқиғаларға» байланысты Синьцзяннан реэмиграция толқыны күшейгені айтылып, 1 қаңтар мен 15 мамыр аралығында 7490 адам кері қайтқаны атап өтілді. Қайта оралушылар көбіне малсыз, азық-түліксіз қайтып жатқандықтан, шекаралық аудандарға ауыр салмақ салып тұрған. Қазөлкеком бюро мәжілісінде шекаралық аудандардың партия-кеңес аппаратының қайта оралушыларға жеткілікті көңіл бөлмей отырғаны, олардың тіркеу өз деңгейінде жүрмейтіні, реэмигранттар арасындағы бай және антикеңестік элементтерді анықтау жүргізілмейтіні көрсетілді. Осыны пайдаланып, реэмигранттар арасындағы «жат, бай-кулак элементтер шералық аудандардағы шараларды әлсіретуге бағытталған әрекеттерге барып жатқаны» айтылды. Осыған орай БК(б)П Қазөлкеком бюросы ПХК өлкелік басқармасы бастығы (КСРО қауіпсіздің органдары жүйесіне жүргізілген қайта құруға байланысты 1934 жылдың 10 шілдесінен БМСБ ПХК болып өзгертілді. 1934 жылдың 15 шілдедегі КСРО ПХК № 5 бұйрығына сәйкес Қазақ АКСР ПХК басқармасы құрылды [36, б.107-108]) В. А. Каруцкийге реэмигранттар арасындағы бай, әлеуметтік тұрғыда жат элементтерді сейілту бағытында жұмыс істеу ұсынылды. Алматы және Шығыс Қазақстан облыстары обкомдары мен облатқарукомдарына аупартком мен ауаткомдар арқылы, әсіресе Үржар, Кеген, Жаркент, Зайсан, Тарбағатай, Қатонқарағай және басқа да шекаралық аудандарда келіп жатқан реэмигранттарды қатаң түрде тіркеу тапсырылды. Жергілікті өкімет орындарына тапсырылған тапсырмалар ішінде реэмигранттарға азық-түлік, ауыл шаруашылық құрал-жабдықтары жағынан көмектесу, колхоздарға қосылуын немесе жеке артель құруына жағдай жасау, босқындар өздерімен алып келген малдың талан-таражға түспеуін қадағалау, жер халкомы арқылы оларға берілетін игерілетін жерді анықтау бойынша мәліметтер жинақтау сияқты мәселелер болды [117, б. 393-395].

1934 жылдың 23 қыркүйектегі БК(б)П ОК Саяси бюросы қаулысымен С. М. Кировтың ұсынысымен «астық дайындауды жемісті ұйымдастырмағаны үшін» Алматы обкомының хатшысы К. В. Тоболов қызметінен алынып, орнына бұрынғы Түркісіб саяси бөлімінің бастығы А.Д. Киселев бекітілді [368, п.101].

Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңірінде босқындарды орналастыру жұмыстары жекелеген шаруашылық салаларына жұмыс күшін тарту науқанымен қабат жүргізілді. Өңірге жұмыс күші ретінде босқындарды жалдап әкелу жұмыстары бойынша шаралар атқарылды. Алматы облысының темекі және қызылша өсіретін аудандарына босқын қазақтарды қайтару мақсатында арнайы өкілдер олар қоныс аударған өңірлерге жіберілді. 1935 жылдың 15 қазанында Әлімжан Тұранбекович Тұранбековке берілген, облыстық жер басқармасы бастығы Меньшов қол қойған № 762 мандатқа сай, Батыс Сібір өлкесінің Бийск мен Барнауыл қалаларына жіберілген бұл уәкілге осы жылдың 15 қарашасына дейін «қазақ шаруашылықтарын көшіру үшін жауапкершілік және оларды жалдау бойынша тиісті ұйымдардан жалдап алу және жөнелтуге байланысты міндеттер жүктелетіні» көрсетілген [374, п.1]. Ә. Тұрғанбеков ұсынған тапсырыс жоспарында Барнауыл, Бийск қалаларынан бірінші партиясы 60 адамнан тұратын 30 шаруашылық Томск арқылы Алматы станциясына жеткізу жоспарланған. Босқындар жеке вагонға жүктерімен жайғастырылып, келесі вагонға мал тиелетін болды. Барнауыл мен Бийск қалаларынан Түркісіб ауылы станциясы арқылы Алматыға бағытталған басқа поезд вагондарына 20 шаруашылық 30 ат, 30 сиыр, 35 ұсақ мал тиелетіні көрсетілді [374, п.1]. Алматы облыстық жер басқармасы өкілі Дублицкийдің Новосибирскге Томск жолы басқармасына жіберген жеделхатында екінші топтағы Түркісіб ауылы станциясына бағытталған вагондар бағытына өзгеріс енгізілгені, поезд Томскі арқылы өтетіні көрсетілген. Дублицкий «қазақтардың отанына оралуының саяси маңызын ескере отырып, 14 вагонның тұтас бөлінуін талап ететінін» атап көрсеткен [374, п.6]. Отырықшыландыру бөліміне жолдаған хатында Ә. Тұранбеков Алматы облысына қайта оралғысы келетін 30 ауа көшушіні алып қайтуға міндеттеме алып, жол шығынына 200 сом қаражат сұраған. 1935 жылдың 2 желтоқсанында Томск жол басқармасы босқындардың жеткізілуіне 10 вагон бөлетінін хабарлаған. Алайда, мөлшерленген шаруашылық саны толықпағандықтан, облыстық жер басқармасы Томск жер басқармасының жоспарлау бөліміне 1935 жылдың 22 желтоқсандағы жеделхаты арқылы «қоныс аударушылардың болмауына байланысты вагондардан бас тартатыны» көрсетілген. 1936 жылдың 4 қаңтарында Томск ауылы теміржол станциясы Алматы облыстық жер басқармасына бектіліген жоспарды орындамағаны және 10 вагонның босқа тұрғаны үшін 250 сом ақша төлеуді міндеттеген хат жолдаған. Осы жеделхатқа қойылған бұрыштамада Дублицкиден «істің мәнісі неде, не үшін тұрып қалу ақысы төленеді, босқа тұру кімнің кінәсінен болған және кінәлі қандай жазаға тартылған» - деген белгісіз жауапты тұлғаның сұрақтары жазылған [374, п.7,9,10].

Босқындарды тұрғылықты мекендеріне қайтару шаралары осылайша үнемі сәтті бола бермегенін көруге болады.

ҚАССР ХКК шешімімен Оңтүстік Қазақстан және Алматы облысының қызылша өсіретін аудандарына босқындарды қайтару жұмыстары Қарақалпақ автономиялық облысында да жүзеге асырылған. ҚазАССР ХКК 1934 жылы Оңтүстік Қазақстанға 3600, Алматы облысына 2400 шаруашылықты көшіру, жалпы республика аумағында 6000 шаруашылықты қайтару жоспарын құрды [371, п.19].

Шекаралық аудандардағы жаппай босқыншылық бәсеңдегенімен, 1936 жылға қарай Қытай шекарасын бұзу фактілері толастамады. 1936 жылдың 5 сәуірі күні Октябрь аудандық ПХК бөлімінің бастығы Мустафин қараған № 12475 Әбуов Иманханның ісінің аясында 43 жасар Сейітбай Албанов Қоғалы ауданы Дуналал ауылының тұрғыны бұрын ҚК-тің 84-бабымен сотталған. Батыс Қытайда тұрып, мемлекеттік шекараны бұзып, Қытайға қашып кеткен байлармен Басши ауылкеңесінде тұратын байлармен байланыс орнатқан. Сейітбай Албанов 1935 жылы 1929 жылы Қытайға қашып өткен Абдуллахан Құдиярхановтың тапсырмасымен мемлекеттік шекараны заңсыз бұзып, Мирзоян колхозы төрағасы Әбуовке тыңшылық мазмұндағы хат алып келгені үшін Жаркент түрмесіне қамау туралы қаулы шығарған [375, п.10]. Албанов Сейітбай 6 ақпан 1937 әскери трибунал тарапынан ақталғаны көрсетілген [275, п.15].

Қытайдың өзі ішіндегі саяси өзгерістердің кеңестік жүйеге тиімділігі артқан сайын, Синьцзянмен саяси, экономикалық қарым-қатынас оңала бастады. 1936 жылдың 27 қарашадағы БК(б)П ОК саяси бюросы қаулысымен Синьцзян провинциясының дубаны Шен Ши-цайдың хаты мен силықтарына жауап ретінде КСРО үкіметі атынан алтын жалатылған әшекейлі дойбы, шетелдік радиоқабылдағыш, дубанның әйелі үшін қара түлкі горжеті, дубанның әйелі үшін алтын сағат жіберілді [376, п.138].

Ауыл шаруашылығын ұжымдастырудың нәтижесінде мемлекет колхоздар өндірген өнімді индустрияландыруға қажетті құрал-жабдықтарды алу үшін шетелге экспорттау үшін оңай алу мүмкіндігіне ие болды. Алайда, халықтың өз қоныстанған жерлерінен жаппай босқыншылыққа ұшырауы ауылдық жерлерде, әсіресе, егіншіліктің дәстүрлі ұйымы бар халықтар өмір сүрген жерлерде ірі колхоздар құру саясатының құр елес екенін көрсетті. Кеңес өкіметі дәстүрлі қазақ шаруашылығын тек сыртқы жағдайлардың немесе экономикалық және саяси себептердің әсерінен ғана өзгертін қатып қалған құрылым ретінде қарастырды. Кеңес өкіметінің отырықшыландыру және ұжымдастыру түріндегі ұлттық аймақтардағы саясаты жойқын зардаптарға әкелді.

Кеңестік көші-қон саясаты негізінен жұмыс күшін қайта бөлу мақсатында ішкі көші-қонға бағытталды. Мемлекет ішкі көші-қонды реттеуге тырысып, табиғи ресурстардың айтарлықтай қоры бар, Қазақстан мен Орталық Азияны сияқты халқы аз аймақтарға миллиондаған адамдардың қоныс аударуын ынталандыру арқылы кеңестік республикалар арасында халықтың көші-қоны жалғасып жатты. Одан кейінгі кезеңдерде Кеңес үкіметінің экономикалық және саяси қажеттіліктер үшін көші-қон ағынын ынталандыруы республикалардағы, оның ішінде Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы әлеуметтік және этникалық шиеленісті күшейтті.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңірінен Қытайға босқыншылықтың XX ғасырдағы екінші кезеңі ретінде 1918-1919 жылдардағы большевиктердің жазалау әрекеттерінен, оққа оранған Жетісудан пана іздеп көрші елге шекара асып кеткен көшті айтуға болады. Большевиктік арнайы қызмет төтенше комиссияның соңғы кезге дейін құпия болып келген, 1921 жылдың 25 наурызында әзірленген «Жетісу облысындағы бұрынғы және қазіргі саяси, экономикалық жағдайға қысқаша шолуында» Совет өкіметінің Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңірінде, оның ішінде Жетісуда орнауының шектен шыққан қатыгез жазаулау тәсілдермен жасалғанын жасырмаған. Азаматтық қарсы тұру шайқастары шарпыған Жетісуда қарулы Мураев, Мамонтов отрядтарының қатыгездігі орын алып отырған кезде Қытайдағы босқындарды қайтаруға байланысты бастама 1918 жылдың 22 маусымда кеңес билігі тарапынан алғаш рет қолға алынып, Қытайға арнайы Л.Д. Малинин, Ж. Юлдашев, Қалашниковтардың делегациясы барды. Осы жылдың күзінде босқындар Қытайдан бұрынғы қоныстарына қайта бастаған. Бірінші болып Алматы маңайындағы Байсерке елді мекеніне босқындар орала бастады.

XX ғасырдың 20-жылдарындағы босқыншылықтың Синьцзян мен Кеңестік Түркістанның демографиялық, әлеуметтік-экономикалық дамуына теріс әсері екі тараптың босқындар мәселесін түпкілікті шешуге мүдделілігін туғызды. 1920 жылғы мамыр айындағы «Іле келісімі» толыққанды дипломатиялық қарым-қатынас орнамаған екі елдің босқындар мәселесін жедел шешуге талпынысынан туды. Түркістан ОАК жанынан құрылған босқындар жөніндегі ерекше комиссияның бөлімдері Синьцзянның Құлжа және Шәуешек қалаларында жұмыс істеді. Кеңестік дипломатиялық құрылымдар, әлі азамат соғысы шарпып тұрған Жетісудің әскери-революциялық билігі босқындар мәселесін шешуге жөнінде әрқилы позиция ұстанды. РСФСР сыртқы істер халкомы тарапынан Синьцзяндағы босқындардың саны, олардың тұрмыс жағдайы жан-жақты зерделенді. Аштық пен ауыр тұрмыс салдарынан құлдыққа сатылып кеткен босқындарды қайтадан сатып алу үшін арнайы қаржылық қор бөлінді. Зерттеу жұмысында отандық тарихнамада жеткілікті зерттелмеген босқындардың Шыңжаңдағы тұрмыс-тіршілігі, оларды Қазақстанға қайтару мен орналастыру бойынша шаралар мазмұны, тиісті құқықтық-заңдық актілер, ерекше комиссия бөлімдері – кіші комиссиялардың Синьцзяндағы қызметі, Шыңжаң өкімет орындарының босқындарға қатысты саясаты жан-жақты сараланды.

Ресей империясындағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс салдарынан және 1918 жылдардағы қызыл партизандар, отаршыл орыс қоныс аударушыларынан көрген қысымнан Батыс Қытайды паналаған Жетісу босқындарының қабылдаушы елдегі жағдайы да мүшкіл болды. 1920 жылдан бастап Түркістан АССР өкімет орындарының босқындарды қайтаруға бағытталған шаралар қабылдауы оларды атамекенге оралуына жол ашты. Босқындар репатриациясы Синьцзян және Кеңестік Россия шекара қызметтерінің кедергісіне ұшырады.

Түркістандағы азамат соғысының жалғасуы шекара қызметіндегі әскерилердің босқындарға қарсы қатаң саясат ұстауына мүмкіндік берді. Саяси, азаматтық үкімет орындары мен әскери-шекара қызметінің босқындар проблемасына қатысты позициялары кереғар сипатта болды. Шекара бойында босқындардың мал-мүлкін тәркілеу, оларға оқ ату қалыпты жағдай болды. Осылайша, мұсылман босқындардың Жетісуға оралу талабы Қытай билігінің Синьзянь аймағындағы шекара күзетіне ұстаған 10 мыңға жуық әскерінің, Кеңестік Ресейдің шекара сызығы бойына топтастырған 6 батальон, 6 эскадрон қарулы күштерінің тарапынан болған қысым әсерінен баяу жүзеге асты. Батыс Қытайға арнайы жіберілген босқындар жөніндегі ерекше комиссия уәкілдері мен кеңестік дипломаттар босқындарды Ресей азаматтарының еліне оралуына барынша кедергі жасап баққан Қытай билігінің көзін ала беріп, босқындардың «бейресми» түрде шекара асуын да ұйымдастырды.

Батыс Қытайдан қазақ босқындарының реэвакуациясының 1924–1926 жылдардағы кезекті толқыны КСРО аумағындағы еңбек иммиграциясы, реэмиграция мәселелерін «түпкілікті шешу» ұраны аясында жүзеге асырылды. Түркістан АССР-і үкімет органдары бөлімшелерінің тарапынан жүргізіліп келген босқындарды қайтару және бұрынғы мекендеріне орналастыруға қатысты шаралар тиісті қаржыландырудың жетімсіздігі себепті тығырыққа тірелді. Орта Азия республикаларындағы ұлттық-жерлік межелеу саясаты аясында Қазақ АССР-і мен Қара қырғыз АО құрамына кірген облыстар аумағына босқындар реэвакуациясын ұйымдастырумен кеңестік орталық биліктің тағы бір эмиссарлық органы – БОАК жанынан құрылған жерге орналастыру жөніндегі комиссия айналысты. М. Серафимов басқарған ерекше комиссия Қытайдағы қазақ-қырғыз босқындарының жағдайын анықтап, көшуге пейілді реэмигранттарды анықтау мақсатында Синьцзяньға өкілдер жіберді. Ерекше комиссия өкілдері қатарында босқындардың арасына беделді ұлттық қызметкерлер Белек Солтанаев, Базарбай Мәмбетов, Төлетбек Тастеміров, Құрманәлі Құрымбаев, Н. Сатаев, Әбдірахман Әміровтер жіберілді. Уәкілетті өкілдер Қытайдағы қайтуға ниетті қазақ-қырғыз босқындар саны 2300 шаруашылықты құрайтынын анықтады. Ендігі жерде босқындар реэвакуациясын қаржыландыру КСРО сыртқы істер халық комиссариатына қарасты Батыс Қытайдағы консулдар арқылы жүзеге асырылды. Арнайы өкілдер қайтарылуға тиісті шаруалар санын анықтап, олардың шекарадан еңбек құрал-жабдықтарымен, малдарымен өтуіне жағдай жасауға тиіс болды. Шекара өткізу пункттері жанында күзет-карантиндік белдеуі, реэмигранттарды тамақтандыру пункттері құрылды. Босқындарды қарыз тұтқыны мен құлдықтан құтқаруға арнайы қаржы бөлінді. М. Серафимов бастаған жерге орналастыру жөніндегі ерекше комиссия өзінің негізгі жұмыс бағыты бойынша жер өлшеу, тұрғындарды орналастыру бойынша Түркістан құрамынан Қазақстан мен Қырғызстанға берілген облыстардағы қалыптасқан жағдайды шиеленістіріп жіберді. Мәселен, Жетісудағы орыс-украин шаруалары қоныстанған аумақта М. Калинин атындағы автономиялық облыс құру туралы М. Серафимов комиссиясының ұсынысынан кейін тіпті ұшығып кетті. Жергілікті кадрлар, атап айтқанда, С. Асфендияров

партиялық-кеңестік жоғары билік тармақтарына жерге орналастыру бойынша ерекше комиссияны жою керектігін арнайы хатпен жеткізді. М. Серафимовтың БОАК бойынша жақтастары арнайы комиссияны жою, оның міндеттерін жергілікті жер өңдеу комиссариаттарына беру туралы шешімнің орындалуын барынша кешіктіріп бақты. 1926 жылдың қазан айына қарай арнайы комиссия жойылып, оның босқындарға қатысты құзыреті ҚазақАССР жер халық комиссариатына берілді.

Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігіндегі ірі байларды тәркілеу науқаны қарсаңында, кәмпеске барысында, кәмпескеден кейін ауа көшіп шекара асу статистикасы көбейді. Большевиктік аграрлық саясаттың қазақтардың көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылық жүргізу тәжірибесін қирату бағытындағы шараларына қарсылық білдірген С.П. Швецов, Е. Дониц, А. М. Поволоцкий М. Г. Сириус сияқты аграрлық ғалым-сарапшылардың оң пікірлері негізге алынбады. Шаруа қожалықтарының Қытайға өтіп кету қаупі Ф. Голощекиннің қарсы болғанына қарамастан 1928 жылдың 30 тамызындағы ҚОАК мен ҚХКК қаулысымен шекара бойындағы бірақтар елді мекендер ірі байларды тәркілеу туралы декреттің құзырынан шығарылды. Босқын болып, шекарадан өтіп, тәркілеуден жалтарған шаруашылықтардың кеден қызметінің қолына түскен малдары контрабанда есебінде кеден жарғысына сәйкес сатылып, «Қосшы» одағына, кедейлерге таратылған. Тәркілеуге жатқызылған байлардың кейбірі Қытайға қашып өтті.

Шаруашылық-саяси науқандардың екпінді жүргізілгені соншалық, мал шаруашылығымен айналысатын аудандарға астық дайындау жоспарлары берілді. Көшпелі аудандар тұрғындары астық дайындау жоспарын орындау үшін астық сатып алған. Астық дайындаудың өрескел тапсырмаларына көндікпеген мал шаруашылығымен айналысатын шаруалар шекара бұзып, босуға мәжбүр болды. Шекара күзетіне шекарадан алыс жатқан аудандардан шақырылған қазақ қызыләскерлер енгізу тапсырылды.

1920-жылдардың аяғында Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы аз мөлшерде басталған халық наразылығы ішкі және сыртқы босқыншылыққа ұласты. Бұрын да аз мөлшерде малын айдап, сауда-саттық мақсатында шекара асып жататын қалыпты шаруалар көшін тұтас ауылдарды үдере көшуге ұйымдастырған қарулы босқыншылық алмастырды. Босқын жұрт қарулы отрядтар құрып, соның күшімен шекарадан өтіп, көшіп жатты. Босқындар қатарында көп жерлерде кеңес өкіметінің тірегі болған партия мүшелері, мүшелікке кандидаттар, комсомолдар да болды. Ауыл шаруашылығын кеңестік үлгіде модернизациялау саясатының сәтсіздігін «бай-кулақтардың арандатуынан» көрген кеңестік билік коммунистер мен комсомолдардан ерікті отрядтар, комотрядтар құрып, оларды әскери жаттықтырудан өткізіп, қару-жарақпен қамтамасыз етіп көтерілісші халыққа қарсы салды. Шекаралық аудандардағы комотрядтар мен тұрақты әскери бөлімдер нашар қаруланған босқындарды асқан қатыгездікпен тонады. Екі жақты қыспаққа түскен қазақ шаруаларының барар жер, басар тауы қалмағанын байқататын бұл жағдай халық басына төнген нәубеттің апатты мөлшерін көрсетеді.

Астық, мал дайындау науқандары, күштеп ұжымдастыруға наразылық халық көтерілістеріне ұласты. Халық көтерілістеріне қатысушыларды сот шешімінен тыс жазалау тәжірибесі үдеді. Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігіндегі халық көтерілістері шекаралық әскермен бетпе-бет келуге соқтырды. БМСБ көтерілістер мен босқыншылықтың туу себебін шетелден, Синьцзяндағы контрреволюцияшыл күштерден іздеп, табылмаған соң тыңшылық мәліметтерге сүйеніп, негізсіз болжамдар жасады.

Арнайы қоныстанушылар есебінде жинақталған бұрынғы қазақ ауқатты шаруалы отбасымен шекара асып, қаша бастады. Аштықтың салдарынан ауылдардан, өнеркәсіп орындарынан қашу фактілері жиіледі. Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі ашаршылық туралы дабыл қаққан интеллигенция өкілдерінің арызы жауапсыз қалып жатты.

Босқындары атамекеніне қайтару бойынша атқарылған шаралар сәтті бола бермеді. Алыс қалаларға барып ауа көшушілерді көшіріп әкелуге міндеттенген уәкілдер қоныс аударушыларды отанына қайтуға көндіре алмаған жағдайлар орын алды. Кеңестік көші-қон саясаты негізінен жұмыс күшін қайта бөлу мақсатында ішкі миграцияға бағытталды.

Босқыншылық аса көп мөлшерде панасыз балалардың пайда болуына әкелді. Большевиктік билік орындағылар панасыз балалар жиналған балалар үйлерін комунарлар дайындаудың кең базасына айналдыру міндетін қойды. Аштық пен босқыншылық құрбандарын сақтау міндетінің орнына «икемді әрі сезімтал адам материалынан» жаңа кеңестік мамандар өсіріп шығару талабы қойылды.

БК(б)П Қазөлкекомының VI Пленумы қарастырған мәселелердің қатарында Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі босқыншылық құбылысы болды. Қазөлкекомның бұрынғы басшылығының босқыншылық көріністерін мүлде елемеуге тырысқаны айтылды. VI Пленумда сөз сөйлеген делегаттардың көпшілігіне ортақ сипат ауа көшушіліктің көлемін көрсетуден жалтару болды. Босқындардың туған мекендеріне оралуы ұйымдаспаған сипатта жүргізілуі, олардың қоныс таппай қиналуына әкелді.



## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Lattimore O. Inner Asian Frontiers of China. 2nd edition. – New-York: Capitol Publishing Co, 1951. — 585 p.
- 2 Өміртай Р. Босқындардың құқықтық мәртебесі туралы Заң ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2010 жыл, - 143 б.
- 3 Казахское хозяйство в его естественно-исторических и бытовых условиях. Материалы к выработке норм земельного устройства в Казахской Автономной Советской Социалистической Республике. Под редакцией С.П. Швецова. – Ленинград, 1926. – 186 с.
- 4 Ром Я. М., Ряднин М.С. Всеказахстанское дело. – Алма-Ата: Казпартиздат. 1934. – 93 с.
- 5 Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. 6-том. – Алматы: Дайк-Пресс, 2013. – 524 б.
- 6 Турсунбаев А.Б. Великий перелом в сельском хозяйстве Семиречья – Алма-Ата: Издательство академии наук Казахской ССР. 1950. – 182 с.
- 7 Турсунбаев А. Победа колхозного строя в Казахстане – Алма-Ата: «Казгосиздат», 1957. – 325 с.
- Кучкин А.П. Советизация казахского аула. – Москва: Издательство академии наук СССР, 1962. – 432 с.
- 9 Тулепбаев Б.А. Торжество ленинских идей социалистического преобразования сельского хозяйства в Средней Азии и Казахстане. – Москва: Наука, 1971. – 482 с.
- 10 Дахшлейгер Г.Ф. Социально-экономические преобразования в ауле и деревне Казахстана (1921-1929гг.) – Алма-Ата: Издательство «Наука» Казахской ССР, 1965. – 535 с.
- 11 William O. Douglas, Russian Journey. New York: Doubleday & Co, 1956. – 255 p.
- 12 Bouvier Ch. La collectivisation de l'agriculture. U.R.S.S., Chine et démocraties populaires. Paris, Armand Colin, 1958. - 242 p.
- 13 Турсунбаев А. Против буржуазной фальсификации истории Казахстана. – Алма-Ата: Казгосиздат, 1963. – 112 с.
- 14 Жумабеков Ж. Ленинской дорогой. Руководство КПСС вовлечением трудового крестьянства Казахстана в строительство социализма. – Алма-Ата: «Казахстан», 1973. – 288 с.
- 15 Байжарасов Р. Жубаныш Барыбаев. – Алма-Ата: Казахстан. 1983.- 60 с.
- 16 Дахшлейгер Г.Ф., Нурпеисов К. История крестьянство Советского Казахстана. – Алма-Ата: «Наука», 1985, Том 1. – 247 с.
- 17 Коллективизация сельского хозяйства в республиках Средней Азии и Казахстане: Опыт и проблемы. – Алма-Ата: Ғылым, 1990. – 200 с.
- 18 Нәубет: публицистикалық ой-толғаулар (Құраст. З. Қыстаубаев) – Алматы: Жалын, 1990. – 444 б.

19 Қолдан жасалған қасірет. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Төралқасы комиссиясының қорытындысы /Егемен Қазақстан, 22 желтоқсан, 1992 жыл.

20 Козыбаев М.К., Абылхожин Ж.Б., Алдажуманов К.С. Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства. – Алма-Ата, 1992. – 36 с.

21 Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? – Алматы: «Ана тілі», 1993. – 208 б.

22 Қоңыратбаев О. Тұрар Рысқұлов: Қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі. Түркістан кезеңі. – Алматы: Қазақстан. 1994. – 488 б.

23 Малышева М., Познаньский В. Казахи-беженцы от голода в Западной Сибири (1931-1934). – Алматы: Ғылым, 1999. – 536 с.

24 Мұхаметханұлы Н. Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы (1860–1920 жж.) – Алматы: Қазақпарат. 2000. – 336 б.

25 Алдабек Н. А. Тарихы талқыға толы Шыңжаң. – Алматы: Қазақ университеті. 2003. – 432 б.

26 Омарбеков Т. Зобалаң (Күштеп ұжымдастыруға қарсылық). Оқу құралы. – Алматы: «Санат», 1994. – 272 б.

27 Алдажуманов К. Крестьянское движение сопротивления //Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. – Алматы: «Арыс»-Казахстан, 1998. – С. 66–92.

28 Алланиязов Т. К. Крестьянские выступления 1929–1932 в Казахстане: опыт и проблемы изучения. – Алматы: фонд «XXI век», 2002. – 88 с.

29 Алланиязов Т.К., Таукенов А.С. Последний рубеж защитников номадизма. История вооруженных выступлений и повстанческих движений в Казахстане (1929–1932 годы). – Алматы: ОО «ОЗТ-XXI век», 2009. – 424 с.

30 Алланиязов Т., Таукенов А. Шетская трагедия. Из истории атнисоветских выступлений в Центральном Казахстане в 1930–1931 гг. – Алматы: фонд «XXI век», 2000. – 166 с.

31 Жакишева С. А. Баи -полуфеодалы в Казахстане на рубеже 20-30-х годов ХХ: историко-источниковедский анализ проблемы. Дисс. на соиск уч. ст. к.и.н. Алматы, 1996. – 219 с.

32 Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары) = Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20-50 годы ХХ века). Т. 31. Конфискация байских хозяйств в Казахстане на рубеже 20–30-х гг. ХХ в. Монография. Автор: Жакишева С.А. / Под общ. ред. Е.Т. Карина. – Астана, 2022. – 138 с.

33 Қозыбақова Ф. А. Қазақ байларын тәркілеу тарихынан: Көмекші оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 1998. – 200 б.

34 Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: Көмекші оқу құралы. – Алматы. Санат, 997. – 320-бет.

35 Молдаханова Г.И. Деятельность ОГПУ в Казахстане (1922-1934-й гг.). Автореферат дисс. на соиск. уч. ст. к.и.н. - Алматы, 1999. – 27 с.

- 36 История органов безопасности Казахстана (1917–1991 гг.). Книга Первая. – Алматы: РИО Академия КНБ, 2003. – 308 с.
- 37 Уйсумбаева Ф.М. Исторический опыт подготовки кадров для органов безопасности Казахстана (1917–1991 гг.) Дисс. на соиск. уч. ст. к.и.н. – Алматы, 2004. – 138 с.
- 38 Саржанова С. Сот-тергеу, әкімшілік органдары кеңестік зорлық-зомбылық шараларын жүзеге асырушы: тарихы және сабақтары. (1925–1932 жылдар) 07.00.02. Отан тарихы мамандығы бойынша т.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дисс. – Алматы, 2001. – 129 б.
- 39 Жұмбаева Ж.К. Кеңестік тоталитарлық мемлекеттің Қазақстан ауыл шаруашылығындағы қаржыландыру және салық саясаты: тарихы, сабақтары (1926–1937 жж.) Тарих ғыл. Канд. ғыл. дәреж. алу үшін дайынд. дисс. авторефераты. – Алматы, 2000. – 33 б.
- 40 Жумагулов Қ.Т., Нұрпейісова Б.Е. Қазақ автономиялық кеңестік социалистік республикасының қаржы жүйесінің құрылу тарихы мұрағат құжаттары негізінде (1920–1932 жж.) Алматы: «Қазақ университеті», 2015. – 198 б.
- 41 Жакупова Г. Т. Разрушение аграрной традиционной структуры Казахстана (1920 годы.) - Алматы: «Қазақ университеті» . 2018. 140 с.
- 42 Капекова Г. А. Семиречье в первой трети XX века: социально-экономическая и общественная история. – Алматы: «Ғылым», 2003. 232 с.
- 43 Мендикулова Г. М., Атантаева Б. Ж. История миграций между Казахстаном и Китаем в 1860-1960-е гг. Алматы: «САГА». 2008. 232 с.
- 44 Кыдыралина Ж.У. Нация и история. – Астана: Елорда. 2009. 304 с.
- 45 Атанатаева Б. Ж. Казахстанско-китайские межгосударственные миграции в середине XIX – начале XXI вв. Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора исторических наук. Алматы. 2008. 51 с.
- 46 Әбдіғалиұлы Б. Алаш әскері. 1918–1920 жж. – Астана: Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты, 2017. – 392 б.
- 47 Kendirbai G. Challenging Colonial Power: Kazak Cadres and Native Strategies // Inner Asia, 2008. Vol. 10. No. 1. Special Issue: Cadres and Discourse in Late Socialist Societies. – 260 p.
- 48 Аманжолова Д. А. На изломе. Алаш в этнополитической истории Казахстана. – Алматы: Издательский дом «Таймас», 2009. – 412 с.
- 49 Kamalov Ablet. Uyghur Civil Documents on Child Adoption in Republican Xinjiang // Xinjiang in the context of Cultural Eurasian Transformation. Ed. by T. Onuma, D. Brophy, Ya. Shinmen. Tokyo: The Toyo Bunko, 2018. – P. 149–150.
- 50 Омарбеков Т. Ашаршылық. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2019, - 80 б.
- 51 Тулекова М. Жетісу халқының әлеуметтік дамуы (1897–1999 жылдар) – Алматы: «Ценные бумаги» баспасы. 2004. – 169 б.
- 52 Оразов Р. Жетісу: қазақ байларын тәркілеудің барысы мен салдары // Отан тарихы, 2015, №1. - 100–117 б.

53 Қойгелдиев М. Қиянат анатомиясы. Менің ғылымдағы өмірім. (Қазақстанның ғылыми мектептері. Тарихтану) Монография. – Алматы: «Арыс баспасы, 2020. – 360-бет.

54 Козыбаев И. «Большой террор» в Казахстане – Алматы: «Раритет». 2019. – 368 с.

55 Қуандық Е.С. Қазақстандағы «Кіші Октябрь бағыты: бастауы, барысы жән салдары (тарихи-саяси талдау). т. ғ. д. ғыл. дәр. алу үшін дайынд. дисс. авторефераты. – Алматы. 2002. – 56 б.

56 Қойгелдиев М. Қиянат анатомиясы. Сенің ғылымдағы өмірім. (Қазақстанның ғылыми мектептері. Тарихтану) Монография. – Алматы: «Арыс баспасы, 2020; - 360-бет.

57 Шілдебай С.Қ., Жүнісбаев А.Ә. Қазақстандағы жұқпалы аурулар мен індеттерге қарсы күрес тарихы (1920–1936) – Алматы: «Полиграфия-сервис К» 2021. – 167 б.

58 Айдарбаева Р.Қ. 1930 жылдардағы Шығыс Қазақстан аумағындағы боқыншылық мәселелері // Отан тарихы, 2023. № 26 (1). – 30–43 б.

59 Құдайбергенова А.И., Қозыбаева М.М., Мамытова С. Н., Курманов З. К., Исенов Ө.И., Мұсағалиева А. С., Байдалы Р.Д., Күбеев Р.Д. XX ғасырдың 30 ж.ж. басындағы жаппай ашаршылық кезеңіндегі Орталық Азия республикалары мен Ресейдегі қазақ босқындары: Ұжымдық монография. – Алматы: «Мадияр» ЖК, 2022. – 559 б.

60 Казахи в Средней Азии: история и судьбы (1920–1950 гг.): Коллективная монография /З.Е. Кабульдинов, К.Н. Балтабаева, А.М. Джумашев, М. Ч. Калыбекова, Д. Б. Касымова, Т. А. Рыскулов. – Алматы: Институт истории и этнологии им. Ч. Ч. Валиханова; ИП «Алма», 2022. – 472 с.

61 Смағұлова С. Зұлмат жылдар зардабы: 1931–1933 жж. – Астана, 2024. – 253 б.

62 Абылхожин Ж.Б., Алимбай Н.А., Турганбаева Л. Р., Орынбаева Г. У., Жумадил А.К. Очерки по истории традиционной структуры казахов в первые советские десятилетия: социально-экономические и социокультурные аспекты. – Алматы: LEM, 2022. – 455 с.

63 Бармин В.А. Советский Союз и Синьцзян 1918–1941 гг. (Региональный фактор во внешней политике Советского Союза). – Барнаул: Изд-во БГПУ. 1998. – 214 с.

64 Будянский Д.М. История беженцев-кыргызов (1916–1927 годы). – Бишкек. 2007. – 196 с.

65 Абдуллаев К. Н. От Синьцзяня до Хорасана. Из истории среднеазиатской эмиграции XX века. – Душанбе: Ирфон. 2009. – 571 с.

66 Галас М. Государственный механизм регулирования трудовой иммиграции и реэмиграции в СССР в 20-е гг. // Власть, 2011. № 3. – С. 139–146.

67 Осокина Е. А. Иерархия потребления о жизни людей в условиях сталинского снабжения (1928–1935 гг.). – Москва, 1993. – 144 с.

68 Сеницын Ф. Л. Советское государство и кочевники. История, политика, население. 1917–1991. – Москва: Центрполиграф. 2019. – 318 с.

69 Аблажей Н.Н. Казахский миграционный маятник «Казахстан-Синьцзян» Эмиграция. Репатриация. Интеграция. – Караганды: «Болашақ-Баспа». 2014. – 273 с.

70 Наземцева Е.Н. На дипломатическом уровне: проблемы правового статуса русских эмигранты в Китае в советско-китайских отношениях (1920-1940-е гг.). – Санкт-Петербург.: Алатейн. 2016. – 446 с.

71 Лысенко Ю. А. Процесс возвращения беженцев-участник Туркестанского восстания 1916 г. Из Китая органами Советской власти в 20-е гг. XX в. // Народы и религии Евразии, 2020. № 4 (25). С. 112–123.

72 Шаметова Т. А. Российско-Синьцзянские торгово-экономические и политические отношения в 1914–1922 гг. Монография. – Барнаул: ФГБОУ ВО «АлтГПУ». 2024. – 306 с.

73 Richard Yang “Sinkiang Under the Administration of Governor Yang Tseng-hsin”, *Central Asiatic Journal* Vol. 6, no.4, December 1961. – P. 270-316.

74 Holborn L.W. and Shuval J.T. Refugees. In *international Encyclopediae of the Social Scincies*. – New York, 1968. Vol.13. – P. 361–377.

75 Czegledy Karoli. *Nomad Peoples Migration from East to West*. – Budapest: Akademiai Kiado, 1969. – 178 p.

76 Forbes Andrew D.W. *Warlords and Muslims in Chinese Central Asia: Political history of Republican Sinkiang 1911–1949*. – Cambridge: Cambridge University Press, 1986. – 376 p.

77 Sahadeo, Jeff, *Russian Colonial Society in Tashkent, 1865-1923*. Bloomington & Indianapolis. Indiana University Press, 2007. – 337 p.

78 Грациози А. Великая крестьянская война в СССР. Большевики и крестьяне. 1917–1933. – Москва: Рос. полит. энцикл. (РОССПЭН), 2008. – 136 с.

79 Share M. The Russian Civil War in Chinese Turkestan (Xinjiang), 1918–1921: A Little Known and Explored Front. *Europe-Asia Studies*, 2010. 62(3). – P. 389–420.

80 Brophy David John *Uyghur nation: reform and revolution on the Russia-China*. Published by Harvard University Press Cambridge, Massachusetts, - London, England, 2016. – P. 347.

81 Pianciola N., Zharassov A. Elusive rebels: researching the uprisings on the eve of the Great Famine in Kazakhstan (1929–1931) // <https://bulletin-history.kaznu.kz>, *Journal of history*. 2020. № 2(97). – P. 34–43.

82 Камерон С. Аштық жайлаған дала. Ашаршылық, озбырлық және кеңестік Қазақстанды орнату. Ағылшын тілінен аударған С. Батаева, З. Батаева. – Алматы, 2020. – 304 б.

83 Киндлер Р. Сталинские кочевники: власть и голод в Казахстане. (Перевод с нем. Л.Ю. Пантиной). – М.: Политическая энциклопедия, 2017. – 382 с.

84 Kaşıkçı Mehmet Volkan *Growing Up Soviet in the Periphery: Imagining, Experiencing and Remembering Childhood in Kazakhstan, 1928-1953*. Dissertation Presented in Partial Fulfillment of the Requirements for the Degree Doctor of Philosophy. – Arizona State University, December 2020. – 398 p.

85 Cameron Sarah New Directions in the Study of Modern Central Asian History //Kritika: Explorations in Russian and Eurasian History 26, 1 (Winter 2025). – P. 161–76.

86 История Казахстана в источниках ХУІ-ХХ веков. Том X. История Отечества в судьбах его граждан: Сборник автобиографий. 1922–1960 годы. Сост.: Е. М. Грибанова, А. С. Зулкашева (ответственные), Р. К. Кангужиева, Е. В. Чиликова. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2005. – 568 с.

87 Письма И. В. Сталина В. М. Молотову. 1925–1936 гг. Сборник документов. Сост.: Л. Кошелева, В. Лельчук, В. Наумов, О. Наумов, Л. Роговая, О. Хлевнюк. – Москва: «Россия Молодая», 1995. – 303 с.

88 Скрин А. Китайский Туркестан. С предисловием И. Бороздина. – Москва-Ленинград: Молодая гвардия, 1930. – 170 с.

89 Абдрахманов Ю. 1916. Дневники. Письма к Сталину. – Фрунзе: «Кыргызстан». 1991. – 156 с.

90 Петров В. И. Мятежное «сердце» Азии: Синьцзян: краткая история народных движений и воспоминания. – Москва: Крафт+. 2003. – 525 с.

91 Шаяхметов М. Өткен күннің өткелдері. – Алматы: АБА «Айкос», 1999. – 353 б.

92 Қабдырахманұлы Ш. Бодандық (тарихи баян) – Алматы, 2022. – 272 б.

93 Әубәкірұлы Б. Жақыпберді (Өміріне қатысты кейбір деректер). – Алматы, 2001. – 102 б.

94 Күзембайтегі М.Қ. Қиялы асу, қиын күн. Дүлей дүние ажалмен алысқандар. (1932–1963 жылдар аралығындағы бір ата ұрпағының ғұмыр тіршілігі. – Алматы: «Нур-Диас» баспасы. – 244 б.

95 Камский Русские белогвардейцы в Китае. М.: Красная новь, 1923.- 67 с.

96 Розыбакиев А. Октябрьский переворот в Алма-Ате (Воспоминания) // Туған өлке. Тарихи-өлкетану және мұрағат журналы. № 1 (3), 2004. – 30–44 б.

97 32-нің зұлматы (Профессор Қ.М. Атабаев жетекшілік жасаған тарихи-этнографиялық экспедиция деректері) /Құраст. Т.Ә. Төлебаев, Г.Е. Сәбденова. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 308 б.

98 Сары кітап. 1931–1932 жылдардағы ашаршылық туралы халықтың өз аузынан жазылған естеліктер. /Құраст., баспаға әзірлеген Мағауин Едіге. – Алматы: «BRK Press», 2020. – 317 б.

99 Әулие-Ата өңіріндегі ашаршылық. Көп томдық жинақ. 2 том. Құрастырушы: Т. Байқұлов. – Алматы: «Базарбаева» ЖК, 2020. – 672 б.

100 1931–1933 жылдардағы ашаршылық: Алматы облысы бойынша нәубет куәгерлері мен ұрпақтарының естеліктері. Сұхбат материалдарының жинағы. Көптомдық. II том. /Құрастырушылар: А.Т. Қайпбаева, А.М. Әбікей. Жалпы редакциясын басқарған З.Е. Қабылдинов. – Алматы: «Радуга», 2024. – 336 б.

101 Страницы трагических судеб: Сборник воспоминаний жертв политических репрессий в СССР в 1920-1950-е гг. /сост. Е. М. Грибанова, А. С. Зулкашева, А. Н. Ипмагамбетова и др. – Алматы: Жеті жарғы. 2002. – 448 с.

102 Документы внешней политики СССР. Т. II. 1 января 1919 г.-30 июня 1920 г. / М-во иностр. дел СССР. – Москва: Госполитиздат, 1958. – 807 с.

103 Россия и Центральная Азия. 1905—1925 гг. Сборник документов / Авт.-сост. Д.А.Аманжолова. (Предисл. В.Ю.Зорина, Д.А.Аманжоловой). — Караганды: Изд-во КарГУ, 2005. — 495 с.

104 Восстание 1916 года в Туркестане: документальные свидетельства общей трагедии: Сб. док. и материалов. /МГУ им. М. В. Ломоносова, Ин-т всеобщ. истории РАН; [сост., авт. предисл., вступ. ст. и коммент. Т. В. Котюкова]. — Москва: Марджани, 2016. — 468 с.

105 Голод в СССР. 1929-1934: В 3 томах. Т. 1:1929 - июль 1932: В 2 кн. Кн. 1 / Отв. составитель В. В. Кондрашин. — Москва: МФД, 2011. — 656 с.

106 Голод в СССР. 1929 -1934 : В 3 томах. Т. 1:1929 - июль 1932: В 2 кн. Кн. 2. / Отв. составитель В. В. Кондрашин. — М.: МФД, 2011. — 560 с.

107 Голод в СССР. 1929 -1934: В 3 т. Т. 3: Лето 11933–1934 /Отв. составитель В. В. Кондрашин. — М.: МФД, 2013. — 960 с.

108 Насильственная коллективизация и голод в Казахстане 1931–1933 г.г. Сборник документов и материалов /Вступ. статья и сост. К.С. Алдажуманов, М.К. Каиргалиев, В.П. Осипов, Ю.И. Романов. — Алматы: Фонда «XXI век», 1998. — 263 с.

109 Из истории депортаций. Казахстан 1930–1935 гг. Сборник документов. — Алматы: ЛЕМ, 2012. — 772 с.

110 Под грифом секретности. Откочевки казахов в Китай в период коллективизации. Реэмиграция. 1928–1957 гг. Сборник документов. Сост. О. Жандабекова. — Усть-Каменогорск, 1998. — 100 с.

111 Гонимые голодом. Сборник документов. (Документы о судьбе десятков тысяч казахов, бежавших в Сибирь в начале 30-х годов) Составитель: Е.Б. Сыдыков. — Семей. 2010. — 693 с.

112 Трагедия казахского аула. 1928–1934: Сборник документов /Сост. А.С. Зулкашева (ответств.), Г.Т. Исахан, Г. М. Каратаева. — Алматы: Раритет, 2013. Т. 1.1928 - апрель 1929. — 744 с.

113 Трагедия казахского аула. 1928 -1934: Сборник документов /Сост. А. С. Зулкашева (ответств.), Г.Т. Исахан, Г. М. Каратаева. — Алматы: Раритет, 2018. Т. 2. 1929 -1934. — 744 с.;

114 Протоколы Финансового комитета при Совете Народных комиссаров Туркестанской Республики (1923) Документы и материалы / Сост.: О.М. Кобыратбаев. — Алматы: ИП «JasA» баспаханасы, 2023. — 390 с.

115 Жетісу-Ыстықкөл қасіреті. Құжаттар мен материалдар жинағы. 1916–1920 жылдар. Құрастырушылар: М.Қ. Қойгелдиев, Д.Қ. Қыдырәлі, Ш.Б. Тілеубаев, Р.Е. Оразов – Астана: «Ғылым» баспасы, 2016. — 496 б.

116 Ашаршылық в Казахстане: казахские беженцы в Кыргызстане 1932–1933 гг. / Сборник документов и материалов. Составители: Кызаева Д. Ш. (отв. сост.), Курманов З. К., Абдрахманов А.Ю – Бишкек: 2023. — 314 с.

117 Саяси куғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20–50 жылдары) – Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессии (20–50 годы XX века). Т.5: Вынужденные беженцы. Сборник

документов и материалов / Составители: К.Н. Балтабаева, Р.К. Айдарбаева, Ш.Б. Тлеубаев, Қ.Ж. Нұрбай, Р.Е. Оразов/ Под общей редакцией Е. Т. Карина. – Астана, 2022. – 640 с.

118 Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20–50 жылдары) – Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессии (20–50 годы XX века). Т.47: Жетісу облысындағы босқындық мәселесінің себеп-салдары және зардабы. Құжаттар мен материалдар жинағы, /Құрастырушылар: Қ.Андас, Қ.Ибраһымжанов, Г.Истамбекова, М.Абдрахим, Е.Нұрахмет / Жалпы редакциясын басқарған Е.Т.Карин. – Астана, 2022. – 336 б.

119 Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессии (20–50 годы XX века). Т. 34. Түркістан өңірінен ауа көшкендердің тағдыры. Архивтік құжаттар мен естеліктер жинағы. Құрастырушылар: Х. Тұрсұн (жауап. ред.), А. Сандыбаева, З. Адилбекова, А. Қабыл, Н. Оразхан / Жалпы редакциясын басқарған Е.Т. Қарин. – Астана, 2023. – 328 б.;

120 Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20–50 жылдары) = Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20–50 годы XX века). Т. 36. Қуғын-сүргін жылдарындағы шекара аскандар қасіреті. Абай облысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Құрастырушылар: Б. Т. Мусин, М. И. Перебеева, М. Т. Исенова, Л. К. Кадырова, А.Н. Мұсаханов, А.Е. Шалыгин, Т.А. Қариева, Е.Е. Рахметуллин / Жалпы редакциясын басқарған Е.Т. Қарин. – Астана, 2023. – 344 б.

121 Ашаршылық. Голод. 1928–1934. Документальная хроника. Сб. док. Т.1.: 1928–1929 / Отв. редактор Б. Әбдіғалиұлы. – Алматы: Атамұра, 2021. – 920 с.

122 Ашаршылық. Голод. 1928–1934. Документальная хроника. Сб. док. Т.2.: 1930–1931 / Отв. редактор Б. Әбдіғалиұлы. – Алматы: Атамұра, 2021. – 1240 с.

123 Ашаршылық. Голод. 1928–1934. Документальная хроника. Сб. док. Т.3. 1932–1934 / Отв. редактор Б. Әбдіғалиұлы. – Алматы: Атамұра, 2021. – 1028 с.

124 Ашаршылық. Голод. 1928–1934. Документальная хроника. Сб. Док. Т.7.: 1930–1934 / Отв. Редактор Е. Сыдыков. – Алматы, 2023. – 568 с.

125 Кеңестік Қазақстан: денсаулық сақтау жүйесінің қалыптасуы мен дамуы (1917–1937 жж.). Құжаттар мен материалдар жинағы = Советский Казахстан: становление и развитие здравоохранения (1917–1937 гг.). Сборник документов и материалов /Сост.: С.К. Шилдебай, З. М. Толенова, А.А. Жүнісбаев, Р.Е. Оразов, Р.А. Абилдос. – Алматы: ҚР Орталық мемлекеттік архиві, 2023. – 520 с.

126 Казахские откочевники в республиках Средней Азии и России в период массового голода начала 30-х гг. XX века: пребывание и адаптация: Сб. архивных док. и мат. / Сост. А.И. Құдайбергенова, З.К. Курманов, М.М. Козыбаева, Р.Ж. Байдалы, А. А. Бекенова. – Алматы: «Мадияр» ЖК, 2022. – 410 с.



127 Политические репрессии среди казахов на территории республик Средней Азии в 20-50-е годы XX века (В свете новых архивных источников) Сборник архивных материалов. – Алматы: Институт истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова, 2022. – 620 с.

128 Шілдебай С.Қ., Оразов Р. Е. Ыдырыс Көшкінов: құжаттары мен материалдар жинағы /Құраст.: С.Қ. Шілдебай, Р. Е. Оразов. – Алматы: «Полиграфия-сервис и К°» баспасы, 2022. – 352 б.

129 Голод в России и Казахстане. 1927–1934: сборник документов в 2 томах. Т. I: Начало общей трагедии. 1927–1931 / ответственный редактор А.В. Юрасов; ответственные составители: В. В. Кондрашин, М.Г. Жылысбаева: предисловие В.В. Кондрашина. – Москва: Кучково поле Музеон, 2024. – 920 с.

130 Голод в России и Казахстане. 1927–1934: сборник документов в 2 томах. Т. II: Кульминация трагедии. Выход из голода. 1932–1934 / ответственный редактор А. В. Юрасов; ответственные составители: В. В. Кондрашин, М. Г. Жылысбаева — Москва: Кучково поле Музеон, 2024. – 1160 с.

131 Бродель Ф. Материальная цивилизация, экономика и капитализм, XV—XVIII вв. /Пер. с фр. Л. Е. Куббея; 2-е изд. – М.: Весь мир, 2006. – 623 с.

132 Валлерстайн И. Миров-системный анализ // Время мира. Альманах современных исследований по теоретической истории, макросоциологии, геополитике, анализу мировых систем и цивилизаций /Под ред. Н.С. Розова. Вып 1. Новосибирск, 1998. – С. 105–123.

133 Chase-Dunn C., Grimes P. World-Systems Analysis // Annual Review of Sociology. 1995. Vol.21. – P.387-41.

134 Frank A. G. Reorient: Global economy in the Asian age. – Berkeley: University of California Press, 1998. – 416 p.

135 Amin S. 1993. The ancient world-systems versus the modern capitalist world-system //The World System: Five Hundred Years or Five Thousand? Ed.by Frank A.G., Gills B.K. – London: Routledge, 1993. – P. 247-277.

136 Abu-Lughod J.L. Before European hegemony: the world system – New York: Oxford University Press, 1989. – 443 p.

137 Парсонс Т. Общетеоретические проблемы социологии // Социология сегодня: Проблемы и перспективы. Ред.: Р.К. Мертон, Л. Брум., Л.С. Котрелл. – М.: «Прогресс», 1965. – С. 25–67.

138 Рэдклифф-Браун А. Р. Метод в социальной антропологии /Пер. с англ. и заключит. ст. В. Николаева. – М.: «КАНОН-пресс-Ц», «Кучково поле», 2001. – 416 с.

139 MacArthur R. H., Wilson E. O. The theory of island biogeography. – Princeton: Princeton Univ. Press, 1967. – 293 p.

140 «Қазақ» газеті 1917, № 254.

141 ҚРОМА.13-қор, 1-тізім, 1-іс.

142 «Қазақ» газеті 1917 жыл, № 249.

143 «Қазақ» газеті 1917 жыл, № 255.

144 РМҚЗТА. 3-қор, 61-тізім, 690-іс

145 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Монография. Екінші кітап. – Алматы: Мектеп, 2017. – 656 б.

146 Жансүгіров І. Бадырақ. Жетісудағы қазақ жалшысының өмірінен әңгіме. // Туған өлке. Тарихи-өлкетану және мұрағат журналы, № 1-2 (21-22), 2012. – 76-87 б.

147 ҚРПА. 811-қор, 4-тізім, 32-іс.

148 АОМА. 174-қор, 1-тізім, 2-іс.

149 АОМА. 489-қор, 1-тізім, 6-іс.

150 РМӘА. 110-қор, 7-тізім, 48-іс.

151 АОМА. 348-қор, 3-тізім, 18-іс.

152 Камалов А. Массовый расстрел уйгуров «Ату» в контексте гражданской войны в России //Өчмәс хатирә. Топлиғучи: Найлә Турсун. –Алматы: «МИР» нәшрият үйі, 2019. – 152 б.

153 Кабиров М.Н. Очерки истории уйгуров Советского Казахстана – Алма-Ата: Издательство «Наука» Казахской ССР. 1975. – 283 с.

154 ҚРПА. 811-қор, 4-тізім, 36-іс.

155 Советскую власть в Семиреченской области можно назвать властью в кавычках... (1918 г.) // Номад | 18.09.2017, <https://nomad.su/?a=15-201709180018> қаралған уақыты: 11.24. 16.05.2025 ж.

156 ЖОМА ПФ. 265-қор, 1-тізім, 13-іс.

157 АОМА. 79-қор, 1-тізім, 9-іс.

158 Белоус С.Г «Сего числа мы вступили в управление Семиреченской областью»: о работе комиссаров Туркестанского комитета М. Тынышпаева и О. Шкапского //Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Исторические и социально-политические науки. Том 1 № 84. 2025.

159 ҚР ҰҚК МАА. 1-қор, 8-топ, № 499 архив, № 1 том.

160 Советскую власть в Семиреченской области можно назвать властью в кавычках... (1918 г.) | Номад | 18.09.2017

161 М. Н. Ивлев - Антибольшевицкое движение в Семиреченском казачьем войске. Краткий исторический очерк (2005) <http://a-pesni.org/grvojna/bel/a-antisemir.php> (қаралған уақыты: 15.05.2025 ж. 13.00.)

162 АОМА. 1975-к., 1-т., 64-іс.

163 АОМА. 350-к. 1-т., 33-іс.

164 ҚРОМА. 109 к., 1-т., 15-іс.

165 Советская степь, № 246 (145), 25 октября 1928 года.

166 Стамшалов Е.И. Мұқамеджан Тынышпаев өмірі мен қызметі туралы тың деректер /«Ұлттық инженерлік мектептің дамуы және Мұхамеджан Тынышбаев (1879-1938) тұлғасы: архив, тарих, жад» атты Халықаралық конференция материалдар жинағы. Жауапты редактор – Б.А. Жұматаева. Құрастырушылар: А.Адилова (жауапты). – Алматы: «Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама архиві» РММ, 2024 ж. – 37-43 б.

167 АОМА. 348-қор, 1-тізім, 980-іс.

168 ЖОМА ПФ. 265-қор, 1-тізім, 2-іс.

169 ЖОМА ПФ. 265-қор, 1-тізім, 9-іс.

- 170 АОМА. 348-қор, 1-тізім, 1022-іс.
- 171 Стамшалов Е.И. XX ғасырдың 20-жылдарындағы Қытай мен Кеңестік Ресей шекара қызметтері және қазақ босқындары //«edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. 2024. Т. 11. № 2. – 447–461 б.
- 172 АОМА. 348-қор, 1-тізім, 1244-іс.
- 173 РМӘА. 18233-қор, 1-тізім, 17-іс.
- 174 РМӘА. 8443-қор, 1-тізім, 12-іс.
- 175 РМӘА. 110-қор, 7-тізім, 45-іс.
- 176 АОМА. 348-қор, 1-тізім, 980-іс.
- 177 РМӘСТА. 61-қор, 2-тізім, 46-іс.
- 178 РМӘА. 18233-қор, 1-тізім, 20-іс.
- 179 АОМА. 489-қор, 1-тізім, 415-іс.
- 180 РМӘСТА. 61-қор, 1-тізім, 62-іс.
- 181 АОМА. 408-қор, 2-тізім, 45- іс.
- 182 АОМА. 489-қор,1-тізім, 426-іс.
- 183 ЖОМА ПФ. 265-қор, 1-тізім, 1-іс.
- 184 ЖОМА. 751-қор, 1-тізім, 80а-іс.
- 185 ЖОМА. 751-қор, 1-тізім, 88-іс.
- 186 АОМА. 350-қор, 1-тізім, 18-іс.
- 187 Стамшалов Е.И. XX ғасырдың 20-жылдарындағы Жетісудағы босқындар жөніндегі кеңестік ерекше комиссия қызметі //ҚазҰУ Хабаршысы, Тарих сериясы 2024, №2 (113). – 56-72 б.
- 188 Stamshalov Ye. I. Central Executive Committee of the Turkestan ASSR: Activities of the Special Commission for Re-evacuation of Semirechye Migrants. //Oriental Studies. 2025. Т. 18. № 1. – С. 87–99.
- 189 ЖОМА ПФ. 265-қор, 1-тізім, 4-іс.
- 190 АОМА. 350-қор, 1-тізім, 86-іс.
- 191 Известия ТурЦИКа, 1920, 16 марта, № 59.
- 192 ЖОМА ПФ. 265-қор, 1-тізім, 3-іс.
- 193 РМӘСТА. 61-қор, 1-тізім, 77-іс.
- 194 АОМА. 350-қор, 1-тізім, 29-іс.
- 195 АОМА. 350-қор, 1-тізім, 59-іс.
- 196 РМӘСТА. 5-қор, 1-тізім, 2920-іс.
- 197 РМӘСТА. 544-қор, 4-тізім, 12-іс.
- 198 ЖОМА. 751-қор, 1-тізім, 19-іс.
- 199 РМӘА. 110-қор, 7-тізім, 31-іс.
- 200 ЖОМА. ПФ 265-қор, 1-тізім, 49-іс.
- 201 ЖОМА. 751-қор, 1-тізім, 8-іс.
- 202 ЖОМА. 751-қор, 1-тізім, 12-іс.
- 203 ЖОМА. 751-қор, 1-тізім, 5-іс.
- 204 АОМА. 350-қор, 1-тізім, 193-іс.
- 205 ЖОМА. 751-қор, 1-тізім, 20-іс.
- 206 ЖОМА. 751-қор, 1-тізім, 21-іс.
- 207 ЖОМА. 751-қор, 1-тізім, 22-іс.

- 208 ЖОМА. 751-қор, 1-тізім, 36-іс.
- 209 Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссиясының материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары) Т. 22 Неизвестные страницы истории Семипалатинского Прииртышья. Сборник документов и материалов. Составители. Перебеева М.И. и др. /Под общ. ред. Е.Т. Карина. – Астана, 2022. – 384 с.
- 210 «Шолпан» журналы, 1922 жыл, №1, 47-51 б.
- 211 РМӘСТА. 17-қор, 84-тізім, 526-іс.
- 212 АОМА. 489 қор, 1-тізім, 771-іс.
- 213 ЖОМА. 751-қор, 1-тізім, 78-іс.
- 214 ЖОМА. 751-қор, 1-тізім, 79-іс.
- 215 АОМА. 483-қор, 1-тізім, 2-іс.
- 216 Стамшалов Е.И. «Ерекше комиссиядан» «ерекше комиссияға»: Қытайдағы қазақ босқындарын қайтару тарихынан (1924–1926) // «Edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. 2025. Т. 12. № 1. – 232–249 б.
- 217 ҚРОМА. 938-қор, 1-тізім, 51-іс.
- 218 ҚРОМА. 938-қор, 1-тізім, 50-іс.
- 219 АОМА. 136-қор, 1-тізім, 1166-іс.
- 220 ЖОМА. 751-қор, 1-тізім, 69-іс.
- 221 РМӘСТА. 17-қор, 16-тізім, 409 -іс.
- 222 РМҚЗТА. 3-қор, 61-тізім, 163-іс.
- 223 АОМА. 136-қор, 1-тізім, 1353-іс.
- 224 ЖОМА. 751-қор, 1-тізім, 70-іс.
- 225 АОМА. 136-қор, 1-тізім, 135-іс.
- 226 РМӘСТА. 17-қор, 85-тізім, 102-іс.
- 227 ҚРОМА. 74-қор, 4-тізім, 519-іс.
- 228 ҚРОМА. 5-қор, 20 рсч-тізім, 69-іс.
- 229 ҚРПА. 141-қор, 17-тізім, 445-іс.
- 230 Дониц А.Н. Проблема «нового казакского аула» // Народное хойство Казахстана № 4-5, 1928. – С.141-168.
- 231 Поволоцкий А. М. Очередные вопросы социалистического строительства // Народное хойство Казахстана № 9-10, 1928, - С.1-17.
- 232 Дониц А.Н. Народонаселения Казахстана //Народное хойство Казахстана №11-12, 1928. – С. 27-56.
- 233 ҚРОМА. 5-қор, 20-тізім, 88-іс.
- 234 ҚРОМА. 5-қор, 21-тізім, 15-іс.
- 235 ҚРПА. 141-қор, 1-тізім, 2297-іс.
- 236 АОМА. 591-қор, 1-тізім, 5а-іс.
- 237 РМҚЗТА. 3-қор, 61-тізім, 164-іс.
- 238 Народное хойство Казахстана № 8, 1928, с. 122.
- 239 РМҚЗТА. 3-қор, 61-тізім, 165-іс.
- 240 Справочник по административно-территориальному делению Казахстана (август 1920 г.- декабрь 1936 г.) – Алма-Ата. 1959.—286 с.
- 241 ҚРОМА. 5-қор, 9-тізім, 50-іс.

- 242 Ижанов З. Жаралы жылдар. 2-басылымы. – Алматы: «Өлке», 2016.- 360 б.
- 243 <https://www.facebook.com/search/top/?q=сериктес> (қаралған уақыты: 28.04.2022 ж. 18сағ.16 мин.)
- 244 ҚРОМА. 1-қор, 1-тізім, 1-іс.
- 245 Көкебаева Г., Көкебаев С. Байлардың мал-мүлкін тәркілеу және жер аудару науқаны / Мүрсәлім Бектенұлы: 1916 жылғы көтеріліс тарихының бір белесі. /Құраст. Көкебаева Г.К., Сағымбаев Е.С., Көкебаев С.К. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2016. – 216 бет.
- 246 Жәкула болыс /Құрастырып, баспаға дайындаған А. Сағындықұлы, - Алматы, 2013. – 224 бет.
- 247 ҚРПА. 141-қор, 1-тізім, 2640-іс.
- 248 ҚРПА. 141-қор, 17-тізім, 445-іс.
- 249 АОМА. 142-қор, 1-тізім, 296-іс.
- 250 Стамшалов Е.И. Жетісудағы астық дайындау науқаны және ұлтаралық қақтығыстар көріністері (1928-1932) //«Отан тарихы» ғылыми журнал №3 (95) 2021. – 100-109 б.
- 251 РМӘСТА. 3-қор, 30-тізім, 194-іс.
- 252 ҚРПА. 141-қор, 1-тізім, 3040-іс.
- 253 Народное хозяйство Казахстана, № 8-9, 1931.
- 254 Шестой Пленум Казахского Краевого Комитета ВКП (б), 10-16 июля 1933 г.: Стеногр. отчет. – Алма-Ата: Казахстанское краевое издательство, 1935. – 498 с.
- 255 ҚРОМА. 5-қор, 21-тізім, 31-іс.
- 256 ҚР ҰҚК МАА. 9-қор, 1-тізім, № 499 архив.
- 257 Авчинников И.И. 122 новых района Казакстана // /Народное хояйство Казахстан № 11-12, 1930. – С. 30-36.
- 258 ҚРПА. 141-қор, 17-тізім, 451-іс.
- 259 Советская деревня глазами ВЧК-ОГПУ-НКВД Т.3.1930-1934 гг. Книга 1. 1930-1931. /Под ред. А.Береловича, В.Данилова. – Москва: РОССПЭН. 2003. – 840 с.
- 260 Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание. 1927-1939. В 5 т. Т. 3. Конец 1930-1933 /Под ред. В.Данилова, Р.Маннинг, Л.Виолы. – М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2001. – 1008 с.
- 261 Жалнин В. Очередные задачи колхозного движения в Казахстане // Народное хояйство Казахстаан № 8-9, 1931. – С . 91-106.
- 262 ҚРОМА. 5-қор, 20-тізім, 87-іс.
- 263 Алдажұманов Қ.С., Стамшалов Е.И. Қазақстандағы мемлекеттік астық пен ет дайындау саясаты және шаруалар көтерілістері (1928-1932 ж.ж.) // Қарағанды университетінің хабаршысы. Тарих. Философия сериясы, 2021, № 3 (103). – 7-18 б.
- 264 Стамшалов Е.И. Қазақстандағы мемлекеттік астық пен ет дайындау саясаты жағдайында халық наразылығының пісіп жетілуі /Кеңестік

- Қазақстандағы әлеуметтік және этникалық қақтығыста тарихының тағылымы. Ұжымдық монография. – Алматы: «Литера-М» ЖШС, 2023. – 94-113 б. (320 б.).
- 265 ҚРПА. 719-қор, 3-тізім, 178-іс.
- 266 АОМА ЕФ. 2002 -қор, 3-тізім, 684-іс.
- 267 ЖОМА 24-қор, 1-тізім, 26-іс.
- 268 РФМА 1235 -қор, 141-тізім, 1007-іс.
- 269 ҚРОМА 30-қор, 7-тізім, 158-іс.
- 270 АОМА 448-қор, 1-тізім, 59-іс.
- 271 Справочник по истории административно-территориального деления Алматинской области (10 марта 1932 г.- 1 января 2000 г.) / Отвед. Ред. С.И. Боранбаева. – Алматы: Управления государственного архива аппарата Акима Алматинской области, 2002. – 485 с.
- 272 АОМА ЕФ. 380-қор, 1-тізім, 38-іс.
- 273 ҚРПА. 141-қор, 1-тізім, 5152-іс.
- 274 Алдажуманов Қ.С. К истории голода 1931-1933 годов в Казахстане / Исторический ежегодник (труды ИИиЭ) Главный редактор Кабульдинов З.Е. Алматы. – 2019. – С. 309–320.
- 275 ҚРОМА. 30-қор, 7-тізім, 167-іс.
- 276 ҚРОМА. 30-қор, 7-тізім, 165-іс.
- 277 Байшығанұлы К. Екі томдық шығармалар жинағы. Өлеңдер мен толғаулар. Құраст. Н.Әбдібеков. – Алматы: «Ан Арыс», 2008 ж. Т.1. – 240 бет.
- 278 Абылхожин Ж.Б. и др. Очерки по истории традиционной структуры казахов в первые советские десятилетия: социо-экономические и социокультурные аспекты. – Алматы: LEM, 2022. – 455 с.
- 279 АОПДАА. 27-қор, 1-тізім, 131-іс.
- 280 ҚРПА. 2-қор. 1-тізім. 383-іс.
- 281 Стамшалов Е.И. XX ғасырдың 30-жылдарындағы Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі қарулы босқыншылық: себеп салдары //«Edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. 2023. Т. 10. № 3. – 570–584 б.
- 282 Советская деревня глазами ВЧК-ОГПУ-НКВД. 1918-1939. В 4-х томах. Т.3.1930-1934 гг. Книга 1. 1930-1931 / П/р А.Береловича, В. Данилова/ - Москва: РОССПЭН. 2005. – 840 с.
- 283 ҚРПА. 141-қор, 17-тізім, 455-іс.
- 284 ҚРОМА. 44-қор, 12-тізім, 492-іс.
- 285 ҚРПА. 141-қор. 1-тізім. 4581-іс.
- 286 ҚРПА. 719-қор, 2-тізім, 121-іс.
- 287 ҚРПА. 719-қор, 2-тізім, 126-іс.
- 288 ЖОМА. 28п-қор. 1-тізім, 96-іс.
- 289 ҚРПА. 141-қор, 1-тізім, 4577-іс.
- 290 ҚРПА. 141-қор, 1-тізім, 5377-іс.
- 291 ҚРПА. 141-қор, 1-тізім, 5049-іс.
- 292 ЖОМА. 28п-қор, 1-тізім, 108-іс.
- 293 РМҚЗТА. 83-қор, 1-тізім, 336-іс.
- 294 ҚР ҰҚК МАА. 9-қор, 1-тізім, № 499 архив, 1-том.

- 295 ҚР ҰҚК МАА. 9-қор, 1-тізім, № 528 архив, 1-том.
- 296 ҚРПА. 141-қор, 1-тізім, 5192-іс.
- 297 ҚРПА. 141-қор, 1-тізім, 5588-іс.
- 298 ҚР ҰҚК МАА. 1-қор, 8-топ, № 632сс архиві.
- 299 РМҚЗТА. 30-қор, 58-тізім, 130-іс.
- 300 Алашорда ісі. 1920-1940 жж. Құжаттар мен материалдар. 9-том, Алашорда жағындағы дәулеттілер. /Құраст.: З. Қабылдинов, Қ. Әлімғазин, М. Қалыбекова, Е. Сыздықова. – Алматы: Кітап, 2023. – 484 б.
- 301 РМҚЗТА. 3-қор, 61-тізім, 166-іс.
- 302 ҚРПА. 141-қор, 1-тізім, 5589-іс.
- 303 ҚРПА. 141-қор, 1-тізім, 3336-іс.
- 304 ҚРПА. 141-қор, 17-тізім, 416-іс, 10-парақ.
- 305 ҚР ҰҚК МАА. 9-қор, 1-тізім, архив № 503с.
- 306 Алланиязов Т.К. Бак С.А.– начальник Семиплатинского оперсектора ОГПУ /История. Память. Люди: Материалы IX Международной научно-практической конференции. 27 сентября 2018 г. – Алматы, 2019. – С. 421-437.
- 307 ҚРПА. 2-қор, 1-тізім, 383-іс.
- 308 ҚР ҰҚК МАА. 9-қор, 1-тізім, № 499 архив, том 1.
- 309 РФМА. 9145-қор, 1-тізім, 262-іс.
- 310 Дәулетхан Ә., Ошан Ж., Сауырхан Е. Шығыс Түркістандағы дүрбеленмен өткен 40 жыл (1912-1952). Монография. – Алматы: ИП «Мадияр». 2023. – 304 бет.
- 311 Стамшалов Е.И. Европадағы Түркістандық эмиграция өкілдері және XX ғ. 20-30 жылдарындағы қазақ босқындарының тағдыры // БҚУ Хабаршысы – Вестник ЗКУ, Педагогика, филология, история, экология, география сериясы, № 3(99) 2025. – 149-166 б.
- 312 РМӘА. 461к-қор, 2-тізім, 133-іс.
- 313 Мендикулова Г. М. Казахская диспора: история и современность. – Алматы, 2006. – 343 с.
- 314 РМӘСТА. 17-қор, 166-тізім, 502-іс.
- 315 ҚР ОМА. 135-қор, 1-тізім, 1-іс.
- 316 АОМА. 591-қор, 1-тізім, 121-іс.
- 317 Балтабаева К.Н., Жакишева С.А. Политические репрессии казахстанских беженцев 20–30-х гг. XX в. и проблемы реабилитации // Отан тарихы. 2023. Т. 26. № 3. С. 670–682.
- 318 Жазықсыз жапа шеккендер //Туған өлке. Тарихи-өлкетану және мұрағат журналы, № 1 (3), 2004. – 114-115 б.
- 319 ҚРПА. 141-қор, 17-тізім, 465-іс.
- 320 ҚРОМА. 229-қор, 3-тізім, 196-іс.
- 321 ҚРПА. 141-қор, 1-тізім, 4452-іс.
- 322 РМҚЗТА. 3-қор, 61-тізім, 181-іс.
- 323 ҚР ҚСҚ ОМА. 10-қор, 1-тізім, 422-іс.
- 324 «Советская Киргизия», 1932, 20 ноябрь, № 280, - С. 4.
- 325 РМӘСТА. 17-қор, 29-тізім, 37-іс.

- 326 ҚРОМА. 1179-қор, 5-тізім, 1-іс.
- 327 ҚРОМА. 30-қор, 7-тізім, 167-іс.
- 328 Бегалин С. Жамбыл: Өмірбаяндық хикаят. – Алматы: Жалын, 1996. – 184 б.
- 329 ҚРПА. 141-қор, 1-тізім, 6403-іс.
- 330 ҚРОМА. 1179-қор, 5-тізім, 3-іс.
- 331 ҚРОМА. 30-қор, 7-тізім, 178-іс.
- 332 ҚРОМА. 1179-қор, 5-тізім, 2-іс.
- 333 РМӘСТА. 17-қор, 29-тізім, 46-іс.
- 334 ҚРОМА. 30-қор, 6-тізім, 207-іс.
- 335 Абдуллах Якши Қырғызстандағы қазақтарын социалдық-маданий онүгүшү (1991-2010) Тарых илимдеринин кандидаты окумуштулук даражасин алуу үчүн жазылган диссертация. – Бішкек, 2014. – 167 б.
- 336 Джунушалиев Д. Время созидания и трагедий. 20-30-е годы XX в. / Отв. ред. академик К.К. Каракеев / Институт истории НАН КР, ЦЭНУ КНУ им. Ж. Баласагына. - Бишкек: Илим, 2003. – 248 с.
- 337 Қыр.РОМА. 23-қор, 1-тізім, 720-іс.
- 338 ҚРОМА. 30-қор, 7-тізім, 151-іс.
- 339 Қыр.РОМА. 21сч-қор, 1с-тізім, 92-іс.
- 340 Курманов З.К. Общая характеристика архивных материалов о казахских откочевников в архивах Кыргызстана //Кеңес кезеңіндегі Қазақстанның аграрлық тарихының өзекті мәселелері: билік пен қоғам» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдарының жинағы, 25 мамыр 2021 жыл. – Алматы: Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты, 2021 ж. – 192 б.
- 341 ҚРПА. 719-іс, 3-тізім, 218-іс.
- 342 Советская деревня глазами ВЧК-ОГПУ. 1918-1939. В 4-х томах. Т.3.1930-1934 гг. Книга 2. 1932-1934 /П/р А.Береловича, В.Данилова/ - Москва: РОССПЭН. 2005. – 840 с.
- 343 ҚР ҰҚК МАА. 1-қор, 8-топ, №210 архив.
- 344 Туған өлке-Родной край. Историко-краеведческий и архивный журнал № 1(8) 2007 г.
- 345 ҚРПА. 141-қор, 1-тізім, 3297-іс.
- 346 Әбілқасымұлы З. Ақкөл көтерілісінің ақиқаты – Алматы: «Толғанай Т» баспасы. 2018. – 272 б.
- 347 ҚРОМА. 1179-қор, 5-тізім, 3-іс.
- 348 Зверяков И.А. От кочевания – К социализму. – Алма-Ата- Москва, 1932. – 145 с.
- 349 АОМА. 1402-қор, 1-тізім, 6-іс.
- 350 Байшығанұлы К. Екі томдық шығармалар жинағы. Өлеңдер мен толғаулар. Құраст. Н.Әбдібеков. – Алматы: «Ан Арыс», 2008. Т.1. – 240 б.
- 351 ҚРПА. 141-қор, 18-тізім, 151-іс.
- 352 ҚРОМА. 174-қор, 20-тізім, 2-іс.
- 353 ҚРПА. 141-қор, 1-тізім, 5827-іс.



- 354 Народное хозяйство Казахстан № 6-7, 1933 г.
- 355 ҚРПА. 719-қор, 4-тізім, 675-іс.
- 356 ҚРПА. 141-қор, 17-тізім, 344-іс.
- 357 Тоқаев Қ. Әке туралы толғаныс. – Алматы: 2005, - 248 бет.
- 358 ТОМА. 176-қор, 1-тізім, 121-іс.
- 359 ҚРОМА. 30-қор, 7-тізім, 186-іс.
- 360 РМӘСТА. 17-қор, 29-тізім, 47-іс.
- 361 ҚР ҚСҚ ОМА. 10-қор, 1-тізім, 654-іс.
- 362 ҚРПА. 141-қор, 1-тізім, 5076-іс.
- 363 ҚРОМА. 229-қор, 3-тізім, 196-іс.
- 364 ҚРПА. 141-қор, 1-тізім, 5062-іс.
- 365 АОМА. 408-қор, 2-тізім, 243-іс.
- 366 ҚРОМА. 5-қор, 10-тізбе, 19-іс.
- 367 ҚРОМА. 1179-қор, 1-тізім, 17-іс.
- 368 ҚР ҰҚК МАА. 9-қор, 1-тізім, № 496 архив, 1-том.
- 369 РМҚЗТА. 3-тізім 3-қор, 61-тізім, 146-іс.
- 370 РМӘСТА. 62-қор, 2-тізім, 3135-іс.
- 371 РМӘСТА. 62-қор, 2-тізім, 3239-іс.
- 372 ТОМА. 121-қор, 1-тізім, 325-іс.
- 373 ТОМА. 126-қор, 1-тізім, 318-іс.
- 374 Кокебаева Г.К., Стамшалов Е.И. Возвращение казахских беженцев из советских республик Центральной Азии в период модернизации экономики //Вестник КазНУ. Серия историческая. № 1 (116). 2025. – С. 4-16.
- 375 АОМА. 448-қор, 1-тізім, 1001-іс.
- 376 ЖОМА ПФ. 45-қор, 1в -тізім, 6-іс.
- 377 РМӘСТА. 17-қор, 162-тізім, 20-іс.

## ҚОСЫМША А

Кесте 1 – Семей облысы Аягөз аудандық партия ұйымының Қытайға қашып кеткен коммунистерінің тізімі

№	Аты-жөні	Туған жылы	Білімі	Әлеуметтік жағдайы	Атқарған қызметі	Ескертпе
1	Ибақов Қабсадық	1906	Сауаты аз	Кедей шаруа	Ауылкеңес төрағасы орынбасары	1930 ж. VII айдан партия кандидаты
2	Қазақбаев Ақкенже	1899	Сауаты аз	Кедей шаруа		1931 ж. III айдан партия кандидаты
3	Мұқашев Болатбай	1899	сауатты	Кедей шаруа		1931 ж. II айдан партия мүшесі
4	Жаңабаев Қарибшал	1904	Сауаты аз	Кедей шаруа		1931 ж. III айдан партия кандидаты
5	Жүнісов Қожағұл	1888	сауатсыз	Кедей шаруа	Колхоз председателінің орынбасары	1929 ж. II айдан партия мүшесі
6	Исаев Ыбырай	1888	Сауаты аз	Кедей шаруа		1931 ж. III айдан партия кандидаты
7	Сәрсембеков Дүйсембай	1886	Сауаты аз	батрақ	Колхоз председателі	1931 ж. III айдан партия мүшесі
8	Мамырбаев Мұқсадық	1905	сауатты	?	?	Партия кандидаты
9	Оспанов Жарылқасын	1908	Сауаты аз	?	?	1930 жылдан партия мүшесі
10	Ырысжанов Базарқұл	1908	Сауаты аз	шаруа		1930 жылдың XII айынан партия кандидаты

11	Қасымов Базарқұл	1906	Сауаты аз	Шаруа		1931 жылдан партия кандидаты
12	Қонақбаева Мақып	1894	сауатсыз	Үй шаруасында		1930 жылдың XII айынан партия кандидаты
13	Мадимов Бейсембай	1901	сауатсыз	батрақ		1930 жылдың IX айынан партия кандидаты
14	Қаркетеров Қабыш	1891	сауатсыз	батрақ		1929 жылдың VI айынан партия кандидаты
15	Шоқыбасов Дәкімбай	1891	сауатсыз	Батрақ		1930 жылдан партия мүшесі
16	Кадиров Райымбек	1906	Сауатсыз	шаруа		1930 жылдың XII айынан партия кандидаты
17	Райстанов Балтабек	1904	Сауаты аз	Кедей шаруа		1930 жылдың XII айынан партия кандидаты
18	Құсайынов Жұмагелді	1904	Сауатты	Кедей шаруа		1931 жылыдың 4/VI күнінен партия кандидаты
19	Байматаева Күлсім	1907	Шаруа	сауатсыз		1930 жылдың 26/XI күнінен партия кандидаты
20	Тұрсымбеков Төлегей	1903	шаруа	сауатсыз		1930 жылдың 23 /VIII күнінен партия кандидаты

21	Жүнісова Жібек	1903	Үй шаруасында	Сауаты аз		1931 жылдың 12/IV күнінен партия кандидаты
22	Кемелов Сқақ	1881	шаруа	Сауатсыз		1931 жылдың 26/VIII күнінен партия мүшесі
23	Арықов Жүніс	Мәлімет жоқ				
24	Асыллов Абдулла	Мәлімет жоқ				

ҚРПА 719-қор, 3-тізім, 178-іс, 3-6 парақтар

## ҚОСЫМША Ә

Кесте 2 – 1932 жылдың 29 мамырына дейін Алматы облысы бойынша босқын шаруашылықтар саны мен кету бағыты жөніндегі мәлімет

Аудан-дар	Облыс ішіндегі көшіп-қону	Қырғыз Республикасына	Қытай Республикасына	Басқа облыстар	Кулак шаруашылықтары	Барлық жойылған шар-тар	Адам саны
Шелек	1400	200	1300	-	400-ге жуық	3300	-
Кеген	-	395	5090	-	370	5865	26369
Балқаш	2721	290	-	-	-	3011	12044
Еңбекші Қазақ	1554	1185	-	39	-	2776	-
Ақсу	2129	-	800	-	-	2992	-
Қастек	1719	548	-	-	120	2387	10147
Шу	-	3020	-	540	-	3570	-
Қаратал	323	-	-	-	-	730	-
Аягөз	600	-	600	100	-	1300	-
Қордай	-	2000	-	-	-	2000	-
Іле	1713	434	-	168	-	2787	10029
Калинин	2196	-	-	-	-	2196	-
Барлығы	14435	8082	7790	842	890	32906	

ҚРОМА 1179-қор, 1-тізім, 17-іс, 9-парақ.